

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ФИЛОСОФИЯ, САЯСАТТАНУ ЖӘНЕ ДІНТАНУ ИНСТИТУТЫ
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Ерлан СЫДЫҚОВ

ШӘКӘРІМ



Алматы
2013

ӘӨЖ 821.512.122.0
ҚБЖ 83.3 (5 Қаз)
С 15

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану
институтының, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің ғылыми кеңестерінің шешімімен ұсынылған*

***Басылым «Ғылыми қазына (2012–2014)»
салааралық ғылыми бағдарлама аясында ҚР БҒМ Философия,
саясаттану және дінтану институтында дайындалды***

С 15 Сыдықов Е.Б. Шәкәрім: ғылыми-танымдық басылым. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК ФСДИ, 2013. – 441 б.

ISBN – 978-601-7082-91-8

Кітап ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, тарих ғылымдарының докторы, профессор Е.Б.Сыдықовтың Мәскеудің (РФ) «Молодая гвардия» баспасынан «ЖЗЛ» сериясы бойынша орыс тілінде шыққан «Шакарим» кітабы негізінде әдеби өңделіп әзірленді.

ӘӨЖ 821.512.122.0
ҚБЖ 83.3 (5 Қаз)

ISBN – 978-601-7082-91-8

© Сыдықов Е.Б., 2013
© ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану
және дінтану институты, 2013
© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2013

МАЗМҰНЫ

Андату.....	5
-------------	---

Бірінші бөлім ШЫҢҒЫСТАУ: ДАНАЛЫҚ ДӘНІ

Дала тылсымынан нәр алған.....	9
Бабалардың ары мен бары.....	15
Баталы ер арымас.....	24
Бүркіт биіктен барлайды.....	30
Асқар тауың құласа... ..	36
Дала мен қала әуені.....	44
Мәдениет пен билік салмағы.....	53
Ізгілік кілті.....	69

Екінші бөлім РУХ ӨРІСІНІҢ ПЕРНЕЛЕРІ

Өмір мен қиял толқынында.....	79
Ақиқат іздеп шарқ ұрған.....	90
Тіршіліктің ағысы мен арнасы.....	114
Таза ақыл таразысы.....	128
«Жан жылыны сүйеді...»	141
Ғылым отауынан сөз патшалығына дейін.....	153

Үшінші бөлім ТАҒДЫРҒА – ИМАН, ТҰЛҒАҒА – ТҰҒЫР

Абай айнасы және тауқымет тезі.....	164
Қажылық қанағаты.....	182
Толстой – тау-тұлға.....	189

Жұрт тарихы – ұлт тарихы.....	201
Мәңгілік туралы бес сауал.....	228

Төртінші бөлім
БАЗ КЕШУ БАЯНЫ

Оқшау ойшыл: мәні мен мақсаты.....	245
Қилы заман кепіеті.....	268
Алашорданың арманы мен азабы.....	287
«Көңіл қаяу, досым баяу...»	303

Бесінші бөлім
ҰЖДАН ІЛІМІ: АҚЫН ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Ақынның соңғы саясы.....	317
«Бар болған зат жоғала ма?...».....	332
Тағдыр – тәлкек, өмір – өгей.....	346
Асыра сілтеу, айнала – тұзақ.....	365
Қажы неге қамықты?	376

Алтыншы бөлім
ҰМЫТЫЛҒАН ЖӘНЕ ҰМЫТЫЛМАС НҰР

Ақынға атылған оқ.....	395
Өлім мен өмір арбасқанда.....	402
Датталу мен ақталу.....	413
Сөз соңы.....	429
Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығының негізгі кезеңдері.....	433
Тарихи анықтама.....	436

*1960-жылдары ресми органдардың
қорқытып-үркітуіне қарамай
Шәкәрім қажыны көзі көргендерден
естелік пен мәлімет жиган
бірінші ақтау комиссиясының мүшесі
әкем Бәтташ Сыдықұлының
жарқын рухына арнаймын*

Автор

АҢДАТУ

Әлем өзгерді. Бүгін біз қалаларда тұрамыз, аса қажет болмаса, одан тысқары шықпаймыз. Қала сыртындағы дала өмір сүруге қолайсыз бөтен субстанция болып көрінеді. Осыдан жүз жыл ғана бұрын қазақтардың дені осы ұшы-қиыры жоқ ғарыш тәрізді кеңістікте өмір сүргенін көзге елестетудің өзі қиын.

Қазақ даласы терең құпияны қойнауына жасырып жатқандай. Жапан даланың ұлы мәдени жетістіктерді дүниеге әкелетініне сену қиын. Алайда бұл – дәйексіз күмән.

XIX ғасырдың орта тұсында даланың қақ төрінде Шәкәрім Құдайбердіұлы (1858–1931) өмірге келді. Болашақ ақын, аудармашы, сазгер, тарихшы, философ қоршаған болмысқа деген тұлғалық қатынасында адамға қатысты мәселелерді толғады. Қоғамды және, ең алдымен, өзін, өзі айтып кеткендей, «адамның жақсы өмірінің» философиясына терең бойлауға үндеді. Бұл философиясын «ұздан ғылымы» деп атады.

Жас кезінде ол әркімнің қолы жете бермейтін болыстық қызмет атқарды. Кейінірек рулық-отбасылық шаруашылыққа білек сыбана кірісті. Сонан соң салмақты өлеңдер мен әндер шығарды. Ахлақты қатаң ұстанатын діндарлығы, ісмер ұсталығы әрі саяткер аңшылығымен елге кеңінен танылды.

Мұнан соң өмір күрт өзгеріп сала берді.

1904 жылы өзінің немере ағасы әрі ұстазы, қазақтың ұлы ақыны және ойшылы Абай дүниеден озды. Абайдың өсиетін орындай отырып, Шәкәрім Шығыстың тарихи-мәдени орталықтары – Ыстамбұл мен Меккеге аттанып қажылық парызын орындап, ғұмырларын даналық пен ғылымға қызмет етуге арнаған көп адаммен сұхбаттасу бақытына бөленді.

Шәкәрімнің осы шетелдік сапардан кейін жазған этикалық-философиялық трактаттары өзінің терең ойшылдығымен және эрудициясымен таң қалдырады. Ал «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» атты тарихи кітабы теңдессіз дүние болды. Ол қазіргі уақытқа дейін ғалымдар мен көкірегі ояу оқырмандардың рухани сұранысын қанғаттандырып отыр.

Оның кейінірек шығарған өлеңдер жинағы Ақиқат пен Әсемдіктің өміршең идеалдары, алдағы қоғамдық-саяси өзгерістерге деген аландаушылық ауанымен айрықша. Ол енді XIX ғасырдағы қазақ әдебиетіне тән зар заман ағымын жалғастырушы ақын болып қала алмады. Даңғой мақтангөйлік пен дөрекі ғапылдық белең алған сол замандағы далалық орта Шәкәрімге тарлық етті. Өз-өзіне көңілі толудан қалған Шәкәрім елу төрт жасында, өзінің түсінігі бойынша, тек кесапат қана шашып тұратын билік пен адамдардан аулақ кетуге бекінеді. Рухани жетілу мен шығармашылықпен айналысу үшін ол адам мекендемейтін елден алыс, иесіз даладағы оңаша қыстауға қоныстанады.

Детерминистік тұжырымдамаларға сенсек, адамзаттың тарихын қалың бұқара жасайды. Жекелеген тағдырдың ықпалы мардымсыз, өзін-өзі құрбан ету нәтиже бере қоймайды. Бірақ Шәкәрімнің өмір тарихы мен жасампаздық қыры бұл теорияны теріске шығарады.

Ол тек өзін өзгерту арқылы ғана әлемді өзгертпекке бекінді. Әлемді жетілдіруді ойлады – өзі де кемелдене түсті. Өзіндік тәртіптің ішкі рухани күші оны өсек-өтіріктің жергілікті ортасынан алып шығып, Универсумға жетеледі. Шәкәрім терең діндар адам болғандықтан, оның рухын нығайта түсетін асыл мұраты бар-тын. Ол – Жаратушы Хақ тағала болатын. Ол – ерекше махаббатпен адамды жаратқан Алланың бойға берген қасиетін, ең болмаса өз бойындағы қасиетті, жаңғыртуға талпынды. Рух шашуға

қайтпас қайсарлықпен ұмтылды, адам мен адамзаттың зиянды нәпсіқұмарлығын сыни талқыға салды. Міне, «Мұтылғанның өмірі» жазбаларының авторы, адамның бұ дүниедегі тіршілігі мен оның бақи дүниедегі өмірі мен орны туралы өз тұрғысын белгілеген Шәкәрім қария осындай болды.

Қартайған шағында ол «Қорқыт әуендері» өлеңін жазды, Қорқыт атты баршаға танымал бағзы абыз әрі көріпкел әулиенің жан тебіренісінен рухани туыстық тапты. Ішекті саз аспабы қобызды ойлап тауып, сазгерлер мен бақсылардың аруағына айналған әулие туралы түркі халықтарының мифологиясындағы лирикалық-философиялық бейне Шәкәрімге үлкен әсер етті.

Шәкәрім шығармашылығы замандастары үшін құпия сырлы жұмбақ құбылыс еді, солақай саясат салдарынан ұрпақтарына ұмыт болды, ал ХХІ ғасыр оқырмандары үшін жаңа аян тәрізді көрінеді. Неге біз бүгін Шәкәрімді қызыға оқимыз? Тек оның тағдырының қасіретті болғаны үшін ғана емес. Оның насихаты үшін ғана емес. Себебін айтар болсақ, одан осы заманның лебі еседі, өзі өмірдің этикалық тұжырымдамасына енгізген нағыз осы шақтың адамсүйгіштігін, осы шақтың ойы мен осы заманның сезімін оқимыз.

Шәкәрім – таңқаларлық тұлға. Ол әрқайсысымыз адамзат ұмтылуға тиіс ізгі қасиеттердің шырақшысындай, қазынасындай еді. Айрықша жарқын көрініс тапқан ол қандай қасиеттер?

Шәкәрімнің ұлы Ахат былай деп жазады: «Шәкәрімнен артық адал адам жоқ болатын. Ол өмірінде балағат сөздерді білген жоқ. Бірде бір адам оған ренжіп кеткен емес. Мен оның ұрыларды қолынан жетелеп жүріп ұрлықтан бас тартуға үйреткенін көзім көрді».

Ақылды да дарынды сом тұлға ретінде Шәкәрімнің қасиеті адамгершілік заңы сипатының дәл өзіндей болатын. Оның өмір философиясы мен қалдырған мұрасы – осының куәсі. Оның есімі мен шығармашылығы ақталғаннан кейін Шәкәрім туралы қазақ тілінде көптеген мақалалар мен кітаптар жазылды. Алайда ақынның толық ғылыми ғұмырнамасы жарияланған жоқ.

Бір қарағанда, қиыншылықтар артта қалған тәрізді көрінеді: басты биографиялық деректерге – Шәкәрімнің өзінің көркем,

тарихи, философиялық және автобиографиялық шығармаларына қол жеткіздік. Оның туыстарының есінде қалған бірқатар мәліметтер де бар. Өмір сүріп, шығармашылықпен айналысқан ортасы туралы Абай ғұмырнамасынан аздап білуге болады. Мұның барлығы осы кітапты жазу үшін, осы бір тамаша адамның шыққан тегі мен жеткен жетістіктері туралы, оның қазақ өміріндегі, қазақ әдебиетіндегі, тарихы мен философиясындағы дара болмысы туралы ой қозғағанда бағыт сілтеуші бағдар болды.

БІРІНШІ БӨЛІМ

ШЫҢҒЫСТАУ: ДАНАЛЫҚ ДӘНІ

Дала тылсымынан нәр алған

Шәкәрім Құдайбердіұлы 1858 жылдың 11 шілдесінде (ескіше күнтізбе бойынша) Шыңғыстауда, Байқошқар өзенінің бойындағы Кеңбұлақ деген жерде дүниеге келді. Қазіргі уақытта бұл аумақ Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысы Абай ауданына қарайды. Бүгінгі күні Байқошқарда ел тұрмайды, аудан орталығы Қарауыл солтүстік-шығысқа қарай елу шақырымда орналасқан. Байқошқар – Шыңғыстаудың көкірек тұсы, қазақ даласының тамылжыған табиғи жерлерінің бірі.

Географиялық картада Шыңғыстау – солтүстіктен оңтүстікке екі жүз елу шақырымға созылып жатқан Сарыарқаның шығыс бөлігіндегі көлемі шағын таулы өлке. Мұнда заманауи автожол да, туристік жол бағыттары да жоқ. Бәлкім, мұның бір жақсылығы да болар. Шыңғыстаудың бөктерлері өзінің таза табиғи қалпында қалуымен ерекше, оны өркениеттің қиратушы күші де бұза алмаған. Уақыттың өз мекені осында тәрізді. Шыңғыстау – бұл тарихтың қорығы, көненің көзі, қазақтың ұлттық дүниетанымы ұялаған мекен, жойдасыз алып құрлық Еуразияның кіндігі. Бұл жерде дала мұхит сияқты көкжиекпен астасып жатады. Аспандағы бұлттар осы тұстан жан-жаққа тарайтын сыңайлы. Көлеңке мен сәуленің, күңгірт пен жарықтың сикырлы ойынын ойнатып, аспан мен жер осы тұстан түйісетіндей. Дәл осы мекенде, Шыңғыстауда ұшықиырсыз дала эзелдегі жаратылыстың көрнекі кескініндей көрінеді.

Бүгінгі күні бұл жерге жету үшін алдымен Қарауылға бару керек, ал бұл үшін Семейден (бұрынғы орысша атауы Семипалатинск) оңтүстік-батысқа қарай жүз тоқсан бес шақырым тас жолмен жүруіңіз қажет.

Абай ауданының орталығына кіре берісте оң жақ беткейде аласа болса да көрнекі Қарауыл төбе тауы орналасқан. Ол бағзы заманда бақылау бекеті болған. Өзінің орналасуы жағынан Қарауыл, шындығында да, Шыңғыстаудың бекінісі. Ол шапқыншылардың көнеден қалған жадыгерліктердің тыныштығын бұзуға тосқауыл болып, қасиетті тауларды жаудан қорғап тұрған тәрізді. Қарауылдан үш шақырым ары, Шыңғыстаудың етегінде, Шәкәрімнің арғы атасы – Тобықты руының әйгілі көсемі Кеңгірбайдың құрметіне Би ата деп аталатын шағын елді мекен тұр. Би-ата ауылында Шәкәрім атындағы мектеп және онда көңілді тербейтіндей мұражай бар. Би атаның сыртынан Шыңғыстау басталады. Оның шатқалдарында аз жүргеннен көмескіленген бірнеше сүрлеу бар. Зорайып көрінетін Қарашоқы тауын айналып, оңтүстікке өтіп кетуге болады. Бұл таудың етегін ондаған жылдар бойы Шәкәрімнің ата-бабалары жайлаған, кейінірек бұл қоныс Шәкәрімнің ата-анасының қыстауы болды. Шыңғыстауды басып өтіп, Шақпақ жазығына шығу үшін батысқа қарай жүруге де болады.

Байқошқардың жолы асулардан асып, қыраттар мен ойпаттарды басып өтеді, көзге көріне қоймайтын жылғалардың арасынан өтеді. Байқошқар аталатын жердің өзі онша биік емес қыраттармен бөлінген бірнеше ойпатты біріктіреді. Байқошқар өзенінің өзі де сол ойпаттардың біріне жасырынған. Ең соңғы қыраттан кейін – Кеңбұлақ ойпаты, болашақ ақынның кіндік кескен туған жері.

Бұл – кеңдігі бес шақырымнан аспайтын аядай жазықтық. Жан-жағы қыраттармен көмкерілген бұл жер бүгін құлазып тұр. Бұрынғы ауылдардың ізі де қалмаған – оларды жауын-шашын, жел, уақыт шайып кеткен. Шәкәрім дүниеге келген үйдің орнын табу қиынның қиыны болып көрінеді. Алайда ақылға салып пайымдауға болады: сонау беткейлерде үйір-үйір жылқылар мен отар-отар қойлар жайылса, ал мынау еңісті Шәкәрімнің әкесі Құдайбердінің ауылы жаз жайлаған. Сол ауылдағы киіз үйлердің бірінде шілденің салқын түнінде нәресте өмірге келді, бақыт пен қуанышқа кенелген ата-ана нәрестеге асыл текті ат қойды ...

Осы бос жатқан ойпатқа қарап, бұрынғы кездері миллиондаған қазақтардың бүгінгідей қалалар мен селоларда тұрмай, иен даланы мекен етіп, малымен бірге қыстаудан жаз жайлауға көшіп, күзге

салым кері қарай қыстауға жөнелетінін көзге елестету қиын. Шыңғыстау көп мыңдаған отбасының құтты қонысы болды, шексіз Ғаламдағы тұрағы, тірегі, үйі болды. Бүгін мұнда мүлгіген тыныштық орнаған. Кәрі дала тастап кетіп қалған перзенттерін үнсіз күтіп жатқандай. Ойпатта теңіз тынысын сездіретін толқындар сынды шөптердің хош иісін тарататын жел ғана қыдырып жүр. Биікте отырғанда бозторғайдың дауысы талып естіледі, өйткені желдің уілінен дауыс құмығып естіледі, бұл – Шыңғыстаудың мәңгілік әуені, сансыз қыраттардың бірінің төбесінде отырып құлақ құрышыңды қандыруға болады. Жүріп келе жатып жұлып алған селеудің өзі сені бүкіл даламен, оның өткенімен де, бүгінімен де етене жақындастырады. Шөптердің арасына бой тасалаған сары гүл Шәкәрімнің ащы да тебіреністі, аянышты да асқақ тағдырын өз бойына сіңіріп тұрғандай.

Шәкәрім кіндік кескен туған жерін кие тұтады, оған жүрекжарды сөздерін арнайды. Өмірінің соңғы жылында ол мынадай өлең жолдарын жазады:

Байқошқар барам, еріксем,
Қорама кетем желіксем.
Ойлансам, толғансам, мекенім сонда,
Өлең жазып ермек қып жалғыз жатам
Неше күндей онда.

Шәкәрім алдын болжап, қамығып қана қоймайды, өзінің ұшқан ұясының жұмақ бағын жырлайды. ...Оның туған өлкесін кие тұтып, бұ дүниенің жұмағы санауына уәжі жетіп тұр:

Маған осы өмірім көрінер бейістей,
Уайым жоқ сіздің кейістей.
Дәл кесімді ажал келіп жеткенше,
Ойдан сөз теремін жемістей.

Қазақтар үшін Шыңғыстау көркем беткейлі жоталар мен өзендерді бойлай созылған жазира ғана емес. Олардың көне атаулары қазақы тұрмыс пен болмысты да аңғартады: Шет (жиек), Қарауыл (бекініс), Қос (тұрақ), Бұзау (сиырдың төлі), Құндызды

(ан) және тағы басқалары. Бұл өлке халықтың жадынан жүздеген жылдар бойы өшіруге тырысқан қастерлі жер атауларын сақтап қана қоймай, сан ғасыр бұрын осы сайын далада жүзеге асқан оқиғалардың архетипінен де арылмаған. Мысалы, жергілікті жұрт осы ата қонысын Шыңғыс ханның бейнесімен байланыстырады, халықтың сенімі бойынша ол өз жоры қтарында дәл осы өңірді қоныс еткен. Бұл, бәлкім, болашақ Жаһангер жолындағы Бұқара мен Самарқанды қиратып, Үргеніш, Балқы, Бамиан, Нишапур қалаларының күлін көкке ұшырып, Хорезм шахын тізе бүктіру үшін жорыққа шыққан 1219 жылы болуы мүмкін. Ал мұның алдында ол Сыр бойындағы қалаларды бағындырып, Отырарды жермен жексен етті.

Шыңғысханның қазақ даласында екінші мәрте аялдауы анағұрлым ұзақ болды – ол алты жылдық жорықтан қайтып келе жатып, 1224 жылдың көктемі мен жазын осы өңірлерде өткізді. Шыңғысханның ордасы Балқаш пен Алакөлдiң арасындағы қолайлы бiр қоныста орналасқаны туралы дәйектi мәлімет бар. Бұл қоныс неге аң мен құсқа, жайылымға бай, таулы қырат арасында көлеңкелі салқын самал жазығы бар Шыңғыстау болмасқа? Шыңғыстаудың солтүстік-шығысындағы Орда тауының атауы хан ордасының орналасқан жерін меңзеп тұрғандай.

Жергілікті тұрғындар арасында дәл осындағы Хан биік деген жерде Шыңғысханды ақ киізге орап хан көтерген деген аңыз таралған. Бұл аңызды XIX ғасырдың аяғында Құнанбайдың баласы Шәкәрімнің немере ағасы Халиолла (Халел) хатқа түсірген:

«Шыңғыстау таулары Орда, Догалаң және Шұнай тауларының тобынан ойпат арқылы бөлінген. Шыңғыстаудың дәл ортасында «Хан» атты тау жеке дара тұр. Бұл жерлер туралы қайсақтарда мынадай аңыз сақталған. Өзінің бір жаулаушы жорықтарынан кейін, (Қарақытайлық) Гөрханды бағындырған соң Темучин Шыңғыстауға тоқтаған. Қайсақтар оған бағынуды ұйғарды. Осы мақсатта олар елшілік жасақтап, оның басына қадірлі би Майқыны қойды. Ол өз серіктерімен Темучинді ордасынан тауып, оған сыйлықтар берді. Бұл Темучинге өз еркімен бағынған жалғыз халық болатын. Сонда бақсы айтты, ол әлі көптеген халықтарды бағындырады және сондықтан да ол «Шыңғыс-хан», яғни әлемнің

иесі, ұлы хан деп аталуы тиіс деп болжады. Темучин осы жерде (осы тауда) өз атын өзгертпекке бекінді. Шыңғысханға бағынған барлық он екі тайпаның өкілдері Хан тауының шыңына бір-бірден қазық қағып, оның үстіне сәкі жасап, ақ шатыр тікті. Майқы бастаған барлық билер әрқайсысы бір шетінен ұстап ақ киізге Темучинді отырғызып, дайындалған шатырға көтеріп мінгізді. Бұл салтанатты рәсім кезінде билер мен халық «Шыңғыс-хан», «Шыңғыс-хан» деп ұрандады. Содан бері Темучиннің хан сайланған тауы «Шыңғыстау» аталып кетті». (Халиулла. Киргизское предание // Московская иллюстративная газета. 1892. № 274).

Халиолланың бұл жорамалын Шыңғысханның жуан қарағай бөренелерінен салынған ордасы туралы Тобықты руының көсемі Құнанбайдың өзінің әңгімесі де растайды. Бұл мұнараларды Құнанбайдың бабалары өз көздерімен көріпті. Оның бұл әңгімесін қазақ даласына қызмет жөнімен келіп-кетіп тұрған айдаудағы поляк Адольф Янушкевич (1803-1857) жазып қалдырған.

Шәкәрімнің өзі де кейінірек, 1911 жылы, өзінің «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» кітабында Шыңғысханның шын аты Темучин, ал Шыңғыс есімі ұлы, құдіретті дегенді білдіреді деп жазып, осы жорамалды қайталайды. Осыған ұқсас мәліметтердің негізінде кеңес дәуірінің өзіндегі ғалымдар (мысалы, Константин Юдахин) Шыңғысханның есімінің мәнін біршама басқаша түсіндірді: «шын (шин – чин) – нағыз, шынайы деген түркі сөзінен шығарды. Яғни Шыңғысхан – нағыз хан.

Уақыт өткен сайын аңызға деген қызығушылықтың да артатыны бар. Бүгінгі күні ата-бабалардан қалған қастерлі білімнің жаңғырығы одан да батыл болжамдарды тудырады. Мысалы, Шыңғыстауда, бәлкім, Шыңғысханның моласы да жатқан болар. Әрине, бұл көмескі жорамал, оның растығын тек қандай да бір жаңа ашылым ғана дәлелдей алады. Ресми тарихнама 1227 жылдың тамызында Шығыс Ганьсу тауларындағы Цинн-шуй мекенінде қайтыс болған Шыңғысханның өзі шығыс Моңғолиядағы Бұрхан-халдун тауындағы шындардың біріне жерлеуді өсиет еткен. Бірақ оның моласы әлі күнге дейін табылған жоқ, сондықтан да қазақтың «Шыңғыстау» топонимінде көне заманды болашақта зерттеушілерді құмартатын сыр мол.

«Ұжымдық бейсаналылықты» білдіретін бұл рәміздік бейнелер мен сарындарға Шәкәрім де назар аударады, «Әділ мен Мәрия» атты трагедиялық романында лирикалық-философиялық толғанысқа беріледі:

«Кәрі Шыңғыстау! Адам жерге ие болғаннан бері қарай сенің көрмегенің жоқ. Шыңғыс, Темір сияқты талай-талай сайыпқырандарды қолыңнан жөнелттің. Сенде талай адамның құмары қанып, қуанғаны да болды, жүрегі жанып суалғаны да болды. Талай-талай талпынған жас жүрек мұратына да жетті. Талай бақытсыздықтың жарық күндей үміті үзіліп те кетті. Сенде неше түрлі ел дәурен сүріп, аң аулап, мал да бақты. Сенде талай-талай сабаздың қаны судай да ақты. Ай мен күндей ажарлы сұлу, қыршын жастарды да, арыстан жүрек айнымас батырларды да, әлемнен озған алаяқ, аузынан бал тамған шешен билерді де жерошақтай жер қазып, үңірейтіп бауырыңа көміп жатсаң да, бақайыңнан келмей түк көрмегендей-ақ маңқып тұра бересің-ау! Онымен де қоймай, қысқа күнгі күн шығыстан ұзақ күнгі күн батысқа қарай керегедей жайылған кең қолтығыңды ашып үңірейтіп: «Кел-кел! Тағы менің қолтығыма кіріп, біресе рақат, біресе бейнет көріп, аз күн арпалысып өтетінің келіңдер!» – деп үнсіз даусыңмен шақырып тұратыныңды қайтемін!»

Шәкәрімнің тебіреністеріндегі мұң адамзат баласының күйкі тіршілігіне байланысты қайғыдан ғана туындап қоймайды. Шыңғыстау көшпелі халық ұрпақтарының жадында қыстың адуынды боранымен қатар келіп, жан-жағындағы тауларды ақ жамылғыға орап тастаған ашаршылық жылдарын да еске түсіреді.

Бағзы заман аңыздарының қоймасы ретінде Шыңғыстау бүгінгі күні де қасқайып тұрмағанда, көшпелінің сабырлы ұрпақтары үшін мұндай тарих төзімсіз болып көрінер еді. Оның бар екенін сезіну мейлінше оңай, өйткені біз бәріміз де Даланың осы қастерлі қойнынан өрбідік, бізден алдыңғы буынның өкілдері – ғұлама Абай, Шәкәрім, Мұхтар Әуезов дәл осы табиғи және рухани ортадан түлеп ұшты. Шыңғыстаудың осындай тартылыс күші, оның Шәкәрім тануға ұмтылған ұлы құпиясы сонда, көшпелілердің аңызға айналған бұл топологиясы ойға үміт ұялатады.

Бұл үміт көңіл мен ой түкпірінде жатса да, шындыққа айналарына сенгің келеді, өйткені біз де бұл әлемде біздің кейіпкеріміздің бабалары – Кеңгірбай, Ырғызбай, Құнанбайлардың өз заманында дүниеге келіп, өмір сүргеніндей негізден алысқа кетпейміз. М.Ю. Лермонтов пен басқа ұрпақтарының шежіресінде шотландтық помещьеден шыққан Георг Лермонттың алар орны қаншалықты шындық болса, Шәкәрім мен оның ағасы Абайдың шежіресіндегі бұл бабалардың шапағаты да соншалықты шындық.

Бабалардың ары мен бары

Өз бабалары туралы Шәкәрім өзінің атақты шежіресінде – «Түрік, қырғыз, қазақ һәм ханлар шежіресі» кітабында анағұрлым толық баяндайды.

Арғын тайпасының құрамына кіретін Тобықты руының тарихын Шәкәрім Ақтабан шұбырынды заманынан бастап барынша толық сипаттайды (Мұнан ары, жаңылыстырмас үшін тайпа деп ірі руды, дәлірек айтқанда, рулардың бірлестігін айтамыз. Кезегімен қазақтардағы рулар одан ары аталарға бөлініп кетеді).

XVII ғасырдың екінші жартысынан бастап Қазақ хандығы жоңғарлар (халық оларды қалмақ деп атады) тарапынан үздіксіз шабуылдарға ұшырады. Іргедегі басқыншыларға төтеп беру жылдан жылға қиындай түсті. Жоңғарлар болса ең алдымен маньчжур императорларының қатаң қысымынан құтылу үшін қазақ даласына көз тікті. XVIII ғасырдың басына қарай жоңғарлар Алтай мен Шығыс Түркістанға, Ертістің орта және жоғарғы ағысына, Тобыл мен Есілдің орта ағысына ықпалын жүргізді. 1722 жылы Жоңғария Қытаймен бітімге келіп, Цин империясының қысымынан уақытша құтылды.

1723 жылдың ерте көктемінде жоңғар әскері қазақ даласына басып кірді. Елдің шығыс жағынан жайыла қаптады. Аз уақыттың ішінде басқыншылар бытыраңқы қазақ әскерлерін талқандап, бүкіл Жетісуды, Ташкент, Сайрам, Түркістан және басқа қалаларды басып алды. Жоңғарлар бейбіт халықты қырып, малды айдап әкетті, қазақ ауылдарын бостырып жіберді. Мал-жанынан, атадан қалған шаруасынан айрылған елге қыстың көзі қырауда аштық та келіп жетіп еді.

«1723 жылы қазақ, қалмақ болып жиылып соғысқанда, қалмақтың бастығы Цеван Рабдан қазақтың көбін қырып, қалғанын қуып жіберген. Сонда қазақтар аш-жалаңаш, жаяу шұбап бір көлдің басына келіп, көлді айнала сұлап жатыпты. Сонда бір ақсақал кісі айтыпты: «Балалар, адам бастан кешкен жақсылықты қандай ұмытпаса, жаманишылық көргенін де сондай ұмытпау керек, біздің бұл көрген бейнетіміздің аты «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама болсын», – дейді, мағынасы «табанымыз ағарғаниша жаяу жүріп, көлді айналып жатқан күн» дегені».

Дәл осы жыл қазақтардың жадында «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» деген атаумен қалды.

Бұл нәубеттің жылнамасы ауызша халық шығармашылығында бейнеленіп, ұрпақтан ұрпаққа мәні өзгермеген шынайы қалпында жетті. Шәкәрімнің жазған мәліметтері басқа дереккөздерден алынған ауызхекі әңгімелердің жазба нұсқасымен сәйкес келеді.

«1723 жылы қалмақтан жеңіліп «Ақтабан шұбырынды» көріп, орта жүз Есіл, Нұра, Сарысуға барғанда, – деп жалғастырады Шәкәрім. – біздің тобықты Орынбордың бергі жағында Ордың қара ағашына барған, «онан да ары барған кіші жүз қазағы орысқа қарамақ болыпты» деген соң, сонан қорқып тобықты көшіп, Ырғыз, Торғай өзендеріне келген, сонда біздің төртінші атамыз Ырғызбай менен інісі Торғай туып, аттарын сол өзен атыменен қойыпты. Онан және бері қарай көшіп, Мамай батыр бастап осы Көкен орда, Доғалаң тауларының ортасына келіпті..

Біздің тобықты мұнда келген кезде бұрын келіп, қалмақты қуған найман матайлар Шыңғыс бөктерінде екен. Уақтар Ертіс жағасында екен. Тобықтыны азып-тозып келген ел деп матайлар малына зорлық қыла берген соң, тобықты матайменен жанжалдасып, «бұрынғы арғынның ата қонысы Шыңғысты өзіміз аламыз» деп матайды қуып, Шыңғысқа орнықты. Бұлар матаймен әуре болып жатқанда, уақтар Көкенге келіп қонған соң, Кеңгірбай би кісі жиып барып уақты қуып жіберіп, осы күнгі «Кеңгірбайдың тас үйгені» деген жерге барып қоныпты. Уақтар Көкеннен тобықтыны шығара алмаған соң, өздеріменен көрші қазақ-орыстан кісі жиып алып келіп, Кеңгірбайдың ауылын шаппақ болған соң, Кеңгірбай би:

– Мен арғынның жақсыларына хабар жібердім. Арғын менен

уақ ортасына бөлік салып бітелік, – деп тоқтатып қойып, түн болғанда төбе басына кісі сықылды қылып көп жерге тас үйіп, өзі түнде көшіп кетіпті. Ертең уақтар қараса төбенің басы толған кісі болған соң, «бізді алдап жасаққа кісі жиган екен» деп, шолғыншы жіберіп, бәрі тас екенін біліп қайтыпты. Сөйтіп тобықты Шыңғыс тауына ие болған».

Осылайша, Шәкәрімнің бабалары кейде қулықпен, кейде күшпен Шыңғыстауды түпкілікті жайлап алды. Жоңғарларды қазақ жерінен, оның ішінде Шыңғыстаудан қуып шығуға қомақты үлес қосқан Найман тайпасының бұл жерді иеленуінің негізі де болған шығар, бәлкім. Бірақ бұл жылдары олардың Шыңғыстаудан шығысқа қарай Тарбағатай мен Зайсанға дейінгі жерлері де жеткілікті еді.

Тобықты руының Шыңғыстауға қайта орлалуына, байқап отырғанымыздай, Кеңгірбай би (1735–1825) үлкен еңбек сіңірген. Тарихтан белгілі, қазақтардағы би – белгілі бір билік өкілеттілігін иеленген қазы. Рудың басшылығына да, әдетте, анағұрлым беделді қайраткер, көбіне би сайланатын. Мұндай жағдайда рубасы билік жүргізудің заңнамалық, соттық және атқарушылық тармақтарын тұтастай өз қолына алатын және бұл тәртіп далада үстемдік еткен қоғамдық құрылыс жағдайына мейлінше икемді болатын. Сондықтан Тобықтының көсемі ретінде даңқы шыққан Кеңгірбай ұрпақтардың отбасылық, рулық жадында Би ата деген құрметті есіммен есте қалды.

«Кеңгірбайдың туысы Ырғызбай – біздің төртінші атамыз Һәм Абылай ханмен жолдас болған кісі, – деп жазады Шәкәрім. – Оның төрт баласы – Өскенбай, Өсер, Мырзатай, Жортар. Жоғарғы Кеңгірбай бидің орнына Өскенбай би болған, оның бәйбішесінен біздің үлкен атамыз Құнанбай қажы марқұм жалғыз. Оның үлкен қатынынан менің әкем Құдайберді марқұм жалғыз еді».

Шәкәрімнің арғы атасы Өскенбай (1778–1850) рудың көсемі ретінде көп уақытын халық арасында өткізді, түрлі жиындар мен басқосуларды ұйымдастырып ел ісін шешіп отырды. Оның беделіне ешкім шүбә келтірмеді, таласпады. Қандай да болмасын жер дауы мен мүліктік мәселелерді шешуге қалыс ағайынның төрелігін айту үшін оны көршілес рулар да жиі шақыратын. Бірде, Өскенбай жоқ

кезде, дауларына төрелік айтуды сұрап руластары келген екен. Тараптарды мұқият тыңдаған Өскенбайдың жасөспірім баласы Құнанбай нағыз би сияқты толғанып, барынша ақылды кеңес берген көрінеді. Шиеленісе келген тараптарға жас баланың шешімі ұнап, соны қабылдапты. Содан бері Құнанбайды да би ретінде мойындай бастаған.

Құнанбай (1804–1885) – ұлы ақын әрі ойшыл Абайдың әжесі, Шәкәрімнің атасы – Шәкәрімнің бабаларының ішіндегі ең ерен тұлға осы болар. Ол атасы Ырғызбайға ұқсайтын: бойы биік және күш-қайраты айрықша болатын. Он бес жасынан бастап, атасы сияқты күреске қатысып, ең мықтыларды жеңді. Тобықты арасында мынадай тарих айтылады: он сегіз жасында Құнанбай атақты палуан Сеңгірбаймен күреспек болады. Жасы үлкен палуанға ұсыныс жасайды: «Кімнің ұтқанын, кімнің ұтылғанын жария қылмайық. Жеңілгеніме, жеңгеніме де қарамай мен сізге сыйлық тартуға әзірмін, өйткені сізбен күрескім келеді». Осыған келісіп, кездеседі де, күреседі. Бәйгеге тігілген ат пен шапанды, келісім бойынша, Сеңгірбай алады. Құнанбай өмірінің соңына дейін кім жеңгенін айтпай өтті. Әуестеніп сұрағандарға: «Сеңгірбай өлді деп мен берген сөзімді бұзуым керек пе?», – дейді екен.

Оның төрт зайыбы болды: үлкен бәйбішесі – Күңке (Шәкәрімнің әжесі), кейінгілері – Абайдың анасы Ұлжан (Абайдан басқа оның үш ұлы мен қызы болды), Айғыз және Нұрғаным.

Қазіргі қоғамымызда Құнанбай туралы сыңаржақ көзқарас бар: мұны Мұхтар Әуезовтің (1897–1961) «Абай жолы» роман-эпопеясы қалыптастырды. Алайда шынайы өмірде ол дәл көркем шығармада бейнеленгендей әділетсіз әрі қаһарлы, өзінің кедей ағайындарына түрлі жолмен қысым көрсеткен залым адам емес еді. М. Әуезов оны, мысалы, былайша мінездейді:

«Құнанбай – өзі бір шешеден жалғыз, бәйбішенің жалғызы. Қара шаңырақ иесі. Қалың дәулет пен әмір, билік иесі. Жасқа да көп туыстарынан өзі үлкен. Сол себепті, үлкен әжесі Ырғызбайдан тараған мына жиырма ауылдың мынандай топтарының ішінен де бірде бір жан әлі күнге дейін Құнанбайдың алдынан көлденең шығып көрген емес. Тіпті өкпе-назы болса да, ашып-жарып айта алмайтын. Ал бірақ Құнанбай сойыл соғарды, қол қимылды, тізе

мен ызғарды керек қылған жер болса, бұл қауымның іркілетін бірі жоқ. Шоқтай жиын – мықты топ. Жер алуда, ел алуда, оңайдан мал табуда бұлар Құнанбайдың қабағын қалт еткізбей түсінеді».

Романдағы тағы бір көркем сурет мынадай:

«Құнанбайдың бағана таңертеңнен бергі мүләйім соны, момын жүзі мүлдем жоғалып кетті. Бұрыңғы жаулық, шабуылдар үстінде көгеріп, түйілетін қатты ашуын қайта тапты. Бұл кезде ол жыртқыш тағылардың тісті, тырнақтылары болса, солардың гүрілдеп шапқалы тұрған, іреп сойғалы тұрған қатал тағылық кескініне келді».

Романның тұтас желісінде Құнанбай ызақор және қанішер болып көрінеді. Мұндай адамның Тобықты сияқты үлкен руды қалайша лайықты басқарғанын романнан ұға алмайсыз. Жазушы халыққа қамқор болудан аулақ өзімшіл де зұлым дала феодалының рәміздік, біршама кекесінді бейнесін сомдаған. Ал ізгі іс атаулыны автор толығымен Абайға сеніп тапсырады, Абай, баршаға мәлім, өз ортасын «бұзып шығып», кедей бұқараның қорғаушысына айналады.

Негізінде, «Абай жолы» роман-эпопеясын тарихи шығарма деуден гөрі тарихтың көріністерін көркемдік-философиялық тұрғыдан суреттеген дәуірнамалық сипаты бар көркем туынды деуге лайық. Бұл сөзімізге бір дәйек сол – романда келтірілген көркем бейненің, жұмсартып айтқанда, дәл еместігін айғақтайтын мәліметтер бар. Ондай мәліметтер Құнанбайдың замандасы, поляк Адольф Янушкевичтің естеліктерінде кездеседі. Бұл естеліктер 1861 жылы Парижде «Адольф Янушкевичтің өмірі және оның қырғыз даласынан жазған хаттары» деген атпен кітап болып шықты (ал орыс тілінде жүз жылдан кейін Ф. Стеклованың аудармасымен «Қазақ далаларына саяхат барысындағы күнделіктер мен хаттар» деген атпен басылып шықты).

Польшаны азат етуді арамдаған бүлікшіл, Адам Мицкевичтің «Дзяды» драмасы кейіпкерінің прототипі Сібірге жер аударылған А. Янушкевич полицияның бақылауынан босағаннан кейін «Сібір қырғыздары облысындағы» Шекаралық басқармада кеңсе қызметкері болып жұмыс істейді. Басқарманың тапсырмасымен мал мен халықтың санағын жүргізу үшін қазақ далаларына сапарға

шығып тұрады. Жазбалар мен күнделіктер жазады. Аңғарғандарын көшпелі қоғам өмірінің жарқын сюжеттерінде жазып қалдырады. Құнанбаймен кездесу Янушкевичке қатты әсер еткен, кітаптан бұл туралы мынаны оқуға болады:

«Құнанбай өңірге аты жайылған адам, қарапайым қазақтың баласы. ұажайып ақыл-ес және жүйрік тілдің иесі. Іскер, аталастарының игілігі туралы қам жейді, дала заңдары мен Құран қағидаларының жетік білгірі, қазақтарға қатысты ресейлік жарғыларды бес саусағындай біледі, қара қылды қақ жарған би және өнегелі мұсылман. Плебей Құнанбайды жұрт пайғамбардай сыйлайды. Одан ақыл сұрауға жас та, кәрі де, кедей де, бай да шалғай ауылдардан келіп жатады. Тобықты руының сеніміне ие болып, болыстыққа сайланған..., әділетсіздік пен дәулеттілердің зорлығына қарсы қалқан болған. Барақтың қасында сұлтандар ақсүйек емес, боркемік болып көрінеді, ал барлық байлар жабылып Құнанбайдың кебісін кигізуге де жарамайды».

Бұл үзіндіден «плебей» деген қадірсіз сөзді ысырып қойған жөн, оның бастапқы мағынасы Ежелгі Римде «қарабайыр халықтан шыққан» дегенді білдіреді. Рубасыға тіптен сәйкес келмейтін сөз. А.Янушкевич, әрине, Құнанбайдың ақсүйек төре тұқымынан емес екендігін білген болса керек. Орыс шенеуніктері де Құнанбайды «қарадан шыққан хан» деп бейресми атау арқылы оның, ең алдымен, ақсүйектен емес екендігін көзге түрткі қылғысы келсе керек. Ресей өкіметі 1822 жылдың өзінде «Сібір қырғыздары туралы ережені» енгізіп, хан билігін жойған-ды. Одан ары хан әулетінен шықпаған беделді ру басыларын үнемі қолдап отырған. Бұрын хан билігіне ие болған Шыңғыс тұқымдары даланы ресейлік басқаруға қауіп төндіреді деп есептелді.

Қалай десек те, А. Янушкевич бейнелеген Құнанбайдың тамаша сипаты, әсершіл еуропалық-романтик рубасының абыройын әсірелей көрсетті деген күннің өзінде, Әуезов романында сомдалған бейнені теріске шығарады.

Олай болса, Абайдың әкесінің образын зұлым етіп көрсету Мұхтар Әуезовке не үшін керек болды? Оның себебі, ол романның жариялануы үшін де, өзінің қауіпсіздігі үшін де текті де ізгі рубасының образын сомдай алмайтын еді. Кеңес билігі роман

жазылғанға дейін-ақ барлық беделді рубасыларды бай-феодал ретінде еңбекші халықтың жауы деп жариялап жіберген еді. Халық игілігін ойлайтын рубасының жағымды бейнесін идеологиялық қызметкерлер оқырманға жеткізбейтін де еді.

1936 жылы Мұхтар Әуезов аталмыш романның бірінші бөлімінің алғашқы нұсқасын көпшілікке оқып көрген болатын, онда Құнанбай әділ де дана басқарушы болып бейнеленген. Бірақ бұл нұсқа қазақ әдебиеттанушылары мен партия идеологтері тарапынан қатал сынға ұшырады. Әуезовті, есебі, халыққа жау байларды мадақтағаны үшін жойып жіберуге дайын тұрғандар көп болды. Сонда ғана жазушы Құнанбайды басқаша сомдап, мәтінді қайта жазуға мәжбүр болды. Ол енді романда бітіспес таптық жау, жағымды кейіпкерлер үшін, оның ішінде өзінің төрт әйелі үшін де, сыйсыз адам кейпінде суреттелді. Тіпті Құнанбайдың анасы, кәрі Зере өз баласын қатігез деп айыптайды.

Кітап жазу кезеңінде атын атауға тыйым салынғандықтан Әуезов Шәкәрімді де өз атымен жаза алмады. «Абай жолында» Шәкәрімді Шұбар деген кейіпкерге прототип етеді де, ол мейлінше тартымсыз қасиеттермен сипатталады. Өкінішке қарай, солай жазу керек болды. Атаққұмар, кекшіл әрі өзімшіл Шұбар тойымсыз, қу және «түлкі тәрізді айлакер», басқа кейіпкерлер оған осындай мінездеме береді. Шұбар іштарлықтан Абайды көре алмайды, бұл, әрине, тарихтағы, шынайы өмірдегі Шәкәрімге мүлдем ұқсамайды.

«Абай жолы» романында тоталитарлық режимнің қыспағының ыңғайымен жазылған мұндай сипаттауларды айғақнамалық дереккөз деп есептеу міндетті емес. Бұл – көркем проза, оның үстіне шұрайлы қазақ тілімен жазылған керемет проза. Ал көркем туынды болса, оқиғалар мен айғақтарды еркін түсіндіруге ерікті әрі, тағы да қадап айтайық, идеологиядан аттап кете алмайды.

Құнанбай өмірде тек ақылды адам ғана емес, көшпелі халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесінен жинақтаған өміршең білім иесі де болды. Мұндай қабілеттерсіз ол дәстүрлі ұлттық ру құрылысының сатысында беделді көсемнің орнын ала алмас еді. Жаңылмайтын жады, кіршіксіз зерде, кісіні сендіре білу, көрегендік пен шешендік тәрізді қасиеттердің бәрі оның бойынан табылады. Құнанбайдың бұл қасиеттерін, аздаған әзілі де жоқ емес, А. Янушкевич жазған:

«Құнанбай сөйлеп тұрған машина дерсіз, бұралмаса ғана тоқтайтын, әйтпесе тоқтамайтын сағат сияқты. Ояна салысымен тілге ерік беріп, ұйықтағанға дейін сөйлеуден талмайды. Әр сәт сайын оған қазақтар одан кеңес сұрап келеді, ал ол – тағынан таймаған көріпкел тәрізді... Әрбір үш сөзінен кейін шариаттан үзінді келтіреді, жады қандай есте саққтағыш, өкіметтің барлық бұйрықтары мен қаулыларын кітаптан оқығандай жатқа соғады».

Мінезінің қаталдықпен шектесетін беріктігін Құнанбай қашан да дәстүрлі құндылықтарға қауіп төнгенде көрсетіп отырған. Бұрынғы заңдарды бұзғандарды аямай, нағыз рубасыға тән мінез көрсететін. Ресей әкімшілігі енгізген жаңа тәртіптерді қазақ даласына орнатып жатқан кезеңде Құнанбайдан жапа шеккен дала жуандары орыс билігіне арыз айтып, солардан қолдау тауыпты. Қарқаралы округінің аға сұлтаны Құнанбай Өскенбаевқа қарсы істер де қозғалады. Тергеу жұмыстары бірнеше жылға созылды. Ақырында ол істер ойдағыдай жабылады.

Шәкәрім «Шежіреде» Құнанбайды «қажы» деп қадірлеп атай отырып, атасының артықшылықтарын сипаттайды. Меккеге арнайы барып тәу етіп келгендерді қазақтар аса құрметтеп, қажы деп атайтын.

«Құнанбай қажы халықтың қараңғы болған кезінде дүниеге келді – деп жазады Шәкәрім. – Әкесі молдадан оқытып, Құнанбай шала хат танып қалса да, әкесі Өскенбайға келген хаттарды бір-біріне салыстырып, өз талабымен хаты толық танып, түрікше жазылған кітаптарды еркін оқи алатын болды. Қазақ балаларының, сахара жұртының сауатты, көзі ашық болуын көздеген Құнанбай өзінің күзегінен алғаш рет ұста жалдап, там салдырып, мұсылманша мектеп ашады. Жылына Түркістанға бір мәрте керуен жіберіп, түрік тіліндегі шығыс әдебиетінің жұлдыздарының кітабын тең-тең етіп алғызып, шәкірттерге таратып беріп отырған. Қағаз-қаламды да өз қаражатымен алғызған... Сол мектептің орны «Ескі там» әлі бар. Қажы марқұмның (Құнанбайдың) алдына келген қазақ намаз оқымай жүрген болса намаз оқушы еді, насыбай харам деп бір молла айтқан соң, насыбай атқандардың мұрнына тотияйын құямын

деп насыбайшыларды да тыып еді. Бұрын зекет бермейтұғын қазаққа зекет бергізген де сол кісі еді. Осы күнгі Қарқаралыдағы мешіт сол кісінің салғызған құдайы қылған мешіті еді. Құнанбай қажы аға сұлтанның көмекшісі де болды, бірақ оның мақсаты бұл фәнилік емес еді. Ол халықтың құрметінің арқасында аялап болса да, қорқытып болса да қазақтардың шариат жолына түсіруден үміттенді.»

Шәкәрімнің мәліметтерін толықтыруға болады. Құнанбай аға сұлтанның көмекшісі болып қана қойған жоқ, ол 1849 жылы Қарқаралы округінің аға сұлтаны болып сайланып, бұл қызметте 1859 жылға дейін істеді. Мәртебесі жағынан аға сұлтан ресейлік қызметтің майоры шенін иеленіп, жергілікті биліктің басшысы болып саналады. Осы қызметті он жылдан артық атқарса, аға сұлтан дворян атағын алатын. Соған сәйкес қазақтар өз көсемін дворянин дегенмен Құнанбай мырза деп атайтын.

Қарқаралыдағы мешітке келер болсақ, ол 1851 жылы Құнанбайдың патша әкімшілігі өкілдерімен келіссөздерінің арқасында салынды. Келісімге келу оңайға түскен жоқ. Ол кездері қазақ станицасы болған Қарқаралыда мешіт салуға шенеуніктер бірден келісім берген жоқ. Азамат соғысы жылдарында ақ офицерлер бұл мешітті солдаттардың казармасына айналдырмақ болады, аңыздың айтуынша, таңертең солдаттар мешіттен қашып шыққан, өйткені түнде өздерін жайсыз сезінген, олардың етіктерін біреу жинап алып, намазға тұрғандай тізіп қойған екен деседі. Кеңес дәуірінде аудандық партия комитеті мешітке кітапхана орналастырмаққа жарлық шығарды. Бірақ бұдан да ештеңе шықпады. 1991 жылы Қазақстан егемендік алған соң Шәкәрімнің атасы салғызған Қарқаралы мешіті толығымен қалпына келтіріліп, бұрынғы Алланың үйі мәртебесін қайта иеленді.

Құнанбай осындай қоғамдық жұмыстардан өзге, өз отбасында да балалардың сауатын ашудың қамын ойлап, үйінде мұғалім мен молда ұстады.

Мұрағат құжаттарында Құнанбайдың дала қазақтарын қызылшаға қарсы егуге көндіргені туралы жазба бар.

Діндар адам ретінде Құнанбай, өз үй ішін былай қойғанда, рулас туыстарын да мұсылмандыққа зорламағанмен, жалықпай

жығумен болады. Ол қандай да бір діни танымнан гөрі, өмір жүзесіне көбірек сүйенді. Оның теософиялық толғаныстары туралы мәлімет жоқ, бірақ оның 1873 жылы Меккеге қажылыққа барып, қажылыққа баратын қазақтар үшін сол жерден тәкия (қонақ үй) сатып алуы Тобықты руының өкілдерін сүйсіндіреді. Мұнан кейін олар шарифаттың әдеп шарттарын – діндарлар үшін Құранда бекітілген діни, адамгершілік, заңнамалық және тұрмыстық бағдарларды ұстану жөнінде Құнанбай айтқан талаптарды сөзсіз орындауға тырысты.

Баталы ер арымас

Құнанбай шаңырағы қазақ даласындағы ең білімді әулеттің бірі еді және онда ілім иелеріне деген құрмет әуел бастан бар болатын. Құнанбайдың бәйбішесі Күнке текті әулеттен шыққан қыз еді. Оның әкесі, Ағанас би, ақылды да әділ адам болған екен. Құнанбай мен Күнкенің дала ғұрпына сай, дала ақсүйектерінің ұстанатын жолымен атастырылып қиылған некесін текті адамдардың тағдыр қосуы десе болады.

Осы некеден туған Құдайберді де Құнанбайдың басқа балалары сияқты дарынды болатын. Ол 1829 жылы дүниеге келді, сауатын ашуы да қиынға түскен жоқ, шаруашылық жүргізудің тәсілдерін де жетік меңгерді. Табиғаттың мәңгілік айналымының циклдері жөнінде бабадан жеткен заңдылықтарды да жақсы білді. Осы білгенін елдің көшіп-қонатын жерін белгілеп, мал мен жанға жайлы қоныс таңдауда пайдалана білді. Елдің жазғытұрғы көктеуін, жаздықүнгі жайлауын, қарашаның қары қара үйді аппақ қармен жапқанша отыратын күзеуді, кейде саз балшықтан соққан, кейде ағаштан қиған үйде келесі көктемге дейін қыстауды сол басқаратын.

Құдайберді аңшылыққа құмар еді, ол қоныстанған Шыңғыстаудың шатқалдары мен аңғарлары, белуардан келетін қалың көк шөбінің арасы аң-құсқа толы болатын.

Оның өмірде жолы болды десе болады. Құдайберді балиғат жасқа толғаннан кейін әкесі баласын үйлендірмек ниетпен әр тарапқа ой жүгіртеді. Алысты болжайтын көсем Құнанбай ақыры

бір тоқтамға келеді. Ақырында ол бай болмаса да адал, балаларына сол заманға лайық білім берген Алдаберген атты кісіні құда болуға лайық деп тауып, құда түсуге адам жіберді. Алдабергеннің қызы Төлебике білімді еді, жастығына қарамастан шаруашылықты меңгерген пысық болып бой жетті.

Осылайша 1843 жылы Құнанбай Құдайбердінің болашақ жары, Шәкәрімнің болашақ анасы Төлебикені айттырады. Төлебике бала кезінен арабша жазылған кітаптарды да, түркіше жазылған кітаптарды да окитын. Қолөнерге деген қабілеті ерекше болатын: текемет пен кілемдерге қазақтың ұлттық ою-өрнектерін салатын, киімді өзі пішіп тігетін, тіпті, әйел баласында сирек кездесетін ұсталық та оған жат емес еді, оның ұстаханада соққан бәкілері кәдеге жарап-ақ тұратын.

Құдайбердіге тұрмысқа шыққаннан кейін Төлебике тігіншілік пен ою-өрнек өнерінен басқа кәсіптерді қойып кетеді. Әсіресе, ұсталықкәсіптенбастартуғатуракелді. Өзүйіненұзатылардаұсталық жұмысқа құштарлық әйел адамға жараспайтынын ескерткенін жадында ұстады. Дегенмен Төлебике күйеуі Құдайбердінің достарының біріне темірден түйін түйюді үйретіп үлгеріпті. Кейін ол кісі ұсталықты Төлебикенің өзінен үйренгенін мақтанышпен үнемі есіне алып жүреді екен. Кітап оқуды да азайтқанмен, араб тіліндегі екі кітапты – ислам құқықтары түсіндірмелерінің жинағы «Ғибадат исламия» мен мұсылман заңдары жинағы «Мухтасар-ул-Викайды» үйінде өмір бойы ұстады.

Шәкәрім анасының бойындағы тағы бір дарыны өлең шығаруынан да байқалады. Бірақ оның өлендері жазба түрде бізге жеткен жоқ, дала дәстүрінде ауызша мәдениеттің үстем болуына сай басқа да көптеген ақындар мен суырып салма әншілердің шығармалары сақталмай қалғаны сияқты, Төлебике жырлары да сол заманда қалып қойды.

Көшпелі халықтың көркем ойлауының қуаты өзгеше болады ғой. Ұлан байтақ, азат мекеннің адамға арынды шабыт беріп, ойы мен бойын билемей қоймасы анық, сонан болар көшпелі қазақтың қай-қайсының да «өлеңге таласы» болды, әу демейтін, ән шығарып, ән шырқамайтын қазақ баласы аз болған. Мал бағудың бейнеті мен тірліктің ащы ауыртпалығы көкжиекте көк аспанмен

ғана шектесетін кең далаға тән жігер мен еркіндіктен туатын қиял рухына тежеу бола алмайды.

Құдайбердінің ауылы Байқошқарды жайлаған жазда Шәкәрім дүниеге келді. Бақытты әке бала дүниеге келгеннен кейін жылқы сойып, бесік салар тойын жасады. Тойдың төрінде нәрестенің даңқты атасы Құнанбай отырды. Барлық тақуа отбасыларындағы әдетке орай, сәбидің атын Құраннан қарап Шәкәрім деп қойды. Бұл есім ислам шарттарына деген құрметті білдіреді. Есімнің дұрыс айтылуы – Шаһкәрім. Араб тілінен аударғанда, «кәрім» жомарт, кең пейілді дегенді білдіреді. Оған қоса «Кәрім» – Құранның екінші атауы. Бірақ бала кезінен бастап бүлдіршінді ауыл-аймақ қазақы мақаммен Шәкәрім деп атап кетті. Халық та оның есімін осылайша атап кетті.

Әулет басына күн туғанша, оның балалық шағы қамқор әкенің қанаты астында уайым-қайғысыз өтті.

Құнанбай әулетінен шыққан әр бала үшін білім алу – жазылмаған қағида. Ата қағидасын адал ұл Құдайберді де берік ұстанды. Мұның өзі Құдайбердіні қазақ қоғамында туындап келе жатқан ағартушылық дәстүрдің алғашқы өкілдерінің бірі деп қарауға дәлел бола алады. Ол – сахарада білім берудің қалыптасқан жүйесі болмағанына қарамастан, балаларына лайықты білім беру үшін қолдан келгеннің барлығын жасады.

Қазақ даласында аксүйектен шыққандардың ғана жүйелі білім алуға мүмкіндігі болатын. XIX ғасырда Жәңгір хан, Шыңғыс Уәлиханов (Шоқанның әкесі) және Құнанбай Өскенбайұлы тәрізді ел көсемдері өз ауыл-аймағынан тек өз мұрагерлерін ғана емес, басқа да талаптыларды оқытатын білім ошақтарын ұйымдастырғанға дейін қазіргі заманда қалыптасқан мектептік білім беру деген болған жоқ.

XIX ғасырда жоғарыда мұндай мектептер некен-саяқ болды, мектептік білім беру жалпыұлттық нормаға айналуы үшін зайырлы білім беру жүйесі қажет еді.

Қазақ даласында ислам құндылықтарын жан-тәнімен қорғаған Құнанбай сұлтан 1853 жылы Ескітам деген жерде арнайы үй салып, молда жалдап, өз балаларымен қатар, жақын маңдағы ауыл балаларын да оқыта бастады. Әдетте, оқуға жиырма шақты шәкірт жиналатын. Мұғалім мен балалар ауылдар жаз жайлауға көшетін көктемге дейін күндіз-түні мектепте болатын.

Сауат ашу екі негізгі пәннен тұрды: Құранды және басқа мұсылман кітаптарын араб тілінде оқытатын араб тілі пәні; араб әліпбиінің көмегімен қазақ тілінде жазу және оқу (бұл пән түркі тілі деп аталды). Түркі тіліндегі кітаптар аз болды, сондықтан барлық оқу үдерісі діни жинақтарды тануға барып тірелетін.

Кішкентай Шәкәрім өзінен үлкен балалардың соңынан еріп ойнай бермейтін. Көбіне ол жалғыз қалып ойнайтын. Әкесі қағаздан ойып жасап берген әртүрлі бейнелерді – арқардың, қасқырдың, түлкінің, қырғидың, қаздар мен үйректердің, бүркіт ұстаған аңшының бейнелерін қызықтайтын. Маталарға ою-өрнек салатын анасынан көргенін істеп, сурет салып, ою оятын. Шешесінің әрекетін қайталап, темір соғатын, бояуды араластырып, ағаш оятын. Балдырған кезінен бастап, тұрмыстық колөнерге деген қызығушылығы басым болды. Балалық шақ Шәкәрімге алаңсыз бақытты тарту етті. Басқа отбасыларынан шыққан қатарларымен ойнай жүріп ол, әрине, әлеуметтік қайшылықтардың себебін ойлап бас қатырған жоқ.

«...Біраз уақыттан соң қарасам, бізден жасы үлкеніректер асыр салып, асық ойнап ұтысып жатыр. Ай жарықта «ақсүйек» ойнап, жарысып, күрес салып алысып жатыр. Оны көрген соң, бұрынғы жер шұқып «құдық» деп, тас үйіп «қора» деген ойынымнан мынау тіпті қызық көрініп, мен де соларға араласып кеткенім зой. Мінеки, менің «баққа» қарай басқан алғашқы адымым... Әрине, мұнан кейін ойын да шықты, ұрыс та шықты. «Әкеме айтам» деп, кей нашардың балаларын қорқыту да шықты...»

Әке, ағам кім еді? Ел билеген бай! Олардан кім қорықпайды?»

Бірде Әмір деген үлкен ағасы Шәкәрімді ән-күйге баулымақ болады. Боз үйдің маңындағы көгалға жайғасып алып, кіші інісіне жалықпай домбыра үйретіп жүрді. Ағасының еңбегі зая болған жоқ.

Домбыра үйренуді де, сауат ашуды да, қағаздан кескіндер киюды да кішкентай Шәкәрім бала ойыны деп ұқты. Ол барлық нәрседен ермек іздеді, жаңа қызықтарға ұмтылды және олардан қанағаттандырарлық нәрсе таппаса, ренжіп қалатын болды. Оқу деген де бірден қызықтыратын іс бола қойған жоқ. Бірақ молдаға сабақ бару міндеттілігі оны біртіндеп тәртіпке үйретті, оқуда да

қызық нәрселер бар екенін байқап, оларды таба түскен сайын, білімге құштарлығы күтпеген жерден күшейе түседі.

Дәл осы кезеңде Шәкәрім өміріне Абай араласады. Он үш жас үлкен немере ағасы кішкентай ақылды інісіне ізетпен қамқорлық жасайды.

Құнанбайдың екінші әйелі Ұлжаннан туған Абайдың кіндік қаны 1845 жылы 29 шілдеде (ескіше күнтізбе бойынша) Шыңғыстаудағы Қасқабұлақ деген жерде тамған еді. Діндар Құнанбай баласына ұлық пайғамбарлардың бірі – Ибраһимнің атын қойды. Сәби еті тірі әрі әр нәрсеге әуес болып өсті, сәби жасынан қауіп-қатерді, қорку дегенді білмейтін еді. Содан Зере әжесі үнемі айтатын да отыратын: «Абай бол! Абайла!» (сақ бол!). Аузы дуалы әженің сөзі балаға мәңгі есім болып қалып қойды. Абай балалық шағында Ұлжан анасы мен Зере әжесіндей айрықша дарынды адамдардың жан шуағымен өсіп жетілді. Шынайы өмірмен, сөз әлемімен, кітап әлемімен алғаш таныстырған да осы аналары болды. Ана тіліне деген, халық әндеріне, өлеңдері мен аңыздарына деген сүйіспеншілікті де осы аналар сіңірді. Осыдан соң Абайды Семейдегі Ахмет Риза медресесіне оқуға береді.

Табиғатынан дарынды Абай оқуды үздік оқып, араб тілін ойдағыдай меңгеріп алады. Оның алғырлығы таң қаларлықтай болатын және білім қууда алдына жан салмайды. Медресе бағдарламасы оған аздық етті. Парсы және басқа да шығыс тілдерін оңай игеріп алып, өзі үшін Шығыстың ұлы ақындарының – Науаидің, Низамидің, Сағдидың, Фирдоусидің әлемін ашты. Орыс тілін үйрену үшін уақыт тауып, медресе ұстаздарынан жасырып Семейдегі орыс приходтық мектебіне барып сабағына қатысып тұрған. Алайда орыс тілін кейін, есейген шағында толығырақ игереді.

Он төрт жасынан бастап Абай әкесінің қалауымен ел ісіне араласа бастайды. Құнанбай оны Тобықтының ішіндегі руларға жер дауын, мүліктік және шаруашылық мәселелерді шешу үшін жібере бастады. Рубасының жас көмекшісі тапсырмаларды табысты орындайды. Ауылдардың қайсысының қай жерге көшіп баруын сол сәтте шешіп, руластарының дау-дамайында кімдікі оң, кімдікі теріс екенін айқындап бере алатын болды. Оның

төрелігіне ауылдар түгелдей бағынды, оған толысқан би ретінде жүгіне бастайды. Дегендейін, Абай өз беделінің салмағы тобықты ішінде бет қаратпас беделге ие әкесіне тиесілі екендігін жақсы түсінді. Сондықтан өзін ел таңдаулысы деп сезінбей, өзін таза текті арғымақпен емес, арба тартар атпен теңегенді дұрыс көреді. «Бақпен асқан патшадан мимен асқан қара артық; сақалын сатқан кәріден еңбегін сатқан балы артық» дегенді айтуды ұнататын және бұл ғаклияны 1897 жылы өзінің атақты философиялық ой толғаныстары «Қара сөздерге» енгізіп қояды.

Жас Абай қоғам сырын біле түскен сайын, туыстарына жақындығы да күшейе түсті. Ол отбасының көшпелі қоғамның негізгі ұстыны екенін және бүкіл халықтың тұтастығы отбасының беріктігімен байланысты екендігін ұғынды. Отбасы мүшелері бір-біріне көмектесіп, өзінен кейінгілерін тәрбиелеп, артынан ілестіре білу керектігін ол жан-тәнімен сезінді, жүрегімен қабылдады және өмір бойы осыны ұстанды.

Абай үлкен ағасы Құдайбердіге барынша жақын болды, оның балалары да мұны өте жақсы көретін. Абай ағасының аулына келгенде, балалар қасынан қалмайтын. Талантты да сезімтал Абай оларға өзінің жаттап алған Шығыс ақындарының өлеңдерін оқып беретін, оқыған кітаптарынан тарихи үзінділер айтып берген алғашқы адам сол еді. «Мың бір түн» кітабынан хикаяларды тамсанта әңгімелейтін. Балалар Синдбад теңізші, Аладдин, Әли баба және қырық қарақшы туралы хикаяларды демдерін ішіне ала отырып тыңдайтын, ертегінің сағымды да сиқырлы әлеміне сүңгіп кететін. Солайша кірпіктері айқасып, ұйқыға кетіп, түстерінде таңғажайып бақтар мен тұңғиық мұхитты көруші еді.

«Мың бір түн» Шәкәрімнің басынан аяғына дейін түгел оқыған бірінші кітабы еді. Оның көптеген ертегілерін оның өзі де кейін үй-ішіне айтып беретін-ді. Парсы ақындарының да өлеңдерін жаттап алып, жүрегінің төріне орналастырды, шығыстық поэзияға деген сүйіспеншілігін өмір бойы жанында сақтады. Бала кезінен бастап Шәкәрім қазақ эпосындағы қаһармандармен өзінің жанының етене жақын екендігін сезетін еді. «Ер Тарғын», «Алпамыс», «Қобыланды», «Қыз Жібек» – араб әрпімен қазақ тілінде жазылған бұл туындылар оның жан-дүниесінің өсіп-жетілуіне, жақсы мен

жаманды айыруына зор ықпал етті. «Қыз Жібекті» қайта-қайта оқыған сайын Төлегеннің алты қазға мұңын шағып, өмірмен қоштасқан тұсына келгенде жас Шәкәрімнің көңілі босап, көзіне жасы келетін. «Алпамыстағы» Жәдігердің ащы зарын оқығанда да пәк жаны шырқырап қоя беруші еді.

Шынайы сезімталдық – қазақтардың ерекше қасиеті, олар онысын, әрине, жария көрсете бермейді, бірақ аяушылық сезім қатал деген батырларға да тән болып келеді. Әр қазақ – Ғаламды түсінуге және жақсылық жасауға ұмтылатын кіршіксіз жанның, жүректің адамы, сезімтал тұлға.

Балғын балалық шақ, өзінің құтхана мешіті, үй іші, Шәкәрімнің бүкіл тағдырына өшпес із қалдырды. Мұны ол Көктен түскен құтты сый деп қабылдады.

«Жаңа ғана аяғымды басып, тілім жаңа шыққан кезде, – деп жазады ол «Шын бақтың айнасында», – өзім құрбы балаларды бауырымнан жақсы көріп, ойнаушы едім. Ойнап жүріп қарным ашқанын, күннің батқанын білмей қалушы едім. Сол, тіпті, сүйікті ойын әм жанымдай көретін жас құрбыларыма махаббатым, үйге келгенде ата-анам сақтап қойып берген тәтті тамақ пен әлпештеп еркелеткен, аһ, сол өлшеусіз қызық бағым! Қайдасың? Қайда кеттің?»

Бүркіт биіктен барлайды

Жас кезінде Шәкәрім оқу мен қолөнерден басқа аңшылық, саятшылықпен де жақсы айналысады. Абайдан мылтық атуды үйренген соң он бір жасынан бастап ол аңшылыққа қатты құмартады. Сол он бір жасынан бастап жасөспірім бала әкесінің ескі білтелі мылтығынан жанынан тастамайтын болады, Мылтықтың бір өзгешелігі – ұңғысына оқ-дәрі құйып, білтені тұтату арқылы атылатын. Ол мылтықтың ұңғысын ыждаһатпен тазалап отырушы еді, қалаға қатынаған туыстарына тапсырып, оқ-дәрі алғызып тұратын, оның қорының азаймауын қадағалап отыратын.

Он төрт жасынан бастап Шәкәрім саятшылыққа әбден ден қояды, қыран бүркіт ұстауға, аң қуатын жүйрік ат баптауға жақсылап үйреніп алады. Аңшылар тау қиясынан ұстап әкеп берген бүркіт

балапанын баладай мәпелеп өсірді, қанаты жайып жібергенде бір жарым құлашқа жететін. Бүркіт өсіп қанаты қатайып, адамның бұйрығын орындайтын халге жеткенге дейін күн сайын Шәкәрім оны бірнеше ай бойы қолдан тамақтандырды. Ақыры қолбалаға (қолға әбден үйренген қыранды «қолбала» дейді) айналдырды. Тағы үш ай бүркітті аңға түсуге үйретті. Жаз бен күз айларында қазға түсуді, қыста түлкі мен қоянға түсуді үйретті.

Бірде бүркітті тау ешкісіне салды. Қате істеген екен: бүркіт желаяқ жануарды шеңгелінде ұстап тұра алмады. Жануар құсты оп-оңай лақтырып жіберді. Шәкәрім атқа қамшыны басып жіберіп тез-ақ жетіп келді, құсты жерден көтеріп қолына қондырып, көзіне томағасын кигізіп, тексеріп қарап еді, бес шеңгелді тырнағының ұзын біреуінің сынғанын байқады, тау ешкінің қалың түбітінде қалып қойған тәрізді.

Мұндайда не істеуге болады? Ойына халық аңызында айтылатын: «Абылай хан жауды бүркіттің темір тырнағындай шеңгелдейді», – деген сөзі түсе кетті. «Шынында неге бүркітке темір тұяқ салмасқа?» – деген ой келді бозбалаға.

Ауылға оралған соң құсты тұғырға қондырып, өзі ұстаханаға келді. Көріктің ошағына от жағып, темір тілшені балғамен жапыра бастады. Бірақ тез-ақ түсінді: темір тырнақ қолайсыз екен. Жез сымды алды да лаждап жіңішке тырнақ жасады. Бұйымды лайықтап құстың саусағына кигізіп көріп еді, үйлесе кетті.

Осы күннен бастап Шәкәрім бүркітті Жезтұяқ деп атап кетті.

Жезтұяқ туралы тосын жаңалықты естіген жұрт көруге келіп жатты. Малшылар құсты айналшықтап қарап, қолдан жасалған тырнаққа бас шайқай таң қалатын еді, жез тырнағы бар жыртқыш құстың ертегідегі бейнесін шындыққа айналдырған аңшының шеберлігіне таңданбаған адам аз. Бозбала бұл мақтауларға құлақ аса қойған жоқ, Шәкәрім үшін бұл қиын іс емес еді, ол мұнан да күрделі бұйымдар жасаған.

Он бес жасқа келіп өсіп жетілген Шәкәрім дене бітімі жағынан әкесі Құдайбердіге қатты ұқсап келе жатты. Бүкіл бітім болмысы – тарамыс денесі, ұқыпты киімі, жұмылған еріндерінің тұзу сызығы – мінезінің ұстамдылығы мен сабырлығын байқатып тұратын. Алайда, оның ақылды көздерінің өткірлігі көкірек көзінің де ашық

екенін байқататыны соншалық, онымен әңгімелесушілер әдетте шынайы дарыннан шығатын аянды күткендей, қызыға қарайтын. Ол бала кезінде қызылшамен ауырғанына қарамастан күшті және мығым болатын. Таза табиғат аясындағы таза өмір оның ағзасын да шынықтырған. Көші-кон үстінде, аңға шыққан кездерде суыққа да, ыстыққа да аса көнбіс. Батыл болды. Атып алармын деген үмітпен тоғайдың қалың жынысына кіріп кеткен қабаннан қаймықпай соңынан талай рет түскен.

Алайда оның мұншалық күш-қайрат пен батылдықты адамдарға келгенде қолданғысы жоқ еді. Жастар арасында болып қалатын күш көрсетіп қалар қақтығыстарға әдейі жоламайтын. Мұндай қақтығыстарға баруға мәжбүр болған күннің өзінде егескендерді бітістіру үшін кірісетін. Мінезінде қаталдық болғанымен, оның зорлыққа тұла бойы қарсы болды. Бала кездерінен рудың мүлкін, ең алдымен, малын қорғаштап жан салуды, күш салуды бойларына сіңірген замандас, құрдастарына Шәкәрімнің бұл мінезі оғаштау көрінетін. Шәкәрім ағайын-туғандары үшін ажалға кеуде тосуға дайын болғанмен, бойындағы туа біткен адамгершілік сезімдері қандай дауды болсын бейбіт тарқатуға жетелеп отырады.

Бұл ұстанымын ол өмірінің соңына дейін өзгерткен жоқ. Туған халқын, адамдардың бәрін шын жүрегімен сүйді. Көршіге, басқа ұлтқа дұшпан көзбен қарауға болмайды деп санады. Ол зорлыққа жаралмаған жан еді, тіпті, ғайбат сөзге де шыдамайтын. Әдепсіз сөзден қатты жиренетін.

Он алты жасында-ақ Шыңғыстаудағы ең олжалы аңшы деген даңқы шықты. Шәкәрім аңға шыққанда өзімен бірге кітаптар мен жазба дәптерлерді ала жүретін және талтүсте күн қызған шақта көлеңкеде отырып кітап оқитын, ой түбінен болымсыз жылтыраған сәулелі ойларын ұйқасқа салатын. Өлең болып шықты-ау дегенде, кейін Абайға көрсету үшін қағазға түсіретін.

Кейде ойдың, өткір сезімнің, сөз ретінің шынайы поэзияға тән сирек кездесетін уәзінін тапқандай болатын. Сонда жан дүниесі көкке көтерілгендей болып қиял құшағына енуші еді. Сол балауса арманның құшағында отырғанда оған өзі шынымен тамаша өлендер жазғандай болып көріне бастады және бұл өлендердің ғұмыры өз өмірінен де ұзақ болса деп көксейтін.

Неге екені белгісіз, жасы ұлғайған шағында аңшылықпен өткізген осы балауса күндерін еске алып, ол осы уақытты «босқа өткізген кез» деп өкінеді. Өкіне отырып ақын оған мынадай тамаша өсиет сөздерді қосады:

Аңшылық әуелінде қандай тәтті,
Еркіндік, кім жек көрер салтанатты.
Бұл күнде қоңлы тұғыр табылса да,
Аздан соң желдіктерсің, жауыр атты.
Айтпаймын сөгейін деп азаматты,
Дей көрме мұны осы шал неге шатты.
Салынбай біржолата аң қуғанға,
Еңбек пен ескере жүр қанағатты.
Толғанып ақын айтар әрбір затты,
Сөзімнің іші жұмсақ, сырты қатты.
Алпыс жыл аңшы болып алжыған шал,
Дерсіндер бізге айтады насихатты.
Ойласаң, біздің заман мұнан жат-ты,
Ол дәурен ойран болып, құмдай батты.
Жұмысы бұл уақыттың – адал еңбек,
Заманың көтермейді бұл саятты.

Оның аңшылықпен айналысқанын ешкім де айыптаған емес. Жасөспірім кезіндегі осы кәсібін оның тек өзі ғана сөгеді. Бірақ табиғат аясында жүріп аңшылық құруға кеткен уақытының есесін Алла қайтарды, оған үйіп-төгіп олжа берді, ол олжасы – аңғарған пайымдары, ойлары, дағдылары, өлеңдері, естеліктері. Шәкәрім қартайған шағына дейін аңшылық құрды, бұл кәсіп оның балашағасына да азық болды.

Бірақ өмірінің соңына таман кенеттен өз-өзін қатаң айыптау қайдан пайда болды? Әрине, көп жағдайда кейбір естеліктердің ұятты қозғайтынын жалпы ескертпе ретінде айтуға болады. Мысалы, Лев Толстой өз естеліктерінде көп өкінеді, жас кезіндегі дөрекі желіктігі үшін, отбасы жағдайын арттырудағы эгоистік ұмтылыстары үшін өзін жазғырып, өз жадының аяусыздығымен әшкерелейді. Бұл ұлы жазушы Пушкиннің «Еске алу» деген өлеңін ұнататын:

И с отвращением читая жизнь мою,
Я трепещу и проклинаю,
И горько жалуюсь и горько слезы лью
Но строк печальных не смываю.

«Өлеңнің соңғы жолын – деп жазады Толстой, – мен былай деп өзгертер едім: «мұңлы жолды» дегеннің орнына «арсыз жолды жуа алмаймын» деп өзгертер едім».

Толстой сияқты, Шәкәрімнің өкінішінің де шынайы болғандығына күмән жоқ. Аңшылықпен өткен жастық шақты бекерге кеткен уақыт деген өкінішті жасы ұлғайған кезде айтуының да себебі бар: ұлғайған кезде Шәкәрім шын ісім осы деп шығармашылыққа жан-тәнімен берілген еді; оған енді шығармашылықпен айналысу үшін күн де, түн де жетпей қалатын болды. «Бұл іске сол жас кезімнен белсеніп кіріскенде мұнан да керемет болар еді» деген ойдың мазалауы да осыдан. Ол уақытпен жарысқа түсті және Жаратушыдан өзегіндегі өлеңдерін шығарып үлгіру үшін қосымша уақытты жалбарына сұрайды, сол тілегі үшін де жастық шағын құрбандық қып шалғандай.

Бірақ осы жас шағында, аңшылықпен айналысқан кезінде, ол табиғатпен сырласуды үйренді, оның сырларын шынайы ұғынды, Шыңғыстаудың ой-қырын, бұрылыс-қуыстарын бес саусағындай біліп алды. Дала сыры көкіректен өлең болып шықты. Шәкәрімнің құмарлығы Абайға да ықпал етті, ол да анда-санда аңшылыққа шығатын. 1874 жылдың жазында Абай оны Ақшоқыға шақырып, «мылтығыңды ала шық» деп тапсырғанда, Шәкәрім көп ойланбастан жолға жиналды.

Бір айға жуық созылған бұл салбурын Шәкәрімнің есінде мәңгі сақталды. Семей қаласынан келген Алексей есімді орыстың дарынды аңшысынан да көп нәрсені үйренді. Бұл саят аңшылық шеберлікке үйрену мектебі ғана болып қойған жоқ, Абайдың қайталанбас тұлғалық әлеміне енудің кезеңі де болды. Өмірдің түбірлі мәселелерін – ізгілік пен зұлымдықтың, еңбек пен желіктің, жан жомарттығы мен жан жұтаңдығының, адамзаттың күш-қуаты мен жалқаулығының және тағы басқа мәселелерді – талқылау мен ұғынудың уақыты болды.

Әдебиетті өмірдің эстетикалық бастауы деп санай отырып, Абай балауса бозбаланың шығыс лирикасын қаншалықты білетінін сынап көрді. Оның назарын Науаи шығармашылығындағы ағартушылық мәселелерге аударды. «Тақуалардың әурешілігін» жазылғаннан кейін бірнеше ғасыр өтсе де, түркі текті елдерде бүгінге дейін ағарту ісінде ештеңенің өзгермегендігін еске салып қойды. Абайды толғандырған халықты мыңжылдық ғапыл ұйқысынан қалай оятуға болатынын талқылап отырғанда Шәкәрім:

– Абай аға, болыс болған қиын ба? – деп сұрап қалды.

– Егер жүрегің тастай қатты болса – оңай. Ал өзгелердің орнына сәт сайын өзінді қояр болсаң – қиын.

– Неге бізде болыс болғысы келетіндер көп?

– Байқайсың ба, үнемі бұлай болған жоқ, – деп жауап берді Абай. Бұрынғы кезде халықты қорғай білмесе, ешкім би де, сұлтан да, хан да бола алмайтын. Ал қазіргі болыстар байлардың ғана мүддесін қорғайды, соның арқасында өздерінің де байи алатынын аңғарды. Осылайша мансап, лауазым үшін тартыс басталды. Бұл – қазақтың әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне жат нәрсе. Бірақ бүгін көненің өсиетін кім ойлап бас қатырады?

Абай шаңырақ күлдіреуішінен көрінген көк аспанға көз жіберіп, терең күрсінді. Ол көшпелілердің өшіп бара жатқан, ал кезінде өршіл болған еркіндік сүйгіш рухы туралы ойланды: болашақта қайта жаңғырар ма екен?

Шәкәрім де жүз жылдан соң, бұлардың өздерін адамдар қалай бағалайтынын түсінуге тырысып, болашақты болжауға талпынды. Қиялында Абайдың өлеңдерін, мүмкін, мұның да өлеңдерін дауыстап оқып тұрған адамдардың көркем келбеті көз алдына келетін. Ол бойын кернеген күш-қуатты сезініп, өзінің бір шығармасын іштей оқи бастады. Бұл күш-қуат оның бүкіл болмысын қамтыған жалынға айналып бара жатты:

Қой, жігіттер, күн болды ойланарлық,
Білім, әдет, ақылды ойға аларлық.
Надандықтан еліріп босқа жүрсек,
Мына заман көрсетер бізге тарлық!

Өзің біліп біреуге қылсаң жарлық,
Асыл сол – ақыл, білім бойда барлық.
Айла, өтірік, арсыздық өнер емес,
Мен де анаудай болсам деп таласарлық.

Үлкендерде мінез жоқ танданарлық,
Олардың қылған ісі – ұрлық-қарлық.
Арам ойды ақыл деп ардан күсіп,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?

Бұл өлең жолдары кейіннен «Жастарға» деген атпен үлкен үндеуге айналды.

Асқар тауың құласа...

Көшпелілердің өмірі Шәкәрімнің сүйікті кітабы «Мың бір түн» кейіпкерлерінің өміріне кейде керемет ұқсап кететіні бар. Екеуінің де ғұмыры кездейсоқ жағдайларға толы: кедей бір сәтте байып, ал бай кедей болып шыға келеді, бақытсыздарға аяқ астынан құт дариды, ел басқарған билеушілер күтпеген жерден бейшара адамдарға айналып шыға келеді.

Шәкәрімнің әкесі Құдайберді жас шағында-ақ көкірек ауруын шалдығып қалған. 1865 жылдың күзінде Құдайберді төсек тартып жатып қалды. Әкесін өте жақсы көретін Шәкәрімнің жадында сол уақыт пен әкесінің ауру кескіні бұлжымай қалып қойды. Кейінірек есінде қалғандарын ол жақындарына жиі айтып отыратын. Шәкәрімнің ұлы Ахат өз естеліктерінде әкесі айтқан мына бір әңгімені келтіреді:

Мен әкемді жасымнан жақсы білемін. Әсіресе, кейінгі жылдары, күндері көз алдымда тұрады. Ақырғы жылда бұрыңғыдай аңға жиі шықпай, үйде болатын уақыттары көп болды.

Түрікше әңгіме кітаптарды оқуын қойған жоқ. Өтер жылы күздің басынан төсек тартып жатпаса да, жүдеу тартып, жәтелі жиілей бастады. Әкем ұзын бойлы, ақсұр, қара мұрт, қара сақал, өткір көзді, тік шықты, сырты сұлу, қимылы тез, сергек адам болатын. Сөзден қалған жоқ, бірақ еті арықтай бастады».

Абай бұл уақытта қалада болатын. Ағасының ауруының асқынғанын естіп, ол дәрі-дәрмек сатып алды да тездетіп ауылға қайтты.

Абайдың үйге кіріп, ауру ағасымен құшақтасып амандасқан сәтін Шәкәрім есіне өте жақсы сақтаған. Құдайберді інісінің келгеніне қуанып, өзінің дертін ұмытып, бойы сергігендей болып әңгімелесе бастайды. Абай науқасқа бір ақ ұнтақты қызыл түсті сұйықтың тамшыларымен араластырып ішкізеді. Сонан соң оны тез арада қаладағы дәрігерлерге алып бару керектігін айтады.

– Мұның дұрыс, – деп жауап береді Құдайберді, – бірақ қазір қыс мезгілі ғой, жаз болғанда алып барарсың.

Сәуір айының ортасына қарай, күн жылынып, жер көгерген шақта ауруы қайта қозған Құдайберді төсектен мүлдем тұра алмай қалыпты.

«Үйде балалардың ойнап, айғайлауы тоқталған, – деп естелігін жалғастырады Шәкәрім. – ...Үйде жүрген әйел-еркектердің де бұрынғыдай жайдары, ашық мінездері, қатты сөйлескен күлкі әзілдері, шуы да жоқ, сыбырлап қана сөйлесетін болған. Маған айналамадағы барлық тіршілік тылсыммен байланып, қозғалмай қалғандай сезіліп, ойымды көңілсіздік бір ауыр нәрсе басқандай, жүрегіме бір зат қадалғандай, жүрегім лүпілдей беретін болды».

Шәкәрім әкесінің қайтыс болғанына қатты қайғырды. Өмірінің соңғы күніне дейін ол әкесімен бірге өткізген бақытты сәттеріндегі бейнесін жадында ғұмыр бойы сақтап өтті.

Құдайбердінің өлімі бүкіл Тобықты руына үлкен қайғы болды, өйткені ол нағыз қуаты толысқан шағында, кең пейілі мен құшағы адамдарға ашылған шағында өмірден озды. Халықтың қашан да мұндай ізгі ниетті адамдарды сөзсіз бағалайтын, жақсы сөзбен еске алып, оны аңыз қылып айтатын әдеті бар ғой. Құдайбердіге де халық осылай қарады. Сондықтан да, Құдайберді қайтыс болғанда оның аталастары тек туыстық парызбен емес, жүректің қалауымен жаназасына келді.

«Әкем өлгеннен бастап, таяққа таянған еркектердің күңіренген мұңлы дауыстары, үйдегі жоқтау айтып зарлаған әйелдердің зарлы үндері бір ауыр қайғыны жүрегіме орнатып, езіп тұрғандай сезілді, – деп есіне түсіреді Шәкәрім. – Жаратылыстың

жайнап жарасымды жасыл көктемі болып тұрса да, менің ойымды зілдей бір ауыр нәрсе басып тұрғандай болды.

Мен әйелдер отырған үйді жағалап жүріп, олардың зар-жарын еститінмін. Олардың аянышты зарлы жоқтауларын естіп, кейде жылап алатынымын. Жоқтауларын жатқа алатын едім. Алпамыс батырдың ұлы Жәдігердің жағдайын өзіме ұқсатып, оңашада көп жылап отыратын едім. Әкемді ойлап, оның еркелеткені, айтқан сөздері есіме түсіп, өкісігімді баса алмайтын кезім де болды. Төлегеннің өлгені көз алдымда тұрғандай болып, мен де зарымды-мұңымды айтсам дегендей болушы едім», – дейтін.

Құдайберді 1866 жылдың сәуір айында отыз жеті жасында қайтыс болды. Соңында бес баласы қалды: Әмір – он төртте, Мұртаза – он бірде, Шахмардан – тоғызда, Шәкәрім – сегіз жасқа жетпеген, ал кенжесі Ырзықбай болса қырқынан да шықпаған еді. Оның бәйбішесі Төлебике отыз алты жасында, ал кіші әйелі Ботантай отыз үш жасында жесір қалды.

Әмірден өтіп бара жатқан Құдайбердінің төсегінің қасында отырған Абай оның әкелік міндетін аманат етіп өз мойнына алды. Сүйікті ағасына артында қалған балаларға қамқор болып, мұқтаждықтарын көтеріп алатынын айтып уәде етті.

Құдайбердінің отбасына қатысты қамқорлықты ешқандай ант су ішпей-ақ Құнанбай да мойнына алды. Сондықтан Құдайберді қайтыс болғаннан кейін, оның жесірлері мен балалары осы бақуатты әулет өкілдерінің қамқорлығының арқасында ешқандай таршылық, жоқшылықты бастан кешірмеді. Бұл, әрине, қайсысының болсын жүгін ауыратпай қойған жоқ.

Әкесінің өлімі Шәкәрімге ауыр тиді, оны жақындары да, анасы да жұбатуға тырысып бақты. Көңілшек бала өзінің сүйікті адамынан айырылғанына көндіге алмады. Үлкендердің жұбату сөздері айырылысудың ащы азабын тереңдете түсетіндей еді. Ол оңашалықты іздеді, бұл кез келген жас бала үшін әдеттен тыс қылық болатын, бірақ үлкендер оның томаға тұйықтығынан ешқандай қауіп-қатер көрген жоқ, баланың бұл қылықтарын қайғы әсерінен деген ойда болды.

Күндіз бозторғайдың әніне, шегірткенің шырылына, жел қозғаған шөптердің сыбдырына құлақ түріп айдаланы оңаша кезіп

кетсе, түнде айдың тұнжыраған тыныштығы мен жұлдыздардың жарығының құпиясына зер салып жалғыздықтан жатсынудың сабағын әулетінде Шәкәрімдей меңгерген ешкім жоқ шығар, ал адамдармен тіл қатысуға келгенде ойын тіктеуді әлі де болса үйренуге тиіс еді.

Біртіндеп Шәкәрім атасы Құнанбайдың өзіне деген жаңа әкелік қатынасына бой үйрете бастады. Ал Құнанбай Құдайбердінің балаларына қамқор болуды өзіне парыз санады. Ол ауылына немерелерін шақырғанды ұнататын. Кейде өзі де келіндерінің ауылына келетін. Шәкәрімді алдына немесе қасына отырғызып, оның оқыған кітаптары, жаттаған өлеңдері туралы сұрастырып, танымын тексеретін. Егер қастарында үлкендеу балалар болса, Құнанбай оларды ізгілікке шақыратын өсиеттер айта бастайтын – бұл оның сүйікті тақырыбы еді.

– Егер адал іс істесеңдер, егер өздерің әділ болсаңдар, міндетті түрде қадірлі адамға айналасыңдар, – дейтін ол балаларға.

– Өзгелерді құрметтендер, сонда сендерді де құрметтейді. Адам тек халықпен ғана адам болады. Алдымен адамдарға ұнауға тырыс, сонда ғана Құдайға жағасың.

– Ата, сен Құдайды көрдің бе? – деп балалардың үлкені Әмір атасының сөзін бөледі.

– Әй, тентек! – деп зілсіз зекиді Құнанбай. – Бұлай сұрақ қоюға бола ма?

– Ол Қарабатыр ауылындағы қисық Жұмырға ұқсайды дейді ғой, рас па?

– Оны кім айтты, жүгермек? Ар-ұяттан жұрдай болған ғой бұл жұрт! Балаларға не үйретіп жүр өздері.

Атасын ашуландырған ерке бала осылайша өз жөніне кете барды.

Құнанбай ерке немересіне көп ашуланбай, өзінің назарын аңғарымпаз да сезімтал Шәкәрімге аударатын, ол кішкентай баланың күн сайын кешке қарай қайғы мұңға бататынын көріп, ауылына алып кетіп жүретін. Немересі бала қайғысын бәсеңдетуге барынша тырысқан атасының ауылында айлар бойы аунап-қунап жататын еді.

Немересін әрі еркелетіп, әрі ақылмен тәрбиелеген құдіретті Құнанбайдың қамқорлығымен Шәкәрім балалық шағын алаңсыз өткізді. Ол кейінірек «Шежіреде...» былай деп жазады:

«Мен пақыр өз әкем өлген соң ұлы атамыз қажы марқұмның тәрбиесінде қалсам да, бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғандықтан және қажы марқұм мені жетім деп аяп, қысып оқыта алмай, ғылымнан махрұм қалып, жетімдікті сылтау қылып, ойыма не келсе, соны істеп, әдепсіз, ғылымсыз өстім. Әйтсе де түркі танып, орысша хат танып қалдым».

Әрине, Шәкәрімнің бұл өзін-өзі сынға алуы оның «Шежірені...» жазған кезеңдегі ақынның есейген шағымен анықталады. Шындығына келгенде, өзінің балғын балалық шағын әлемді тануға арнаған кішкентай Шәкәрім көп нәрсе жоғалтқан жоқ.

Бұл жылдарды ол қалай өткізді? Жай ғана өсіп жетілді. Бұрынғы ата-бабаларымен қатар осы күнгі тірі ру басыларының, ең алдымен Құнанбайдың, даналығын бойына сіңірді, атасынан қазақтардың сөз өнеріне деген құштарлығын, сөздің алуан қырлы мән-мағыналарынан бағдар тауып, мәңгіліктің тілінде сөйлеуге деген құмарлықты үйренді. Қазақтың рухани күш деңгейіне дейін көтерілген, ырғақты да бейнелі, мақал-мәтелдермен қоюланған, шешендердің суырып салма ұйқастарымен әрленген ауызша әңгімесін ашқарақтана тыңдады.

Данышпан атасы Құнанбайдың ықпалы, ақылды да сезімтал Абайдың сабақтары, романтикалық эпостардың нұрлы жарығы мен құбылмалы ай сәулесі – өлең жаза бастаған жас өркеннің жан қалыптастыруының кейбір белгілері, міне, осындай. Ең бірінші өлеңін әкесін еске алуға арнады.

Бұл – жаздыгүні Құдайбердіге ас берген кезде болған еді. Шәкәрім ауылға толып кеткен адамдар мен байланған аттардан алысырақ жерге кетіп, ауылдың қарсы бетіндегі қырдың басына шығып отырған еді. Қасындағы тастың бетінде жыбырлап бара жатқан жұлдыз құртты көріп аяғымен мыжып тастады. Сол сәтте жұлдыз құртты аяп кетіп, өзінің жетімдігін еске алып жылап жіберді. Көңілшек бала жан тебіренісінде отырып, жұлдыз құрттың атынан табан астында өлең шығарды:

Өлтірдің, онан таптың қандай пайда,
Өмір сүріп жүруші ем жазда сайда.
Жетімдік қандайлығын көзің көрді,
Кешегі тірі жүрген әкең қайда?!

Менің де жетім қалды балаларым,
Олар да жылайды аңсап аналарын.
Өзің жетім, жетімді аясаңшы.
Жоқ екен басында ми-саналарың...

Кешке қарай, Шәкәрім үлкендерге лайықты соншалық салмақты шығармасын оқыған кезде, әйелдер тегіс жылады және енді мұндай қайғылы өлең жазбауын өтіне бастады. Келесі күні Төлебике баласының жазған шумақтарын Абайға көрсетті де, әзірге өлең жазбауға кеңес беруін сұрады. Бірақ, Абай онымен келіспеді және немере інісін өлең жазу өнеріне өзі үйрететінін айтты.

Осы күннен бастап ағайын інісін ақындық шеберлікке үйретуді қолға алады. Бұл ондаған жылға созылған мектеп болатын, әрі мұнан екі ақын да көп олжа тапты. Өлең құрастырудың қырсырына баланы үйретуді Абай бірден бастаған жоқ. Бастапқыда жаңа шәкіртін үркітіп алмау үшін, оны сөз әлеміне ақырындап енгізді, ғылымдық ізденістерге бармай, кітаптарды оқумен, оның ішіндегі Шәкәрімнің таңданысын туғызған әдемі шумақтарды қайталаумен ғана шектелді. Абай ғасырлар бойы қалыптасқан ақындық қағидалардың әсемдігін барынша сезінуге, адамды арбар сөз нышандары мен айшықтарын шәкірт бойына сіңіруге тырысты. Сонда ғана, егер жұлдызың оңынан туса, өлең жазғытұрғы дала шөбіндей қаулап шығатын болады.

Шәкәрімнің жеткіншек шағы Шыңғыстаудың аясында үнемі Абаймен пікірлесумен өтті. Бастапқыда Шәкәрім оның қамқорлығын шеберліктің әлдебір мектебі деп қабылдауға бейім бола қойған жоқ. Абаймен болған күндер ол үшін өмірдің өзіндей еді.

Бозбала Шәкәрімнің бойынан илләһи дарындылықтың ұшқынын байқаған Абай басқа балалармен салыстырғанда, әлемді кіршіксіз қабылдауымен ерекше інісіне өмір бойы қамқорлық жасап отырды. Оның бойынан Абай ауызекі тілге, өлеңге деген құштарлықты, өмірлік білімді қағып алатын алғырлықты байқап

қана қоймай, одан өзінің де «жаңғырығын» көргендей болды. Жас баланың әлемді игере отырып, оның кезінде өзі де ашқан жаңалықтарды табатынын, өзі көтерген жүкті оның да көтеретінін, өзіндік өмір құндылықтарын бағамдап жатқанын аңғарды.

Күз айының бір күнінде, Шәкәрім он бір жасқа толғанда Абай олардың ауылына келді. Ол сым бойымен жүретін телеграммалар туралы әңгімелерді естіп алып, Шәкәрімнің үй мен қора арасына аттың қылынан желі тартып, өзінің жаңалығын тексеріп жүргенін естіді. Шәкәрім желінің екі жағынан түбі тесілген саз балшықтан жасалған кеселер орнатыпты. Оларды резонатор ретінде пайдалана отырып, желінің арғы басында жиналған ағайындармен сөйлеспекші болыпты. Бұл сынақ тәжірибе іске аспады. Есесіне кекесінді эзілде шек болған жоқ.

Ал бүгін Шәкәрім уайымға батып ұста қораға таңертең кіргеннен шықпай отыр екен. Ұсталық өнерді үйренбек және оны шешесінің көмегімен емес, өз бетімен үйренбекші. Әуелі көріктің астына тезек қалап, от жақты. Сосын, пышақ соғу үшін, ескі орақ тауып алып дайындап қойды. Орақты ағаш сабынан ажыратып, екі жағынан қысқашпен қысып отқа қойып, темірі қызарғанша ұстады. Бәрі тамаша шықты, тіпті, іс-әрекеті ересек шеберлердің ісіне ұқсайды. Балғамен ұрып темірді жұқартты. Бірақ суару үшін суға салғаны сол еді, пышақ жарылып кетті. Мұндайды бала шешесінен көрмеп еді. Ойлануға тура келді.

Ол бәрін қайтадан жинап, қайтадан балқытып, пышақ құйып шығарды. Бірақ, суға салған сәтте ол қайтадан жарылды. Осылайша бірнеше мәрте қайталанған сәтте ұстаханаға Абай кіріп келді, ол баланың шарасыз жағдайын байқап қойды.

– Жігерің мақтауға тұрарлық. Кім өзі үшін ғана еңбектенсе, қарнының қамын ойлайтын малдан айырмасы жоқ болады. Жақсы – жұрт үшін еңбек етеді. Ештеңе өндіре алмадың ба? Онда ұнжырғанды түсірме, тек дарынсыз ғана тағдырға мойынсынады. Қалай суыту керектігін неге шешеннен сұрамайсың?

– Бәрін өзім түсінгім келеді.

– Көріп тұрмын, – деп күлімсереді Абай, – тіпті қыңырлықтан терлеп кетіпсің. Одан да аңанды шақырайық.

Төлебике «пышақтың жүзі қатты қыздырылғаннан кейін, бірден суынуы себепті жарылады» деп түсіндірді. Біршама уақыт ауада ұстап тұру керек. Бұйымды қалай суыту қажеттігін өзі көрсетіп берді.

Шәкәрім ұстаханада одан әрі көп еңбектенді, шеберлігін шындау үшін ересек адамдардың да қолынан келмейтін күш-қайрат танытты.

Ал қысқы күнгі кештерде Абай мен Шәкәрім түкпіргі бөлмеде оңашаланғанды ұнататын. Киіздің үстіне отырып алып, қолдарына домбыра алатын. Құнанбай қажының жиырма бес жасар ұлы бұл кездері руға танымал ақын болатын, бірақ, тарихта оның 1886 жылдан кейінгі жазылған өлеңдері ғана сақталды, ал Абай өлеңдері алғаш 1889 жылы ғана жарияланды.

Дала ақсүйектері үшін өлең шығару оларға лайық кәсіп деп есептелмеді, бірақ Абай, оның пікірінше, баяғыда-ақ ескірген әдетпен өзінің ақындық құштарлығын таразылаған жоқ. Егер өнер ретінде қараса, поэзияның анағұрлым биік мәдениет екендігін түсінді.

Абай он екі жасынан бастап, өлең шығаруды бастады, бұлар өлең арнаулар, әзіл шумақтар, кекесінді бейнелер болатын. Бастапқыда ол бұған көп көңіл де бөлмеді, өйткені далада екінің бірі өлең шығаратын, өзара сөйлескенде ұйқасты сөздер мен мақал-мәтелдер араластырып тіл қатысатын. Ал жастар жиналып, «Сақина тап» ойынын ойнағанда ұтылған адам сол сәтте өлең шығарып, ән айтуға тиіс болатын. Сондықтан, суырып салып өлең шығару кәдуілгі іс деп саналды.

Ұзақ уақыт бойы Абай өз өлеңдерінің тек ауызша формада таралғанын қанағат тұтты. Сол себепті де оның көп өлеңдері бізге жеткен жоқ. Бірақ кейінгі өлеңдері ерекше танымалдыққа ие болды. Олар көшпелі қоғамға тән дәстүрге сай ауыздан-ауызға таралып, оны ақындар бүкіл далаға жайды.

Адам жады іріктеуге бейім келеді. Халықтың алуан қырлы ауыз әдебиетінің ғасырлар қалыптастырған қалың қабатын найзағайдай жарып өткен поэзияның ең озық үлгілері ғана сақталып қалады. Сол сияқты Абайдың есейген жылдары шығарған өлеңдері халық аузында жүрді, соның арқасында оның ұлдары мен шәкірттері оларды жинақтап, тек 1909 жылы ғана жеке кітап етіп шығарды. Бұл

оның поэзиясының шынайы рухани күшін, әсемдігімен сарқылмас тереңдігін білдірсе керек.

Діни ортада өскендіктен Абай, шын мәнінде Шығыстың ұлы ақындарының шәкірті болды. Көп жағдайда ол өзін дәстүрлі дала ақындарының өкілі ретінде емес, ислам философиясы әлемінің тұңғығына сүңгіген ақыны ретінде пайымдады. Бірақ, жас Шәкәрімді мистикалық-сопылық мәтіндерге енгізуді Абай ертерек деп есептеді.

Ол жас шағының өзінде-ақ тұрмыстық сипаттамаларға малтығып қалған қазақ поэзиясына тек таза әрі сергек ойды қамдайтын тереңдік қажет екендігін түсінді. Өзін қоршаған қоғамның азғындығы мен бетпе-бет келе отырып, өлең жазудың эстетикалық ұстындары жайлы көп толғана бастады.

Дәл осы кезеңде ол Шәкәріммен қарым-қағынасын жиілетті, онымен сөз өнері жайлы ойларын бөлісті. Жас бозбаланың кіршіксіз таза жан дүниесі Абай үшін лайланбаған тұнық бұлаққа ұқсайтын. Осыдан, жалғыз осыдан ғана Абай өзінің ақындық ізденістеріне және өзін қоғаммен кереғар еткен имани ұстанымдарына жұбаныш тапты.

Шәкәрімнің барынша ақылды, білімді жас болып жетілуіне Абайдың сіңірген еңбегі зор. Абайдың арқасында ол Л.Толстой «Жалғыздықтың шөл даласы» деп атаған ауыр кезеңнен сәтті өтті. Жас бозбала өзінің немере ағасы үнемі жеткізіп тұрған кітаптарды құмарлана оқып бойына сіңірді.

Кезегіне қарай, Абай да туған ортасындағы өмірдің қасіретін сезініп, жатсынған сезімді жас Шәкәріммен бірге кешті. Шығыс халықтарының әдебиеті, орыс тілі және еуропалық Ағартушылық арқылы өз бетімен білім жетілдіру мақсатын риза көңілден Шәкәріммен бөлісті.

Дала мен қала әуені

Аңшылық әуестік енді сайран құрумен алмасты. Бірақ бұл сайранның жөні бөлек.

Қыстың күні Шәкәрім ағалары Мұртаза және Шахмарданмен бірге нағашы жұртына үйлену тойына барды. Қилы-қилы өнері туралы көп естіген нағашылары Шәкәрімнің келгеніне ерекше қуанды. Өздері де, баласынан қариясына дейін, өнерге жақын

адамдар болатын. Нағашыларының ішінде өнерпаз көп, елдері көңілді, рухтары көтеріңкі бір ауыл еді. Осындай атағы маңайға мәшһүр болатын. Бұл ауылдың кештерінде ән айтылатын, өлеңдер оқылатын, жырлар тыңдалатын.

Мал бағудың бейнеті аз емес, сондықтан мұндай той, мұндай сауық күнде бола бермейді ғой. Мал бағудың күйбең тіршілігінен кейін әдеттегідей кешірек келетін кешкі асты күтіп отырғанда отағасының бірі қолына домбыра алып ән айта бастайтын, ән тар үйге сыймағандай сыртқа ұмтылатын, жүректерге барып сіңіп жататын. Бір әнді екіншісі алмастыратын, ән әуеніне бірде сырнай қосылса, кейде қобыздың мұңлы да зарлы үні араласатын. Шәкәрім шығармашылықтың осындай тәтті әлеміне бүкіл болмысымен сүңгіп кетті. Жаңа әндерді тыңдап, жаттап алды. Өзі де қазақ даласына танымал әндері мен күйлерін орындады. Содан кейін ол кезінде Абайға көрсетуге батылы жетпеген өз шығармаларын орындап, тыңдаушыларын тәнті етті. Бұл жерде оның кемшіліктерін ешкім де көзге ілмеді.

Ол өзін көктегі жұлдыздай сезінді. Ол нағашы ағалары мен тәтелерінің сүйіспеншілігінің құшағына оранды, туыстары оны бірінен кейін бірі қыздармен таныстырды, өз жиендерін қазақ даласының болашақ атақты ақыны ретінде таныстырды. Ерекше қонақ ретіндегі Шәкәрімге арналған кештер өте көп болды, мұның өзі ұялшақ бозбалаға біршама қолайсыздықтар туғызды. Оның құрметіне қой сойылып жатты, туыстары оны көкке көтеріп мадақтап жатты. Өзіне арнап көрсетілген, төбеден түскендей бұл құрмет пен ізетті атасы Құнанбайдың, ағасы Абайдың және марқұм әкесі Құдайбердінің даңқынан түскен сәуле ғана деп жұбатты.

Осындай мәжілістердің бірінде біреу скрипка шалды. Скрипка әуенінің дыбыстары Шәкәрімге өте күшті әсер етті, тіпті қобыздың мистикалық жанды тебіренер дыбыстарды тудыратын жаңғыру сезімінен де күшті әсер етті. Скрипканың нәзік әуені оның жан дүниесін толқытты. Келесі күні оның өзі скрипка тартуға тырысып көрді, бірақ бұған арнайы оқудың қажет екенін ұқты. Ақырында скрипканы нағашы ағасы Керімханның тарта алатынын естіп, бұл аспапта ойнаудың қыр-сырын содан үйренбек болды. Бірақ, Шәкәрім скрипканы бұл жолы бағындыра алмады.

1870 жылдардың орта кезеңі Шәкәрімнің қалыптасу тарихына дарынды адамдармен жақын танысу кезеңі ретінде енеді. Бұл дарынды адамдар, аңшы Алексейді айтпағанда, Шәкәрімнің нағашылары болатын. Ол нағашыларының ауылында екі ай қонақтап жатып, аспаптық және орындаушылық шеберлігін жетілдірді.

Бұл сапары туралы бозбала өзінің ағайындарына жыр қылып айтып жүрді. Талантты нағашыларының қолдан жасаған бұйымдарын – алып келген сыйлықтарын туыстарына таратты. Бұл сыйлықтардың қатарында әйелдердің сәндік бұйымдары, сонымен қатар, дәстүрлі домбырадан бастап, қолдан жасалған сазсырнайлар мен көне үрмелі аспаптарға дейінгі алуан түрлі сазды аспаптар бар еді. Үрмелі аспаптардың өзінің бірнеше түрі болды – сазсырнай, сыбызғы және Шәкәрімнің өзі қалай ойнауды көрсетіп берген шаман-бақыстардың сүйікті аспабы – шаңқобыз. Шаңқобыз – бұл екі шеті созылып барып тағылатын кішкентай жай ғана металл доға. Доғаға жіңішке металл өзек бекітіледі. Шаңқобыз еріндерге тиістіріледі, ал ауыз қуысы резонатор қызметін атқарады. Саусақтар өзекке тиген сәтте, өзіндік нәзік дыбыс шығады. Бұл дыбыс кең байтақ даланың шекіз кеңістігінде жанды жиі қозғайтын мұңлы көңіл күйді өте дәл сипаттап бере алады.

Ол заманда қазақтарда мұндай сыйлықтар тарту үрдісі жоқ болатын. Тарту-таралғы етіп көбінесе мал – қой, жылқы, кейде тіпті тұтастай үйірімен берілетін. Бірақ Төлебикенің туыстары өмірді мереке етіп сүруден танбаған және айналасындағыларды да сөз бен ән, кәдеге асар әшекей сыйлап қуантуға тырысушы еді. Олар Құнанбайға да ерекше сыйлық дайындапты: қанжар салатын қынабы бар күміспен күптелген былғары белбеу. Шәкәрім бұл сыйлықты ақсақалдың ауылына өзі апарды. Сыйлықты қабыл алған Құнанбай немересіне таяу арада Семейге баруы керектігін ескертті. Туыстары жасөспірім жігіттің біртіндеп ел істеріне араласып, қалаға тауар алып келуге баруын баяғыдан-ақ ойластырып қойған еді. Он жеті жасына дейін Шәкәрім әлі Семейде болған емес, сондықтан оның жол жүруге дайындалғандағы толқынысы түсінікті де еді.

Көшпелі адамдардың өмірі, шындығында, мамыражай өмір – бұл белгілі жағдай, алайда уақыт қашан да өз дегенін істетіп отырады

гой. XIX ғасырда қала өркениетінің игіліктері дала адамдары үшін жұмбақ немесе құпия болудан қалды. Сауда, тауар айырбасы, әкімшілік байланыстар ақырындап көшпеліліктің дербес сипатын өзгерте бастады. Қазақтардың тұрмысына қаладан әкелінетін бұйымдар барған сайын көбірек ене бастады. Уақыт өте келе, малды қалаға айдап келіп, осында сатып, түскен ақшаға ұн, шәй, қант, бал, тұз және басқа да дала жағдайына қажет маталар, қысқы және жазғы киім-кешек, жиһаз, металл бұйымдар, әшекейлер, ине-жіп сияқты керектерді ауылда жасағаннан гөрі сатып алудың тиімді болатыны көрінді. Сондықтан далалықтар қалаға бару үшін жазда – арбасын, қыста шанасын сайлады.

Шәкәрімге де жауапты іспен айналысудың уақыты жетті.

Оған басқа да міндеткерліктер жүктелді. Оған көпестерден сатып алынған тауарларды қадағалау ғана емес, округтік кеңседен арыз-шағымдар жазылған қағаздарды Абайға алып келу де тапсырылды. Оған қоса, Шәкәрімнің қолында Құнабайдың әскери губернатор Полтарацкийге жазған хаты да болды. Бұл хатта Тобықты руының ақсақалы өзінің құрметін білдірді және, шындығын айтқанда, 1872 жылдың соңынан 1874 жылға дейін – бір жарым жылға созылған Меккеге қажылық сапары жөнінде есеп берілді.

Құнанбай хатында өзінің Кіші жүз өкілдерімен бірге Меккеге барып, онда қазақ қажылары үшін қонақ үй сатып алып, құрбандық шалып, Қанатбай есімді адамды сол жерде шырақшы етіп қалдырғанын жазды. Ол сондай-ақ, әскери губернаторға Меккеден тек өткен жылы ғана оралғандығын, болыстықты басқаратын өз ұлы Абайдың басқару ісіне әлі бойлап кірмегенін хабарлады. Бірақ уездік әкімшілікке оның үстінен түскен шағымдарды қарама-қарсы партиялардың адамдары жазған екен. Олар мұның өзі аға сұлтан болып жүрген кезде де мал ұрлап, өзгенің жерін тартып алудан қымсынбапты. Құнанбай генерал-губернатордан бұл жала шағымдарға байланысты істі тоқтатуды өтініпті.

Абайдың өзі болса бұл жала жабушылардың ешқайсысын да жауапқа тартқысы келмеген, жазасын Құдай берер деп, генерал-губернаторға хат жазуға қарсы болған. Алайда, Құнанбай хатты кеңсеге апаруды Шәкәрімге қатаң бұйырды. Осындай тапсырмамен

жасөспірім бала 1875 жылдың жазында Семейге жол жүрді. Бұл сапардың жасөспірім жігітке әсері күшті болды. Сықырлаған арба дөңгелектерінің әуенімен далада асықпай үш күн жолаушылады, Ертіс өзені арқылы салмен өтті. Суы мол Ертіс өзенінің қатты ағысының өзі бала көңілді таң қалдырды. Әрине, өзеннің екі жағалауына қоныстанған жүздеген ағаш үйлерден тұратын Семей (Семь Палат – Жеті шатыр) қаласы балаға ерекше таңсық көрінді.

Шәкәрім жаңа Семейге, яғни өзеннің сол жағалауындағы Семейге, кіріп кетіп, бұралаң көшелерде адасып та қалды. Ол үйлердің биік қоршауларына таң қала қарады, мұндай бекіністердің не үшін керектігін ұғынуға тырысты, бұл қабырғалардың арғы жағында кімдердің өмірі, қуанышы, қорқынышы, қайғысы ... жасырынып жатқанын білгісі келді.

Ол екінші гильдиядағы белгілі көпес сол жағалауда тұратын Кәукенұлы Тыныбай қарияның үлкен екі қабатты үйіне тоқтады. Тыныбайдың баласы Меңлібай Абайдың әпкесі, Құнанбайдың қызы Мәкішке үйленген еді. Тыныбайдың бала-шағасы көп болатын және олардың әрқайсысы қалада өз үйлерінде тұрады. Шәкәрімге қалаға жетсемен осы Тыныбай құдасының үйіне түсу тапсырылған-ды. Оның үйін табу қиынға соққан жоқ, өйткені Тыныбайдың мешітін барлығы да білетін. Құнанбайдың өзі де Семейге келгенде үнемі құдасының үйіне тоқтайтын. Ал Мекке қажылық сапарына да оның мешітінде намаз оқып, осы Тыныбайдың үйінен аттанды. Кейін Шәкәрім де қажылық сапарын осы мешіттен бастайды. Тыныбайдың өзі де қажылыққа ертеректе, Семей өлкесінен қажылыққа алғаш шыққан қазақтардың алдыңғы қатарында барып қайтқан еді.

Ықпалды да беделді көпес өзінің байлығын ұсақ саудамен жасаған жоқ, ол онымен тіпті айналыспады да. Өзінің күш-қуаты толысқаншағындақұлаштыкеңгесалды. Мындағанқойдыотарымен, жылқыларды үйірімен, түйелерді келесімен қазақ даласымен шектесетін солтүстіктегі орыс қалаларына және Оңтүстіктегі Қытайға айдады. Кері қарай Ресейден бүкіл мануфактураны, ал Қытайдан шәй, қант, тәтті тағамдарды алдырды. Бұл нарықта Тыныбай орыс және татар көпестерімен қатаң бәсекелестікке түсті. Оның үйіне ақша теңіз болып ағылды. Әкесінің ісін жалғастырған оның мұрагерлері де байыды. Тіпті, халық арасында мынадай аңыз

да тарады: Тыныбайдың баласы Меңлібай бір күні самауырынды ассигнациялармен – қағаз ақшалармен кім тез қайнатады деп бәстескен. Нәтижесінде кеңпейілді қазақ жеңіп шыққан көрінеді.

Тыныбайдың үйіне Шәкәрім келген кезде, қария 86 жасқа келген еді. Ол енді мал сатып алып, Қытай мен Ресейге керуендер жабдықтамайтын, бұл жұмыспен оның балалары мен немерелері айналысатын. Өзінің барлық уақытын қария мешітке бөлді, мешіт өзінің үйінің ауласымен қатар салынған еді. Тыныбай мешіт қызметкерлеріне жалақы беріп, әл-ауқаты төмен мұсылмандарға малдай, ақшалай-заттай көмек беріп қайырымдылықпен айналысты.

Қыдырып келген жас баланы таң-тамаша қалдырған қала бейнесі, көпестер тұқымының негізін қалаушы, әрі абыз қариямен өткізген салиқалы сұхбат Шәкәрімге көп ой салғандай болды. Тыныбайдың әр атасын жадында құрметпен жаңғырта отырып, өз руының қандай да да бір өкілінің өмірінен алынған оқиғаларды егжей-тегжейлі баяндай отырып, өз шежіресін таркатқанына қарап, Шәкәрім бұл қарияның тек өз ата-бабаларын мұқият тізбектеп қана қоймай, көшпелі қоғамның құрылымын оңай бағдарлап, барлық қазақтардың тарихын тоқып отыратынын байқады.

Тіпті, жас Шәкәрім өзін қызықтырған кейбір мәліметтерді жазып алу үшін дорбасындағы қалам қағазын алғысы келіп те кетті. Бірақ, қарсысындағы қарияның әңгімесін бөлуге батылы жетпеді, өйткені білімді сақтау мен берудің дәстүрлі ауызша тәсіліне үйренген қарт оның ниетін жақтырмай қалуы да мүмкін еді. Тек кешке қарай, өзіне бөлінген бөлмеде отырып алып, есінде қалғандарды жаза бастады. Осылайша, қазақ руларының семейлік көнекөз қария айтқан тарихы қағазға түсті.

Бұл халықтың жалпы тарихының тек кішкене ғана бір бөлігі еді, бірақ Шәкәрім білімсіздіктің тұңғиығына жасырынған ғасырлардың зіл батпан ауырлығы өз иығында тұрғанын сезінгендей болды. Ол ұланғайыр далада ғасырлар бойы асқан төзімділікпен өмір сүрген халықтың тарихи құпиясын жасырған түнекті ашып тастағысы келгендей болды. Ол айғақтарды қандай пішінде тізу керектігін әлі анықтаған жоқ еді, бірақ өзінше мұнан ары қарай халық тарихының бөлшектерін жинақтап, қағазға түсіре беруді жоспарлады. Шәкәрім қайтымсыз өзгерістер үздіксіз өтіп

жататын көшпелі әлемде жазба мәтін, ауызша сөзге қарағанда, халық жадының анағұрлым мықты жинағы бола алатынын айқын аңғарды. Жасөспірім жігіт ауылға барған соң өзінің алған әсерлері жайлы Абаймен ақылдасамын деп шешті.

Келесі күні ең алдымен өзі көп естіген Тыныбайдың мешітіне кірді. Мешіт үймен қатар орналасқан екен. Оның іргетасы таспен қаланған, ал күмбезіне дейінгі барлық қабырғалар ағаштан жасалған. Күмбез бен сыртқы қабырғаларының бір бөлігі ойылып әшекейленген. Төбесіндегі шатыры жайпақ әрі аласа ағаш үйлердің қоршауында мешіт айбынды әрі асқақ ғимарат болып көрінеді. Ол 1834 жылы Тыныбай Кәукенұлының жинаған жеке қаражатына салынған болатын.

Ғимаратты сыртынан тамашалап болған соң, Шәкәрім ішке кірді. Есіктен төрге дейінгі кең бөлме ер адамдардың ғибадатына арналған. Кіре берістегі қабырғаның жан-жағында ішкі бөлмелер орналасқан, ал олардың төбесіндегі екінші қабаттағы кішкентай ашық бөлме, Шәкәрімнің пайымдауынша, әйелдерге арналған. Сәулет өнерінің мұндай таңсық түрін ол бұрын кездестірмеген. Сондықтан да бөлмелердің тиянақты жиналған сәндігіне таңырқап ұзақ тұрды.

Күндіз Шәкәрім Ертістің оң жағалауына өтпек болды. Ол су бетіндегі орнықсыз салға қатты қауіппен мінді. Үлкен өзеннің ағыны бастапқыда сынап көрейін дегендей үркіте қарсы алып еді, – өзеннің ортасына жақындағанда мұның бойына бір күш біткендей болды. Соққан жел басын айналдырғандай ма, қалай. Шәкәрім табан астында тоқтаусыз ағып жатқан судан көзін айыра алмады. Ағыстың қуаты жалын күжірейте жақындап келіп жеңіл ыңырсып салдың қабырғасын шая жығылып жатқан алып толқынның қимылынан аңғарылды. Паромды өзеннен шығару үшін бірнеше адам арқанды тартып тұрды. Тағы біреуі ескекші болар, ұзын бақанмен өзеннің түбін тіреп салды итеріп тұрды. Бірақ қарсы жағалаудың жеткізетін түрі жоқ.

Шәкәрімнің таңданысында шек болмады. Қалайша бұл айбынды ағыс өзінің қарқынын жылдар бойы, ғасырлар бойы, тіпті мыңдаған жылдар бойы да тоқтатқан жоқ? Бұл ағысқа оның әкесі де, атасы да, арғы бабалары да куә болды. Бұл орасан зор ағысты

өмірге үздіксіз әкелетін қандай күш? Не себепті ол осы тұнжыраңқы күйде бір сәт тоқтамастан үздіксіз солтүстікке қарай ағады? Қалайша бұл тұста табиғаттың осы таңғажайып жаратылысының мәңгі өмірімен салыстырғанда, адам өмірінің бір сәттілігі туралы аянышты тағдыры туралы ойланбасқа.

Шәкәрім кенеттен өзінің туған ауылын, үйін, Шыңғыстауды сағынып кетті. Ол киіз үй ішіндегі жер үстелге отыр қалып, өзеннен алған әсерін, адам өмірінің қысқалығын сипаттап жазғысы келді. Сондай-ақ Тыныбай ақсақалдан алған мәліметтеріне өз туыстарынан, Құнанбай атасынан естіген Тобықты руының тарихын қосқысы келді. Неге екені белгісіз, дәл қазір бұрынғы өткен ата-бабалары туралы естелікті мәңгілік жадыға, тарихқа жазып қалдырғысы келді. Судың үздіксіз ағынына қарап отырып ол осы ағыстың бір бөлігінде өзінің де өмірінің ағып бара жатқанын, ал өзеннің ағысы миллиондаған өмірдің ағынын бейнелейтінін бұлдыр күйде пайымдады. Адамдардың өмірі де осы өзендей тоқтаусыз, бүгін бұ дүниеде болсаң, ертең о дүниеге, белгісіз дүниеге, бара жатқаның. Бұларды не біріктірмек? Бұларды біріктірсе, беріктігіне қашан да күмән келтірсек те, адамның жады біріктіре алады.

Оң жағалаудағы қала да Шәкәрімді шексіз таңдандырды. Жасөспірім бала өзеннен өтіп, басқа бір әлемге кіріп кеткендей болды. Осыншама көп әр алуан адамдарды ол бұрын-соңды көрмеген-ді. Ол өзінің қасынан өтіп кеткен қала тұрғындары орыстарға айналып тұрып қарайды. Медресе шәкірттеріне қызыға қарап тұрды. Даладағыдай киінген ауылдан келгендерге өз туысындай күлімсіреп қарайды. Көшеде орыс сөзінің көптігіне таң қалды. Тек көпестер, казактар, орыстың қызметкер адамдары, татарлар ғана емес, кейбір казактар да орысша сөйлеп жүр.

Биік қорғандардың арғы жағындағы бөренеден соғылған үйлер, бұған таңсық болудан қалды. Бірақ оқшау тұрған көпестердің үлкен үйлері күшті әсер қалдырады. Әсіресе, ол көпес Степановтың үйін ұзақ тамашалады, қасындағы өткіншілерден «Мынау салтанатты сарайда қандай бай тұрады?» – деп сақтықпен сұрады. Әскери генерал-губернатордың әдемі үйі оған бәрінен де ұнады. Оның кірпішпен соғылған қабырғаларында «1856 жыл» деп жазылып тұр екен.

Шәкәрім бұл үйге қосымша жалғанған қарапайым ғимаратта орналасқан әскери губернатордың кеңсесіне кірді. Шенеунік оны жылы қабылдады. Аудармашы татарды шақырды. Ол орыс шенеунігімен тұңғыш рет сөйлесіп тұр, толқынысы күшті болды. Бірақ шаруа тез бітті. Генерал-губернатордың хатшысы Құнанбайдың хатын қабыл алып, бір айдың ішінде жауап дайындауға уәде етті.

Ал уездік кеңсеге барып шығу соншалықты оңай бола қоймады. Шәкәрім сот орындаушысын екі қырлы шатыры бар үйден тапты. Бұл ғимаратта Семей облысының әр түрлі мемлекеттік мекемелері орналасқан екен, уездік кеңсе де сонда болып шықты. Сот орындаушысы арықша келген, шашы түсе бастаған орта жастағы орыс адамы екен. Ол қабағын түйіп, Ибрагим (Абай) Құнанбаев мырзаның өзі келуі керек екендігін, өйткені шағымды қарау ісін кейінге қалдыруға болмайтынын түсіндірді. Шенеунік аудармашы арқылы Құнанбаевтың үстінен жазылған барлық бұрынғы арыздардың молда Ұзақбай Бөрібаевтың арызымен салыстырғанда, түкке тұрмайтынын айтты. Ол Абайға көптеген кінәлар артыпты, тіпті мемлекеттік опасыздыққа дейінгі кінәларды тартыпты. Сондықтан Құнанбаев мырза күзге дейін тергеушінің алдына келуі тиіс, өйтпеген жағдайда оны айдаумен әкеліп, түрмеге қамап тастайды. Осындай сөздермен шенеунік Абайға шақырту қағазын тапсырып, келушімен қош айтысты. Абайдың түрмеге қамалуы туралы хабарды естіген Шәкәрімнің есеңгірегені соншалық, ол қала көшелерінде адасып, өзінің әпкесі Мәкіштің үйін ұзақ уақыт таба алмай жүрді.

Бұдан кейін бірнеше күн бойы ол үйге қажет оны-мұныларды алу үшін көпестердің дүкенін аралады. Дүкендердің бірінен ол музыкалық аспаптарды көрді. Пианино, сырнай, дауылпаз, оркестрлік үрмелі аспаптар, баян, домбыра да тұр екен. Шарманканы қолына алып, қызықтай қарады, сөреге қойылған барлық домбыраларды сынап қарап шығып, орыс көпесінен «Скрипка жоқ па?» – деп сұрады. Таң-тамаша қалған сатушы аудармашы міндетін атқарып жүрген қызметкер қазақ арқылы мұның скрипкада ойнай алатынын сұрады. Шәкәрім үйренуді армандайтынын айтты. Сатушы болса өзінің музыкант екенін, пианино мен скрипкада

ойнайтынын, егер қаласа, бұл жас балаға скрипка тауып бере алатынын түсіндірді. Екі айдың ішінде скрипканың осы дүкеннің сөресіне қойылатыны келісілді. Қуана кеткен жасөспірім жігіт өзі аздап ойнайтын сырнайды және бұл үшін беймәлім музыкалық кобдиша – шарманканы сатып алды.

Ол кітап дүкеніне ұзақ аялдады, араб тіліндегі кітаптарды және түркі тілінде жазылған қолжазбаларды сатып алды. Алайда мұндай кітаптар аз еді. Орыс тіліндегі типографиялық басылымдар анағұрлым көп екен. Бұған бейтаныс жазу – кириллицамен жазылған кітаптар мен журналдарды ақтара отырып, ол бұл үнсіз мәтіндердің астарында орасан білімнің жатқанын аңғарғандай болды. Баспа әріптермен толтырылған тығыз парақтардың арғы астарынан ол ақиқатқа деген жолды ашатын, уақыттан тыс мәңгі құндылықтардың жарқыраған әлемін сезгендей болды. Осы сезімнің ықпалымен орыс тіліндегі екі кітапты жорамалмен сатып алды. Кейінірек білгендей, ол кітаптардың бірі астық өсірудің анықтамалығы болса, екіншісі христиандардың белгісіз апостолдарының апокрифтік өмірбаяны болып шықты. Бірақ бұл кітаптарды ол – көзінің қарашығындай сақтады.

Мәдениет пен билік салмағы

Шыңғыстауға, үйге, қайтып келе жатқанда Шәкәрім орыс тілін үйрену қажеттілігі туралы Абайдың бірнеше мәрте қайталап айтқан сөзін есіне алды. Мүмкін оның өзі де өз таным көкжиегін кеңейту мұқтаждығын сезінген болар. Сондықтан Семейден шыққан соң жолда Ақшоқыға тоқтап Абайға ең алдымен өзінің орыс тілінен алған әсерін әңгімелеп берді.

– Несі бар, бәрі дұрыс, орыс тілін үйрену керек, – деді Абай. – Онда сенімен бізге де керек, халыққа да керек білім бар. Айтқандайын, мен Нұрпейіс деген кісіні үйге шақырып та қойдым, сен оны танымайсың. Ол орыс тілінде тамаша сөйлейді, оның үстіне аздап мұғалімдігі де бар. Міне, сол кісі саған орыс тілін оқытады.

Шәкәрімнің ішкі әлемінде ырзашылық пен қуаныш сезіміне қоса, ағамның қайырымдылығын асыра пайдаланып жүрген жоқпын ба деген қысылу да бар еді.

– Қаладағы біздің құдамыз Тыныбай қажы сені қалай қарсы алды? – деп сұрады Абай.

Шәкәрім қарияны қатты ұнатып қалғанын, екеуінің арасында болған әңгімені егжей-тегжейлі баяндап берді. Оған қоса ұлттың тарихын қалпына келтіру үшін қазақ руларының шежіресін жазуды ойына түйгенін де айтып салды.

Бұл ойды бірден түсінген Абай қуанып кетті:

– Тамаша ой! Мен қашанда қазақтардың шығу тегі тарихын жазуды аңсайтынмын, бірақ бұл үшін жалықпайтын зерттеуші болу керек. Маған трактаттар құрастырып, қара сөз жазудан өлең жазған оңай, – деп мойындады Абай. – Ал сенде талап пен қарым бар. Сен мәселенің мәнін тез ұғасың әрі төзімділігің де жетеді. Ең бастысы – түп атаға жету үшін қазақтардың барлық шежірелік бұтағын жинақтау да емес, – бұл инемен құдық қазғандай нәтижесіз жұмыс. Ал халықтың тарихын қалпына келтіру анағұрлым маңызды. «Қазақ» сөзі қайдан шықты? Неге біз үш жүзге бөлінеміз? Бабаларымыздың ішінде қайсысы халықтың қамын көбірек ойлады?

Тек әңгіменің соңында ғана Абай сот ісінің жайын сұрастырды. Шәкәрім уездік кеңсеге барғандағы жайды, сот орындаушысымен болған әңгімені бүге-шүгесіне дейін айтып берді. Абай тергеуге шақырту қағазын үнсіз оқып шықты, немере інісінің мұңлы түрін көріп, күліп жіберді:

– Уайымдамай-ақ қой. Соған бола көңіліңді түсіріп тұрсың ба? Тағы бір шағым, онда тұрған не бар дейсін. Мұндай әрбір жалаға босанси беретін болсаң, қалайша болыс боласың.

Ол тергеуге шақырту қағазын үстел үстіне тастай салды, бірақ дәл осы қағаздың әуре-сарсаңның басы болып, алдағы он жыл өмірінің үздіксіз сот талқылауларымен өтетінін Абай білмеген еді.

Осылайша, Семейге алғашқы сапар орасан маңызды оқиға болды. Патриархалды-рулық ортадағы тарихи дағдарыстың жағдайлары, мал мен жайылым, адамдар арасында әкімшілік лауазымға таластан болатын қым-қиғаш қатынастардың мәні Шәкәрімге әлі де болса түсініксіз болатын. Өйткені оның қасында Құнанбай атасы, Абай ағасы және дана анасы бар еді. Сондықтан да ол алдына саналы мақсаттар қойды: тілдерді білу, музыкалық аспаптарды үйрену, халықтың тарихын жазу.

Абайдың өзі де орыс кітаптары арқылы өмір бойы іздеген қазынасын табатынына сенді. Ғақлияның жиырма бесінші сөзінде ол былай деп жазады:

«Орысша оқу керек, хикмет те, мал да, өнер де, ғылым да – бәрі орыста тұр. Зарарынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкірек көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына кіреді, аса арсыздана жалынбайды. Дінге де жақсы білгендік керек.

Орыстың ғылымы, өнері – дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі.

Ләкин осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейік, мұны көріп және үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей заңы болмаса, заңсыз қорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек. Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны, бір жағынан, бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар – ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. Не қылса да сөзді ұқтырса болады оларға. Жақсы атаның балалары да көп оқыған жоқ, қайта, кедейдің балаларын орысқа қорлап берді. Олар осыдан артық қайда барсын? Және де кейбір қазақтар ағайынымен араздасқанда: «Сенің осы қорлығыңа көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!» деуші еді. Осындай жаман сөзді, құдайдан қорықпай, пендеден ұялмай айтқан қазақтардың баласы оқығанменен не бола қойсын? Сонда да өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, қай көп үйреніпті? Кірді, шықты, ілді, қайтты, түбегейлеп оқыған бала да жоқ. Әкесі ел ақшасымен оқығанға әрең оқытады, өз малын не қылып шығарсын?

Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, еніші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол – мал аяр жол емес.

Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең – оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсете ме, өзі рахат көре ме, я жұртқа рахат көрсете ме?»

Жиырма бес жасынан бастап Абай орыс тілінде жазылған кітаптарды үздіксіз оқыды, бастапқыда қиналса да, кейіннен оңай әрі тез оқитын болды. Кітаптарды қаладан бума-бумасымен алдыртып, оларды күні-түні оқитын. Кейбір кітапты ең соңғы парағына дейін оқып шыққан соң берері аз болғанын аңғаратын. Бірақ көбіне оқыған нәрсесі тақырыбының жаңалығымен, ойларының түйінділігімен және өзі әжептәуір игеріп алған тілдің өзіндік сұлулығымен тәнті ететін. Күндердің бір күнінде тұңғыш рет қолына тура қазақ тілінде жазылғандай-ақ түсінікті кітап түскенін. Бұл кітап Пушкиннің «Дубровский» деген повесі болатын. Дәл осы кітапты Абай бипаздап тұрып Шәкәрімге табыс етті.

– Таяу күндері Нұрпейіс ұстаз сендерге Қарашоқыға барады, мен не істеп, не қою керектігін келісіп қойдым, – деді Абай. – Ол сені орыс тіліне, оқуға, жазуға үйретеді. Иә, басында қиын болады. Бірақ маған қарашы. Орыс тілін мен мұғалімсіз үйрендім. Ұзақ жылдар бойы кітаптар маған түсінікті тілде сөйлемеді. Бірақ ақырында мен осы кітапты еркін оқып шықтым. Сен де орыс тілін игер, дана кітаптарды меңгер және сенің алдында білім есігі айқара ашылсын деген батамен саған осыны сыйға тартамын. Кім білсін, сен, бәлкім, «Дубровскийді» қазақ тіліне аударатын білгір болып шығарсың.

Бұл кездері тек білім ғана халықты игілікке жеткізетінін қазақ қоғамында Абайдан артық, Абайдан терең түсінген адам жоқтың қасы еді.

Жаппай оқытудан қайырымдылармен қатар, залым адамның да сауатты болатынын, демек, надандық жайлаған дәстүрлі ортаның қолы жете қоймайтын әлеуметтік әділдіктің білімді қоғамда да түйткілді мәселе болып қала беретіні оны әзір абыржытып, алаңдата қоймайтын. Бұл кезде ол ең басты нәрсе қазақ халқын озық мәдениетке жақындату деп есептеді.

Мұны алдымен өз айналасындағылардан бастау керек. Айналасындағы болғанда кімнен бастаған жөн. Әрине, өзінің жасөспірім балаларынан. Бұларға Абай әкесі өзге елдер, халықтар,

тілдер мен әдет-ғұрыптар туралы мағлұматтарды сіңіре берді. Мұның ішінде, сөз жоқ, Шәкәрім де бар. Бұл баурының өзінің ғылым-білім іздеу жолына түсуін үнемі қадағалап отырады. Өзі «жан азығым» деп айтып жүрген жалғыз кітапты Шәкәрімдей шәкіртіне тарту етуінің де себебі осыдан.

Абайдың ізгі қамқорлығының аясында әрқашан Шәкәрім өзін білім жемісі өсетін мәуелі де қасиетті ағаштың көлеңкесінде отырғандай сезінетін. Оған кітап оқыған, ондағы жаңа нәрсені танып, даналыққа ұмтылған ұнайтын. Ата-ананың наласына қарамай молданың қиын сабағын оқығысы келмей қашатын балалық артта қалды. Оның басқа көшпелілердің ақылы тәрізді айқын да кіршіксіз таза ақылы бұрын бұлар үшін түсініксіз кітаптарда берілетін жаңа ақпарларды тез игерді.

Шәкәрім Нұрпейістің сабақтарына байыппен қарады. Әліпбиді дереу үйреніп, қарапайым орыс мәтіндерін жүргізіп оқи бастады. Ұстазы оның табыстарына қуанды. Бірақ «Дубровскийді» ашқан кезде іс баяулап қалды. Түсіну қиынға айналды, – сөздік қор жетіспей жатты. Нұрпейіс қаладан орыс-қазақ сөздігін сатып алу керек екенін, соның көмегімен көптеген орыс сөздерін жаттап алуға болатынын айтты.

Шәкәрімге Семейдегі музыкалық аспаптар сататын дүкеннің иесінен скрипкаға берген өз тапсырысының дайын болғандығы жөнінде осы күзде хабар жеткен. Міне, енді қалаға бару үшін тағы бір себеп табылып отыр: орыс тілін игеруді жалғастыру үшін сөздік ауадай қажет, соны алып келу керек. Ол жолға жиналды.

Төлебике анасы баласының бұл шешімін мүлдем құп көрген жоқ, қыстың күні жолға шығуды қауіп көрді. Ал, ең бастысы, жазда Шәкәрімді үйлендірмек, оған да дайындық керек, бұған басы қатып ойланып жүрген «күйеу» жоқ.

– Өзіңді әлі бала көресің, түкке тұрмайтын нәрсеге бола қалаға бармақшысың, – деп наразы үн қатты шешесі. – Есейетін кезің келді, шаруашылықты қолыңа алуың керек. Көктемде үй болып көшуің керек, өзіңнің қожайын екеніңді көрсетпейсің бе?!

Анасы қожайын болу, үй болу туралы бекер сөз қозғап отырған жоқ. Бағзы заманнан бері келе жатқан дәстүр бойынша, қазақтарда ересек болған барлық балалар үйленіп, Үлкен үй деп аталатын ата-

анасының үйінен бөлек шығып, енші алып, өз алдына отау тігеді. Егер әл-ауқаты жетсе, жеке ауыл болып, дербес көшіп-қонады. Бірақ кенже ұл қашан да әке-шешесінің шаңырағында қалады, Үлкен үй соның еншісінде болып, сол ұл әкесінің отбасылық міндеткерліктерін жалғастырады.

Ақыр соңында, Шәкәрім Семейге келіп қалды, мұнда бір ай болды. Ең алдымен музыкалық дүкен иесі скрипканы дайындап қойған екен, әмиянның орнына жүретін шүберек қалтадан қажетті соманы санап беріп тұрып сатып алды. Осы бір қолдан-қолға өтіп, жазулары көнере бастаған қоңырқай түсті тылсым бір күшке ие ақша ассигнациялары Шәкәрімді үнемі таң қалдыратын, олар әлдекімдердің еңбегінің, өкініштерінің, құмарлықтарының, қасіретінің жылнамасы сияқты көрінетін. Ол скрипка үшін алты рубль – екі қойдың құнын төледі. Ол тіпті қуанғанынан артық төлегенін де аңғармады. Сатушы аспапты қалай қолдану керектігін көрсетті, ысқы үшін шырша шайырын дайындады. Тіпті Шәкәрімге нотасы бар екі альбом берді, бірақ, өкінішке қарай, Шәкәрім нота білмейтін, сонда да оның ақысын төлегеніне ренжіген жоқ.

Жасөспірімнің қатты қызығатынын байқаған сатушы, өзі музыкант болғандықтан, скрипкамен бірнеше әуенді тартып, оны үйрете бастады. Сабақ жарты сағатқа жалғасты. Скрипка тарту жайында білгісі келетін сұрақтары көп, сондықтан Шәкәрім сатушыдан кеңес алу үшін музыкалық дүкенге тағы екі мәрте келді.

Орысша-қазақша сөздіктің шаруасы қиындау болды, өйткені баспадан шыққан сөздік жоқ екен, тек округтік кеңсенің бастамасымен дайындалған сөздіктің қолжазба нұсқасы ғана бар болып шықты. Қолжазба сөздіктің бірнеше данасы қолдан-қолға өтіп жүр екен, солардың біреуіне әрең дегенде қол жетті. Бұл мықты жіппен тігілген көп парақты альбом екен, бұл парақтарда орыс сөздері бірінің астына бір жазылған, ал оның қарсы тұсына араб графикасымен жазылған олардың қазақша мағыналары берілген. Сөздік үнемі толықтырылып тұрған сыңайлы, өйткені соңғы түскен жазбалардың сиялары әртүрлі екен.

Семейге осы екінші сапармен барғанда сөздік пен скрипка тауып алған, өзін бақытты сезінген жастық пен сұлулық туралы ән шығарады:

Гауһардай көзі,
Бұлбұлдай сөзі,
Жаннан асқан бір пері.
Жүзі бар айдай,
Мінезі майдай,
Өзгеден артық сол жері.
Дариядай ақыл мол еді,
Жан ғашығым сол еді.

Ұжмақтың хоры,
Іздедім соны,
Тал бойының кірі жоқ.
Бойы бар сымдай,
Белі бар қындай,
Мүшесінің міні жоқ.
Қыз осындай болар ма,
Оны сөккен оңар ма?

Жаудырап көзі,
Тамшылап сөзі,
Жібектей шашын тараса,
Қалмайды халің,
Шығады жаның,
Қиғаштап көзбен қараса.
Бұл дүниеде қыз қызық,
Бозбалада ой бұзық.

Әлем өлеңге түсу үшін жаралғандай еді. Өмірдің кітабы ойластырылып қойылды, оны тек мазмұнын толтыру ғана қалған-ды. Өзінің жан-жағындағы адамдар мен туыстарының сүйіспеншілігінен ол өзін екі есе бақытты сезінді. Жақында үйленбек. Шәкәрімнің отбасылық өмірі 1876 жылдан басталды. Сүйген жарының есімі Мәуен болатын.

1877 жылдың ерте көктемінде, қырдың солтүстік беткейлерінде қар ери қоймаса да, ауылдар жайлауға көшуге жиналып жатқан кезде, Шәкәріммен жолығу үшін Қарашоқыға Абай келді. Оның қасында досы Ербол Көмекбайұлы (1843–1884), айнымас көмекшісі Баймағамбет және тағы бір орыс кісі болды. Абай оны жергілікті

жердің картасын құрастырушы инженер ретінде таныстырды. Ол өзімен бірге орыс тіліндегі кітаптар мен журналдар алып келіпті. Сегіз жыл бұрын шыққан «Русский вестник» журналын ашып Абай «Война и мир», «Л. Толстой» деген орысша сөздерді нұсқап:

– Сенің орыс тілін үйренуді тастамағаныңды білемін. Мынау орыс жазушысының атақты романының бастапқы тараулары. Қиындау соғар, әрине, бірақ «жолды – жүрген өндіреді» деген. Осы журналдан баста. Егер ұнаса, жалғасын әкеліп беремін, сонсоң Толстойдың басқа да шығармаларын аларсың.

– Қаладан алып келген сөздігіммен оқу оңай, – деді Шәкәрім.
– Бірақ мен түсінбейтін сөздер де кездеседі.

– Тілді жетік білу үшін сол елде, сол ортада өмір сүрген жақсы, – деп ескертті Абай. – Бізде ондай мүмкіндік жоқ. Бірақ шегінуге болмайды. Тек орыс тілі арқылы ғана басқа халықтар жинаған білімді игеруге болады.

– Орысша сөйлесетін ешкім жоқ дейсің, – деп әңгімеге қосылды Ербол. Өзіңмен алып жүрген жер өлшеушің ше? Шәкәрім байғұсты орыс қылғың келсе, оны мына қонағыңның қасына қос.

– Табылған ақыл! – қуана қостады Абай. Сөйтті де Шәкәрімге,
– Саған неге Семен Ильичпен (біздің инженер досымыздың аты-жөні осындай) бармасқа. Оған Шыңғыстауды айналып, таулардың биіктігін өлшеп шығу керек. Ол жер жағдайын жақсы білетін көмекші тауып беруді өтініп еді. Ол сені орыс қылмаса да, қасында жүріп тілді үйренесің.

Осылайша 1877 жылдың сәуір айында Шәкәрім инженер Семен Ильичпен бірге Шыңғыстауға аттанып, онымен үш айды бірге өткізеді. Семен Ильичтің көмегімен ол орысша әжептәуір сөйлей бастады, оған енді орыс тілінің грамматикалық құрылысы құпия емес еді. Оның үстіне, тау шыңдарының биіктігі мен нысандар ара қашықтығын өлшеуде топографқа көмектесе жүріп, өзінің математикалық танымын кеңейтті. Кеш болғанда жұртта қалған қыстауларда білте шамның жарығымен отырып, салмақты да ерекше тыңғылықты отыз бес жастағы Семен Ильич Омск қаласында өзін күтіп отырған әйелі мен екі баласы туралы айтуды ұнататын. Сонымен қатар ол көмекшісіне геометрияның негізгі заңдары мен алгебраның бастауларын аңдатты. Кейін күндізгі жарықта

үшбұрыштың бұрыштарын өлшеуді және теодолитті қолдануды үйретті. Тез арада Шәкәрімнің өзі-ақ дальномер мен теодолиттің көмегімен тауларға дейінгі арақашықтықты және олардың биіктігін өз бетімен өлшеп, мәліметтерді журналға жаза беретін болды.

Тауды аралай жүріп, геологиялық барлаудан хабары бар Семен Ильич беткейге шыққан тау жыныстарын қарауды да ұмытпады. Жартастардың ерекше түстерін байқап қалса болды, дорбасынан балғасын алып, оның үлгісін алатын, бұл жерде аяқ астында асыл металлдардың мол қазынасы жатқанын түсіндіріп беретін. Инженер тастың майда сынықтарын қапшыққа салып жинайтын, кейде күрсініп жіберіп: «әрине алтын тапқанда жақсы болар еді, бірақ ол бұл жерде кездеспеді» – деп қоятын.

Екеуі бір-біріне үйренісіп, жұмысты жақсы істеді, екеуі де даланы жақсы көретін. Семен Ильич табиғаттың нағыз байлық екенін көмекшісі боп жүрген Шәкәрімге түсіндіріп, қазақ жерінің байлығына деген танданысын жасырмайтын. Ол бозторғайдың шырылына, аңсаған көліне асыққан үйректердің дауысына, кешке қарай жұмсақ қызыл түске боянған кең даладағы қызғалдақтардың бояуына шаттанып қуанатын. Шәкәрім болса, даланың сырттан келген қонаққа белгісіз құпиясын өзі біліп тұрғандай, күлкісін жасырып, оның танданыстарын үндемей тыңдайтын. Семен Ильич көмекшісінен:

– Мылтықты тастамайсың, бірақ неге атпайсың, – деп сұрағанда, кәнігі аңшы Шәкәрім күтпеген жерден:

– Шыңғыстау менің кесірімнен жұтамауы тиіс, – деп жауап берді.

Ауылға келіп қоштасар сәтте Семен Ильич оған жұлдыздарды бақылайтын құрал – астролябияны сыйға тартты. Дала жұмыстарында бұрыштарды өлшеу үшін олар бұл құралды пайдаланбай теодолитті қолданған-ды. Бұған қоса қонақ өзінің ақын көмекшісі жаңа өлеңдермен толтырсын деген тілекпен планшетті де тарту етті. Ал ең басты сыйлықты инженер кейінге қалдырыпты. Бұл сыйлық дүрбі болатын. Көңілі босаған Шәкәрім оған алдын-ала дайындалып қойған сыйлығы – жүйрік құнанды алып шықты. Бірақ қонақ бұл сыйлықтан ада-күде бас тартты. Қазақтың дәстүрі солай екенін айтып қанша үгітесе де көнбеді. Семен Ильич мұндай

қымбат сыйлықты алмаймын деп мәлімдеді. «Абай Құнанбаев мырзаның маған ұсынған мініс аты маған жеткілікті және оны да Семейге жетісімен кері қайтарамын», – деді.

Қаланың шенеуніктері туралы көп естіген Шәкәрім қонақтың қанағатшылдығына таң қалды. Қонақты шығарып салғаннан кейін ол әйелі Мәуеннің алдында Семен Ильичтің бұл қылығы онымен бірге өткізген үш айдағы алған ең басты тағылымы екендігін мойындады. Шындығына келгенде, бұл үш ай тау беткейлерін жай аралап шығу ғана емес, сонымен қатар рухани өрлеудің де уақыты болған еді.

Осы аралықта Шәкәрімге мұны болыс қылып сайлауға ұсынуды ойластырған өз туыстарының жоспары да белгілі болып қалды. Мұның өзі де кейбір сәттері өз руластарының игілігі үшін ізгі істер жасауды қиялдап қоятын. Бұл лауазым туралы оның жалпы түсінігі бар болатын. Болыстың әрбір ауылдың жылдың төрт мезгіліндегі қонысын белгілеуі тиіс екендігін, жайылымдарды тең бөлуі қажеттігін ол білетін. Кейбір ру басылары мен ауыл старшиналарының өзім білемдікке салып, өзгенің мал-мүлкіне қол сұғып, жайылымдардың шекарасын бұзатын әрекеттерінен қауіптенетін. Болыс мұндай қақтығыстарды шеше білу керек және қажет болған жағдайда мұндай істерді уездік сотқа өткізу үшін қағаздар даярлауы тиіс.

Ол жер бөлу мен әкімшілікпен хат-хабар алмасуға өзінің қабілетті екеніне шәк келтірген жоқ. Беделді адамдарға әмірін жүргізуден қысылды. Лауазымнан бас тартып көріп еді, – Абай ағасынан сөгіс алды.

– Маған болыс болудың қажеті жоқ деп өзіңіз айтқан жоқсыз ба, – деп Шәкәрім ақтала бастады. – Билік басындағы адам партиялар арасындағы талас-тартысқа кіріспей, адамдарды кемсітпей, зұлымдық жасамай тұра алмайды деген едіңіз. Мұндай адам ар-ұятын да жоғалтып, білімге ұмтылудан қалады деп айтып едіңіз ғой.

– Иә, айттым. Біліммен құштарлана айналысқаныңды көріп, дау-дамайға араласпай-ақ қойсын дегенмін. Бірақ көлеңкеде отыра беруге тағы болмайды. Сенен басқа лайықты ешкім болмай тұр.

– Менің беделім де жоқ, – Шәкәрім бас тартудың мүмкіндігін жібергісі келмеді.

– Бедел деген ізгі істермен келеді. Ақымақтықпен билейтін болсаң, саған бедел бетін де көрсетпейді. Ал әділеттілік қылар болсаң, құрмет өз-өзінен келеді. Сосын сенің бір артықшылығың бар: орыс тілін білесің, – Абай жас жігітті тыныштандырғысы келіп оның орыс тілін игерудегі табыстарын әсірелеп жіберген еді.

Сонымен, болыстың не істеу қажеттігін тағы да мұқият түсіндіріп берді:

– Алдында оңай күрес тұрған жоқ. Біздің отбасынан басқа тағы екі партия өз адамдарын сайлағысы келеді. Жер бөлуді сылтау қылып, байығылары келеді. Мұндай адамдарды билік басына жіберуге болмайды. Бірақ саған тікелей сайлауға қатысудың қажеті жоқ, болыстық үшін әлі жас деп өткізбейді. Мына партиялар өзара қырқысып болсын. Ал старшина елубасылар дауысқа салу барысында бірауызды тоқтамға келе алмаған кезде сені «тағайындау» ретімен болыстыққа ұсынамыз. Уезд басшылығымен мен келісіп қойдым. Біздің ауылдың ашық ауыздарының ешқайсысы да пайымдап үлгермей қалады.

Шәкәрім Абайдың уезд әкімшілігінің алдында беделі бар екендігін білетін және сондықтан сайлау барысында оны қолдайтынына еш күмән келтірген жоқ. Өңшең шала сауатты және екіжүзді болыс басқарушылардың ішінен дәл осы Абайға орыс шенеуніктері бөлекше қарайтын. Дегенмен Семей шенеуніктерінің біразы оның халыққа адал қызмет туралы және әділеттілік туралы сөздерін естігеннен кейін мұнан сақтанады да. Өйткені адамсүйгіштік көзқарастар сол кездегі Ресей тоғышарларының арасының өзінде де әлі кең таралмаған-ды, ал мына жерде ақсүйектің ұрпағы болса да зайырлы білім алмаған, орыс тілін енді-енді меңгеріп келе жатқан далалық осындай көзқараста болса не істемек керек!?

Алайда, Абайдың әділ басқару туралы ойларын іш тартатын шенеуніктер де болды. Патшалық Ресей әкімшілігі далада ұрлық-қарлық, соғыс пен бүлік болмай, тәртіпке сөзсіз бағынуды қалатыны белгілі, Абай билікке мойынсұнған адам болып көрінетіндіктен, әкімшілік оған белгілі бір дәрежеде үміт пен сенім артты. Ол патша билігінің саясатын адал жүргізе ала ма, жоқ па, – ол жағы белгісіз болатын. Бірақ Абай далалық әдет-ғұрыптар мен дәстүрлі құқықтың тамаша білгірі еді, көшпелі халықты, оның ішінде

беделді рубасыларды жақсы танитын, олардың арам пиғылдары мен айлакер қулықтарын оп-оңай әшкерелей алатын. Міне, сондықтан уездік шенеуніктер (олардың пікірлері, әрине, әскери губернатордың құлағына жеткізіліп тұратын) нақты шараларда, оның ішінде болыстық билерді сайлау шарасында, Абайдың пікіріне сүйенгенді дұрыс көреді.

Шәкәрім сондай-ақ Абайдың бүкіл қыс және көктем бойы беделді руластарымен кездесіп, оларды Ақшоқыдағы өзінің үйінде қабылдағанын да білетін. Оның үстіне Абай ру ақсүйектерінің ауылдарына өзі де барып орыс әкімшілігімен өзара қарым-қатынасының қыр-сырын, қала көпестерімен сауда жасаудың келешегін ақылдасып отырды.

Маусым айы күндерінің бірінде Шәкәрім атасының батасын алу үшін Құнанбай ауылына келді. «Батамен ел көгерер» деген, ақсақалдар жарылқап, жол ашып, ақ тілек тілемесе қазақтарда бірде-бір салмақты іс басталмайтыны белгілі. Сауатты да ақылды Шәкәрімнің отбасылық дәстүрді, яғни даладағы өмірді басқаруды, жалғастырмақ болғанына Құнанбай қуанышты еді.

– Менің сөздерімді жақсылап ұғып ал, – Құнанбай әңгімені асықпай бастады. – Сен салмақты іске аяқ бастың, халықтың игілігіне жұмыс жасайтын боласың. Бірақ адамдардың құрметінсіз ештеңеге қол жеткізе алмайсың. Ал құрметке ие болу үшін адал да әділ болу керек. – Қария салалы саусақтарымен сақалын саумалап тарап отырды.

– Жас кезімде мен Алладан бақыт бер деп сұрадым, ал бақытқа жетісімен, байлық бер, билік бер дейсің. Ал халыққа қызмет еткенде менің күнәләрімді кешір дедім. Бірақ егер берілген байлық пен билікті халықтың игілігіне қолдана алмасаң, мені жер бетіндегі ең бақытсыз екіаяқтының қатарына қос, – деп тіледім.

– Сіз бақытты шығарсыз, ата, – деді Шәкәрім. – Қаншама адам сізден жақсылық көрді.

Қария күрсінді, қабағы тұнжырап кетті.

– Сенің орның бөлек, мен сенен марқұм болған ұлым Құдайбердіні көргендей боламын. – Атаның дауысы дірілдегендей болды. – Мен оны өзімнің ізбасарым еткім келіп еді! Ол маған барынша керек болатын! Рубасы болған соң, мен адамдарға

көмектестім. Соққы да жедім. Кеңірдегіме жабысып, менімен соқтығысқандар кімдер еді? Соқтығысқан туысқандарым болды. Менің беделімді қызғанған кім? Туыстарым. Жау сырттан келген жоқ, іштен шықты. Ол өз туысың, бірақ, сырттағы жаудан да жаман.

Немересі атасының өсиетін әрбір сөзіне дейін жадына тоқып алды. Бұл шын сөз еді, дәл осыны, атақты қажының өсиет сөздерін, Шәкәрім үй-ішіндегілері мен руластарына қайталап айтып отырды, кейінгі ұрпаққа жеткізді. Жазба деректердегі бұл өсиет сөздер Шәкәрімнің баласы Ахаттың және басқа да ұрпақтарының баяндарында кездеседі.

– Мен қашан да халыққа сүйендім, – деп сөзін түйіндеді ақсақал. – Ол қиын сәттерде мені құтқарды. Сен де адамдардың таза ниетін құпта, жарлы-жақыбайға көмектес, қажет кезінде билігінді қолдан. Адамдарды ешқашан қаралама, тіпті олар саған қарсы шықса да, оларға күйе жақпа.

Құнанбайдың берген батасының жалпы жосыны қазақы ортаның рухына сай келетін. Нақты ережелерді ұғыну оңай – ережелерде қиын ештеңе жоқ. Ал кейде мына бір кем дүние мен жаның қалаған бақытқа ұмтылмақтың қиыспайтын тұсын орайластыру әркімнің қолынан келе бермейді. Қазақтың жаны тереңнен іштесу мен түпсіз терең мәні бар түйіндерге сезімтал келеді. Шәкәрім Құнанбай батасының емеуірінін ұқты, ағайын-туғанды бақытты еткісі келетін түпсіз бауырмалдықты сезді. Осы сезім мен батаны арқалап жас жігіт сайлауға аттанды.

1878 жылға болыстық съезд өткізетін жер Ералы аңғарының қойнауы деп белгіленді, Абай мен Шәкәрім ауылдарынан жиырма шақырымдай жер. Сол кездегі жарғыға сәйкес съездің уақыты мен өткізілу орнын уезд басшысы белгілейтін. Оны қазақтар өздерінің мәнерімен ояз дейтін. Ал «волостнойды» сәйкесінше болыс деп атайды. Шындығына келгенде, съездің өткізілу орнын дәл осы болыс ұсынатын, ал ояз тек бекітетін.

Сайлау болатын күні Шыңғыс болысына қарайтын он екі әкімшілік ауыл шатқалға бірнеше киіз үй тігіп, ас әзірлейтін қостар тігіп дастархан жайды. Үш жүзге жуық тұрғындар жиналды. Оязды ұзақ күтті, ол тек түстен кейін жан-жағын салт аттылар қоршаған пәуескемен келді.

Уезд бастығы Кореевпен бірге әскери генерал-губернатор кеңсесінің шенеунігі Лосевский де келіп еді. Абайды анадайдан көріп қап жақсы танысындай амандасты да, уезд басшысына ертіп келді. Уезд басшысы Абаймен сыпайы сөйлесті. Бұл сырбаз сәлемдесу бақылап тұрған жұртшылықтың назарынан тыс қалмады.

Уезд басшылығымен бірге аудармашы және үш полицей – бір урядник пен екі пристав келген. Аз-маз дайындықтан соң сайлау басталды. Киіз үйдің қасына бір үстел мен бірнеше сәкі қойылды. Оған сырттан келгендер жайғасты. Урядник приставтың көмегімен пердемен бүркелген жәшікті үстел үстіне қойды, жәшіктің жартысы қара түспен боялған екен. Қазақтар осы жәшікті айнала алқа қотан топталып отыра қалды.

Шыңғыс болысының жеті старшинасы (елубасылары) алға шықты. Олардың әрқайсысы сол кездегі жарғыға сәйкес елу түгіннің басшысы болатын. Сол кездегі тәртіпке сәйкес сайлау «қосына» үлкен әулеттің барлық мүшелері мен осы әулеттің қызметшілері кіретін. Сондықтан кейде, елубасы бірнеше мыңдаған адамның, ал кейде одан да көп адамның өкілі болады. Бұл елубасылар, шын мәнінде нақты дауыс берушілер, мейлінше демократиялық мажоритарлық жүйе бойынша дауыс беретіндер болып саналады.

Уезд басшысы, коллеждік хатшы (коллежский секретарь) Павел Кореев мұндай жағдайда сайлау өткізуге дағдыланбағандықтан оны өткізу құқығын Владимир Лосевскийге берді. Үміткерлерді ұсыну басталды. Шәкәрім Абайдың назарында болуға тырысып бұл әрекетті мұқият бақылады. Абайдың алдын-ала болжап айтқанындай, күрес негізінен өз үміткерлерін ұсынған екі партия арасында өтті. Айлакер Лосевский бірде уезд басшысына, бірде жамырай дауыстай отырған көрермендерге көзінің астымен қарай отырып, ұсынылған үміткерлерді тізімге енгізді. Қазақтар үміткерлерді жан-жақты талқыға салды, біреулері бұлардың екеуі де болыстыққа жарамайды деп айқайласа, қасындағылары оларға наразылық танытты.

– Бұрынғы болыстан біз әділдік көрмедік, – деп жар салды біреу. – Салықпен көміп тастады, соның кесірінен қаншама шығынға баттық!

Урядник орындығынан тұрып, шулаған халықты тәртіпке шақырды. Владимир Степанович Лосевский жұрттың тынышталуын шыдамдылықпен күтті. Сонсоң сайлаушы-старшиналарды үстелге шақырып ағаш шарды таратып берді де дауыс берудің қарапайым амалын түсіндірді. Сібір комитетінің шығарған нисазы бойынша шармен дауыс беру керек болатын. Сайлаушылар қай үміткерге дауыс беруіне қарай шарды жәшіктің не ақ жағына, не қара түсті жағына тастауға тиіс. Жәшіктің қай бөлігінде шар артық болса, сол үміткер жеңіп шығады. Ал дауыстар бірдей бөлінген жағдайда шешуші сөзді уезд басшысы айтады. Лосевский жәшікті қара түсті барқытпен жапты. Старшиналар бірінен кейін бірі үстелге жақындап, шарларын жәшікке тастай бастады, анталаған жұртшылықтан өз ниетін білдірмеу үшін қолдарын барқыттың астына тығады.

Дауыс беру аяқталды. Келген приставтар шарларды санап шықты және Лосевский нәтижені салтанатты түрде жариялады: екі үміткер үшін де шарлардың саны бірдей болып шықты. Көпшілікке әсерлі болу үшін сәл-пәл үнсіз тұрып, үміткерлердің бір де біреуі басым болмағандықтан, сайлаудың жүзеге аспағанын айтты. Оның айтқанының мәнін тәржімашы бұқараға жеткізсімен, шу басталды.

Қызу дау басталып та кетті, бір сәтте Абай сөз алды, шу да басылды.

– Мен болыстыққа мына жас жігітті тағайындауды өтінемін, – деді ол орыс тілінде уезд бастығына бет бұрып. – Оның аты – Шәкәрім, Құдайбердінің баласы.

Абыр-дабыр басылуын күтпей Абай Шәкәрімді алға шығарды.

– Шәкәрімді тағайындағаны дұрыс, – деп жалғастырды Абай халыққа бет бұрып. – Сіздердің барлығыңыз оны білесіздер. Мен бұл жерден Құдайбердінің де көптеген достарын көріп отырмын. Ол болыс болған кезде, барлығыңыз татулықта, достықта болдыңыздар, қарындарыңыз тоқ болды, бірауызды болдыңыздар. Ал қазір ағайынның алауыздығы арандатып тұр, сайлау сендерді жікке бөлді. Тек тағайындау ғана сендердің бастарыңды біріктіре алады. Бірақ адал да сатылмайтын адам керек. Құдайберді сияқты. Оның баласынан артық адамды қайдан табасындар!

Күтпеген жерден ең қызу қанды деген көсемдердің өзі Шәкәрімнің кандидатурасымен келісті. Ол тіпті олардан мақтау

сөздер де есітті, ал бұл мүмкін емес тәрізді көрінген. Бәрі көрген түстей болды. Шәкәрімге көп сөйлеудің керегі де болмады. Халықтың жаңа үміткерді қолдайтынын көрген уезд басшысы әскери генерал-губернатор кеңсесінің шенеунігімен қысқаша ақылдасқаннан кейін Шыңғыс болысын басқаруға Шәкәрім Құдайбердиевтің тағайындалғанын мәлімдеді. Бәрінен бұрын Абай қуанды. Ру ішіндегі оның ұстанымының барынша мықты екендігін сайлау көрсетіп берді.

«Мұтылғанның өмірі» поэмасында Шәкәрім бұл оқиғаны қысқаша айтып өтеді:

«Өнерлі, шебер, тіл-жақты,
Алады, – деп – бұл бақты» -
Еріксіз маған ел жапты
Болыстықтың тақымын.

Ол өз міндетін атқаруға дәл осы съездің өзінде-ақ кірісіп кетті. Кейбір мәселелер әдетте бірден шешілетін. Ең алдымен, уезд басшысы болыс пен оның болашақ орынбасарының жалақысының шамасын бекітті. Жаңа болыстың жалақысы бұрынғыдан төмен болғаны таң қалдырды. Есесіне салықтың көлемі ұлғайған. Әрбір түтін басына салынатын салық азаймаған, керісінше көбейген. Оядың қатаң дауысы наразылықты көтермейтіндей. Салықтың көлемін ол ақша мөлшерімен айтты. Егер старшиналар салықты малмен жинайтын болса, болыс ол тірі тауарды ақшаға айналдыруы керек.

Шәкәрім халықтан алынбай қалған бұрынғы салықтардың да бар екенін білетін. Сондай-ақ «қара салық» деген де болатын, оны халық осылай атап кеткен, бұл – болыстық лауазымымен байланысты шығындарды жабатын старшиналардың жинайтын салығы. Бұл, шын мәнінде, жергілікті салық болатын. Шәкәрім тез ақылға салып, бұл «қара салықтың» халықтың иығына түсетін зіл-батпан ауырлық екенін бірден аңғарды. Өз ішінен бұл салықтан толық бас тартпаса да, көлемін азайту керек деп шешті. «Бұл лауазымды алып жүруге өз шаруашылығымның қаржысы да жетпей ме!» – деп ойлады ол.

Оны осы ізгі ойларын ояздың тілек айтқан сөзі бөліп жіберді. Уезд бастығы болыстың патшаның даладағы көзі мен құлағы болу керектігін айтты. Болыстықтағы қарекеттер өкіметтің жүргізіп отырған саясатына кереғар келмеуі керек екенін бірнеше мәрте қайталады, олай болмаған жағдайда болыстың бастан айырылатынын ескертті.

Шәкәрімді бұл қатаң ескерту қорқыта қоймады, мұнан гөрі ел шаруасының мәселелерін көбірек ойлап мазасы кетіп тұр еді.

Ізгілік кілті

Болыстық кеңсені өз ауылына орналастырып барлық мәселені үйінде отырып шеше алмайтынына Шәкәрімнің тез көзі жетті. Жұрттың шақыртсаң да келгісі жоқ, болыстың көзіне түсуге ұмтыла қоймады. Мұның алдына тек зәбір көргендер ғана келеді.

Жаңа сайланған жас болыс алыс қияндағы ауылдарға барып, ел аралап, тірліктерін көзбен көріп отыруды дұрыс көрді, өзінің туған даласын аралаудан ол ешқашан жалыққан емес. Дала оның ішкі сезімін қозғайды, кең жазирада еркін қиялға беріледі. Бір-біріне ұласып жатқан аласа жоталармен бедерленген шетсіз-шексіз жазық далада не қызық болуы мүмкін? Ойпатты жерлерде ғана шоғырлана өскен ағаш, қараған, тал, бұталар кездеседі. Алыстан бұталарға ұқсайтын қоңырқай дақтар кенет беткейден төмен жылжи бастайды, бұл – кешке қарай үйге беттеген қойдың отары. Құлпы тас, балбал тасты бейіттер – ауылдан ауылға барар жолда ұшырасатын сәулет өнерінің ғимараттары осы ғана. Қалғанының бәрі – өзінің тұнық тазалығымен шексіз бақытқа бөлейтін құпия да мәңгі табиғат.

Алайда мазарлар мен молалардың балбал тастары – о дүниеге қайтудың бір белгісі ғана емес, бұл – көшпеліліктің жүрегінің есігін қағып тұрған тарихтың өзі. Әрбір құлпытас – рудың жеке бір тармағының тарихы. Бір мола топырағының астында қуаныш немесе қайғы көрген біреудің жаны мен тәні ғана емес, дала тұрғындарының жадында сақталған бүкіл шежірелік тарих көмулі жатыр.

Даланың ойы мен қырын аралап жүріп Шәкәрім халықтың әл-ауқатын қалай жақсартуға болатынын, болыстыққа қандай

реформалар керектігін ойланады. Қоршаған кеңістіктің кеңдігіне орай ой құлашын кеңге салғысы келеді. Бірақ ойына ешқандай жаңа нәрсе түспейді, оның келуі де мүмкін емес сияқты, өйткені ресейлік әкімшіліктің қағидалары мен жарғылары еркіндікке жол бермей шектеу салып қойған, ауылдың өмірі де осы шектен аспауы тиіс.

Осылайша ол өзін көбірек толғандырып, мазалаған өзекті деген мәселелерге қайта келеді. Әсіресе оны ел ішінің партияға бөлінген араздығы қинайтын, мұның алдынан да Абайдың «Болды да партия Ел іші бұзылды. Әуремін мен тыя Бұзық пен қарынды» дегені шыға келді, бұл да Абай сияқты осы «партия» рудың тұтастығына нұқсан келтіреді деп есептеді. Далада бейбітшілік пен игіліктің салтанат құрғанын шынайы қалады. Руластарымен кездескен сайын оларды ізгі қарым-қатынастарға, ар тазалығы мен бейбіт еңбекке шақырып, өзінің бар ділмарлығын пайдаланып бақты.

– Күншілдік, қанағатсыздық, жалқаулық – жанға жат қылықтар. Сондықтан Құдайдың берген ырзығы, барға қанағат етіп, адал еңбек ет, – деген үгітті әдетке айналдырды.

– Сен адамдарды өзгертемін деп жүрсің бе? – дейтін қариялар Шәкәрімнің мұнысына түсіне қоймай, – Шаруашылықпен шұғылдансайшы, елдің егесінде нең бар, көрмеген бол.

– Көзімді жұмып-ақ қарар едім, бірақ жанның көзін қалай жаппаксың? – деп жауап береді жас болыс дала данышпандарына тән мәнермен. – Тілді тартып ұстауға болады, ал ойдың ұшқырлығын тізгіндей алмайсың. Ниет таза, амал ізгі болуы керек емес пе?

Осы аралықта 1879 жылдың ерте көктемінде отбасының ұзақ күткен қуанышы орнады. Мәуен өздерінің тұңғышын, маңдайы торсықтай ұл бала, өмірге әкелді. Нәрестенің дүниеге келуі Шәкәрімнің өмір мәні туралы түсінігін мүлдем өзгертті.

Шілдеханаға бүкіл ауыл жиналды. Құрметті қонақ ретінде сүйікті атасы Құнанбай келді. Ол Құранды ұзақ оқыды, аяттар жазылған жолдарды саусағымен жүргізе күбірлеп оқиды. Ол нәрестеге ат қоюға дайындалуда. Көп ойланып жатпай ол мұндай жағдайларда жасайтын әдетіне салып, есімді қасиетті кітаптан іздеді де, тұңғыш баланың атын Құраннан алып, Әбусуфиян (1879–1925) деп қойды.

Бұл қуаныштан шабыт алып қанаттанған Шәкәрім болыстық қызметіне құлшына кірісті. Ауылдан-ауыл аралап, әдетте, елді келешегінен үміттендірді, мұны ақынға тән шабытпен орындады. Адамдармен әңгімелескенде де бұл шабыт істі пайдалы жаққа бұрып отырғандай. Оны жылы қарсы алатын, оның еркін өмір туралы әңгімелерін тыңдап, өзінің жүз жыл өмір сүретіндей етіп құрастырған жоспарына таңдай қағысатын.

Бір таңқаларлығы, Шәкәрім басқарған жылдары Шыңғыс болыстығында, шындығында да, мамыражай заман болды. Салыстырмалы түрде, әрине. Көрші қоныстар жайылымға бола таласуды азайтты. Кедей-кепшіктің тұрмысы түзелді, мал басын арттырудың үміті оянды. Мал барымтасынан шығатын қанды қақтығыстар тоқтады.

Сол заманның әдеби сипаттамаларында жазылғандардан Тобықты руының өкілдері қыстау және жайлау қоныстары мен жайылым жерлер үшін жыл сайын дерлік қырқысатынын байқауға болады. Болыстар мен әлеуетті шонжарлар «Абай жолы» романында кедей рулардың әлсіз ауылдарын үнемі ренжітеді де жатады. Алайда мұндай қақтығыстар шынайы өмірде дәл солай жиі болатын болса, Тобықты руынан осы уақытқа дейін дым да қалмас еді. Үздіксіз қырқысу мен алауыздықтан көшпелі қоғам іштей шіріп, баяғыда-ақ ыдырап кетер еді.

Шындығына келгенде, дәстүрлі қазақ қоғамының шоғырлануы анағұрлым жоғары дәрежеде. Оларды топтастыратын не нәрсе? Әрине, ең алдымен, дәстүр. Қазақтар жолаушылар үшін үнемі есігін ашық ұстаған, жарлы-жалқыбай туыстары үшін қашан да дастархандары жаюлы болған. Байлардың айдаһарлар сияқты кедейлердің мүлкін, малын, жайылым жерін жұтып қоя бермегені айдан анық. Дәстүрлі қоғамдағы қайырымдылық пен ізгілік деген қызыл сөз қыздырмасы емес, өйткені ұрпақтан ұрпаққа беріліп отырған көшпелілер әлемінің адамгершілікке үндейтін заңдарында бұлжымайтын мызғымастық бар болатын. Қазақ халқының заман қиындықтарын, аңызға айналғандай, шыдамдылықпен көтеруі, төзімділігінің артықтығы осыдан келіп шығады.

Ал қазақтардың қаскөйлігі туралы әдеби түсініктер әлі де бар. Бұқара халықтың мұндай пиғылдан ада екендігі күмәнсіз.

Қысылғанда қол ұшын беретін, халықтың өзара көмек көрсететін әдет-ғұрпы ғасырлар бойы құрметтеліп келеді. Ауқатты рубасылар қашан да рудың қамын ойлады және мұқтаждық көрген адамға бірінші боп қол созуға ұмтылды. Шындығына келгенде, олар өз игілігі үшін емес, өз руының гүлденуі үшін байитын.

1879/80 жылдардың қысы көшпелі халықты тағы бір сынның тезінен өткізді. Жауын-шашын көп болып, үскірік аяздан қар құрсауланып көк мұзға айналып мал атаулы жерден шөп жұла алмай аштан қырылды. Жұт деген осы. Қазақтар қар аз түсетін жерлерде қыстайтындықтан, дәстүр бойынша малдың тебіндеп жайылатынына сеніп, қысқа шөп жинамайтын. Малдың өз аяғымен қарды теуіп аршып өз азығын өзі табатынына әдеттеніп қалған ғой. Ал жер мұз құрсаңғанда мал тебіндей алмай, мұз астындағы шөпке жете алмай қалады.

Көшпелілер қоғамындағы жұт қазіргі мемлекеттердегі дағдарысқа ұқсайды. Орыс әкімшілігінің есептеулеріне қарағанда, сол жылы қазақ даласында 12,7 млн. бас мал қырылған, ал бұл жалпы мал санының 80 пайызын құраған екен. Ақмола облысында 820 мың бас, Торғай облысында 1,5 млн. аса мал қырылған. Семей облысында шығын аздау болды, ал Шыңғыстауда аяз аптаға жетпей сынды. Бұл жаппай қырғыннан құтқарды.

Шәкәрім болыстықты басқарған бірінші жылы Абайдың тәжірибесіне сүйеніп, жұттың боларын алдын ала болжағандай, малдың қысқы азығына деп шөп шапқызды. Осыдан бірнеше жыл бұрын Абай өзінің Ақшоқыдағы қыстауында шөп сүрлеудің тәжірибесін жасап көрген, бұл туралы ол орыс журналдарының бірінен оқып еді. Шөпті шапқаннан кейін Абай азық шөпті майдалауды бұйырды. Оны шұңқырға салып, нығыздап бетін бұтақтармен, шөптермен жауып тастады. Оның үстіне тұз сеуіп топырақпен көмді. Ол жылы Абай бұл қорды ұмытып та кетіпті. Қыс жұмсақ болғандықтан, мал тебіндеп-ақ қыстан аман шықты. Келесі жылғы қыста сүрлеу шұңқырын ашқанда, үй-ішіндегілердің таң қалысында шек болмады. Азық өзінің нәрін сол күйі сақтап қалыпты, тіпті шөп жаңа ғана шабылғандай.

Шәкәрім де бірден шөп сүрлеумен айналысты. Шабылған шөптің бір бөлігі пішенге кетті. Қалған бөлігін Абайдың әдісі

бойынша шұңқырға көмді. Қыстың ызғырық аязында мұның екеуі де пайдаланылды. Бұл мал азығы тек қатқақ суыққа ғана жетті. Егер суық созыла түскенде, зұлматтан құтылу мүмкін емес еді. Дегенмен жұттың алдын ала болжауы Шәкәрімнің беделін асырды, көріпкел деген даңқы шықты, бірақ оған мұның өзі мән берген жоқ. Қыстың күні ол ауылдарды аралауын тоқтатқан жоқ, өйткені елдің шаруа жағдайы тыныш жатқызбайтын еді. Шаруа жайын қамдай жүріп жұртпен әңгімелесті, көнекөз қариялардан өздерінің отбасылық шежіресін сұрады. Қарапайым нәрселерден де, ғаламдық нәрселерден де хабардар екендігін танытты. Абай туралы, дәлірек айтқанда, оның өлеңдері туралы әңгіме болды. Абай өлеңдерінің ақылға дамыл бермейтінін, өзінің ойды дәл бере алатын мәнділігімен, тереңдігімен Шыңғыстаудың әр адамының жанын толқытатыны айтылды.

Суық түскенде Шәкәрім Қарашоқыдағы қыстауында, үйінде, отырып қалды. Қыстың күні де үй шаруашылығындағы күйбең тіршілік таусылмайтын. Ол керек-жарақтарды жөндейтін, малға арнап қора-қопсы салатын, ер-тұрманның темір әбзелдерін құятын. Осындай қысқы кештердің бірінде уақытты пайдалы өткізу үшін өзінің шағын кітапханасын ретке келтірмекші болды. Кітаптар баяғыдан біртіндеп, талғаммен және ерекше есеппен жиналған еді. Қазақтар мен басқа да түркі халықтарының тарихын жазу ниеті әлі ойдан кетер емес. Керісінше, ол ниеті нығайып, нақты сұлбалары түзіліп те қалған. Абайдың айтуымен алынған араб тарихшыларының кітаптары да бар, оларды ол нағыз зерттеуші тәрізді мұқият ойланып зерттеп оқыды.

Абай осы тақырыптағы басқа да кітаптарды ұсынбақшы болған: олар – Әбілғазы Бахадүр-ханның «Түркі шежіресі», Нәджіб Ғасымбектің «Түркілер тарихы», сондай-ақ түркілердің тарихы бойынша ең көне танымал зерттеулердің бірі, XI ғасырдағы түрік әдебиетінің ескерткіші Жүсіп Баласағұнның «Құтадғу білік» – «Құтты білік» шығармасы.

Уәде етілген бұл көне әдебиеттерді күтіп жүргенде Шәкәрім халифат дәуіріндегі ислам тарихшысы әрі діни ғұламасы ат-Табаридің атақты кітабы «Тарих әл-расул ва-л-мүлік» – Пайғамбарлар мен патшалар тарихы» (толық атауы – «Пайғамбарлардың туылуы

мен олардың әрқайсысының кезіндегі болған уақиғалар және патшалар мен олардың өмірлерінің тарихы») кітабын қайталап оқуды ұнататын. Мұсылмандық тарихнаманың атасы саналатын ат-Табари бұл еңбекті 914 жылы бітірген. Шәкәрімде бұл кітаптың екі нұсқасы болды: біріншісі арабша, екіншісі ежелгі түркі немесе шағатай тілінде. Осыларды салыстырумен Шәкәрім талай ұзақ кештерді бастан өткерді.

Шәкәрім «Мұтылғанның өмірі» атты автобиографиялық еңбеінде былай деп жазады:

Жиырмадан өткенде,
Азғана ғылым оқыдым.
Алғызып кітап шеттен де,
Көңілге біраз тоқыдым.
Білмегенді сұрадым,
Жиыстырдым, құрадым,
Оқыған сайын ұнадым,
Жолына түстім осының.
Білімге салып тілекті,
Сыбанып едім білекті,
Ағартуға жүректі,
Аршымақ болып қоқымын.
Өлең мен сөзді шеберлеп,
Айтқаным мақұл келер деп,
Ындын қойып ентелеп,
Жарайды деп осыным.

Кітап сөресінде Шығыстың атақты ақындары – Хафиздің, Фирдоусидің, Саадидің, Физулидің, Низамидің поэмалары мен өлеңдерінің қолжазба көшірмелері құрметті орында тұратын. Олардың қасында таза қағазға ұқыптылықпен оралған «Мың бір түннің» томдары тұр. Ал жоғарғы сөреге Құран қойылған. Одан кейін Төлебике анасына ұқсап мұсылман құқығы бойынша кітаптарды – «Ғибадат исламия», «Мұқтасарды» сақтайды.

Қолжазба жинақтарының арасында Конфуцийдің нақыл сөздері де болатын, оқыған қазақтар оны Кунфузы деп атайтын. Тарамыспен тігіліп түптелген жинақты Абай болыс сайланған съезден кейін сыйлаған еді. Қысқы кештерде май шамның

жарығымен қытайлық данышпанның нақылдарын оқи отырып, Шәкәрім оның оймақтай ойларының өзінің өмірлік ұстындарына соншалықты жақын екендігіне таң қалатын.

«Шынайы ізгілік адамның жүрегінен шығады. Барлық адамдар қайырымды болып туады», – дегенді оқыды да, «Дәл солай!» деп дауыстап жіберді.

«Адамдардың не айтатынын білмей, адамдарды тану мүмкін емес. Сен ізгі адамды көрсең, одан асып түсуге тырыс. Ал залым адамды көрсең – өз жүрегінді зертте», – деп кеңес береді Конфуций.

Болыстық жұмыстағы тәжірибеден туған ойдың көптігі сондай, Конфуцийді оқып отырған бір сәттерде Шәкәрім келіп қалған ойды жан таласып қағазға түсіріп алуға тырысады. Бірде: «Кім де кім өзіндегі өтіріктің тілін тыя алмаса, ол адам зұлым пиғылдан да бас тарта алмайды», – деп жазды да, Конфуцийді қайта ашып еді, бұл ойының сол сәтте-ақ жалғасын тапты: «Қараңғылықты қарғап-сілегенше, кішкентай болса да шам жақ».

Шындығында солай емес пе?! «Қараңғы халықты қанша сөгіп тілдесең де ештеңе өзгермейді, одан да оның білім алуына кішкене болса да септігіңді тигіз», – деп ойлады Шәкәрім. Осы күннен бастап, философтар мен ақындардың кітаптарын оқи отырып, өз ойларын қағазға түсіре бастады. Өмірінің ақырына дейін бұл қорды жылдан жылға толықтыра келе, кейінірек бұл жазбаларға «Мағыналы сөздер» деген атау берді.

Кейін өзі мақтан тұтқан кітапхана осылайша жинақталды. Кітаптар көп емес еді, бірақ олар алтын мен асыл тастардан да қымбат қазына болып көрінетін. 1905 жылдың өлеңдерінің бірінде өзінің замана даналығын бойына сіңіріп, кітап әлеміне сүңгігенін еске алып Шәкәрім былай деп жазады:

Жасымнан жетік білдім түрік тілін,
Сол тілге аударылған барлық білім,
Ерінбей еңбек еттім, еңбек жанды,
Жарқырап қараңғыдан туып күнім.

Шәкәрімнің рухани өрлеуінің баспалдақтары әр алуан ғылымның түрлері мен ғаламның құпиялары туралы поэзиялық

туындылар аударылған түркі тілімен қатар, жарықтың тағы бір сәулесін төккен – орыс тілі болды.

Оятқан мені ерте – Шығыс жыры,
Айнадай айқын болды әлем сыры.
Талпынып орыс тілін үйренумен
Надандықтың тазарып, кетті кірі.

Шәкәрімді өлең қайта тарта бастады, бұл істі сонан бері ғұмырына серік етті. Оған өлең енді ауадай қажет болды, тоқтаусыз ойды тиянақтап, кеудені кернеген сөзді ықшам да көрнекі етіп сыртқа шығару үшін, іштің кірін тазарту үшін қажет болды. Ән мен өлеңсіз даладағы өмір мүлдем сұрқай тартар еді.

Өлең шықты-ау дегенде ол қолына домбыра алып, өлең жолдарының ырғағына сай келетін әуендерді іздестіре бастайтын. Шығармасын домбыра әуеніне қосып өзінше әрлеп жеткізетін. Әнді тыңдармандар онай жаттап алушы еді.

Бұл жылдары ол драмалық шығармалар шығаруға аса құштарлана қоймады. Құпия да кең байтақ даланың адамдары бейім болып келетін қиялмен ғана, аспанға қалықтаған сағыммен ғана өмір сүрген жоқ. Қазақтар үшін қиял тек ойдың ойыны ғана емес еді. Бәлкім, қазақтар өздерінің жеке өміріне жұбаныш табу үшін өздерін жасампаз я қаһарман етіп, неше түрлі тарихи хикаяларды ойлап тапқан шығар. Бірақ Шәкәрім мұндай мифологиялық шығармашылық көңіл күйден ада болатын. Оның лирикасында көркем құпиялылықтан гөрі, философиялық әр басым болатыны да осы себептен болар. Өмір оны нақты ойлауға үйретті, әсіресе, болыстық қызметтің бұған ықпалы күшті болды. Үлкен шаруаларға басшылық ету қиялға орын қалдырмады. Бірақ бейнелі ойлау оның стиліне негіз болды, оны жоққа шығара алмаймыз. Алайда сюжеттік ізденістер мен қиял-ғажайыптық қысылтаяндар әлі де болса қағазға түсіруге сұранып тұрған жоқ еді.

Оның өлеңдері дәл, ықшам әрі нақты. Ол ауылдарды аралаған кезде, руластарын ар тазалығына шақырып өлеңдерін ел құлағына еркін жеткізіп отырды. Әсіресе, ақындық памфлеттері жұртшылыққа қатты әсер ететін. Ол Абайдың дамытқан дәстүріне

сәйкес, жұрт қылығын сынап, аяусыз әшкерелеп жатса да, ел оны ынтыға тыңдады, сөзіне сенді. 1879 жылы жазылған, бірақ кейінгі жылдары толықтырылып, өңделген «Жастарға» деп аталатын үлкен өлеңінде Шәкәрім даладағы қыстың күніндей қаһарлы, шыжғырған шілденің күніндей аяусыз:

Арам ақыл үйрендік айла, амалдық,
Қулық пен өтірікті сайлап алдық.
Ынсап, рахым, ұяттан жүген ұстап,
Өзіміз ең түбінде қайда бардық?

Елірдік, ерегістік, елді жардық,
Байлаусыз пайдасы жоқ іс шығардық.
Бүгін дос, таң атса қас бола қалып,
Бұлт еттік, мен болдым деп ат аларлық.

Шәкәрімнің сипаттаған күнә-кемшіліктері барлық кезеңдерде де болған. Олар өмірдің таза бетіне түскен дақ тәрізді онай танылады. Бұл кемшіліктерді әшкерелеу үшін, батылдық болса, жетеді, көп күш-жігер жұмсаудың қажеті жоқ.

Алайда поэзия – далалықтардың мал бағу бейнеті мен қиын тұрмысын беретін өмір прозасымен салыстырғанда мүлдем басқа субстанция, өзге түпнегіз. Қазақтың түсінігінде болмыс – мәңгіліктің кәдуілгі үлгісі болса, поэзия – күнгірт өмірді сиқырлы нұрымен шуақтандыратын таңғажайыптың тұнық бейнесі ғой. Сондықтан Абайдың өлеңдері сияқты, Шәкәрімнің жыр киімін киінген қарапайым, бірақ айқын да сындарлы ойларын да тыңдарман қолдағанына таң қалатындай ештеңе жоқ:

Ар қайда? Рахым қайда? Әдеп қайда?
Быт-шыт боп неге жүрміз әрбір сайда?
Көз жұмып, «Көшпен көрген ұлы той» деп, –
Береді бұл надандық кімге пайда?

Алайда «Жастарға» атты филиппикасы (ызғармен айтылған арнау) әшкерелеуге сұранып тұрған жағымсыз қылықтарға қаншалықты арналған болса, руластарының Абайға деген қатынасын

да соншалық сөз етеді. Өзінің ең алғашқы ірі туындыларының бірінде Шәкәрім кім туралы айтуы мүмкін? Әрине, ұстазы туралы, әсершіл шәкірттің пікірінше, Абай кітаби данышпандарға да, өмірден сақтық пен өзімшілдікті үйренген «данышпандарға» да ұқсамайтын барынша дербес ойшыл болып көрінеді.

Бұл Абай саудагер ғой ақыл сатқан,
Әртүрлі асылы көп өтпей жатқан.
Тегін білсең – аласың, бос береді,
Тұстасынан ешкім жоқ мұны тапқан.

Ауыспалы мағынадағы айқын астар ұстаздың алдында бас иетінін жасыра алмайды. Шәкәрім Абайды барынша асқақтатты. Шәкірттің әлі ысыла қоймаған пікірінше, көшпелі өмірді өзінің барлық әр алуан бояуымен дәл Абай сияқты ешкім өлеңмен сипаттап бере алған жоқ, дәл сондай қызу қандылықпен суреттеп бере алған жоқ. Сондай-ақ әлемнің үйлесімділігі мен бей-берекетсіздігін де ешкім дәл сондай айқын ұғынып, түсіндіре алмады. Оның ақылы – асыл ойлардың қазынасы. Оған қол жеткізу орасан күш-жігерді талап етеді. Бұл үшін Абайға апаратын жолды табу керек және осы күрмеуі көп сүрлеумен соңына дейін баруға ниет ету қажет – міне, Шәкәрімнің үндеуі мәні осында.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

РУХ ӨРІСІНІҢ ПЕРНЕЛЕРІ

Өмір мен қиял толқынында

Болыстықтың үш жылдық мерзімінің соңғы жылы өтіп жатқан еді. Кенеттен Шәкәрімге лауазыммен қоштасудың қиын болатыны туралы ой келеді.

Алғашқы уақыттарда маңызды деген мәселелер болса Абаймен немесе тағы бір ағасы Ысқақпен кеңесуге асығатын. Бірте-бірте міндеттерін меңгере бастады, елдің көші мен қонысын ұтымды да ақылға қонарлық етіп өзі жоспарлай беретін болды. Өдеттегідей, наразылық білдірушілер де аз болған жоқ, кейбір рубасылар жақтастарын барымтаға итермелеп, өздерінше әрекет етуге тырысып бақты. Дегенмен Шәкәрімнің табиғи мейірімділігі, ерекше ділмәрлігі, байыптылығы әлеуметке игі әсерін тигізді. Басқасы басқа, ол бәрінен бұрын ақсақалдарды келісімге келтіре алатын болған.

Лауазымдық міндеттердің ең жағымсыз шаруасы салық жинау еді. Бұл міндетті атқаруға ол ауыл старшындарын мәжбүрледі. Мәселе тіптен алым-салықты төлеуден бас тартып, шоқпарға жүгіретін, қызу қанды дала тұрғындарының мінезінде де емес, Шәкәрімге өте ауыр тигені – малы санаулы орташа отбасыларына да мал саны артық деп түгелдей салық салынатындығы болды.

Ал уезд бастықтарының алдында жауапты өзі берді. Кейде болыстыққа ояздың өзі келіп, жасауылдарымен ауылды аралайтын. Шәкәрімнің өзіне де жылына бір рет Семейдегі уездік канцелярияға баруына тура келетін еді.

Ол ұлықтар алдында орыстың тілін жаман білмейтіндігін көрсетіп, аз сөзбен нақты есеп беріп, өзін лайықты ұстайтын. Мұның анық та жіті ойлы екенін байқаған шенеуніктер қарым-қатынаста ілтипатты болатын, салыққа байланысты сұрақтарды

ғана емес басқа да мәселелер жөнінде пікір алмасатын еді. Кейде қалалықтардың әңгімелеріне араласып Ресейде болып жатса да, жаңғырығы қазақ даласына жетіп жатқан небір оқиғалардың жайын да сұрап қалатын.

Шәкәрімнің байыпты да байсалды мінезінің арқасында есеп беру сәтті өтетін. Халық жас болыстың әділетті билігін мойындап, оның жастығына қарамастан ақылды, тыңғылықты басшы деп есептеді. Осы екі жылдың ішінде ол кезінде онсыз билікке баруға болмайды деп есептеген беделге ие болды. Осы тұста мұның парасатты табиғатына үйлесе қоймайтындай көрінетін бір оқиға болды. Шәкәрім ғашық болып қалыпты.

Әдетте, ол үйде отырмайтын, тексеру үшін көктем шыға болыстықтың алыс жерлерін аралап кететін. Бірде көмекшісімен «ноғайлар ауылында» түнеуіне тура келді. Қазақ даласына Қазаннан көшіп келген татар (қазақтар «ноғай» деп атаған) Ысқақ негізін қалаған бұл ауылды тобықтылар осылай атайтын. Құнанбай қоныс аударушыны ұнатып, оған жайылымға жер бөліп, өз қамқорлығына алған еді. Сонан соң Ысқақ қырға кіші інісі Махмұтты көшіріп әкелді. Олар тез байыды, тіптен олардың ауылын бай ауыл деп атайтын болды. Махмұттың үлкен тату отбасы қазақ арасына сіңіп, Шыңғыстаудың өз адамдарындай болып кеткен. Өулеттің үлкені боп отырған Махмұт Құнанбаймен дос көңілдегі адам болатын, Құнанбайға кез келген істі шешуге көмектесуге дайын тұратын еді.

Мейман болып келген Шәкәрімді өмірден көрген-түйгені мол Махмұт құрметпен күтіп алады. Төрге шығарып, қонақтардың құрметіне қой сойды. Ноғай ауылының қыздары сұлулығымен даңқы шыққан еді. Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында Абайдың Ділдәдан туған ұлы Әбдірахман (Әбіш) 1892 жылы үйленген Мағрипаның сұлулығын суреттеу үшін көптеген тамаша көркемдік әдістер қолданғанын оқырмандар біледі. Осы Мағрипа да Махмұттың немересі болатын.

Шәкәрім де селқос қала алмады. Махмұттың ұлы Ыбырайдың үлкен қызы он жеті жастағы Айғаншаның сұлулығы сезімін селк еткізді. Сұлу да сымбатты қыз анасына қонақтарды күтуге көмектесіп жүрді. Шәкәрім үшін мына қыз түсінде көрген ғажайыптай болды, көзін қыздан ала алмайды, мына сұлудан

айрылса өмірден де айрылатындай. Онымен сөйлесуге ынтықты. Немересіне қонақтың назар аударғанын қожайын да байқап қалады. Махмұт әйелі бар еркектердің елігуін жаратпайтынын білдіріп, қатал қабақ танытады. Татарларда көп әйел алу дәстүрге енбеген, сондықтан да олар үш әйел алған қазақ байлары жайлы қалжыңның өзін орынсыз көретін.

Келесі күні Шәкәрім Айғаншамен көзбе-көз сөйлесудің амалын табады. Азғантай уақыт болса да тіл қатысқаны жігітті онан ары әбігерге түсіреді. Жігіт қыздың сұлулығына ғашық болып, сол сұлу жүзден төгіліп тұрған шексіз мейірімді байқап сүйсінгені соншалық, жандарын жақындастыруды пешенелеріне жазып қойғандай көрінді. Қызды көрмей тұрып-ақ сүйіп қалғандай күй кешті. Айғанша тұспалдамай ашық жауап берді: әкесі мен шешесінің қарсы болғандықтан, енді кездесе алмайтынын тура айтты.

Дәл сол күні Шәкәрім ноғай ауылынан аттанып кетті. Енді ғана сезінген нағыз бақытынан айрылып қалатыны есінен кетпей ұнжырғасы түсіп кетті. Көз алдынан әйелі Мәуен кетпей қойды. Енді қалай өмір сүру керек, оған не айтады? Көп әйел алу дәстүрін пайдалануға бола ма? Оның ата-бабаларында төрт әйелден болды, олар отбасындағы үйлесімді тәртіпті қалай орнатты (үйлесімді болды деу қиын-ау), ол қатынастардан сырттай хабары болғанымен Шәкәрім үшін бұл әлі жұмбақ еді.

Екінші рет үйленуге туыстарынан ешкім қарсы болмас, бірақ ол жайлы өмірінің серігі, ақылды жары Мәуенге қалай жеткізеді? Екінші әйелі – тоқалға ол қалай қарайды? Айғаншаның туыстарын қалай көндіреді? Енді қайтып оны көре ала ма, – білмейді, бірақ нағыз бақытқа тек сонымен ғана кенелетінін сезеді. Жастық шақтың азабы – сүйгеніңмен бірге бола алмау емес пе. Даланың еркін самалы ойын сергітіп жіберді. Басының мең-зеңі сейілді. Маңайдағы жоталарға алтын жебелерін қадай күн батып барады. Шәкәрім басын көтеріп туған Шыңғыстауына қарады. Тау жартастары гаухардың сынығындай жарқырайды. «Мына жердің бетінде не үшін өмір сүремін? Дүниеге келгенім үшін ғана өмір сүруге тиістімін бе? Сүймей қалай тұрасың, егер сол сүйгенің қол жетпейтін алыста қалса қалай өмір сүресің?» – деп сұрайды Шәкәрім айнала қоршаған жоталардан.

Бозторғай әнін қалықтатып, бүркіт қанатын жая шаңқылдайды, – осының бәрі табиғаттағы үздіксіз өтіп жатқан өмірді еске салады. Күн ғаламның шексіздігін салтанатпен хабарлап тұрғандай. Оң жақтағы жота оның шапақтарына сарғыш тартқан жонын тосады. Алдағы бұлақ маңындағы шоқ тоғайдың жапырақтары қызыл түске боянып қуана сыбдырлайды. Табиғаттың осы бір ерекше күйі Шәкәрімнің көңіліне ауысқандай, өзін бақытсыздықтан арылғандай сезініп келеді. «Тек уақыт керек, уақыт – апта өтер, ай өтер – бұл істің жөні табылады».

Кенеттен кездескен жан туралы өлең жолдары ойына келді. Бұл лирикалық кейіпкердің жанын тербеткен, ынтықтырған «қарақат көз» жайында, Күннің өзі «оның сұлулығынан ұялып жасырынғаны» жайында тәп-тәуір өлең болып шықты:

Бақытсыз жүрегім жалындап жанып тұр,
Үмітті тілегім орынсыз қалып тұр.
Ақыл, қайрат, сабырдың бәрі кетіп,
Адасқан асығың мұңлы әнге салып тұр.

Көзіме көріндің ашылмас сорыма,
Байқамай іліндім сиқырлы торына,
Жаду көзің басымды айналдырып,
Құрбан ғып шалдың ба жарынды жолыңа?

Халықтың алдында ары таза және өзінің қызметін адал атқарған Шәкәрімді тағы да, екінші рет болыстықты басқаруға сайлады.

Сол кезде Абайға қарсы болған дала билеп-төстеушілерінің жаласынан ақын сотқа тартылып, төрт жыл бойы Семейге барып тұрды. Ол бұл кездері уақытының көбін алғашында уездік басқарманың жанынан жапсарласа салынған бұрын оқу бөлмесі деңгейінде ғана болған қалалық кітапханада өткізетін. Мұның үлкейіп кітапханаға айналуына саяси жер аударылғандар кірісіпті. Семейде әр түрлі кезеңде үкім мерзімін өтеп жүрген халықшыл Александр Львович Блек, Чернышевскийдің оқушысы Евгений Петрович Михаэлис, анархизмнің болашақ идеологы және теоретигі Апполон Андреевич Карелин, революцияшыл демократ Нифонт

Иванович Долгополов ауқатты адамдардан қайырымдылық көмек берулерін сұрайды. Сөздері жерде қалмаған екен. Кітапхананы құруға семейлік көпестер Плещеев пен Хабаров, павлодарлық көпес Деров, тіптен краснодарлық көпес Юдин ақшамен қайырымдылық жасады. Кітапхананы ұйымдастыруда саяси жер аударылғандарға жергілікті тұрғындар – өлкетанушы Колмогоров пен Земляницин көмектесті. Сонымен Землянициннің үйінде 1883 жылы 20 қыркүйекте қалалық жаңа кітапхана ашылады.

1885 жылдың жазында Семей кітапханасында американдық журналист Джордж Кеннан болып қайтты. Өзінің «Сібір және жер аудару» кітабында ол: «Қаланың ортасындағы кішірек антропологиялық мұражайы мен жайлы оқу залы бар ағаш үйден барлық орыс журналдарын және әжептәуір іріктелген кітаптарды табуға болады. Жиналған кітаптар, оларды құрастырған зиялыларға абырой әкеледі және осыны істегендер мен осы кітаптарды пайдаланатындардың талғамдарының лайықтылығын танытады», – деп жазады.

Бұрынғы оқу залында барлығы 274 кітап болатын. Ал кітапхана ашылған жылы онда 750 том, оның ішінде 94 том философия мен әлеуметтанудан, тарихтан 75 кітап, жаратылыстану бойынша 120 кітап және 410 көркем әдеби кітап болды. Кітаптарды пайдаланған оқырман саны – 130, ішіндегі ең белсендісі Абай болды. Ол батыс және орыс әдебиетін сарыла оқып, сараптап зерттеумен айналысты. Ол Дрепердің, Дарвиннің, Спенсердің, Боклдің еңбектерін зерделеп, энциклопедиялық сөздіктер мен анықтамаларды оқыды. Оны бәрінен де бұрын орыс әдебиеті қызықтыратын еді.

Қалалық кітапхананың арқасында Абай мен Шәкәрім ресейлік жер аударылғандармен танысты, әсіресе, жаз кезінде Шыңғыстауда қонақта болған Михаэлис және Долгополовпен достасып кетті. Абай мен Михаэлистің достығының қазақ ақынының өмірінен де, жер аударылған демократтың да өмірінен алар орны зор. Олар 1874 жылы кітапханада, дәлірегі кеңсеге жалғас бөлмеде орналасқан кішкентай оқу бөлмесінде, танысқан еді. Абай оқу бөлмесіне көз жіберіп, кітапханашыдан өзі тапсырыс берген Лев Толстойдың кітабын сұрайды. Осы кезде Михаэлис үстелде журналды ақтарып отырған-ды, Далалықтың Толстойды сұрағаны оны аң-таң қылады

да, өзі келіп Абаймен танысады. Аз тіл қатысудан соң Абайдың көзқарасының кеңдігі онан сайын таңдандырады. Олар оқу залынан қызу әңгімелесіп, бірге шығады.

Достар Михаэлис Семейде тұрған кезде, 1882 жылға шейін, бірнеше жыл бойы қыс мезгілдерінде тіптен күн сайын көрісіп тұрды. Михаэлис Өскеменге көшкеннен кейін де, олар хат жазысып тұрды. 1893 жылы Абай Өскеменде бірнеше күнге оған қонаққа барды, бұл Семей уезінен ешқашан шықпаған ақын үшін мүмкін еместей көрінген еді.

Жаз кезінде жайлауда Михаэлис Абайға қонаққа келді. Олар дарқан Шыңғыстаудың жайлы табиғатын тамашалап, пікірлесумен уақыттарын өткізді. Ақындар мен күйшілерді тыңдады. Кешкілік оңашада кітап оқыды. Ертемен оқығандары жайында пікір алысатын. Осындай күндердің бірінде Абай Михаэлиспен таныстыру үшін Шәкәрімді шақыртады. Бұл 1881 жылы болыс сайлаудан кейін іле-шала болған еді. Жоғары мәдениетті, терең ойлы, байыпты эрудициялы Михаэлис бірден жас адамды үйретуге кірісті. Тарихтан, математикадан, географиядан қандай хабары бар екендігін тексерді. Оқитын кітаптары жайлы кеңестер берді. Қалаға барғаннан кейін кейбір кітаптарды тауып алып, ауылға жіберуге уәде етті.

Абай өмірінің соңғы күндеріне шейін өзін көп нәрсеге үйреткен орыс досы жайлы ризашылықпен айтып жүрді. Ол өзі жақсы білетін Ресейдегі демократиялық қозғалыстардың тарихын, ұлыдержавалық Ресей халықтарының жағдайын зерттеуге, Белинскийдің, Некрасовтың, Добролюбовтың, Чернышевскийдің, Тургеневтің, Писаревтің ағартушылық ілімдерін үйретті. Қандай кітаптарға көңіл аудару керектігі жөнінде кеңес берді. Қолына тиген кез келген кітапты қатарынан оқитын Абай ендігі жерде досының кеңесі арқасында Пушкиннің, Лермонтовтың, Гётенің, Достоевскийдің, Салтыков-Щедриннің, Толстойдың шығармаларын жүйелі түрде оқитын болды. 1881 жылдан бастап аударуға шығармалар таңдап жүрген кезінде, Спенсердің, Дарвиннің, тарихшы Дрепердің еңбектерін бірнеше жылдар бойы зерттеп оқып, онысын шәкірттерге айтып беріп отырды.

Михаэлистің уәде еткен басылымы Шәкәрімнің қолына күзде тиді. Ғылыми әдебиетке алғашында қызыға кіріспеген соң,

кітаптар қарапайым боп көрінді. Шәкәрім кейіннен ұлы Ақатқа осы кездесулер жайлы былай деп әңгімелейді:

«Долгополов, Михаэлис сияқты достары келгенде, Абай мені шақырып алатын. Мен олардың асыл-қымбат сөздерін, бағалы кеңестерін, ақылдарын зердеме алып, сан естідім. Сол Долгополов пен Михаэлистердің социология ғылымы жайында айтқан әңгімелері, ақыл-кеңестері күні бүгін ойымнан шықпайды, маған үлкен сабақ болды».

Абайдың кеңесі мен тікелей қатысуы, кейде тіптен нұсқаулары арқасында, жекелеген топтардың мүдделерінің қақтығыстары қаншалықты титығына тигенмен, Шәкәрім болыстықты тәп-тәуір басқарды. Ол қырдағы оқиғаларды мұқият бақылап отырды, өйткені ауыл арасында мал өрісі үшін де аяқ астынан дау шығатын еді. Барымташылар осы сәтті күтіп тұрғандай, біреудің жылқысын қуып кетуге дайын тұрар еді.

Қарама-қарсылықтардың табиғатын Шәкәрім Абаймен пікірлесу барысында қалыптасқан көзқарасына сүйеніп пайымдайтын. Бұл көзқарас кейіннен «Қара сөздерде» ой сүзгісінен өтті. Абай Үшінші сөзінде:

«Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе малышларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, барлық қызметімен біреудің қыстауын сатып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айырлған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек. Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей көп болса, ақысы кем болар еді, малданайрылғандар көбейсе қыстауы босар еді деп, мен ананы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп әуелде ішімізбен қас сағындық. Әріберден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жиюға күшім жетімді болсын деп, қызметке, болыстық, билікке таластық» – деп жазды.

Осының бәрін Шәкәрім өзінің дана ағасынан талай естіген. Болыстықтағы мәселелерді шеше жүріп, өзі де тәжірибе жинады. Қызметтің қыр-сырын меңгерген Шәкәрім, мынадай болып құзыры

шектеліп тұрғанда, болыстың көшпелілер өміріне мандытып көп өзгерістер жасай алмайтынын түсінді. Және билік жолы мұның пешенесіне жазылып қойған жол емес екенін, мұның жолы басқа екенін жиі ойлайтын болды.

Іс жүзінде бұл кездері патша әкімшілігі ұсынған билік сахарарадағы өмірді дәстүрлі заңдармен басқармақ болған көптеген қазақтарды тырп еткізбей тастады. Отарлық билік сахараның қатал жағдайында қауіпсіз өмір сүру үшін соншалық көп мүмкіндік қалдырмаған еді. Дәстүрлі бағытпен көшіп-қонуға тыйым салу мен салық төлеуге деген бұқара наразылығы болыстық лауазымға машақаттан басқа ештеңе бермейтін еді.

Болыстық лауазым билікке сенімді адамдарға берілді. Ақылды және беделді тұлғалар «көрінбейтін» көсем болуды артық көрді. Сахарарадағы ғасырлар бойы биліктің күші жеке бастың абыройы мен қасиетінде болғанын, ендігі жерде олай болмайтынын анық байқаған Абай осылайша әрекет етті. Қазақ батырларының үлгісімен халыққа жақпаған ханды тақтан түсіретін еркіндік енді болмайтынын, енді ханды халық сайлайтын заман қайтып келмейтінін түсінді. Ал сахараға жаңа әкімшілік құрылымын күштеп енгізген Ресей билігіне қарсы тұруға қазақтардың күштері жетпеді.

Сондықтан да Абай қырық бірінші «Қара сөзінде»:

«Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек. Әуел – бек өкімет, жарлық қолында бар кісі керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салып, дүниеде есепсіз ғылымның жолдары бар, бірін сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді.

Екінші – ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын пәралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағылым берсе, сонда түзелер еді.

Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндіретілік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін пәралап көндіретілік дәулетбір кісіге біту мүмкін де емес. Қазақты я қорқытпай, я

параламай, ақылменен, не жерлеп, не сырлап айтқанымен еш нәрсеге көндіру мүмкін емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен біткен надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген.

Енді не қылдық, не болдық!»

Сахара болмысының «қарғыс атқан» осындай түйткілдері Шәкәрімге маза бермеді. Сондықтан «Мұтылғанның өмірінде» көшпелілер әлемінің үйлесімділігі неліктен жойылғанын түсіну үшін ол болыс болған кездеріне, өмірінің сол бір шақтарына, бірнеше рет қайта оралады. Шәкәрім өзінің тындармандарына – үй ішіндегілер мен жақын ауылдардан келген қонақтарға ақталғандай сыр айтады:

Туған елім – надан ел,
Жетімдік қаза қайтпайды ол.
Көп талқысы – аққан сел,
Бұзуға болмас тағдырын.

Бар шығар мендей талай жан,
Не ғылымды, не надан.
Аша алмайды еш адам,
Тағдырдың қиын бұл сырын.

Жиырма мен қырық арасы –
Жас өмірдің сарасы
Бос өткенін қарашы...

Тағдыр ұштағанында надан халық, бақытсыз жетім-жесір және ақынның авторлық ұстанымын білдірген лирикалық кейіпкердің өзі – үшеуі тоғыстырылады. Ол өзінен гөрі қасиетті, өзінен гөрі білімді адамдармен өзін қарсы қоймайды, тағдыр құпияларын түсіндіру мен іздеу жолында тұрғанын айтады. Әйткенмен, «босқа» өткен жылдар туралы өкіну сарыны оның жұмсаған күш-жігерін босқа кеткендей етіп көрсетеді.

Азапты ой өткелектерінен соң Шәкәрім 1882 жылы жаз ортасында жақын адамдарының тағдырына әсер етіп, өз өміріне өзгерістер әкелген албырт әрекет жасауға шешім қабылдайды. Оның

өтірікке жаны қас мінезі мұнан ары Мәуенді құпиясынан бейхабар қалдыра алмайтын еді, оның өзінің және басқа адамдардың алдында опасыз болғысы келмеді.

Алдымен Шәкәрім Айғаншамен кездесіп, оның ата-анасының екінші әйелдікке рұқсат бермейтіні себепті оны алып қашатынын нықтап жеткізеді. Есі шыққан сүйіктісінің қарсылығын тындағысы да келмеді. Мұның уәждері ынтықтыққа толы еді, әрі бетінен қайтпауға бекінген еді. Ол үйіне қатты қапаланып келді. Ең қиыны – Мәуенмен арадағы болатын әңгіме. Жігіт тәуекел деп бел шешті.

Мәуен Шәкәрімді алаңсыз сүйетін, бірақ іште күйеуі ата дәстүрі бойынша күндердің бір күндері үйіне жас әйел – тоқал әкеле ме деген уайым да бар болатын. Өзіне күндес әйелдің пайда болғанын түсінген кезде тыныштық күйі жан күйзелісіне ауысты, бұл жара жүрегінде мәңгілікке қалды. Күйеуінің тоқал алуына келісімін Мәуен салт-дәстүрге бағынған шарасыздықтан ғана берген жоқ, күйеуін жақсы білгендіктен, бұл қасарысып өз айтқанын істетсе, сүйікті адамының жүрегін жаралап, оны да өзін де бақытсыз ететінін түсінді. Бізге жеткен мәліметтерге қарағанда, Мәуен Айғаншаны киіз үйдің табалдырығы алдында қарсы алады. Бетінен сүйіп: «Қош келдің, шырағым» – деп, үйге өзі алып кіреді.

Бірақ та ұрланған қалыңдықтың туыстары тез арада қуып келген, Айғаншаның шешесі бастаған жұрт сау ете түседі. Ол дауыс сап жылап, айқайға басып қызын қайтаруды талап етеді. Осы жерде Айғанша табандылық көрсетеді: өзінің ешқашан қайтып бармайтындығын айтады. Шәкәрім жаман абдырайды. Күтпеген қонақты ақ үйге кіргізуге ыңғай танытып еді, айқай одан әрі үдеп кетті. Келгендер жанжал шығаруға ойысты. Шәкәрімнің туыстары бет қайтаруға дайын тұр еді.

Ауыл ортасындағы у-шуға қарап тұрған Мәуен шыдамады. «Мұндай масқараны көргенше көзім шықсын!» – деп заттарын жиыстырып, қожайынның киіз үйін тастап шығып кетеді. Содан бастап Мәуен бөлек тұрған екен. Ол мұнан ары басқа жаққа кете де алмас еді. Қазақ қоғамында айырылысуға тыйым салынатыны белгілі.

Айғаншаның бетінен қайтпайтынын көрген туыстары шарасыздан, Шәкәрімді билер сотына тартатындықтарын айтып қорқытудан басқа ештеме істей алмай кете барды. Егер

отағасы әйелдерінің қажетті мұқтаждықтарын қамсыз ете алса, дәстүрлі қазақ ортасында көп әйел алу психологиялық мәселелер тудырмайды. Әрине, ұрыс-керіс болмай тұрмайтын, бірақ бұл әр отбасында өз бетінше шешіліп жататын.

Шәкәрімнің Айғаншаны алып қашуы көп шу шығарды. Абай да кейіді. Ол Шәкәрімнің үйіне екінші әйел кіргізгеніне емес, ол істі қалай істегеніне риза емес еді. Абайға рубасы ретінде шағым айтып құдалықсыз алып қашқанына наразылығын білдіріп Айғаншаның атасы келді.

Абай лезде Шәкәрімді шақырып, осы уақытқа шейін қазақтар мен ноғай ауылы арасынан қыл өтпейтін тату болғанын, олармен соншалықты жақын араласып, бірін-бірі өте құрметтегендіктерін ескертті. Абайдың үкімі сол, ноғай қажысының қызын әкеткені үшін күнәсіне айып – құн төлеу керек. Айыптың құны – елу түйе, жиырма бесті ат. Абай бәрін есептеп төлем уақытын – бес күн деп белгіледі. Өзіне соншалықты әділетсіз болып көрінген шешімнен қатты көңілі қалған Шәкәрім анасына барады. Ата жолын ұстану мен әділеттілік жайында парасатты сөз айтуға тырысты.

– Елу түйе дегеніңіз – ердің құны. Бірақ мен адам өлтірген жоқпын. Осыншама малды не үшін төлеуім керек? Оның үстіне менде сонша мал да жоқ.

Қыз әкесі әділдік талап еткен соң, Абай айтылған үкімінен тайған жоқ.

Шәкәрімге енді не істемек? Төлебикенің кеңесімен тездетіп Абайдың бауырлары – дәулетті ағаларын аралап, жылқы, сиыр, қой жинап, үй табынынан да қосты. Төрт күннен кейін ноғай ауылына елу түйе мен бір үйір жылқыға бағаланған мал жібертеді.

Кейіннен, өмірде көргені бар Абай төлемге берілген малдан басқа, ноғай ауылының жігітіне Құнанбай әулетінің қызын ұзатады. Жауап ретінде ноғайлар қазақ ауылына қыздарын беруге ризашылықтарын білдірді. Осындай айырбас арқылы, қазақтар айтқандай, екі ауыл «мың жылдық құда» болды.

Тобықтылар жерінде бейбітшілік қайта орнады. Бірақ Шәкәрімнің отбасында тынышытық бірден орнай қойған жоқ. Құн төлеген кездегі жағдайлар Шәкәрімнің материалдық жағдайы айтарлықтай болмағанын байқатады. Ол қарызынан құтылу үшін,

мал басын көбейту қамына кірісті. Айғаншаны әйелдікке алғанда малы мен дәулетіне емес, сезіміне ғана сенген еді. Сонымен, Шәкәрім мен Айғанша өз махаббаттарын тағдыр соққысынан қорғап қалды. Олар ноғай ауылында алғаш кездескен кездегі лап еткен, сол тулаған сезімді өмір бойы сақтады. Олардан бес ұл – Ғафур (Ғабдулғафур) (1883 – 1930), Жебреил (сәби кезінде шетінеп кетті), Қабыш (Ғабдолла) (1887 – 1932), Ақат (Ғабдолақат) (1900 – 1984), Зият (1903-1937), сонымен қатар үш қыз – (Күлзия) (Кәмпит – кішкентай кезінде қайтыс болып кетті), Жәкім мен Гүлнәр (Гулләр) (1912 – 1970) дүниеге келді.

Ақиқат іздеп шарқ ұрған

Аңшылық құру үшін лайықты мылтығың болуы шарт. Сондай бір жақсы мылтық Шәкәрімнің бұрыннан арманы болатын. Абайдың үйіндегі жаңа винчестерді көргенде, көздері жайнап кетті.

Абай бұл аңшы винчестерін Семейдегі таныс орыс көпесіне тапсырып қаладан ұлы Мағашқа арнап алдырған еді. Көпес оны Варшавадан алдырғанын айтып жіберіпті.

– Абай аға – деді күрсіне Шәкәрім – мұндай мылтықты тек қана нағыз аңшы ұстауы тиіс. Ал Мағаш болса он үште ғана, оған әдеттегі қосауыз да жарайды.

– Сенің қаншалықты әккі аңшы екенінді қайдан білейін? Алдымен өзіңнің ептілігіңді көрсет.

Шәкәрім винчестерді ала салып Доғалаң тауына шығып кетеді. Бағына қарай арқардың тобы кез болып екеуін олжалайды. Тау ешкісінің еті мен терісін Абай ауылына жеткізеді.

– Олай болса, винчестер саған лайық сияқты, – дейді Абай күлімсіреп. – Ал, саған сыйладым. Мергендігің үшін емес. Жаңа туған ұлыңның қуанышына сыйлық деп беремін.

Шәкәрім күлімдеп кетті. Өйткені бір ай бұрын оның Ғафур атты ұлы дүниеге келген еді!

(Шәкәрім өмірінің соңына шейін осы винчестерді тастамады. 1930 жылы қамауға алынғанда винтовканы тәркіленген екен, бірақ 1931 жылдың қазанында қайтыс боларының алдында, кім екенін білмейміз, далаға лақтырып тастапты.)

Айғаншаның тұңғышы Ғафурдың балалық және жасөспірім шақтары жайында ешқандай мәліметтер жоқ. Сондықтан да сұрапыл 1930 жылы «басын шаптырған» шәкәрімдік қайтпас рух оған қалай келгенін түсіну оңай емес. Ағайындарының естеліктеріне қарағанда, Ғафурдың мінезі әкесіне ұқсаған: ұстамды және қатал. Әлбетте, әкесінің бұл ұлына көп көңіл бөліп, оның оқуымен, тәрбиесімен айналысып, сезім дүниесін қалыптастырғаны байқалады. Және Ғафур Шәкәрімнің сүйікті ұлы болғандығына еш күмән жоқ. Ғафурдың ажалы күшке, қорлыққа бас имеудің нышаны болып қана қойған жоқ, ұлының рухы билікпен тайталасқа түскен шақтары мен 1931 жылы өліммен бетпе-бет келгенде Шәкәрімге қайрат берді.

Ғафурдың дүниеге келуі Шәкәрім өміріне біраз өзгерістер енгізді. Енді жеке шаруашылығымен шындап айналысу қажет болды. Бала-шағаның қамын ойлауға кірісті. Шаруашылықтың дәстүрлі тәсілі бойынша бұл дегеніңіз – мүмкіндігінше малдың басын көбейту. Отбасының дәулетін көтерудің мұнан басқа жолы жоқ.

Бәрінен де шығармашылық жолды табудың қамы өте азапты болды. Кез келген өмірді ойластырып жоспарлаудың кез келгені адами тіршілігінді ақтауды мақсат тұтатыны белгілі. Шәкәрім ақиқатты тану, кемелдікке жету, өмірлік мұратты іздеу туралы толассыз толғанысқа берілетін. Әзірше жол бұлыңғыр, бірақ тоқтау жоқ. Оның бұл философиясының жалпы өлшемдері, жасампаздықпен, қарекетпен толықтырмаса, әлі жетімсіз болатын. Сол 1883 жылы ескіден қалған сөздер мен мұсылмандық қағидаларды ой таразысына салумен болды. Қазақ отбасы мен рулары жайлы шежірелер жинай бастағаннан бергі тарихи мәліметтердің өзі қағаз бетіне түсіруді сұранып тұрғандай. Атасы Құнанбайдан ата-бабаларының абыройлы істерінің тарихын, қазақтың атақты ханы Абылай туралы Шәкәрім көп еститін. Тарихи мағлұматтар тікелей, ауызша және үзілмей жеткендіктен, ежелгі тарих жөніндегі оның түсінігі шындықтан алыс кеткен жоқ. Бұлар шынымен де құнды мағлұматтар болатын. Шәкәрімнің жинаған шежіресі молайып, жеке кітап болып түйінделді. Кейіннен, 1911 жылы, «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» деген атпен жарыққа шықты.

Шәкәрім бұған дейін шежірені атты тіптен поэма десе болғандай көлемді өлеңмен жазды деседі, онда қазақ тарихы, қазақтың түп тегі, пайғамбарлар, хандар, билеушілер мен батырлар жайында – ежелгі дәуірден 1723 жылғы жоңғар шапқыншылығына дейін мағлұматтар беріліпті.

Кейінен ол Ақатқа мұны «Мұсылмандық шартынын» қасында әлсіздеу деп есептейтінін айтады:

«...жасымда шежіре жазбақ болып, бірнеше елдердің шежірелерін оқығанымда, «Отечественная история» деп патша, хандарды жазғандарды көріп, еліктегенім осы да, біліми көзқараспен айтылмаған».

Мүмкін. Бірақ, өлеңге «біліми көзқарастың» қажеттігі қаншалықты?

Әйтсе де «Шежіредегі» тарихи деректер қызықты және белгілі бір дәрежеде мүлтіксіз деуге болады.

Шәкәрім көңіл аударған екінші бір нәрсе – түрік кітаптарынан оқып, ертегішінің айтқандарынан, сөзі дуалы қарттардың әңгімелерінен ұғып алған ескі заман сөздері. Бұл сөздер де өлең болуға сұранып тұрғандай, бүтін бір тарихи хикаят түрінде қатталды. Сонымен, ақын «Нартайлақ пен Айсұлу» жайлы ескі бір оқиғаға негізделген махаббат драмасын жазуға кірісті.

Өмірінің соңғы жылдарын маңайына дін қағидаларын таратуға арнаған атасы Құнанбаймен әңгімелескен кездерінде мұсылмандық шарттарына қатты қызыққан еді. Әйткенмен осы кезге шейін өлеңдеріне сопылық бейнелеулердің сипаттарын енгізіп, сопылық поэзиямен тереңдей айналысқан Абаймен арадағы әңгіме одан да күштірек әсер етті. Ағайындарының рухани жаңаруын ойластырған Абай Құдайға деген махаббатқа бой ұсыну туралы діни-этикалық ілімін өрбітті. Өлеңдерінде Құдаймен көбінесе ғашықтың бейнесі арқылы тілдеседі: бұл сопылық мәдениеттің негізгі сипаттарының бірі болатын. Жаңа эстетикаға қаншалықты бой ұрды десек те, бұ дүниеден безініп, сопылықтың салт-жораларын, ғұрыптарын ұстанып, аскеттікке бой алдырар нағыз сопылықты Абай қабылдаған жоқ. Тек рәсіми амал ретінде қаралатын дін Абайды қанағаттандырмады. Оның ойынша, дін адамдарды өмір шындығынан алыстатпай, адамдарды рухтандыруы тиіс. Абайдың

сопылық этикаға өзгеріс енгізгені соншалық, оның поэзиясында мистика өз реңкінен біршама айырылды.

Абай поэзиясында шашыраңқы сипаты бар сопылық сарындарды түсіне отырып, оны «Шын ғашықтар жоқ енді» атты өлеңіне енгізуге талпынды. Бұл өлеңді бір қарағанда сүйіктісі Айғаншаға арналған десе де болғандай. Өлеңде сопылық мінәжәт бейнелері анық көрініс тапқан: жар – бұл негізінде Құдай, шындық (*хақиқат*) – Жаратушы немесе Алланың бар екендігін мойындау, ал ақиқаттың жарық сәулесі – Алладан таралатын нұр. Кейінен ақын бұл өлеңді «Иманым» жинағына енгізді.

Бұл өлеңнің киелі құпияны жайып салатынына қарамастан, поэзияны сүйетіндерге оны махаббат лирикасына жатқызуға ештеңе бөгет бола алмайды. Шәкәрім өзі де махаббаттың қызға арналмағандығын, ол ақиқат нұрына ғашық екенін сендіре айтады. Дегенмен мәтіннің астарында шынайы махаббат туралы ниет жатыр. Біздің ықшамдама келтіріп отырған шығарманың ерекше сипаты да осында. Оқиық:

Шын асықтың әрбірі,
Өліп топырақ болды да.
Жаралыстың тағдыры,
Жаратты мені орнына.

Жарының нұры қосылған,
Мол керемет менде бар.
Жалғыз жарға шоқынған,
Қандай мендей пенде бар?

Менің жарым қыз емес,
Хақиқаттың шын нұры.
Оны сезер сіз емес,
Көзге таса бұл сыры.

Жасырып тұр жар өзін,
Бас көзімен қарама.
Жүрегіннің аш көзін,
Жардың сырын арала.

Өзінің келгенін жарлап тұрған кейіпкердің басынан жұрт күткен кереметтің бәрі табылады. Бірақ кейіпкердің басқалардан («сіз» деп аталғандардан) өзгешелігі шын махаббатты «жүрек көзімен» көреді. Бүгінде ол өзін ғашығына шын берілген серідей, өзінің сенім қамалына жаратылыстың шын мәні оның тылсым сырында екенін бәдіздегендей сезінеді.

Көрем десең жарымды,
Мас бол жүрек тазала.
Өртеп жібер барынды,
Қарсы ұмтылып қазаға.

Көрсен оған бас ұрып,
Етегінен айрылма.
Не көрінеу, не жасырып,
Нәпсісіне қайрылма.
Бұл сәлемді есіңе ал,
Егер жетсең тілекке.
Жар қанжары маған бал,
Сұқсын сорлы жүрекке.

Талай асық жаралсын,
Жар ағызған қанымнан,
Жер жүзіне таралсын,
Жүрегі таза есті жан.

Сайтан қашып, асықтан,
Асыл озып жасықтан,
Бейіс болсын бұл жалған,
Кеудеден кетіп сасық қан.

Шәкәрім серілігінің шыңы – әлемді «кеудедегі сасық қаннан» жаппай тазарту арқылы құтқару идеясы. Ақынның махаббаттың екі түрі – Құдайға деген махаббат және пендеуи махаббат – жайындағы түсінігі сопылық ұстанымдарға ғана сай емес, еуропалық Қайта өрлеу дәуірінің эстетикасымен де ұқсас. Шәкәрімнің осындай «сопылық» тақырыбындағы өлеңдері көп. Шәкәрім поэзиясындағы сыни бастаулар, оның алдындағы Абай поэзиясындағыдай, Құдаймен нұрланған сопы ақынның дүниетанымымен бедерленеді.

Рухани ізденістердің Шәкәрім шығармашылығынан алар орны ұлғая берді. Мұның өзі оны дүниеауи әлемнен рухани әлемге өтуге дайындағандай. Алайда «сопылық» өлеңдерінде әлі де болса әдеттегі сезімдер бейне тауып жатты. 1890 жылғы өлеңінде осындай үзінділер бар. Лирикалық кейіпкер көкке ұшып жұмақ бағына тап болғанға шейін өмірдегі шынайы махаббаттан әзер айығады. Ол жерде кейіпкерді жүрегіне жақын шығыс поэзиясының кейіпкерлері Ләйлі мен Мәжнүн қарсы алады (Кейін Шәкәрімге бұл туралы да поэма жазу керек болды):

Өртейін деп отқа көмдім,
От жүрегім жанбады.
Жанды апарып жарға бердім,
«Пара ғой» – деп алмады.
Жан, тәнімді, иманымды –
Асылымды бойдағы,
Аямадым жиғанымды,
Сонда да көз салмадым.

<.....>

Сөйтсем, онда сыр бар екен,
Байқамаппын мен оны.
Қосылайын өлсе деген,
Амалы екен – алдады.

Өліп едім, жар бірігіп,
Бір бейісті таңдады.
Ләйлі, Мәжнүн қарсы шығып,
Ерулікгі қамдады.

Тірілікте қосылысқан,
Шын жар емес, ойнас ол.
Ондай асық – шынға дұспан,
Ол бейіске бармады.

Жар сипатын білсеңіз де,
Нәпсің өлмей деме жар.
Айла, алдау сөзіңізге
Шын хақиқат қанбады.

Мұнан бұрынғы «Шын ғашықтар жоқ енді» атты өлеңінде Құдайға деген махаббат сарыны басымырақ болса, ал мұнда пендеуи махаббаттың нышандары көбірек. Күнделікті тірліктегі «тән», «пара», «жиғаным» «нәпсі», «айла, алдау» нысанаға алынады.

Шәкәрімнің алдағы мерзімге қайта болыс сайланудан бас тартатын уақыты да келіп жетті. Ол кейін: *«Келесі сайлауда: «Қуған білімімнің қалғанын, болыстықтың жексұрындықтан басқа түк әпермейтінін» айтып, енді болыс болмайтынымды айттым»* – деп жай ғана түсіндіреді (Шәкәрімнің ұлы Ақаттың естеліктерінен).

Ақыры болыстық міндетінен босаған Шәкәрім баяғыдан ойында жүрген бірінші ірі поэтикалық шығармасы «Нартайлақ пен Айсұлу» поэмасын жазып бітірді. Бірақ XVIII ғасырдың оқиғасына арнап жазған махаббат драмасы сәтті шықпады.

Негізгі тақырыпқа кіріспес бұрын дастанның авторы отбасы бұзылуының алдын ала себепкері көбінесе күндес әйел болатынын, ал ашына ұстаудың жамандығын және қызды қалың мал үшін күйеуге беру нағыз қатыгездік екендігін жариялайды. Негізінен, автор осы тақырып төңірегінен шыға алмай, поэма оқиғасы екі ауыл төңірегінде өрбиді. Шәкәрім өзінің соңғы поэмаларына тән болған философиялық ой қорытулар биігіне көтеріле алмады. Кейінгі шығармаларынан «Нартайлақ пен Айсұлу» көркемдік жағынан да төменірек болатын.

Көптеген зерттеушілер дастанның жазылған уақытына күмәнданады. Қазіргі басылымдардың бәрінде «Нартайлақ пен Айсұлу» 1929 жылы жазылған деп көрсетіледі, ал бұл кездері Шәкәрім поэтикалық биіктерге жеткен еді. Егер солай болған күнде де, сыншылар шебердің осал нәрсе жазуы мүмкін еместігіне меңзейді. Шәкәрім 1885 жылы қаңтарда поэманың бірінші нұсқасын бітірген кезде, әлі де соншалықты толық еместігін түсінген еді. Ақат әкесінің мынандай сөздерін келтіреді: «Шығармашылық жағынан алғанда «Нартайлақ пен Айсұлу» поэмасы «Дубровский» мен «Ләйлі мен Мәжнүн» поэмаларынан нашарлау. Оның осылай жазылу себебі асығыстықта болуы мүмкін. Егер оны пьеса күйіне түсірсе, қызықты болып шығар еді».

Қысқасын айтқанда, Шәкәрім шығарма деңгейінің жоғары еместігін мойындағанымен, басқа жанр тақырыбына пайдалануға болады деп үміт етті.

1929 жылы Қарабұлақ шатқалындағы оқшау тұрған «Саят қора» қыстағында Шәкәрім өзінің ертеректегі поэмасын жетілдіруге отырады. Бірақ адамзат даналығының бір бөлігі жастық шақтың күнеларынан тұратыны белгілі. Оларды жетілдіруге де, алып тастауға да болмайды. Одан да жаңа шығарма жазу оңай. Шәкәрім жөнделген, бірақ жақсартылмаған түрін сол күйінде қалдырады. Осы себептен дастан 1929 жылы жарық көрген.

1885 жылы тамызда сексен бір жасында Тобықты руының соңғы ресми көсемі, Шәкәрімнің атасы Құнанбай, қайтыс болды. Ол көптен бері істен қалған еді, өзіне лайық көрмегендіктен, болыстық билікке таласқа да түспеді. Қалған ғұмырын өзінің дүниеден алған түсінігі мен діни көзқарастарын пайымдауға және намазға арнады. Кейінгі жылдары ауырды, одан соң мүлдем төсек тартып жатып қалды.

Құнанбаймен бірге бүтін бір дәуір келмесе кетті. Ұлан байтақ кеңістікте өздерінің ықпалын жүргізген рубасыларының билік құруы да келмесе кетті. Оның орнын қазақтарды болыстықтың тар кеңістігінде жақсы жайылым мен шабындық үшін жауласуға мәжбүр еткен жаңа әкімшілік құрылым басты. Болыстық билікке ата-ата болып таласқанда қай-қайсы болсын баюдан дәмеленді, мұндай пиғыл бұрынғы рубасылары білмейтін. Ендігі жерде бұрынғы патриархалды мәдениет ережелерін ұстанушылар жаңа қалыпқа сыймайтын болды. Сондықтан да Құнанбай сияқты ел тұлғасы өз ықпалын жоғалтпағанымен, болыстық лауазымына қырқысып өзінің абыройын түсірмеген еді және оның биліктен кетуі тұлғалардың кетуі ғана емес, бұл қазақ тарихынның бүтін бір кезеңінің аяқталуы еді.

Құнанбай қажыны арулап жерлеген соң, қонақасында оны жақсы сөзбен еске алып, қаралы жиын ендігі жылы берілмек үлкен асқа қайта оралатындықтарына сеніммен тарасты. Расында, Құнанбайдың тірісіндегі беделі мен өлісіндегі қадірі қандай құрметке болсын лайық еді. Қазақ даласының түпкір-түпкірінен келетін адамдарға «қарадан шығып хан болған» Құнанбайдың қадір-қасиетін жеткізу атаға сын, балаға сынақ болатын. Ас Құнанбайға емес, ұрпағына керек-тін. Әрине, әулеттің өзі мұндай ас та төк шығынды көтере алмайды, сондықтан бұл салт кейде сақталмайтын. Құнанбай қажы болса қатардағы жай кісі емес, оның

үстіне соңында қалған ұрпақтары да кедей емес-ті. Құнанбайға берілмек ас 1851 жылы Құнанбайдың әкесі Өскенбайға берілген атақты астан асып түсетін болар деген сыбыстар ел арасында жыл бойы жүріп жатты. Бір жылдан соң 1886 жылдың тамызында «Құнекене ас берілмейді» деген Абайдың шешімін естіген елдің таңданысы қандай болды десеңізші.

Ол туыстарына асқа көп адамдар бос қызықтауға ғана келетінін түсіндірді. Оларды күтуге көп қаржы жұмсалады, ру ауылдары орны толмас шығынға ұшырайды және жай адамдардың күн көрісі қиындайды. «Ал, айталық, қаптаған адамды шақырып ас бердік дейік, оның орнына көп кедейді тойындырсақ, кәні, – дейді Абай, – Онан соң да халықтың тіршілік етуі керек емес пе? Бір күн ас беруді қойып, бір жыл жоқ-жітікті асыраған дұрыс емес пе?».

Ол туыстарының асқа дайындаған сыйлықтары мен малдарын Семейге жеткізуге бұйрық берді. Шәкәрім екеуі қалалық мешітке имам бастатқан мұсылмандарды жинап, ас берді. Имам Құнанбайға құран бағыштады. Әдеттегідей, заттар мен тағамдарды жарлы-жақыбайлар мен жетім-жесірлерге таратты.

Абай осымен тоқталады. Бұл жағдай қазақ қоғамында өсек-аян тудырды. Құнанбайға ас беруден бас тарта отырып, Абай ғасырлар бойы халықты ұйыстырып келген әдет-ғұрыпты бұзды деп жабыла сөкті. Баянауылдағы белгілі ақын, айтпақшы Шәкәрімнің құрдасы, Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1858 – 1931) болса, Абай теріс мінез көрсетті деп сынайды. Бұл пікірін ол 1889 жылы 1 желтоқсанда «Дала уәлаятының газетінде» жарық көрген Абайдың «Жаз» атты өлеңіне пікір жазған кезде жолай ескерте кетеді.

«Газет оқырмандарына хабарланғанындай жарияланған өлеңдердің бірі Құнанбай баласыныкі – деп жазды Мәшһүр Жүсіп – өлеңіне қарағанда оның авторы кедей емес. Бірақ та оның халыққа пайдалы іс істегісі келгені көрінбейді....Біз Ыбырайдың (Ибрагимнің) өнері Құнанбай өнерінен жоғары деп естіп едік. Ол өзінің бай екендігін паш еткендігінен, өз өнерін ісімен дәлелдеуі керек емес пе?... Міне, біз бүгін Құнанбай өлі ме, тірі ме түсінбей отырмыз. Егер, мүмкін Құнанбай тірі болса, тірі адамның тіршілігі білінбеуші ме еді – ол жоқ. Ал егер адам қаза болса, онда ол жөнінде хабар болуы керек – ол да жоқ».

Мәшһүр Жүсіп Абайды мүлт кеткен сияктандырып, тұспалдай келемеждейді. Дәстүр бойынша қадірлі адам қайтыс болғанда, ел-елге хабар беріп асқа шақыртады. Егер шақырту болмаса, онда қайтыс болғаны жайында ешкім хабарланбаған деп есептеледі. Мұндайда ел ешкім қайтыс болмағандай қылық көрсетеді. Я болмаса қайтыс болған адам белгілі тұлға болмағаны.

Құнанбай әулетінің сараңдығын, асқа шығын шығарғылары келмегендігін кінәлайтын тағы да бірталай наразы адамдар табылды. Бәрінен бұрын Абай мен Шәкәрім өлеңдерінде аты шыққан қайраткерлер бұрқ-сарқ ашуланды. Құнанбай немересі мен ұлының поэтикалық шығармаларының күннен күнге даңқы жайылып келе жатқанда, зұлым аты тарихта қалып қоюы әбден мүмкін екендігін білгендердің ашу-ызасын поэзия ушықтыра түсті. Артынан Абай барлық жаулық әрекеттерге өлеңмен жауап қайтарды.

Таңқаларлық жағдай, Абайға Құдайбердінің жесірі Ботанай қолдау көрсетеді. Ол кісі тіке кесіп айтатын адам еді. «Мен күйеуімнің туыстарына қандай дәрекілік көрсеттім, – дейді ол Құнанбай қайтыс болған соң өкініш білдіре – Біз жетім қалдық, бізге ешкім көмектеспейді дедім. Олар бізді сыйлағандықтан, қатты сөзге ренжімеді. Менің тілім Құнанбайға да тиді. Мен Өмірдің өліміне оны кінәлаған едім. Тәтем кеткен соң аруақтар мені жазалады, мен көрмей қалдым. Содан мен оның моласына барып, қабірін құшақтап, кешірім сұрадым. Бір көзіме түскен ақ кедергі болғанымен, мен көре бастадым. Тәте мұсылман еді, кедейлерге көмектесетін. Барлық малды сойып тастағанша, кедейлерге көмектессендер ол риза болар еді» – дейді.

Ас беруден бас тартқан Абай қазақтардың мұны «жұмбақ адам» дейтін ойын одан әрі бекіте түсті. «Құнанбай ұрпақтары халықтың арасын ашты – деп шықты тоғышарлар – Бір жыл бойы кедейлерді тамақтандырғылары келеді. Кедейлерге көмектесер, бірақ асқа келмеген байлар наразы болып қалады. Оларға да, бұларға да жағу қиын». Осындай көңіл күйдегі адамдардың айтып жүргендері де, өздердерінше дұрыс шығар, көшпелілер ойының ерекшелігі де осында. Құрбандыққа арналған жылқының неге сойылмағандығына, астың неге берілмегендігіне, қазақтар түсінбей қалды. Бірақ Абай ақылы асып туған адам ғой. Өркениеттік

қақтығыстардың бар екендігін түсінді. Ас беру дәстүрі қазақ халқының түркілік тамырларына тартады. Бұл ежелгі тәңіршілдік дәстүр түркілік ата-бабалар Мәңгілік Көк Аспанға, Аруаққа (ата-баба рухына) және Құдай Тәңірге табынған кездердегі ғасырлар қойнауынан жеткен болатын. XIX ғасырда отырықшы егіншілер жағынан белгілі қысымшылыққа ұшыраған көшпелі шаруашылық тәсілінің дағдарысы жағдайында ас өткізу кез келген көшпелі отбасын жұтатып кетер еді. Абай да ескірген, шығыны аса мол ас беру ғұрпынан бас тартып, мұсылмандық жолмен жоқ-жітіктерге садақа беріп, күні өткен дәстүрді ең болмаса осылайша тоқтатам деп ойлады. Бұл оқиға өлік жөнелту кезінде ысырапқа жол бермеуді талап ететін исламға жүгіну, тәңіршілдік пен исламдық дәстүрлер арасындағы көне заманнан бері келе жатқан қайшылықтың әлі де бар екенін тағы бір көрсетіп берді.

Қазақтардың рухани өмірінде бүгінгі күнге шейін түркілік және исламдық сипаттардың қатар өмір сүріп келгендігінде ерекше мән бар. Жадтың архетиптері діннің ол түрін де, бұ түрін де ұмыттырмайтын рөл атқарады.

Негізінде, Абайдың ас беруге әл-ауқаты әбден жететін еді. Бірақ ол бүтін бір халықтың дүниетүсінігін адамгершілік ізденістерінің көрігіне салып аластап алуды бұрыннан ойлап жүрген болатын. XX ғасырдың алғашқы ширегінде-ақ көшпелі өркениеттің басына төнер ақырзаманды алдын ала сезгендей, осы істі өзінен бастауды жөн көрді.

1887 жылдан бастап он екі жыл бойы Шәкәрім би сайланып, болыс пен старшынның деңгейінде ел ішіндегі дау-шарға төрелік жасап қызмет қылды.

Мұның Абай маңында шоғырланған өзінше бір әдеби үдерістерге қосылуына бөгеті болған жоқ. Тұрағұл («Менің әкем Абай туралы»): *«...бұл ағартушылық кезеңі еді деп аталатын жылдар келіп жетті. Бүгіндері әңгіме арқауы танымдық тақырыптардан басқа болмайтын. Біздің арамыздағы басшымыз Шәкәрім болды. Біз Абайды мұсылман медреселеріндегі шәкірттер сияқты, ыждағатты оқушылар секілді тыңдайтынбыз, ақиқат жайында бітпейтін бір дау болатын».*

Тұрағұлды Мұхтар Әуезов («Абайдың туыстары және оның өмірі») толықтырады: *«1889 жылдан бастап Абайдың адамшылық*

қасиеттері мен білімпаздығына табынған талапты жастар үшін оның ауылы үлкен ағартушылық медресеге айналды. Абай – ұстаз, оның тыңдаушылары ынталы да отты жастар – шәкірттері. Ол туыстары мен жақындарына және жас жеткіншектерге тәрбиеші болды. Өмірде көргендерінің барлығы, адамдар арасындағы қатынастарға түзелместей залал келтірігендіктен оны жирендіреді, Абай өзінің сөзіне құлақ асқан жастарды биік адамгершіліктерге жаңа жолдар арқылы жүргізгісі келді. Өзі өмір жолы жайлы, билікте болған кездеріндегі ағаттықтарына шейін ешқандай бүкпестан, өз дүниесезімінде қамалмастан, өзі жауапкершілікті сезіне отырып, жастарды өзінің қателіктерін қайталамауға шақырды. Кейбір шындықтар жайында өлеңдерінде айтылса, басқалары ауызша жетіп жатты. Ол өзінің ұзақ кеңестерінде тек қана таза адамишылық жолмен жүруге үндеді. Әділеттілік, адалдық, махаббат, абырой, парасаттылық, сынышылдық – нағыз кісілікті анықтайтын барлық осы негізгі қасиеттерді адамдар бойына сіңірді» .

Абайдың мынау деп қолмен көрсетерлік ресми поэтикалық мектебі деген болған емес. Иә, Абайдың өзі де қайсыбір ақынның «Абайдың шәкіртімін» деп мойындауын талап еткен жоқ. Бірақ та жас ақынның өлеңдерін талдауды, сыни пікірлерін айтуды, жазу үлгісін, түрін, стилін жетілдіру жөніндегі кеңес берер сәтті бос жіберген емес. Тіптен өзіндік сөз шебері болып қалыптасып қалған Шәкәрімді де поэтикалық шеберлікке баулуды тоқтатпады.

Сонымен, ақырындап Абайдың айналасына поэтикалық шығармашылықпен айналысуға бет алған жастар жинала бастады.

Ұстаздарына жастар бір-бірден немесе кейде думанды топ болып келетін. Тіптен шәкірттері ұстаздары қонақта жүрген ондаған шақырым жердегі ағайындарының ауылына, бейресми поэтикалық мектептің басқа мүшелері кетті дегенді естісе-ақ болды, соңынан аттанатын.

Бұлардың басын қосатын Абай өлеңдеріне деген ортақ сүйіспеншілік. Осы сүйіспеншілік әсерінен өздерінің жазған өлең жолдарынан да әсемдік әсері Абай өлеңдеріне жанасып жататын. Ең бастысы – өлеңге деген ыждаһат жоғалмады, қайта айналадағы әлем Абаймен бірге жасаған көркем әлемнің көрінісі екендігін түйсінгендер көп болды.

Әдеби ізденіс жылдарында Абайдай ұстаздың жанында Шәкәрімнен басқа да дарынды шәкірттер аз емес еді.

Абай жас ақындардың шығарғандарын талдаумен шектелмей, 1889 жылдың күзінде оларға поэма жазуға тапсырма береді. Шығыс поэзиясының шарты бойынша, нағыз ақындар артында бес дастаннан кем қалдырмағанын естеріне сала кетеді. Шәкірттер бұл тапсырманы қабыл алып, тақырыптарын ұстаздарымен ақылдасып алған соң, дастан жазу үшін оңашаға кетеді. Шәкәрім Қалқаман мен Мамыр туралы тарихи драманы өлең түріне келтіруге бел буды. Оған мұны жазу қиындық келтіре қоймады. Көз алдына сүйікті ертегісі «Мың бір түндегі» кейіпкерлер елестеді. Ол поэма кейіпкерлерінің өзіндік келбетін жасап, солардың аңсарларымен өмір сүрді. 1890 жылдың көктеміне қарай «Қалқаман – Мамыр» поэмасын аяқтады. «Қалқаман – Мамыр» поэзия жанкүйерлері арасында бірден әйгілі болды. Шәкәрім дастанның соңына «Мұтылған» деп қол қояды. 1912 жылы жарық көрген поэманың бірінші басылымын «тарихи хикая» деп атап, мұнысын былай деп түсіндіреді:

«Бұл әңгіме – 1722 жылы біздің Орта жүз қазағы Сырдария бойында жүргенде болған анық іс, біздің қазақ қалмақтан жеңіліп, Ақтабан шұбырынды болғаннан бір-ақ жыл бұрын.

Қалқаман, Мамырдың ісіне ескі қазақтар теріс көзіменен қараса да, осы күнгі көңілінің көзі ашықтар жазасыз екенін біліп, дұға қылса керек.

Өлгендерді тірілтпесем де, өшкенді жандырғандай болсын деп, биыл жүз тоқсан жыл болып ұмытылған істі алдарыңызға қойдым: бұл әңгіме ақсақалдар аузынан да қалып бара жатыр, сол асықтардың өзі кетсе де, ізі жоғалмасын дедім, біздің де ізіміз жоғалатұғынын ойлап».

«Қалқаман мен Мамыр» – ұлттық тарих сюжетіне құрылған қазақ жазба әдебиетінің алғашқы поэмаларының бірі. Стилистикалық жағынан жетілдірілген, мазмұн желісіндегі өткір идеяларымен бүгіндері де қызықты. Шындықты суреттеуде рухани негіздер бір жағынан ежелгі түркілік сенімдерге, екінші жағынан мұсылмандық ғұрыптарға сүйеніп шендестірілетіндіктен поэма терең мағынаға толы.

Сюжет Тобықты руының бір бірін шексіз сүйген жастарының махаббаты жайлы халық аңызына негізделген. Мамыр – ұлды болуды армандаған ата-анасының жалғыз қызы. Олар сондықтан да болар оның ұлша киінуіне қарсы болмайды. Жастайынан ат жалында өскен, даланың еркекшора қызы өз отбасының ырғақты өміріне де етене, жігіттерше құрық сүйреп жылқы бағудан да қашпайтын.

Қалқаман – қазақ қоғамындағы беделді адамдардың бірі Өнет бабаның немересі. Жастар бірін бірі сүйіп қалады. Бірақ қыз ескертеді:

Қыз алған жоқ жақыннан Тобықты әзір,
Өлтірем деп жүрмесін бізді қазір.
Өзімді аяп тұрғам жоқ, сізді аяймын,
Сен сау болсаң, болар ем мен-ақ нәзір

Кейіпкерлер басындағы шырғалаң жағдайдың себебі сонда: Қалқаман мен Мамыр бір рудан тараған, аталас адамдар, ал қазақтарда ежелден келе жатқан салт – туыстық жеті атадан аспаса, некелесуге тыйым салынады. Бабаларымыз ежелден енгізген бұл ғұрып ғылымда экзогамия деп аталады Оның мақсаты – қан аралас туыстар арасына да некелесудің зиянды салдарының алдын алу. Ескі ғұрыптың тағы бір маңызды сыры, әйелді өз ортаңнан алмай басқа рудан, егер алыс рудан алсаң, тіптен жақсы. Осындай некелер ұлан-байтақ аймақты мекен еткен қазақ жүздері мен руларының туыстық түйінін бекітіп, халықтың бірлігін нығайтқан.

Дегенмен Қалқаман ескі моральдың сарқыншағының мағынасыздығын барлық күш жігерімен дәлелдеп, сүйіктісінің көзін жеткізеді:

Мамыр-ау, айтып тұрсың әлде нені,
Шариғат қосады екен немерені.
Қайғы ойлап жаман ырым айта берме,
Алаңсыз сүйген болсаң анық мені.

Жас жігіттікі дұрыс, шариғат заңы бойынша жақын туыстар арасында неке рұқсат етілген. Бірақ сахарада мұсылмандық барлық

істе бірдей басшылыққа алына бермейді. Қазақтардың көптеген ұрпақтарының санасында ислам қағидаларымен жымдаса отырып, ата салты өсиет ретінде қатты сақталады.

Сөйтіп, Қалқаман мен Мамырды бір-бірінен айырап күш табылмайды, екеуі өмірлік серік болуға уәде байласып, оны елге жария етеді. Ел іші дүрлігеді. Бұл оқиға ата баласының атына масқара болады, сондықтан билер ата салтын бұзғандары үшін оларды өлім жазасына бұйырады. Әсіресе, қыздың беделді туысы Көкенай қатты мейірімсіздік көрсетіп, ымыраға келмейді.

Біраз уақыт өткен соң, бір күні, Мамыр төркініне келеді. Көкенай асықпастан елдің көзінше садақпен атып оқты жүрегіне қадайды. Мамыр өледі. Поэма тек кейіпкерлердің лирикалық көңіл күйлерін ғана емес, зұлымдық жайлаған айнала әлемнің жай-күйінен де хабардар етеді. Тыйым салынған неке бұзылды, енді жігітті жайына қалдыру артық болмас еді. Әйтсе де қыздың туыстары Әнет бабаға үзілді-кесілді талап қояды: «біз бетімен кеткенді жазаладық, енді жолдан тайғанды құрту сендердің кезектерің» дейді.

Дала жазагерлерінің уәждері түсінікті: басқа жастар ендігәрі ондай жаман қадамға бармас үшін де жаза қатал болуға тиіс; Мамырдың өлімі мәңгілік өлім емес, өйткені онымен бірге адамның сүйеге құштарлығы өлген жоқ. Әнет-бабаға екі жақ келіскеннен басқа, әдеттен тыс ерекше шешім қабылдауына тура келді. Қалқаман өзіне садақтан оқ ататын Көкенайдың тұсынан атпен желіп өтуі тиіс.

Бабаның нұр жүрегі болды мұздай,
Жазасыз жасқа ешкімнің жаны қызбай.
Мысалы көз алдында тұрған жоқ па,
Қойдыңдар Абайға да не қылғызбай?

Шәкәрімнің бұл авторлық пайымдауларында өз заманының рухани жағдайларын ХҮІІІ ғасырдың тарихына телиді. Абай өмірінің шынайы жағдайларын айтпастан, ақын оның есімін батыр бабаларының шұғылалы қатарына қояды. Олардың әрқайсысы қатып-семген ортаға қарсы тұрып, адамның рухани тәжірибесінің

зор екенін танытты. «Сіздер» деп отырған көпшілікке арнауында Шәкәрім зұлымдық пен жауыздықты жақтаған қазақтың тарихы қаншалықты қатерлі екендігін көрсетіп береді.

Сондай-ақ Шәкәрім баяндап отырған оқиғаға өзінің көзқарасын жасырмайды, автордың көзқарасы бір ынғайда емес. Бір жағынан, ол – тәрбиесі мен сенім тұрғысынан мұсылман. Екінші жағынан – ана сүтімен қазақтың көшпелі әлемінің этикасын сіңіріп, түркі бабаларының заңдары мен дәстүрлерін құрмет тұтты. Содықтан да Шәкәрім Қалқаман мен Мамырды сөкпейді, бірақ бірыңғай олардың жағына шығып та кетпейді. Басқа діни жүйелер тұрғысынан қарағанда мәжусилікке жатқызылуы да мүмкін ежелгі заңдарды сақтаушы Көкенайды да бірыңғай кінәламайды. Тек қана Қалқаманға қатаң жаза қолдануға үкім шығарған кезде, мұны зұлымдық деп білген автор тобықтылардың қатыгездігін құптамайды.

Қалқаманның астындағы аты жүйрік болды ма, әлде сүйіктісі өлген соң қайғысына көктен мейірім жауды ма, Көкенайдың жебесінің оғы батырды тек жаралайды. Оның ғайыптан тайып аман қалғандығына қарап, ағайындары ғашықтардың қылығын ғана көрсе, Құдай олардың жүректерін көрген деген түйінге келуге болады. Қалқаман сол бетімен елді енді көрмеске серт беріп басқа өлкеге, оңтүстікке, аттанады. Ол ойланбастан, сүйіктісін өлімге душар еткен тобықтылар арасында мұнан ары тұра алмасын білді. Қаһарман ата жұртын тастап бара жатып былай деп болжайды:

Назасы нақақ жастың қате кетпес,
Деймісің қалмақ сені тентіретпес.
Мамырдан қалған жанның керегі не,
Ісім ақ, қосылармын, еш нәрсе етпес.

Көп өтпей Қалқаманның айтқаны келді. Келесі жылдың көктемінде жоңғарлар (қалмақтар) қазақ даласына қарай жылжыды. Ғашықтардың бақытсыз тағдырлары барлығының сорына айналды. Шәкәрімнің Қалқаман мен Мамыр махаббаты жайындағы поэмасы халықтың тарихи өмірбаяны фактілерінің көркем айғағындай:

Қазақты ол ұрыста қалмақ алды,
Үш есенің екеуін қырып салды.

Жеңілген соң тұра алмай Сыр бойында,
Арқаға қазақ ауып кетіп қалды.

Ақынның «тарихи» ойы поэманың қорытынды шенінде автор атынан беріледі. Ол Қалқаманның ұрпақтары бір кездері поэманы оқып, Шыңғыстаудағы туыстарын міндетті түрде табатындықтарына сенеді.

Көктемде Семей мешітінен елге уағыз айтуға шыққан молданың Абай ауылында қонақта болғандағы әңгіме ел есінде. Келген молдаға Шәкәрімнің «Қалқаман – Мамыр» поэмасы тіптен ұнамапты. Қонақтың айтуына қарағанда, шын мұсылман тас мүсіндерге табынған қараңғы ата-бабасының шарифатқа қайшы келетін ғұрыптарын дәріптемеуге тиіс. Қасиетті Құран кітабында мұндай ғұрыптар жөнінде ештеңе айтылмаған, сондықтан да «біздің» дінімізде оларға орын жоқ. Шәкәрім ата-баба ғұрпын дәріптегендігін, керісінше, сол кездегі адамдардың салты мен ғұрпы шын мәнінде қандай болғандығын көрсеттім деп жауап берді.

Молда үзілді-кесілді қарсы бола отырып, адасқандықтан болған ескі оқиғаларды жырлағаннан, ақиқат сенімді – иманды айту керектігін ескертті: адамды байлыққа тек иман ғана жеткізе алады. Сондықтан да адамға тірек болатын қағидаларды ұстану қажет. Бірінші қағида: мұсылман Алла хақтығына және бірлігіне, жалғыздығына, мойынсұнуы қажет. Екінші қағида: күн сайын бес уақыт намаз оқып, құлшылық ету. Содан кейінгісі: кедейлермен табысыңды бөлісу, ораза ұстау және, мүмкіндік жетсе, қажылыққа бару.

– Молдеке, біз мұның барлығын жақсы білеміз, – деді Абай уағызшының сөзін бөле. – Жаңағы мұсылмандық парыздарына халықты оқытып ағарту, білім беруді қосып қойса, жаман болмас еді, сонда сіз де ата-баба салтына төзімділікпен қарар едіңіз.

Молда түнеріп үндемей қалды.

Кекесінің тігісін жатқызғысы келген Абай:

– Дегенмен ғылымды оқып игеру үшін Құдай әрқайсымызға ақыл берді. Сіз айтқандай, білім болмаса, шын сенім де, байлық та болмайтынына кәміл сенімдімін. Білімсіз намаз да, ораза да, қажылық та мақсатына жете алмайды. Надандар ғана тонаушылықпен байиды. Қарақшылық жолмен байығандардың

ішінен оны игілікті іске жұмсағандарын мен бұған дейін көрмеппін. Иттік жолмен тапқан дүние итше жұмсалады.

Шәкәрім осы діни таластардың әсерімен өлең жазды, бұл өлеңін әлі күнге шейін әртүрлі мағынада түсінеді. Ол қазақ даласындағы мұсылмандықтың қорғаушы тірегі молдаға көне дінді ұстанушыны қарсы қойғанда тәңіршілдікті жаңғыртқысы келмегендігіне күмән жоқ. Бағзы грек құдайлары секілді әлемнің таңын қарсы алса да, ескі құдайларды да мадақтағысы келмеді. Шәкәрім түркілік тарихтың мыңдаған жылдық тарихын бойына сыйдырған дәуірлердің шексіз тереңдігін іштей сезінді, алайда исламды да жоққа шығаруды ойлаған да жоқ.

Бұл өлең «Қалқаман мен Мамыр» поэмасының соңғы сөзі іспетті, ислам шапанын киген Тартюф шығарған даудан туған ахуалға жауап іспетті. Өлең сонысымен де көкейтесті. Өлеңнен тек осыны ғана емес, бір кездері Шоқан Уәлихановтың (1835 – 1865) Петербордағы Апполон Майковқа жазған сахарاداғы дінге сенушіліктің өзгешелігі туралы жайтты қозғауымен де өзекті. Ақын «адасқанның» бейнесін былайша суреттейді:

Тәңіріні іздеп бір мұңғыл
Тас суретке шоқынса,
Өлсе де болып соған құл,
Иманын бұзбай отырса.

Атақ, пайда іздемей,
Айында мақтан жоқ болса.
Қиянатты көздемей,
Қанағатқа тоқ болса.

Мұндай сенушінің өзі өмір сүрген о дүниесі туралы түсінігі табиғи және риясыз. Ал алымқорлық салдарынан «өз заманын бұзған» екіжүзді, прагматик молданың іс-қылығы мұндай емес. Өлеңнің екінші бөлімі осындай екіжүзді молданың бейнесіне арналған:

Молдеке, сен танданба,
Сол кіреді бейіске.

Екі жүзді сандалма
Сен қаласың кейісте.

Құдайың мен дүниеге
Кезекпе-кезек шоқынсаң,
Инедей пайда тие ме,
Мешітте мың жыл отырсаң?!

Ақын мұнан соң «әулие адамның», «адасқанның», сенімі ақиқат жолы екендігі туралы сыр ашады. «Тәңірге сенуші» мен «мешітте отырғанның» бейнелерін қарама-қарсы қоя отырып, Шәкәрім соңғысына былай деп ескерту жасайды:

Иман да сол, дін де сол –
Адаспайтын айқын жол,
Күнде, мейлің ыза бол,
Бейіске анық кіреді ол.

Бұл кездері Шәкәрім Сарыарқада белгілі ақын ретінде танылып қалған болатын. Білімді, көзі ашық адамдардың көбі оның өлеңдерін жазып алып кетіп жататын. Қазақ әдебиетінің білгірі Садуақас Мұсаұлының Абай өлеңдері, Қарауыл руынан шыққан Арыстанның, Тобылбай ақынның, Шәкәрімнің, Мәшһүр Жүсіптің, Сәдуақастың, өзінің және бір қатар шығармашылардың өлеңдері бар дәптері сақталған. Дәптер 1884 тен 1891 жылдар арасында толтырылған, қазірде Санкт-Петербургтегі Салтыков-Щедрин атындағы кітапханада А.Н.Самойловичтің қорында сақтаулы тұр.

Шәкәрім замандастарының көбін дала мәдениетіндегі ерекше жанр – философиялық өлеңдер таңдандырады. Мысалы, тақырыбы қарама-қарсы екі сөзден тұратын «Анық пен танық» (1889) өлеңі мынадай оймен басталады:

Ойлаңыз, ақыл-білім қайда болмақ,
Денеде қандай орын-жайда болмақ?
Білу, нану, ұнату – ақыл ісі,
Қайтсе зиян, қайткенде пайда болмақ?

Тән сезіп, құлақ естіп, көзбен көрмек,
Мұрын иіс, тіл дәмнен хабар бермек.
Бесеуінен мидағы ой хабар алып,
Жаксы, жаман әр істі сол тексермек.

Бұл ой толғаулардың өзіндік сонылығына дау жоқ. Шәкәрім бұл ойларды мәселе етіп қойып, философиялық санаттарды өлеңге енгізуі философиялық білімдердің інжу-маржандарын құрайтын әртүрлі дәуірлердегі концепцияларды терең білгендігінен емес еді. Ол шығыс ақындарының философиялық лирикасын білгенімен, батыстың кейбір философтарының шығармаларымен тек жақында ғана таныса бастаған болатын. Талапты ақылы оны танымның терең шытырмансына өзі тартқандай. Осының ықпалымен ол өлеңмен философия ұсынуға батыл қадамдар жасады: сауал қойып, оған жауап іздеді; шаттанды, таңданды; ақиқат пен жалған сияқты метафоралық нышандарды ойталқыға салды, шендестірді. Өлеңіне де осыған орай ат қойды.

Алайда озық философиялық шығармалары әлі алда еді. Әзірше Шәкәрім алғашында қарапайым атпен «Әділетсіз жаза» деп атаған «Еңлік – Кебек» поэмасын жазуға отырды.

«Қалқаман мен Мамырдағы» сияқты, «Еңлік пен Кебек» бірінші басылымына (бұл соңғы атауы кейіннен бекітілді) автор кіріспе сөз арнады:

«Бұл әңгіме – 1780 жыл шамасында осы Шыңғыс тауында Матай мен Тобықты арасында болған іс.

Шаригатта әкесінің атастырғаны жас қызға неке есепті десе де, өзге дүниелік пайдасын ойламай, жалғыз ғана қызының қамын ойлап берер дегені. Әйтпесе, жас баланы сатып, пайдаланып, еріксіз кем-кетікке беріп, обалына қал демейді. Мен соны ойлап, Еңлік – Кебекті соншалық жазалы демеймін».

Шығарманың негізін бейнелі тілде жазылған махаббат тарихының драмасы құрайды. Шәкәрім ғашықтар тарихын мазмұндаумен шектелмей, дәстүрлі қоғамның анағұрлым қайшылықты деген әдет-ғұрыптарын сынға алу арқылы заманың барынша қанық бейнесін жасайды. Оның поэмасына замандастарының қызығуы да осыдан. Өйткені XIX ғасырдың

аяғында Шәкәрім суреттеп отырғандай отбасылық драмалар әлі де болып жататын. Көбінесе қомақты қалың мал алып қыздарды сүймеген адамына ұзатып жататын. Солай бола тұра қазақ қыздарының арасынан көшпелі қоғамның ғасырлар бойғы дәстүріне, өмірлеріне төнген қауіпке қарамастан, әкесінің әміріне қарсы шығып сүйгеніне қосылуға бел байлаған Еңлік сияқтылар да бар болатын.

Дәстүрлі қазақ қоғамында екі елдің құдаласқан батасын бұзу зор күнә саналған, бұған мүлдем тыйым салынған. Мұндайда билер соты, ел ақсақалдары дәстүр бұзылмауын жіті қадағалап отырған. Билер соты бұзылғанды тезге салып, басқаларға үлгі болсын деп қатаң жазалап отырған. Қаншалықты оқыс, тосын болғанымен, Еңлік-Кебек оқиғасы осы жолдан таюдың, дәстүрге ашық қарсылықтың айғағы ретінде жазаға ұшырауы сол заман заңына қиғаш емес еді.

Дәстүрді құрметтейтін Шәкәрім осы қатал архаикалық үстемдіктен қалай арылудың жолын сілтемейді. Мұны уақыт өзі түзеді. XX ғасырда советтік билік көшпелі қоғамды түбірімен жойды, сонымен бірге қазақ жүрегіне әлдебір сүйкімділігімен, майдалығымен жақын ескі салт-дәстүр де келмеске кетті, тек шашыраңқы түрде біздің заманымызда да кейбір тұрмыстық, үйлену, өлік жөнелту рәсімдерінде көріністері ғана сақталып қалған.

Қыздарын тек ата-аналарының айтқанымен күйеуге беру біздің кезімізде жоқтың қасы. Сөйтсе де «Еңлік – Кебек» поэмасы нағыз әдеби шығарма ретінде бүгінгі күн үшін де қызықты екендігімен қызықты. Барлық эпизодтар мағынасы мен сюжеті жағынан бір-бірімен тығыз байланысты, кездейсоқ, дәйексіз жайт жоқ. Сондықтан да жеке бастың махаббат оқиғасы әлемдік аңызға айналды, өйткені «Еңлік – Кебек» – бақытқа жету жолы туралы поэма. Поэма адамдар үшін тарихи өткеннің маңызы қандай екені жайындағы философиялық ой толғаудан басталады. Мынау содан үзінді:

Өткен адам болады көзден таса,
Өлді – өшті, оны ешкім ойламаса.
Ол кетсе де, белгісі жоғалмайды,
Керектісін ескеріп, ұмытпаса.

Мұнан соң ақын «Қалқаман-Мамыр» поэмасына арқау болған тарихи құбылыстардың үзілмей жалғасқанын көрсетпек оймен сөзді XVIII ғасырдың шешуші оқиғалары жөнінде өрбітеді. Автор жоңғар шапқыншылығы қазақтардың жауды қашырумен қалай аяқталғандығының суреттемесін береді. Кейбір қосымшаларды түсіндіру үшін Шәкәрім оқрманды 1911 жылы басылып шыққан «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресіне» сілтейді.

Автор Кеңгірбай бастап тобықтылардың Шыңғыстауға оралуын ықшамдап қана баяндайды. Тобықты мен Матай рулары арасындағы жерге таласу бітіспес жауласуға дейін апарғаны айтылады. Осындай жағдай болып тұрғанда батыр жігіт Кебек пен сұлу бойжеткен Еңлік кездейсоқ кездесіп қалады.

Бірде сәуегей абыз Нысан тобықты Кебекке бір бойшаң әдемі қыздың жолында құрбан болатынын болжап береді. Айтқанындай, боранды далада бүркітпен аң аулауға шыққан Кебек адасып кетеді. Қар басқан матайлардың қыстағына тап болған кезде, ондағы отбасын: шал мен кемпірді, малшы бала және таңғажайып сұлу қыз Еңлікті кездестіреді. Бірінші түні-ақ, үй ішіндегілер ұйқыға кеткен соң, жігітке қыз өз өмірінің бақытсыз тарихынан сыр шертеді. Оны өзі жек көретін, жанына жолатқысы да келмейтін байдың ұлына атастырып қойыпты. «Айтшы батыр, менен де бақытсыз бар ма екен?» – деп сыбырлайды Еңлік. Күтпеген жерде пайда болған жігітті өзіне балаған қыз ашық кетеді, өйткені жігітке ғашық болып қалған еді.

Бүгін мұнда кез болдың құдай айдап,
Атыңды естіп жүруші ем сырттан сайлап.
Тысыр болса, талғамай тап берер деп,
Түні бойы сынадым, сізді абайлап.

Мен татысам, жігітсің маған татыр,
Міне, осындай ішімде қайғым жатыр.
Ойнас емес, өмірлік жолдасым деп,
Беремісің уәде, Кебек батыр?

Кебек таңырқаңқырап, аздап сақтанады. Айтар сөзін ойланып, оның сезімін нақтылай тексергендей, қызды райынан қайтармақ

болады. Жас күйеуінің әлі-ақ есейіп, аралары тәтті болып кететіндігін айтады. Еңлік мысқылмен жауап қайтарады:

Таң қалам бұл сөзіңе,
Ұқсамайды түндегі мінезіңе.
Егер де біреу айтса ұнар ма едің,
Талап қылма, талпынба деп өзіңе

Өйтіп уағда бермесең, әуре етпе,
Тең көрмесең, телміртіп тентіретпе!
Қайда барсаң обалым жібермейді,
Бірақ осы сөзімді ұмытып кетпе!

Ішкі тәртібі мен ел ішіндегі ахуал Кебекке бұларсыз да Тобықты мен Матай рулары жауласып отырғандығы, руаралық соғысты бастауға сылтау таппай отырғандығын ескертуге мәжбүр етеді. Егер ол қазір түнде қызды алып кетсе, матайлар сол сәтте-ақ барымталап тобықтының малын айдап кетеді де, рулардың арасы ушығып арандайды. Батыр болжаған оқиғалардың соншалық өрбитініне қыз сенбейді, ол тек сезімге ғана берілген, сезімнің айтқанын ғана істемек:

Кімнің көзі жетеді күні ертеңге,
Теңін тапқан сені мен жалғыз мен бе?
Ел шабысып кетті ме соның бәрі,
Алып қашып алды ғой талай пенде!

Шәкәрім кейіпкерлері де, Шекспирдің Ромеосы мен Джульеттасы сияқты, қоғамның кертартпа наным-сенімдері мен алауыздыққа наразы. Бірақ бетпе-бет күресерге дәрмен жоқ, сондықтан елден қашып тығылады. Осы арқылы сүюге, бақытты болуға қақылары бар екендігін көрсетеді. Сүйіспеншілік пен сахараның ескірген ережелерінен олар махаббатты артық көреді. Сол үшін ру басыларының ұйғаруымен азапты өлім жазасына тартылды.

Ол кездері ел билігі Тобықтының рубасы Кеңгірбайдың қолында еді. Шәкәрім құрмет тұта атайтын, киелі Қабекең екі

ғашықтың өмірінен гөрі, ру үшін бейбітшілік маңызды дегенді меңзейді. Тобықтылар Еңлік пен Кебектің тығылған жерлерін көрсетіп береді. Рас, бұлар енді екеу емес үшеу еді. Еңлік ұл туып алған болатын. Матайлар тап беріп Еңлікті ұстап, баланы тартып алады. Қолындағы қанжарымен қорғанған Кебекті қоршауға алып, ақыры оны да ұстайды.

Қашқындардың қолдарын байлап үкім шығаруға Найман тайпасының басшылары жиналған Ащысу өзені жаққа қарай, Алыс Ақшоқы жоталары етегіне, әкелді. Сот сахнасы адамшылық пен қатыгездіктің арасындағы қақтығыстың қаншалықты терең екендігін көрсетеді:

Кейбіреуі таспенен атпақ болды,
Кейбіреуі дарға да аспақ болды.
Аяғында мойнына арқан тағып,
Атқа байлап сүйретіп шаппақ болды.

Тобыр «Бейне бір соятұғын малға балап» жастарды қоршаған кезде Еңлік не боларына көзі жеткендей болып («әйтеуір өлтіруің тұр ғой дайын»), «үш тілегін» орындауларын сұрайды:

Кебекпен мені аз ғана араздастыр,
Өлген соң бірге қосып таспен бастыр,
Мына бала – Тобықты баласы ғой,
Мұны өлтірме, Кеңгірбай биге тапсыр.

Еңліктің тілегін беруге уәде етеді. Бейбақтардың қолдарын шешеді, олар бәрінің көзінше соңғы рет құшақтасып қоштасады. Аттың құйрығына байланған арқанды екеуінің мойнына салады. Атқа қонған қатыгез малғұн топ «Матай! Матай!» деп ұрандатып құйрығына адам байланған аттарды үркітіп қуа жөнеледі. Осылайша Еңлік пен Кебек қаза болды. Нәрестенің тағдыры белгісіз.

Халық арасында оларға деген жанашырлық сезім күн өткен сайын арта түседі.

Тіршіліктің ағысы мен арнасы

Шәкәрімнің би қызметіне, өзі жақсы атқарған әрі табысы мен пайдасы да бар қызметке, кейін белгілі болғандай, аса көңіл қошы болмаған, мұнысын сырт көзге көп байқатпапты.

«Шын бақыттың айнасы» (1918) эссесінде Шәкәрім өз арман-тілегінің эволюциясын қысқаша суреттейді:

«Әрине, «бозбала» күндегі неше түрлі құмарлық пен істеген істерді айтып тауыса алмаймын. Бірақ онан да әрі көрінген «бақ» оған да тұрақтатпады. Себебі біраздан соң жиылысқа келіп, болыстар әмір жүргізіп, билер билік құрып, шешендер тілін безеп жатқанын дегендей, әлденеше түрлі «адамшылық» атты бір «бақ» кез болды. Мұндай нәрсе адамды қызықтырмай тұра ма? Енді қамшылап, қалың жауға кіргендей-ақ, өзімді-өзім қайраттандырып кірдім де кеттім.

Оның да неше түрлі ақыл-әдісін біліп алсам да, мына жақтағы «дәулет» деген бір тіпті керегіндей «бақ» шыға келді. Ол болмаса ешқайсысының өңі де кірмейтұғын болды, жолы да болмайтұғын болды. «Ой, тәңір-ай! Адам қылғанды адам қылмайтұғын несі бар» деп, белсене қимылдап, оның да мәнісін таптым».

Шәкәрім қырық жасқа дейін, дәлірегі 1898 жылға дейін, би лауазымы үлкен әулеті үшін қаншалықты қажет екенін түсініп, байлықтың соңынан соншалықты түспесе де, едәуір қор жинаған еді. Кез келген оқиға – көршілермен жаңжалдасу, татуласу, отбасы мерекелері, ұлдарын үйлендіру, ас беру – барлығы да үлкен қаражатты қажет етеді, көп мал керек деген сөз. Ол өз-өзіне есеп берген кезде бұл іс уақытының көбін алатынын байқаған еді, оның орнына бұрындары шығармашылықпен айналысқан пайдалы емес пе? Бірақ осылай істеуге мәжбүр болып, оған өзі саналы түрде барды, уақыты мен қайратын құрбан етті. 90-жылдары жазған шығармалары аз дегеніміз болмаса, өлең шығаруда тоқырау болмаған екен. Тоқырау дегеннен гөрі бұл жылдары шаруаға және дау-шар шешуге уақытын көп жіберуге мәжбүр болғандықтан поэзия екінші орынға ысырылған деген жөн.

Шығармашылықпен айналысудың орнына, тұрмыс жағдайын күйттеп кеткендігі үшін Шәкәрім жылдар өте келе өзін қатты

жазғырады. Алайда шаруасы мен лауазымдық міндетін тастап, ештеңеге қарамастан жазуға отыруға оның мүмкіндігі болды ма? Әрине, жоқ. Мұндай мүмкіндік үлкен ұлдары үйленіп, өз алдына бөлек отау болып шығып, ал ретке келіп қалған шаруасы жұтамайтындай жағдайға жеткен кезден бастап қана туды.

Шәкәрімнің осы уақытқа шейін күйкі тірліктің кесірінен орнын таппай жүрген шығармашылық ізденістері Абайды да бейжай қалдырмады. Шәкәрімнің өмір жолдары туралы Абайдың да философиялық тұрғыдан әріден ойлайтындығына әкесінің Ахатқа айтқан оқиғасы куә:

«Мен жайлауда Абай ауылына бардым. Үйде Абай тұрғылас ақсақалдар толып отыр екен. Мен сәлем беріп кіргенде, Абай: «Кімді айтса сол келеді» дегендей, Шәкәрім келгенің жақсы болды. Мен мына ақсақалдарға айтып отыр едім. Мен етек басты болып, білім қуа алмай қалдым. Сол көкsegен арманымды Шәкәрім арқылы орындаймын деп, саған білім қуғызатын болдым. Адам қырық жасына дейін білім жинап, қырық жасында камил толады, ақыл-ой, жігер-қайраты жетіледі. Енді үш жылда сен қырыққа толасың. Шығыс тіліне жетік болдың. Енді үш жылға дейін орыс тілін үйрене бер. Бар қаражатың менің мойнымда, сен осыған дайындал. Кәне осыған келісесің бе?» – деді. Мен: «Барлық қаражат сізден болса, білім алуға неге бармаймын? Бірақ қай жерге барамын?» – дедім.» Абай: «Афин-грек білімі Стамболға жиналған, содан табылады. Араб білімі Меккеде, бірақ Меккеден гөрі Мәдинадан көбірек табылуы керек. Және Мысырдағы Александр кітапханасына барасың. Осы төрт жерге барып, тарихи орындарды аралап, керек кітаптарыңды алып, біліміңді толықтырып қайтасың. Сатып алатын кітаптарыңа, жол қаражатыңа жетерлік пұлды өзім беремін. Осыған келіссең, қолыңды әкел», – деп Абай қолымды алып, кісілерге қарап: «Көрдіңдер ғой, Шәкәрім уағдасын берді», – деді. Отырған ақсақалдар: «Көрдік», – десті».

Абай шәкірті Шәкәрімнің шет елдерге сапар кезінде жергілікті жағдайларға көндігуін де ескертеді. Нақты қандай ғылыми орынға я оқу орнына баратынын айтпайды. Абайдың өзі де олар жайында жалпылама ғана білетін. Шыңғыстаулық талапкерге Стамбул, Мекке, Мәдина, Александрия білімнің бағасыз қазынасының есігін

айқара ашады деген сенім қаншалықты қарапайым болса, сошалық заңды да. Абай мен Шәкәрімнің адамзат жинаған даналықты игеруге деген кіршіксіз тілегі бүкіләлемдік кітапханалардың ғана емес, адамдардың жүрегінің қақпасын да аша алатын еді. Оларға қозғау салған Лев Толстой айтқан «энергияның адасуы» еді десе болады. «Энергия адасқанда» жаңа жолды таңдаудың түрлі амалдары арпалысқа түседі.

Әрине, ақсақалдар, Абайдың достары, поэтикалық мектепте жетекші рөлдер атқарған жоқ. Алайда олар Абай үйіндегі рухани көңіл күйге ерекше өмірсүйгіштік леп қосты әрі адал тыңдарман, әрі әділ сыншы болды.

Тіптен, егер поэтикалық мектептің иерархиясын ең қатал өлшеммен түзетін болсақ, онда Мұхтар Әуезовтің 1934 жылы «Әдебиет майданы» журналында жарық көрген «Абай айналасындағы ақындар» атты мақаласында берген бағасын айналып өтуге болмайды. Әуезов Абайдың нағыз шәкірттерін нақты атап көрсетеді:

«Ондай шәкірттері төртеу. Олардың екеуі Абайдың өз балалары – Ақылбай мен Мағауия. Екеуі де әкелері қайтыс болған 1904 жылы өлді. Басқа екі шәкірті – Көкбай мен Шәкәрім. Осы төрт ақын Абай шәкірттері деген сөзге толық сай. Олар өздерінен жасы үлкен ұстаз және жетекшіден тәрбие алып қана қоймай, Абай поэзиясы мен прозасын бағалаушы, таратушы, оқушысы ғана болған жоқ, сонымен қатар, оның жетекшілігінің арқасында өздері де шығарды» .

М. Әуезов шығармаларының өміршендігіне қарай бағалап Абай шәкірттерінің санын кемітіп отыр. Бұл да шындық: қайтыс болғаннан кейін де оқырмандардың ыждаһаты төмендемесе ғана, қаламгер – қаламгер болып қала алады.

Абай мектебі деген ұғым – біз «мектеп» атап жүргеннен гөрі кеңірек ұғым. Кейінгі зерттеушілер Әуезов тізіміне басқа да есімдерді қосты. Олардың қатарында Кәкітай мен Тұрағұл, Әріп пен ақын Иманбасар Қазанғапұлы, ақын, әнші Әсет Найманбайұлы және тіптен Ақылбайдың ұлы, сатирик, кейіннен мысқыл, күлдіргі өлеңдер жазған Абайдың немересі Әубәкір де бар.

Ал шәкірттердің өздері бұлайша жіктеу жайында ойланбаған болар. Сөйткен күннің өзінде олар өздерін қандай-қандай сатыға қоя алар еді? Сол жылдары өлеңдер мен поэмалар шығарушылардың ішінен кім – аса көрнекті ақын, ал прозаиктерден кім – нағыз жазушы екендігін анықтау кімнің қолынан келер еді? Бұған сол заманда «поэтикалық мектеп» деген ұғымның өзі дәстүрде болмағанын қосыңыз. Ақшоқы мен Жидебайда «Абайдың поэтикалық мектебі» деген көрсеткіш белгі де жоқ. Жастар тек қана «Абайға барайық» дейтін. Абайдың рухани мәдениетін ділмен танудың амалы болған осы үндеу ақындық шеберлік мектебінің ықпалының белгісіндей. «Жастарға» деген памфлет-үндеуінде Шәкәрім осыны жария етті:

Кел, жастар, біз бір түрлі жол табалық,
Арам, айла, зорлықсыз мал табалық.
Өшпес өмір, таусылмас мал берерлік,
Бір білімді данышпан жан табалық

Ал, енді, олай болса, кімді алалық?
Қазақта қай жақсы бар көз саларлық?
Шын іздесек табармыз, шыны ғалым,
Күнде күйлей бермелік бозбалалық.

<.....>

Жүз айтқанмен, өзгенің бәрі надан,
Жалыналық Абайға, жүр баралық!

Ақынның бұл үндеуінің екі ерекшелігі бар: қазіргі жастар жаңа жол іздеудің қамын ойлауға тиіс екендігін айтады; осы жолды қорғаушының ретінде ақынның өзі имани құндылықтардың жаңа жүйесін ұсынады. Бұл тұста «шын ғалымның», «білімді данышпанның» «қазақтың қай жақсысынан» да табыла қоймайтыны туралы Шәкәрім ойында да терең мән бар деу қажет.

Ұстазымен Шығыстың мәдени орталықтарына білім іздеп сапарға шығу жөнінде келісім жасаған соң, Шәкәрім үлкен құлшыныспен бұрнағы жылдардағыдай өз бетімен білім үйренумен айналысып кетті. Әлі де болса би ретінде атқаратын қызметін де ада-

күде тастап кетпеді. Бірақ айтыс-тартысты шешуге көп араласпай, көбінесе уақытын үйде жазумен, оқумен өткізді. Үлкен отбасының ортақ шаруашылығын жүргізуді екі жыл бұрын үйлендіріп, өздерімен бірге көшіп жүретін кішірек ауыл етіп бөліп қондырған үлкен ұлы Суфиянның мойнына артқан еді. Суфиян қақаған қыс кезіндегі қытымыр тірліктің де оңтайын таба алатын азамат болып қалған болатын.

Шәкәрім кіші ұлдарының жайын да назардан тыс қалдырған жоқ. Жетіге толған Қабышты жазуға үйретті. Он бір жасар Ғафурдың оқуға деген ықыласын нығайтуға тырысты. Ол кездері ол молда (мұғалім) ұстамайтын, мұғалімді кейіннен жалдады. Балаларға жан-жақты білім беру жөнінен ол – Құнанбайдан бастап Құдайберді мен Абай жалғастырған жолдан таймады. Сондықтан да ұлдарына бастауыш білім берумен өзі айналысуына тура келді. Тәрбиелеу мен оқытуда ол төзімді және шексіз мейірімді еді. Мұндайда Абайдан үнемі еститін ең ұнамды сөздерді дәйім ескеріп отырды. «Адам халыққа пайдасын тигізуі қажет. Егер пайда әкеле алмасаң, онда ең болмаса зиян келтірме» – деп бір кездері өзіне кезінде Абай үйреткен, Ғафурға бұл да соны айтты. Ол балаларына ұстазының тағы бір: «Ең бастысы – адалдық. Әрқашан адал болыңдар. Адалдықтың арқаны ұзын (есте қалуы ұзақ)» деген накылын қайталап отыруды жақсы көретін.

Шәкәрім өзіне де уақыт тапты: киімді ойындағыдай етіп өзі пішіп, өзі тігетін, өмір бойы бұл өнерін тастаған жоқ. Ұсақ әр түсті тастармен өрнектеп, күміспен күптелген тері белдік пен кестелі шекпен, шапан дайындау ұдайы айналысатын сүйікті ісінің бірі болды, бірақ мұнысын өз үй ішіне көрсетуді де қажет санамайтын. Тек кейде өрнек, әшекейдің кейбір бөліктері туралы ойларын Айғаншаға ғана айтып пікірлесетін. Күйеуінің би істерінің қамын бірыңғай күйттеп кетпей, отбасы жайын мұқият ойлайтынына көңілі қош Айғанша оның жасаған бұйымын шынымен мақтайтын. Өйткені көрші-қолаң, әйелдердің ықыласы осында, олар да мұны көп дәріптейді.

«Осыдан соң (Абаймен уағдаласқан соң. – Автор) мен орыс тілін жете білуге бар ынтамды салып, еңбек етуге айналдым. – Бұл Ақат екеуінің әңгімесінен. – Басқа жылдарымнан гөрі, осы

жылдарым пайдалы жылдар болды. Өзім білетін шығыс тілдерін де тереңдей зерттеп, кемшілігін толықтырдым».

Орыс тілі мен шығыс тілдерін тереңдетіп оқығанда уақытының көбін Пушкин мен Лермонтовтың өлеңдерін, Толстойдың әңгімелерін, сонымен қатар парсы, түрік және араб тілдеріндегі кітаптарды оқуға арнады.

Шәкәрімді Физулидің оғұз түркішесімен жазылған «Ләйлі – Мәжнүн» поэмасы ерекше тебіrentті. Физули шығармасының көркемдік жетістігін бағалай келе мұның Ләйлі мен Мәжнүн туралы көптеген аңыздардың ең үздік нұсқасы екендігін түсінді. Жас кезінде ол, әдеттегідей, Абайдың ұсынуымен Низамидің поэзиясын парсы тіліндегі нұсқасынан оқыған, бірақ парсыша түсіну оңайға түспеген, ол кезде Шәкәрім парсыны енді ғана игере бастаған еді.

«Ләйлі – Мәжнүн» поэмасын бірінші болып Низами жазды. Ал 1535 жылы Физули Низамидің данышпан ойынан туған трагедиясын қайта қарап, оны халық ауыз әдебиетінің жетістіктерімен байытып, адам мінездерінің тірі галареясын жасап өзінше жырлады.

Шәкәрім Абайдың «Ләйлі – Мәжнүн» поэмасын әйтеуір бір кезде қазақ тілінде жаңғыртқысы келетінін есіне алды. Енді, міне, Физулиді оқығаннан кейін ұстаз тілегін орындауға болатынын түсінді. Абай оның шешімін мақұлдады. Тек бір нәрсеге көңіл аудару керектігін ескертті, ол – Шәкәрім Физули шығармасын қайта оқығанда оның астарынан көз жеткізген сопылық сарындар еді. Басында сюжет шытырмандығына беріліп қалған ол мәтіндегі шашыраңқы мистикалық теңбілдерді ежелгі авторлардың фантазиясына теліп, әдеттегі ойдан шығарылған ертегілік қиял деп қараған еді.

Оны байқаған Абай сопылық ешқашанда нақ көрінбеуі қажет, дайындықсыз оқырман поэманы дәл сол ертегідей түсінуі тиіс деп жұбатты. Жасырынып тұрған бүркеменің мәні сонда, өте шебер жазылған шығармада сопылықтың астары тек білетіндерге ғана түсінікті болады, бұл – мистикалық ілімнің негізгі қағидаларының бірі.

Ұстазы шәкіртіне аудармаға кірісуге батасын беріп табыс тіледі. Абайдың өзі де қазақ даласын әлемдік әдебиеттің үздік шығармаларымен таныстыру үшін аудармамен айналысуым

қажет деп санайтын. Осындай бағдарлы мақсатты өзінің ақындық айналасындағылардың алдына да қойды.

Шәкәрім Низами, Науаи, Жәмилермен қаймықпай жарысқа түсіп, іске құлшына кірісіп кетті. Ол поэманы күнделікті тіршілікте алдымен нені ойлау қажеттігі туралы бағдарлы сөзбен аяқтайды:

Жігіттер, ендігі сөз – менің сөзім,
Мәжнүннен аз-ақ кейін көрген күнім
Мен ондай қызға ғашық болмасам да,
Ғарыппын дерті қалың, шын осыным.

Іздеген ғашық болып бес нәрсем бар,
Берейін атын атап ұқсаңыздар,
Махаббат, ғаделет пен таза жүрек,
Бостандық, терең ғылым, міне, осылар.

Бұл ерекше шегіністе «бес нәрсенің» түйінін махаббаттары «ажалдай берік» («Сүлейменнің әніндей ән», 8-тарау) бескейіпкердің тарихымен салғастыра келе Шәкәрім биік адамгершіліктік және азаматтық ұстындарды паш етеді. Ақын туған елінде осы «бес нәрсенің» жолы болмай тұрғанына қынжылады.

Қазақта қайдан болсын терең ғылым,
Түбі арам айла қуған өңкей жылым.
Іздеген бес ісімнің бірін таппай,
Не болды қайғы болмай көрген күнім?

Абай шәкіртінің сыншыл тұрғысын қолдап, «Жетінші сөзінде» былай дейді:

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарланып жиган қазынамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы еді. Тәннен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық... Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Құр көзбенен көрген біздің хайуан малдан біздің неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде, хайуаннан да жаманбыз. Хайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк

білмейміз, біз де білеміз деп надандығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

Абай мен Шәкәрім егер ұлтына әлемдік әдебиетте бұрын болмаған қатал сыншылдықпен ғана қараумен шектелсе, шынайы жасампаз бола алмас еді. Мұндай сын, оны өнердің өзі еңсерсе ғана, өнердің пәні бола алады. Нағыз көркем шығарма өмір сүйгіштік идеяны ұстануы қажет. Әйтпесе, шығыстық поэма уағыздар жиынтығы болып көрінер еді, ал «Қара сөздер» жалықтырма насихаттар жинағына айналар еді.

Шәкәрімнің поэма соңындағы сыны бүкіл поэманың лейтмотивін, махаббат күшіне өмір нығайтатын күдірет ретінде сенуді, нақтырақ көрсетіп береді.

Автор негізінде оқырмандарды кездескен қиыншылыққа қамалып қалмай, өмірінді әзірше алынбас қамалдай болып көрінетін бес асыл қасиетке ие болуға арнап, алға басуға шақырады:

Жарамас сөз ұғуға сыртқы құлақ,
Іштегі құлағыңмен тыңда, шырақ!
Бұлар жоқ дүниеде деп ойлама,
Қазақта ол бесеуі болмас бірақ.

Ол қайдан табылсын деп ойыңа алма,
Елде жоқ нәрсе ғой деп айта салма.
Ақылға мүмкін істің бәрі мәужүт,
Өлгенше ізденіп бақ, қапы қалма.

Абай Шәкәрімнің шығармашылық әлеуетінің зор екендігін байқап қатты қуанды. Оған шәкірті шығарған «Ләйлі – Мәжнүн» поэмасы ұнады, Шәкәрімді ақырында өзі өмірін арнаған істі лайықты жалғастыратын жан деп таныды.

«Ләйлі – Мәжнүн» поэмасына келетін болсақ, Шәкәрім қандай да бір атақты әдеби үлгінің сарынымен жазылатын, шығыс дәстүрінде «нәзира» (жауап) деп аталатын шығарма тудырды. Назира талабы бойынша фабула, негізгі кейіпкерлер, бастапқы шығарманың өлең өлшемі өзгермейді, бірақ та шешуші идеяларды басқаша баяндауға, сюжет тармақтарын өзгертуге болады.

Шәкәрім жалпы поэманың дәстүрлі композициясын сақтаған. Онда талаптағыдай кіріспе, шарықтау шегі, байланыстар бар. Дегенмен сюжеттік желілер мен автордың өзіне ғана тән, мазмұны ерекше ремаркалар қосылды. Автор кіріспе сөзінде «махаббат туралы қазақтар не біледі» және «оларға Шығыс поэзиясы таныс па» деген сауалдар қояды. Абайдың шумақтарынан аттары белгілі шығыс ақындарының есімдерін қайталау арқылы ұстазына деген құрметін білдіреді:

Ғашықтық – махаббаттың ең күштісі,
Жүрекке қатты орнығар басқан сайын.

Науаи, Сағди, Шәмси, Физули бар,
Сайқали, Қожа Хафиз, Фердаусилар.
Бәйітші, елден асқан шешен болып,
Әлемге сөздің нұрын жайған солар.

Ләйлі мен Мәжнүн тарихын «шын ғашықтықтың» үлгісі дей отырып Шәкәрім оқырман назарын ақын бейнесіне, «Ондай ғып еш бәйітші жаза алмаған, Нақысын шын келтіріп қаза алмаған» «Бағдадтан шыққан Физулиге», бұрады.

Қазақ ақыны өзінің ізашарын қадірлей отырып былай деп мойындайды:

Кітабын Физулидің іздеп тауып,
Кез болды былтырғы жыл азар маған.

Шәкәрім хикаясын «Ғарапта бір бай болды дәулеті асқан» деп бастайды. Осынша дәулеті бола тұра бір перзентке зар болыпты. Автордың «Құдайдан бір мирасқор бала сұрап Малының садақаға бәрін шашқан» дегені қазақтың «Көп тілегі – көл» деген ырымына сәйкес келеді. Жомарттық үшін Құдайдың берер сыйы бар. Құдай жарылқап бұл көпеске ұл береді. Есімін Қайыс деп қояды. Шәкәрім Қайыстың көркін ғажайып етіп суреттейді:

Келбеті бұл баланың өзгеден жат,
Бір көрсең, көргің келер неше қабат.

Бетінде бек сүйікті бір нұры бар,
Қыласың ықтиярсыз шын махаббат.

Балқытар жылы жүзі сүйегінді,
Бергендей аса мұқтаж тілегінді.
Неге жақсы көргенің мағұлым емес,
Арбап тұр нұрлы жүзі жүрегінді.

Бірақ Қайыс жылауық тынышсыз, ешкімге уанбайтын бала болады. Бір күні күтуші қыз баламен серуенге шықса, қолында бір кішкентай жылауық қыз бар бала күтуші құрбысын кездестіреді. Бұл жылауық бала да бір байдың Ләйлі деген қызы екен. Бірін бірі көрген сәбилер жылағандарын тыя қояды. Күтушілері сәбилерді мүмкіндік болса айырмауға уәделеседі.

Бұл үзіндіде Шәкәрім өзінен бұрынғыларда кездеспейтін жана кейіпкер – Қайыс пен Ләйліні тәрбиелеуге келісім берген емізуші кемпірдің бейнесін жасайды. Ешқашан бала көтермеген кемпір Қайысты қолына ала бергенде, омырауы иіп, сүт келеді. Алайда Ләйліні омырауына тартса сүт жоғалып кетеді.

Балалар өсіп-жетіліп оқуға барады, достық ғашықтыққа ұласады. Мұны сезіп мазасы кеткен шешесі Ләйліні сабаққа баруына тыйым салып үйіне қамап қояды. Қайыс сағыныштан есінен танып қала беретін болады. Айдалаға қашып, емделуден бас тартады. Ол адамдар көзіне ол мәжнүн (есінен адасқан) болып көрінеді. Қайыстың ата-анасы Ләйлінің әкесінен олардың тағдырын қосуды сұрайды, бірақ өзінің қызына Мәжнүнді тең көрмеген әке рұқсатын бермейді.

Мәжнүн Меккеге қажылық парызын өтеуге барады. Қағбаны құшақтап айға, күнге, желге, жұлдыздарға, құстарға айрылысу азабын жеңілдетуді жалбарынып сұрайды. Ғашығына арнап өлеңдер жазады:

Шығарма Ләйлі дертін жүрегімнен,
Айырма ғашық отын сүйегімнен.
Зарлатып өмірімде күйіп-жанғыз,
Өзімнің болды дейін тілегімнен.

Сөйлесті аспандағы айды көріп,
«Жүресің жердің жүзін сен тексеріп.
Бір түнде дүниені шарқ ұрасың,
Мәжнүннен куантсаңшы хабар беріп.

Ләйлі де Мәжнүн сияқты бақытсыз. Оның да сөзі – бітпес қайғы, махаббат азабы:

Жылы жел, ғашығымның лебіндейсің
Сен мені не білесің, не білмейсің.
Желменен сыбырласқан жапырақтар,
Шын ғашық болсаң неге егілмейсің?

Бірақ екі ғашықтың хаттарын табиғат құбылыстары емес, Ләйлі мен Мәжнүннің адал досы Заит жеткізіп тұрады. Тағдыр ісіне шара бар ма: Ләйлі ата-анасы құдаласып қойған Ибн Салам дейтін бай жігітке күйеуге шығуға мәжбүр болады. Алайда жас күйеуге әлдеқандай бір рух оның Ләйліге жақындамауын, олай етпеген жағдайда оны өлім күтіп тұрғандығын түсіндіреді. Салам Ләйлі мен Мәжнүнге мейірімділікпен жол беруге шешім қабылдайды, бірақ оған дейін қайтыс болып кетеді.

Мәжнүн мен Заит қайыр тілеп жүрген соқырлар кейпінде қалаға келеді. Соқыр Мәжнүн туралы естіген Ләйлі өзінің хатын оған ұсынып жатып талып қалады. Мәжнүн көмекке жүгіреді, бірақ та Ләйліге көмекке жүгірген сайын оны жалын шарпиды. Жас жігіт Ләйлінің қоштасу хатын оқиды, ал ол болса одан әрі нашарлайды. Қыз ата-анасымен қоштасып, өлген соң Мәжнүннен басқа адамды жолатпауларын өтінеді. Ләйлі қайтыс болғаннан кейін, Мәжнүн сағанаға қарай асығады. Жас жігіт молаға келіп сүйіктісінің басына жіберуін өтінеді. Оның оқыған дұғасы көкке жетеді. Шәкәрімше, қайғылы махаббаттың айрылысуының жердегі себебі тәңірдің мейірінің құдыреттілігімен тиянақталады:

Жіберді сол қабірді тәңірім жарып,
Ләйліні құшақтады Мәжнүн барып.
Қайтадан қалыбына түсті сандық,
Қосылды осылайша екі ғарып.

Шәкәрім сопылық аналогияны сүйетіндердің қиял кеңістігіне мол орын қалдырды. Ол сопылық поэзияның барлық ережелеріне сай екі жосықты шығарма жасады. Сыртқы жосығына қарасақ, ғашықтар тарихы кез келген тыңдарман мен оқырманды қызықтырары сөзсіз. Екінші жосықты сопылық сырына бағышталғандар ғана түсіне алады деп есептеледі.

Мысалы, Ләйлі мен Қайыстың сәби кездерінен ғашықтығының алдын ала айқындалуы және қашан кездескенше мазасызданғандары, бұл – құдіретті махаббаттың сопылық белгісі: «Оянған махаббат сұлулыққа талпынады».

Көне тақырыпқа қосымша ретінде енгізілген сүт ана кемпір бейнесін де белгілі сопылық бейне «әлем – кемпір» нышанын өрбіте отырып сопылық тұрғыдан түсіндіруге болады. Тозығы жеткен ескі әлем шынайы махаббат пайда болған кезден бастап қана тіріліп мән-мағынамен толығады. Қайыс пен Ләйлінің бір емшектен сүт ембеуі – олардың ағалы-қарындас емес екендігінің дәлелі. Мәжнүн бейнесіндегі шынайы махаббаттың Құдайға деген махаббат түрінде көрініс табуы – сопылық эстетиканың басты идеясы. Көптеген ғасыр бойы мистик-сопыны махаббаттан есінен айрылған Мәжнүн түрінде бейнелеп келді. Оның Ләйліге деген махаббаты барлық сынақтардан өткен сопының Ақиқатқа ұласқан махаббаты – Құдайға деген махаббаттың аллегориялық түрдегі көрінісі болып табылады.

Сопылық сарындағы қасиетті ессіздікпен септескен от бейнесінің де өзіндік мәні бар. Шәкәрімде бұл бейне «махаббат оты» метафорасынан нағыз отқа айналады. Мәжнүн Ләйліге жақындаған кезде кеудесінен шыққан оттан екеуі әзер аман қалады. Бұл – бұл дүниеде шын ғашықтардың қосыла алмайтынын көрсететін тағдыр белгісі еді. Алдымен Ләйлі өледі, сонан соң Шәкәрімнің нұсқасында «махаббат құдыреті» көрінеді: Мәжнүн Құдайға дұға етіп жалбарынады, ғашықтарды мәңгілік өмірде айырмай қабылдау үшін қабір қақ жарылып ашылып қайта жабылады.

Айтқандайын, оқырман сопылықтың астарына үнілуге міндетті емеспіз деуге хақылы.

Шәкәрім мазмұндауындағы романтикалық хикая қазақ әдебиетінің сүйікті шығармаларының бірі болды. Мұхтар Әуезов

те, кейінгі зерттеушілер де поэмаға қайталау емес, дала кескініндегі, өзіндік сонылығы бар көркем туынды деп әділ баға берген болатын.

Шәкәрім «Ләйлі – Мәжнүн» поэмасында қазақ оқырманын араб Шығысына жақындату үшін кең дала бейнесіне күн, ай, мәңгілік көк аспанды қосады.

Кейін ол «ақындық проза» жанрында да осындай қадамдарға барды, «Әділ – Мария» атты аллегориялық трагедиясынан мұны айқын байқауға болады. Шығарма 1925 жылы жазылған деп есептелінеді. Шәкәрімнің өзі бұған «қайғылы роман» деп айдар таққан. Сахара жұртының жүрегін алдын ала бақытқа кенелткен көктемнің жұмсақ кешін суреттеу арқылы драмалық тартысқа оқырманды дайындаудан шығарма басталады:

«Әне, кешегі бір кезде амал жұлдызының орта шенінде қайтпас қара желдің дауылы соғып, қардың суын сай-сайдан сарқыратып, соққан жел, аққан суың жан-жануарға рахат болса да, бір жағынан ұшқан қаңбақ, аққан дөңбек сияқты тамырсыз көмексіздердің есін шығарып, дегбір тапқызбай, сандалтып апарып, бірін құлағалы тұрған жарға тығып, бірін құры құдыққа салды!

Онымен де қоймай, кейбір жердің шымын аударып ағытып, жас өспірім жастардай жаңа гана шыққан жасыл шөпті танымайтын жат жерге апарып та тастады!

Әне! Сол амал жұлдызының аяқ шенінде жер кепті деп, қолтығындағы ел мал ащылатамыз деп, бауырға қарай көшті. Атты-жасаяу айдаған қойдың жас төлі шаршаған соң, қойды тоқтатып жусатып, жаңа туғанын ауыздандырып, шаршағанын тынықтырып, қоймен бірге барған балалар жалма-жан қу топайды доп қылып, жерді шұқырлап орда қылып, доп ойнай бастады. Қыстаудан жаңа көшкен елдің жүгі орнықпай аударылып, бірі түіесін бақыртып қайта артып, бірі жүк артқан сиырын «ауғаулап» қуалап, ауаған жүгін басып, ерлі-қатынды, бала-шағасымен шулап жүр.

Отардың алдынан шыққан жас жігіттер көшке қарсы айдап келіп, аты жоқтар жүгенін ала жүгіріп, әрқайсысы бір-бір жылқыға құрық салып, жылқыны алдын-ала бөліп қуалап жүр. Жаңа туған жас құлынды тәлтіректетіп құрығымен түртпектеп, шидем киген күлпаралы жылқышы жылқының артында келе жатыр».

Шәкәрімнің ерекше сырласы бар, ол – мәңгілік дала өмірінің куәгері Шыңғыстау. Онымен сұхбаттасудың арқасында баяндау мәнері өзгеше өлшемге көшеді, адам өзінің Әлеммен етенелес екенін сезеді, жеке адам тағдырындағының бәрі жалған екендігін таниды. Нақтырақ айтқанда, «Әділ – Мария» романында көрінісі берілген Шыңғыстау Шәкәрім үшін мәңгіліктің рәмізі:

«Сонда сен, кәрі Шыңғыстау, көшкен елге қара құжыр қабағыңмен ашулана қарап: «Ала қыстай менің ығымды қорғалап, қыстан аман шығып, бүгін иесіз тастап кеткенін қарашы!.. Қап, бәлем, қайта бір келерсің», – дегендей үнсіз едің-ау!

Жотадағы биіктерің: «Батыр-ау, мыналар қайда барады? Ана біреулер не қылып жатыр?» – дегендей алдыңдағы аласа төбелерден аса қарап, кейбір биіктерден созылған жота қыр алдыңғы төбенің ығынан тапқан ала биіктің қолы сияқтанып: «Былай тұршы! Еңкейе берші!» – деген сияқтанып, бөктерге жақын, тіпті аласа төбелер: «Аналар көрмей қалар» – дегендей-ақ еңкейіп құржия қарап, бәрінің көзі көшкен елде сияқты.

Осы көшкен ел сәуір жұлдызын бауырда өткізіп, малы ащыға, адамы аққа қанып, төрт түлік малдың төлі әбден аяқтанып, асыр салып, енді жайлауға шықпақ үшін қайта көшті.

Май-май! Әттең, май жұлдызы-ай! Сен жан-жануардың қайғысын ұмытқызып, бейіш ауасын жұтқызып, қабағын ашқызып, үмітін ілгері басқызып, тозбас өмір, таймас бақ бергендей алдайтының-ай! Жайқалған жасыл шөпті құрататын, жалбыраған жапырақ пен жайнаған гүлдерді жанынан айрылтып ұшыратын күз болмайтындай-ақ, мұқым Шыңғыс даласымен қар астында қалып, қайғылы ақ бүркеуін жамылып, жорғалаған жыландай, жорға мінген жастардай жылмыңдап аққан мөлдір сулар мұнан былай рақат-қуаныштан үміт үзген мұңлы жүректей мұз болып қататын қыс болмайтында-ақ, сен, май, әттең, май!

Жан-жануардың, адамзаттың да артын ұмыттырып, алдын ойлатпайсың-ау!

Міне, бұл (ескі есеппен) майдың он бесі! Бұл кезде қайта қонған ел Орда, Догалаңның тұсына қонып қалған.

Сонда сен кәрі Шыңғыстау: «Батыр-ау, ел қарасы көріне ме? Ел қайта қонып қалған ба?» – дегендей, бағанағыдан гөрі жылы

жүзбен жымыңдап сағымданып, жайдары желің жаңа шыққан көдені бұлаңдатып, қайың мен теректің жапырағын сылдыратып жайқалтып, төскейдегі елге атой бергенде: «Мұнда-мұнда! Бергел-бергел!» – деп шақырғандай болдың-ау...»

Мұндай поэтикалық кейіптеу қазақ прозасында Шәкәрімге дейін болмаған да шығар. Сол жылдары осыған ұқсас көшпелі әлемнің қанық суреттемесін жасау Мұхтар Әуезовтің ертеректе, 1922 – 1923 жылдары, жазған «Қыр суреттері» атты әңгімелер топтамасында ғана кездеседі. Бүгіндері осы екі дала ділмәрларының қайсысы бірінші болып қазақ даласы өмірінің көркем суреттемесін жасауға кіріскенін анықтау қиын. Айтпақшы, бұл маңызды ма еді? Жылжыған жылдармен ілесіп осыншалық әсем әлем мекені Шыңғыстауда да адам өмірінің соншалық елеусіз өтіп жататыны анағұрлым қайғылы емес пе.

Шәкәрім өз тірлігін ақтау қамын көп ойлайтын болды. Суреткердің ойы шығар жол іздеді. Наақты пайда беретін қоғамдық істерге белсене араласу енді мұны мүлдем қызықтырмады. Бұдан былай ол өзі сайланып жүрген лауазымдық қызметтердің барлығына күдікпен қарайтын болды.

Мысалы «Мұнды шал» өлеңінде:

Жасында араластың малтымаға,
Қызығып есер елдің салтына да.
Би, болыс, епті жігіт атанам деп,
Көп түстің ерегес пен талқыға да.

Ақыры, қырық жасқа қараған шағында, жергілікті жердегі билікке бола айтыс-тартысқа түсуден бас тартты.

Өмірлік мақсатын тәуекелге салынбай іздеген, өз арын өзі қинаған, күдік-күмәнға толы ұзақ кезең де шегіне жетті.

Таза ақыл таразысы

Ғұмырының қырық жасқа дейінгі кезеңі Шәкәрім үшін өмірінде маңызды шешімдер қабылдарда әрқашан оралып отыратын бағдарлы кезең болды. Өміріндегі қарекеттерін, қателескені мен адасқанын

осы кезеңмен таразылап өлшеп отырды. Қателескені мен адасқаны ғана емес, айқын жетістіктерін де бағалап қоюды да ұмытпады.

Осы бір бетбұрысты кезең «Шын бақтың айнасы» деген эсседе бейнеленген:

«Бір күні, құрғырдың қайдан келгенін білмеймін, «өткен өміріңді ойлашы» деген бір ой сап ете түсті. Амалсыз ойладым, сондағы ойым мынау: Мен жастықтан балалыққа қызықтым, одан бозбалалықты «бақ» деп білдім. Онан әрі адамшылық атты «баққа» қызметкер болдым. Ақырында малға құл болдым. Себебі, жасаған сайын алдыңғы бұзылып, артқы «бақ» түзу сықылданды. ...»Адамшылық» деген адамшы ат қойылған антұрған айтпай-ақ қойылсын. Атына заты тіпті келмейді. «Мал, байлық» деген керек те болса, боқтың арасынан былғанбай алу, ар-иман кетірмей сақтау мүмкін емес».

Өзін-өзі осылайша орынды-орынсыз сынауын өмірде көпті көріп ысылған адамның жылжып өте шығып қайтып оралмайтын жылдарды аңсауы деп қараған жөн.

Болмыстың ырыққа көнбес мәселелеріне шешім іздеу жолында белгілі бір қорытындыларды осы қырық жасында жасап алуына тағы бір зор себеп бар.

Ағайындарының жақсы жайылым немесе болыстық лауазымына таласып бірінің парақор болып, бірінің жапа шегіп жататынын ұяла есіне ала отырып, бәрінің баянсыздығын, табысқа жетудің пайдасыздығын түсініп, бұл да адамаралық қатынастардың тазалығы мен үйлесімділігін дәл Абай сияқты іштей аңсайтынын сезінеді. «Мұтылғанның өмірінде» өз ортасын ашық та қатал сынға алады:

Жас қырыққа келген соң,
Бір ой түсті жаңадан.
Қылығын сынап білген соң,
Дедім: «Қазақ неткен жан?»»

Өнері жоқ, ғылым жоқ,
Партия қуған көп надан.
Адам улап, жеген боқ,
Іші – айуан, сырты – адам.

Өлеңнің нақышты құрамына анайылау, ащы сөздердің кіріп кетуі, «көзге шұқып көрсету» стиль таңдаудың әсерінен болған құбылыс емес, бар болғаны іштегі ашу-ызаны сыртқа шығару ғана. Мүмкін, бұл – Абайдан үйренгені шығар, ол да мұндай ащы сөздерді өлең шумақтарында тиісінше қолданатын. Шәкәрім поэзиясындағы бітпейтін өкініш Абайдың ащы ойларымен астасады. Осыдан келіп өзі барынша пайдаланған Абай метафизикасына енудің сәті түседі. Ол үшін ұстазы хакім, жұмбақ жан еді. Мұның бір сыры «Отыз сегізінші сөзінде» сипатталғандай:

«Белгілі жәуанмәртлік үш хаслат бірлән болар деген, сиддиқ, кәрәм, ғақыл – бұл үшеуінен сиддиқ гадаләт болар, кәрәм шафағат болар. Ғақыл мағалұм дүр, ғылымның бір аты екендігі. Бұлар әр адамның бойында алла табарака уатағала тәхмин бар қылып жаратқан. Бірақ оған рәуаж беріп гүлдендірмек, бәлки, адам өз халінше кәмәлатқа жеткізбек жәһәтінде болмақ. Бұлар – ез иждиһадің бірлән ниет халис бірлән ізденсең гана берілетін нәрселер, болмаса жоқ. Бұл айтылмыш үш хасләттің иелерінің алды – пайғамбарлар, онан соң – әулиелер, онан соң – хакімдер, ең ақыры – кәміл мұсылмандар. Бұл үш түрлі фиғыл құданың соңында болмақ, өзін құл біліп, бұл фиғылдарға ғашық болып тұтпақты пайғамбарлар үйретті әулиелерге, әулиелер оқыды, ғашық болды. Бірақ, ухрауи пайдасын гана күзетті. Ғашықтары сол халге жетті, дүниені, дүниедегі тиерлік пайдасын ұмытты. Бәлки, хисапқа алмады. Хакімдер дүниеде тиетін пайдасын сөйледі, гибрәт көзімен қарағанда, екеуі де бірінен-бірі көп жырақ кетпейді. Оның үшін әрбірінің сөйлеуі, айтуы басқаша болса да, алла тағаланың сұңғатына қарап пікірлемектікті екеуі де айтты».

Шығыста хакім деп ел басқарушыны айтады, бірақ та Абай ісі бұл атауға жаңа мағына берді: Абай ұлағатынан соң бұл атауды дана, дана болғанда да, қуатты рухани бастаулардың көзі болатын данышпан деп ұғамыз. Абай атауларды мұқият саралайды. Оның хакім мен ғалым дегендері – әртүрлі санаттағы адамдар: *«Хакім, ғалым асылда бір сөз, бірақ Ғарафта басқалар дүр. Дүниеде ғылым заһири бар, олар айтылмыштарды жазылмыштар, оны нақлия деп те айтады. Бұл нақлияға жүйіріктер ғалым атанады».*

....Олай болғанда хикмет құдаға пенде өз ақылы жетерлік қадірін ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хакім ат қойды. Бұлар хақ бірлән батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандарыменен һәммасы адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртабада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләззаттанады.

Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фигыл пәнденің қазығы – осы жақсы хакімдер, әр нәрсе дүниеде бұлардың истихражы бірлән рауаж табады. Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, ләкин осы хакімдердің жасаған, таратқан істері. Әддүния мәзрәгәтул-ахирет дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым.

Олай болғанда хикмет құдаға пенде өз ақылы жетерлік қадірін ғана білсем деген әрбір істің себебін іздеушілерге хакім ат қойды. Бұлар хақ бірлән батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандарыменен һәммасы адам баласының пайдасы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртабада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләззаттанады.

Адаспай тура іздеген хакімдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фигыл пәнденің қазығы – осы жақсы хакімдер, әр нәрсе дүниеде бұлардың истихражы бірлән рауаж табады. Бұлардың ісінің көбі – дүние ісі, ләкин осы хакімдердің жасаған, таратқан істері. Әддүния мәзрәгәтул-ахирет дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол.

Әрбір ғалым – хакім емес, әрбір хакім – ғалым».

Сонымен Абай қандай адамды хакім деп атады? Әрине, дана адамды, «адам баласының пайдасы үшін» қызмет ететін тұлғаны ғана. Сонымен, ол жай ғана дана емес, нағыз философ және жай философ емес, метафизик! Өйткені Абайдың пайымында хакімдер «ісінің көбі – дүние ісі, ләкин осы хакімдердің жасаған, таратқан істері», олар «әрбір нәрсенің себебін таппақпенен ләззаттанады». Ғылымдағы анықтамасы бойынша, метафизика ғана шындықтың, әлемнің және болмыстың бастапқы табиғатын зерттеумен айналысады. Метафизиканың әуелгі көне мағынасы «физикадан кейінгілер», «тәжірибеден соң» дегенді білдіреді,

яғни физикалықтан тыс, тәжірибеден тыс зат я құбылыс атаулыны зерттейтін ілім екен. Олай болса, хакіміміз метафизика ілімінің өкілі болып шығады емес пе!

Шәкәрім өзін хакімнің шәкірті сезінді. Оған сыншылдық дәстүр ұстазынан берілгені сөзсіз.

Абаймен бірге болған жылдар сыни тұрғыдан талданатын көптеген пікір туғызды. Шәкәрім «Мұтылғанның өмірінде», жетілмеген қоғамның төрт кеселін бөліп көрсеткен тұсында, бұл пікірлерін алғаусыз жария қылады, олар: халықтың надандығы («Туған елім – надан жұрт»), атақтылардың тәкаппарлығы («Жуандық тағы, бір қыл құрт»), билік үшін күрес және бос сөзділік («Мансапқа мінген мен бір мас»).

Қырықжас, «Мұтылғанның өмірінде» авторөзі мойындағандай, «өмірге басқаша қараған» жас:

Араб, парсы оқымай,
Орышаны тоқымай,
Бұтасыз біткен шоқыдай,
Ғылымнан едім жалаңаш.

Түрікше ғана білуші ем,
Сонымды қару қылушы ем,
Перевод оқып жүруші ем,
Орысша, араб аралас.

Адасып діншіл азғанын,
Пәншілдер ғылым қазғанын,
Философ ойшыл жазғанын,
Сынауға енді бұрдым бас.

Ақын ғылым мен поэзияны тану барысында «өзінікі» болып кеткен «бөтен» тілдерді үйренуін өзінің рухани өрлеу баспалдақтары деп біледі. Өзі туған ортаның бір бөлшегі ретінде қала отырып, Шәкәрім өзін әлемді эстетикалық тұрғыдан және жеке адам ретінде игеруге бойынан күш тапқан тұлға ретінде айрықшалай да білді. Ақын осылайша өзінің ішкі дүниесінің үйлесімін тауып, азаматтық және ағартушылық идеалдарын жария етеді, енді осыған айналасындағылардың ілескенін жөн көреді.

Адамша өмір сүру қажеттілігін ойланған Шәкәрім, ақырында, өзінен бастау керек деген табиғи шешімге келді. Қырық жасқа дейін жылдар бойы талмастан өзінің білімін жетілдірумен жинаған білімі аздық ететінін айқын көрді.

Міндетті түрде, Абай тапсырғандай, «білім іздеп» Ыстамбұлға, Меккеге, Мәдинаға бару керек. Ол үшін алдымен теология ілімінің мағынасын түсініп, исламды мұқият үйрену қажет. Сенім, оның байымдауынша, таныммен септесуге тиіс, ал бұл дегеніміз – тағы тиісті білім алу қаракетін жасау қажет деген сөз.

Мұсылмандықты тереңірек үйренуге Абайдың «Қара сөздеріндегі» сенім туралы ойлары итермелегендіне күмән жоқ. Абайдың «Қара сөздерінің» әрбір жаңа тарауының алғашқы әрі ең ыждаһатты тыңдарманы болды, Абай ойларынан өз ойларын бекітетін дәлелдер тапты.

«Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі – ғылым, құдірет. Сегіз сипаттан қалған алтауы – бұларға шарх. Ол алтауының бірі – хаят, яғни тірлік» – деп жазды «Отыз сегізінші сөзінде» Абай.

Және:

«Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Сонан қашпақ керек: әуелі – надандық, екіншісі – еріншектік, үшінші – залымдық деп білесің.

Надандық – білім-ғылымның жоқтығы, дүниеде ешбір нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік – күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік – бәрі осыдан шығады.

Залымдық – адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртықшы хайуан қисабына қосылады.

Бұлардың емі, халқына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, гадаләт ісінің алды-артын байқарлық білімі, ғылымы болсын» – деп жалғастырды.

Бұл ойлар болашақта Шәкәрім өлеңдерінде тиісінше көрініс тауып отырды.

Мәселен, ол «Он екінші сөзді» іске басшылық ретінде қабылдады:

«Кімде-кім жақсы-жаман гибадат қылып жүрсе, оны ол гибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Ләкин, сондай адамдар толымды гибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі – иманның игтиқатын махкамлемек керек, екінші – үйреніп жеткенше осы да болады ғой демей, үйрене берсе керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құдай ұрды, гибадаты гибадат болмайды. Уа-ләкин, кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәләт табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәдар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүрген көңілге қалың бермей тұрып, жыртысын салғанға ұқсайды. Күзетісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықыласыменен өзін-өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды.»

Оқу арқылы сенімді бекітіп, жетілдіртіп, Құдайдың ризалығына бөлену –міне, жанға қажеті – осыларды тездету!

Уақыт өткізбей діни кітаптарды жинап алып құмарлана оқыған сайын, Құранды ашып сүрелерді оқыған сайын Шәкәрімнің түсінігі тереңдей берді.

Кейінірек: «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінде» Шәкәрім: «Менің Абайдан кейінгі ұстазым – «Тәржімән» газетінің иесі Исмаил Гаспринский десе дұрыс болады. Мен оның газетін оқып, олардан көп пайдалы нәрселер алдым» – деп жазды.

Исмаил Гаспринский «Тәржімән» газетін Бакшасарайда шығарды. Газет 1883 – 1918 жылдары шығып тұрды.

Жадидизм идеологтарының бірі Гаспринский Шәкәрімді несімен қызықтырды екен?

Қырым татары Исмаил Мұстафа оғлы Гаспринский (1851 – 1914) Ресей Империясындағы мұсылман жұртшылығы арасында білім беру жүйесіне қайта құру қағидаттарын енгізумен танымал болды. Оқытудың жаңа әдісі алғашында Қырымда, Татарстанда, Башқұртстанда, Әзербайжанда, Түркияда, Солтүстік Парсыда, кейінірек Орта Азияда, Шығыс Қытайда қолданылды.

Мұсылман елдерінде бастауыш білім берудің мәні мен құрылымына өзгертулер енгізуге қол жеткізген соң, оған зайырлылық сипат беруге тырысқан Исмаил Гаспринский мен оның жақтастары жәдитшілдікті – ағартушылық қозғалысын бастады (арабша «жаңару» деген сөзден шыққан). Жәдитшілдер діндарлар мен мүминдердің өркениеттің артықшылығына көздерін жеткізе отырып, тәрбие мен білім жолы арқылы іс-әрекет қылды. Діни фанатизмді әшкерелеп, ескі діни мектептерді ұлт зайырлыларының оқуымен алмастыруды, ғылым мен мәдениетті дамытуды жақтап, газеттерді ана тілінде басып шығаруға және мәдени-ағартушылық орындарын ашуды көздеді.

Кеңестік кезеңде жәдитшілдікке «либералды-буржуазиялық, революцияға қарсы саяси қозғалыс және идеологиялық ағым» деген баға берілді.

Қозғалыстың бастау алуы мұсылман медреселерінде сауат ашуда дыбыстап оқыту әдісін енгізумен байланысты еді. Бұрын шәкірттер төрт-бес жыл аралығында сауат ашуды үйренсе, енді жәдиттік мектептерде – бір жылдың ішінде үйреніп шығатындай болды. Сабақ беру тілі араб және түркі тілдерінен оқу пәні мәртебесін алған татаршаға көшті. Басқа да зайырлы пәндер оқытылу кеңінен жүргізіліп, оқу жылының мерзімі қатаң сақталатын болды. Медреселерге еуропалық ерекшеліктер – парта, орындық, тақта қойылып, оқушыларды сыныптарға бөлу, ал оқу уақытын кестеге сәйкес жүргізу енгізілді.

«Тәржімән» газетінің бетінде жаңа оқу жүйесі жайлы материалдар жарияланып тұрды. Сондықтан газеттің тұрақты оқырмандары Абай мен Шәкәрім жаңа білім беру идеясынан хабардар болатын.

Абай «Қара сөздерінің» Отыз сегізінші сөзінде: *«Бұл күндегі тәхсилгеурум ескі медреселер гұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды. Соған қарай Ғұсманияда мектеп харбия, мектеп рушдиялар салынып, жаңа низамға айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат дүниеде надан бір ессіз адам болып шығады да, ешбір харекетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады. Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз болады».*

Шәкәрім жаңа идеяның бағытын мұнан да анық түсінді.

Біріншіден, ислам дініне тереңдей түскен ойшыл сахарада таралып кеткен мұсылмандық кітаптардың тілі жайында ойланды. Олардың барлығы дерлік түпнұсқа араб тілінде немесе түркі тіліндегі аударма түрінде басылып шығатын да, қазақтарға түсініксіз болатын. Тек соңғы кездері ғана татар тіліндегі кітаптар көріне бастады. Соның өзінде араб жазуының кең тараған таңбалары пайдаланылатын.

Кейіннен Исмаил Гаспринский араб жазуының негізінде түркі жазуының жаңа әдісі жәдитті (усул – и – жадид – «жаңа әдіс») түзіп шықты. Сонымен 1910 жылдан қазақ кітаптары мен газеттері жәдит жазуымен жариялана бастады.

1912 жылы Ахмет Байтұрсынұлы қазақ тілінің дыбыстық жүйесін дәл анықтап, 9 дауысты және 19 дауыссыз дыбыстарға бөліп, жаңа араб жазуы негізінде қазақ жазуын 28 әріпті әліпбиге көшірді. Қазақстанда бұл әліпбиді 1929 жылға шейін қолданды, ал Қытайда тұратын қазақтар осы күнге шейін пайдаланады.

1929 жылы қазақ тілі латын таңбасы негізінде 29 әріпті алфавитке, ал 1940 жылы кириллица негізінде 42 әріпті әріпті алфавитке көшті, бұл ретте орыс тілінің 33 әрпі сақталды және қазақ тілінің дыбыстық ерекшелігіне қарай 9 әріп қосылды.

Шәкәрім заманында қазақ жазуы тіл ерекшелігіне қарай жетілдірілмеген ескіше араб әрпімен таңбалана беретін. Ұзамай Шәкәрім осындай қазақша жазумен шыққан мұсылманша кітаптар шын мәнінде жоқ екенін анықтады (Осы тұста Ыбырай Алтынсариннің 1884 жылы Қазан университеті баспасынан шыққан «Мұсылмандық тұтқасы» кітабын айтпай кетіп отырмыз, бұл кітап аз данамен шығып қайта басылмаған еді).

Ал қазақ тіліндегі ислами әдебиетке зәрулік баршылық. XIX ғасырда сахарада мұсылмандықтың жандануына татар молдалары белсенді қатысты. Олардың іс-әрекеттерінің тасасында империялық пиғылдардың сұғы бар болатын. Сондықтан болар, бұл мұсылмандық біліммен бекітіліп, орныққан жоқ. Ана тілінде ағартушылық әдебиет болмады. Осындай себептерге байланысты исламға бет бұрған сахара жұрты шарифатты нашар білді. Ал көпшілігі арабша дыбысталған Құран сүрелерін түсінбеді. Соған қарамастан қазақтар өздерін мұсылманбыз деп есептеуге әдеттенді.

Абайдың сыни көзқарасынан бұл мәселе тыс қалмады. «Отыз төртінші сөзінде» мұны адамгершіліктік тұрғыдан ашып көрсетті:

«Жұрттың бәрі біледі өлетұғынын және өлім үнемі қартайтып келмейтұғынын, бір алғанды қайта жібермейтұғынын. Қазақ осыған да, амал жоқ, нанады, анық өз ойына, ақылына тексертіп нанбайды. Және ғамманы жаратқан құдай бар, ахиретте сұрау алады, жамандыққа жазғырады, жақсылыққа жарылғайды, жазғыруы да, жарылғауы да пенде ісіне ұқсамайды, бегірек есепсіз қинауы да бар, бегірек есепсіз жетістіруі де бар деп – бәріне сендік дейді. Жоқ, онысына мен сенбеймін? Олар сендім десе де, анық ақиқат көзі жетіп, ден қойып, ұйып сенбейді. Ол екеуіне анық сенген кісіге уайым ойлап не керек? Осы екеуіне лайықты жақсылықты өздері де іздеп таба береді. Егерде осы екеуіне бұлдыр сеніп отырса, енді неге сендіре аламыз? Оны қайтіп түзете аламыз? Оларды мұсылман деп, қалайша иманы бар ғой дейміз?»

Міне, осындай жағдайға орай Шәкәрім қазақ тілінде исламның негізгі шарттары мен өсиеттері, нағыз ақиқат дін – иман туралы кітап жазуды ойлайды.

Қадалып істелген жұмыстың нәтижесі «Мұсылмандық шарты» атты трактат болды.

Бұл еңбегінің бірінші нұсқасын бірнеше айда ғана жазып 1900 жылдың көктеміне қарай бітірді. Мәтінге Меккеге қажылыққа барып қайтқан соң қайта оралып түзетіп, қосып, өзгерістер енгізді. Бүгінгі күнгі қалпындағы «Мұсылмандық шарты» 1911 жылы Орынборда басылып шықты. Кейіннен Шәкәрім ұлы Ақатқа бұл кітабы жайында: *«Мұны надан, білімнен хабарым жоқ кезімде, басқа жұртта «Ғибадат исламия» деген кітап бар, олар араб не түрік тілінде жазылады, қазақ тілінде жоқ деп, соларға еліктеп жаздым, оны мансұқ еттім»*, – дейді.

Авторды мүлде «білімнен хабары жоқ» деп айта алмайсыз. Тағы да сол, өз әлсіздіктерін асыра сынау, өзінің қадір-қасиетін лайықты бағаламауды қағида етіп ұстануынан екені түсінікті болып тұр. Қалай десек те, Шәкәрім «Мұсылмандық шартын» өзі қазір шындап кіріскен «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінің» қасында нашар шығарма деп есептейді.

Мұндай пікірмен келісе қою қиын. Иә, кейіннен жазған философиялық және діни шығармалармен салыстырғанда «Мұсылмандық шарты» ғылыми тұрғыдан жинақталып-қорытылуы төменірек деңгейде. Алайда автор өзінің алдына өте биік міндеттер қоймаған да еді. Құран аяттарын түсіндіруді ғана жоспарлаған.

Ал дінге сенетіндер үшін өзінің этикалық көзқарастарымен көмкеріп жақсы құрал жасап шығарды. Сонымен, былайша айтқанда, болашақтағы теологиялық және философиялық оқулардың іргетасын қалады. «Мұсылмандық шартын» жазуға қажет болған исламды тиянақты түрде оқып үйренбесе, күмән жоқ, өте нәзік «Болмыс пен жан туралы» сыни мақала жазылмас та еді, өлеңдері де басқаша болып шығар еді және бірегей философиялық шығарма «Үш анық» та болмас еді.

«Мұсылмандық шарты» – қазірге шейін исламды үйренушілер мен неофиттер өте қадір тұтатын, ойы мөлдір, анық кітап. Кітап қазақтар үшін жеңіл және түсінікті, автордың мұсылмандық ережелерді дәстүрлі қазақ дүниетанымы тұрғысынан қарастырғаны кәдеге әбден жарап тұр. Мұндай еркін ойлау тәсілі исламды бұлжытпаймын дегендерге ұнамауы да мүмкін, өйткені Құранды өз бетінше түсіндіру діннің асыл нұсқасында рұқсат етілмейді. Алайда Шәкәрім, басқа да рухани өмірді жаңғыртушылар сияқты, қазақ дүниетүсінігінде исламның орнығуына жәрдемдесу үшін шарттарды қайта ойластыруға белдерін бекем буды.

Талдауға салу үшін Шәкәрім Қасиетті кітаптан өзінің идеяларына орайласатын мысалдарды, ғибратты әңгімелерді, Мұхамбет пайғамбар айтқан өсиеттерді таңдады. Бәрінен бұрын иманның анықтамасы – Құдіретті және жалғыз Аллаға шын сенуді қайталады. Жаратушы туралы, жақсылық пен жамандық, әулиелер мен періштелер, Қиямет қайым күніне және ақыретте тірілу туралы, намаз бен діни ғұрыптардың мағынасы жайында сенім шарттарын санамалап тізіп шықты. Табиғат құпияларын танып-білудің, әділеттілікке сенудің, жан тазалығының, достармен, отбасымен мейірімді қарым-қатынастар орнатудың пайдасы туралы мол дәлелдер мен уәждер келтірді. Бұған ақиқатқа қарай ұмтылу қажеттігін, ол жайында білетіндігіміздің соншалықты аз екенін қосты. «Егер адам өзін-өзі таныса, онда Құдайды да таниды» – деп

жазды Шәкәрім. Және халық арасында кең тараған «Алла әділетті істер жасағандарды сүйеді», «Алла арам ниеттілерді сүймейді» деген нақыл сөздерді еске салды.

Қарапайым және анық тұжырымдауды ұнатқандықтан, автор әрбір тарауды: «Әй, достар!» – деп қаратпа сөз арқылы бастайды. Кейбір тараулардың аттары да айрықша: «Адам жақсы мінезді болмақ», «Әр түрлі залымдықтан һәм жаман мінезден сақтанбақ», «Әрбір адам адал істі істеуге ұмтылмақ». Тартымды емес сияқты, бірақ түсінікті.

Уағызды түбегейлі түсінікті ету үшін оның күнделікті өмірдегі көрінісін көрсетіп беріп отырды. Мынау – соның мысалы:

«Бір хадисте: «Алла тағала көркем, көркемдікті ұнатады, көше-қораларыңызды да таза қылыңыз» – деп айтылған. Енді өзіңіз де ойлаңыз, таза болмағаныңызды ақылыңыз сап қабыл көре ме? Сіздің маңайыңызға сасық, үсті-басы кір біреу келсе, жиіркенбейсіз бе? Жаман иіс, қоқыстан адам ауырып та қалмай ма?».

Автор тұрмыстағы шарифат ережелерін егжей-тегжейлеп: мал бауыздамақ, жер мен суға иелік, несие беру, кепілдік беру мен өзара есептесу жайын түсіндіріп берді. Қылмыс пен көп әйел алуға ерекше тоқталды, өйткені жесір дауы мен құн төлеуге байланысты даулар ол кезде жиі болатын. Қасиетті Құраннан әмеңгердің жесірді зорлап өзіне әйелдікке алуына болмайтыны туралы үзінді келтіреді. Құранда төрт әйелге дейін алуға болады деп айтылса да, оның аяттарының мазмұны әйелдерге әділеттілікпен қарау керектігін білдіреді. «Әлбетте, біздің қазақта екі қатынға әділет аз. – дейді Шәкәрім. – Сол себептен қазақ гұзырсыз екі қатын алмаса жарайды». Бұл – өмірде көргені көп, соның ішінде кейбір ағайындас бауырларының жауапсыздығына куә болған адамның пікірі. Шәкәрім өзін толғандырып жүрген ойлары жайлы жазушы Сәбит Мұқановқа (1900 – 1973) 1931 жылдың 3 ақпанында жазған (1988 жылы жарияланды) хатында былайша сыр шертеді:

«Қырықтан аса бергенімде «Жан не? Дін не?» деген сұрақтарға тап болдым. Әлем қалай жаратылған? Адамға Жаратушы жағынан, не өзінің ар, ынсабы жағынан салынған міндет бар ма? – деген сияқты ылғи дене сезімімен сезілмей, іш жаққа, әдетіне, дініне, нанғанына бұрылмай ойлайтын – ноқтасы таза ақылмен

ғана білетін істер туралы: дін ғылымы, ғылым ғылымы, ойшыл философтардың бұл туралы жазған кітап, айтқан сөздерін өзіміше сынға алып, дұрысын алып, терісін тастап қорытындыларым еді. Мен «пәлен пайғамбар, түген философ, профессор айтты» дегенге тоқтап қалмайым. Өз ақылым қабыл алмағанды кім айтса да теріс көрем. Бірақ ақыл қабыл аларлық дәлел айтса, ол кім болса да бас ұрам. Мақтанып кеттім. Мақтан емес, іздегенім тамам адам пайдасы болғандықтан, ақылым айтқан хақиқатты айтпай тұра алмайым».

Шын мәнінде, бұл жерде Шәкәрім қырық жастан кейін өз санасында орныққан жайттың дәл анықтамасын береді: ақиқатты іздеу – ақылдың байлығы.

Бұған сену қиын, әйтсе де бұл – қалалық өркениеттің жайлы жағдайында ғана философиялық сұрақтарға жауап іздеуге, гносеологиялық конструкциялар түзуге болады дегендіктен емес. Адамзат тарихы атакты философиялық жүйелердің оқшау, оңаша аскеттік жағдайдан рухани тәжірибеден туғаны – өзін-өзі шектеуден, қарапайымдылықтан, тежеуден шыққаны жайында көптеген мысалдарды біледі. Бірақ индиялық брахмандар, антикалық философтар, Будда, Иса мен Франциск Ассизский байлық пен рақаттан саналы түрде бас тартты. Ал Шәкәрімге аскеттік күйге түсу үшін ерекше күш салу қажет болмады. Оның Шыңғыстаудағы тұрмысы онсыз да қиын еді.

Сондықтан да Шәкәрімнің философ болып қалыптасуына, бір ғажабы, сахара өмірінің қатал жағдайы емес, білім мен сенімді жұптайтын, ақиқаттың мәнділігін мойындататын, соның жолында қызмет еттіретін, жанаша ойлауға итермелейтін себептер ықпал етті.

Оның көз алдында рухани жиһангердің бейнесі – Абайдың өзі тұрды! Қалай дегенмен, бұрынғы өткен тарихта осындай жанкештілікпен ғылымға, шындыққа, философияға қызмет еткендердің қаншама теңдессіз деректері бар екенін көре тұра, ақиқатқа жету жолында дүние қызығынан баз кешу қандай қиын.

Алайда Абай мен Шәкәрім дәстүрлі қазақ дүниетанымындағы гуманистік принциптердің жай ғана қуаттаушысы емес, қазақ тарихында осыны атқарған алғашқы тұлғалар да болды. Бұлар бүкіләлемдік деңгейдегі философиялық еңбектерді оқып-үйреніп,

бәлкім, ғаламдық биік ойларына да келместен, дүниежүзілік тарихтың тініне өз пікірлерін кіріктірді, осы үшін асқақ туындылар жасады. Өкінішке қарай, өз кезінде қазақ қоғамында Абай мен Шәкәрімнің ізденістері түсінікті бола қойған жоқ, еуропа тілдеріне аударылмағандықтан олардың еңбектері Батысқа белгісіз күйінде қала берді.

Ақынның ажалсыз әскері

1903 жылы Шәкәрім мен Айғаншаның кенже ұлы болашақ ақын, драматург, журналист, 1931 жылғы Қарауылдағы көтеріліске белсене қатысқан Зият дүниеге келді.

Шәкәрім бақытқа бөленіп шабыттана өлеңдер жазып, туыстары мен мен қонақтарға домбырамен сүйемелдеп ән айтты. Өлең жолдарын жазғанда ұйқас іздеп қиналмайтын кез де келді. Жылдар бойы сөзге жасаған қызметі, ойлары өз-өзінен көп кідірместен сол сәтте-ақ құйылып өлеңге айналатындай күйге жеткізді.

Шеберлікті ұштауды ұмытуға болмайды, кемелденуде шек жоқ. Көбінесе ол көктем желіндей ескен бейнелер мен ой тізбектерін сол мезетте өлеңге түсіре қоятын. Осындай минуттарда ұйқасты жолдарды батыл қиыстыруға ептілігі орнымен келе қалады.

Ол жақын арадағы төбешіктің басына қалам, қағаз, сиясын алып жайғасып, қойтасты жазу үстелі етіп бейімдеп, жағдай талғамай жаза беретін. Үйдегі адамдар шаруашылықпен айналысып кеткенде, киіз үй ішінде, айналасындағы ойнап жүрген балалардың ортасында, отырып та ойын қағазға түсіре беретін болды.

Осындай минуттар Ақаттың есінде жақсы сақталған:

«Әкем жасында киімді өте сәнді киеді екен. Мен білетіннен бастап құба төбел киетін, киген киімдерін таза ұстайтын еді. Көп ұйықтамайтын, ұйқысы сергек болатын. Жазуды отырып, дөңгелек столға жазатын. Жазу жазып, не оқып отырғанда, балалардың қасында ойнағандарына алаң болмайтын. Мен ініммен екеуіміз жазу жазып отырған үлкен столының бос жеріне кеней тігіп ататынбыз. Сақамыз не қолына не сиясына тиіп кеткенде ғана «ақырын» дейтін де қоятын. Әкем жалпы балаларды жақсы көретін. Баласын ұрып, ұрысқан адамдарға: «Өзің бала күніңде

істегеніңді ұмытып кеткен соң, ұрсасың-ау!» – дейтін. Бізбен ойнап еріп келген не үй маңына келген, үйге кірген балаларға бізбен тамақ ішкізетін, сондықтан әкемнен бір бала қашипайтын. Әрине, жарамсыз істесек ұрсатын», – деп жазады ол.

Қырдан ойға дүбірлеп,
Жас балалар шуласты.
Күншуақта күбірлеп,
Кемпір-шал да сырласты.

Қыз-бозбала бір бөлек,
Әзілдесіп, дуласты.
Өліп қалған сұм жүрек,
Оятсам да тұрмас-ты.

Бұл өлеңді Шәкәрім үйде ойнап жүрген балаларға қарап, ертен ауыл жайлауға көшуге қалай дайындық құрып жатқанын елестетіп отырып ерте көктемде киіз үй ішінде жазған еді.

<.....>

Жан жылыны сүйеді,
Жанға рахат осы уақ.

Өлі жердің сүйегін
Тірілтті жайнап жапырақ.
Жаралы менің жүрегім,
Жайнай алмас сол бірақ.

Күн нұрымен көгеріп,
Жауқазын шықты жалбырап.
Жер жүзіне өң беріп,
Қызыл гүл бітті албырап.

Тоң ереді, қар кетіп,
Жан-жануар балбырап.
Қайғылы көңіл тырп етіп,
Қабағын ашпас салбырап.

Элегиялық өлендерде өз-өзінен пайда болатын осындай жарқын мұң қай уақыттың болсын ақындарына таныс.

Уақыт жағынан көп кейінірек, бірақ поэзия рухы жағынан жақын Александр Блок та тап солай: «Жастық шақ өтті, нәзіктік туралы, даңқ туралы армандау енді жоқ, барлығы өтіп кетті!» – деп өкінген еді. Сергей Есенин де: «Алтынмен құрсауланып солғандаймын, мен енді ешқашан жас бола алмаймын», – деп мұңайған еді. Осыған ұқсас, бірақ өзінше Суинберн де:

Устав от вечных упований,
Устав от радостных пиров,
Не зная страхов и желаний,
Благословляем мы богов.

За то, что сердце в человеке
Не вечно будет трепетать,
За то, что все вольются реки
Когда-нибудь в морскую гладь, –
деп өмір бойы күйінген еді.

Дегенмен, барлық жағдайы болып-толып тұрған Шәкәрім неге мұңайды екен? Халықтың рухы шайылып бара жатқанын көріп қайғыланған болар. «Халық бүтіндігін жоғалтып бара жатыр» – деп түйіндейді Абай.

Жыл өткен сайын билік жүйесі империяның заңдары мен жарлықтарының орындалуын бақылауды күшейтті.

Әкімшілік өзгерістердің салқыны даланың түпкір-түпкіріне жайылып бара жатты. Көшіп-қонудың ежелгі бағыттары өзгеріп, рулық қатынастар танымастай болып өзгерді, дәстүрлі тірлік дау-жанжалдардан түзелместей зиян шекті. Қазақтың қалың бұқарасы орыс мәдениетінен бейхабар болды, ал бірақ орыстың империялық өктемдігінен көзін аша алмады. Халық қараңғылықтың түнегіне камалып, жаңа тәртіп қана қараңғылықты жояды деп есептеді.

Көшпелілікке төнген қатерді ақыннан артық кім сезеді.

Жандыдан өсіп жан шықты,
Жаңадан дүние жан беріп,
Неше түрлі мал шықты.
Жер жүзіне нұр жауып,
Күн жылынды шөп өсті.
Бие байлап қой сауып,
Буаз малдан төл өсті.
Жанған оттай жалындап,
Жайлауға қарай ел көшті
Жанбақ түгіл жабырқап,
Жаралы жүрек қайта өшті.

Бұл өлең 1912 жылы шыққан «Қазақ айнасы» поэтикалық жинағына кірді. Жинаққа ақынның жиырма жеті шығармасы енгізілген. Осы топтамада «Өкінішті өмір» атты өлеңін Шәкәрім: «Ащы тілмен мен айттым ел мінезін», – деп аяқтайды.

«Қазақ айнасының» мағынасы кең пішіні ықшам, мұнан, автордың ойынша, «Мұтылғанның өмірінде» көрсетілген ұлт бейнесін танып алуға болады. Өзінің руластарының «надандығын» бетіне басқан ғұлама ақын бәлекет тасқынымен алысқан алыптай болып көрінеді, қоғамның байлық-патриархалдық мүддесінің адымы тар екенін түсіндіруге тырысады. Халық қамымен өмір сүретін Шәкәрім болмысы айналасындағы болмыспен тіптен теңеспейді. Соған қарамастан ол өз тағдырын ойлай отырып ұлттың теріс мінездеріндегі кереғарлық туралы толғанады:

.....Сонымен қандастарына былай дейді:

Тағы да талай сөз жаздым,
Елім тәлім алсын деп.
Қазақтың мінін көп қаздым,
«Адам емес, аңсын» деп.

Сөзіме құлақ қоймады,
Партияға тоймады.
Кім өз елін ойлады
«Надандықта қалсын» деп

«Әшкерелеу» жиынтығы он сегіз өлеңді қамтиды. Соның ішінде «Бояулы суыр», «Қаншыр мен бөдене», «Ақылшы торғай», «Қасқыр, түлкі, бөдене», «Піскен мен шикі» сияқты мысалдар бар. Бір қарағанда мүлдем қарапайым болып көрінген бұл мысалдар халыққа ұнайтын. Қызықты оқиғалар қысқа да түсінікті қанатты сөздермен жымдасқаны соншалық, 1912 жылы баспадан шыққанға дейін-ақ ауызша халық арасына тарап кетті.

Мысалы, «Бояулы суырда» белгісіз бір суыр қуғыннан қашып жүріп, шелектегі бояуға түсіп кетеді. Ініне оралған ол үсті-басына көз салып, байқаған соң: «Құдайдың сүйген аңы мен екенмін, маған да қасиет қонды ғой», – деген ойға келеді. Өзінің тұқымдас суырларын жинап алып, өзінің енді сұлу тауыс болғандығын, енді оған бағынуларын және құрметтеулерін талап етеді. Дегенмен, іштеріндегі кәрі суыр: тауыстың ән салып, ұшатынын байқаған еді. Боялған суыр ән салуға қанша тырысса да, ештеңе шықпады. Ағынды өзеннен қанша ұшып өтем десе де, өте алмады:

Бояуына мақтанып босқа шатып,
Құс болып ұшамын деп құдай атып.
Арғы бетке жете алмай, жолға түсіп,
Ағын суға күмп етіп кетті батып.

Мысал жанры болғандықтан, әдеттегідей, моральмен аяқталады.

Жігіттер, бұл суырды қылма мазақ,
Осыдан естілерің болар аз-ақ.
Бояуды да бағым деп күн өткізіп,
Қолжетпеске ұмтылған көп қой қазақ.

Руластарының надандығы, тәкәппарлығы, өркөкіректігі, мақтаншақтығы, қызғаншақтығы, сараңдығы мен жағымпаздығы – осылардың барлығы күресуді қажет ететін зұлым күштер екендігін сезген біреулердің жанына кем тиіп жатса, біреулердің жанына артығырақ тиіп жатты.

Шәкәрім, әсіресе, көпшіліктің білім үйренуге және басқа халықтардың мәдени құндылықтарын үйренуге құлықсыздықтарына

төзбейді. Сондықтан да қазақтардың намысына, өзі айтпақшы, «денені шымырлатқанша» тиюге тырысты.

Мұндай шиеленісті ахуалдар «әшкерелегіш» басқа өлеңдерінде де бар: «Бай мен қонақ», «Қулар», «Партия адамдары», «Бай мен кедей», «Мал жимақ», «Насихат», «Сәнқойлар», «Ызақорлар», «Құмарлық», «Еріншек», «Қалжыңшыл қылжақбас», «Сөз жазып, өлең өлшемек», «Өзімді сынап көрейін» деген өлеңдері осындай шығармалар қатарында.

Өлеңдердің аттарынан-ақ белгілі болып тұрғандай, Шәкәрім де Абай сияқты болыстардың ақымақтығын, молдалардың екіжүзділігін, байлардың ашкөздігін, руластарының дүниеқорлығын ащы мысқылмен түйреп кемшіліктерді сынауды онан ары жалғастырды. Елге іріткі салып билікке жеткісі келетіндерге, лауазым, мансап, пайда мен баю үшін ештеңеден жиренбейтіндерді ашумен айыптады. Тұрақсыз қоғамға тән кемшіліктерді түгендеп айнадай анық етіп көрсетіп берді.

Бұл тәріздес өлеңдерге соншалық нәзіктік, лирикалық талғам, сезім иірімдері тән емес. Нақты мәселелерге арналғандықтан, нақты жерге тиіп жатуға тиіс. Бірақ бұл көркемдік жоқ деген сөз емес, керісінше, жеткілікті. Шәкәрімнің мұндай сыншыл шығармаларына тән маңызды ерекшеліктің бірі – халық даналығы, мақал-мәтелдер, автордың өзіне ғана тән қанатты сөздердің тиімді қолданылуында. Мысалы: «Қазақтың жаманы жоқ, жаманнан аман жоқ», «Адамдардың бәрі – сенің халқың». Және өзінің айтқан сындарын ғибратты насихаттармен түйіндеп отырды. Осылайша Шәкәрім уақыт арқауын жалғастырып, поэтикалық дәстүрдің өмірін ұзартты.

«Ғылымға сен» өлеңі өзінің ағайындарына арналған «Ғылымға ұмтыл!» – деген үндеуі болатын:

Сен ғылымға болсаң ынтық, бұл сөзімді әбден ұқ.
Білгеніңнің жақсысын қыл, білмегеніңді біле тұр.
Білген ердің бол шәкірті, білмегенді қыл шәкірт.
Үйренуге қылма намыс, үйретуге болма кер.

Өнеріңді құр шірітпе, орнына анық жұмсамай.
Өкініші кетпес оның, өз ойыңда босқа өлер.

Қай ғылымды білсеңіз де, қазір оны елге жай.
Құр ішінде кеткенінше, пайдалансын өзгелер.

Шын наданға білгенінді ұқтырам деп ойлама.
Қанша бидай шашсаң-дағы, болмас егін тасты жер.
Тотыға тіл үйретілсе, сөзі – адам, өзі – құс.
Сол сықылды ол наданды, ермек үшін сөйлетер.

Шәкәрімнің өтпелі кезеңдегі («біздің уақытта») туындыларында сахарада күні өтіп бара жатқан патриархалдық әлемнің трагизмі мен тарихи прогресс дәуірі және жаңа инсани философиямен байланысты жаңа өмір салтының қарама-қайшылығының трагизмінің сырларын толық ашады. Инсани философия деген тіркесті бұл жерде орыс тіліндегі «философия личности» деген тіркестің баламасы етіп отырмыз, Шәкәрімде инсанның жаңа әлемі бұрынғы әлеміне қарағанда кеңірек көрінеді.

Қоғамдағы кертартпа құбылыстар мен адамдардың жаман қасиеттерін сынға алған Шәкәрім сыннан өзін де тыс қалдырмайды. Өзі де сын нысаны болуға, қазақты адамдық асқарына жетелеу жолында жанын пидә етуге дайын екендігін мәлімдейді. Мұны шумағы мен ырғағын әдейі тиянақсыз етіп берген «Сынағарсың өзінді» атты бағдарлы өлеңінен көреміз:

«Сынасын» деп жазғанмын,
«Сынама» деп шатпаймын

Қазақ сыншы болса екен,
«Болмасын» деп айтпаймын.
Жетегіме ерсе екен,
Өлсем де тыныш жатпаймын

Мен жетелеп өлемін
Өрге қарай қазақты.

Шәкәрім түсінігіндегі өзін құрбан ету идеясы өзін сынау идеясымен және «білімдінің» рөлін түсіндіруімен өзара байланысып жатыр. Басқа әлеммен қатынасқа түсіретін дәл осындай ой-сезім лирикалық кейіпкерді ақынның жалғыздығы туралы қайғыны айтуға мәжбүр етеді.

Білімдінің сөзіндей,
Сөзім демен таза-ақ-ты.
Қазақ болса өзімдей,
Қыла алмайды мазақты.

Қазақтың жайы белгілі,
Өлеңі өңкей құрама.

Шәкәрім ақын жалғыздығы жайындағы азапты тақырыпқа әдейілеп соғады.

Өмірдің осындай сипаттары тек Шәкәрім тағдырына ғана тиесілі болған жоқ. Мысалы, Андрей Вознесенскийдің «Махамбетті оқығанда» атты топтамасындағы лирикалық кейіпкер бар жан-тәнімен:

Не славы и не коровы,
не шаткой короны земной –
пошли мне, Господь, второго –
чтоб вытянул петь со мной!

Не прошу ни любви ворованной,
ни денег, ни орденов –
пошли мне, Господь, второго,
чтоб не был так одинок, –
деп жалбарынады.

«Қазақ айнасы» жинағына кірген өлеңдерде заманның жалпы жайы Шәкәрімге ғана тән қайталанбас көркемдікпен берілген. Осының арқасында оқырмандар оны философ-ақын, ойшыл және өмір туралы бәрін, ал мәңгілікке ғана белгілі нәрселерден де аздап білетін данышпан ретінде таныды.

Шәкәрім «Қай жолдассың, айтшы, сен» атты өлеңінде тіршіліктің өтпелі мәні жайлы өкінішке толы ойларын «Өмір деген – ұйқы ғой» деген метафизикалық формуламен пайымдайды, бұл тәсіл өмір жайлы ерекше ой толғауда басым қолданылатын нақышқа айналды:

Өмір деген – ұйқы ғой,
Түс көргізбей қоя ма?
Қиын-қызық әртүрлі ой
Іс көргізбей қоя ма?

Түстегіні шын ғой деп,
Шынды ұмытқан жарай ма?
Әл жеткеннің бәрін жеп,
Арды жұтқан жарай ма?

Ол кейінірек, жақсы күн туатынына сенім түгілі, үміт азайған 1919 жылдың аласапыранында, осылай деп жазған еді. Әрине, Шәкәрімнің әлем тарихында жасырын жатқан мәдени қазынаны үлгі тұтып жазбағаны белгілі. Олай болуы мүмкін де емес еді, бір есептен бұл да дұрыс болды.

Мұны айтып отырғанымыздың себебі сол – 1635 жылы испандық Кальдерон «Өмір деген түс» атты пьеса жазған екен. Шамамен сол кездерде Шекспир өзінің бір пьесасының мәтінінен «Біздің түстеріміз жаралған материядан біз де жаралдық» дегенді шығарып тастаған болатын. Тарихта идеализмнің ең өткір тілді қорғаушысы ретінде белгілі Джордж Беркли: «Әлемдік тарих дегеніміз – оны шексіз тудырып отыратын Құдайдың ұзақ түсі» – деп тұжырымдайды. XII ғасырдың аяғында миннезингер Вальтер фон дер Фогельвейде: «Менің өмірім түсіме кірді әлде мен түс болып кеттім бе?» – деп сұраған екен.

Сондықтан да Шәкәрім «Өмір – ол түс» метафорасын бірінші ашқан жоқ. Ол өзінен алдындағыларды білмесе де, көптеген қаламдастарының рухани ізденістерін түйсік күшімен қайталады. Ол адам тағдырының себептерінің шамасын және адам тағдырының тарихи өлшеммен қарағанда түкке тұрмайтындығын санасына сіңіре бастағандықтан адам рухының табиғатын зерттеді.

Бұл тұста Чжуан Цзының (369 – 286 б.д.д.) мысалын еске алмай кетуге болмайды. Қытай данасы түсінде көбелек болып кеткен екен дейді, ояна келе өзінің кім екенін – көбелек болып түсіне кірген адам ба әлде түсінде адам болып жүрген көбелек пе – қайсысы екенін ажырата алмай отырып қалады.

Шәкәрімге бұл әпсана белгілі болуы да мүмкін, өйткені түс пен өңді салыстыру өнерінен хабардар өзіне таныс шығыс ақындары мұндайды жақсы көретін. Кейіннен ол «Үш анық» кітабында, негізінен, осы туралы айтады: *«Біздің ұйқымыз бен ояу кезіміз бірдей. Ұйқыда түс көргенде әлденені көрмейміз. Ояуымыз да сондай. Түстің бекер екенін, ояудағымыз анық екенін айыратын қаруымыз жоқ. Біз сенген дене, сезіміміздің бәрі алдайды. Сондықтан ұйқыдағымыз, ояуымыз бірдей».*

«Қазақ айнасының» сыни бөліміндегі «Сөз жазып, өлең өлшемек» атты өлеңінде «қайғы ойлаған қарт» мәнеріне жақындағанын байқауға болады. Бұл өлеңінде «кету» тақырыбын Шәкәрім тек өз шығармаларының тақырыбы деп қарамайды, адамзат тағдыры деп санайды:

Сөз жазамын түнімен,
Бар ұйқымды қашырып.
Тығып қойман мұны мен,
Еш адамнан жасырып.

Мен кетермін, сөз қалар,
Ақ қағазға басылып.
Бозбалалар қолға алар,
Әр ауылға шашылып.

«Мен кетемін – соңымнан із қалады». Кейін ол осы бір соны метемпсихоз формуласын – өлгеннен соң өлеңнің өзі болып қалу туралы тұжырымын – қаншама рет қайталады десеңізші!

«Қазақ айнасындағы» философиялық өлеңдерінде мәңгілік туралы мұндай толғаныстар көп қамтылды. Мәселен, «Өмір», «Жан менен дене һәм көңіл», «Хайуан мен ақымақтар», «Тойымсыз нәпсі, тұрақсыз дүние», «Өмір толы өкініш», «Ғылымға сен», «Талап пен ақыл», «Ажалсыз әскер» өлеңдерінің осындай сипаты бар. Бұлардың барлығы ХХ ғасырдың алғашқы жылдарында шығарылған.

Аталуы прозалық шығармаға тән «Хайуан мен ақымақтар» өлеңі ағайындарын хайуанға ұқсап кетуден сақтандыру үшін тәрбиелік мақсатта жазылған. Мұнда Шәкәрім дүние жаралысына деген іргелі көзқарасын білдіреді. Өлеңнің бірінші бөлімі:

Бір Құдай неше түрлі жан жаратты,
Не үлкен не кішкентай тән жаратты.
Керексіз, жансыз нәрсе жаратқан жоқ,
Есепсіз қанша мың мен сан жаратты.

Жел мен су, тас, топырақ, шөп пен ағаш,
Ғаламда не бар болса, бәрі жанды.

Ақын әлем бейнесіне бейматериалдық негізден қарайды, мәңгі өлмейтін рухани нағыздық, жан, осыны кейіптейді. Шәкәрімде жан адаммен теңестірілмейді, бірақ қабысады. Осы қабысудың мәнін ашқанда Шәкәрім адамдарға мынаны ескертеді:

Өледі кейбіреуі қаза жетіп,
Кесесің, бүлдіресің бір нәрсе етіп.
О да өлді, бұ да өлді деп адыраймай,
Көзіңді байқап қара төмендетіп.

Өлеңнің келесі бөлігінде Шәкәрім жаратылыстың үздіксіз жаңаруының себебін негіздей отырып шындықтың көріністерін әлдебір бірлікке тоғыстырады:

Қарасаң көрінбей ме таста қына,
Оны кім сүйтіп қойды, ойла да ұна.
Шөп қураса, тамыры құрамайды,
Сондайлармен дүниенің бәрін сына.

Бірақ жанның әлдісі, әлсізі бар,
Кейі дәнді, кейінің дәнсізі бар.
Дәндісінде өсім бар, үлкеймек бар,
Оның да дәмдісі бар, дәмсізі бар.

Ақынның жан туралы пайымдауында Шәкәрім эстетикасының квинтэссенциясы жинақталған: «Ең күшті жан адамда». Жан адам арқылы құмарлықтар туғызатын (Заратуштрада «ол қап-қара») денемен емес, дұрысында, Құдайдың нұрымен қатынаста болуы керек. Ол үшін ерік, жігер керек. Демек, жан ерікпен, жігермен байланысты.

Өсімді ең күшті жан адамда тұр,
Алдында жақсы да тұр, жаман да тұр.
Өзгенің бәрі – жалғыз адам үшін,
Жаралып орны-орнымен ғалам да тұр.

Несін сүй, несін сүйме, ерік өзінде,
Нәпсің де, ақылдың да тұр көзінде.
Сынау үшін жаратқан бір иең бар,
Тексерілмей қалмайсың бір кезінде.

Бір қарағанда, Шәкәрім жазғандарының бізге тікелей қатысы жоқтай болып көрінуі мүмкін. Өзімізді оның өлеңдерінен ләззат іздейміз деп сендіреміз, ондай ләззатты шынымен де табамыз. Өйткені оның тілге орамды етіп ұйқастырылған жолдарының кереметтігін сезініп қуанамыз. Көрінеу және көмес әсері болмаса, өлеңді ешкім оқымайды. Бізді оның бейнелеу әлемі өзіне еріксіз тартады, от жанып тұрған үйіне кіріп, ошағына онымен бірге отын саламыз. Дауыстап өлеңдерін оқимыз. Нағыз өлеңдерді әрқашан дауыстап оқығың келеді. Жақсы өлеңдер өздерін айдай әлемге естілетіндей дауыспен оқығанды қалайды. Қазақ тілі, қазақ үні XX ғасырда ғана шектеулі кеңістікте баспа түрге ауысқаны болмаса нағыз сөз өнері ауызша болғанын әлі ұмытқан жоқ. Шәкәрім өлеңдерін нағыз поэзия ретінде әрқашан тыңдағың келеді:

Үш-ақ түрлі өмір бар: бәрі де – мас,
Бір рәуішті болады шал менен жас.
Ең керекті дегенің – органшы өмір,
Түгел қолың жетпейтін бір жанталас.

Қапы өткізбе сол кездің бір сағатын,
Өкініші қалмайды кетсе ағатың.
Күні-түні дей көрме, ғылым ізде,
Қалсын десең артыңда адам атың.

Өмірдің басы – бала, ортасы –адам,
Қартайып, шал болған соң кетті шамаң.
Мақтап жүрген өмірің осы болса,
Үш-ақ ауыз өлеңмен болды тамам.

Осындай анық та нық өлеңдер автордың асқақ шығармашылық қуатын ажалсыз әскер сияқты жеңіске жеткізіп отырады. Сондықтан да олар ел ішінде сол қолжазба күйінде көпшілікке тарап кетіп, адамдардың игілігіне айналған. Осы себептен де қоғамда Шәкәрімнің сый-құрметті болуы таңқаларлық жайт емес.

Мысалы, 1902 жылдың күзінде Түркістан қаласында үлкен той өткізіліпті. Шақырылғандар қатарында Шәкәрім де бар еді. Тойдың себебі Орта жүз ішіндегі Қоңырат руының құрметті ақсақалы Болтай Қажымұратұлының (1819 – 1907) кенжесінің Хиуадағы «Аминхан» медресесін бітіруі болатын.

Қадірменді Болтай қоғамдағы келелі мәселелермен қоса ислам сенімін орнықтыруды қауым болып талқылау үшін қазақтың үш жүзінен, сонымен қатар Ташкент, Ферғана, Бұқара, Қарақалпақ, Түркімен, Қытай және Монғолиядан қонақтар шақырған. Қонақтар қатарында, мысалға Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынұлы, Жүсіпбек Аймауытұлы, Шаһкәрім (тізімде осылай аталған) Құдайбердіұлы болды. Кейбір деректерге қарағанда, жиынға үш мыңдай адам қатысқан. Алайда, табиғатынан оңашалыққа бейім Шәкәрім бұл кездесуге барған жоқ.

Ғылым отауынан сөз патшалығына дейін

Шәкәрім атағының шығуын 1903 жылы Орыс Императорлық географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімінің Семейдегі бөлімшесіне мүше болып қабылдануы да себеп болды. Бұл, әрине, ақын өмірбаянындағы маңызды оқиға.

Орыс географиялық қоғамының негізін 1845 жылы Санкт-Петербургте атақты теңіз жиһангері адмирал Федор Литке бастаған ынтагер топ салған еді. Қоғамның негізгі міндеті – анықталған географиялық мәліметтерді жинастыру. Географиялық қоғам империяның зерттеу әлеуетін керекті арналарға бағыттаушы, үйлестіруші механизмі болуға тиіс болды.

Орыс географиялық қоғамының экспедициялары Сібірді, Қиыр Шығысты, Орта және Орталық Азияны, Әлемдік мұхиттарды игеруде, теңіздерді игеруді дамытуда, жаңа жерлерді ашып игеруде үлкен рөл атқарды. Шын мәнінде, кез келген империяның мақсаты

жаңа жерлерді иемденуден тұрады. Сондықтан да сол кездердегі саяхатшылардың арасында ғалымдар мен қоса әскерилер де аз болмайтын. Зерттеу жұмыстары әскери барлау басқаруындағы Бас штабпен бірлесе отырып жүргізілетін.

1850 жылы Географиялық қоғамның аты Императорлық орыс географиялық қоғамы болып өзгертілді. 1877 жылы Омбыда Императорлық орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімі құрылды. Ақырында, 1902 жылы Батыс Сібір бөлімінің Семей бөлімшесі ашылды.

Оның құрылуына Семей облыстық санақ комитетінде жұмыс істейтін өлкетанушылардың үлесі зор екені сөзсіз. Олар қалада мұражайлар мен кітапханалар ашып, үздіксіз зерттеу жұмыстарын жүргізе отырып, 1886 жылы «Қырғыздардың заң ережелерін оқып үйрену материалдары» атты іргелі еңбек басып шығарды.

1898 жылы облыстық санақ комитетінің хатшысы Николай Коншин «Семей облыстық ведомстволары» бетінде Семейде географиялық қоғамның бөлімшесін ашу жөнінде сөз қозғаған еді. Облыс бастықтары идеяны қолдады. Семей облысының әскери губернаторы, Санақ комитетінің төрағалығын қоса атқарып отырған Александр Карпов Императорлық орыс географиялық қоғамының төрағасының орынбасары сенатор Петр Семеновке (1906 жылдан бері Семенов-Тянь-Шанский) Семей бөлімшесін құру туралы өтініш жасайды. Петр Петрович өтінішке «толықтай тілеуестік» білдірді.

Омбыдан Семей бөлімшесін ашу үшін мынадай мәліметтер сұралды: қалада ғылыми қоғам құруға жарамды адамдар саны жеткілікті ме; бөлімше бөлімнен түсетін субсидиядан басқа қандай қаражатқа ұйғарым жасап отыр; бөлімшеге пайдалануға қандай да бір қазыналық ғимарат бөліне ме? Александр Федорович Карпов барлық сұрақтарға нық түрде жауап қайтарды. Ол әрқашан шығармашыл ой адамдарының бастамасын қолдап отыратындығымен белгілі адам болатын. Өзі басқарып отырған Семейдегі облыстық санақ комитетінде жұмыс істеуге «жетерліктей еркін» жағдай туғызған екен.

Семей бөлімшесінің құрылтайшы мүшесі болуға тілек білдірген адамдардың тізімі Омбыға жіберілді. Онда 49 адам белгіленді. Бөлімшенің құрылтайшы мүшесі болуға 1902 жылдың

31 наурызында арнайы ашылу күні қарсаңында 97 адам тілек білдірді. Олар өз мақсаттарын былай деп белгіледі: «Батыс Сібір, Орта Азия мен Батыс Қытай елдері жайында мәліметтерді іздестіріп және олар туралы хабарлар жеткізу; экспедицияларды қамтамасыз ете отырып, сол жерлерде ғылыми зерттеулер жүргізу; Батыс Сібірге ғылыми мақсатпен өлкені зерттеуге келген адамдарға жергілікті тұрғындармен бірдей жәрдем көрсету; оқу құралдарын, кітаптар, қолжазбалар, актілер мен карталарды жинап, сақтау».

Географиялық қоғамның Семей бөлімшесінің негізін салғандар кейінгі ұрпаққа қазақ халқының тарихын, мәдениетін, тұрмысынан бақылап-байқағандарын мұра етіп қалдыруды көздегендіктен, дала дәстүрі мен құқықтарын жақсы білетін көзі ашық оқығандарды Қоғамға тартуға тырысты. Олардың көзіне алғашқы түскендердің бірі Шәкәрім еді. Орыстың тілін жақсы білуі, таным көкжиегінің кеңдігі, шүбәсіз поэтикалық дарыны, халық арасындағы беделі – осылардың барлығы оның қажет адам екенін білдіріп тұрды.

Оны Географиялық қоғамның мүшелігіне Өскеменде тұратын бөлімшені құрушылардың бірі Евгений Петрович Михаэлис ұсынған еді. Шәкәрімнің бұрыннан жақсы танысы, Абайдың досы болған ол бұлармен байланысын үзбеген еді. Шыңғыстауда осы жаңалық жайында бірінші болып естіген Абай Шәкәрімді Географиялық қоғамға кіргіземіз деген орыс достарының ниеттерін қызу қолдайтынын білдірді.

1903 жылдың күзінде Шәкәрім Географиялық қоғамның Семей бөлімшесінің жүз үшінші мүшесі болып ресми түрде қабылданды, оқиғаның реті де, шын мәнінде, осындай.

Орыс императорлық географиялық қоғамының Семейдегі бөлімшесінің мұрағат құжаттарында: «Семей уезінің Шыңғыстау болыстығының қазағы Шәкәрім Құдайбердин 1903 жылы қоғамға мүшелікке өтіп 1907 жылы одан шықты» – деген жазу бар.

Оқиға Шәкәрім үшін маңызды болды. Аралас-құраласы ұлғайды: олардың ішінде бүгіндері қаладағы әңгіме-дүкен құрушылары жай адамдар емес-ті, көпшілігі сауатты мамандар жер аударылған төңкерісшілдер болатын. Санақ комитетінде жұмыс істеп жүргендерінде, ғылыми жұмыстарды биліктен тәуелсіз жүргізу керектігін айтқан да солар еді. Географиялық қоғам

бөлімшесінде қоғамдық зерттеу ұйымын құру үшін барлық күш-жігерлерін жұмсаған да солар.

Бөлімше істерін басқарушысы болған, жер аударылған халықшыл Николай Яковлевич Коншин жан-жақты дарынды адам еді. Жер аударылғанға дейін ол Петербор университетінің заң факультетін бітіріп үлгерген еді. 1904 жылдың өзінде Географиялық қоғамның Семей бөлімшесінің ашылуына қатысқаны және Дала өлкесінің тарихы жайлы еңбектері үшін Орыс географиялық қоғамының күміс медалімен марапатталды. Семей облысының қала тұрғындары және шаруалар атынан Бірінші және Екінші Думаға депутат болып сайланды.

Географиялық қоғамның Семей бөлімшесінде ағайынды Белослюдовтар – Алексей, Виктор, Федор мен Николай сияқты ірі тұлғалар болды. Семейде өлкетану мен мұражай істерін дамытуға олардың еңбектері көп сіңді. Белослюдовтар Сібір казактарынан шыққан орташа ауқатты шенеуніктің отбасында дүниеге келген. Төрт ағайындының ішінде дарындылары этнограф, фольклортанушы Алексей Николаевич және суретші, өлкетанушы Виктор Николаевич болды. Мысалы, Алексей Белослюдов Ертіс жағалауындағы орыстар мен казактардың фольклорынан екі жүзден аса ертегі, тоқсан жеті жұмбақ жазып алған. Олар Шәкәріммен бірге қазақ фольклорын егжей-тегжейлі талдауға көп уақыттарын арнайтын.

Көп жылдық өлкетану жұмыстарының нәтижесінде ағайынды Белослюдовтар геология мен минералогия, палеонтология мен антропология, тарихқа дейінгі археология, көне бұйымдар, нумизматика, этнография, сонымен қатар сурет галереясы бөлімдері бар үй мұражайын жасады. Мысалы, археология бөлімінде алты жүзден астам бұйым, нумизматика бөлімінде мыңнан аса раритеттік алтын, күміс және мыс ақшалар болды. Оларға, Крепостной көшесіндегі мұражайға айналған екі қабатты үйге, Шәкәрім келіп тұрды. Ағайынды өлкетанушылармен шай үстінде әңгімелесіп, экспонаттарды тамашалайтын.

Семей облыстық тарихи-өлкетану мұражайының қалыптасуына Алексей мен Виктор Белослюдовтар бар білімі мен күш-жігерін жұмсады. Кейіннен 1911 жылы ағайындылар облыстық

мұражайға отбасы қорынан бес жүз бұйымнан тұратын бағалы коллекцияны табыс етті.

1992 жылы Абай мен Шәкәрім шығармашылығын зерттеуші Қайым Мұхамедханов: «1885 -1893 жылдары Абай да Семей облыстық өлкетану мұражайына киіз үйден бастап елуден астам бұйымды сыйға тартты» – деп жазды.

1914 жылы Виктор Белослюдов қаланың негізі қаланған күннен басталатын тарихын баяндайтын Семейдің қысқаша тарихи очеркін жазды. Ғажап суреткер поляк ақыны Густав Зелинскийдің (1809 – 1881) «Қазақ» поэмасына иллюстрация жасады. Орыс оқырмандарының арасында Абай поэзиясын үгіттеуден тынбады.

Шәкәрімді Семей бөлімшесінің көшбасшылары бірінші кездескеннен-ақ өздерінің талқылап жатқан мәселелеріне араластырып, оны өздерінің қоғамдарына жылы қабылдады. Ол Географиялық қоғамның бөлімшесіндегі жаңа мүшелер қатарындағы екі әйелді көргенде тандана қуанған еді. Олардың бірі сол кездердегі таңғажайып зиялы қасиеттерімен ерекше көзге түскен қазақ қызы Нәзипа Құлжанова (1887 – 1934) еді. XX ғасырдың басында қазақ қыздарының ондай жетістікке жетуі мүмкін емес кездерінің өзінде-ақ ол жақсы білім алып оқытушылық қызмет атқарды.

Нәзипа Құлжанова – «өзін өзі жасаған» адам. Америкада болса, мұндай адамды барлық өмір тарихы намысқой, талапкерлік мақсаттан өрілген деп дәріптер еді.

Ол сахараның солтүстік ауданында сол кездегі Торғай облысында көп балалы отбасында дүниеге келді. Қыздардың таңдау құқығы болмаған, шектеулі өмір шеңберінен құтылып шығуға барлық күшін сала ұмтылды. Ыбырай Алтынсарин негізін салған қазақ-орыс мектебінде оқыды. Қазақ өлкесінде қыздарға арналған жалғыз жоғары оқу орны – Торғай әйелдер гимназиясына өз бетінше түсті. Оны үздік бітірген соң, он төрт жасында гимназияда оқытушы лауазымын алды. Нәзипаның алдағы тағдыры қазақ драмасындағыдай өрбіді. Бала кезінде атастырылып қойғандықтан ол ауылына оралуы тиіс еді. Оған қалың малды баяғыда беріп қойған. Алайда, Шәкәрімнің кейіпкері Еңлік сияқты, Нәзипа гимназия оқытушысы Нұрғали Құлжановқа ғашық еді. Олар ақыры қосылып

ерлі-зайыптылық өмір кешті. Нәзипа жергілікті оқытушылар даярлайтын семинария негізінде бірнеше әдеби-музыкалы және этнографиялық кештер ұйымдастырып үлгерді. Қойылымдар жасаудағы тәжірибесі кейін Семейде ұлттық театр құруда пайдаға асты. Алайда 1902 жылы жас жұбайлар ескі заңдардан сақтана, туған өлкелерін тастап кетуге мәжбүр болды. Олар Семейге көшіп келіп жаңа ғана ашылған мұғалімдер семинариясына оқытушы болып орналасты. Сонымен Нәзипа он алты жасында болашақ мұғалімдерді даярлай бастады.

Ақылды, іскер, сұлу, көпшіл жас әйел қоғамдық өмірге бірден араласып кетті. Құлжановтар отбасы, өзінен-өзі белгілі болып тұрғандай, Географиялық қоғамның мүшесі болды. Олардың үйлері қаланың өзінше бір мәдени орталығына айналды. Шәкәрім жастардың үйіне өзінің кейіпкерлері Еңлік пен Кебек арманының шынайы өмірге қалай айналғанына көз жеткізу үшін емес, Құлжановтардың фольклорлық ізденістері қызықтырғандықтан жиі қонаққа келетін.

Құлжановтардың үйі әртүрлі қоғам қайраткерлерін тартатын. Бұл үйде Шәкәрім халық әдебиетінің білгірі, білімдар мұғалім Рахматулла Елкібаевпен (1877 – 1919) қуана қауышатын. 1901 жылдан бастап Елкібаев Семейдегі мұсылман балалар үйін сабақ бере жүріп басқарды. Ол Лев Толстойға бас июші еді және Шәкәрім мен оның ортақ әңгімелері көп болатын.

Құлжановтар үйінде Шәкәрім қазақ мәдениетінің жалынды қорғаушысы, Абай мен Шәкәрім поэзияларының жанкүйері Мұхамедхан Сейтқұловпен (1870 – 1937) достасты.

Жас Нәзипа Құлжанова өзіне ұстаз және пір тұтатын Ыбырай Алтынсариннің «Көктем» атты өлеңін орыс тіліне аударуды армандап жүргенін естіген Шәкәрім оған жайлап Абай өлеңдерін аударуына кеңес береді. Ұстаз-хакімнің бірнеше өлеңдерін оқыды. Өзінің де аудармаға ден қойғандығын, тек қана орысшадан қазақ тіліне аударатындығын айтты.

Біраз жылдар өткеннен соң Шәкәрім кеңесіне құлақ асқан Нәзипа Абайдың «Махаббат туралы», «Желсіз түнде жарық ай» өлеңдерін орыс тіліне аударды. Ал кейіннен кеңестік кезеңде Шәкәрім үлгісімен прозалық шығармаларды қазақ тіліне аударумен шұғылданды. Владимир Короленко, Борис Лавреневтің кітаптарын

аударды. Жалпы байқап қарасақ, жаңа қалыптасып келе жатқан ұлт зиялыларының саяси мәдениетінің өркендеуіне жас таланттарға қолдау көрсету мен өзара көмек негіз болған екен.

Мысалы, 1914 жылдың қаңтарында Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар саудагерлер клубында ресми түрде бірінші рет Абайды еске алу кешін өткізді. Бір жылдан кейін қайырымдылық түрінде екінші концерт өтті. Қазақ өлеңдері мен әндері шырқалды. Жиналған қаражат Ресей университеттерінде оқып жатқан қазақ жастарына жіберілді. Құлжановтардың арқасында ондаған қазақ ұл-қыздары Петербор, Омбы, Қазанға оқуға баруға мүмкіндік алды.

Құлжановтар тағдыры қайғылы: оларда перзент болмады. Бұл аздай 1919 жылы большевиктермен ниеттес деген күдікпен коллеж хатшысы, Әулие III Святослав орденінің кавалері Нұрғали Құлжановты ақ гвардияшылар атып тастады. Осы оқиғадан қатты соққы алған Нәзипа Ақмолаға көшеді. Сәкен Сейфуллиннің кепілдігімен газетке жұмысқа тұрып, қазақтың алғашқы журналист қыздарының бірі болды. Алайда большевиктер 1929 жылы Нұрғали Құлжановты халық жауы деп жариялайды. Ешқандай материалдық көмексіз қалған Нәзипа туберкулез ауруына шалдығып 1934 жылы Алматыда қайтыс болды.

Шәкәрімнің Географиялық қоғамға кіруінің тағы бір пайдасы – ол ғылыми кітапхананы пайдалануға рұқсат алды. Қалада оған таныс қоғамдық кітапхана біреу ғана емес-тін. Екіншісі Семей облыстық санақ комитетінде орналастырылғанын. Кітаптардың саны аз болғанмен, оның сөрелерінде ғылыми кітаптар мен журналдар жиналып тұратын. Міне, енді 1902 жылдан Географиялық қоғамның Семей бөлімшесі құрылғалы бері оның меншігіне Санақ комитетінің кітапханасы өтті.

Шәкәрім Ресейде шығарылатын ғылыми басылымдарды оқумен көп уақытын сонда өткізетін. Олардың ішінде 1891 жылдан 1916 жылдары Санкт-Петербургте Орыс императорлық географиялық қоғамының этнографиялық бөлімінде шығатын «Живая старина» журналы да болды. Оның беттерінде Ресей империясының құрамына кіретін халықтардың тарихы мен этнографиясы жайында мақалалар үзбей жарияланып жататын. Шәкәрім «Шежіресінде...» жиі сілтеме жасайтын атақты түркітанушылар Радлов, Аристов, Левшин,

Березиндердің еңбектері де осы журналдан орын тапты. Сонымен қоса түркі халықтарының тарихын зерттеуде әлі аттары шыға қоймаған ғалымдар Спасский, Маевский, Балкашкин, Галкиннің мақалалары да барр, бұларға да «Шежіреде...» сілтеме бар.

Жаңа дерек көздерімен танысуы, ертеден ойлап жүрген ғылыми жұмысын жазуға тездетіп кірісуге шешім қабылдауға ықпал етті. Онда тұңғыш рет қазақ халқының этногенезі, қазақ рулары мен тайпаларының байланыстары, сонымен бірге көптеген тарихи оқиғалар жайында мол деректі материалдар сол кезең үшін ғылыми тұрғыдан жүйеленді. Бірнеше жылдар бойы жиналған материалдар кітаптың жоспарында анық суреттелді.

«Шежірені» жазуда Абайдың үлкен көмегі тиді», – дейді кейіннен Шәкәрім. Белгілі бір мағынада айтқанда, Абай Шәкәрімнен озық болатын. Абай қазақ тарихына қызығушылығын тоқтатпастан, өзінің шәкірттеріне тарихи еңбектер жазуға тапсырма берді. Соңынан 1890 жылы өзі сол Санақ комитетінің кітапханасындағы материалдармен таныса келе «Қазақтың қайдан шыққаны туралы бірер сөз» атты шағын трактат жазды. Ол ежелгі тарихтан бастап Қазақ хандығының құрылуына дейін, демек XV ғасырдың ортасына дейін, шолып өтті. Қазақтың тарихын әрі қарай ізерлеуді шәкіртіне жүктеді.

Сонымен Шәкәрім жаза бастайды:

«Атамыз Адам пайғамбардан бері қарай атадан-атаға үзілмей жазылып келген шежіре ешбір жұртта жоқ. Адам пайғамбардан Нұх пайғамбарға шейін айтылған аталар – таурат сөзі, қай кітапта болса да сол таурат кітабынан алып жазған. Онан соңғы шежірелер біреуден-біреу естіп жүрген ертегі сықылды сөздерден шыққан. Оның ішінде кейбіреу білімді атану үшін, кейбіреу жақсы атаның нәсілі болмаққа, кейбіреу жаңылыс ұққанын өтірік яки қате айтылғаны көп болған. Мысалы, біздің қазақтың Факашә сахабаның нәсіліміз дегені сықылды сөздер. Бергі заманда шыққан білімділер сол ертегі сықылды сөздердің қисынына қарап, кісілерінің, жерлерінің атының мағынасына қарап және онан бергіректегі халықтың жайын әзірлегенде ескі заманда патшалы жұрт болған халықтардың ескі жазулары – ақша теңгедегі жазу Һәм моланың басына қойған тастағы жазулардан қарап біліп және

сөйлеген сөз, әдет-ғұрып, таңба белгілерінің ретіне қарап, қай ел қай елмен тұқымдас, қай уақытта, қай жерде жүргенін, кім деген ел атанып, қай ханға қарағанын анықтап тапқан соң, бұрынғы ертегі сықылды сөздердің көбі қате екені мағұлым болған».

Осылайша өзіндік ерекшелігі бар зерттеушінің, сөзсіз тарихи кітап десе де болғандай «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» атты атақты кітабының алғашқы тармақтары дүниеге келді.

Шәкәрім, бастапқы материалдарға өзінің сыни көзқарасын өзертпестен, кіріспеде қолданылған ғылыми қайнарларды тізіп көрсетті:

«Қазақтың түпкі атасының жайын білмек болып, көп уақыттан бері сол туралы естіген,білгенімді жазып алып және әр түрлі жұрттың шежіре кітаптарын оқыдым. Оқыған кітаптарымның мұсылманшасы: «Тәбіри», «Тарих ғу-муми», «Тарих антшар аласлам», Нәжиб Ғасымбектің түрік тарихы, Әбілғазы Баһадүр ханның жазған «Шежіре түрік» және әр түрлі кітаптардан алынған сөздер, орысша кітаптан оқығаным – Радловтың ұйғыр туралы, Аристовтың түрік нәсілі туралы, дүниедегі әр түрлі жұрттың шежірелерінен орысшаға көшірген сөздері, оның ішінде түріктің ең ескі замандағы шежіре кітаптары «Құдатқу білік», «Кошочи-дам» деген кітаптардың сөздері және қытайдың Юән-шау-Ми-ши деген жазушысының сөзі және араб-парсы, рум-европа жазушыларының сөзі және қазақтаң жаңылыс айтқан өтірік аталары – бәрі сол кітапта бар. Ол кітаптардағы сөздерді түгел жаза алмасам да, керектісін теріп алып, соған тура келген қазақтың ескі сөздерін қосып, бір шежіре жазамын. Ескіден қалған тиянақсыз ертегі сықылды ауыз сөз болмаса, мұнан бұрын біздің қазақ тіліменен шежіре жазылған жоқ».

Мұхтар Әуезов «Абай Құнанбаев» монографиясында Абай шығармашылығының үш қайнар көзін көрсетіп бергені белгілі. «Солардың бірі – деп жазды Әуезов, – өткеннің ауызша және жазбаша ескерткіштерінде көрініс тапқан, халықтың өзі жасаған ежелгі қазақ мәдениеті. Екінші қайнар көз – шығыс мәдениетінің озық үлгілері: тәжік, әзірбайжан, өзбек классикалық поэзиясы. Үшінші қайнар көз – бұл орыс, сол арқылы әлемдік мәдениет». Шәкәрім «Шежіресінде» сол қайнар көздердің бірі көрініс береді.

Шәкәрім мен Абай кітаптың басты мәселесін бірінші орынға қойды. Ол бұрыннан «Қазақтар тарихта қандай жолмен жүрді?» деп тұжырымдалып қойған еді. Шәкәрім де кейбір қайнар көздерде қазақтар арабтардан шықты делініп бекіп қалған пікірге қарсы, ғылыми деректер мен әдіс қолдану арқылы олардың тамыры ежелгі түркі әлемінде екендігін дәлелдейді. Сонымен ежелгі ғұндардың тарихына тереңнен көз жібереді.

Шәкәрім «Шежіренің» сұлбасын екі жаз маусымында жасады. Бірақ, бірнеше жылдар бойы кейбір тарауларды мейлінше толықтырып, тіптен мазмұнын тұтастай өзгертті. 1911 жылы кітап жарық көргеннен кейін де мазмұнын дәйектеуден тынбады. Өмірінің соңғы жылы 1931 жылы Сәбит Мұқановқа жазған хатында: «Мен жақында «Шежіренің...» жоғалып кеткен бөлігін тауып алдым. Алдыңғы басылымында кеткен қателерді, түсіп қалған сөздерді балаларға іздетіп, қайта жазып, түзетумен айналысудамын», – деп есіне салады.

Шәкәрім осы еңбегімен тарих ғылымының айналымына, адамның әлсіз жадынан түсіп қалған қазақ шежіресінің қасқағымдай сәттерін қайта оралтты.

Әдетте, біздің жадымыз бен жүрегіміз өз әулетіміздің жеті атасының тарихын сыйдыруға жететіндей кең емес. Ал Шәкәрімге алып тарихи ғимаратты бес мың жылдық іргетасқа отырғызуға, бал-бал тастарға, ұлы есімдерге және түркі тайпаларының одағына жан бітіруге тура келді.

Зерттеу жұмыстарынан көңілін алаңдатқан аракідік күндері сүйікті поэзиясымен айналысатын. Сол кездері сөзді бағындыратын адам құдіреттілігін асқақ сезіммен бейнелейтін көтеріңкі жолдар туатын. Мысалы осындай бір күндерде жазылған оның аяқталған өлеңдерінің бірі «Ажалсыз әскер»:

Патшалар сансыз шығын қылады,
Дайындап соғыс үшін ғаскері.
Аямай бірін-бірі қырады,
Ел алар оққа байлап жастарын.

Тұрақсыз шыр айналған дүние,
Жұтады бәрінің де бастарын.

Ел түгіл жерлеріне кім ие,
Айтпасаң моласының тастарын.

Шын патша мен емес пе уайымсыз,
Ғаскерім– өлеңім мен сөздерім.
Олардың патшалығы дайынсыз,
Көреді баянсызын көздерің.

Сөз патшасы әрі жасаушысы – ақын, ол – қабір күліне айналған үнсіз жер мен соғыстарға қарсы табиғи қозғалыстағы әлем бейнесіне өзінің тұтас суреттемесін шендестіре алады. Бұл суреттің басты құндылығы – іштесудің иірімін беруі және болмыс басында Сөз болғандықтан Құдай мен адамның, адам мен адамның бұрынғымен, қазіргімен, болашақпен іштесуінің эстетикасы мен этикасын аңдатуы.

Ойлаңыз біздің ғаскер өле ме,
Қағазға бір басылып қалған соң.
Бұл мықты ғаскер емей немене,
Жайылып талай орын алған соң.

Қарумен қанша қатты ұрса да,
Сөзіме жанның әлі келмейді.
Бұл дүние шыр айналып тұрса да,
Ғаскерім қартаймайды, өлмейді.

Шәкәрім өлеңінде шығармашылық арқылы жамандықты жоюға, сол арқылы жарқын өмір мен жасампаздыққа жол ашуға деген ақын үміті анық көрініс тапқан. Осы өмірлік, тарихи, болмыстық және мифологиялық жолда Сөз (өлең), Шәкәрімше, жаратылыстың тұңғыш рухының рәміздік көрінісі болып тұр.

ҮШІНШІ БӨЛІМ

ТАҒДЫРҒА – ИМАН, ТҮЛҒАҒА – ТҰҒЫР

Абай айнасы және тауқымет тезі

Шәкәрімнің ұстазы әрі тәлімгері Абайдың өмірінің соңғы жылдарын қалай елестетуге болады? Ең бастысы – оның есімі мен бейнесі Дала адамының рухани өмірбаянының байлығының белгісіне айналды.

Абайға сеніп, Абайды құрметтеген тек өз айналасындағы жақындары ғана емес, Семейлік шенеуніктер де Абаймен тілеулестік қатынаста болды. 1903 жылғы 25 тамызда уезд бастығы Навроцкийдің Семей облыстық әскери губернаторы Галкинге берген № 263 әйгілі рапортында мынадай ақпарат бар:

«Құнанбаев болыстық қызметте болғанда істі саналы, тыңғылықты орындайтындығымен, үкіметке шын берілгендігімен және фанатизмнен ада адам ретінде ерекше көзге түсті. Құнанбаевтың ұлдарының бірі (Әбдірахман. – Е.С.) Михайлов артиллериялық училищесін оқып бітірген соң, Түркістан аймағында офицерлік қызметте жүріп қайтыс болды. Құнанбаевтың тұрмыстағы қызы қазір қырғыз университетінің ғылыми курсын аяқтады, басқа балаларының барлығы орыс тілінде жазып, оқи алады. Оларды оқытып-үйреткен – әкелері. Бұрынғы уақытта Құнанбаевтың Семейдегі және көрші уездегі қырғыздар арасындағы ықпалы күшті болды, әлденеше рет уездің атынан дауды шешуші бітімгер ретінде «төбе би» болып сайланды. Қазіргі кезде қырғыздар арасында Құнанбаевтың беделі бұрынғыдай емес, ол қартайды, іске араласпай, тыныш өмір сүруде, өзіне қатысы жоқ істерге өте сақ қарайды, өзінің және басқа да болыстықтағы партияларға басшылық етуге араласпайды, бірақ партия басшылары одан кеңес сұрап жатады. Саяси қатынаста мен оны ақылды, бірбеткей, сенімді және

қандай да бір мұсылмандық шиеленіске қатысы жоқ адам деп санаймын. Әңгіме кезінде Құнанбаев мемлекеттік мүддені және Азияға билік етудегі Ресейдің игі ниетін толық түсінеді және мұсылман-фанатиктерінің үкіметке қарсы істерін наразылықпен айыптайды. Негізінде, Құнанбаевтың қарекетіне қарап саяси тұрғыдан қауіпті дегенге сенбейсіз».

Шенеуніктер Абайды ақын ретінде бағалай алмады, оның поэзиясын түсінбеді, өйткені өлеңдері орыс тіліне аударылмады, ал қазақ тілі қалалық шенеуніктер үшін беймәлім тіл болды.

Сөйтсе де жоғарыда келтірілген мінездеме белгілі бір дәрежеде дәл сипатталған деуге келеді. Абайдың соңғы кездерде қажі бастағанын, шыңғыстаулықтардың өмірлік рухын көтеретін бұрынғы керемет белсенділіктің сыңайы байқалмайтынын тек Навроцкий мырза ғана емес, Шәкәрім де байқайды, байқайды да мұңаяды, өкінеді.

Мұндай белсенділік, айтқандайын, Ресейдің Дала үшін қолданып отырған заңдарының шегінен ешқашан шыққан емес. Қалай десек те, империя пиғылына қазақтардың тікелей қарсылық көрсеткеніне нақты айғақ жоқ. Және Абайды жер аударылып келген народоволецтердің революциялық идеяларын сіңірген адам ретінде көрсетудің қажеті жоқ. Керісінше, Абай шенеуніктермен әңгімелескенде әрқашан заңға бағынатын адам қалпын ұстауға тырысты.

Бірақ Абай қазақ қоғамының арасындағы қоғамдық пікірге қашан болсын әсер ете алатын, өзіндік орны бар адам еді. Қазақ даласын ресейліктердің басқаруын ол тарихтың бір шарасыз кезеңі деп қарады. Қазақтар мемлекетті өздері басқаруы үшін мәдени дамудың белгілі бір кезеңінен өтуі керек, сондықтан да халықтың білім алуы – қазіргі күннің өзекті мәселесі деп есептеді. Абай қазақтың қоғам қайраткерлерін ағартушылық майданында халықтың игілігі үшін қызмет етуге шақырды. Мансап үшін талас-тартысқа мән бергісі келмесе де, еріксіз араласуға мәжбүр болды. Шығармашылық күш-қуатын өз ұлтының ақиқат жолына бұруға арнап қазақтардың сауатсыздығы, еріншектігі, икемсіздігі, дүниеқоңыздығы жайлы күйіне жазды.

Бар болмысы тыныстап тұратын дәл осындай күш-қуатты, күштарлықты соңғы жылдары Шәкәрім Абайдан байқай алмады.

Абай өмірінің соңғы жылдарында үйреншік қылған қарекеті арқылы сүрген өмірдің жалғандығын, азаптан құтылудың дәмін татқанын, санасы нұр толғанын, тағдырға бойұсынғанын байқатты деуге болады.

1899 жылы жазған өлеңі:

Жүрегім менің – қырық жамау,
Қиянатшыл дүниеден.
Қайтып аман қалсын сау,
Қайтқаннан соң әрнеден.

Бірақ Абай алдына келушілердің саны азайған жоқ, ағайындары ұлы ақынмен жай амандасуға болса да келіп жатты.

Сол жылы он сегізге толатын немересі Әрхам атасының қонақтармен әңгімесін есіне жақсы сақтап қалыпты.

«Абайдың бір ерекшелігі өзіне келген адамға қадалып қарап отыратын, деп жазады Әрхам. – Бірден қандай жұмыспен келгенін сұрайтын. Егер қонақ түсінікті жауап беріп, маңызды шаруамен келсе, сол жерде шешіп беруге тырысатын. Мәселені шешіп болған соң: «Енді ана қонақ үйге бар, сені тамақтандырады», – дейтін.

Бірақ келген адам ұялып, қызарып тек амандасуға келгенін айтса, Абай бірден қонақ күтетін үйге «барып тамақ іш» деп жіберетін, ол қонақ қанша жатса да, құмайтын. Ал егер ол тағы да қайта айналып келіп бір жұмысының бар екенін айтса, Абай оны тыңдамайтын.

Бір ерекшелігі – егер кімде-кім сөйлесе, бар ісін тастап, ден қойып тыңдайтын, ол айтып болғаниша сөзін бөлмейтін. Егер сөзі ұнаса, сұрақ қойып ұзақ әңгімелесетін. Ал егер ұнамаса, бірден «Жетер енді, тоқтат!» деп ұрсып тастайтын.

Ол адамдарды туысым деп не байлығына немесе атағына қарап сынамайтын. Сөзі мен ісіне қарап қорытынды шығаратын. Ешқашан кедей, жүдеу адамдарды кемсітпейтін».

Абай қонақ қабылдап, олардың түйткіл істерін шешуді тоқтатқан жоқ, бірақ Жидебайдан басқа еш жерге шықпады. Оның шығармашылықпен алаңсыз айналысуға мүмкіндігі болды, бірақ өмірінің асқарына шыққан кезеңде ой-сезімі инсанның қоршаған

әлеммен, жалпымен, Ғаламмен байланысы туралы жайттарды қанағат тұтты, соны ұтымды көріп өзін-өзі шектеді. Ол жауап табуға міндетті сауалдар әлі көп еді. Бірақ дүниенің бей-берекеттігі мен күйкілігіне зейін қоюы, адамның кемістігіне мән беруі азайған сияқты, азая бастады.

Адам – бір боқ көтерген боқтың қабы,
Боқтан сасық боласың өлсең тағы.
Мені мен сен тең бе деп мақтанасың,
Білімсіздік белгісі – ол баяғы.

Кеше бала ең, келдің ғой талай жасқа,
Көз жетті бір қалыпта тұра алмасқа.
Адамды сүй, алланың хикметін сез,
Не қызық бар өмірде онан басқа?!

Өлең 1899 жылы шыққан. Абай адам туралы жеңіл сөз айтты дейсіз бе? Жоқ, шындықты айтты. Сөз салмағын арттыра түсті. Өзінің жеке басынан гөрі, өзінен үнемі батыл іс күтетін айналасына шиырлатып қиынға салмай айқын баға берді.

Абай тағдыр сұғына тік қарап, Алла ісін ойлады, бірақ адам қамын ойлап жазды. Адам жер бетінде қаншалықты ұзақ өмір сүрсе, соншалықты Құдайға жақындай түсетінін жақсы түсінді. Тек өлімге құшағыңды ашып, оған қарсы келмей, ата-бабы рухын сыйлап өміріңді ұзартуға болатынын ұқтырды.

1898 жылы Абай бақұлдасуға ұқсайтын «Өлсем, орным қара жер сыз болмай ма» атты өлеңін жазды. Өзінің жалғыз, бақытты да бақытсыз өмірінің, ақындық ғұмырының қорытындысы ретінде жазғандай.

Амалсыз тағдыр бір күн кез болмай ма?
Біреуге жай, біреуге тез болмай ма?
Асау жүрек аяғын шалыс басқан.
Жерін тауып артқыға сөз болмай ма?

Сонда жауап бере алман мен бишара,
Сіздерге еркін тиер, байқап қара.

Екі күймек бір жанға әділет пе?
Қаны кара бір жанмын, жаны жара.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым кінә қойма!

Жасымда албырт өстім, ойдан жырақ,
Айлаға, ашуға да жақтым шырақ.
Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етекбасты көп көрдім елден бірақ.

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме,
Сандалмамен күн кешкен түспе ізіме.
Өзі ермей, ерік бермей, жұрт қор етті,
Сен есірке, тыныш ұйықтап, бақ сөзіме!

Ішім – толған у мен өрт, сыртым дүрдей,
Мен келмеске кетермін түк өндірмей.
Өлең шіркін – өсекші, жұртқа жаяр,
Сырымды тоқтатайын айта бермей.

Шәкәрімнің отыз жылдан аса уақыт мына дүниеден баз кешетінін алдын ала сезуінде жанның мәңгілік екеніне сенген, сендірген хакім ұстазы, данышпан Абайдың осы толғаныстарының лебі бар екеніне күмән жоқ.

Ол өзі де Абайдың адал шәкірті ретінде шығармашылығын шындауын бәсеңсіткен жоқ, өмірінің соңғы жылдары тек осымен ғана айналысты. Осы бір байыпты істі жан-тәнімен беріле жалғастырды. Күнде кешкілік Көлқайнар қыстауында «Дубровский» повесін қазақ тілі өлеңінің уәзініне түсіріп отырды.

Әлеуметтану, философияға арналған анағұрлым қиын әрі қызықты кітаптарды оқыды. Жақын арада Философиялық мәселелерге байланысты жақын арада жазғандарын жүйеге келтіре бастады. Сондай бір сәтте философия бойынша сыни кітап жазу ойына келе кетті. Тіпті атын да – «Үш анық» деп ойластырып қойды. Осыған орай болмыс туралы өзі жинақтаған, ойына оралған

тұжырымдарды жетілдіре түсті. Ондай тұжырымдардың кейін кітабына енгізген алғашқы жазбасы мынадай:

«Барлықтың түп себебі Жаратушының білім, құдірет шеберлігінде өлшеу жоқ. Дәлелдерім: ғылым жолында бұл барлықтың еш нәрсесі өздігінен бар бола алмайды да, қозғала алмайды. Ол бар болайыншы, қозғалайыншы дей алмайды. Бұған себеп керек. Егер ол себепке де бір себеп керек болып, себептің түбі жоқ болады делінсе, ең түбі себепсіз, бар себеп болмаса болмайды. Сол себепсіз бар болу себеп жаратушы болады. Егер сол себепсіз бар болған атом, нұр сияқтылар делінсе, олар себепсіз бар болған нәрсе емес, дәлелім – оларда қозғалыс бар, қозғалуда, жүрісінің өлшеуі бар. Өлшеулі нәрсе өзі бар болған емес. Егер қозғалыс притяжение, отрицание – өзіне тарту, әрі итеру заңымен делінсе, ол қозғалысқа да себеп керек. Ол заңды салушы керек. Және атом сияқты түп негізде ерлі-қатындылық сипат бар. Мәселен, сила вещества (қуатты дене), ол екеуі бір-біріне мұқтаж, олай болған соң ондай нәрсе өздігінен бар болды деуге қисынбайды. Сондықтан олардың түп себебі – себепсіз бар себеп, түп Жаратушы».

Мәні жағынан метафизикалық мұндай мәтінге оқырманның қалай қараса да еркі бар: дала адамының соны ойларының кеңдігіне таңдана ма әлде пайымдаулардағы әлсіз тұстарды іздеп таба ма, айтқандайын, ондай тұстарды табу қиын емес. Әлде оқырман Шәкәріммен бірге «барлықтың» бастау көзі, өмірдің түп себебі туралы тағы бір ойлана ма? Осыған орай дүниені Құдайдың жаратуы туралы тұжырыммен, айталық, Ұлы жарылыс теориясының арасынан жол таңдай ма? Бірақ, бақытына орай, Шәкәрім аталмыш теорияны білмеуі әбден мүмкін.

«Үш анық» кітабын жазуға он шақты жыл кетті. Жыл өткен сайын Шәкәрім жаңадан айғақты материалдар тауып отырды, басқа философиялық пікірлермен танысты, еңбегін мысалдармен және ерекше пайымдамалармен толықтыра түсті, осылардан келіп оның өзіндік, тіптен соны тұжырымдамасы, ар-ұждан ғылымы туралы тұжырымдамасы қалыптасып шықты.

Соның арасынша 1904 жыл да келіп жетті.

Қыста Абайдың баласы Мағауияның аяқ астынан өкпе ауруы асқынып, халы күрт төмендеп кетті.

Бұл ауруды Мағауия 1884 жылы он төрт жасында Семейдің ерлердің қырғыз мектебіне (қалалық училище солай аталған) түскеннен кейін жұқтырған. Ол «өте жақсы» оқыды, бірақ үшінші оқу жылында жөтел қатты қинайтын болды. Дәрігер «туберкулез» деп анықтап, ауылға қайтуға кеңес берген соң, Абай баласын үйіне алып келген.

«Тағы да қайғы жақындады! Өлім елесі көз алдыма келді. Өмірімдегі жалғыз қуанышым енді ғана гүлдене бастағанда, қайта сола бастады; қажыған жүрек сүйеніші қалайша бұзылды? Енді ғана әке тәрбиесі жемісін бере бастағанда, шынымен де Мағаш ештеңеге үлгермей гайып болады?» – Абай күйзелісін ұлы суреткер-романист Мұхтар Әуезов осылайша аса көркем суреттейді.

Мағауия, 1904 жылы 26 мамырда, ауыл қыстан әрең шығып, жайлауға көшкелі отырғанда, отыз төрт жасында қайтыс болды.

Мағауияны жерлегеннен кейін қырық күн өткенде философ, біртуар ұлы ақын, қазақ даналығының ой жетпес өлшеміндей болған Абай Құнанбайұлы бақилық болды. Бұл 1904 жылдың 6 шілдесі (ескі санау бойынша 23 маусым) еді, ол елу тоғыз жаста болатын.

Абай құлпытасына арнаған сөзін Шәкәрім кейінірек, қабіріндегі тасқа емес, «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» кітабына жазды:

«... әкеміздің бір шешесінен туған Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша әм орысша ғылымға жүйрік әм алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді. Ержеткен соң сол кісіден тағылым алып, әртүрлі кітаптарын оқып, насихатын тыңдап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім. Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, ғұлама, философ кісі еді. Қор елде туып, қор болып өтті. 1904 жылы маусым айында 60 жасында өтті. Алла баршасының рухына рахмет қылсын».

Абай қазасынан соң, Шәкәрім қайғыға қатты берілді, Абай азасынан басқа ешқандай салмақты ой санасына келмей қойды.

«Дубровскийді» аударуды тоқтатып қойды. Оқуды да қойды, «Шежірені...» жазуға да күш таба алмады. Үстелде Лев Толстойдың

әңгімелері бар журнал ғана жатты, бірақ ойы оның анық, таза прозасын да қабылдамай қойды.

Сағаттар бойы сағынышты қайғыға қамалып отырғанда, хакім ұстазының бейнесі көз алдына елестеп кетпей тұрып алатын, ақыры осы елес қиялы жүректен сөз боп шықты. Мұндай сәттерде Шәкәрімнің ойлары дұғадай болып көкке көтеріледі.

Сонда барып киіз үйдің тар кеңістігіне қамалып, уақыты тұйықталып қалған қайғылы ойларын өлеңмен сыртқа шығаруға бел байлайды да, қайғысын жазуға кіріседі:

«Ажал жетсе, өлдің бе,
Өлім келді, көрдің бе?
Баянсызға салынба», –
Десе, тоқтау бердің бе?

Жетпесті қудың, жеттің бе,
Барша жаннан өттің бе?
Тағдырың жазған ақ өлім,
Құтылып онан кеттің бе?

Қарманып едің, таптың ба,
Қарындасқа жақтың ба?
Қарсыласқан жауыңды,
Қанеки, жерге қақтың ба?

Өлместей оны көруші ең,
Соған да қарсы келуші ең.
Аяған сонан жаныңды
Кімге сақтап беруші ең?!

Өзінің шын жүрегімен, сәби көңілімен өлмейтін, мәңгілік адам деп санаған абыз ұстазынан айрылудың ащы қайғысы сіңген осы шығармасының әсерімен Шәкәрімнің өлеңдер топтамасы түзіліп шықты (әр кезде жазылған он төрт өлеңі ғана белгілі). Кейін толғанысқа шақыратын бұл өлеңдерін «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» деп атап «Қазақ айнасы» жинағына қосты.

Кейінірек Абайға арнаған қорытынды өлеңін жазды. Арнау өлеңде тек ұстаздың қайтқандағы құпия қайғысы ғана емес, бақыт,

байлық қамын ойлаған адам бейнесі де көрінеді. Бірақ адамның өмірін бір Алла бақылап отыр және мұңсыз «тыныштыққа» қайтаратынын айтады:

Шаранамен туып едің,
Бөз оранып өтесің.
Бір сағымды қуып едің,
Қай уақытта жетесің?
Қанша дәулет жиып едің,
Бәрі қалды, нетесің?
Мал үшін жан қиып едің,
Қайтіп алып кетесің?

Дүние қу,
Бір ағын су,
Түстік онда шөп болып,
Күнде ағамыз,
Сандаламыз,
Бейнетіміз көп болып.

Көлге барып,
Тыным алып,
Бәрі сонда жиылар.
Алды тыныс,
Болды тыныш,
Су ағыны тыйылар.

1905 жылы мамыр айының соңында ағайындары жақсы хабар жеткізеді. Әлихан Бөкейхан Абайдың өлеңдер жинағын шығару жөнінде оның туыстарымен кездесіп ақылдасқысы келеді екен. Ол Абайдың әдеби мұраларын жүйелеп, өлеңдерін тексеруге Шәкәрім пікірінің қажеттігін білдіріп, оның келгенін қатты қалайды. Бұл ұсынысты естігенде Шәкәрімге өмірге қайта оралтатын бір үміт оты жарқ еткендей болды.

Ол Семейге жиналды.

Әлихан Бөкейхан (1866-1937) – Бөкей ордасының негізін салушы атақты Бөкей ханның ұрпағы, Семей облысының Қарқаралы уезінде дүниеге келген. 1877 жылы әкесі Қарқаралыдағы медресеге

оқуға жібереді. Ол бастауыш мектепте жеті жылын арнап, қалалық қолөнер училищесінде «етікші шеберлігі» мамандығын алып шығады. 1886 жылы Омбыдағы техникалық училищеге оқуға аттанады.

Омбыда «Акмолинские областные ведомости» газетімен және оның қосымшасы «Дала уәлаятының газетімен» әрістес болады. 1889 жылы жас автор орыс және қазақ тілдерінде Абай мен Шәкәрім рухындағы көсем сөзбен қазақ қоғамындағы болыстардың біліксіздігі, молдалардың сауатсыздығы, байлардың дүниеқоңыздығы сияқты жарамсыз қылықтарды сынға алған 18-ге жуық материал жариялайды. 1890 жылдан бастап Санкт-Петербург қаласындағы Орман институтының экономика факультетінде оқыды. Оны бітірген соң Омск орман шаруашылығы училищесінде педагогтік және ғылыми жұмыстар жүргізді. Кейін Санкт-Петербург университетінің заң факультетінде оқымай-ақ емтихан тапсырып, заңгер дипломын алды. Орыс императорлық географиялық қоғамының Батыс-Сібір бөлімінің толық мүшесі болып сайланды.

Абай шығармашылығын қадір тұтатын Ә. Бөкейхан оның поэзиясын баспа арқылы үздіксіз насихаттады. Мәселен, 1903 жылы Петербургте «Россия. Полное географическое описание нашего отечества» деген атпен шыққан басылымның Қазақ өлкесіне арналған «Қазақ өлкесінің тарихи тағдыры мен мәдени табыстары» атты 18-томында Щербина бастаған экспедицияның мүшесі ретінде Ә.Бөкейхан Абайға көп көңіл бөліп, оның қазақ әдебиетіндегі алатын орнын жоғары бағалады.

Әлихан Бөкейханды Абайдың алғашқы өмірбаяншысы деп айтуға болады. Оның «Абай (Ибраһим) Құнанбаев» мақаласы 1902 жылдан бері көпес Прокопий Плещеевтің типографиясында басылып тұрған «Семипалатинский листок» газетінің 1905 жылғы санында қазанама ретінде жарияланды. 1907 жылы мақала Абайдың суретімен «Орыс императорлық географиялық қоғамы Батыс-Сібір бөлімінің Семей бөлімшесінің» журналында қайта басып шығарылды. Біздегі абайтану осы мақаладан басталды.

Талантты публицист, белгілі ғалым Әлихан Бөкейхан дәл осы 1905 жылы көрнекті саяси қайраткерлер санатына қосылды. Оның

саясатқа енуіне Абайдың рухани реформашылығының да шешуші рөлі болды. Әлихан оның шығармашылығымен бұрын да өлеңдері арқылы таныс болған. Шәкәріммен және Абайдың баласы Тұрағұл, немере туысы Кәкітаймен кездесуі Әлихан үшін ақынның лирика әлемі мен философиялық прозасына жол ашты.

Әлихан үшін Шәкәрімнің арнайы дәптерге жазып алған «Қара сөздері» нағыз жаңалық еді. Абай прозасын басып шығару жоспарланбаған болатын. Бірақ Шәкәрім сөз арасында Абайдың этикалық көзқарастары жайлы айтып, дәптерді көрсетуі сол екен, ол бас алмастан оқуға кірісті. Ойларының тереңдігін бағалай отырып Әлихан кейбір жолдарын дауыстап оқыды.

«Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз, әрбір иманы бар кісіге гибадат парыз деген екен, – деп оқи бастады Әлихан жиярма сегізінші сөзді. – Және де әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен таныр» дегені қайда қалады? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діннің өзі неден болады. Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған гибадат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жамандықты жаратқан – құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан – құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан – құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, наным ұқсаң болар, әйтпесе – жоқ».

Нәтижесінде кітапқа топтау үшін өлеңдерді он жеті тақырыптық бөлімге жіктеді: «Халық жайлы», «Өлең құрылысы», «Өзім жайлы», «Махаббат жайлы, «Ойлар» және басқалар. Бөлек бөлім ретінде – аудармалар мен «Масфұт» және «Ескендір» поэмалары кірді. Абай поэзиясын оқырмандар осылай тез түсінеді деп шешті.

Омбыда Ә. Бөкейхан нағыз журналист ретінде «Семипалатинский листок» газетіне құлақтандыру жазды: «Абайдың біртума өлеңдері мен Пушкиннен («Евгений Онегиннен» аудармасы), Лермонтов пен Крыловтан аударған аудармаларын баласы Тұрағұл жинады және қысқа мерзімде Ә.Бөкейханның жалпы редакциясымен Императорлық орыс-географиялық қоғамының Семей бөлімшесі басып шығарады».

Әлиханның қарапайым өмірде бола беретіндей оптимизмі жағдайға қарай икемделді. «Қысқа мерзім» дегені үш жарым жылға созылды. Бұл қалай болып еді? Шыңғыстауға қайтып оралған соң Шәкәрім Абай өлеңдерін реттеуге отырды. Келісілген бөлімдерге бөлді. Мәтіндерді оқып, соңғы редакциясын жасады. Кәкітай Абайдың қысқаша өмірбаянын дайындады.

Маусым айының соңғы күндері Жидебайда, бұрын жоспарланғандай, Абайға ас берді. Ас өте жақсы ұйымдастырылды: бұл – Шәкәрімнің еңбегі еді. Семейден арнайы шақырылған молдалардың мұны ренжіткені рас. Қала мешітінің қызметкерлері «Мұсылмандық шартының» авторы Шәкәрім жақсы білетін мұсылман шарттарын сақтаудың орнына берілетін сыйлықтарды аңдумен болды. Ол Абайдың өлеңдерін оқып, Лев Толстойдың өсиет әңгімелерін келтіріп діндарларды жөнге салуға тырысты. Бірақ сырттан келген дін қызметшілері «өлең оқу шарифатқа қайшы келеді, ислам қағидасына қарсы» деп жабыла айыптай жөнелді. Толстойдың православиелік шіркеуден аластатылғанын олар білді ме, жоқ па, – ол жағы белгісіз.

Әдепті Шәкәрім олармен таласқа түскісі келмеді. Ол Қасиетті синод 1901 жылы граф Лев Толстойды шіркеуден аластататыны туралы шешімін жариялағанын білетін. Ол жайлы өз пікірі бар, бірақ ас кезінде айтысып жатуды артық көрді.

Бұл уақытта Әлихан Бөкейхан сауда жайымен емес, ел үшін маңызды шаруалармен Қарқаралыдағы Қоянды жәрмеңкесіне барған. Сапар 1905 жылғы орыс революциясынан шабыттанған қазақ қоғам қайраткерлері өткізген петициялық науқанмен байланысты болды. Бұл іске Бөкейханнан басқа педагог Ахмет Байтұрсынұлы, көсемсөзші Міржәкып Дулатұлы, заңгер Жақып Ақбайұлы, инженер Мұхамеджан Тынышбайұлы тағы басқа белсенді тұлғалар қатысты. Қарқаралыда, Семейде, Қызылжарда (Петропавлда), Оралда қазақ халқының атынан Санкт-Петербургке петиция қабылданып, Омбыға, Дала генерал-губернаторына, басқа қалаларға, әскери губернаторлар мен уезд басшыларына жіберілді. Петициялар көп болды, ең белгілі және мазмұны жағынан ең маңыздысы 1905 жылы 25 маусымда Ресей империясы министрлер кеңесінің төрағасы Сергей Юльевич Виттенің атына жазылған

Қарқаралы петициясы болды. Ә. Бөкейхан мен оның пікірлестері петицияға 12767 қазақтың қолын қойғызды, бұл – сол кез үшін қомақты көрсеткіш.

Қарқаралы петициясы былай деп мәлімдеді:

«Бүкіл Ресей өз өмірінің толықтай қайта құрылуының қажеттігі жайлы мәлімдеп жатқанда, Ресеймен тағдырлас қырғыз даласы қазіргі оқиғалардан тыс қала алмайды және өз мұқтаждықтарын да білдірмей тұра алмайды».

Петицияны құрастырушылардың көрсетуінше, қазақ халқының ауыр жағдайының себептері:

«...елде тұрғындардың талап-тілектері жайлы еш ойланбастан бюрократиялық жолмен құрылған «Далалық ереженің» енгізілуіне байланысты, заңды өз қалауынша жүргізетін әкімшіліктің заңды құрметтемеуі, рухани және экономикалық мүдделерін ескермеу...»

Петицияшылар жергілікті басқаруды енгізуді, сот жүйесін өзгерту, халыққа білім беруді ұсынды, діни ұждан еркіндігін, типографиялар ашуды, газет шығаруды, жана заңдар қабылдауды талап етті, ең бастысы, «қазақтардың өз жерін өз меншігіне аударуды» талап етті.

Шілденің ортасында Кәкітай баспаға дайын қолжазбаны алып алдымен Семейге, сол жақтан Омбыға барды.

Әлихан Бөкейхан ақырында былай деп жазды: *«1905 жылы шілде айының соңында Кәкітай Абайдың қолжазбасымен маған Омбыға келді. Ол осында бірнеше ай тұрды. Біз бірге Абайдың, Пушкиннің, Лермонтовтың шығармаларын оқудан ләззат алдық».*

Араб әрпімен қазақ тілінде кітап шығару оңай емес екен. Омбыда типографиялық қор жетіспеді. Кезекке тұруға тура келді.

Қолжазбаны Әлиханға қалдырып Кәкітай Шыңғыстауға қайтып оралды.

Ал Шәкәрім, әйтеуір, әдебиет ісіне қайта кірісті, бұл іс бұрын да оның көңілін толтырып, жанын қуанышқа бөлейтін, тағы да соны көкседі. Жеке кітапханасындағы Лев Толстойдың барлық шығармаларын қайта оқып шығып, ұлы орыс жазушысының әңгімелері мен қатты ұнаған ертегі-аңыздарының қайсын қазақ тіліне аудару керегін ойластырды.

Орыс жазушысының адамгершілік ұстанымдарының Шәкәрімнің этикасына дәл келуі таңқаларлық. Екеуі де жақсылық пен жамандық жайлы ұдайы сауал қояды да, өз сұрақтарына жауап табуға тырысады. Екеуі де жақсылықтың әлемді өзгерте алатынына, ал жазылған нәрсе анық та көркем болса, құдыретті күшке ие болып, күнделікті өмірге ықпал етеді деп сенді.

Асқақ әдебиетпен оны жаңғырта іштесуден бойға ұялаған шаттық өлең болып сыртқа шықты. Шәкәрімнің Толстойға арнау жазғысы келіп кетті. Алайда, қиял ұшқырлығына тәуелді поэзияда жиі кездесетіндей, бұған тиесілі шығарманың тақырыбы өзінің есінен кетпей қойған сезімге ауып кетті. Нәтижесінде, жеке бастарының пайдасы үшін соңғы кездері діннің беделін түсіріп жүрген мешіт қызметкерлеріне жауап іспеттес болып шықты. Жақында ғана молдалармен дауласқаны есінен кетпей, көңіл терезесінен зорайып көрінді. Осы бір жабысып алған ойдан арылудың бір-ақ амалы болды: өлеңмен жауап беру.

Танбаймын, шәкіртімін Толстойдың,
Алдампаз, арам сопы кәпір қойдың.
Жанымен сүйді әділет, ардың жолын,
Сондықтан ол иесі терең ойдың.

Сауатсыз молдаларды, жергілікті дәстүр бойынша, ол сопы деп атайды. Бұлардың кейбіріне өршелене қарсыласты, мұндайда бір жақсысы – ойына ешкім тосқауыл қоя алмайды:

Толстой кәпір емес, кәпір өзің,
Дін емес – бәрі алдау айтқан сөзің.
Көңілің соқыр, надансың, бейілің қара,
Нұр, жарығын қалайша көрсін көзің.

Шәкәрімше, Ясная поляна тақуасының бейнесін уағыздағанда шығармашыл данышпан Л.Н. Толстойдың күшімен салыстыру үшін «сопы-алаяқтың» және сол сияқты мыңдардың күші шенге де келмейді.

Көнбеймін дінді теріс бұрғанына,
Сопының бара қойман құрбанына.
Хақиқат сырымды айтсам – Толстойдың
Мың сопыны алмаймын тырнағына.

Шәкәрім өлең жазғаннан кейін жан тыныштығын тапты ма? Ия, аздап қана. Себебі білім алу үшін Стамбулға, Меккеге, Александрияға барамын деп Абайға берген уәдесі тыныштық бермеді. Терең оймен Шәкәрім бұрын да сыйынып жүрген Құранға зер салды. Ирандық дін қайраткері Мұхаммед әл-Ғазалидің (1058-1111) нақыл сөздерін есіне алды: «Құранды кітапқа жазады, тілмен айтады, жүрекпен есте сақтайды, соған қарамастан Құдайдың дәрегейінен ешқашан кетпейді және Оның жазылған жолдарында және адам ақылында сапарлап жүретіні еш байқалмайды».

Шәкәрімнің Аллаға деген, білімнің киелі күшіне деген сенімін ешкім де, тіпті діни сенімді танымастай өзгертіп жіберген жергілікті жағымпаздардың бейпіл сөздері де шайқалта алмайтындай еді.

Абайдың рухани өсиетін орындауға тырысқан Шәкәрім тез арада қажылыққа – Меккеге барып сол жағынан Леванттың ұлы қалаларындағы кітапханаларға кірем деген шешімге келеді. Басқа халықты көріп, әлемді аралап, таным көкжиегін кеңейту – таныс кеңістіктің тар шеңберінен, шектеулі уақыттан қажыған жанға жетпей тұрғаны осы еді. Ол таныстарына күзде қажылыққа барамын деген хабар жібереді.

Ахат осы оқиға туралы Шәкәрімнің айтқан әңгімесін былай еске алады:

«Бір қайғыңды бір қайғың ұмыттырсын» деген оңбаған қарғыстай, Мағаштың қырқында Абай қайтыс болып, біржөла сорым қайнап қалды. Абай түсімнен шықпайтын болды. Абайдың қаралы үш жылын күту қиын болды. Ақыры ойланып, ел бауырға түскен соң, барлық туғандарды жинап, Абайға еткен уағыдамды орындауға сапар жүретінімді айттым.

Бұған наразы болғандары: «Жақсы көретін ағасының үш жылын күтпеуі қалай?» – деп баруыма ырза болмады. Ұққандары ырзалығын берді. Наразы болғандардың өкпесінен гөрі Абайға берген сертімді орындауды артық көрдім».

Шәкәрім сапарға дайындалып жатқанда, Әлихан Бөкейхан 1905 жылдың қыркүйек айында қазақ халқының өкілі ретінде Ресейдің земстволық және қалалық қайраткерлерінің Мәскеуде өткен съезінің жұмысына қатысты. Съезде сайлау құқығы тең ұлттар мен халықтар бірлігі мәселесі, ана тілін қолдану еркіндігі талқыланды.

1905 жылдың қазан айында Ә. Бөкейхан «Халық еркіндігі партиясы» немесе Конституциялық-демократиялық партиясының (кадеттерпартиясы) Ақмола облыстық және Омбы қалалық комитеттерін ұйымдастырғандар, басшылық еткендер қатарында болды. Партия жаңа құрылғанмен қысқа уақытта Ресейдегі оппозициялық ұйымдардың ішіндегі ең ірісі және танымалы болып шықты.

Ә. Бөкейхан кадеттердің бағдарламалық мақсаттары мен міндеттері қазақтардың үмітін ақтайды деп есептеді. Кадеттер «ұлтына, діни сеніміне, сословиесі мен жынысына, еркіндігіне қарамай адамның дербес құқықтылығын, барлық азаматтардың теңдігін; халықтық өкілеттілік пен жергілікті басқаруда жалпы, тікелей және құпия сайлау құқығын жыныс айырмашылығына қарамай енгізуді, жер реформасын заңмен шешуді және ұлттардың әділетті талабын қанағаттандыруды қамтамасыз етуді талап етті».

Рулық құрылымға бағытталған бұрынғы хандық басқарудың қайтып келмейтінін Ә. Бөкейхан жақсы түсінді. Бірақ қазақтар мемлекеттік басқаруға қатысуға бейім екеніне сенді. Қарқаралы петициясының пайда болуын Қазақ автономиясының ізашары деп санады. Ол туралы Әлихан «Далалық өлкедегі сайлау» очеркінде жазып, өзі редакциялаған омбылық «Иртыш» газетінде петицияның революциялық талабын басып шығарды.

Сондықтан да сәл кейінірек, 1906 жылдың 8 қаңтарында, Шәкәрім қажылыққа барып келген соң, Әлихан Бөкейханның кадеттер партиясының іс-шарасына қатысу үшін Павлодардан Семейге бара жатқан жолда тұтқынға алынуы тосын жайт емес еді. Оны Павлодар түрмесіне қамайды. Сол кездің ресми тілімен айтқанда, Ә. Бөкейхан «қырғыз саяси партиясы қозғалысының басшысы» ретінде ұсталды. Оның қолынан көптеген басқа қағаздармен бірге көп жапа шеккен Абайдың өлеңдер жинағын да тәркілейді.

Омбы облысының мемлекеттік мұрағатында мынадай рапорт сақталған:

«1906 жылдың қаңтар айының 10-ы, Павлодар қаласы.

Маған, Павлодар уезінің 2-ші бөлімшесінің төрелік ететін сотына, осы күні түрмеге келгенімде, Омбы қаласының ротмистрі Рутландтың шифрлы жеделхаты бойынша ұсталған, Павлодар түрмесінде жатқан Әлихан Нұрмұхамедұлы Бөкейханов өзін тұтқындағаны жайлы прокурорлық қадағалаудың құзырына жеткізуді, тұтқындау себебі мен тағылған айып туралы хабарлауды және қамаудан кепілдік беру арқылы шығаруды, сонымен бірге портфеліндегі қырғыз тіліндегі өлеңдерден тұратын қолжазбаларды сақтау шара қолдануды өтінді, өйткені оның бағасы 5000 сом тұрады екен. Бұл өлеңдер қырғыз ақыны Құнанбаевқа тиесілі екен».

Босатуын күтпестен Бөкейханов әділет министріне жеделхат жібереді: «Тергеу билігінің қаулысынсыз, ешқандай айып тағылмастан қырық күн бойы Павлодар түрмесінде отырмын, әкімшілік әскери ереженің 23-ші және 8-баптарынан және қылмыстық сот ісінің 70-бабынан тыс әрекет етеді. Соттың болуын немесе босатуды талап етемін. Қарашадағы Мәскеулік земстволық съездің мүшесі азамат Бөкейханов».

Әлихан кейін былай деп еске түсіреді:

«Төрт жарым ай Павлодар түрмесінде отырғанда кешке қарай мен кезекші солдаттарға сағаттап Пушкиннің, Лермонтов пен Шекспирдің өлеңдерін оқыдым. Тыңдаушылар менің есігімнің кішкене тесігіне қарама-қарсы коридорға жайғасатын, мен есікке қараған пештің сәкісіне отыратынмын, қозғалмалы шам пештің ернеуіне қойылатын. Шекспирдің «Кориоланы» солдаттарға үлкен әсер еткені есімде. Сонымен бірге солдаттар сол кездегі газеттерді де қызығып тыңдайтын».

Оны мамырдың соңында, Шәкәрім қажылықтан оралған кезде, қамаудан босатты. Полицейлер Абай өлеңдерінің қолжазбасын қайтарып берді. Ұжымдық еңбекті жоғалту қаупі сейілді.

Әлихан Кәкітайға «Тез арада Омбыға жет» деген жеделхат жіберді. Кәкітай ұлан-байтақ Ресейдің қалаларын, разъездерін ұзақ аралап, тағы да сапар шекті.

Омбыда кітаптың шығуын күтпестен Кәкітай Әлиханнның кеңесімен Абай өлеңдерінің қолжазбасын алып Қазанға жол тартты. Омбыдағы баспаханалар өз міндеттерінен бас тартты. Бұған Бөкейхановтың полицей қадағалауындағы адам екендігі себеп болды.

«Қазанға барамын. Омбыда кітапты шығара алмадық», – деп Шыңғыс-тауға Кәкітай қысқа ғана хат жазып жіберді.

Бір аптадан соң жаңа жеделхат жіберді: «Қазанда баспаханалардың кітап басатын уақыты жоқ. Сондықтан Петербургқа кетіп барамын. Тезірек екі жүз сом салып жіберіңдер».

Екі жүз сом жіберілді. Қалтасындағы ақшасымен Кәкітай пойызбен Мәскеу арқылы Санкт-Петербургке жетті. Тек империяның Солтүстік астанасында ғана Әлихан Бөкейхан арқылы Абай өлеңдерінің жинағын шығару туралы Бораганский жеке баспаханасымен келісім-шартқа отырудың сәті түсті.

Қырымның тумасы Ілияс Бораганский баспа ісіне Стамбулда оқып-үйренеді, ал 1882 жылы Санкт-Петербургте араб, түрік, парсы тілдерінде басып шығаратын алғашқы мұсылман баспаханасын ашады.

Кәкітай баспагермен гранкаға терілген мәтінді өзім жөндеймін деп келіседі. Дайын гранкалар жөндеу үшін Семейге жіберіледі.

1906 жылдың қыркүйек айында Кәкітай Шыңғыстауға қайтып оралады.

Жарты жыл өткен соң Абай жинағының алғашқы терілімінің үлкен баспа қағазына түсірілген көшірмесі Семейге, Кәкітай хат алушы деп көрсеткен Әнияр Молдабаевтың атына келіп жетеді. Кәкітай қатесін түзеп, гранканы қайтадан Петербургке жібереді.

Алты айдан соң Ресейдің кең жазығы мен қазақтың даласын асықпай шарлап жаңа гранкалар келіп жетті. Оны да шын ниетімен, жақсылап тексеріп шыққан Кәкітай қайта салып жіберіп, Шыңғыстауға оралды.

Осы тәсілмен баспаханамен хат алысу екі жылға жуық созылды.

Ақырында 1909 жылы Абайдың алғашқы өлеңдер жинағы жарық көрді. Бірінші бетіне былай деп жазыпты:

*«Қазақ ақыны Ибрагим Құнанбаевтың өлеңдері.
Жариялағандар: Кәкітай, Тұрағұл Құнанбаевтар.
СПб, И.Бораганскийдің Шығыс электр баспасы, 1909 ж.».*

Қажылық қанағаты

Шәкәрім қажылыққа 1905 жылдың қараша айында барды.

Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағатында Меккеге қажылыққа барғандардың құжаттары сақталған. 1905 жылы қазақтар арасынан қажылыққа барғандар көп, тізімі үлкен. Осы тізімде 221-ші болып «Семей уезі Шыңғыс болыстығының қырғызы Шәкәрім Құдайбердин» деп жазылған.

Далалық генерал-губернатор кеңсесінде тіркелген басқа құжатта Шәкәрімге 6424 нөмірлі шетелдік төлқұжат берілгені көрсетілген. Төлқұжаттың мерзімі үш ай деп көрсетілген. 1906 жылдың 28 наурызында тіркелген №2637 жазбада «Шәкәрім Құдайбердиннен шетелдік төлқұжат қайтарып алынды» деп көрсетілген.

Шәкәрімнің белгілі суреті сол кезде шетелдік төлқұжат үшін түсірілген болу керек. Үлкейтілген суретін ақын көбейтіп, достарына таратқан да болар. Біреуі ақынның қағаздарының ішінде сақталып қалған екен, қаһарлы 1931 жылы өртелмей аман қалып, ұлы Ахат бізге жеткізді.

Фотосуретте бізге салмақты, қоңыр, терең көзді мейірбан адам қарап тұр. Аздап шығыңқы жүзі сақалмен, мұртпен көмкерілген. Басында – мұсылман тақиясы. Қыр мұрын. Көзқарасы – ашық, байыпты. Шығармаларына қарасаңыз да Шәкәрімді дәл осындай ақылды, қатал, жұмбақ адам ретінде көз алдыңызға келтірер едіңіз.

Шәкәрім қажылыққа Ресейдің атынын ресми түрде аттанды.

Кейінгі уақыттарда империяда қажылыққа баруға шек қойылған болатын. Олар Ресейге қайтарда Стамбул мен Каирде басып шығарылған мұсылман кітаптарын жиі алып келетін болған. Шетелдік және қолжазба кітаптармен сабақ беруге тыйым салынғаннан кейін мұндай кітаптар әкелу заңды өрескел бұзу болып саналды. Шенеуніктер санитарлық-эпидемиологиялық түсінікке сүйеніп, шетелдік төлқұжат беруді тоқтатып тастады.

Исламның нағыз сенушілері заңды бұзып, османдық, бұхарлық, тіпті қытайлық төлқұжаттарды алып, өмірлеріне қауіп төніп тұрса да, айналмалы жолмен Арабия түбегіне дейін жетті.

Бірақ Шәкәрімнің жолы болды. XX ғасырдың басында 1899 жылы Мекке мен Мединенің консулы Абдулазиз Дәулетшин үкіметке рапорт бергеннен кейін жағдай өзгерді. Ол Ресей үкіметіне қажылыққа баруды тоқтатудан гөрі жағдай жасаудың тиімді екенін дәлелдеп берді. Мәлімдемені оқығаннан кейін император шектеуді тоқтатты.

Нәтижесінде ресейлік ғибадат етушілер саны 1902 жылы 17 мыңға дейін өсті. Олардың барлығы Қара теңіз порты арқылы теңіз жолымен киелі жерге жетіп алды. Ең ұзақ жол – Ауғанстан арқылы Британдық Индияға Бомбейге, ол жақтан теңізбен Жиддаға жету еді, екінші бағыт – Күнгей Кавказ, Иран, Ирак және Аравия құмы арқылы тікелей Мединаға бару – тиімдірек еді.

Үкіметке қарсы көтерілістің 1905 жылы Ресей империясын шарпуының салдарынан полицейлік шаралардың күшеюіне байланысты бара алмай қалу қаупі бар болатын, әйтсе де Шәкәрім еш кедергісіз теңіз шекарасын басып өтті.

Қажылыққа онымен бірге Бөрлі мен Шаған болысынан Құрманқожа Күденов, Құтан Жолжасаров, Күреңші Шокин барды. Алдымен пароходпен Омбыға жетті. Бұл жерден 1904 жылы ашылған, жаңа Транссібір темір жолы арқылы пойызға отырды. Бұл жолды іске қосу Ресейдің шығыс өңірінің өміріне елеулі өзгерістер әкелді. Бұрын тұрғындар темір жолмен жүру туралы ойланбаған да болуы мүмкін, ал енді бүгін күнделікті құбылысқа айналды.

Екі рет пойыз ауыстырып бес күн ішінде сапарластарымен бірге Мәскеуге жетті. Жол бойы бұрын таныс емес жерлерді, тіршілікті тамашалап көргені Шәкәрімге керемет әсер етті. Үлкен қала Мәскеу, баяғыда Шыңғыстаудан шыққан он жеті жастағы жігіт кезінде Семейді көргенде таңырқағандай, қатты таңырқатты.

Бақытына қарай оның қасында Меккеге дейін қандай жолмен баруға болатынынан хабардар серіктері болды. Солармен бірге шығыс бағыттағы пойызға отырды.

Одессаға дейін бірнеше көлікке ауысып жүріп жетті. Ығы-жығы халықтың арасында бір жолаушы пойыздың астына түсіп кетті.

Шәкәрімнің жанының түршіккені сондай, жүрегіне қаяу түскенін сезді. Одессада Түркия консулдығын тауып, төлқұжаттарын өткізіп, бірнеше күн рұқсатын күтті. Стамбулға Одесса арқылы бару Түркістаннан, Поволжьедең, Оралдан, Далалық өлкеден баратын ғибадат етушілер үшін қолайлы еді. Пароходтар аптасына бірнеше рет жүретін, үш күнде Стамбулға жетіп тоқтайтын.

«Меккеге Стамбул арқылы» деген жазуы бар деген рұқсатнаманы алған соң, ғибадат етушілер пароходқа отырды. Шәкәрімге теңізді өзінше көріп, өзінше сезінді, сол сезімдерін сыртқа өлең мен қара сөзбен шығарды.

Көп кешікпей Стамбулға келіп жетті.

Бұл саяхаттың бір бөлігін «Жылым – қой, жұлдызым – июль...» деген өлең жолдарына сыйдырды.

Пароходпен ай жүріп жолда,
Әр елде кез келіп молда,
Он үш күн боп Стамболда,
Керек кітап табылғаны-ай!

Парижде де оқыған жан,
Түрік, серкеш әм Үндістан,
Араб, башқұрт, қызылбастан,
Переводчик – түрік, ноғай.

Солармен кірісіп сөзге,
Жоғарғы ой-мақсатым өзге,
Түсіп сәуле соқыр көзге,
Ауыр тұман ашылуы-ай!

Ол ойға көп керек тармақ,
Әр тілден словарь алмақ.
Сынап нағызына нанбақ
Наданға болмады-ау оңай!

Қажылық парызын өтеушілердің ислам әлемі тұлғаларымен қарым-қатынас жасауы сапардың ең құнды оқиғасы болыпты. Шәкәрім мұны қысылмай, зор құрметпен айтады.

Стамбулдан оңтүстікке қарай Жерорта теңізін басып өтіп, египеттік Порт-Саидқа келіп тоқтады. Канал арқылы өту үшін бірнеше күн кемеде күтіп жатты. Күн аяусыз күйдіріп тұрды, үйренбеген тамақ та ауруды асқындырып жіберді. Зиярат етушілердің ішінде біреуі кеме бортында қайтыс болды. Теңіз заңы бойынша оны теңізге жерледі: мұсылманның түсінігі бойынша, кісі қызыға қоймайтын тағдыр.

Ақырында Суэц каналы арқылы Қызыл теңізге келіп, Жиддаға екі күн дегенде жетті. Сол жақта тұманнан көрінбей, тыныш қана шексіз Аравия түбегі – мұсылман атаулыны құштар қылған киелі әлем жатыр. Қазірге дейін Меккенің теңіз қақпасы қызметін атқаратын Жидда портынан түсті. Шекарада тіркелу үшін ұзақ уақыт кезекте тұрды. Бір күн өткен соң түйеге жүктерді тиеп, мындаған адам жолға шықты. Кейбір жолы болғыштар тоқсан километрлік жерге түйеге мініп барса, негізгі топ – Шәкәрім де бар қиындыққа төзіп арабтың күйдіріп тұрған күнінің астында қасиетті Меккеге жаяу жетті.

Жүз жыл бұрын қажылыққа барудың қиындығын қазіргімен салыстыруға да келмейді дегенде, тәрізі, жолдың осы бір кезеңін айтатын болу керек. Бүгінде Жидда мен Меккені қазіргі заманғы автожол жалғайды, қалалар арасында темір жол жүргізілген, қонақүйлер мен демалатын орындар соғылған. Бірақ Шәкәрім қажылыққа барған уақытта Меккеге дейін жол бойында құмнан басқа ештеңе жоқ еді.

Шөл даладағы үш күндік жорық ғибадат етушілер үшін үлкен сынақ болды. Кейбіреулер қалып қойды, біреулерге дәрігер көмек көрсетті, біреулер өмірлік күшін осы жерде ақырғы рет сарп етті.

Шәкәрім қауіптен құтылды. Бұл сапарда ол ауырған жоқ, бірақ қатты шаршады. Көшпелілердің қатал тұрмысына әбден шыныққан ол өте төзімді еді. Сапарластарына қарағанда қиын жолды да жеңіл өтті. Жолда қалғандарға көмектесіп, қариттарды сүйемелдеп, қажылық кезінде де, үйге қайтар жолда да басына түскен бейнетке төзіп бақты, шағым айтып көрген жоқ.

Ақырында Меккеге жетіп, орналасты. Бірнеше күн тынықты.

Содан кейін Меккенің қасиетті жерлеріне тәу етіп, қажылықтың міндетті амал-парыздарын орындады.

Шәкәрімнің сол сапарда бастан кешкендерін Ахаттың естіген әңгімелермен берсек... :

«Сүйтіп, 1905 жылдан 1906 жылға қарсы күзде жүріп кеттім. Абайдың ақырғы кеңесі – осы сапарым менің көзім ашылып, адам қатарына қосылуыма үлкен себебін тигізді. Сол сапарда, неше ұлттың ғалымдарымен сөйлесіп, пікір алысып, керек кітаптарды алдым. Ол кітаптарды посылка етіп, Семейдегі Әниярдың атына жіберіп отырдым.

Стамболда тарих қорларын сақтайтын орындарда болып, ары бара жатқанда 13 күн тарих атқардым. Ертедегі Шығыс ақын-жазушы, ойшылдарының шығармаларын түгелдей алдым. Гомерден бастап Грек халқының ойшыл-философтарының шығармаларын, Батыс философтарының шығармаларын, ертедегі Түрік ғалымдарының жазған шығармаларын, әр елдің лұғаттарын, Америка жазушыларының шығармаларын алдым. Демек, менің бұл сапарым көкірек көзімді ашып, аңсаған арманыма қолым жеткен сапарым болды! Бұда Абайдың айтқанақыл-кеңесінің жемісі. Стамболдан Меккеге бардым, оның тарихи орындарында болып, көп қажеттерімді таптым. Мединаға бардым. Одан Араб халқының ескі замандағы Мұхаммед пайғамбардан 200 жылдай бұрын болған Абу Суфиян сияқты ғалымдардың шығармаларымен танысып, кітаптарын алдым. Бірақ, Мысырдағы (Египеттегі) Александар атындағы кітапханаға бара алмадым. Меккеде сол кітапханада көп жыл істеген ғалымға кездесіп, менде жоқ ғалымдардың шығармаларын жазып алдым.

Қайта қайтқанда бізден ауру шығып, бір айдай Стамболда жатып алдық. Мен доқтырмен келісіп, Стамболдың тарихи орындарын ақтардым. Үнді, Парсы ғалымдарымен пікір алыстым. Ең аяғы Түрік музыкантынан нота жазуды үйрендім. Парсы тілін жетік білетінімнің арқасында Парсы, Үнді доктырларымен сөйлесіп, емдеу тәсілдерінің көбін үйрендім» – дейтін».

Шәкәрім бұл сапардың жай-жапсарын толық айтуға онша құлықты болмаған. Қажылыққа бірге барған сапарластарын да атамайды, ол жақта пікірлескен ғалымдардың кімдер екенін де айтпайды, Мединаға барған сапарын да тарқата әңгімелемейді.

Іздеп тауып дереу сатып алған бойда Семейге поштамен нақты қандай көне кітаптарды жібергенін білсек, ғылымға пайдалы болар еді. Алайда, «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» немесе «Үш анық» еңбектеріне қосымшалар қосқанда сілтеме жасалған әдеби дереккөздерді барласаңыз, оның қандай кітаптар алғанын бағдарлап білуге болады.

Айтқандай-ақ, «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресінде» Меккеге барғандағы кейбір жағдайлар айтылған. Кейбір мүліктік істерге байланысты болса да, мұндай жылнамалық деректердің уақыт өткен сайын бағасы арта түседі ғой. Біз бүгінгі күнімізге өткенді, ол туралы түсінігіміз аз болса да, тірек еткен боламыз. Тек ұмытылған есімдердің аталуы, ата-бабалардың тарихтың үлкен кезеңдерін сыйдырған сөзінің санаға жетуі ғана жоғалған поэзиямызды бүгінгі күнге қайта оралтады. Сөйтіп, қиялымызда Меккенің тар көшелері, мешіттің тас баспалдақтары, өткен мыңжылдықта миллиондаған мүміндер көрген қасиетті алаң мен көне Қағба жанданады.

Меккенің қасиетті орындарында барғанда осы алаңда атақты атасының жүргенін, қазір оның көзіне ыстық көрініп тұрған тастарға сол атасының да қолы тигенін Шәкәрім бір сәтте есінен шығарған жоқ. Бұл алаңда қаншама ұрпақ, қаншама ұлы тұлғалар болды десеңізші! Ал бүгін ғасырлар қатпарларын жарып шығып бұл жерде, Құнанбай атасының елесінің қасында, Шәкәрім тұр!

Міне, мынау «...Шежіреден» үзінді:

«1874 жылы қажыға барғанында қазақ қажылары түсетұғын Мекеде бір тәкиә, яғни үй сатып алып, құдайы қылып еді. Осы күнде Кіші тәкиә деп атайды. Кіші жүзден бір Сұлтан деген бек галым жігіт ие болып тұр. Басында қажы марқұмның қойған кутушісі Қанатбай сопы еді. Ол кісі өлген соң кемпір қатыны бір жиен қызын асырап тұрған кезде, осы Сұлтан кез болып, кемпір соған жиен қызын беріп, тәкиәге Сұлтанды ие қылыпты.

Мен нақыр 1905 жылдан 1906 жылға қарай қажыға барғанда тәкиәні көрдім. Менен бұрын қажылар кіріп қалған екен. Оларды ренжітпей, пәтер алып түстім. Бірақ Сұлтан айтты: «Бұл тәкиә осы күнде кіші жүз Досжан қажының атына жазулы екен, не себеп екенін білмедім» – деді.

Соны 31 жыл бұрын ескі дәптерден қаратып білмекші болып, дәлелге барып, ертең шарифке барғалы тұрғанымда, Алланың тағдыры, қатты науқастандым, жазылар-жазылмастан «кіші дәлеліміз Ибраһим Малуани деген қапыла жүріп барады» деп түнде хабар қылып, жүріп кеттім. Қажы марқұм «Тәкиәні мен бастап алсам да, кіші жүз қажылары көп ақша берді» деп еді, сол себептен бе, яки құдайы қылғанда Досжан қажы атына қалдырған ба – біле алмадым.

Қажы марқұмнан кейін біздің таптан қажының туысқаны Жақып баласы Ақберді марқұм барып, Меккеде өтіп еді, сол жолы құдай Тағала нәсіп қылып, қабырына зиярат қылдым»

Меккеде қайтыс болған адам қасиетті саналады. Мұсылман нанымы бойынша, қажылықта жүргенде қаза болған адам жұмаққа барады. Шәкәрімнің туысының қабірінің сонда қалғанына бойсұнғаны да сондықтан.

Әңгімеде қазақ даласының мешіттерінің бірінде қызмет ететін Досжан қажының Құнанбаймен бірге Меккеге барғанын айта кетсек, артық болмайды. Меккедегі қонақ үйді соның атына аударған.

Шәкәрімнің қонақ үйдің кімге және қалай ауысқанын білгісі келген ойы іске аспағаны өкінішті. Ол Құнанбайдың тікелей ұрпағы, меншікке үміттенетін жөні бар. Үйді өз атына жазып алуына болатын еді. Байлық үшін емес, Құнанбайдан естелік үшін де қажет еді, бірақ тағдыр оны жазбады.

Ғибадат етушілер Меккеден Ресейге сол жолмен қайтты. Тек Стамбулда бір айға кешікті, мұның себебін Шәкәрімнің жоғарыда келтірілген әңгімесінен білеміз. Олардың тобын кей адамдардың ішек ауруына байланысты карантинге қалдырды. Бұл кешігуді ақын Стамбулдағы жан-жақтан келген білімді адамдармен әңгімелесіп, толығынан пайдаланды.

Ол Семейге 1906 жылдың наурыз айында оралды. Әскери губернатор кеңсесіне шетелдік төлқұжатын өткізіп, бірден Шыңғыстауға қайтты.

Туған жерінде оны зор құрметпен қарсы алды.

Ахаттың естелігі:

«Әкей Меккеден жазғытұрым көк шығып жер кебер кезде келді. Біз арбамен он бес шақырымдай жердегі Шәкен аулынан алдынан шықтық. Мекке жақтан әкей Семейдегі Әнияр деген кісінің адресіне тең-тең посылка жіберіп жатады екен. Оларды Әнияр біздің қалашыдан ауылға жіберіп, оларды үйге жинап қоятын. «Бұл не?» – деп сұрасақ, «Атаң жіберген кәмпит, өзі келген соң береді», – деп бізді қуантып қоятын. Әкей келіп ашқанда бір-ақ көрдік бәрі кітап болып шыққанын».

Шәкәрім жолдан қажыса да, сергек отырды. Туыстарына жолдың қиындығы жайлы айтып отырғанда, олардың көзінен қорқыныш пен шаттықтың, таңданыстың ізін көрді. Олар онымен бірге пойызбен Ресейдің қарға шомылған әппақ даласы мен ормандарын басып өтіп, пароходпен теңізде жүзіп, ауру мен аштықты немесе кеме апатын бірге көргендей болды. Меккеге жету үшін күні-түні Аравияның ыстық құмын кешіп, Қағбаны айналып, Құдай алдында адамзат басындағы қайғының түкке тұрмайтындығын сезінді.

Бірақ Шәкәрімнің өзі ешбір қорқынышты есіне сақтамапты. Тек әлемді көрудің тек жақсы, бақытты жақтарын ғана ойында ұстап қалды.

Бұдан былай оған жолдың шаңын қағып тастау мен желдің соққанын тоқтату, басқа әлемдерді ой көзімен түгендей көру қиын болмай қалды. Иен далада алдынан шығатын бет қаратпас қыс қаһары да, мына дүниенің ауруы да, надандық қапасына қамалған сөзгердің басынан кетпейтін жалғыздықтың қайғысы да Шәкәрімді енді қаймықтыра алмайтын болды.

Толстой – тау-тұлға

Меккеден келген соң көп ұзатпай Шәкәрім «Дубровскийді» аяқтады. Поэтикалық аударма, Пушкиннің өзі түпнұсқасын қара сөзбен емес, «Евгений Онегин» сияқты өлеңмен жазғандай болып, жеңіл оқылатын, көркем шығарма болып шықты. Ал Шәкәрім тек орыс кеменгерінің славяндық мәтінін қазақтың поэзиялық тіліне түсіргендей ғана әсер етті.

«Дубровский» повесін аударуды ол он жыл бұрын ойлаған еді. 1903 жылы бастап, аяқтамай, кейінге қалдырды. Енді мынадай рухани өрлеу кезінде өзі дастан – поэма деп есептеген өте қызықты шығарма жасап шықты.

Дәл осы кезде аударманың тез жүргенін түсіну қиын емес. Саяхатта болған кездегі ең бір құнды жетістігі Ресей арқылы сапардың әсерінен туған орыс тілін, мәдениетін, өмірін түсінуі еді. Жолдағы әсерлер ұлттық бірегейлікке терең үңілуге жеткіліксіз болуы да мүмкін, бірақ алғашқы ақпараттың өзі де ойын зерделеуге аздық етпеді.

Бұрын көрмеген жерлерді аралау біздің білімімізге білім, әлемді қабылдауымызға айқындық үстейді. Бұрын Шәкәрім Ресейді Семейде тұратын шенеуніктер, көпестер мен әскерилер бейнесінде ғана емес, Пушкиннің, Лермонтовтың, Гогольдің, Некрасовтың, Салтыков-Щедриннің, Толстойдың шығармаларындағы орыс өмірінің көркем сипаттамалары арқылы да елестететін. Шындық пен әділеттілік жайлы ізденістеріне үндестік табатын. Олардың кітаптарынан алған әсерлері бейнелі болса да жетімсіз еді, бірақ басты мәселе мұнда емес. Шәкәрім мұның кітапқа шағып, кітаптың дегенімен көңілін толтыратын еді, кітаптың дегенін істейтін. Оның санасында ұзақ қысы, алтын түсті күзі мен жазғы салқын лебі бар аса ірі ормандары бар үлкен елдің бейнесі қалыптасқан. Бұл бейнеде әлдебір қол жетпес құпия, азапты керемет бар сияқты болатын.

Енді бұрынғы «әдеби» бейнеде елестетіп жүрген жерді табиғи қалпында өз көзімен көрудің орны бөлек болып шықты. Көпшіл, жарқын жүзді адамдар, вокзалдар мен пойыздарда қайнаған өмір, Русьтің ерекше рухы, қалалардың ахуалы, бұрын тек оймен ғана білетін үлкен ел көңіліне әсер етіп, жадында мәңгілік қалып қойды. Арман-аңсарын оятты. Шәкәрім Ресейге жақын болуға тырысты, орыс халқы өмір сүрген жердегі танып-білуге деген ұмтылысқа даланы және барлық қазақтарды жақындатқысы келді, бұлардың да өмірдің серпінді тынысын сезінгенін қалады.

Осы жолғы әсерін ол кейінірек «Мұтылғанның өмірінде» поэзия арқылы бейнеледі:

Россия болса анасы,
Қазақ –жап-жас баласы,
Жетілсін, келсе шамасы,
Арқалауға көнген соң.

Дәл осы жаңа түсінік стамбулдық және арабтық әсермен бірге өмір сүруге және шығармашылығын дамытуға деген үмітін оятты. Адам әлем сұлулығын жаңаша сезінгенде әрқашан осылай болатыны рас.

Жаңа әсерлер Пушкиннің повесін нақты түсінуге жол ашты. Покровское селосындағы Троекуровтың иелігі немесе Кистеневкадағы Дубровский әулетінің иелігі тек географиялық атау ғана емес, ерекше әлем екен.

Осы ерекше әлеммен бірге үлкен әлемнің де құштарлығы, шиеленістері, өшпенділігі мен махаббаты, соғысы мен революциясы оның дүниетанымына еніп, ол жерді де өзіне жақын тарта бастады. Мұның бәрі «Дубровский» аудармасына қатысты жасаған ерекше сөздігінде бейнеленген. Негізінде, негізгі бөлімді жазғаннан кейін бірнеше жылдан соң жазылған алғысөз – өзіндік бір шығарма. Мұнда «Алланың сыйы» ретінде берілген жарасым туралы тұжырымдама тіршілік атаулыны жойып жібере алатын прогресстің зорлығын танумен сабақтастырылады.

Отарба, пароход пен көктегі шар,
Динамит, бомба, пушка, көп мылтықтар.
Қабағыңды қаққанша қанша адамды,
Жоқ кылуға дап-дайын тұр осылар.

Онан соң өнер шықты отпен атқан,
Зеңбірек, бомба, мылтық тарсылдатқан.
Бір минуттың ішінде жоқ қылады
Ғаскерді әлденеше толып жатқан.

Айналадағы болмыстың парасатқа қатысы туралы толғаныстардан мәңгілік туралы, жасампаздық пен сөздің мызғымас күші туралы ойлар туады. Мұндай ойға Шәкәрім басқа сөз шеберлерінің ықпалын сезіну арқылы, әлдебір ойлардың жаңғырығын жандандыру арқылы келді.

Поэтикасы сөздің күші мәңгілігінде екенін дәлелдеп беретін «Ажалсыз әскер» өлеңіндегідей, Шәкәрім сөз парадигмасының дарынды адамға «мәңгілікті» жаулап алуға мүмкіндік беретін бірден-бір күш екеніне сендіреді.

Өзі өлмейді, дәл тисе, оналтпайды,
Тілдің ізін еш нәрсе жоғалтпайды.
Айттым, жазып бастырдым, қалды жазу,
Мен өлсем де сөз тірі, тек жатпайды.

Айтқан сөзі ауруға ем, жанға құмар,
Тауып айтқыш тәтті тіл, сайраушылар:
Байрон, Пушкин, Лермонтов, Некрасов,
Қожа Хафиз, Науаи, Физули бар.

Алғы сөзін қорытындылай келе, автор орыс ақынының сөзін түсінуге оқырмандарын шақыра отырып, аударманы ұсынады. Ол өмірдің басқа бейнесін қабылдай алмайтындардың қамын да ойлайды, бірақ нағыз гуманист ретінде «Жаһат қылса, әр іске адам жетпегіне» сендіреді.

Мақсұтым: ғибрат үшін айта кетпек,
Адамға үлкен міндет – талап етпек.
Орыс айтты, оны ұғып болмас демей,
Жаһат қылса, әр іске адам жетпек

Ал, айтамын, айықтар ұға тұрсын,
Ақылсыз мас мақтаны тыға тұрсын.
Қыз, қызық, батыр, балуан керек қылған
Ойсыз құлақ, мисыз бас шыға тұрсын.

«Дубровский әңгімесі» деп аталатын Шәкәрім шығармасы 1924 жылы Семейде жарияланды (аздаған өзгерістер енгізілген), бірақ ол қазақ ортасында баспаға шықпай-ақ белгілі болған еді. Қазақ «Дубровскийі» көшпелі қоғамдағы ауыз әдебиеті үлгілері сияқты ауызша тарап кетті. Қолжазбаны поэзияны сүйетіндер жазып алып, халық жыршылары жырлады.

Хикаяттың, бір жағынан, есерсоқ помещик Троекуровты, бір жағынан кәрі Дубровскийдің баласы «ізгі» қарақшы Владимирді жақтайтын күштердің шиеленісі мен күш сынасуына негізделген идеялық мазмұны, поэзия сыры мен бір-біріне ғашық болған кейіпкерлердің бақытқы жете алмай шырғалаңға түсуі мен құпиясының, Машаның жек көрген адамға тұрмысқа шықпағының сыры – барлығы Пушкиннің де, Шәкәрімнің де оқырмандарын толғандыратын құбылыстардың ерекше ортақтығын көрсетеді. Басқаша айтқанда, қазақ ақыны мәдениеттегі үнқатыстың, «авторлар-мәтіндер-оқырмандар» үнқатысының үлгісін жасаумен қатар, өзінің көркемдік максимасы «жарылқауды» да өмірге әкелді.

Шәкәрім Лев Толстойдың әңгімелері мен Пушкиннің «Метель» повесін өзектестіру арқылы да қоғамдағы шығармашылықты дамытуға септігін тигізуге болатынын білді. Екеуін қатар алып жүрді. Өзі айтқандай, «аударманы келіге түйді».

«Орысша оқу керек... олар дүниенің тілін біледі». Абайдың бұл тұжырымы Шәкәрімнің эстетикалық құндылықтарының сатысынан басым орын алудан үмітті орыс әдебиетіне Шәкәрімнің зейін қоюдағы мақсатының асқақтығына сүйеніш болғандай.

Мысалы, «Молдалар өзгелерді кәпір дейді...» өлеңінде орыс әдебиетінің сарындары бар және Орман халқы «орыстардың» басты тұлғалары ретінде көрінетін орыс әдебиетінің өкілдері, Шәкәрімнің пікірінше, адамның өзін-өзі дұрыс жолға салуының үлгісі:

Орыстың жақсыларын білмес қазақ,
Болып жүр сондығынан көпке мазак.
Өнерлі, білімді елден тәлім алмай,
Қуларға еріп момындар тартар азап.

Білсе егер Салтыков пен Толстойн,
Сезсе олардың айтылған терең ойын.
Байрон мен Пушкиндерден ғибрат алса,
Қазақтың бөлер еді-ау нұрға бойын.

Лермонтов, Некрасовтай ақындарын,
Өнеге етсе солардың мақұлдарын.
Өзімшіл, надандықтан көзі ашылып,
Аңғарар адал жолға жақындарын.

Шәкәрім Толстойдың үш шығармасын аударған. Екеуін – «Ассириялық патша Ассархидон» мен «Үш сауалды» – Толстой 1903 жылы жазған. «Ассархидон патша жайлы ертегі жазу туралы ой менікі емес, – деп түсіндіреді ол, – 1903 жылы «Das bist du» деген атпен немістің «Theosophischer Wegweiser» журналының № 5 санында басылған белгісіз автордың ертегісінен алынған».

Өз-өзіне сын көзбен қарайтын автор журнал редакторы, баспагер және дос-жар Чертковқа: «Ертегі нашар, одан құтылу керек еді», – деп өкінішін айтқан. Шәкәрім басқаша ойлаған болу керек.

Үшіншісін ертегі деуге тіптен келмейді. Бұл – Крез патша және грек данасы Солон жайлы белгілі тарихи аңыз. Шәкәрім «Криз патша» деп атап, өлеңмен жазып шықты. Қолжазбаға «Л.Толстойдан» деп жазып қойды.

Бірақ Толстойда Крез жайлы да, Солон жайлы да ешқандай мәтін жоқ – оны тексеріп шығу оңай.

1924 жылы Шәкәрім бұл үш ертегіні «Шығыстың жүз әңгімесінен» (қолжазбада солай белгіленген) үш аңызбен біріктіріп «Алты әңгіме» деген ортақ атау берді. Бұл атау баласы Ахатқа берген қолжазбасынан шығып тұр.

Шәкәрімнің көзі барда бірде-бір ертегі әңгімесі баспа бетін көрген жоқ. Мұндай әңгімелері «Алты әңгіме» деген атпен тек 1988 жылы ғана (Алматы, «Жазушы» баспасы) жарияланды.

Бұл шығармаларды біріктірген автордың өзі екендігіне күмәнданудың қажеті жоқ. Олай дейтініміз – 1924 жылы жариялау мүмкіндігі пайда болуына байланысты Шәкәрім бұларға поэтикалық түсініктемелер түзген екен. «Алты әңгіме оқуға жайың бар ма?» деп болшақ оқырманның оқуға тартып, акын ұсынып отырған ғақлиялардың «астарлы мәні» бар екенін баса көрсетеді. Бір рудың екінші рудан үстем деп қалыптасып қалған жергілікті ойдың қасаң екендігін ескертуді естен шығармайды:

Алдыңғы біз ел жедік обал демей,
Зарлады талай момын, талай кедей.
Нәпсі, мақтанға алданба, қарақтарым,
Үміті кім бұл елдің сендер емей.

Орыс, қазақ – адамның бәрі бірдей,
Ешкімді алалама оны білмей.
Кем-кетікке болысу – ар міндеті,
Халқыңа пайда тигіз босқа жүрмей.

Шәкәрім «Ассархидон» аудармасына: атақты орыс жазушысы Лев Толстойдың «Ассархидон және Лаэди» әңгімесі, 1924 жылы шілдеде қазақ тіліне аударылды» деп жазып қойды.

Екі сауал ойға келеді. Біріншіден, неге «1924 жылы шілдеде аударылған?»

Шәкәрім Толстойдың екі әңгімесін де 1907 жыл шенінде аударды деу қисындырақ, шығармашылық үрдісіне жүгінсек, дәл осы уақытта Толстой шығармашылығымен қадала шұғылданғанын көруге болады. Мәскеудегі «Посредник» баспасы «Ассархидонды» 1903 жылы басып шығара салысымен ізін суытпай аударған десе болады.

Шәкәрімнің аудармасы «Ассархидонның» осы нұсқасына сәйкес келеді. 1904 жылы «Ассириялық патша Ассархидон» ертегісі Лев Толстойдың қысқартуымен қайта басылып шықты. Осы қысқартулы нұсқамен салыстырсақ, Шәкәрімнің 1903 жылғы бірінші басылым бойынша аударғаны көзге көрініп тұрады.

«Үш сауал» 1903 жылы шыққан «Үш ертегі» кітабынан алынып аударылған. Орыс жазушысының бір жылда жарық көрген екі әңгімесі Шәкәрімнің қолына бір уақытта түскен сияқты. Қазақ тіліне де 1907 жылы аударылған. Шәкәрімнің оншақты жылдан кейін шығармаларын қайта жөндеп, қосып, өзгертетін әдеті бойынша 1924 жыл деп көрсетілген.

Екіншіден, неге «Ассархидон мен Лаэли»? Толстой бойынша – «Ассириялық патша Ассархидон» емес пе?

Бұл сұраққа жауап беру қиын емес, алдымызда ықшамдалған түрі.

Шәкәрім тек арасында қысқартқаны болмаса негізгі мәтінді көп өзгертпеген. Толстойдың ертегісі былай басталады: «Ескі заманда Ассирия патшасы Ассархидон Лаэлидің елін шауып, қалаларын өртеп, бастығы Лаэлидің өзін, тамам жақсы кісілерін ұстап алып, батырларын өлтіріп, Лаэлиді абақтыға жауып қойды». Зұлым

Ассархидонның тарихы мен оның дәрменсіз Лаэлиге айналуы және кейіпкердің біртіндеп көзінің ашылуы әсер еткен Шәкәрім қазақи үлгіге жақындатып, бұл кейіпкердің есімін тақырыптың атына қосты.

«Үш сауал» да проза түрінде аударылған. Тек соңында Шәкәрім ұнамды адамгершілікке нұсқау үлгісінде жазылған төрт жол өлеңмен аяқтайды:

Адамшылық іздесең, бұл жолға түс.
Алдау қылма біреуге, қиянат-күш!
Жетілсең де жемтік жеп ел зарлатпа,
Ар-ынсаптың сүйгені – таза жұмыс!

Толстойдың шығармаларының бәріне дерлік негіз болған өз адамгершілігін өзі жетілдіру идеясы Шәкәрімнің ақиқатқа жету жөніндегі үздіксіз ойларымен үндесуі іргедегі теңіздің толқынындай құлаққа естіледі.

1907 жылдың ақпан айының басында Семейде ІІ Мемлекеттік Думаға сайлау өтпек болды. Шәкәрімнің Шыңғыс болыстығының сайлаушысы ретінде жиынға қатысуы керек еді.

Әлихан Бөкейханның ықпал етуі арқылы Семей облыстық «Халық еркіндігі партиясы» комитеті аяқ астынан Мемлекеттік Думаға депутат ретінде Шәкәрім Құдайбердиевтің кандидатурасын ұсынады. Шәкәрімнің кадеттер партиясына қашан кіргенін анықтау қиын (мүмкін кірмеген де болар). Бірақ мінбеге шыққан ол өзіне сенім білдіргендеріне алғыс білдіріп, бас тартады.

Шәкәрімнің халыққа қызмет етуге шақырған, өмірін халық игілігіне арнаған өлеңдері аз емес. Ол орыс тілін жақсы білген. Ресейге арқылы жер шарлап, Меккеде қажылығын өтеп келген. Қазақ қоғамындағы қиындықтар жайлы жақсы біледі. Сондықтан да білетіндер оны қазақ қоғамына пайдалы еңбек етсін деп Мемлекеттік Думаға сайлағылары келіп еді.

Онда неге Мемлекеттік дума делегаты болудан және қоғамға қызмет етуден бірден бас тартты? Саясаттан неге қашқақтады? Оның жалғыз себебі бар: ол – әдеби шығармашылықпен айналысу.

Шәкәрім 1908 жылы жазда саяси іске байланысты тұтқындалып, Семейде түрмеде жатқан Әлихан Бөкейханға барып қайтты. 1915

жылы «Қазак» газетіндегі мақаласында Бөкейхан былай деп есіне түсіреді: «1908 жылы Семейде түрмеде жатқан кезімде Шәкәрім, Кәкітай, Тұрағұл үшеуі арнайы маған қолдау көрсету үшін қалаға келді. Бірнеше күн біз уақытты жақсы өткіздік. Кейін де, мен әлі түрмеде жатқанда, келіп амандасып кетті. Басқа қазақтар оларға жетпейді ғой...»

Әлихан Шәкәрім мен бауырларынан басқа ешкімнің түрмеге келмегеніне, бұқара халықтың үкіметтен қорқатынына, оның идеяларына жаппай қолдау көрсетпегендеріне қатты күйінді. Мұның соңы 1919 жылы Бөкейханов құрған Алашорда үкіметінің қазақ тарихындағы ең маңызды сәттердің бірінде оқшауланып қалуына әкеп соқты.

1907-1909 жылдары – Шәкәрімнің Толстойдың өзі жетілдіру тұжырымдамасына, оның діни-философиялық ұстанымына қолдау көрсетіп жатқан кезі еді. Ол ақиқат сәулесін көргендей болды. Толстой жолын тануға «Өнер деген не?» трактатын оқуы түрткі болды. Мұнда Толстой: «Рахаттануға қарағанда кәрілік пен таяқ жеуден жаман ештеңе жоқ және белгілі уақыттың діни санасында пайда болған сезімнен жаңа ештеңе жоқ», – деп жазады.

Өзағайындарын жаман қылықтардан тыйылуға шақырып Шәкәрім де осы жайлы қаншама рет айтты десеңізші! Дәл Толстой сияқты, бұл да дінмен рухтану адам жанының құпия қимылдарын түсінуге жеткізеді деп санады. Толстойдың кейінгі шығармаларындағыдай, Шәкәрім шығармаларында да «дінге үйретуші» «жазушыдан» басым түсті, ол өз өнерінің мақсаты туған елінде кездесетін дүмшелікті, жағымпаздықты емес, діни сананы қалыптастыру деп білді.

Кіммен ақылдасса екен? Толстойға хат жазу керек, оның шығармаларын оқып, танысудан туған адамгершілік ұғымдары жайлы өз ой-толғамдарын ортаға салу керек – Шәкәрімнің шешімі осы болды.

1909 жылғы мамыр айының барқыт түнінде май шамның жарығымен ол ұлы Толстойға хат жазған соң Шәкәрім мына галамда өзінің жалғыз емес екенін сезінгендей болды.

Шығармашылықтың адамдарды жақындататыны сонша, жазушыларды рухани туыстықтың көзге көрінбес дәнекер жібінің сырын түйсінгендей боласың.

Шәкәрім дәл осы кездерде француз студенті Ромен Ролланның рухани дағдарыстан құтылу жолын табуға көмек сұрап, Толстойға хат жазғанын білген жоқ. Роллан жұмысы бастан асатын, еңбеккер ұлы жазушының хат жазатын уақыты жоқ деп есептеп, жауап күтпеді. Бірақ бір күні ол Ресейден – Лев Толстойдан француз тілінде отыз сегіз беттен тұратын хат алды. Ромен Роллан қатты толғанысқа түсті, бұл хат оның тағдырына үлкен әсер етті. Жазушы адамгершілікпен өмір сүріп адамдарға кез келген уақытта көмектесуге дайын тұрса, өмірде бірдеңе өзгерте алуы мүмкін. Кейінірек Ромен Роллан білімді Еуропаға әлемнің ең мықты державаларының бірі – Британияға қарсы күш-қарусыз күресті көрсеткен Махатма Ганди туралы кітап жазды. Кітапты шығара отырып Роллан Ганди жас кезінде, Африканың оңтүстігінде Наталь колониясында адвокат болып жұмыс істеп жүргенде, жаны күйзеліп, Толстойға хат жазғанын білген жоқ. Ол да тағдырына әсер ететіндей жауап алған. Ганди жақсылық жасау үшін өз қамынан ада-күде бас тартып күреске жан-тәнімен беріле кірісті.

Толстойға Шәкәрімнің не жазғаны белгісіз, өйткені Лев Николаевич Толстоймен хат алысуы, кейінгі егжей-тегжейлі зерттеулерде Шәкәрімнің не хаты, не оған келген жауабы, өкінішке қарай, айғақ ретінде алға тартылмайды.

Толстойға Шәкәрімге жақсы танысы, Семейдегі мұсылман балалар үйінің меңгерушісі Рахматулла Елкібаев хат жазған. Оның хаты мен алған жауабын қазіргі оқырмандар оқи алады, өйткені Л.Н. Толстойдың 90 томдық шығармаларының толық жинағының (Москва, 1928–1958) 78-томына енгізілген, қазақстандық басылымға да таралған, Семейге жіберілген Толстойша берілген жауапты оқу өте қызық. Сонымен, Толстой былай деп жауап береді:

«Құрметті Рахматулла Мыңғалиұлы, мен көп жылдар бұрын 1881 жылдан кейін жазған барлық шығармаларымды, аудармаларымды басып шығаруға бәріне рұқсат бердім. Бірақ Сіздің маған жасаған ұсынысыңызға алғысымды білдіріп, Сіздің өзіңізге беріп жіберетініме қуаныштымын. Сонымен менің қолымда бар жазбаларымды Сізге салып отырмын. Ал менің ислам жайлы пікіріме келсек, онда нағыз дін, менің ойымша, тек біреу ғана. Нағыз дін адамзатқа әлі келген жоқ, бірақ оның кей бөлімдері

барлық дін жолында кездеседі. Адамзаттың дамуы барлығының бір үлкен нағыз дінге бірігуінен және соны анықтаудан тұрады. Сондықтан барлық ақиқатты сүйетіндер діннің айырмашылығы мен кемшілігін іздемей, олардың бірлігі мен абыройына қарау керек. Менің барлық дінге және маған белгілі исламға байланысты зейін қоюым осылай. Мен құрастырған «Круг чтения» деген кітап Сізге белгілі ме? Ол осы талапқа сай келеді. Бұл кітапты арабша аударса, керемет болар еді деп ойлаймын.

Сізге барлық жақсылықты тілеймін.

Лев Толстой.

10 маусым 1908 ж.

Шәкәрімнің Толстоймен хат алысқанына күмәндану дұрыс болмас. Өйткені, бұған Ахаттың естелігі куә:

«Марқұм әкеммен болған бір әңгімесінде: «Сіз Толстой туралы жай әңгімеңізде де, Толстой туралы жазған өлеңіңізде де оны өте жоғары бағалайсыз», – дедім. Сонда әкей айтты: «Мен Толстойды бұрында да бағалайтынмын. Әсіресе, мен Толстойдан үш сұрақ сұрадым. Сол сұрақтарыма Толстой маған өте қымбатты жауап қайтарды. Сол жауаптары мені толғандырып, гибадат алатын сабақ болып, көңіліме орнап қалды.

1. «Адамның арына тиетін жағымсыз қылықтардың ішінде және Сіз білетін арга ең ауыр тиетіні не?» – дедім.

Толстой бұған: «Осы тізіп тұрғандарыңның барлығы да адамшылық арга тиетін нәрселер. Меніңше, арга ең ауыр тиетін бір іс бар. Ол адам көпшілікке не қоғамға зиян келетін хақиқат істі біліп, соны бір нәрседен қорғанып, сол хақиқатты айтпай қалса, сол арга өте ауыр тиеді. Бірінші: сен өте бай болып, сол хақиқатты айтсаң, малыңа зиян тисе, екінші: сен мансап иесі болып, сол хақиқатты айтсаң, мансабыңнан айрылатын болсаң, үшінші: сол хақиқатты айтсаң, басың жазаланатын болса, міне осы үш түрлі зардаптардан қорғанып, көпке зиян келетін хақиқатты айтпай қалсаң, арга ең ауыр тиетіні осы», – деді.

2. «Ірі шығармалар жазуға бет алдым. Бұған қандай кеңес бересіз?» – дедім. Бұған ол кісі: «Көп адамдар қатысатын шығарма болсын, не әңгіме болсын, алдымен, сол әңгіменің уақиғасына, іс-әрекетіне жазушы өзі араласқандай жетік болуы керек. Сол уақиғаның жайы жазушыға айнадай айқындай айқындалып, сезініп тұрғандай болуы керек. Олай болмаған күнде әңгіме дәл, қызықты болып шықпайды. «Көлеңкеге пішкен тон бойға шақ келмейді» деген мәтелді жазушы ойдан шығармауы керек. Ішіне араласпай, сырттай ой-жотамен жазылған шығарма шындыққа жанаспай, қызықты болып шықпайды», – деді.

3. «Өз жазғанымның дұрыс, терісін сынау қиын, өз шығармамның қатесін қандай әдіспен көріп, сынап түзеуге болады?» – деген сұрағымға ұлы жазушы: «Жазушының артық қасиеті – өз қатесін көріп, соны түзей алуы. Бұл әркімнің қолынан келе бермейді. «Біреудің қатесін біреу көреді», – деген де бар. Бәрінен адам өз қатесін өзі көріп, өзі түзеген артық, өз қатесін түзей алатын қасиет адамның өз бойында бар. Ол – адамға біткен ақ жүрек. Егер адам істеген өз ісін, жазған сөзін ақ жүрегіне сыната білсе, ақ жүректің сезімі оны ашып бере алады. Ақыл толғауынан өткен қорытындыны жүрек елегінен өткізу керек. Жүрек ымбалына беріліп дағдыланған адам өз мінін де біреудің мінін де көре алады. Сондықтан әділ сыншың – ақ жүрегің», – деді».

Осындай ақыл-кеңес берген Толстойды мен ұстазым деп бағалап, ардақтаймын!».

Ахат Шәкәрімнің Толстоймен хат арқылы тілдесімін ауызша сөзден жазып алған. Сондықтан орыс жазушысының стиліне сәйкес келмеуін ауызша айтылуына немесе бір тілден екінші тілге аударылуына байланысты деп есептеуге болады.

Шәкәрімнің Толстойға сұрақ қойғаны – шындық. Хат жазып жіберуі де мүмкін. Бірақ жауап ала алды ма?

Бұл – адамдарды әулиелік қызмет жолына тартатын және рухты нұрландыратын құпияның бірі, бұл құпияны зерттеу ғана аша алады.

Жұрт тарихы – ұлт тарихы

1909 жыл көктемiнiң әбiгерi көп болды. Қыс жылы болғандықтан, мал жақсы төлдедi. Төлдi аман алып қалып, қатарға қосу көп бейнеттi керек қылатыны белгiлi.

Жазда Шәкәрiм Пушкиннiң «Метель» повесiнiң бұрынырақ бастап қойған аудармасын аяқтады. Шығарманың атын «Боран» деп қойып, мұны да өлеңмен аударды.

«Дубровский» аудармасы көзiнiң тiрiсiнде баспа бетiн көрсе, «Боран» аудармашының тiрi кезiнде жарық көрген жоқ, тек 1936 жылы жауапты редакторы Сәкен Сейфуллин болған «Әдебиет майданы» журналында жарияланған соң ғана оқырмандарға жеттi.

«Боран» повесiнiң аудармасымен Шәкәрiмнiң Пушкиннiң прозалық шығармаларын өлеңмен аударуы тәмамдалды. Аударма iсiн сол бiр уақыттарда тастап та кеткен сыңайлы. Бұл кезде Лев Толстой шығармаларынан тапқан жаңа дiни дүниетанымын бойына сiңiрiп, жинақтағысы келген сияқты.

Шәкәрiмнiң дiншiлдiгi туралы айтқанда, анық нәрсе сол: оның шын мұсылман болғанына күмән келтiрмеуге тиiспiз. Бiрақ оның Аллаға деген сенiмi далада бекiп, түркi көшпелiлерiнiң жусан иiсi сiңгендiктен, сенiмiнде дүниенi тәңiршiлдiкпен түйсiнудiң көрiнiстерi бой көрсетiп қалып отырды. Сондықтан оның ақиқи сенiмi – иманы рухтың бейтараптығы деп ұғылатын дiншiлдiкке сүйенудi қанағат тұтпады. Шәкәрiм iшкi дүниесiнiң белсендiлiгi оның бiлiмге деген құштарлығынан көрiнедi. Ол әлемдегi бар бiлiмдi меңгеремiн деп жан таласты. Таным құштарлығын ғылым деп есептеп, өзi таңдаған өзiн-өзi жетiлдiру жолы ғылым жолына апарады деп санады. Және көркем шындық арқылы, өнердiң киелi сөзi арқылы ақиқатқа жол табатынына сендi.

Шәкәрiм рухани жоспарын өмiр бойы тынбай өңдеумен болды. Тiптi, жасы ұлғайған шақта жазылған ағартушылық-адамгершiлiк манифест сияқты «Иманым» өлеңiнде әлемнiң жас дiнiн таратушыға тән жихадтық ноталар ғана емес, жатсыну көрiнiстерi де алға тартылады. Бұл – дiнге келудiң өлеңмен мазмұндалған тарихы, «қырықтан соңғы» иманын «отыз жылдай» жиып, «бос жетекке бармай» ғылым-iлiмдi «сынға салып» «керектiсiн алып» танымды,

соның ішінде діни танымды дамытуға арналған өлең. Лирикалық кейіпкер «молдалардың әдісіне» сын көзбен қарады. Сол заманғы өмір салтын орай материалдылықтың руханилыққа қысымын қалай еңсеруге болатынын ойланып, Шәкәрім қоғамның мәдени дамуы үшін дін мен ғылымның астасу қажеттігін алға тартады. Алайда танымның ұзақ жолынан өткен және биік тұлға деңгейіне көтерілген ойшыл ақын айналасындағылардың кері кетушілігіне тап болады:

Айқын аққа сенбейді,
Теріс деп дәлел бермейді,
Көкейіне енбейді,
Құлағына құйғаным.

Білмеймін деген иман ба,
Ол ақылға сыйған ба.

Білімсіздік – көп қоғамға тән жалпы белгі, ал ағайындарының надандығы, бейқамдығы мен енжарлығы Шәкәрімді торығуға түсіреді. Олардың білімсіздігінен ғана емес, олардың надандығынан, іш тарлығынан, дүниеқоңыздығынан, қатыгездігінен киналды. Бұлардың бәрінен тек білім ғана құтқарады деп сенді. Осы сенім жолында ол теңдессіз табандылық көрсетті.

Шәкәрім ойының жүйелілігі, теолог пен сөз шеберінің ойлауына қарағанда, табиғат зерттеушісіне тән. Ол, мәселен, өлімді табиғи биологиялық үрдіс деп есептейді. Оны құпиялы мен ой жетпес бір құбылысқа айналдырып, қиялдан шығарудан аулақ. Керісінше, оның түсінігінде өлімде мистикалық негізден гөрі, саналы айқындық бар: әр адамға ерте ме кеш пе бір келеді. Сондықтан қырағы ой көзі жер бетінде өмір сүретіндермен ішкі жақындығы деп атауға болатын маңызды құбылыстардың бәрін көріп тұр:

Нұр құймай елдің ойына,
Баста адал жолға елді!
Еңбек жанатын заман мынау,
Ерлерім келді,
Қош, арманым жоқ, жұртым, жасарсаң,
Мен сапар шегем енді!

1909 жылдың жазында Ресей әкімшілігінің кезекті жаңа тәртібі даланы дүр сілкіндірді: өкімет әр қазақ отбасына өңдеуге он бес десятинадан жер бөліп бермекші болды. Мақсаты айқын: есепсіз көрінген жерді өкіметке алу, көшпелілерді Ресей заңына көндіру. Бірақ мұны іске асыру қиын еді.

Ол уақытта орыс шаруаларының империяның шеткері өлкелеріне, оның ішінде қазақ даласына көшіп келуі қарқын алған болатын. Патша өкіметі осындай жолмен Ресей орталық аймағындағы аграрлық мәселелерді шешіп алмақшы болды. Қоныс аудару қазақтардан «бос жатқан артық жер» деген сылтаумен құнарлы жерлерін жаппай тартып алуға ұласты. Тек 1906 жылдан 1912 жылға дейінгі аралықта қазақтардан 17 миллион десятинадан астам жер тартып алынды.

Қоныс аударушылар Шыңғыстауға да келді. Мысалы, Жидебайға жақын Қарауыл өзеніне жақын жерде жиырма үйлі орыс селосы пайда болды.

1909 жылдың 9 маусымындағы заң бойынша қазақ даласында жерге орналастыру екі норма бойынша жүргізілді: қоныстанушыларға – 15 десятина және көшпелілерге – 12 десятина жерден берілетін болды. Бірақ кейін қазақтарды отырықшылыққа ауыстыру мақсатымен мөлшерін теңестірді: қазақтарға қоныстанушылардың мөлшерімен бірдей етіп «тұрақты, бөлінбес құқықпен» жер берілді. Бірақ мал шаруашылығы үшін жердің мүмкіндігінше кең болуы керектігі белгілі. Сондықтан 15 десятина деген өлшем сағат тіліне ілінгендей баянсыз еді.

Әлихан Бөкейханды саясат пен заң мәселелерінің білгірі ретінде білетін Шәкәрім мен Кәкітай оған былай деп хат жазды: «Қандай кеңес бересің? Біздің кіндігіміз кесілген, жүздеген жылдар кірімізді жуған рудың жері Қарауыл өзенімен бірге орыс мұжықтарына кетіп барады. Жерді он бес деседен алыңдар дейді. Алайық па, алмайық па?»

Әлиханнан: «Бастап берсеңдер, Тобықты руынан Құнанбай ұрпақтарын түйенің мұрнына ағаш тығып тыныштандырғандай, жуасытуға болады деп айтады. Не болса да халықпен бірге болыңдар. Тіпті, кейбіреулер он беске келіссе де, ол жерге ештеңе еге алмайсың. Егер қазақтар Құнанбай ұрпақтарына қарап, солармен

бірге он бес десе жердің құлына айналса, мал шаруашылығына зиян келеді», – деген жауап келді.

Әрине, Шәкәрім мен Кәкітай әлеуметтік-экономикалық жағдай бұрынғыдай молшылықтан үміттендірмейтінін біліп, жалпы Тобықты руының қамын ойлап отыр. Олардың он бес десятина жерден бас тартуы қоғамдық мәні бар факт деп көрсетті Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетінде: «Құнанбайдың ұрпақтары ең алдымен халықтың қамын ойлау керек деп есептеп, 15 деседен бас тартып, Қарауылдан айрылып қалды. Мен саясатта қазақ басшыларының мұндай батыл әрекетін әлі көрмедім».

Әкімшілік жаңа тәртіп қазақтардың дәстүрлі өмір салтына ашық қауіп төндірді, тек шаруашылық, жайылымдарына ғана емес, мәдени-тарихи, моральдық-психологиялық жағынан да өз дегендерімен күштеп кіргізіліп, әлі де болжап болмайтын өзгерістер болатынын байқатты.

Бірақ беймаза кезеңнен кейін қуанышты хабарлар да жетті.

1909 жылдың күзінде Абай өлеңдерінің үш жыл бұрын Кәкітай империяның астанасына жеткізген, машақаты көп болған жинағы Санкт-Петербургте басылып шықты. Кітаптың мың данасы Семейге Әнияр Молдабаевтың мекен-жайына келді. Сол кезеңде қазақ жері үшін бұл аз таралым емес еді.

Екі жүз кітапты Шыңғыстауға Абайдың туыстарына жіберді, қалғаны сатылуға қойылды. «Қазақ ақыны Ибрагим Құнанбаевтың өлеңдері» деген кітаптың атын оқығанда Шәкәрім өз бойынан осыған дейін ешқашан болмаған толқуды сезді. Бұрын туыстық, рухани-өмірбаяндық, шығармашылық байланысы бар автордың кітабын бірінші рет қолымен ұстап көргенде көңіл толқымай қайтсін!

Бұл басылымның қолға тиюі әрі қуандырды, әрі мұңайтты. Типография иісі өткен өмір мұңын жеткізді. Жұп-жұқа кітап қираған дүние ортасында қалған жанды рухтай, есте қалған дүниенің жанды белгісіндей көрінді. Әрбір өлең рудың, халықтың тарихын бойына сыйдырып тұрғандай.

Шәкәрім кітап сөзінің артықшылығын, ең басты артықшылығы – көптеген адамдармен тілдесе алатын мүмкіндігін бірден бағалады. Осының әсері болар, өз еңбектерін де, оның ішінде, ең алдымен

дайын тұрған «Мұсылмандық шарты» мен аяқталуға аз қалған «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресін» басып шығарғысы келіп кетті.

Ол өткен ғасырларда өмір сүргендердің есімдері тарих тінін байланыстыратын арқау екеніне сенімді болды. Сондықтан да өзінің көп жылдық жазбаларына, ата-бабалары жайлы жас кезінен бастап жазып алып жүрген ауызша естеліктерге ерекше мән берді.

«Түрік... шежіресінде Абайдың түсіндіріп берген мағлұматтары, сондай-ақ түрлі руларға жолдаған хаттарынан жиналған мәліметтер бар», – деп жазды Шәкәрім. Сонымен, жұмыстың соңғы кезеңінде қазақ рулары жайлы мәліметтер Абайдың басшылығымен жиналғаны белгілі болды.

Қазақ рулары жайлы мәліметтерді жинастыру XX ғасыр басталмай тұрып аяқталған сыңайлы. Себебі Семей өлкетанушысы Николай Коншин Абайдан Орта жүз қазақтарының рулық кестесін жазып алып, 1900 жылы «Памятные книжки Семипалатинской области на 1900 год» кітабының «Заметка о происхождении родов Средней Киргизской Орды» деген бөліміне енгізіп, басып шығарған екен. Абайдың Коншинге берген кестесі мен Шәкәрімнің «Түрік... шежіресіндегі» Орта жүз қазақтары жайлы мәліметтерде елеулі айырмашылықтар жоқ. Бұл «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресін» жазумен қорытындыланған күрделі іске Абайдың да қатысы болғанын тағы да дәлелдей түседі.

Нәтижесінде тек қана қазақтардың шежіресі ғана емес, ұлттың көне заманнан бергі тарихы да жазылып шықты. Зерттеудегі ең маңызды нәрсе – қазақтардың түркілік негізін дәлелдеуі. Автор «Түрік... шежіресін» даярлап жатқанда түркі әлемі адамзат тарихына ену үшін өмір сүреді деген ойға келуі мүмкін. Қорытынды пікірге келу үшін оған қытай жылнамаларындағы мәліметтерге, негізінен, Николай Аристовтың «Опыт выяснения этнического состава киргиз-казахов Большой Орды и кара-киргизов...» (Живая старина. 1894, № 3,4) және «Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности» (Живая старина. 1896. № 3,4) еңбектеріне талдау жасауға тура келді.

«Түрік халқы – парсы жүртындай руымен жүрген халық емес, – деп оқимыз «Түрік... шежіресінен» – бірталайы әр рудан

қосылып, ел болып, маңындағы елдерді шауып алып, егер де жеңілсе, өзге жаққа ауып кетіп және бір елді шауып, әр рудан қосылып, әр түрлі атпен атанған».

Автор қазақ тарихын ғұндар мен көне түркілерден бастап, Шыңғыс ханның үрім-бұтақтарын қосып, XV ғасырдағы қазақ хандығына дейін жеткізді.

Кезінде Абай «Қазақтардың қайдан шыққаны жайлы бірер сөз» (1900) трактатын: «Біздің хандар, төрелер – бәрі Жошы тұқымынан шыққан» деп аяқтаған. Шәкәрім оның зерттеуін жалғастырды: көлемді тарихи еңбегінде ресейлік басқаруға қысқаша шолу жасаумен мәліметтерді толықтыра түсті.

«Орта жүздің хан атанғанының ең соңы – Тұрсын Шыңғысұлы, Бөкей немересі, Қарқаралыны билеген. Содан соң хан деген біржолата қалып, қазақтан аға сұлтан сайланғаны (бұл Тұрсын ханнан бұрын) 1822 жылы еді.

Қазақтың ең әуелі орыс заңына қарай бастағаны сол. Онан кейін 1824 жылда қырда округ ашылып, басында бес жылға шейін алымнан азат болып, онан соң жүз малдан бір мал алым берді. Ақырында 1868 жылы жаңа заң шыққан соң, қазақ біржолата орыс заңына қарады. Біздің қазақ – басынан көшпелі болып, ат үстінде жүрген халық. «Қала болғаниша – мола бол», «арық аттаған аштан өледі» деп, отырықты өмірді жамандап, «ер азығы – елде, еріккенде – қолда» деп барымташылықты мақтап, тұрақсыз қазақтықпен күн кешкен жұртпыз»

Жалпы тарихқа жүрегімен және айғақтарымен қосыла отырып, автор әдептілік шегінен аттап шықпайды, мұнысы өз туыстарына арналған басқы бөлімінен көрініп тұр:

«Шежіре түрікті» жазған Әбілғазы ханнан бізге қалған бір мирас, шежіре жазғанда өзімізді мақтап аз сөз жазбақ еді. Бірақ менің өзімді мақтарлық лайық ісім жоқ болған соң, ұлы атамыз Құнанбай қажы марқұм жайынан аз сөз жазамын».

Мұнан соң Шәкәрім Меккеге барған сапарынан кейбір оқиғалар мен айғақтар енгізеді, сол арқылы кітапты қажылықтан кейін жетілдіргенін дәлелдейді.

Өлеңсіз бір нәрсе жазыла ма? Автор кітапты «Мақсұт» атты өлеңмен түйіндейді: кітапты бастарда қойған мақсаттарын еске түсіреді, еңбегінің кейінгі ұрпақ үшін маңызы зор болады деп үміттенеді:

Бір Алла, бергеніңе сансыз шүкір,
Қалған жоқ зал болып қылған пікір.
Бітірдім «Түрік, қазақ шежіресін»,
Болса да кемшілікті, қисық-бүкір.

Жазғанда мақсатым көп менің тағы –
Қазақтың қараңғы еді артқы жағы.
Мұны оқып ата жөнін білген қазақ,
Артыман дұға қылсын дедім-дағы.

Құр шежіре деменіз мұның өзін,
Ойлаңыз ғибрат алып әрбір сөзін.

Қазақтың арғы тегі туралы жиырма бес жасында, қазақ тарихын үңіле зерттей бастағанда, туған бұл өлең, бүгінгі көзбен қарағанда, «Шежіренің» қысқаша поэтикалық түрі сияқты көрінеді. Осы өлеңін тарихпен әрлеген соң барып «Мұсылмандық шарты» мен «Шежірені» соңғы рет көшіріп шығуға берді.

Бәрін білетін Кәкітайдың кеңесі бойынша 1910 жылы күзде екі кітаптың да қолжазбасын шабарман арқылы Орынбордағы баспаханаға беріп жіберді. Орынбор баспаханасының қожайындарымен хат алысу бойына үмітін ұялатты.

Сол кезде Ресейден 1910 жылдың 7 қарашасында Лев Николаевич Толстой қайтыс болды деген хабар келді.

Шәкәрім, әрине, Толстойдың соңғы хаттары, Ясная Полянадағы өз үйінен кетуі жайлы ештеңе білген жоқ, бірақ ол ақиқат жолына, Алла жолына түсуге, аян болуға, жанды құтқару мен адам болуға кешігуге болмайтынын жақсы түсінді. Қайта тууды мүмкін ететін Жалғыздыққа азап-бейнет арқылы жету керек, ал Шәкәрім бұған дайын еді.

Қайсысын таңдайын деп қиналмай-ақ бұл да сол жолмен кеткісі келді. Айналасындағыларға бәрі оңай, түсінікті болға тиіс. Бірақ алдымен жазған еңбектерін жариялау керек еді.

Ақырында 1911 жылы «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» мен «Мұсылмандық шарты» Орынборда автордың өз қаржысына жеке кітап болып шықты. «Шежіренің...» таралымы – 1000 дана, ал «Мұсылмандық...» 500 дана болды. Екі кітаптың да жартысын автор туыстары мен достарына тарту ету үшін өзіне алып қалды, жартысын Семейдің дүкендеріне сатуға қойды. Бұлар Шәкәрімнің жарық көрген алғашқы шығармалары еді.

«Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» – мазмұны жағынан үздік шығарма – қазақ тарихы бойынша ең алғашқы шығарма болды. Шәкәрімді қазақ мемлекеттілігінің тарихы бойынша ең үздік және зәру кітаптың авторы деп, ең алғашқы қазақ тарихшысы деп санауға толық негіз бар.

Замандастары еңбекті жоғары бағалады. Көрнекті журналист, қоғам қайраткері Міржақып Дулатұлы Шәкәрімнің кітабы – қазақтардың қантамыр жүйесі деді. Еңбектің маңызы туралы Әлихан Бөкейхан 1913 жылы («Қазақ» газеті, №12, 28 сәуір, «Ерекше сөз» мақаласы) былай деп жазды:

«Ешқашан қазақтардың шыққан тегі жайлы қазақ тілінде кітап болып шыққан емес. Шәкәрімнің бұл кітабының пайдасы – қазақтардың шығу тегі бойынша өз аталарын білгісі келгендер осы кітаптан табады. Егер кімде-кім ата-бабаларының шежіресі жайлы жазғысы келсе алдымен Шәкәрімнің еңбегін оқып алуы қажет. Жақсы кітаптар жинақтау – қиын көшпелі далада Шәкәрімдей «Түрік.... шежіресі» сияқты еңбекті жазу қарапайым жұмыс емес.

Кемшіліктер жайлы жиі айтатын автор «Түрік.... шежіресі» балаларды оқытатын молдалардың қолында болуы керек дейді».

Кейінірек осы газетте жазушы Жүсіпбек Аймауытұлы (1889–1931) «Желкек» деген лақап атпен еңбекке ерекше ілтипатпен сипаттама берді. «Қазақ» газетінің 1916 жылдың 9 ақпанындағы 168 нөмірінде «Шәкәрім ақсақалға» деген мақаласында:

«Қадірлі Шәкәрім «Түрік.... шежіресін» терең оқып, ойлап және салыстырып барып, жазғанда өте жауапкершілікпен қарады. Осыған байланысты оны қазақтың «Карамзині» десем, артық айтпаған болармын. Түркілердің тарихымен танысқысы келгендер бұл кітапты оқымай кете алмайды».

Шәкәрімнің қасиетті ата-бабалары жайлы кітабы қазақ жұртшылығын дүр сілкіндірді, автор отандастарының ұлттық тарихына деген қызығушылығын тудыра алды. «Түрік... шежіресі» мен «Мұсылмандық шарты» қазақ тарихы бойынша жұмыс жазғысы келген көптеген білімді адамдардың шығармашылығына әсер етті. Семейде, Орынборда, Омбыда тек ұлттық тарихты ғана емес, қазақтардың діни танымының тарихы бойынша да жазатын талантты зерттеушілер пайда болды.

Пікірлер мен зерттеулердің көбі 1913–1918 жылдары Орынборда шығып тұрған «Қазақ» газетінде жарияланды. Газеттің тұрақты редакторы Ахмет Байтұрсынұлы екені белгілі. Сонымен бірге 1911–1915 жылдары Троицкіде шығып тұрған жаңа «Айқап» журналы да мұны елеусіз қалдырмады. Бұл басылымдар қоғамның әр текті оқымыстылары сұхбатының алғашқы үлгісі болды. Газетті «Түрік... шежіресі» жайлы ақпарат жинау алаңына айналдыру үшін Шәкәрім де талқылауға қосылды. Жұмысын әрі қарай жалғастырмақ болған ол «Қазақ» газетінде (1915 жылдың 4 сәуірі, №54) мынадай хабарлама берді:

«47-нөмір «Қазақтағы» Досмұхамед Нілішбай қажы баласының «Аш, жұтаған, ауган қазақ» деп бастаған сөзінен мағұлым болды: Жизақ уезі Қызылқұм болысында біздің арғын тобықты нәсілінен ел бар екендігі. Және Сырдария бойында Ақмешіт уезі Скобловский волосында арғындар бар екендігі. Сол ағайынымыздың арғын Һәм тобықтының қай атасының нәсілінен екенін анықтап білуге мұқтаж болғандықтан төменшілікпен өтінемін: ол жақта «Қазақ» газетасын алып оқушы арғын, тобықты болсын, басқа ағайын болсын, сол арғын тобықтылардың ата жөнін анықтап Һәм басшы адамдарының өз аты, әкесінің атымен толық адресін жазып, не «Қазақ» газетасы арқылы, не почта арқылы хатпен білдірсе, үлкен мархамат жәрдем қылған болар еді.

Егер осы хабарды алсақ, біз де өзімізді ол ағайындарға білдіруге барша қазақ, түрік нәсілін жазған шежіре кітап жіберер едік. Мұндағы тобықты жеті болыс елміз – екі волость Дадан Қарқаралы уезінде, бес болыс ел Семей уезінде.

*Илтифат қылып хат жазушы болса адресім мынау:
Ст. Аркат, Семип. обл. киргизу Чингизской волости
Шах-Кариму Худайбердиеву».*

Кейінірек «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» кітабына сұраныстың көбейгеніне алаңдаған Шәкәрім сол 1915 жылдың 15 қазанындағы «Қазақ» газетіне:


«Кем-кетік болса да «Қазақ шежіресін» жазып, бір мың кітап бастырып едім. Ол таралып бітті. Өмір болса, тағы бастырмақ едім. Сол себепті соны оқып көргендеріңізден өтінемін: алыстан есіткендіктен бергі аталарда қатесі болса, шын анығын тауып, не хат арқылы өзіме, не «Қазақ» газетасы арқылы білдірсеңіздер еді. Егер де арғы жердегі сөздердің қатесі бар деушілер болса, оны дәлелмен, білімді жұрттың шежіресімен анықтау керек. Олай болмағанда, құр ғана «менікі дұрыс» деген сөз толық бола алмайды.

Әрине, әркім өз атасын өзі анық біледі. Әр таптың талапкерлері бір-бір шежіре жазып бастырғаны-ақ жақсы. Мысалы, Қуандықты, Сүйіндікті яки Атығай-Қарауыл дегендей; Наймандар Қаракерейді, Садырды дегендей – әр қайсысын бір-бір кітапша қылса жарар еді. Әйтеуір, басын біз бастадық. Ендігісін – өзі жазса да, яки бізге кешіктірмей анық хабар қылса да – толтырмақ әр таптың талаптыларына міндет деп білемін», – деп хабарлама жасады.

Халық «Түрік... шежіресін» толықтырды ма, жоқ па, белгісіз. Өкінішке қарай, «Түрік... шежіресін» қайта басып шығару жөніндегі Шәкәрімнің ниеті іске аспады. Ол тек 1991 жылы Қазақстан егемендігін алған кезде ғана қайта басылып шықты.

Ал сонау 1911 жылы қоғам игілігі үшін әлі де қызмет ете беру керек болды.

Соңғы рет болыс болуына тура келді. Ұлы Ахаттың естелігінен: *«1911 жылы Сыбанның Салты деген табында қырғын талас болып, кісі өліп, сайлау болмай қояды. Сондықтан жоғарғы орын мені назначениямен сол елге сыртымнан болыс сайлады. Мен: «Сырқатпын, болыс болмаймын!–деп оязға бардым. Ояз: «Сен ол елді жайғайды деп жіберіп отырмыз. Егер бітірсең босайсың» – деді.*




Шәкәрім.
Стамбул мен Меккеге жүрер алдында
халықаралық құжатқа арнайы түсірілген сурет.
1905 ж.




Кеңбұлақ жайлауы, Шәкәрімнің туған жері

XIX ғасырдағы Стамбул.






Ақынның қолжазбалары



Шәкәрім Стамбулда.
Нұрбұлан Өтепбаевтың
картинасы



Семейде басылып шыққан «Еңлік пен Кебек» поэмасының бірінші беті 1912 ж.


1927 жылы ғалым Ф.А. Фиельструппен бірге Шыңғыс тауларына этнографиялық экспедицияға барған кезінде түсірілген сурет. *М. Әбдешев тапқан.*



Абай Құнанбаев, ақын,
ойшыл, Шәкәрімнің ағасы



Алматыда 1935 жылы
Сәкен Сейфуллин
жариялаған Шәкәрімнің
«Ләйлі мен Мәжнүн»
поэмасының бірінші беті.





Абай ауданындағы ақынның аңшылық үйінің орны

Шыңғыс жотасы, өзеннің бас жағы.

Алдыңғы жақта тұрған – Шәкәрім. 1927 ж. *Сурет 2009 ж. табылған.*



Ахат Құдайбердиев,
Шәкәрімнің, ұлы ақынның
мұрасын жинаушы және
сақтаушы.
Нұрбұлан Өтепбаев
салған портрет.




1931-1961 жылдар
аралығында ақынның
сүйегі жатқан Құркұдық
құдығындағы ескерткіш




Өлкенің қоғамдық-саяси өміріне қатысқан – қазақ зиялыларының өкілдері. Отырғандар (оңнан солға қарай): А. Байтұрсынов, М. Жәкежанұлы, Қ. Жаңатайұлы, Т. Абайұлы, Ж. Өтекеұлы; тұрғандар: Ж. Балғынбайұлы, М. Дулатов, Қ. Мұнайтпасов, С. Қадырбайұлы, Е. Омаров. *Семей. 1918 ж. Сурет.*

Алашорда жетекшілері.

Солдан оңға қарай: А. Байтұрсынов, Ә. Бөкейханов, М. Дулатов





Сталиннің ҚазКСР басшыларына Ә.Бөкейхановты Қазақстанға кіргізуге тыйым салған және оның 1927–1937 жылдардағы қоғамдық-саяси қызметіне мүмкіндік бермеуге ескерту жасаған жеделхаты.


Болашақ ақын дүниеге келген Кеңбұлақ жайлауындағы ескерткіш таңба





Жидебайдағы Шәкәрім музейінде қойылған
«Саят қорадағы» үйдің экспозициясы






Ақынның ақталғаннан кейінгі Қазақстанда жарық көрген кітаптарының мұқабасы



Шәкәрім поэмасының кейіпкерлері,
ғашықтар Еңлік пен Кебекке қойылған ескерткіш

Қазақстандағы Шәкәрімтану





Жидебайдағы Абай мен Шәкәрімнің мемориалы



Шәкәрімнің
Жидебайдағы музейі



Шәкәрімнің немересы,
Зият Құдайбердиевтің
ұлы – Мереке



Шәкәрім Құдайбердиевтің 150-жылдығына арналған Семей мемлекеттік университетінде өткен Халықаралық ғылыми-практикалық конференция

Мәскеуде Абай Құнанбаевқа қойылған ескерткіш





Семей қаласының Орталық саябағындағы Шәкәрімнің ескерткіші

Мен жазғытұры Сыбан еліне барып, таласқан екі жақты бітістіруге бар күшімді салдым. Ақыры сәті келіп, татуластырып, бітістік деп ел атынан оязға рапорт түсіртіп, екі жақтың қалаған бір кісісін болыс сайлатып, сол күзде босап қайттым.

Содан кейін болыс болғам жоқ!» – дейтін».

Шәкәрім үлкен мәні бар оқиғаны күнделікті бір істей етіп әңгімелеген.

Бұл жерде мәселе Ресей әкімшілігінде де, қазақ ортасында да Шәкәрім беделінің жоғары болғандығында емес, бір кездері қиын сәттерде Абайдан іс көмегін өтінгендей, Шәкәрімнен де көмек сұрағандарында. Өз-өзіне сын көзімен қарайтын Шәкәрімнің адалдығы, жас кезіндегі күнәларын сынап, өлеңдері арқылы өзін жазалауы саналы да аңызға айналған құбылыс еді. Әлихан Бөкейхан бір мақаласында Шәкәрімнің адамгершілік ұстанымы «Шын сөз үшін жанымды беремін» деген мәтелге сай дейді. Ұстамдылығы, парасаттылығы мен темірдей қажырлылығы өз жанын емес, халықтың рухын сақтаудан қолы босамайтын бұл ғажап адамның мінезінің бұлжымас сипаты еді.

«Есті адам тілін тыя алады» – Шәкәрімнің бұл нақыл сөзін оның «Мәнді сөздер» топтамасынан кездестіреміз, бұл өзі құрметтейтін Конфуцийдің мына бір өнегесімен ұштасып жатыр: «Жақсылық ойлап іс қылсаң, көпшілік те саған жақсы көзқараспен қарайтын болады, өзімізге қалайтын нәрсені, басқаларға да тілейік. Бұдан асқан адамгершілік жоқ».

Сондықтан Шәкәрімге болыс не би болу, дауға төрелік беріп, адамдарды басқару қиын болған жоқ. Тіпті, егер ол сайлауға қатысудан бас тартпаса, Мемлекеттік думаға депутат болу да қиын болмас еді.

Бірақ ол Санкт-Петербургке бармады. Болыс болудан да тезірек құтылғысы келді. Бұл тоқтамы тек салиқалы жасына ғана байланысты емес. Жиырма мен қырықтың арасында үкімет сынын басынан өткізген ол өмірінің соңғы кезінде алдына рухани мәнісі бар мақсаттар қойды. Сол уақыттағы үздік басылым «Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі» – осының дәлел-айғағы.

Мәңгілік туралы бес сауал

Шәкәрім Құдайбердіұлы сынды қазақ данасы 1912 жылы да оқырман қауымға едәуір жаңалық ұсынды: прозалық шығармалардың соңынан поэтикалық шығармалар жарық көре бастады.

Газетке жаз, кітап жаз,
Бастыр, оқыт қазаққа –

мұндай лирикалық толғаныста («Ашу мен ынсап» өлеңі) ақын шығармашылық қуатын көрсетуді көксейтінін байқатады.

Қазақ қоғамының алдындағы ағартушының парызын Шәкәрім «егін мен суға» ұқсата балайды:

Сусыз егін не шықсын,
Суғар, шыда азапқа.
Дәмін алып ел ұқсын,
Сонда ұмтылар тамаққа.

1912 жылы Семейде ағайынды Сұлтан, Садық және Хасен Нығматуллиндер құрған «Ярдам» («Жәрдем») серіктестігінің жаңа баспаханасы жұмыс істей бастады. Енді Орынборға барып кітап басып шығарудың қажеті жоқ.

Сол жылғы көктем «Қалқаман – Мамыр» және «Еңлік – Кебек» поэмалары мың дана таралыммен кітап болып шығуымен ерекше есте қалды.

Шәкәрім, сірә, сол кездегі ең өндіріп жазатын, оқырман күткен адал ниетті автор болған шығар. Сәбит Мұқановқа (1931) жазған хатында ол: «Өз қаражатыма шығарған 1000 дана «Қазақ айнасы», «Еңлік – Кебек», «Қалқаман – Мамырды» елге таратып бердім», – деп еске түсіреді.

Пірөдар ақын да өз еңбектерін сатып пайда тапқысы келмейді, мұнысы Л.Н. Толстой этикасымен үндеседі.

Ал 1903 жылы шыққан, атақты өлеңдері кірген «Қазақ айнасына» ақын философиялық мәнде жазылған сегіз шығармасын қосты. Олардың ішінде – халық арасында танымал болған, өлеңге

арналған «Өмір», «Ажалсыз әскер» және т.б. өлеңдері енген. Мұның бәрі – ұстазы қайтқан соң шығарған өлеңдері. Бұларды Шәкәрім (бұл жайлы жоғарыда айтылған) «Абай марқұм өткен соң өзіме айтқан жырларым» деген айдармен біріктірген.

Ақын мына өлеңін жинақтың беташары ретінде ұсынады:

Қолда қалам, көзде жас, толқындап ой,
Шіміркеніп, тітіреп, салқындап бой,
Тозған мола сықылды сұм көрініп,
Өткен күнде қызыққан сауық пен той.

Қаның қашып, жасаурап екі көзің,
Не болдым деп табалап өзіңді-өзің.
Өткен іс ойға түсіп ұялтады...

Лирикалық кейіпкердің «шіміркеніп, тітіреп, бойы салқындап», артта қалған жылдардың естеліктерінің биігінен суық жел еседі. Осының әсерінен өзін «тозған молаға» теңейді, зая кеткен еңбек, сауық құрған күндер және жастық шақтың қайтып оралмайтыны туралы сарын келіп шығады. Бірақ бұл «зарды» («жасаурап екі көзің») батыл қорытындымен түйіндейді:

Кейін баспай, ентелеп ілгері бас,
К... айналсаң, еш жерде оңалмассың.

«Қазақ айнасы» кітабы да сол семейлік «Ярдам» баспаханасында 1000 данамен жарияланды.

«Қазақ айнасы» кітабының көлемі шағын: елу беттен сәл асады, бірақ жинақ өзінің әралуандығымен оқырман назарын бірден аудартады. Көңіл күй ауанымен де, сана аясын кеңітетін психологиялық астарымен де ерекше өлеңдердің қамтитын ауқымы да айрықша. Жинақ мазмұнынан уақыт пен кеңістіктің шексіздігін тікелей сезінесіз. Өлеңдер сипаты даланың құбылмалы қасиетіне таңқаларлықтай ұқсас болып келеді және сезім күйін тап басады.

Бір қарағанда, «Қазақ айнасы» жинағы азапты күйзеліс пен насихатқа толы сияқты болып көрінеді, бірақ онда оңалмас жалғыздық сезіну мен ержүрек табандылықты (стоицизмді) сезіну астасып

жатыр. Өкініш азабы суырып салмалықтың жарқылымен құбыла алмасып отырады. Автордың өзі қорғансыз, жалғыз сияқты, ал сөзі – бақыттың жарқын дидары мен тағдырдың түнегін бейнелегендіктен тұрақты және мәңгілік болып көрінеді. «Қазақ айнасы» қазақ қоғамындағы ерекше өз стилі бар ақынның бар екенінің, ойшыл және парадоксалистің бар екенінің жазба куәлігіндей.

Бірінші жинақтан кейін ақын XIX ғасырдың сексенінші жылдарында жазған «Ашу мен ынсап», «Еңбекқор мен ысырапшыл», «Ақиқат пен өтірік», «Сөз бен іс», «Мақтау мен сөгіс», «Сын мен қызғаныш» және басқа өлеңдерін кішігірім кітап етіп жариялады.

Нәтижесінде, Абайдан соң Шәкәрім қазақтың елге ең танымал ірі ақыны болды. Сондықтан да ұлғайған жасына қарамастан ол әдебиетімізде сыршылдықты философиялық пен санаткерлікпен толықтырған «жаңа толқынның» бастауында тұрды.

Бір жарым жыл ішінде үздік тарихи кітапты, екі керемет поэманы және тамаша өлеңдер жинағын шығарған Шәкәрім айдай әлемге жан-жақты шығармашылық иесі екенін көрсетті. Бірақ мұнымен ол тоқтаған жоқ.

Шәкәрім бұрыннан ойластырып жүрген ісіне кірісу керек екенін, ол үшін дүниенің әбігер ісінен қол үзудің уақыты келгенін сезді, әйтпесе өмірінің соңына дейін жөндемді рухани жүйені құрам деп азаптанып өтуіне тура келер еді.

Басында Лев Толстой барғысы келген Оптиная шөлі сияқты бір жерге кеткісі келген, бірақ бара алмады. Далада монастырлық өмірге орын жоқ еді, ондай өмірді өзінің жасауына тура келді. Бұл жолға түсу үшін жанкештілік қажет. «Біздің еркімізден тыс ой да, іс те жоқ», – деген неміс философы Артур Шопенгауэр. Оның орыс тіліндегі еңбегін Шәкәрім соңғы кездерде ерекше қызығып оқып шыққан. Шопенгауэр атақты «Мир как воля и представление» еңбегінде: «Адам мәні – ерік, ал адамның өзі осы еріктің көрінісі ғана», – деп жазады. Бұл ой Шәкәрімді күн сайын тәуекелге бел байлауға қайрап отырды.

Өзірше ақын ойы бір шешімге тоқтай алмай тұрған кезінде, өзі үшін маңызды бір мақаласын «Айқап» журналына жазып, салып жіберді.

«Айқап» 1911 жылы Оңтүстік Оралда алыс Троицкіде шыға бастады. Семейге кешігіп келетін, бірақ ұлт оқығандары үшін бұл үлкен қуаныш еді. Журналдың бас редакторы ақын және журналист Мұхамеджан Сералин (1872-1929) болды. Ол өз қолтумасына ерекше ат қойды: оқтын-оқтын шығып тұратын басылымдардың оқырмандары аз екеніне ренжіп: «Ай, қап!» деп жиі айтатын. Журналды да осылай атады.

Шәкәрімнің «Менің бес сауалыма жауап беруіңізді сұраймын» деген мақаласынан үзінді (Айқап. 1912.№5):

«Білімділерден бес түрлі сөздің шешуін сұраймын. Әншейін жұмбақ емес, өз ойымына адамның екі дүниесіне бірдей керек. Бұл сөздерге дін кітабынан дәлел көрсет деймін, тура ғана ақыл қабыл аларлық дәлел болса екен. Жауап беруші қазақ болсын, басқа жұрт болсын – бәрібір, бірақ жауап қазақ тілінде жазылсын яки қазақша тәржіме етілсін. Бірлі-жарым араб, фарсы яки орысша сөз кірсе, қазақша тәржімесі жазылса екен. Жауап неғұрлым ұғымды, қысқарақ сөзбен жазылса екен Һәм не «Айқап» арқылы, не тура өзіме төмендегі адрес бойынша хатпен жіберілсе екен. Екеуінің қайсысымен жазылса да, қол қойылған болып, адресі көрсетілуі тиіс, себебі, Құдай жеткізсе, бұл туралы жиналған сөздердің бәрін жинап, кітап қылып бастырмақ талабым бар. Бұл сұраған сөздерімді халық пайдасы деп ойлаймын; ол ойымды дұрыс көрсеңіз, жауапқа жеті тиын аямассыз деп үміт етемін.

Бес сауал мынау:

- 1. Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?*
 - 2. Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?*
 - 3. Адамға өлген соң, мейлі, не жәнмен болсын, рахат-бейнет, сауап-азап бар ма?*
 - 4. Ең жақсы адам не қылған кісі?*
 - 5. Заман өткен сайын адамдардың адамишылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?*
- Қай түрлі жауап берсеңіз де, дәлеліңіз не?*

Шәкәрім Құдайбердіұлы».

Бұл сауалдарды оқығанда зиялы қауымының қалай таңқалғанын көз алдыңызға келтіруге болады. Шексіз даланың дәл жүрегінде нағыз философиялық ойдың иесі қайдан пайда болды? Қазақтың қара қосынан Құдайдың құпия нұрының ұшқыны, қарапайым сөзбен айтқанда, талант, қалай шықты? Кең ауқымда қарасақ, антикалық кезеңнен бері философтарды мазалаған сауалдардың ішінде мұндай жаңалық болмаған еді. Тіпті, бұл сауалды қалам мен құрықты қатар ұстаған көшпелінің ұрпағының қойып отырғанынан уақыттың әміріне ұқсас бірденені табуға болар еді. Бірақ таңдандыратыны басқада: Шәкәрімнің болмыстың метафизикалық сауалдарын соншалық жеңіл, ықшамды, ауқымды және талант талабымен тұжырымдауында. Бұл – ермек я әуестену емес, өзінің бұған дейін күмәнға сүйеп өлеңдерінде өңдеп-қырнап, тынымсыз түзеп түзілдіріп келген дүниетанымдық доктринасын айқындауы.

Ақынның бес сауалының тармақтары мынадай.

Бірінші сауал. Алланың адамды жаратқандағы мақсұты не?

Адамды Алла (Құдай) жаратқанына Шәкәрім күмән келтірмейді. Бұл жөніндегі ойын ол тек діндар ретінде ғана емес, сындар ретінде де білдіріп, жазғандарын кейін «Үш анық» кітабына енгізген:

«Егер ең түпкі жаратушы болмаса, өсіп-өнгендерді түрліше етіп шығарып жатқан жаралыс екеніне ешбір сау ақыл таласпайды. Бірақ тұқымдастық жолын ұстаушылардың: “Біріне-бірі ұқсағандардың бәрі мынау мынадай туып өзгере береді”, – дерін менің ақылым қабыл алмайды.

Дәлелім: бүгінгі жер беті өсімдік, хайуандар өніп-өсуге жарайтын болғанға дейін мұның топырағы, шөбі, басқа да барша заттары әбден араласқан-ды. Сүйткен жерде өнген өсімдік, хайуанаттар себебіне, ретіне, топырақ, су, ауасының мөлшеріне қарай бірі-біріне қалайша ұқсас, я ұқсаңқыраған, тіпті ұқсамаған болып кеткен. Менің бұл сөзімді сынау үшін даладағы сортаңдау жердің балаусасын, саядағы, өзен бойындағы бұтаның бір арадағысының бір-біріне ұқсаңқырағанын, не болмаса ұқсамағанын көріп, солардың су, топырақ, ауа сияқты себебінен тексеріп қараңыз.

Егерде Дарвин мен Мендельдің сөзі дұрыс болса, бұл өсімдіктер де бірінен-бірі туып өзгерген болады. Меніміше, жылқы мен есектен қашыр туса да, екі жылқыдан туған құлын қашыр болып тумайды.

Бұл сөзімнің қорытындысы мынау: Тамам барлықтың (материяның) бәрі туыс, ата-анасы бір екені рас. Содан туып, өзгеріп жатқаны да рас. Бірақ ұқсастың бәрі бірінен-бірі туып өзгерген жоқ. Жаралған себептерінің ыңғайына қарай біріне-бірі ұқсап, не ұқсаңқырап, тіпті ұқсамай да жаралып жатыр. Бұлай деуде адамды маймылдан тудыруға арланып айтқаным жоқ, қайта жаманнан жақсы туғанымызға қуанатыным бар.

Бұл күнде бүкіл Европа мойындап отырған сияқты Дарвин сөзіне қарсы дау айтқанымға өзінше ғылыми жастар тексермей тұрып, үстірт қарап, мені сөгер де. Оларға айтарым: өздерің алдымен “Нәсіл туралы”, “Жоғарылау туралы” ілімдерге сын жазған Германия ғалымы Медердоның Германиядағы дарвинизм туралы жазған кітабын оқып алып, онымен Дарвиннің және Медердоның сөзін салыстырып, салмақтап алыңдар. Онан соң мені сынап, сөгулерің қаппас деймін».

Мәтін ұрпақтар түсінігіне лайықты баяндалған.

Бірақ Шәкәрімді құрметтейтіндер үшін бұл адам табиғи іріктелуден емес, оны Алла жаратқан дегенді растайтындығымен маңызды.

Десек те, Шәкәрім үшін бұл сауал емес, ол тіпті тереңге кетеді. Алла адамды не үшін жаратты? Жаратпаса да болар еді ғой.

Көне гректердің бірі адамды Құдай әлемді сезіну үшін жерге жіберген деп есептеген. Шопенгауэр бойынша: «мен» дегеніміз – басқа адамдар, ал кез келген басқа адам – «мен». Яғни, біз – құдайдың біртұтас жаратылысымыз.

Шәкәрімге Жаратушының құдіретіне сену жеңіл болды. Өйткені оны өзі сезінгендей, ақынның қаламын Алланың қолы жетектейтініне көзі жеткен. «Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі» мен «Қазақ айнасы» оқырмандарының бірі Алланың өзі сияқты. Бәлкім, Алла адамды оқысын деп жаратқан болар? Әрине, Алла адамды жерге өмір сүру үшін жіберген. Ал кітапты оқу

үшін шығарған. Демек, Алла адамды игі ниетпен жаратқан. Бірақ адам қаталдыққа, дүниеқоңыздыққа, зұлымдық пен жамандыққа белшесінен батты. Ендеше біз Құдайдың жетілгендігі жайлы айта аламыз ба? Шәкәрім болса адамның жетілмегендігіне тоқталуды жөн көрген.

Шәкәрім «Айқап» журналына жарияланған сауалдарына көп жауап ала алды ма, жоқ па, – белгісіз.

Қалай болса да, тақырыпты өзі айқындай түсу үшін 1915 жылы «Адам немене?» деген зерттеушілік мәні бар өлең жазды:

Білімділер сөз жазып, зарлағанда,
Ой кезіп, жердің жүзін шарлағанда,
Алдаусыз адам өмірін түзетерлік
Әділет, ынсап, мейірім бар ма адамда?
Әйтпесе мәз боп жүр ме қиянатқа,
Зорлықпен бірін-бірі жалмағанға.
Мен адамнан таза ақыл таба алмадым,
Ойланып, өзеленіп, қармағанда.

Адам кембағал. Шәкәрім адамдар арасынан ақылы таза инсан таппады! Сондықтан да «Адам деген немене?» деген сұрақты алға тартты. Егер адам кемел бола алмаса, Алла оны не үшін жаратты?

Адамның жайы түсінікті сияқты: бұ дүниеге бейнеттеніп, қайғырып, бақытты армандап, тағдырын қарғап-сілеп өмір сүру үшін келеді. Торығудан ашкөздікке, пайдакүнемдікке, әйелжандылыққа, сатқындыққа т.б. күнәларға батады. Бірақ ақында күмән көп. Оның сауалының астарында Алла тағаланың әмірімен адам бойында жүретін күмән пен құпия жатыр. Алла адамға ақыл берді. Ақылдың таза нысаны – ақиқат. Ендеше, Алла адамды ақиқатты тану үшін жаратқан болу керек. Бірақ қаншама адам ақиқатты танымай-ақ өмірден өтіп кетті! Ақиқатты неден іздемеді: діннен, философиядан, махаббаттан, сенімнен, ғылымнан, Құдайдан іздеді. Адам мәңгілік жұмбақтың шешімін таба білуі керек, Құдайдың құпия ниеті де осында болуы мүмкін. Торыққан Шәкәрім оқырмандарға сауал жолдады: Алла адамды не үшін жаратты?

«Айқап» журналындағы екінші сауал: «Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?». Негізінде, өмірдің мәні неде дегенге саяды.

Шәкәрімнің сауалына үн қатқандардың ішінде «Адамға тіршілік не үшін керек?» деген мақаласын жариялаған Міржақып Дулатов болды.

«Адамзатқа тіршіліктің не үшін керегі бар деп білу керек деген сауалына әр заманда түрлі халықтың данышпан адамдары өз ойларыныша түрліше жауап береді: «Құдайға құлшылық қылып, құдай жолын қуып, нәпсіні біржолата тыю керек, осыдан басқаға ғұмырды өткізбесе, сонда адамның жаны тыныш тауып, тәні мұңлықтан құтылады» деп бір тараптары айтты, басқалары айтты: «жақынға, тағы туысқанға, барша жан-жануарға жақсылық қылу керек, міне, адамға тіршілік бұл үшін керек» деп.

Әлбетте адамға жан беріліп, дүние жүзінде жүруге ғұмыр берілген соң, ол ғұмыр жеп-ішіп, ұйықтап тұруға ғана болмауға керек, ол үшін ғана болған уақытында адам менен хайуан арасында ешбір айырма (парқ) болмайды.

Адамға ойларға ақыл берілді, бір-бірімен сөйлесуге тіл берілді, олай болған соң адамзатқа тіршілік бекерге, босқа ғұмырды зая қылып өткізуге берген болмайды.

Не үшін бізге тіршілік керек деп білеміз?

Бұл турада қазақтың бұрынғы заманындағы қариялары, ойшыларының айтып кеткен сөздерінің ішінде жауап табыла ма деп ойлаймын. Бұрынғыдан қалған сөздердің мағынасы көп, ойлары терең болушы еді, бұрынғылар: «жақсылықты басыңа қыл, басыңнан асса досыңа қыл» деген екен. Осы сөзден Шәкәрім мырзаның жоғарыдағы сөзіне жауап табылады десек, қате болмас дейміз».

Шәкәрім бұл мәселені кең етіп қойды. «Тіршілік – жоғалатын жан сипаты» деп қарады.

Оның идеализм мен материализмнің қай түріне бүйрегін бұрғаны оншалық маңызды емес, мәселе жіктеуде ме? Маңыздысы – оның ақын ретіндегі пайымдауы. Тіршілік жанға тәуелді екеніне имандай сенді, жан тәнді тастап шыққанда өмір де тоқтайды.

«Жан тән жасар, тән жанды жарата алмас», – дейді Шәкәрім кейіннен жазған «Мен адамның таппаймын өнерлісін...»

деген философиялық өлеңінде. Ақынның міндеті – адам жанының жарасымын сақтау. Ақын өмір мәнін іздейді, бірақ оны табудан қорқады. Абсолютті дұрыс шешім ұсынбай, өзі жасаған бейнелердің айналасында қалуға тырысады.

Логика тілі – ғылымға, символдар тілі поэзияға жатады. Шәкәрім екеуін де меңгерді, ал олардың шиеленісінен қорықты. Сондықтан «өмір мәні неде» деген сауалдың жүгін оқырманға артқысы келді.

Бірақ жауабын өзі білген сияқты.

«Хайуан мен ақымақтар» («Қазақ айнасы») өлеңінде жазғанын еске түсірейік:

Несін сүй, несін сүйме, ерік өзінде,
Нәпсің де, ақылың да тұр көзінде.
Сынау үшін жаратқан бір Иең бар,
Тексерілмей қалмайсың бір кезінде.

Тағы да Құдай, Жаратушы жайлы және бұл ақиқатқа жақын.

Егер адамды жерге Құдай жіберсе, онда пешенесіне белгіленіп қойған жазмыш болуға тиіс. Ал егер өмірдегінің бәрі алдын ала жазылып қойса, сөз қылудың не қажеті бар, сауалды не үшін береміз? Олай болса, Шәкәрімнің «Адамға тіршіліктің ең керегі не үшін?» деген сауалы да Аллаға берілуі тиіс. Сонда сананың тереңінен Алланың уәхиі (жолдауы) ретінде жауап шығады: өмірдің жұмбағы – мәңгілік деп аталатын басқа жұмбақтың бөлігі.

Бұл Шәкәрімнің сауалына берілген ең жұбанарлық жауап болар еді.

Оның үшінші сұрағы діни сенімдегі адам байқатуға тиіс емес күдікті көлегейлейді.

Өлген соң бізді рахат немесе бейнет күтіп тұрғанына сенесіз бе? – деп сұрайды ақын, ал, шындығында, жұмақта адамдарға тәтті өмір болады деп уәде беретін молдаларды сынап отыр. Мысалы:

«Бейісте бар сұлу жар,
Мінсіз таза хор қыздар,
Рахат берер бал кәусар»,–
Дейді біздің молдалар.

От емес қой дозақ та,
Дүние ісі жоқ о жақта,
Барамыз ғой қонаққа,
Сонда анықтап байқалар.

Жалықпас, бітпес рахат бар,
Азабы оттан қиын, тар,
Нәпсіге ерген молдалар,
Қыз құшуға тым құмар.

Негізінде, Шәкәрімді «жұмаққа немесе тозаққа барамыз ба» деген мәселе толғандырған жоқ. Оны «өлімнен соң өмір бар ма» деген сұрақ ойландырды.

Тумақ, өлмек – тағдырдың шын қазасы,
Ортасы – өмір, жоқтық қой екі басы.
Сағымдай екі жоқтық арасында
Тіршілік деп аталар біраз жасы.

Бұл – жиырмасыншы жылдары жазылған өлеңнен үзінді.

Ол күпірлік атағынан сақтанып «О дүниеде өмір бар ма? Өлімнен соң өмір бар ма? Бар болса, ол қандай?» деген сауалдар туралы өмір бойы ойланды.

Мен кетермін, сөз қалар,
Ақ қағазға басылып.
Бозбалалар қолға алар,
Әр ауылға шашылып.

Оқырсың да қолға алып,
Сөздің мәнін табарсың.
Өз сөзіңе оң салып,
Дауды жүндей сабарсың.

Дегенмен күмәнданды. Қай өмірдің – біз сүріп жүрген өмірдің бе, әлде көкте күтіп отырған өмірдің бе – ақиқат екенін түсінбегендей. Күмән таным негізінде жатыр. Ал көне замандағылар болса мәңгілік оралып тұру жайлы ой тастап санады ұялтады.

Платон ғасырлар аяқталғанда әлемдік тарих қайталанады, тағы сол адамдар туады, сол тағдырын қайталайды және өзі дүниеге қайта келіп Афиныда, сол аудиторияда, өз ілімін баяндап тұрамын деп есептеді.

Тек Сократ қана мәселелерді таңданарлықтай жеңіл жолмен шеше білді. Афины сотының үкімі бойынша у ішер алдында, «Федонда» әңгімелесіп тұрғандарға ол: «Менің пікірімше, өмірін шынымен философияға арнаған адамның өлім алдында өзін қабір астында ұлы игіліктерге ие боламын деп қалайша барынша үміттенетінін, барынша сергек сезінетінін тыныштық алатынын түсіндіргім келеді. Философияға шын берілгендер негізінде тек бір нәрсемен ғана – жан тапсыру және өліммен ғана айналысады... Біліңдер және есте сақтаңдар, мен табандылықпен дәлелдей алмасам да, ізгі ниетті адамдарға келемін деп үміттенемін. Ең ізгі Құдай алдында ешқандай ауытқымай, жалтақтамай жауап беретінімді айта аламын. Сондықтан менің еш наразылығым жоқ, керісінше, өлім алдындағыларды әлдебір болашақ күтіп тұр және көне тарихта айтылғандай, өлім ақымақтарға емес, тек таңдаулы адамдарға жақсы деген үміттемін», – деген еді.

Шәкәрім өзінің логикалық ой шабытын басып, өлімнен кейін өмір бар дегенге сенуді дұрыс көрді. Қателесетінін анық түсіне отырып, жанның қайтып оралатыны жайлы ілімге оңай берілді.

Оны Шопенгауэрдің «Мир как воля и представление» кітабындағы: «Еріктің көріну, яғни өмірдің не шындықтың формасына болашақ та, өткен заман да емес, қазіргі кезең қызмет етеді: соңғысы тек түсінікте, тек таным байланысында көрінеді. Өткен кезеңде бір адам да өмір сүрмеді, болашақта да ешқашан ешбірі өмір сүрмейді. Тек қазіргі кез – бар өмірдің формасы, бірақ ол ешқашан күшпен тартып алуға болмайтын баянды игілік», – деген үзінді қатты назаландырды.

Идея жаңа емес еді. Бастамашысы – стоиктер. Марк Аврелий әдемі айтқан: «үш мың жыл, тіпті отыз мың жыл өмір сүрсең де адам тірі жүрген кезіндегідей ешбір өмірде жоғалтпайды; жоғалтқаны үшін өмір сүрмейді... Барлығы ғасырдан ғасырға біркелкі айналады, жүз жыл ма, екі жүз жыл ма немесе мәңгілік айнала ма – бәрібір».

Шәкәрім Оскар Уайльдтің қай адамда болмасын оның әрбір қас қағым сәтіне барлық өткені мен болашағы түйінделеді деген ойын дұрыс көрер ме еді, қалай... Бірақ ол идеалистердің дәлелдерін қабылдай алмады. Өзінің тарихи еңбектерін де жоққа шығара алмады. Қазақ тарихын шексіз уақытты анық сезіне отырып жазды емес пе. Тек өмір сүру әрбір қас қағым сәттің өтуінен басқа ештеңе емес дегеніміз сәттердің арасында байланыс жоқ, яғни тарих жоқ деген сөз емес пе. Бұл дұрыс емес деген шешімге келді Шәкәрім. Өмір, идеалистер ойлағандай, қиялдағыдай бір сәттік емес. Өткен уақыт сарқылмайды, ал болашақ мәңгі. Яғни өлімнен кейін де өмір бар! Жердегі өмір қайталанбайтыны өкінішті, бір кезде мәңгілікке жүрек соғуын тоқтатады. Бұл жаман, бірақ қолдан келер қайран жоқ.

Поэзия – ғылыми емес, тәңіри құбылыс. Ақынның міндеті – өткен мен болашақтың сикырлы сәттерін түйістіру, нағыз қас-қағым сәттің өзінен тұрақтылық табуды мәңгі аңсап келе жатқан адам жанына азық беру.

Шәкәрімнің төртінші сауалы – «Ең жақсы адам не қылған кісі?», яғни, жақсы, мінсіз адам қандай болады?

«Адамнан артық жәндік жаралмаған...» өлеңінде ақын мұның кейбір белгілеріне тоқталады:

Мейірім, ынсап, ақ пейіл, адал еңбек –
Бұл төртеуін кім қылса, шын адам сол.

Бірақ шын өмірдегі адамдар, қоршаған болмыс жайлы Шәкәрімнің пікірі басқа:

Көрсеқызар, жалмауыз, бәрі алдағыш,
Көп адамның қылығын барлағанда.

Бұл «Адам немене?» өлеңінен үзінді. Ақын адамдардың өзара қарама-қарсы қатынасын толық зерттеп көрсеткен:

Өнерпаз, білімді елдің мінезі осы –
Аяу, жәрдем, махаббат қалмаған ба?
Немесе бұлар бұрын жоқ болса да,
Әншейін бар деп бізді алдаған ба?

Көрінер ғылымды елдің сырты таза,
Тексеріп терең ойға салмағанда.
Ақымақ пен айуанның иісі аңқиды,
Істерін әбден сынап талдағанда.

Кей-кейде: «Түзелейік, кел»,– деседі,
Кешікпей соғыс ашып, белдеседі.
Айласы артық, қаруы сайлы жеңіп,
Мақтанып: «Бар ма біздей ел?» – деседі.

Тамам жан өзін-өзі «мен» деседі,
Өзгелерді жатырқап «сен» деседі.
«Біз» дейтұғын бір елді таба алмайсың,
Бұл қайтіп әділетпен тендеседі?

Европа білімді жұрт осы күнде,
Шыққан жоқ айуандықтан о да мүлде.

1915 жылы жазылған өлең миллиондарды құрбан еткен Бірінші дүниежүзілік соғыстан алған ауыр әсерді бейнелейді. Сонысына қарамастан жалпы баға жеке ілтипатқа лайық.

Жеке адамның жамандығынан бастаған Шәкәрім адамзат әлемінің жамандығына күйінумен аяқтайды: адамзат әлі де өзінің көне, айуандық табиғатына тұншығып жатыр.

Мұндай әлем адамгершілікті айықтыру жолына бағдар беретін мұратқа зәру. Бірақ ол қандай болуы керек?

Дін тұрпатынан жауап табуға тырысуға болады. Бірақ мұнда да қиындықтар бар. Діни тұрғыдан алғанда, мінсіз адам нағыз мұсылман болуы керек. Бірақ бұл жеткіліксіз болуы мүмкін. Шәкәрімнің ақындық жаны сенім жайлы пайымдағанда күдікке толы болғанмен, талдауға келгенде әділ болып шығады. Әлемде дін көп, бірақ олардың ешқайсысының бір-бірінен даусыз артықшылығы жоқ деп жазды Дін туралы бір өлеңінде:

Бұл кездегі діндердің бәрі – нашар,
Ешбірі түзу емес көңіл ашар.
Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,
Тексерсең, ойың түгіл жаның сасар.

Дегенмен, дін зұлматын белгілей отырып, ол құтылу жолын да білді. Шәкәрімнің ойынша, діни адам «тіпті есікке жалбарынса да», өзінің жәбірлеуге жол бермейтін сеніміне адал болса екен дейді:

Әлемдегі діндердің түп мақсұты
Үш нәрседе бұлжымай құшақтасар:
Құдай – бір, ұждан – дұрыс, қиямет – шын,
Еш діннің мақсұты жоқ мұнан асар.

Ақынның діннің бәрі ізденіс пен өзін-өзі таныту жолында деуі орынды. Бұл ізденіс пен таным да, кемелдік жолының шексіздігі сияқты, шексіз. Дін жолындағы адам да таза жүрекпен Құдайды түсініп, үнемі жетілуге тырысуы керек. Бұл жолда адасқандарға кешірім етіледі, бірақ кей жағдайларда ол құштарлығын басып, нәпсісін тыйып, сабырлы болуы керек. Осындай дін жолындағы, ізгі ниетті, таза жүректі адам Шәкәрімнің «Айқап» журналы арқылы білгісі келген «жақсы адамына» ұқсайды.

Ойшыл адам, Шәкәрім, кейбір жасандылықты сезініп, тек үндеу арқылы адамдарды белгілі бір мұратқа ұмтылуға мәжбүрлеуге болмайтынын түсінді. Яғни, бір ғана жол бар – ол жолдан өзі өту. Жүректі тазалап, Құдайды тану керек. Кемелдікке қол жеткізіп, мұратқа ұмтылу қажет. Сонда ғана басқа адамдар да белгілі бір мұраттарға ұмтылып, таза сенімге келеді.

Міне, сондықтан да Шәкәрім, егер оның өзінен мұратың не деп сұраса, Алланы ойлар еді. Ақынды әлемді бақытты қылу мақсатында адасқан ізгі ниеттің адамдар арасындағы өкілі деп атар еді. Абайды еске алар еді. Бәрібір Алла туралы ойлар еді.

Себебі Абайдың отыз сегізінші сөзі есінде:

«Алла тағала өзі – хақиқат, растықтың жолы. Қиянат – хақиқат пен растықтың дұшпаны. Дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда, хақлықты таппайды. Адамның ғылымы, білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білмекке ынтықтықпенен табылады. Ол – алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол алланың өзіне ғашықтық. Ғылым – алланың бір сипаты,

ол – хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, гиззат-құрмет таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды».

Соңғы бесінші сауал да Құдайға қарай жол тартуға, саналы әрекеттерге шақырады. «Заман өткен сайын адамдардың адамшылығы түзеліп бара ма, бұзылып бара жатыр ма?» – деп сұрайды Шәкәрім. Соңында қайсысы жеңетіні жеке бас, әлеуметтік, отбасылық, материалдық, рухани т.с.с. көптеген жағдайларға байланысты. Нәтижесінде адамдар әлемнің ақ-қарасын ажырататын болады.

Өмірде рухани жұтанданудың да, жақсы қасиетін көрсетудің де мысалдарын табуға болады. Әрине, жақсы нәрселерге тырысу керек. Бірақ адамдарды толықтай жаман қылықтардан арылту мүмкін емес.

Мұның себебі адамның табиғатында жатыр. Оның өзі рухани құндылықтардың абсолютті мәні бар екеніне сенімді болды. Бірақ адамшылықтың құлдырауына мазасынданды. Қазақ қоғамындағы XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басында адамдардың жеңіл табыс қуып жақсы қасиеттерінің жойылып бара жатқанынан қорқытты.

Әдепкі өмір салтын қиратып апатты өзгерістің келе жатқанын алдын ала сезуі Шәкәрімді адамның адамшылығы мәселесімен айналысуға мәжбүр етті. Зорлық-зомбылық әділдік дәрежесіне көтерілді. Егер осылай жалғаса берсе, адамның адамшылығынан не қалады?

Міне, сондықтан да ол бұл сауалды сол адамгершілік бағытта: адам өзінің жақсы қасиеттерін дамытуы және өзін жетілдіруге тырысуы керек деп – тұжырымдады. Сонымен бірге адам өзінің адамдық мәнін жоғалтпауы керек.

Бірақ мұны жерлестері түсіне ме? Арам ниеттерін тоқтата ала ма? Бірден ақиқат жолына бара ала ма?

Бұған Шәкәрімнің үлкен күмәні бар. Ол өзін-өзі құрбан қылмай, бір қалыпты өмір салтын бұзбай ешқандай да биікке шығып, кеңшілікте құлашын жаза алмайтынын жақсы түсінді.

Бір жағынан, ол өлеңдерінде ұдайы сабырлылыққа шақырды. Адамдарды құмарлығын тоқтатып, нәпсісін тыюға шақырды. Яғни,

руханилық, Құдай жолы үшін өз пайдасынан бас тартуға шақырды. Бірақ мұның ағайындарының үйреншікті өмір салты жағдайында іске асуы мүмкін емес еді. Демек, тақуалық, сопылық қажет сияқты.

Екінші жағынан, шығармашылық рухы оның өзін тақуалыққа болмаса да, пендешіліктен аулақтатуға мәжбүр етті. Ұлы өнер шығармаларын тудыру үшін ескішіл ортадан аулақ болып, барлық үйреншікті, күнделікті істі тастау керек!

Кең байтақ даланың өзі дара, саяқ өмірге шақырғандай. Шәкәрімге дейін Шыңғыстауда тазалану, қайта түлеу, сауығу мақсатында рухани оңашалану тәжірибесі болған емес. Мүмкін, ислам да, көне түркілік Тәңірге сену де монастырь салуды қаламағанынан болар. Мүмкін, көшпелілердің өмірінің өзі де кең даланың кеңістігінде кезіп жүрген сопылық өмірге ұқсауынан болар.

Асыл парызы Шәкәрімді Құдайға, ақиқатқа, жалғыздыққа тартты. Бірақ мәңгілікке апарар жалғыз жолға өзі аса құрметтей қоймайтын Шопенгауэр итермелеген сияқты. Оның «Новая философия» деп аталатын орыс тіліндегі кітабынан үзінділерді соңғы жылдарының аяғына дейін оқыды. «Адам – еріктің жетілгенін көрсетуші, – деді Шопенгауэр. – Адамға ерік толық өзіндік санасына, анық және аяқталған білімімен толық әлемде бейнеленетін өзінің мәні арқылы жетеді. Егер мұндай таным дәрежесі шындыққа берілсе, онда өнер туындайды».

Туралығы мен батылдығына салып Шәкәрім 1912 жылы туыстарына Шыңғыстаудағы жайлауда үй тұрғызып, сонда жалғыз өзі, адамдардан оңаша, өмірін шығармашылыққа арнап, қыста да, жазда да тұратынын айтты. Бұл туыстарын қатты үрейлендірді: үйдегілер онсыз да оған оқып, жазу үшін барлық жағдайды жасап қойса да, неге үй-күйін тастап айдалаға бармақшы?

Мұнысын, үйіндегілер онсыз да қорқып отырған соң, бажайлап түсіндіріп жатпады: арасында ауылға келіп тұратынын; ешқайда да қашып бара жатпағанын айтты; дала жұрттың бәріне ортақ үй екенін айтты; ал шалғайдағы мекенде оңашалануы өзінің діни сенімін шыңдауға байланысты деді. Бұл сенім жайлы айтқан соң, үйіндегілер біраз тынышталып қалды.

Есейіп қалған ұлдары Суфиян, Ғафур, Қабыштар ойлана келе, егер мұсылмандық сенімге оңтайлы болса, қажының оңашада

ақиқат жолына жетуіне қарсы болмау керек деп шешті. Балалары әрдайым әкесін қолдап отырды, оның діни даналығына сеніп, оған ұқсағылары келді.

Қалған туыстарымен – көптеген бауырлары, қарындастары мен жиендерімен – мәмілеге келуі қиынырақ болды. Бұрын мұндайды естіп-көрмеген олар көп айыптады. Туыстарының оның болмысының жаңа үлгісіне үйренгенше көп жыл қажет еді. Алайда кейін өздері де мұның қасиетін құрметтей бастады.

Ахат әкесінің алты жылға созылған сопылығын қысқаша былай сипаттайды: *«1912 жылдың жазында «Кеңқоныс» деген жайлауынан қора салдырып, қыста қыстап барып, сонда жататын болды. Қар қатқанша қасында бір қағушысы, бір бақыршысы болды. Қар қатып, аңға шығудан қалған кезде, қағушыны қайтарып, бақыршы екеуі ғана қалып, өзі кітап оқып, жазу жазумен шұғылданатын болды».*

Ақынның қазақ даласы бұрын көріп-білмеген сопылықты ұстанып жатсынуы осылай басталды. Кішкентайынан бірге өскен досы Әуіпшіті аспазшы етіп, қасына серік қылып алды.

ТӨРТІНШІ БӨЛІМ

БАЗ КЕШУ БАЯНЫ

Оқшау ойшыл: мәні мен мақсаты

Туыстары Шәкәрімнің аңсары тез қайтып, жақында ауылға қайтып келер деп үміттенді. Бірақ Бақанас көліне жақын жердегі Кеңқонысқа саяқтануы олар ойлағаннан маңыздырақ болып шықты.

Ақынның көпжылдық шығармашылық жағдайына үйренген, жаңа өлеңдері мен поэмаларын зейін қойып қабылдаған үй іші оның өмірінің тәртібіне айналған шығармашылық қарекеті осылайша жалғаса берер деген оймен оңаша кеткеніне көндіккен. Шамасы, Шәкәрімнің мәңгілікпен мәмілелесіп отбасына қарауды қойған кезінде пайдаланар сәтті жіберіп алғанға ұқсайды. Ақын бұл әрекетке бірден қойып кеткен жоқ еді, өзін-өзі жетілдіру ілімімен айналысқан соңғы он жарым жыл бойы осыған дайындалған.

Арманшылдық кемелдену идеясына деген сүйіспеншілігін күшейте түсті. Тіпті, әлденені қиялдап сезімге берілген кездерінде де ақын қалың ойдан қарапайым және таза ой, жетілу идеясы дараланып шыға келетін. Бұл ой, негізінен, Лев Толстойдың шығармаларымен жақын танысқаннан кейін келді. Бұл идея үшін қажет болса өмірін де құрбан етуге болар еді. Бұл идея үшін ғана өмір сүруге болады.

Осылайша қайта туудан кейін Шәкәрімді жас кезіндегідей ешқандай байлық та қызықтырмады. Меккеге қажылыққа барып келгеннен кейін өзінің бұл өмірдегі орны жайлы бұрынғыдан тіпті өзгеше ойлай бастады. Ол енді өмірге көптің көзімен қарай алмады. Көңілінде пенделік тоғышарлық мақсаттарға немқұрайдылық пайда болды. Тек ақиқат жолында төселуге тиісті жападан-жалғыздыққа түзу туралы ғана ойлады.

Мұхамбет пайғамбар, Будда, Абай туралы ойлағанда, олардың ұлылығы таланты мен адамдық ерекшелігінде емес, адам төзбеске

жан-тәнімен берілуінде, өмірден алар аз ғана еншіні қанағат тұтып, өз қайғысы мен мұқтаждықтарын керек қылмауларында екенін ұғына түсті.

Абай кедей болған жоқ, бірақ өз жақындарының ортасында құла далада қалғандай жалғыз еді. Қазақтарды надандық зұлматына қарсы шығуға үндеп, айналасынан оң пікір естімей, өзін қайыр сұраған кедейдей сезінді, «Жарлы емеспін, зарлымын» деді.

Мұндай жалғыздықтан шығар жалғыз жол өзімен-өзі тұйықталып өмірін тарылтпау үшін, өмір өрісін кеңейту үшін бүкіл әлемді жанына тарту еді. Будда осы жолмен жүрді, Толстой да осы жолмен жүргісі келді, бірақ үлгермеді. Алайда ғарышқа баруға батылы жетсе, әрбір ұлы адам бұл жолға ешбір есепсіз-ақ түсіп отырған.

Міне, енді Шәкәрім де адам болудың ұзақ жолына, ақиқат жолына аяқ басты.

Жалғыздық жолына түсуіне әйелі мен балаларынан безудің, кәріліктен алжасудың, өлім іздеудің еш қатысы жоқ екенін жала жабушыларына Шәкәрім түсіндіріп береді. Бұған Толстойдың қарапайымдылық уағызы мен күнделікті өмірді жаны жаратпауы себеп болды. Өзінің қалған өмірін өзгерткісі келіп «қысқа» да мәңгілік өмірді – Ақиқат деген өмірді аңсауы себеп болды:

Кейбіреу безді дейді қатынынан
Туысқан, бауыр, бала, жақынынан.
Қаңғырып Толстойша өлер дейді,
Шатасып қартайған соң ақылынан.

Мен болсам Толстойдай, арманым жоқ,
Шатасып ақылымнан қалғаным жоқ.
Сырымды білетұғын сендер емес,
Өлейін деп елсізге барғаным жоқ.

Шәкәрім өзінің пешенесіне көпшілік алдында сөз айту немесе депутат болу емес, жалғыздық кешкен шығармашылдық жазылғанын баяғыда түсінген.

Толстойдың шығармашылығымен қуаттанып, жаңа білімді игеріп алған соң Шәкәрім Толстойдың, Будданың, Абайдың жолымен тек ұлы шығармалар ғана емес, философиялық жүйе де

жасағысы келді. Жан-тәнімен беріліп, қайғы мен мұқтаждыққа төзу керек екенін білді. Ол бұған дайын да еді. Кеңқоныстағы тұрмысын жөндеп алып, философиялық жұмыстарды оқу мен жазуға кірісіп кетті. Бұл жаңа шығармашылық кезеңнің басталуы еді.

Саяқ та тақуа кезінде өзін сергек сезінді. Алғашқы уақытта еркіндіктен қуат алып, өлең жазды:

Жапанда жалғыз жаттым елден безіп,
Жалықсам, аң қараймын тауды кезіп.
Оңашада жатқанды ұнатамын,
Елімді ел қылмасын ерте сезіп.
Жауға қатын, жақынға жалмауыздар
Жалықпай көк малтасын жүрсін езіп.

Көріп отырғанымыздай, басқа дәуірлерде де өзгермеген даулы пікірлерге де («Елімді ел қылмасын ерте сезіп») жол береді.

Өзінің елден безінуі Лев Толстойдың арманын іске асырғандығы екенін мақтан тұтты. Оңашада барға қанағат қылып, үйінен азық-түлік те алдырмады. Аңшылық құрып күн көрді. Бірнеше қойы болды, кейінірек түйе асырады. Абайға жат тақуалық өмір қатал да болған жоқ. Рухани жетілу жолындағы қатаң ұстамдылық пен толық бойсұнуды түсінген тариқат жайлы пікір білдіре отырып, Абай өзінің отыз сегізінше сөзінде былай дейді:

«Басына һәм бір өзіне өзгешелік бермек – адам ұлын бір бұзатын іс. Әрбір наданның бір тариқатқа кірдік деп жүргені біз бұзылдық дегеніменен бір болады... Хакім, ғалым асылда бір сөз, бірақ Ғарафта басқалар дүр. Дүниеде ғылым заһири бар, олар айтылмыштарды жазылмыштар, оны нақлия деп те айтады. Бұл нақлияға жүйріктер ғалым атанады. Құдай тәбәрака уа тағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп тәффаккару фи ала-иллаһи деген хадиске бинаән бұл сұнғати құдадан ізерлеп, құмар болып гибратланушыларға тыю жоқ, бәлки, сұнғатынан себебін білмекке құмарлықтан саниғ ғашықтық шығады».

Шәкәрім «Қадірлі адам тамаққа тоюды, үйден қолайлылықты іздемейді. Ол істе ынталы, сөзде байсалды» деген Конфуцийдің қолда бар нақыл сөзін өнеге етті.

Осылай болғанмен ағайындары мұның алаңдап қоюға мәжбүр етіп отырды, жыраққа кеткеннен соң олардың бұған деген ықыласы ерекше арта түсті десек болады. Қажының не ойлап жүргені, ол арқылы Құдайға жағар қандай іске септесуге болатынын жұрт білгісі келіп бақты. Оның үстіне, Шәкәрімдей ақ-адал беделі бар адамның дауға төрелік беруге көмегі қажет болды. Ауылдан кетсе болды, туыстары дауды дәл де әділ шешерлік адамның жетпей тұрғаны қатты білінетін, үнемі дауды сабырмен тоқтамға оңай келтіретін Шәкәрімдей адам жоқ еді. Сондықтан оның оңашалануында ада-күде безіну де болған жоқ. Арызданушылар да ақынға барып тұратын, кейде туыстары жиырма-отыз шақырым жерге кешкі асқа да баратын. Кейде күрмеуі қиын дау болса, ауылға шақыртып адам жіберетін.

Мұндайда Шәкәрім атын ерттеп, қанжығасына қоржынын байлап, қажет болса Абай сыйлаған винчестерін алып жолға шығатын. Атқа ол жасына қарамастан тіп-тік отыратын. Әуіп те бірге баратын. Олар жотаны бойлап Шәкәрімнің өзі ғана білетін төте жолмен жүретін, ауыл жыл маусымына қарай орын ауыстырып қай жерге көшіп барса да оған апарар төте жолды тек Шәкәрім ғана табатын.

«Мұтылғанның өмірінде» ақын «анакхорет» сияқты өмір сүргенін, далада мазардың күмбезіне ұқсас үй салғанын жазады. Оның жұрттан көңілі қалғаны соншалық, олардың өшпенділік пен көре алмаушылық үдеп тұрған, үлкен-кішісі партияға біріккен ортасында қала алмады.

Шәкәрімнің партиялық алауыздық туралы айтып отырғаны қалай? Тақуалық жолға орамсыздығынан партия жалғаншыларының соңынан ерген елмен сыйыспағандықтан емес, рухани және шығармашылық себептерге байланысты түссе, ақынның кімге ренжігендей жөні бар.

Оны «партияшылдарды» әшкерелейтін өлеңдерінің кейіпкерлерінен – зарарын жұқтырып отыратын, партияларды билейтін зымиян ағайындарынан – оңай тауып ала аламыз.

Ақынның әкімдерден, билерден айырмашылығы сол, ол «ел қайғысын» бөлісуге дайын тұрады. Бірақ билігі барлардың арамза кудың тілін үйреніп алғаны сонша, аңғал елді оп-оңай соңынан ертіп алады.

Ағайындарының арасындағы және руаралық тартыстан бойын аулақ салған Шәкәрім ағайынның адамшылық мінін сынағанынан кешірім күтпейтін күйінішпен мойындайды:

Бар сырын білем қолма-қол,
Осынымды сезеді ол.
Айналама қазып ор,
Қалдырмай отыр маған жол.

Ауылға аз уақытқа болсын келіп-кетіп жүруі ақынның көңіл күйіне қатты әсер етті де тақуалыққа баруының себептері жөніндегі бастапқы түсініктері күрт өзгеріп кетті. Шәкәрім енді өзінің кету себебі, алдымен, халықтың қайғысына байланысты деп ойлауға хақылы сияқты болып көрінді, өйткені ол енді байлардың, өзі әкім деп атаған билік иелері билер мен болыстардың, молдалар мен құшынаштардың кедейлердің хақысын жегенін көріп отыра бергісі келмеп еді.

Әрине, ол тақулық жолға рухани ізденістер үшін кеткеніне дау жоқ. Бірақ бұл енді екінші бір себеп болып қалды.

Өзі жайлы жалған пікірлер мен өсектерді көп естіген ақын Кеңқонысқа келген соң ызадан мынадай өлең жазды:

Кейбіреу безді дейді елден мені,
Есалаң айтады екен сезіп нені.
Хақиқатты танитын баста ми жоқ,
Ондайлардың сау емес анық дені.

Бірақ бұл тоғышар қоғамда халыққа барар да жол бар: ол – халықтың өзінде, ақынның сөзінде. Қанша жалғыз болса да, ол халыққа қарсы шықпайды, дүниеге жамандық әкелетіндерге қарсы шығады:

Көре алмас өзімшілдер пейілі тар,
Жуандық, зорлық, күншіл мақтаны бар.
Қасқырша жемтік жеуден тартынбайды,
Адамшылық бойында қалмаған ар.

Мен жалғыз, сендер елде қойдың қалып,
Ешкімнің кеткенім жоқ малын алып.
Елу бес жыл жинаған қазынамды
Оңашада қорытам ойға салып.

Зорлығын елге істеген басшылардың,
Алдаған арам молда, бақсылардың,
Жариялап, жайларын жайып жұртқа
Құлағына салмақпын жақсылардың.

Жалмаудан жалықпаған елді талап,
Нашарды момын менен күнде сабап.
Өсектеп мені елге жамандайды,
Көрмейді арсыз қылығын өзі санап.

Көрген соң ел жарасын анық сезіп,
Андайын айдалаға кеттім кезіп,
Ел емес, елге істеген қылығынан
Қашқамын, шынымды айтсам, сонан безіп

Тақуа ақынның бейнесі бұл жерде романтикалық сипатта, бірақ өзіне «қауқиған», «қажыған, қартайған» сипат берген:

Еті кетіп, қауқиған сүйегім бар,
Жай таппай жанып жүрген жүрегім бар.
Жайнаған таза жүрек, талапты жас,
Ұғар деген сөзімді тілегім бар.

Жастарым, жайым осы, мақтаным жоқ,
Ел жеген әкімдерді ақтарым жоқ.
Өлгенімше жазумен еңбек етем,
Қажыдым, қартайдым деп жатқаным жоқ.

«Жанып жүрген жүрегі бар» Шәкәрім бейнесі «ел жеген әкімдерге» қарсы, бірақ «таза жүрек» жастарға мейірлі. Оның пайдакүнемдік және атаққұмарлық ойдан аулақ көзқарасы – өмір шындығына жол табатын мүмкіндік.

Тақуалық болмыстың көрінісін салу оңай емес. Оны анық суреті Шәкәрімде де, Тобықтының жылнамашыларында да жоқ. Сондықтан таудың арасындағы оңаша алқапты, сыртында қасқыр

мен түлкіге тосқауыл болуы екіталай қоршауы бар жалғыз қораны елестетуге болады. Саман кірпіштен соғылған кішкене үй. Жапсыра салынған ат қорасы бар.

Аман қалу үшін емес, табиғатпен оңаша қалған өз болмысының өмірбаянына арқауына рухани ұстаздарының діни-философиялық ізденістерін қосу үшін Шәкәрімге қандай күш-жігер керек болғанын бағамдауға болады. Ондай күш-жігер болды да.

Басқа балаларынан гөрі әкесіне жиі келіп тұрған Ахат Шәкәрімұлы былайша куәлік етеді:

«Мен бертін келе сол кезде әкейдей табиғатты зерттеп, бақылаған қазақ баласын білмеймін, сондықтан кейбір ісіне таңданатынымын. Адам, айуаннан бастап, өлі табиғатқа дейін зерттеп, байқап жүрген адам десем, бекер болмас. Жәндік заттарды зерттеуін былай қойғанда, мынадай көрген істерімді айтайын. Бертін келген бір кезде сиясы болмай қалып, әкей қолдан сия жасап, жазуды жазғанын көрдім. «Түйеқарын» деп аталатын тікені бар өсімдікті түйіп қайнатып, қойылтып, ашудас қосып, сия жасады. Кейінгі жазуларын сол көк сиямен жазды.

Шақпақтың бауырында жерден шығып жатқан қара көк, сарғыш түсті қою ми батпақ, бір сайдан қайнап жатады. Терең, екі құрық бойы жетпейді. Жазда ең түбі мұз болады. Қыста мұздың беті жарылып, тұтас қатады.

Осыған бұрын қотыр болған малды тоғытып, қотыр болған адамдарды салады. Содан қотыр жазылады. Әкем осының қою батпағын кептіріп, отқа жағып, анық күкірт барын тапқан.

«Бауырда біздің «Жолболды» деген қоныс пен «Ескі там» қонысының арасында, «Боз биіктің» обасындағы обаның тасында магнит бар» деді. Астында темір запасы болу керек деп жобалаған.

Мен: «Оны қалай байқадыңыз?» – дегенімде, «Көшті тосып, сол биіктің басына шығып, обада отырдым. Оба соққан тастарды байқап отырсам, бір тастың сыртқы қабыршағы темірдің қыздырғанда пайда болатын қабыршағына ұқсайды. Сағатымдағы қыбыланаманы сол тасқа жақындатқанымда, стрелкасы тасқа қарай айналып кетті, ал тастан аулақ әкетсем, стрелка қайта орнына келеді. Бірақ ондай қасиет басқа таста жоқ, темір тереңде болу керек», – деді.

Қазақ кереге, уық, шаңырақты жосамен бояйды. Шақпақта «Жосалы биік» деген биік бар. Содан жоса алады. Әкей бір күні үйдің ағашын жасатып, соны жосалауға Әупіш деген жолдасын алып, сол Жосалыға кетіп, кешке бір-ақ келді. «Неге кешіктіңіз?» – дегенде, «Ел бетінде жатқан жосана алады. Оған желдің, жауынның, күннің әсері тиіп, маңызы кетеді. Сондықтан мен қаздырып, жосаны тереңнен алдырдым», – деді. Айтқандай, жер астынан алынған жосаның түсі де, ағашқа жұғуы да басқаша болып шықты.

Сондайларды әкем әмәнда байқап, зерттеп жүретін болған.

Менің шахматымның кейбір фигуралары жосалып, кеміп қалды. Әкей мені ертіп, жайлаудағы «Буратиген» деген биікке әкеп, бір жерді қаздырды, астынан қыш тастың екі түрі табылды, бірі – күрең, бірі – ақ сұр. Содан мен шахматтың фигураларын, тоғызқұмалақ тастарын жасадым. Қыста жонуға, өңдеуге оңай болады. Әкемнің мұндайларын жазғаным – бұл адамның дүние зерттеуге, әр нәрсенің қасиеттерін білуге талаптығын білсін дедім. Ал, айуан. өсімдіктерді зерттеу, байқауында қызықты болжамдары бар».

Елу алты жасында Шәкәрімнің денсаулығы мықты болды, тақуалықпен өмір сүрсе де, таңертең дене шынықтыру қимылдарын жасауды әдетке айналдырды. Күндіз жатып демалу я ұйықтау дегенді білмеді, жазу жұмысы жүрмесе, демалғаннан гөрі үй шаруасымен айналысуды жөн көрді. Кешке қарай қолына домбырасын алып Әупішке жаңа туған өлендерін айтып беретін.

Ол өлеңге ән жазып қана қоймай, ән-күй туралы да жазған, мұндай өлендердің тұтас топтамасы да бар.

Пішіні жағынан тосындау, мазмұны өнер үйренуге, мәнісі танымға жетелейтін терең өлең «Ойдан шығарылған бар түрлі әндерім» деген атпен шыққан:

Үйрен,
Білсең әннің мәндерін.
Дәл толқындарын толғап,
Бұлжытпай,
Келтір кемеліне сәндерін.

Ән менен күйдің тілі – үн,
Ұқпасаң оны, саған мін.
Жасыңнан талаптан білуге сырын,
Жете ұғып алған соң,
Жарасады әнге коссаң жырын.

Әсем әннен ғажап
Ләззатты үн шығар.
Ойы сергек оны жан ұғар
Бар сезіміңді билер
Ән-күйге,
Жастар,
Тілімді ал,
Бол құмар.

Үн сырын сезер адам аз,
Айғайға құры болар мәз.
Ұқпайды тас құлақ
Ән мен күй мәнін.
Сезер ме еді,
Оларға салып берсе Сиреннің әнін?

Гомер ән сиқырын көрсеткен Сиреннен,
Қиялдаған оймен тереңнен.
Ол әннің жайын ашып берумен
Күткен сондай әнді өреннен.

Шығардым әндер жаңалап,
Саларсың сынға саралап,
Жараса, ойладым,
Әншілер салсын деп.
Белгі болып бір мұра,
Кейінгіге әнімнен де қалсын деп.

Ән жайлы осы өлеңге Шәкәрім музыка да жазған. Ағайындарын автордың білгірлігі тәнті етті, – мәтіннен байқалып тұрғандай, автордың өздеріне бейтаныс Гомер шығармаларымен таныс болғандығының әсері де болар.

Шындығында, Шәкәрім тек Гомерді ғана оқып қойған жоқ, орыс жазушылары мен Шығыс ақындарын былай қойғанда,

Аристотельді, Платонды, Сократты, Ибн Синаны, Ұлықбекті, Шопенгауэрді, Кантты, Байронды оқыған. Философтар мен акындардың еңбектерін жанынан тастамайтын, Кеңқонысқа да алып келген, күнде кешке қарай бір уақытын соларға бөлетін.

Солардың септігімен әлемдік діндерді терең зерттеді. Ол бұрын да олардың қағидаларын салғастырып-салыстырып отыратын. Ортақтығын тауып, айырмашылығын іздейтін.

«Мұтылғанның өмірінде» сопы-тақуалық жайлы былай дейді:

Ноқтасыз оймен тексердім,
Бояулы діннен сескендім.
Дін шатағын көп көрдім,
Қатесін сынап тергенде.

Ақылмен нанбай иман жоқ,
Ойлаудан ақыл тыйған жоқ.
Талай дінді тексердім,
Ешбірі миға сыйған жоқ.

Тамам діннің түбі бір,
Боянған, бұзған салып тұр.
Діншілдің көбі адас жүр,
Бір орынға жиған жоқ.

Ақынның діндерді салыстыруға арнаған өлеңдері көп. Ол жылдары сыншылдық ыңғай басым болды: ақын, конфессияларды былай қойғанда, әлемдік діндердің бәрінен де міндетті түрде кемшілік тапты. Бір мысал:

Бұл кездегі діндердің бәрі – нашар,
Ешбірі түзу емес көңіл ашар.
Өңкей алдау, жалғанды дінім дейді,
Тексерсең, ойың түгіл жаның сасар.

Діндердің біріктіргіш күші туралы тақырыпқа соғыс тақырыбын да енгізеді ақын:

Дін адамды бір бауыр қылмақ еді,
Оны бөліп, дұспандық қару жасар.
Инжіл, Құран – бәрі айтып тұрса-дағы,
Мағынасынан адасып қара басар.

Шәкәрімнің «Бұл кездегі діндердің бәрі нашар» деп үзілді-кесілді айтқан пікірінің себебі, осы тұста нақты айқындалады, жорта айтып тұрғанын көреміз. Діни рух бойына дарыған ақын өз дәуірінен тыс тұра алмайды: әлемдік соғыс пен жергілікті жерлердегі қақтығыстарға бей-жай қарай алмайды. Ағайындарының түсінік, қабілетін ескеріп, сөз күдіретімен әсер етпек оймен «Құран мен Инжілде бәрі дұрыс» деп көрсетуге тырысады. Бірақ бұл кітаптар тек «адал» және «жолы ашық» адамға ғана сырын ашады. Демек, Шәкәрім адам бейнесін оның Құдаймен (ол Алла бола ма, басқа құдай ма) қатыстыра қарастырды. Адамның мұндай бейнесі оны саналы жан иесі деп ойлауға қозғау салады.

Жанның негізге алынуы, оның көзге көрінбеген күйде адамда болатыны, оның заттық әлеммен байланысы, таным үдерісіндегі жанның рөлі – бұлар Шәкәрім зерттеп оқыған нысандары. Ол жан ғылымына, психология туралы ғылымға, терең бойлады. Сауалдар қойып, оған жауаптар жазды.

Сондықтан да ақынның қолына түскен қандай «Психология» оқулығы екені және оның арқасында қандай жан құпиясын ашпақшы болғаны біз үшін қызықты. Бұған жауапты, бәлкім, толық болмаса да, Шәкәрімнің қайтыс болғанына алпыс жыл өткенде «Абай» (1994, №9) журналында жарияланған мақаласынан таба аламыз. Мақалаға «Болмыс пен жан» деген атау берілген, атты автордың өзі қоймаған да болмауы мүмкін. Міне, осы мақаласында Шәкәрім «Психология» кітабын талдаған, өкінішке орай қашан және кім жазғанын көрсетпеген. Арасында кітапты (немесе жарты бөлімін) Қамалұлы деген адам аударған дегенді айтып қалады. Қалай десек те, философиялық трактат жазылған, басы былай басталады:

«Біздің заманымызда ойшылдардың, ғалымдардың зердесімен ашылған көптеген мықты жаңалықтарды көре отырып сауатсыз адамдар: «Бұл ғажайыптарды ашқан ғалымдар әулие ме, әлде шайтан ба?» – деп сұрайды.

Біз одан да асқан өнертабыстар ойлап табылатынына сенеміз. Бірақ осы күнге дейін бұл білімді ғалымдар өздерінің шынымен де кім екенін білмейді.

Табиғаттың көзге көрінбейтін ғажайыбын таба отырып, еріксіз адам өз рухын сезбейтіні таң қаларлық емес пе?

Егер, кім екенімізді түсінбей болмыс пен рухты зерттейтін психология сияқты ғылыми еңбектерді оқитын болсақ, онда рух құпиясын танымай, кітаптан не іздеу керек екенін білмей, қараңғыда адасамыз.

Біз кітапты рухты танитын қажет кітап ретінде мақтаймыз, бірақ ол бізге құпиясын ашпайды, бірі екіншісіне қайшы келетін бос нәрсе болып шығады.

Дәлел керек пе?

Міне мысал. Қазақ тіліне аударылған психология кітабына қараңыз. Тоғызыншы бетінде: «Өсімдіктің жаны бар деген ой ХХ ғасыр адамы үшін көмескі және шындыққа жатпайтын пайым», – деп жазылған. Біздің ойымызша, бұл сөздердің өзі – бос сөз. Неге деп сұрайсыз ба? Мұндай сөздер өсімдіктер өмірін, өзінің өскенін және сезімталдығын түсініп, жанды заттарға, мысалы шіркейлер жейтін шөптерге тән мәліметтерді білмеуден шығады.

30-шы бетінде: «Табиғат өзі қозғалысқа келеді, себебі табиғат – ұлан-байтақ біртұтас және одан тыс ештеңе өмір сүре алмайды. Мұндай қозғалыс – заттардың ерекшелігі. Заттар өз күштері арқылы қозғалады», – делінген.

32-бетінде: «Ешбір күшке тоқтамайтын бұл күш ешбір құрта алмайтын табиғаттан шығады. Соның арқасында барлық заттар осы әлемнен бөлінбей өмір сүреді!» – делінген.

103-ші бетінде: «Адам денесінде қажетсіз мүше жоқ... Олардың бәрін белгілі бір қызметті орындау үшін табиғат жасаған».

Негізінде, түсінікті сөздер. Бұл сипаттарды баяғыда саналы түрде сезінген. Неге дейсіз бе? Ғылым бойынша ешбір дене өзімен өзі қозғалмайды. Қозғалыс үшін себеп керек. Қозғалыстың себебін, осы психологияда сипаттағандай жан деп атаймыз. Қол тимеген нысан бір орыннан екіншісіне ауыспайды, өспейді, өзгермейді. Бірақ егер осылай бола берсе, әлем тумас еді.

Бірақ, жәй жан деп атамай, білімді, епті жан деп атайтын түп негізі бар. Неге? Барлық әлемде қажетсіз, реттелмеген заттар жоқ. Барлығы бір мақсатпен құрылған. Оларды қайырымсыз, білмес, соқыр деп атау – бос мылжың.

Сол 103-ші бетте: «Ағза нерв жүйесіне негізделеді», сол 104-бетте: ««Егер нерв жүйесі болмаса немесе ол жұмыс істемесе, ағза өлі затқа айналып, шіриді» – делінген.

Бұл пайымдаулар да түсінікті. «Нерв жүйесі» деп автор бас пен жұлынды, сезім мүшелерін айтып отыр. Жан ретінде ол сезім мүшелерін айтып отыруы мүмкін. Бірақ біз мұның олай емес екеніе білеміз.

Бас пен жұлын қан тамырлары – жарық жинаушы, электр батареясы сияқты – рухтың тірегі. Егер ол бұзылса, электр заряды жоқ болғандай, жан да өз орнын жоғалтады.

Біз жанды көре алмаймыз, оған қол тигізе алмаймыз, сондықтан жан жоқ деген сөздер оның жоқтығының дәлелі бола алмайды».

Философ ақын көп жері жан мен болмыс туралы өзінде қалыптасқан түсініктерге қайшы келетін бұл кітапты мұнан ары да сыншыл тұрғыдан шолып шығады. Оның пікірлеріне әрқалай қарауға болады. Шәкәрімнен де кемшілік табуға да, немесе, керісінше, метафизикалық ұстанымын қолдауға да. Қалай десек те, бұл – оның өзінің ақыл мехнатынан туған, ақ-адал ойлары. Сондықтан оның бұл сынын ақынның еркін де дара ойларының көрінісі ретінде қабылдау керек.

Шәкәрім трактатта тіршіліктің қалай пайда болғаны жайлы да айтады. Тәрізі, «Психология» кітабының авторы Жердегі өмірдің кездейсоқ пайда болғаны туралы пікірді қолдайтын болса керек. Шәкәрім бұған қарсы:

«Тірі және тірі емес табиғат арасында айырмашылық жоқ деген не сөз? Өліден тірі пайда болды дегеннің орнына, жанды заттарда өлі табиғатта болмайтын элементтер жоқ деген тұжырымға дәлел келтірмей ме?

Бұл тұжырымның дұрыстығын дәлелдей алмаса, біз неге далбаса дей алмаймыз.

Парижде үлкен симпозиумда Пусе жанды заттардың арғы тегі өлі субстанциялардан шығуы мүмкін деп жариялағаннан кейін, Луи Пастер тіршілік өлі ағзадан пайда болуы мүмкін емес деп дәлел келтіріп берді емес пе?».

Шәкәрімнің білім көкжиегінің кеңдігін қараңызшы.

Шындығында да, дәл осы Луи Пастер дәл сол кезде тіршіліктің кей формаларының өздігінен жаралуы жөніндегі көпғасырлық тартысты тоқтатып, оның мүмкін еместігін тәжірибе жолымен дәлелдеген еді. Француз ғалымы микроағзалар жасалуы мүмкін түрлі нәрселерді суға қайнатады. Қосымша тағы қайнатқан кезде микроағзалар мен оның тұқымдары өліп қалады. Содан кейін ол қайнатылған құнарлы заттар мұнан кейін де таза күйінде қала беретінін, ауа барып тұрса да тіршілік пайда болмайтынын анықтады. Бірнеше тәжірибенің нәтижесінде Пастер биогенез теориясының әділдігін дәлелдеп, тіршіліктің спонтанды пайда болуы туралы теорияны жоққа шығарған сияқты. («сияқты» деп отырғанымыз – кейін де Пастердің жетістігін жоққа шығарғысы келгендер көп болды).

Шәкәрім Кеңқоныста отырып-ақ осы тәжірибені біліп отырғанын айтсаңызшы! Микроскоппен қарап жәндіктерді зерттеп отырған адамдай, пастерлеу мен микробтар туралы мәселені білігрілікпен баяндайды.

Адамның пайда болуы туралы эволюциялық теорияны тағы да сынға алады. «Біз маймыл болып қалмай, адам болуымыз керек деп айтқанымыз жетеді емес пе?» – деп өткір мысқылдайды.

Соған қарамастан адам баласының рухани жағдайына айтар мына тәріздес наразылығы бар:

«Адам – білімді тірі ағза деп қанша мақтансақ та, көптеген адамдар әлі күнге балалық пен жабайылықтан алысқа ұзамады. Адамзат балалары арамдықты қойып, жақын адамдардай бір-бірін алдамай, ұрыспай келісім мен сыйластықта өмір сүре алмайды.

Біз – ХХ ғасырдың мәдениетті, білімді тұлғаларымыз деп мақтанып, кеудемізді ұрамыз, бірақ бүгінде адам денесі таза зерденің орны емес. Қанша жерде жұмақ жасаймыз деп таза жолмен жүрмек болсақ та, барлық жерден тек бірнеше адам ғана дау-дамайды шешуге қабылетті болады, бірақ олардан мардымды

бірдеңе шығу екіталай. Олардың еңбегін басқа бір қой терісін жамылған қасқырға ұқсаған біреу пайдаланып кетеді.

Қысқасы, адам өз жанын түсінбей, өзінің кім екенін білмейді. Оны түсінбесе өзіне ұқсастарға қастық ойлайды, жамандыққа сөз жүзінде қарсы болып, жаны арқылы түсінбейді.

Көп сөз айтуға болады, бірақ адам дінге сенеді деу қиын. Егер адам белгілі бір сенімде болса, ол жамандық істемес еді. Молдалар, поптар, басқа діни қызметкерлер достық, теңдік, бауырластық туралы уағызын айта отырып, өз тұзағына тоғышарларды жинайды.

Адам тек жанның ізгілігін білгенде ғана ақиқат жолына түседі».

Мақалада Шәкәрімнің заманның кемшіліктерін көрсетіп қана қоймай, өмірдің жарқын жақтарына орын береді, тіпті, өмірді жұмақпен салыстыратыны – күтпеген жайт. Бірақ бұл пікір өзін-өзі толық ақтап тұр, өйткені ақын тасада тұрған белгілі қарсыласына енді бүтін дүниені кінәламай, қорғап әбден қисынды уәж айтады:

«Шопенгауэр былай дейді: «Әлем – бұл тозақ, әлемде ешқандай жақсы нәрсе жоқ». Ол Еуропада аспанға көтерген «Новая философия» кітабын жазды. Табиғат байлығы барлық тірі жәндіктер үшін жеткілікті. Бірақ адам ғана жұмақты тамұққа айналдырады.

Бұл жайлы түсінбеген Шопенгауэр бар дүниеге жала жабады.

Егер адамдар кектенбей, бір-бірімен келісіп, табиғат игіліктерін пайдаланып өмір сүрсе, ешкім де әлемнің жұмақ екеніне қарсы келмес еді».

Әрбір ірі философтың өзінің ерекше гносеологиялық жүйесі болады және доктриналары көбінесе бір тоқтамға тоғыса бермейді, бұған таңқаларлық ештеңе жоқ. Әлемнің әралуандығы соншалық, кейде оның сипаттамалары әр басқа, тіпті, бір-біріне қарама-қайшы келуге хақылы болады. Бірақ олардың бәрі бірігіп әлемнің тұтас бейнесін салады, мұны бір суретшінің қолымен, бір бояумен, бір қаламмен сала алмаймыз.

Міне, сондықтан да Шәкәрім Шопенгауэрді сынауында ұлы есімінің айдынынан қаймығудың нышанын да жоқ.

Ақын, «Психология» кітабынан басқа, Баскинның қазақ тіліне аударылған «Пространство мысли» кітабын да сынайды, Шәкәрімнің айтуынша Смағұлұлы деген кісі аударған.

Метафизикалық тұрғыдан ойлайтын ақынға автордың адамның денесінде жан деп аталып жүргендей еш нәрсе жоқ деген пікірі ұнамайды. Сонда ойланғыштық, қуаныш, жабырқау дененің туындылары болғаны ма?!

«Бұған мынадай мысал келтіреміз, – деп жазады Шәкәрім. – Бұрын қазақтар терезеге әйнектің орнына қойдың қарынын жапқан. Мұндай терезеден не көруге болады? Қисық, бұлдыр айнадан таза, түзу айнаның қандай айырмашылығы бар?»

Негізі, дене – құл, ал жан – иесі. Немесе: дене – айна, ал жаны оған қарайды.

Ал басынан жан туралы білмей, он жолдан қосылған деп тұжырмайды, терең ойламай жанды – аяқ-қолы байлаулы құл сияқты, барлығының бастауы, зерделі, жанды тудырушы деп есептейді. Барлық әлемге жанның – қарапайым зат екенін дәлелдей аламын деп есептейді.

Біздің бақылауымыз бойынша, психологтардың мұндай тұжырымының екі себебі бар.

Біріншісі: жер жүзі бойынша адасып жүрген діндерден құтылу үшін олар жан жоқ деп қабылдайды. Яғни оттан жалынға түсті деген осы.

Екіншісі: Огюст Конт (1798–1857) былай дейді: «Физиканың дәл мәліметтерін білмей тұрып, метафизика білімін әбігерлеп қажеті жоқ. Ақиқат ретінде сезім мүшелері арқылы көрінетіндерді ақиқат деп есептейік».

Конттың идеялары позитивизм ағымына айналды. Қызыққан ізбасарлары бес сезім мүшесі арқылы қабылданбайтын ештеңе жоқ деп қорытындылайды.

Жанның ең жарқын жетістігі терең ақылды бұғаулап – қойдың қарынымен жауып қойған қазақ терезесінен қарап тұрғандай жүгенсіз сөз арқылы олар тіпті өз жандарын көре алмады».

Шәкәрім бұл жерде Огюст Конттың оған лайықты атақ әперген, ең маңызды деген ойын дәп басқанын атап көрсету қажет.

Конттың «позитивтік философиясының» негізгі тұжырымы – ғылым құбылыстың сыртқы түрін бейнелеумен шектелсін деген талап. Осы тезиске сүйенген Конт құбылыстың мәні жайлы ғылым, метафизика, жойылуы керек деп тұжырымдайды. «Біз бастапқы да, аякқы деп аталып жүрген себептерді іздеу деген мүмкін емес әрі қажетсіз іс деп ойлаймыз»,– дейді Конт.

Тек бастапқы себептерді, яғни таза болмыс пен жан туралы метафизикалық мәселелерді, саралауды мақсат етіп қойғандықтан Шәкәрімнің мұнымен келіспеуі заңды.

Конттың энциклопедиялық еңбектері қоғам тарихын адамзаттың әлеуметтік сілікіністерге толы және прогресс пен тәртіпті үйлестіре алмайтын дәуірден, Конт айтқандай, «метафизикалық» дәуірден шығуына тәсіл тауып беретіндей етіп ойластыруға арналған. Ол, тіпті, пролетарийлер қоғамды қайта құру жолына бірікпесе, саяси жағдайды саяси мәселелерді шешу мүмкін емес деген пікір айтады.

Бірақ Шәкәрім француз позитивістінің тек онтологиялық жағына ғана тоқталып, терең әлеуметтік идеяларына үңілген жоқ. Бұл түсінікті де. Әлеуметтік алаң – қазақ қоғамы – белсенді социологиялық идеяларға әлі сай келмегендіктен, ондай идеяларды қабылдауға ынталандыра алмады. Ақыннан әлде бір қияндағы нәрсені, қиялдағы нәрсені күту шындыққа сай келмейді.

Шәкәрімнің психология мен философия кітаптарын ермек үшін талдамағанын айту керек. Мақалада көрсетілген ойларды ол өзінің «Үш анық» кітабына кеңейтіп қоспақшы болған. Кейбір үзінділері дайын да еді. Негізгі бөлімін жазуды тезірек бастамақшы болды.

Ол аз десеңіз, «Тіршілік пен жан туралы» трактатында болашақ кітабының жайынан да хабардар етті және осы ойлары «Үш анық» кітабында былайша көрініс тапты:

«Жан туралы жазылған кітап тек таза зердеге арналуы керек, оны оқыған кезде дінге де, ғылымға да кетпей біржақты болмау керек. Мұнда ешқандай машинаның да, электрдің де тетіктері жоқ. Мен бұл туралы жаңа ойлаған жоқпын. Бұл отыз жыл көлемінде ойланып, іздеп, көне молалардың тасын тексергендей, жылдарды қасықтап алып, инемен құдық қазғандай адамзат баласының пайдасы үшін іздестіріп, тұжырымдаған ақиқат.

Мұндай жеке ақиқат біржола жабылуы мүмкін емес. Мен мұны мақтанғаннан айтып тұрған жоқпын. Адамдар толық қабылдап болғанша мен бұл өмірде болмаймын.

Материалистер: «Егер зерде арқылы табылған ақиқатты сезім мүшелерінің біреуі қабылдасамса, онда бұл жалған қиял» – дейді.

Бұған мен былай деп жауап беремін: өнер мен ғылымның қандай түрін алсаң да зерде арқылы жасалған. Бір рет болса да зерде денені көрмей, оның мүмкіндігін пайдаланбай табиғаттың құпиясын ашқанын танығаннан соң сіздер мұны қабылдамай қоя алмайсыздар...

Огюст Конттың қанишалықты ізбасарлары болсаңыздар да сенім жайлы пікір айта отырып, дінге, шариятқа ғайбат сөз айтпаңыздар. Діннен ақау тапқандарды кәпір деп жариялайтын дін иелері мен әулиелерге ұқсамаңдар.

Тек көздеріңе ғана сенбей, жан көзін ашыңдар».

Трактаттың соңғы бетін аяқтамай тұрып Шәкәрімнің 1931 жылы 3 ақпанда Сәбит Мұқановқа жазған хатына тоқталайық. Шәкәрім одан шығармаларын шығаруға көмек сұрайды. Хатта мынадай сөздер бар:

«Адамшылық арым «барша адам баласына пайдалы деп отыз жыл инемен құдық қазып тапқан хақиқатты неге жіберіп, алдымен осыны басуын неге тіленбейсің?» деп еркімді билеп, «Жан сыры, жаратылыс сыры» деген қысқаша қорытындымды тағы жібердім. Әттең дүние, осыны құры қазақша ғана басып қоймай, орысшаға жақсы переводпен (смыслын) переводтап, ғылымды азаматтың бірі еңбек етіп, переводын өзіме көрсетер ме еді? Қазақшасы тез басылып шығар ма еді? Тірі күнімде не қарсы айтылған дәлелді сындарын, не білімді ойшылдардың қабыл алғанын біліп өлсем, армансыз болар едім. Бұл «Жан сыры, жаратылыс сыры» басылмайтын болса, тез қайтарғаныңызды өтінем. Лажсы болса, қолжазбаларымның бәрін қайтарып отырарсыз».

Хатта «Жан құпиясы, табиғат құпиясы» мақаласы жайлы айтылады, бірақ Шәкәрімнің қолда бар мұрасынан мұндай шығарма кездеспеді. Автордың суреттеуі бойынша, отыз жыл «инемен құдық қазғандай» еңбек еткен, қолымызда осыған ұқсас «Тіршілік

пен жан туралы» трактаты бар. Трактатқа, Шәкәрім қайтыс болған соң, ұмытылып, қайта ақталғаннан кейін осындай ат берілген. Бір мақала жайлы сөз болып тұр ма?

1915 жылдың көктемінде трактатты реттеп болған соң Шәкәрім «Үш анық» кітабын жазуға отырады. Дәлірек айтсақ, жазуын жалғастырады. Алғашқы жазбалары он жылдай бұрын жазылған. Оншақты нобайын философтардың, жазушылардың, ақындардың кітаптарын оқығаннан кейін жазған. Тек жүйелеп қана қоймай, жинастырған жан, ұждан, өмір мәні жайлы білімдерін тұжырымдау да қажет болды. Ең алдымен Шәкәрім жалпы мақсатын тұжырымдады:

«Тіршілік туралы адам арасында көптен бері айтылып келе жатқан екі түрлі жол бар. Бірі – дене өлсе де, жан жоғалмайды; өлгеннен соң да бұл тіршілікке тіпті ұқсамайтын бір түрлі өмір бар. Сондықтан жалғыз гана дүние тіршілігінің қамын ойламай, сол соңғы өмірде жақсы болудың қамын қылуы керек дейді. Мұны ақырет – өлгеннен соңғы өмір жолы дейді.

Енді бірі – бұл әлемдегі барлық нәрсенің бәрі өздігінен жаралып жатыр, оны былай қылайын деп жаратқан иесі жоқ һәм өлгеннен соң тірілетін жан жоқ дейді.

Менің ойымша, осы екі жолдың қайсысы анық екенін табу – ақылы сау адамға қатты міндет. Неге десең адамды түпкілікті бақытқа жеткізбек болсақ, біліп жаратушы ие бар, өлгеннен соң бір түрлі өмір бар дегеннің шын-өтірігін білуіміз керек. Егер шын болса, соның да қамын ойлап, адамдарды түпкілікті бақытқа жеткізу үшін, мұбада өтірік болса, оған әуреленбей жалғыз гана осы дүние қамын қылу үшін, олай болса бұл екеуін қалай тексереміз? Оны тексерушінің әр түрлі діндер жайынан, әртүрлі ғылым жайынан әрбір білімділердің сол туралы айтқан сөздерінен хабары болу керек».

Шәкәрім тіршіліктің пайда болуы жайлы ерте заманнан қазіргі кезге дейін шолу жасап, білімнің көптеген салаларынан хабары бар екенін көрсетті. Пифагордың, Эпикурдың, Демокриттің идеяларын жазып алды. Еуропалық ойшылдар мен орта ғасыр ғалымдарын – Гассенди, Декарт, Ньютон, Линнейді ұмытпады. Көпшілікке танымал емес зерттеушілер Лиерий, Маиен, Бюхнер жайлы дәлел келтірді.

Сонан соң өз тұрғысын былайша анықтап алды:

«Профессор Фонтель «Білім айналасында» деген кітабында айтады: «жаралыс, физика бізге ең керектігі – біздің тоймаған ақылымызды тойғызатындай емес, ең зор керегі – барлықтың бәрін жаратушы иені танытуға қарай жетелеуінде һәм соның құдіреттің өлшеусіз зорлығымен біздің ақыл сезімімізді таң қалдыруда» деген. Руссо деген атақты ақын айтқанмен («айтқандай» деп оқыған жөн. – автор): «Мен бастабында адам тәңірінің барлығына нанбаса да, толықтыққа жетеді деп ойлаушы едім. Аяғында онымның бекер ой екендігін білдім».

Ары қарай жан туралы түсініктерге шолу жасайды. Қазіргі кезде аттарын ешкім білмейтін Герман Шефлер, Уиршо, Стуамель, Дольн, Коддрс сияқты ойшылдардың түрлі пікірлерін көрсетеді. Кітапта өзінің позитивизм жайлы сынын жазуды ұмыт қалдырмаған:

Адамдар жаратылыстың негізгі сырын білуге соншалық нашар, әлсіз; білмегеніне қарағанда білгені жоққа есеп. Сөйтіп тұрып себебін, мәнісін таба алмай нәрсені біржолға жоқ деп таласады. Мұның сезімі дене сезіміне ғана нанып, басқаға нанбай, терең ойлағандықтан жалғыз дене сезіміне ғана нанып тұрса, көп шатақ ойлар, даулар болмас еді деп жаралыс жолымен ғана қуып, сыры табылмайтын /метафизика/ істі ойлауға бөгет болуды да ойласқан. Мәселен, 1797 жылы туып, 1857 жылы өлген Огюст Конт позитивизм (шын анық) деген бір жол шығарды. Оның қорытындысы мынау: көзіміз көріп, өзге сезімімізбен әбден анықталмаған һәм жаралыс жолы физика ғылымымен тексеріліп шындығына көзіміз жетпеген нәрсеге әуре болмайық деген. Бірақ адамда жаралыс жолынан жоғары қуат барлығын сезетіндік бар болғандықтан, күн сайын бұрын сыры білінбеген нәрсе табылып, бұрын тіпті мүмкін емес дегендеріміз әншейін дағдылы нәрсе болып, оны күнде пайдаланып отырғандықтан ол Конттың сөзіндей сөздер адамды жаралыс жолынан жоғары қуатты ойланудан тоқтата алмайды. Осы кезде Еуропада әлде жүз ғалымдар магнетизм, спиритизм, телепатия сияқты ғылымдарды құрал қылып күні-түні жан мәселесін тексеруде».

Соңғысы, ғылыми тұрғыдан алғанда, кітаптағы бір әлсіз тұс шығар, бірақ бірегей ұстаным.

Шәкәрім қадірлеп демесек те, абайлап спиритизм, телепатия, магнетизм жайлы сөз қозғап, құпия күшке сенетін пәндерді ғылым дәрежесіне көтереді. Түрлі спиритикалық ғажайыптарды нақты суреттеп, оларға кітаптан көп орын береді. Әрине, мұны түсінуге болады. Мәселе надандықта емес: оның заманында құпия күшке сенбеген адам болды ма, қазір де сенеді. Ал, тіршілік мекені даланы көне заманнан Құдаймен тең көретін көшпелілердің жаны сиқыр күш пен ғажайып үшін қашан да ашық.

Мәселе басқада. Окультизм (құпия күшке сену) жанға тікелей жүгінеді, оның тірі адаммен байланысының қияли елестерін жасайды. Шәкәрім де қандай болмасын психологиялық құрылым мен тәжірибені сенімге енгізуге дайын еді, тек бұлар тіпті шүбәлі жолмен болса да жерге жақын позитивизмді теріске шығарса болды.

«Бұл кітаптағы сөздің түп мақсаты – “барлықты (нәрсені) басқы жаратушыда білім бар ма, жоқ па, өлгеннен кейін жан жоғала ма?” деген ойды дәлелдеу. Анығына келсек, бұл екеуі де бар. Жоғалмайды. Ал оны жоқ деушілердің сөзін мен жоғарыда жаздым. Соның ішінде жан жоқ деушілерге қарсы дәлел қып тұрған магнетизм, спиритизм, телепатия, нахидизм, түс сияқтыларды түгел түсіндіре жаздым. Осылайша созолаң жазғаным тым қызықты да болмас, бірақ мұным ертегішінің ертегісі емес».

Сендіре алмадым деп ойлаған болу керек, былай деп тағы қосады:

«Барлық сезімдер бізді алдайды. Мысалы, көз алыстағы сағымды бұлдыратып, әртүрлі көрсетуі мүмкін. Құлақ та бір дауысты түрлі дыбыспен естиді, ой да өзінше қабылдағанын істе қате көрсетуі мүмкін. Бәрін дәл көрсететін сезім бізде жоқ».

Он жыл бұрын дүниедегінің бәрінің түп себебі себепсіз себеп Жаратушы деген пікірін қысқаша айтып кетеді:

«Ол түп білім құдырет шеберлігінде өлшеу жоқтығы сынадан анықталады. Барлықтың не нәрсесіне қарасаңыз да мақсұтсыз, керексіз жаралған емес. Бәрін айтпай-ақ өз көзіңізде ойлаңыз: құлақ, мұрын, ауыз сияқты мүшеңіз мақсұтпен жаралғанын көресіз. Ғылым жолымен өсімдік ағаштардың тамыры, өзегі, қабығы, жапырағы, гүлі сияқтылардың да бір де бірін бұл мақсұтсыз деп айта алмаймыз. Бұлар нені көрсетеді? Түп

себеітің бүйтіп салған жолына қарағанда, оның білім, құдырет шеберлігінде өлшеу жоқтығын анықтайды. Егер осының бәрін істеп шығарып тұрған түк сезбейтін соқыр табиғат болса, онан мұндай мақсұт, білім, ерік, гармония тартып жарасым таңдау жоғарылау шыға алмайды....

Біз естінің ақылын, күштінің қуатын, ұстаның шеберлігін ісінен танимыз. Менің ойымша, бүтін барлықтың бәрі бізді осындай болмақ жолды салған түп жаратушының білім, құдырет шеберлігінде. Өлшеу жоқ деп бізге секунд сайын айғайлап тұр:

*Бізге дүние түпкі сырын,
Көрсетіп те айтты ғой.
Елемеді оны біздің
Тіпті өзіміл мисыз ой.*

... Енді бәрінің түп иесі кім болады? Әрине, басқы жаратушы. Мінеки, осылар әр нәрсенің бәрін тәңірі жаратады деген сөзді қалай түсіну керек, байқау жөн. Ескі дін молдалары қай дінде болса да жаралыс жолының сырына шорқақтығынан бұл туралы анықтап ұқтыра алмаған.

«Үш анық» кітабының негізгі бөлігін жазған Шәкәрім өз көзқарасын өлеңмен білдірмекші болып ерекше шабытпен өлеңдік нұсқасын жасады. Психология мен философия еңбектеріне арналған жоғарыда сөз болған трактатқа еншілестіріп «Тіршілік, жан туралы» деп ат қояды.

*Қасына қылыш қайратқан,
Досына гүлдей жайнатқан,
Ерік пен талап, ой беріп,
Ойынды созбен сайратқан
Жан емес дейді «білгіштер».*

*Осыған нанған есерлер,
Ойы кем, сөзге шешендер,
Ақылмен жанды тексермей,
Денешіл, пәншіл кеселдер
Дәлелсіз сөзбен ілгіштер.*

Бұл жан басынан бар,
Ойла, тексер ақылмен,
Құр сөзге нанып ден қойма!
Шын таза ақылдың таппас заты жоқ
Ол қасиетін жойма.

Көлемі – поэмаға, мазмұны ғылыми трактатқа сай келетін «Тіршілік, жан туралы» туралы өлең осылай басталады. Толғаудың мәні де «Үш анықтағыдай» жан денеге қарағанда бірінші, ал Жаратушы бәрінің жаратылысына қатысты.

Шәкәрім осы шығармалармен қанағаттанар еді, бірақ «Үш анық» кітабы әлі жеріне жетіп бітпеген еді. Ол өзінің жеке ашқан жаңалығы ұждан ғылымын бұл кітапқа кейін, он жылдан соң, жаңа біліммен толысып жетілген рухын танытуды ойлап қосқан.

Алайда, соңғы бөлімінсіз-ақ «Үш анық» – керемет дүние. Ол тек өзін-өзі жетілдірудің салтанат құрғанын ғана емес, тақуа ақынның жасампаздық қабілетін де көрсетіп берді. Тарихтан лай судан балық аулап ұстағандай бірдемені алуға болатынындай, ешкімнің келіп-кетері жоқ белгісіз оңашалықтан да пайда табуға болады: жалғыздықтың қандай да бір құрбандығы болатынына қарамастан шығармашылыққа тигізер әсері көп қой. Мұндай мысалдар аз емес, – Лао Цзы, киелі Августин, Қожа Ахмет Иасауи, қасиетті Иероним немесе Стивенсондардың өмірін аңдасақ та жетеді. Алайда Шәкәрімнің энциклопедиялық қарымы тәнті етпей қоймайды. Кітаптың көшпелі қоғамнан шығуы, атаулары, өмірбаяндары, дәлелдері, рухани жетістіктерін дәріптеуге сөз жетпейді.

«Үш аныққа» ұқсас еңбекті Санкт-Петербургтің, Париждің немесе Лондонның білімді тұрғыны жаза алатын да болар. Бірақ ол тап мұндай әсер ете алмас еді. Мәселе идеялары мен дәлелдеріндегі жаңалықтардың айрықшалығында емес. Басқа жерден басқа біреу жазса, «Үш анық» даланың жұпары мен Ақиқатты тануға деген құмарлықтан айрылар еді. Басқа адам не жазса да, тіпті Шәкәрімге еліктесе де, Шәкәрім шөлін қандырған даналық бұлағы мен нұрды өз жүрегінің түбінен тапқанша оның еңбегінде құн болмас еді.

Көріп көз нұрыңа қанса,
Барып жан ләззатын алса.

Тәнім құрбан бола қалса,
Мұнан артық болар ма бақ?

«Үш анықты» аяқтаған Шәкәрім осылай деп жазып, сопылық дәстүрмен Ақиқатты Ғашыққа теңеді. Бұл әлемнің «мал, жан, Ақиқат» үш бөлікті құбылысты ақын өз пікірін ұстанып материалдық-денелік және онымен бірлескен ерекше материалдық емес мәнділікті құрдымға жіберіп, Ақиқаттың өзіндік құндылығын мәңгілік және өзгермес бастау ретінде танытады. Тек Ақиқатқа жету арқылы ғана Құдайды тануға болады. Міне, сондықтан ол Ғашығын байлықтан, тіпті жаннан да жоғары қояды.

«Үш анықты» дәл осы мәнінде түсінген жөн. Әділдікке қатынасы өзгермелі, әлеуметтік сипаттағы пендеуи шындық ретінде емес, рухани күй, осы жерде және қазір адамға Құдай беріп тұрған табиғаттың туындысы ретінде түсінген абзал.

Қилы заман кепиеті

Шәкәрім тақуалыққа түскенде ада-күде безініп кетті, сыртта не болып жатқанынан, не болмағынан тас-түйін хабарсыз болып Кеңқоныста жападан-жалғыз тас түйін жатып алды деуге болмайды.

Революциялық өзгерістердің уақыты төніп келе жатты. Уақыттың қысымынан бұрқ ете қалып жатқан халықтың наразылықтарына ақын бей-жай қарап отыра алмады, қатысуына тура келді.

Ұлттық либералдық қозғалыстың жетекшілері Ә.Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы «Азамат» серіктестігінің құрылғанын жариялады, оны Құнанбай ұрпағынан Шәкәрім Кәкітай мен Тұрағұлдар, Қаражан Үкібайұлымен, Мағат және Хасен Ақайұлдарымен бірге мүшелік жарналарын беріп қызу қолдады. Азаматтықтардың ұраны 1909 жылы шыққан Міржақып Дулатұлының атақты «Оян, қазақ!» өлеңі болды:

Көзінді аш, оян қазақ, көтер басты
Өткізбей қараңғыда бекер жасты!
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты!

«Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы шыға салысымен тәркіленді. Міржақып 1911 жылы ғана қайта шығарудың амалын тапты.

Сол кездегі басқа да ірі қаламгерлер сияқты, Шәкәрім де публицистикалық шығармашылықтан аттап кете алмады. «Қазақ» газетіне, «Айқап» журналына мақалаларын жиі шығарып тұрды.

«Қазақ» газетінің алғашқы саны жарияланғаннан кейін ол газеттің шығуын тек құттықтап қоймай, баспасөздің сол заманғы қазақы ортадағы жайы туралы да пікір айтады. Шәкәрімнің айтуынша, қазақ та бала сияқты жаңа бір нәрсе көрсе тұра ұмтылып, бұрынғысын тастай салады. Жаңа «Қазақ» газеті қолға тиген соң, «Айқап» журналын ұмытып кетуінен ақын қауіптенеді. Сондықтан қазақ пен қырғызға бір газет, бір журнал еш көптік етпейді. Мәселе санда емес, сапада: екеуінде де ел қамын жейтін сөз, ел қызыға оқитын, көп адам оқитын дүниелер болуын мақсат еткен жөн дегенді айтты (1913 жыл №8).

Мерзімдік басылымдарда ол маңызды деген еңбектерін де жариялап тұрды. Осы жөнінен қарағанда, «Қазақ» газетінде (1914 жылдың 8 маусымы, №65) бастырған мақалаларының арасында соттар мен қазылар туралы жазғаны ерекше көрінеді. Қазылар мен билердің жұмысынан үлкен тәжірибесі бар Шәкәрім былай деп жазады:

«Қазақтың дауын орыс судьясы бітіргенінің қолайсыздығын біз айтпасақ та, тамам қазақ біледі. Мысалы, қазақ көтере алмастай шығын, оның үстіне әдет-рәсімге теріс болып, көп қиыншылық, залал болмақ.

Билік туралы қазақтың ескі жолы жоқ емес, қазылған қара жолдай жолы бар. Бірақ ол жолы ұмытылған. Себебі, көбінесе орыс заңына қарағандықтан болған. Мысалы, сайлау туралы заң пара, жақындықпен би болуға ыңғайлы болып, кім болса – сол би болып, аузына не келсе – соны айтқан. Және бір себебі жазылмай қалғандықтан.

Ол ескі жолдың көбі осы күнгі өмірге қолайлы. Бұрынғы ережелер де көбінесе сол жолға сүйеніп айтылған. Соларды тексеріп, қолайлысын алып, осы күнгі өмірге келісімсізін түзетін, бір жоба жол қылып жазса, қазаққа сонан қолайлы жол болмас еді. Оны жазу қазақтың ескі құлақты кемеңгерлері мен оқымысты

жастарының ақылдасуымен табылады. Өзге жұрт қазақ жайын қанша білемін десе де, анық жете білмейді».

Қазақ даласының әр басқа түкпірінде, тіпті әр басқа ғасырда өмір сүрген тұлғалардың пікірлерінің ұқсастығына тағы да таңқалуға тура келеді. 1864 жылы, Шәкәрімге дейін елу жыл бұрын, басқа қазақ ойшылы, ғалым Шоқан Уәлиханов Батыс Сібір генерал-губернаторы А.О.Дюгамельдің тапсырысы бойынша «Сот реформасы бойынша жазбалар» деген керемет туындысын жасағаны есімізде. Көшпелі қазақтарға жасалған сауалнаманың нәтижесі бойынша Шоқан: «Барлық аймақтар бойынша бір ғана жауап болды және барлық жиналғандармен бірауыздан: «Билер соты мен съезі, – деп жауап берді халық, – бізде бұрыннан келе жатқан және қазір орыстың үкіметі ұсынған әлемдік соттың бастауы бар. Бұл сот, – деді жиналған қырғыздар, – біздің халықтың тұрмыс жағдайын қанағаттандырады, сондықтан билер соты мен съезін бұрынғы халықтық қалпында қалдыру керек». Бұл халықтың шешімі екені айқын» – деп жазады.

Шоқан да, Шәкәрім де мазмұны бойынша сот ісінің дәстүрлі жүйесін сақтау керек дегенді айтады.

«Біздің пікірімізше, билер сотының басты жетістігі қандай да бір ресмилік пен ескішілдіктің жоқтығында. Бидің мәні соттағы тәжірибесіне берілген құжат текті оның дәрежесінде, атағында, – дейді Шоқан. Еңбегінің соңында: «Халықтың дұрыс өсуі үшін олар қандай даму сатысында тұрса да өзін-өзі дамыту, өзін-өзі қорғау, өзін-өзі басқару және өзіне-өзі билік айтудың қажеттігі болды, біз билер сотын 1854 жылға дейін заңмен қалдыра тұрамыз деген қорытындыға келдік, ал формализм және тәртіп түріндегі бюрократиялық идеялар әсерінен туған мына заңды енгізбеу керек», – деп ұсыныс жасайды.

Уәлихановтың жұмысын Омбыда ықыласпен оқыды. Ешкімнің де заңды алып тастағысы келген жоқ, бірақ билер сотын Шоқан ұсынғандай қалдырды. Сонымен бірге соттың құрамындағы билер саны біртіндеп көбейді. Генерал-губернатор Дюгамель Александр Осипович өте сақ кісі болатын, қазақ даласына империялық саясатты шектеп енгізуді мақсат тұтты және басқару жүйесіндегі

түбегейлі өзгерістерге қарсы болды. Сондықтан Уәлихановтың басқа маңызды ұсыныстарын, ең алдымен, халыққа білім беру және көшпелі қазақтардың салық төлеуі жөніндегі ұсыныстарын, ескерусіз қалдырды.

Ал Шәкәрім мақаласында онан да ары баруды ұсынады:

«Менің ойымша, билерді азайту керек. Оларды қауым шармен сайлау керек. Жаза кесілмейтұғын дауда третейский сотқа беру керек. Екі жағы да книгеге жауабын өзі жазсын. Посредникке келіспесе, сайлаулы бидің жеребеге шыққанына еріксіз салынсын. Жалғыз биге сал демек қалсын. Ақы сұрай келген елдің биіне «салма» деген қалсын. Себебі дау бітпей созылып, қазақ барымталасуға себеп осы болады. Билердің үстінен бір би керек. Олардың бір-біріне қарсы айтқанда сынайтұғын орыс ұлығы яки жоғарғы би сынаса да, жазулы жолға терісін тауып бұзсын. Бұл туралы тағзы да жазамын».

Шәкәрім қазақ тілінде жазса да, оның мәтіні өкімет тарапынан ескерусіз қалды деп айтуға болмайды. Дала генерал-губернатор орталығы Омбыда шығатын «Қазақ» газеті басынан аяғына дейін оқылып тұрды, ал қажетті де қызықты деген мақалаларды өкімет өкілдері тілмаштарға орыс тіліне аудартып отырды. Қазақ би ақынының бұл мақаладағы ұсыныстарымен Далалық өлкенің генерал-губернаторы, кавалерия генералы Оттович Шмит танысқан. Алайда қатерлі оқиғалар болар күн жақындап келе жатқан, сондықтан даладағы бастамаларды іске асыру, шенеуніктердің пікірі бойынша, қате қадам болар еді.

Ұлттық өзіндік сана тұрғысынан қарасақ, басты мәселе бұл емес деген ой келеді. Қазақ ойшылдарының пікірін ресейлік әкімшілік қолдамаса қолдамасын, бірақ ұлт ойшылдарының қадамдары қазақта қоғамдық сананың өсіп-жетілгенін айғақтап бергенінің өзі неге тұрады. Ал публицистика пікір айтудың өркениеттік және жедел түрлерінің бірі екені белгілі.

Шәкәрім мақаласында дәстүрлі билер сотының пайдасына әсер ететін таза этнографиялық нақты жайттарды түптей жазып көрсетті:

«Қазақтың ескі жолының бірталайы шаригатқа да жанасады. Шаригат ешқашан тастай қатып қалмайды. Әр заманның ыңғайына қарай іс қылуға лайықтайды. Оны тастай

қатыратын – шала молдалар. Шаригаттың тастай қатқан жері әр заманға бірдей істерде тастай қатпайтұғынының мысалын көрсетуге болады. Мысалы, ғұзыр (яғни «қиын болса, қылмай-ақ қой, өзгерт» деп кеңшілік қылады). Қазақтың ескі жолы мақалменен айтылып, мағыналырақ келеді. Мысалы: «Ат ұстатқан азабынан құтылар» – бұл жоғалтқан малды қолы адал біреуден танығанда, танытқан кісіге ерік бергені. Яғни «егер осы танылған атты иесіне беріп, сатып алған кісіңнен өзің қуып алуға ырза болсаң, иесі қалған малын өз бетімен қусын. Егер атты бермей, алған кісіңді ұстатсаң, атты иесі сатып алмаса – бермей-ақ қой» дегені.

Және «Аза – арулы, сый – сатулы». Бұл екі тамыр, жақын кісі араздасып, бергенін қайта алысқанда, тамырлыққа бергенін қайтып алысады да, азаға салғаны қайтпайды. Себебі аза – жылу есепті.

Және «Олжа – олжадан қайтар, сауға – сауғадан». Бұл ондайларды «олжа-сауғадан бермей кеткенде ғана даулап алады» дегені.

Ақыры қазақтың әр билігінің мақалы бар. Мысалы: 1) «Би екеу болса, дау төртеу болады», 2) «Дау құтырса биін табар, ит құтырса иесін қабар», 3) «Қуәлі істі қуә табар, қуәсізді күмән табар», 4) «Айғақтың тазасы күмәнмен мойынға салар», 5) «Бір дауда екі күмән жоқ, бір істе екі жаза жоқ», 6) «Барымта қайтыс болмай, дау айтыс болмас», 7) «Тапқан қуанса да, таныған алады», 8) «Құдалық белгісі – сый-сыйыт, қоныс белгісі – бейіт», 9) «Кесімді малға өсім бар», 10) «Барымта алған мал болмас, қуып алған құн болмас», 11) «Ала арқан кеспей арылмас», 12) «Ер құны – алты жақсы, жүз жылқы, қатын құны – жартысы» (ер құны елу түйе, демек шаригаттың ұлылы-кішілі жүз түйесінен алынған), 13) «Өзі жығылған өкінбес», 14) «Тағыны жеткен алады, жарлыны кеміткен алады», 15) «Тұлпар түп иесін табады» (бір малдың жүйрік екенін білмей тұрып жас күнінде біреуге берсе, сол жүйрік шығып, зор бағаға кесіліп, әркім алуға таласса, түп иесі – ерікті. Ол «алмаймын» демей, өзгелер ала алмайды), 16) «Жортуыл жолдасына, ұры серігіне күйеді». Міне, осындай мақалдар көп.

Уақыттың талабына орай патриархалдық дәстүр мен жаңа әкімшілік тәртіпті келістіру мәселесіне Шәкәрімнің көсем пікірі, міне, осындай болды.

Шәкәрім жаңа туып келе жатқан қазақ журналистикасының болашағының қамын ойлап газет пен журналда қарастырылған өзекті мәселелерге дер кезінде үн қатып отырды. Мәселен, сол 1914 жылы «Айқап» журналы мен «Қазақ» газетінде қазақ діншілдігі туралы пікірталасқа кең орын берілді, тіпті, бұл созылмалы «соғысқа» айнала жаздады. Дау күшейген кезде ақын «Қазақ» газеті мен «Айқап» журналына сөз жазушыларға» арнап өлең жазды. Ортақ мүдде үшін айғай-шуды, кекесін сөз тыйылмаса, соңы мазаққа айналуынан сақтандырады, байсалдылыққа шақырады:

Қарап жүріп қақтығып,
Қатынша сөзбен шаптығып,
Менікі жөн деп аптығып,
Неге түстің азапқа?

Шәкәрім газет пен журналдың түрлі партия сөзін сөйлеп жауласуы қаламгерлердің бөлінуіне соқтырып қана қоймайды, халық арасында да абыржу тудыратынын ескертеді.

Кейін Шәкәрім өз пікірін хатпен түсіндіріп бергісі келді. Ол «Айқап» (1915. №6) журналында «Сөз таласы» деген атпен жарияланды:

«Бұрынғы құр сөз болып қалған желбуаз сөзбен былтыр жаз туган мұсылман съезі туралы «Айқап» пен «Қазақтағы» жазған талас сөздерді көріп өттік. Басқа желбуаз тұсындағы таласқа біз бір азғана насихат (өсиет) өлең жазып едік, уақыт өтіп басылмай қалды. Енді бұл мұсылман съезі туралы сөз басталғаннан-ақ алдыңғының аяғын құшарын білсек те, аяқталмай тұрып сөз жазбадық. Міне, енді жазамыз – тым болмаса келер іске пайдасы болар ма екен деп.

«Айқапқа» жазғандар да, «Қазаққа» жазған Ғалихан да талас сынды көптің сынына салып отыр, ол жақсы-ақ. Бірақ кекеп, кекетіп сөзін жазған жарай ма?

Менің ойымша, кекеу, сөгіс – тіл қаруы. Оның жарасы тез жазыла қоймас. Жауап қайырып, қарсыласарлық үлкен кісі түгіл, жас баланы да ұрып, кекеп-зекіріп тыю зиян шығармай ма?

Екі кісі сөз таластырғанда ақ жүрекпен емес, әншейін жақындық, жақсы көргендіктен сөзін қоспап, қосшы-қосшыламақ та жаман емес пе? Ондай екі талайда, кім де болса, аяқты аңдап басу керек қой. Мінеки, қауым, мен осы сөзімді көптің сынына бердім. Сөзім қата болса – айтыңыздар, қатасыз – бір Алла.

Газет пен журналдарды өзара кінәласуды қоюға шақырып таза шығыс адамынша тоқтам айтады:

«Бүгін менің бар ынтам – кекеу-сөгiстi жамандамақ болса да, не қауымның бiрi, не таласушының бiрi «құр ғана сөгiстi сөйлеп, қатасын көрсетпей екі жаққа да бұлаңдағаны несі» демесін деп бiр мысал айтайын...

«Ауыздан шыққан сөз – атқан оқ». Оны «пәленше жеңіліп қалды деп айтады» деп қайтып ала алмайсыздар, онан басқасы бар ма? Кекеу кек шақырып, кек партия шақырып, партия елдің елдігін жоғалтады. Менің білгенім – сол-ақ. Бұл сөзімнен «бар елдің мінін көрсең де, айтпа» дейді деп ұқпаңыз. Мінелмеген түзелмейді. Бірақ ұлап, найзалап мінеме деймін».

«Қазақ» газетіне Шәкәрім барлығы жиырмадан астам мақала жариялады.

Мерзімді басылымдардың арасындағы жағымсыз пікірталас дегенмен біртіндеп басылды, оған Шәкәрімнің да әсері болды. Ақын сөзін құрмет тұту ол кезде елге ортақ мінез болатын.

Шәкәрім тірі кезінде классик болды деп еркін айта аламыз. Жалпы халық оны «Шәкәрім қажы», «Шәкәрім ақсақал», «Екінші Абай» деп атаған. Оның атын мақалаларында атап өту қаламгерлер үшін жақсы нышан болатын.

Мысалы, Әлихан Бөкейхан «Қазақ» газетінде «Мұсылмандар съезі» деген мақаласында былай деп жазады: «... 5 миллион қазақтың тілі қалай жоқ болады? Ғұмыр жүзінде біздің қазақ тілі өз бәйгесін алар: Абай, Ахмет, Мір Яғқұп, Шәһкерім, Тарғыннан бұл көрініп тұр ғой».

Өз кезегінде Міржақып Дулатов «Айқап жайында» деген мақаласында былай деп тұжырымдайды: «Егер халықтың назарына «Айқаптан» гөрі «Қазақ» ұнамдырақ болса, онда, Шәкәрім ақсақал айтқандай, газет халықты өзінің жаңалығымен

таң қалдырады. Бұл да халықтың «Айқап» журналына суып кетуінен болады.

Ал Бейімбет Майлин «Сіз «Айқап» туралы ойлайсыз ба?» мақаласында барлық қазақ халқына, қазақ зиялыларына «Қазақ» пен «Айқапқа» жазылу туралы Шәкәрімнің өтініш еткенін, екі басылым арасында Шәкәрім өтінген келісім мен бірлік бар екенін сөз етеді.

Басқа мысал. Атақты жетісулық меценат Есенқұл Маманов «Қазақ» газетіндегі «Азаматтарға ашық хат» мақаласында қазақ жазушылары мен ақындарының арасында роман жазудан бәйге өткізетінін хабарлайды. Шәкәрімнен де Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржәкып Дулатұлымен бірге қазылар алқасының мүшесі ретінде қатысуын өтінеді.

Белгілі журналист Сабыржан Ғаббасов (1889–1918) «Айқап» журналында (1915. №6) былай деп жазады:

«Ибрагим мырзаны, яғни Абайды білмейтін адам жоқ. Ол керемет ақын, философ. Бірақ тірі кезінде оның талантын дұрыс бағаламады, қазір бәрі оны сағынады. Құнанбай мырза мен Абай өмірден кеткен соң бүгін халықтың көз алдында құрметті ақсақал Шәкәрім Құдайбердіұлы тұр. Бұл кісінің кітабын қолға алып, оқып отырып: ақсақал ақынның атасы Құнанбай қажы қандай болып еді, ағасы Абай қандай болды деп еріксіз ойланасың... Құрметті, бәріне сыйлы Шәкәрім бүгінде өз халқының игілігі үшін қызмет етуде. Ол – күміс жүген мен ертоқымына мақтанған, жуан қарнына мастанған, «Қажы» деп атағанда төбесі көкке екі елі жетпейтіндерге өнегелі мысал. Шәкәрім сияқты біздің ақсақалдардың өмірі ұзақ болсын. Жастар солардан үйреніп, Шәкәрімге ұқсауға тырыссын».

Ал өзінен үлкен қаламдастарын ерекше сыйлайтын, жас Сұлтанмахмұт Торайғыров (1893–1920) өлеңмен жауап береді:

Мен қазақ, қазақпын деп мақтанамын,
Ұранға алаш деген атты аламын.
Сүйгенім қазақ өмірі, өзім қазақ,
Мен неге қазақтықтан сақтанамын?

Ерікті ен даланың құсынша ұшып,
Ержеттім кеңшіліктің сүтін ішіп.
Сен құсап сармасадай ілбиткен жоқ,
Қаланың көшесінде жоқтық қысып.

Кейін жауап ретінде Шәкәрім С. Торайғыровтың өлеңін еске алады. Бірақ ақындардың достығы ұзаққа созылмады. Талантты Сұлтанмахмұт Торайғыров өмірден ерте кетті.

Зиялылар Шәкәрімді қалаға түрлі іс-шараға қатысуға жиі шақыратын. Абайды еске алу кеші сияқты кештерге Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар келуін қатты өтініп сұрайтын. 1914 жылдың 26 қаңтарында болған алғашқы Абайды еске алу кешіне Шәкәрім бара алмады. Бірақ 1915 жылдың 13 ақпанында болған екінші еске алу кешіне ол көрермен ретінде барды. Достарымен кездесу, музыка, поэзия үшін қарлы даланы атпен, Шыңғыстаудан Семейге екі жүз километр жер жүріп барды.

Бұл жолғысы қайырымдылық кеші болатын. Жиналған қаржы Ресей университетінде оқып жүрген жігіттер мен қыздарды оқытуға көмек үшін берілмек.

Кештің мәдени бағдарламасы ерекше болды. Ән салынып, күй тартылып, соңы Абайдың, Ыбырай Алтынсариннің өлеңдерін оқумен жалғасты. Ал орындаушылар нағыз тарихи адамдар болды: Жүсіпбек Аймауытов, Қаныш Сәтпаев, Райымжан Мәрсеков, Нәзипа мен Нұрғали Құлжановтар, атақты домбырашы Мұқа Әділханұлы және т.б. артистер.

Томскіде шыққан «Сибирская жизнь» (№52, 1915 жылдың 7 наурызы) газетінде «Қазақ кеші» деген атпен кеш туралы үлкен есеп берген мақаласы шықты:

«Семейде Н.С.Құлжанованың бастамасымен қазақ тілінде жергілікті қазақтармен бірге әдеби-вокалды музыкалық кеш өткізілді. Бұл тек қазақтарға арналған алғашқы кеш еді. Жұмыла кіріскен еңбек сәтті шықты. Зал қазақтарға толы болды...

Сахнаға Р.Мәрсеков шығып, қазақ поэзиясы жайлы баяндама жасады, содан кейін Н.Құлжанова осы тақырыпта сөз сөйледі. Жұрттың алдында туған халықтың өмірі ашып көрсетілді.

Айтыстан көріністер көрсетілді. Арғын руынан суырыпсалма ақын Біржан Найман руының белгілі ақын әншісі Сараға алыстан арнайы келіп, айтысуға шақырады.

Т. Қозбағарова ақын Сара бейнесінде өлеңді жақсы айтқаны соншалық, халық қайта-қайта қол шапалақтап шақырады.

Содан кейін қазақ ақындары Алтынсариннің, Құнанбаевтардың өлеңдерін оқу басталды...

Кейін үйлерінен қайтып бара жатып, олар әнші Қапсаламұмов жайлы, оның әншілігі жайлы, жаңа бастаған, жүрегімен ән салатын Бақбергенов, болашағынан үміт күттіретін әнші бала Айжағұлов және т.б. жайлы талқылайды. Әсіресе бір-бірін өте сирек көретін әйелдер риза болды, олар өте көп еді, олар өздеріне үлгі етіп кешті ұйымдастырушы Н.С.Құлжанова жайлы айтып бара жатты.

Кеште 917 сом жиналды, оның 100 сомын Жахия қажы Бейсекеев берген. Семей үшін бұл – өте жақсы ақша. Жиналған қаржыдан 650 сом қалуы керек, оның жартысы Петроградтағы жылжымалы мұсылман емханасына, жартысы қазақ оқушыларына түсуі керек».

Шәкәрім қалада ұзақ болмады. Туыстарымен сөйлесіп, соңғы жаңалықтарды естіді. Ресейде өзгерістер бола бастаған екен. Газеттер дүниежүзілік соғыс шебінен үрейлі хабарлар жеткізіп жатты. Одан да жаманы қазақ даласындағы көтерілістер туралы хабар болды. Олар газетте жарияланған жоқ, бірақ ауызша тарайды. Сондықтан ақын қаладан қатты үреймен аттанды.

Ресейдің Бірінші дүниежүзілік соғысқа қатысуы қазақ халқының жағдайына, ең алдымен, салықтың көбеюі арқылы әсер етті. Жұртқа «өз еркінмен жинау» деген сылтаумен таңылған мемлекеттік қарыз және соғыс салығына зорлықпен қол қойдыртты, барлығы жиынтығы он шақты түрлі алым мен баж салығы болды.

Кей жерлерде соғысқа киім, мал және азық-түлік те жиналды. Кейбір уездерде жұмылдырылған отбасыларға көмек түрінде еңбек міндеті енгізілді. Қазақтар жұмыс күші ретінде жер жырттып, егін егіп, қоныс аударғандардың ауылында егін жинау керек болды.

Теміржол стансасына нан тасу үшін көлікті зорлықпен жұмсау күнделікті іс болды. Семей ол кезде сауда жасайтын, ең бірінші кезекте нан сататын үлкен орталыққа айналған. Бидай Томск

губерниясынан сатылып алынды, параходпен Ресейдің еуропалық бөлігіне жіберілді. Сібірдің Орта Азиямен тауар айналымының төрттен бірі Семей арқылы өткізілді.

Қазақ жұртынан жер тартып алу жалғаса берді.

Осындай қысымнан кейін қазақтар көшіп-қонуды шектеуге қарсы шығып, болыстық басқарма мен ауыл старшындарының талабын орындамай, салық төлеуден, соғыс қажеттерін беруден бас тартты. Шәкәрім орыс келімсектерінің атын айдап кеткені, қазақтардың шабылған шөп пен шабындықтарды өртегені туралы хабарды естіді. Бірақ мұндай оқиғалар әзірше бірлі-жарым болмаса, өршімей тұр еді.

Шыңғыстауға ол үлкен оймен оралды. Ақын алда күйреу келе жатқанын сезді. 1915 жылы оның немере інісі Кәкітай қайтыс болғанда, бұл сезім күшейе түсті. Шәкәрім өзінен он жас кіші, рухани, дүниетанымы жағынан жақын Кәкітайды қатты жақсы көретін. Марқұм жүрегі жұмсақ адам еді. Адамдардың бәріне бірдей қарап, басқаға көмек етуден де бас тартпай, туыстарына көмектесуге ұмтылатын. 1908 жылы Ресейдің бір қаласынан екіншісіне Абайдың қолжазбасымен, ұстазының, туған ағасының кітабын баспаға беру үшін табандылықпен Санкт-Петербургке дейін баруы тегіннен тегін емес. Басқа туыстары болса баяғыда тастап, ауылына қайтып кетер еді, бірақ Кәкітай туыстарының мақсатын іске асыру үшін қиындықты қайыспай көтере білді.

Інісінің қазасына қайғырған Шәкәрім жақында келер «ақырзаманды» сезгендей, үсті-үстіне мұңлы өлеңдер жазды. Дәл сол ауыр қазадан кейін ағайындарының қиын тағдырын болжаған «Тағы сорлы қазақ» деген өлең туды. Қоршаған зұлматқа қарап Шәкәрім қазақтарда «салынған қала жоқ», «оқытқан бала жоқ», «қуаты, күші жоқ», «қолында өнер жоқ, ғылымда дана жоқ», «қазақтан сері де жоқ» деп қайғырды.

Қуаты, күші жоқ,
Сырты бар, іші жоқ.
Артына қам қылып,
Ұмтылған кісі жоқ.

Көретін көзі жоқ,
Ұғатын сөзі жоқ.
Қазақтың бұл күнде
Аты бар, өзі жоқ.

Түзелер кезі жоқ,
Түзетер тезі жоқ.
Жер жүзі халқының
Қазақтан езі жоқ.

Ақынның негізгі сыни пікірі өз басының өмірде көрген-түйгендерінен келіп шығады және «шығыншыл сері», «данасы жоқ» халықтың, «қам қылып ұмтылмайтын» халықтың болашағы түнек екендігіне уайым шегеді.

Шәкәрімнің қазаққа жаны ашуы қанында бар. Жақсылық жасау мен мейірімділікті балаларына шаршамай үйретіп отыратын атан-анасынан мирас етіп алған. Ахат былай деп жазады:

«Он алты жасымда есімнен қалмастай ұрысқаны мәңгілік есімде қалды.

Біздің үлкен ауылдың жанында екі көл болатын: бірінің суы бар, бірі сусыз батпақ болушы еді. Екі көлдің арасы жақын ортасында қылдай жол бар. Күн жауғанда, сол жолдан жүрген адам батпақтап жүре алмайтын.

Мен бауыр жақтан келе жатсам, екі көлдің арасындағы жолда бір қартаң адамның екі қап теңдеген түйесі батпаққа батып қалып, екі қапты батпақ жерге қалдырып, түйесін құрғақ жерге шығарып, батпақтағы бір қабын сүйреп түйе қасына әкеп қойған екен. Мен қасына тақап келгенде, ақсақал: «Балам. Бір қапты түйенің қабырғасына қойып берейін, сен сүйеп тұр, ана қапты әкеліп теңдеп алайын», – деді. Мен оның айтқанына құлақ аспай жүріп кеттім. Мен үлкен ауылға барып, Шидің жиегіне бүгін қонған ауылға келсем, әкей өзінің қосында отыр екен. Мен өзіміздің үйге түсіп жатқанымда, әкей: «Бері кел!» – деп шақырды. Мен келсем, бағанағы өзіме кездескен ақсақал отыр екен. Олар менің келе жатқанымды тәрулі қостың есігінен байқапты. Мен кірсімен әкей: «Мына ақсақалға жолықтың ба?» – деп сұрады. Мен тана алмадым, «Жолықтым!», – деуім-ақ мұң екен, қатты ұрысты.

«Саған мұны кім үйретті? Өзің осы ақсақалдай болмайсың ба? Мұның не? Оңбаған!..». Мұнан да жаныма бататын сөздер де айтты, ұрған да, боқтаған да жоқ. Өмірі боқтықты білмейтін. Бірақ ұрғаннан гөрі сөзі арқама аяздай батты. Аяғында: «Ең ақырғы қайырымсыздығың осы болсын», – деді».

Шәкәрімнің туған халқын жасық, әрекетсіз деуі белгілі бір мәнісінде әділдік емес. Олай деуімізге бір уәж бар. Соғыс кезінде шетелдік кәсіпкерлер жұмысшылардың құқының жоқтығын пайдаланып, айлық ақшасын төмендетіпті, сол кезде азық-түліктің бағасы да өсіп кеткен екен. Нәтижесінде, 1915 жылы маусым айында Екібастұз және Қарағандыдағы кеншілер, Қырғыз кен өндірістік акционерлік қоғамының, Спасск зауытының жұмысшылары, оның ішінде қазақтар да бар, ереуілге шыққан. Ал 1916 жылдың жазында жұмысшылар қозғалысы Риддер руднигін, Ембі мұнай кәсіпорнын, Екібастұз, Байқоңыр көмір кенін, Спасск мыс кенін, Орынбор, Ташкент темір жолын қамтыды.

Бұл ереуілдерді қазақтар бастамаса да, сол кездегі бас көтерулер 1916 жылғы қазақтардың тарихта бұрын болмаған көтерілісінің нышанын байқағты. Көтеріліске себепкер 1916 жылғы 25 маусымдағы патшаның Орта Азия мен ішінара Сібірден он тоғыз жастан қырық үш жасқа дейінгі көшпелі қазақтардың еркектерін әскерге қара жұмысқа шақыру туралы жарлығы болды. Майданға емес, қорғаныс бекіністерін, әскери қатынас жолдарын жасауға алу жоспарланды.

Маусымның басында барлық аймақтарда кейіннен әскери көтеріліске ұласқан стихиялық қозғалыстар басталды. Қазақтар тыл жұмысына тізім жасайтын болыстық, ауылдық старшындардың кеңселерін талқандады.

Қоғамда патшаның жарлығы мен көтеріліске деген көзқарас бірдей емес еді. Ру-рудың жуандарының бір бөлігі патша бұйрығын қолдады, себебі өкімет болыстарды, имамдарды, молдаларды, майда несие беретін мекемелердегі бухгалтерлерді, жоғары және орта оқу орындарының оқушыларын, үкіметтік мекемелердегі шенеуніктерді шақырудан босатты.

Ал «Қазақ» газетінің айналасына жиналған либералды демократтардың серкелері едәуір парасатты, орынды көзқарасты ұстанды. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып

Дулатұлы патша әкімшілігін асықпай, алдымен дайындық жұмыстарын жүргізу қажеттігіне сендіргісі келді. Қарусыз халықтың қатал жазалаудың құрбаны болатынын біліп, халықтан жарлықты орындауға қарсылық көрсетпеуін өтінді. Олардың 1916 жылы тамызда жарық көрген «Алаш азаматтарына» деген үндеу хатында былай делінген: «Бұдан бас тартуға болмайды, үкімет бізді кешірмейді, олар заң жүзінде жазалайды. Қырға әскер келіп, халық тыныштығынан айрылады, адамдар да, мал да жәбір көреді... Әскери жағдай халық үшін апатпен тең».

Ақыры, солай болды.

Халық оқыған көсемдеріне құлақ аспады. Көтеріліс қазақ даласын түгелдей шарпыды.

Семей облысында әскери қақтығыс басқа аймақтағыдай қатты болған жоқ. Қазанның аяғында патша әскерлері облыстағы көтерілісшілерді тойтарып тастады, бірақ күрес ада-күде тоқтады деуге болмайды, негізінен, Семейдің өнеркәсіптік кәсіпорындарында жұмысшылар ереуілге шығып жатты.

Ең ірі ереуіл Торғай мен Жетісуда болды. Қырдағы қазақтар отряд құрып, аңшы мылтығымен болса да қаруланып алды. 17 шілдеде бұл аймақтарда әскери жағдай жарияланды.

Жетісудағы көтеріліс Мұхтар Әуезовтің атақты «Қилы заман» (1928) повесінде қанық суреттелген.

Жетісудағы көтерілісті басу үшін 8750 солдаттан құралған 95 рота, 3900 қылышкері бар 24 жүздік, 16 зеңбірек пен 47 пулемет жіберілді. Патша үкіметі ізіне түскен 300 мың қазақ мен қырғыз, яғни Жетісу халқы төрттен бірі Қытайға қашып кетуге мәжбүр болды.

Ал бұл кезде Торғай даласында көтеріліс өрши түсті. Көтеріліс басында Амангелді Иманов пен Әліби Жанкелдин жүрді. Көтерілісші жасақтағы сарбаздар саны қарбалас кезде елу мың адамға жетті. Амангелді Иманов (1873–1919) соғысқа қабілетті әскери құрылым ұйымдастыра білді. Көтерілісшілер Торғай қаласын қоршауға алды, патшаның жазалаушы әскері қарсы шықты. 1916 жылдың қараша айында жасақтар Бетпақдалаға кіріп, ақпан айына дейін партизандық құрды. Осы жерде Ақпан революциясын қарсы алды. Тек патша құлағаннан кейін ғана, Торғай облысында көтеріліс тоқтады.

Көтеріліс құрбандары туралы дәл ақпарат жоқ. Бірақ өте көп болды. Мысалы, Түркістан әскери аймағының басшысы, генерал-губернатор Куропаткиннің бекіткен тек бір ғана сот үкімі бойынша, Түркістан аймағында 1917 жылдың ақпанында сотсыз атылғандар мен ұрыста қайтыс болғандарды санамағанда, өлім жазасына 347 адам, қаторгалық жұмысқа – 168, түрмеге – 129 адам түскен.

Патша мәмілегері С.В. Чиркин генерал-губернатор Куропаткиннің ісін былай деп мәлімдейді: «1916 жылдың 22 шілдесінде Түркістан өлкесінің бастығы болып А.Н.Куропаткиннің тағайындалуы заманға лайық, сәтті болғанын мойындауымыз керек. Ол дала адамдарын жақсы көрді, олардың тұрмысын жақсы біліп, олардың қажеттеріне көмектесті. Ташкентке келгеннен кейін екі айда жергілікті адал да қадірлі адамдардың арқасында жоғарыдағы бұйрыққа байланысты шыққан халықтың көтерілуі басылып қана қоймай, өз уақытында тылға жұмысшылар отряды жинақталып, майданға жіберілді».

Басқа аймақтарда әкімшіліктің істері өте қатал болды.

Мысалы, құжаттық куәлікке байланысты Жетісу әскери губернаторы, генерал Фольбаум Солтүстік Қырғызстандағы көтерілістің болатынын сезіп, алдын ала көп әскер жіберіп әскери асу арқылы Қытайға баратын жолды жауып тастады. Жазалаушы жасақтарға ешкімді аямау керек деген бұйрық берілді. Жақсы қаруланған әскерлер ешкімді аямады, балаларды, әйелдерді, шалкемпірді өлтіре берді, малдарын тартып алды. Жота-жоталарда, асуларда адамдар мен малдардың өліктері үйіліп жатты. Тау асуларында аштықтан, суықтан өлгендер саны 150 мыңға жетті.

«Манчестер гардиан» газеті 1917 жылдың 28 қарашасында былай деп жазды:

«Сібірдің кара топырақты аймағында Торғай, Ақмола және Жетісу далалары жатыр, онда көшпелі қазақтар мен жақында көшіп келген орыс шаруалары тұрады. Соңғы патша үкіметі бұл құрғақ далалық аймаққа Украинадан көшіріп әкелу әдісін қолданды. Көшпелі қазақтардың ең құнарлы жерлерін тартып алу қажет болды. Бұл ойларын іске асырып, 1916 жылы 2 миллион қазақ 10 жыл бұрын иеленген жерлерінің жартысынан айырылды. Бұған қоса патша үкіметінің Азияның мұсылмандарын әскери қызметке әкету туралы шешіміне шыдау мүмкін емес еді. Орталық Азияның

көшпелі халқы 1916 жылдың жазында азаматтық соғысқа айналған көтеріліске шықты. 500 000-ға жуығы өлтірілді, миллионға жуығы 1917 жылы Қытайға қашып кетті. Батыс Еуропа патша үкіметінің армяндарды, ортаазиялық мұсылмандарды жаппай қырып жатқанынан хабардар болса да, мұқият бой тасалап қалды».

Доминик Ливен «Empire – The Russian Empire and its Rivals» (2000) газетінде:

«1914 жылға дейін 10 жыл ішінде славян келімсектері қазақ даласына ағылды. 1891 жылғы Степное уложение дейтін көшпелілердің жекеменшігінен айырылуына жол ашты, жергілікті халықтың әр адамы 40 акра жер иемденді, бұл көшпелі өмірді сақтау үшін өте аз еді. Нәтижесінде 1916 жылы жергілікті тұрғындар көтеріліске шықты, мұның тағы бір себебі қазақтарды майданға кара жұмысқа жұмылдыру әрекеті еді. Көтеріліс басып тасталды, 200 мыңға жуық қазақтар өлтірілді, көбі шекара асып, әлі де отарлық үлкен мәселеге айналмаған, артта қалған қытайлық Түркістанға қашып кетті».

Қазақтардың көтерілісі мен тыл жұмыстарына шақыру науқанын Февраль революциясы тоқтатты. Бұл революция Ресей империясының майданда жеңілуінің, солдаттардың миллиондап қаза болуының, азаматтардың өмірінің қиындауының салдары болатын. Петроградта болған революциялық оқиғалардың нәтижесінде 1917 жылы Ресейде қос үкімет – Уақытша үкімет пен Петровет орнады. 2 наурызда (ескіше 15 наурыз) II Николай патша тақтан бас тартты.

Шәкәрім де көптеген қазақтар сияқты патшаның тақтан кеткеніне қатты қуанды. Алғашқы кездерде халықтың өмірі енді жақсарады деп ойлады. Он шақты жыл бойы Ресей әкімшілігі әкелген жамандықтар, қазақ халқының соңғы жылдары басынан кешкен, нағыз зұлматқа айналған зорлығы патша атымен байланысты болғандай көрінді. Оның кетуі ақынға халықтың еркіндігі пен тәуелсіздігіндей көрінді.

Бұл уақытта ол Бақанастың қасындағы Кеңқоныстағы қыстауында болатын. Болған жағдайлар ақынның көңіл күйіне әсер етпей қоймады, оны «Бостандық таңы атты» өлеңінен көреміз:

Бостандық таңы атты, қазағым, көріндер,
Арға ие басшының соңынан еріндер.
Таң артынан хақиқат күн шығады,
Еріншек, жалқаулық әдеттен безіңдер.

Арамдық, аразды түбімен жойыңдар
Өтірік, өсекті біржола қойыңдар.
Намыс, жігер, бойыңа жиып қайрат,
Қажымай адалдық жағында болыңдар.

Бірлік пен талапты еңбекке салыңдар,
Өнерлі елдерден өнеге алыңдар.
Күндестіктің өзімшіл көзін құртып,
Ұмтылып, ерікті ел болып қалыңдар.

Ар түзер адамның адамдық санасын,
Ақ жеңіп шығады арамның қарасын.
Адал еңбек, ақ жүрек берер шешіп,
Таза ақыл қосылса, әлемнің таласын.

«Бостандық таңы атты» деп аталған өлеңінен жарықтың түнекті жеңгенін суреттейтін лирикалық апофеоздан басқа, халықтың санасын оятатын ұждан сарынының да маңызын да көруге болады.

Өзіндік мәні бар «атқан таң» жаңа құрылымды шабыттана жарнамалау емес, өнер, өнеге, адалдық, еңбек, ақыл, бірлік сияқты қасиеттерді шын жүрегімен тілеу.

Самодержавиенің орынан либералды-демократиялық билік келгеннен кейінгі сегіз ай қазақ халқы үшін күйзеліссіз, тыныштықта өтті.

Тобықты жастары Ойқұдық жайлауында жас жазушы Мұхтар Әуезовтің «Еңлік-Кебек» пьесасын қойып үлгерді. Пьеса Шәкәрімнің сол аттас поэмасының әсерімен жазылған. Пьесаның авторы қойылымды да басқарады. Ол Абайдың немересі Ақыштың ұзату тойына байланысты қойылады. Әуесқой артистер – Абайдың немерелері мен Мұхтар Әуезовтің туыстары, әйелдің рөлін орта ғасырдағы еуропалық театрлардағыдай ауылдың жігіттері ойнайды.

Семейдегі мұғалімдер семинариясында оқып жүргенде Құнанбай тұқымының өзімен жастыларымен араласқан жас Әуезовті Шәкәрім жақсы білетін.

Бір кездері Ахат та мұғалімдер семинариясында оқыған кезінде:

«Әкей жалпы жастарды, оның ішінде оқыған жастарды, жақсы көретін. Семинарияда оқыған Біләл Құнанбаев, Нұғыман Құнанбаев, Құтайба Ибрагимов сияқты жастар келгенде, бөлек отырғызып, олармен әңгімелесіп, олар үйде екі-үш күндеп жататын. Ол кезде мен жас болатынмын. Не жайында әңгімелесетінін аңғара қоятын кезім емес. Ал, өзім толық білетін кезде Мұхтар Әуезов, Даниял Ысқақов сияқты оқыған жастар келіп, бірнеше күн жатып, әкеймен әңгімелесетін.

Сонда, Мұхтардың көп сұрайтыны Шығыстың ақын-жазушылары болатын. Оларды жетік білетін әкей олардың не жайында айтқандарын түсіндіріп беретін. Бір күні Мұхтар: «Сол Шығыс ақындарының ішінде ең күштісі қайсысы?» – деп сұрағанда әкей: «Олардың бәрі де шебер, нәзік – көркем жырдың иелері, шешен тілді ақындар, маңызды әңгімелерді жазушылар. Бұларды батыстың ойшыл-ақындары да мақтаған: бірінен бірін артық кем-деу қиын. Солардың ішінде Фафиз (Хафиз) – «Ниссан-ил-ғайып» атанған: «Оның тілі ғайыптан келген», – деген мағынада». Тілге өте шебер ақын болған деп Фафиздің өлеңдерін айтып, оқып, аударып беретін. Шайх Сағадиді қызықты, мазмұнды әңгімелерге шебер жазушы болған деп, оның да бірнеше қызықты әңгімелерін айтып беретін. Солар сияқты Науаи, Фердаусилардың да не жазған, не дегенін айтып, әңгімелеп беретін.

Бұл жайт әрқашан болып тұратын. Мұхтар әкеймен жиі келіп әңгімелесетін. Қыста да Мұхтар мен арқылы әкейге хат жазып, керекті сұрақтарына жазба түрде жауап алып тұратын. Кейінде Мұхтар марқұм айтатын: «Сол кезде Шығыс әдебиеттеріне Шәкәрімдей жүйрік адам көргем жоқ. Шығыс әдебиетіне берілуіме себеп болған ұстазым – Шәкәрім!» – дейтін».

Ертеден таныс болғанына қарамастан, сол «Еңлік-Кебек» пьесасын қоюынан бастап екі ұлы сөзгердің – жас Әуезов пен көпті көрген Шәкәрімнің шығармашылық қатынасы басталды

деуге болады. Екеуі де бір тарихи жолға тартылған, екеуі де ұлттың өзін өзі басқаруының жаңғырту ісіне қатысқан, екеуі де көшпелі тұрмыстың қирауының куәгері болған.

Ақынның Февраль революциясына арнап жазған екінші шығармасынан үрейді байқаймыз. Онда «Бостандық таңы атты» өлеңіндегідей шаттық жоқ, оның орнында үлкен толғаныс бар.

Жаңа өлеңге ақын «Бостандық туы жарқырап» деген ат қойды. «Еркіндік суы сарқыраған» уақытта ақын:

Байқұс қазақ осыдан
Қала ала ма бас құрап? – деп сұрақ қояды.

Еркіндік таңына құмарлана шаттану жоқ, немесе халық, «ата-анасыз жас бала», мүмкін «ауыртпалықты жеңер» деп үміттенеді:

Жаратқан жәрдем етпесе,
Өз өнері жетпесе,
Тағы да қуып кетпесе.

Еркінсудің стихиялық нышанынан алдағы «антұрған күндердің» (И.А.Бунин) қарсаңын байқап қалған лирикалық кейіпкер бостандық сәулесінің салтанат құратынын сезіне алмайды:

Еркін тиіп қонысы,
Кеңір ме екен өрісі,
Не болады орысы,
Соны ойлайық бағалап.

Патсалық енді тірілмес,
Бұлайша билеп жүрілмес,
Николай ірі білінбес,
Айтқаным емес табалап.

Орыс әзір тына алмас,
Орнығып жұмыс қыла алмас,
Болмас па екен тайталас,
Бірін-бірі сабалап.

Қазақ қоғамдық өмірін орасан өзгерістерден дәмелендірген соңғы жағдайлар ендігі жерде жаңа өмірді құруға халықтың таңдаулы ұлдарының қатысуын талап етті. Сондықтан Шәкәрім Шыңғыстаудың етегіндегі туған ауылына жиі келіп, қаладан хабар күтетін болды.

Ол Ресейдегі жағдай туралы газеттердегі ақпаратты оқып отырды. Жақсылықтан үмітін үзбесе де, көңілінде мазасыздық күшейді: қазіргі тыныштықтың боран алдындағы толас екенін, алай-түлей алда екенін ұғына түсті.

Алашорданың арманы мен азабы

Революция жылы, 1917 жылы, саяси оқиғалар тасқындаған жыл болды. Февраль революциясынан кейін патша үкіметін ауыстырған Уақытша үкімет империя халқы үміттеніп жүрген өзін өзі басқару құқын беруге асықпады. Тіпті ұлттық мәселені шешуді ойлаған да жоқ.

Мұндай жағдайда ұлт зиялылары ұлтының тәуелсіздігі үшін, ең болмағанда, Ресей құрамында автономия құру үшін саяси қадам жасауы керек болды.

Сондықтан қазақ даласының әр аймағында облыстық съездердің бір мезгілде, бәрі де 1917 жылдың наурызы мен сәуірінде, жарыса өткізілгеніне тосын әрекет емес еді. Съездерде ұсынылған саяси талаптар әр қилы, тіпті, кейде бір-біріне кереғар да болды. Мысалы, Торғай мен Оралда өткен съездер федеративті демократиялық республика үшін дауыс беріп, кадеттердің конституциялық монархия құру бағытына қарсы шықты.

Қазақ либерал демократтары (Ә. Бөкейхан, А. Байтұрсынұлы, М. Дулатұлы) да кадеттерден кетті, бірақ олар Ресей құрамында автономиялық қазақ мемлекетін құруды («Алаш» бағдарламасы) мақсат етті. Кадеттер тек мәдени автономияны мойындады.

Зорлық пен қантөгіске қарсы шыққан алаштықтар: «Қазақтардан ертеректе тартып алынған жерлер қайтып берілсін, жергілікті тұрғындар ең алдымен жеріне ие болуы керек», – деп талап етті. Логикасы түсінікті. Мал жайылымдарын жоғалту шаруашылықтың дәстүрлі тәсілін жоғалтуға әкеп соғар еді. Билік

мұндай шаруашылықты қарабайыр, тіпті жабайы, деп санаса да, көшпелі елді мыңдаған жыл бойы асырап келе жатқан шаруашылық емес пе. Ал оның негізі көшпелі мал шаруашылығы екені белгілі.

Алайда, съездердегі бетбұрыстық тұжырымдардан байқалғандай, болшақта саяси күштерді орналастыруда тайталастың болатыны белгілі болып қалды.

1917 жылдың 27 сәуірінен 7 маусымына дейін Семей қаласында бес уезден – Семей, Павлодар, Қарқаралы, Өскемен және Зайсан уездерінен – екі жүзден аса өкілдер және көрші Ресейдің Бийск уезінен екі өкілі қатысқан облыстық съезд өтті.

Күш алып келе жатқан «Алаш» өкілдері Райымжан Марсеков, Жақып Ақбаев, Халел Ғаббасовтармен бірге Шәкәрім Құдайбердіұлы да болып съезде халықтың болашағы жөніндегі ойларын айтты.

Шәкәрімнің баяндамасының мәтіні сақталып қалмаған екен. Бірақ Сұлтанмахмұт Торайғыровтың өлеңмен жырлаған мадағы тарихта қалды:

Семейдің съезінде байқадық қой,
Екенін қарт кемеңгер әм терең ой.
Оқығандар болмаса жай қазақтан,
Онан басқа кім шықты көрсетіп бой.

Облыстық съездерді өткізу Бірінші жалпықазақтық съезді өткізуге жол ашты. Ол 1917 жылдың 21 мен 26 маусымы аралығында Орынборда өтті.

Съездің ең маңызды нәтижесі «Алаш» партиясының құрылуы болды. «Алаш» атауын Әлихан Бөкейхан бұрыннан ойлап жүрген. 1910 жылы «Қазақтар» деген тарихи очеркінде: «Алаштың мифтік атауы қазақтардың жауынгерлік ұраны болған», – деп жазады. «Қазақ тарихы» деген мақалада бұл сөзге кеңінен анықтама берген: «Жошы ханға «Алаш» деген халықтық атау берілді. Бұл «Алаш» елдің басшысы дегенді білдіреді» (Қазақ, 1913, № 7).

«Оқшау сөз» (Қазақ. 1913. № 12) мақаласында Бөкейхан қойған «Алаш деген не?» деген сұраққа бірінші болып Шәкәрім жауап береді. Басқаша айтқанда, акын әу бастан қозғалыстың

міндеттерінен хабардар болатын, оның басшылары қазақ автономиясын құрмақшы екенін білген. Бұл идеяны өте қатты қолдамаса да, қарсы шықпады.

Орынбордағы съезден кейін «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасы жарияланды. Бірінші кезектегі міндеттер ретінде жалпыға ортақ сайлау құқығы, үйлесімді ұлттық өкілеттік, демократиялық Ресей федеративтік республикасының президент билігіндегі ел болуы мен Дума заңы, Ресей құрамына кіретін автономияның теңдігі, демократиялық еркіндік, діннің мемлекеттен бөлінуі, тілдердің тең құқықтығы белгіленді.

«Оян, қазақ!» ұраны қазақ автономиясының идеясына ауысты. Қазақ зиялылары Уақытша үкіметті қолдаған кадеттер партиясынан біржола қол үзді.

«Алаш» партиясының облыстық бөлімдері де тез құрыла бастады: алдымен 1917 жылдың қазан айының басында Семейде, кейін Омбыда, қараша айының басында Орынборда құрылды. Семей облыстық комитетінің төрағасы болып Халел Ғаббасов сайланды.

1917 жылдың 25 қазанында (жаңаша 7 қараша) Петроградта Керенскийдің Уақытша үкіметі орналасқан Қысқы сарайды большевиктердің басып алғанын білдіру үшін «Аврора» крейсерінен оқ атылды. Октябрь революциясы болды. Ресейдегі билікті большевиктер басып алды.

«Алаш» партиясының өкілдері Октябрь революциясын қолдаған жоқ. Ахмет Байтұрсынов (1873-1937) кейінірек, 1919 жылы, былай деп жазды: «Февраль революциясы қазақтарға қалай түсінікті болса, Октябрь социалистік революциясы сондай түсініксіз болды. Бірінші революцияны қазақтар жақсы түсініп, қуанышпен қарсы алды, себебі, біріншіден, ол патша өкіметінің қыспағы мен зорлығынан құтқарды, екіншіден, өздерінің армандарын – өз еркімен басқаруды іске асыруға үміт сыйлады. Екінші революцияның түсініксіз болуы: қазақтарда капитализм мен тапқа бөлу жоқ, тіпті жеке меншігінде басқа халықтардай шектеу жоқ. Жұрттың көздерімен көргендерінің өзі халықты Октябрь революциясынан шошытып жіберді. Аймақтарда большевиктік қозғалыстар зорлаумен, ұрлықпен, үстемдік жасаумен болды, қысқасы, аймақтарда революция емес, бассыздық орын алды».

Осыған ұқсас ойды поэзия тілімен Шәкәрім де айтады. «Мұтылғанның өмірі» поэмасында революцияға маңызды орын берген. Оның болып жатқан оқиғаларды зер сала бақылап отырғаны байқалады:

Тағы да тарттым азабын,
Алпысқа жасым келген соң.

Құлдықтан қазақ босады,
Білмеймін, қайдан тосады.
Күн шыққанға ұсады,
Бостандық сәуле берген соң.

Әсіресе, жастарға үндеу жасағаннан кейін («Босқа жатып нетемін, / Бостандық туын көрген соң, / Әкеміз орыс десек те, / Келмеді бұл іс есепке, / Қайтадан жаттым төсекке») көп ұзамай-ақ ақын бойынан бұрынғыдай сергектікті байқай алмайсыз. Өйткені, оның көріп отырғанындай, большевиктер мен меньшевиктерге ажырап, екеуі екі дай болып тұр. Олардың арасындағы қайшылықты түсіну қиын, сондықтан ақын «сенімді үміт сөнген соң» деп жырлайды.

Балшебек пен меншебек
Партия қылды әр бөлек,
Айтып-айтпай не керек,
Орысты екі бөлген соң.

Әкеміз орыс десек те,
Келмеді бұл іс есепке.
Қайтадан жаттым төсекке,
Сенімді үміт сөнген соң.

Иә, Шәкәрімнің де кейіннен, көпшілік қазақтар сияқты, Октябрь революциясынан көңілі суыды, бірақ саяси жағдайларды мұқият бақылауды тоқтатпады. Қазақтардың ішінде бұл төңкерісті жақтайтындардың да бар екенін назардан тыс қалдырмады. Ондай қазақтардың біразы Петропавлда «Үш жүз» партиясын құрды. «Сарыарқа» газетінде (1917. №21) мынадай жеделхат жарияланған:

«Бөкейханов құрған «Алаш» партисының бағдарламасына қанағаттанбаған қазақтар өздері «Үш жүз» социалистік партиясын ашты». Партияны Көлбай Тоғысов, Мұқан Айтпенев, Ысқақ Қабекөв және басқалары басқарды. «Үш жүздің» мыңға жуық мүшесі болды: оның ішінде Петропавлда – 200, Омбыда – 450-ге жуық адам мүше болған. Партия бағдарламасы федерация құруға келіп тірелді. Үшжүздіктер большевиктерді қолдады. Бір сөзбен айтқанда, қазақ зиялылары идеологиялық ұстанымы жағынан бөлініп кетті.

1917 жылдың қарашасында Құрылтай жиналысқа (Учредительное собраниеге) аймақтардан өкілдер сайлау кезінде «Алаш» партиясы көпшілік дауысқа және 43 депутаттық орынға ие болды. «Үш жүз» партиясы жеңіліп қалды. Негізі бұл сайлауда алынған дауыстар саны бойынша (262 мың 404 дауыс) «Алаш» партиясы Ресейде құрылған жүзге жуық партияның ішінен сегізінші орын алды.

Алаш қайраткерлері алда болатын земство депутаттарына – алдымен уездік, сосын облыстық сайлауға үлкен мән берді. Ресей империясындағы жергілікті өзіндік басқару ұйымы земстволардың әлі де маңызды саяси мәні бар еді. (Олар тек 1918 жылы кеңес үкіметінің заңымен ғана жабылды).

Бөкейханов пен Дулатов «Қазақ» газетінде білімді қазақтарды аймақтардағы земстволарды басқаруды өз қолдарына алу үшін сайлауға белсенді қатысуға шақырды.

Семей облысында земствоға сайлау 1917 жылдың қараша мен желтоқсан айларында өтті. Қазақ жұртының белсенділігі орыс азаматтарына қарағанда жоғары болды. Бұл жайында С.Возмитель «Дело» газетіне «Семей уездік земствосына ашық сайлау жайында» мақаласында ренішпен былай деп жазды: «14 қарашада Земство істері жөніндегі уездік комитетте Семей уезіндегі сайлау нәтижелері қаралды. Шаруалардың мүддесін қорғай отырып, бұл уездегі земствоның орыс бөлігінің күйрегенін айтамын. 38 қырғызға екі орыстан келгені бізді қанағаттандырмайды...

Демек, жолдастар, егер біз екі орыс өкілінің қырыққа жуық қырғызға қарсы келетін, біздің арызымыз бен земстволық салымдарымыз түсетін, шаруашылық пен экономикаға қатысты жарлықтар шығаратын земствоның болашағына көз жіберсек,

Богатырев пен Парасочкин екеуі орыс жұртшылығының мүддесін қорғай ала ма? Білмеймін. Қырғыз («қазақ» деп оқыңыз. – Е.С.) өкілдері қолдамақшы, бірақ тым кеш емес пе?

Қырғыз жұрты мәселеге мүлде басқаша қарады. Олар барлық жұмыстарын қойып, тіпті сайлауға қатысуға құқығы бар адамдарды тасу үшін көлік те ұйымдастырды. Земство сайлауында олардың нәтижелері үздік болып шықты. Білімді қызметкерлердің бәрін өткізді, бір айтарлығы – тіпті, бір әйел де өтті.

Бір әйел деп отырғаны – Нәзипа Құлжанова, ол Семей қаласынан алты депутаттың ішінде уездік земствоға сайланған. Бесінші округтен депутаттардың қатарында тізімді бірінші болып «Құдайбердин Шәкәрім, Шыңғыс болысы» тұр.

Негізі, С.Возмитель дұрыс айтады: Семей уездік земствосына үздік адамдар, ұлтымыздың сол кездегі жайсаңдары өтті.

Земство сайлауына қатысуы Шәкәрімнің Екінші жалпықазақ съезіне баруына кедергі болған сияқты. Съезге арнайы шақырылып еді.

«Алаш» партиясының басшыларының съезді дереу өткізуіне, әрине, Петроградтағы қазан көтерілісі себеп болды. Уақыт өте тығыз еді. Мемлекеттік дамудың қандай бағыт алатындығы ұлттың тағдырына байланысты еді.

Екінші жалпы қазақ съезі тағы да Орынборда 1917 жылдың 5 мен 13 желтоқсан арлығында өтті. Семей облысынан Халел Ғаббасов, Әлімхан Ермеков, Тұрағұл Абайұлы, Жүмекен Оразалин, Ахмет Шағыров, Қабыш Бердалин, Ахметолла Барлыбаев қатысты. Әлихан Бөкейхановтың қолымен белгілі деген жиырма сегіз адамға шақыру қағазы жіберілді. Олардың арасында Шәкәрім де бар. Бірақ ол Орынборға келмеді.

Съезде ұлттық автономия, милиция құру, Ұлттық кеңес мәселелері қаралды. Баяндама жасағандар Әлихан Бөкейханов, Халел Ғаббасов, Мұстафа Шоқай, Жанша Досмұхамедовтер болды.

Съездің басты нәтижесі қазақ автономиясын құру жайлы шешім болды. Съездің қарарында: «Алаш» қазақ-қырғыз автономиясы деп аталады, оның жер асты, жер үсті байлықтарына Алаш ие болады. Уақытша Ұлттық Кеңес құрылсын. Ол Алашорда деп аталсын, Алашорданың уақытша орналасатын орны – Семей қаласы», – делінген.

1918 жылдың 28 қаңтарында Семейде шығатын ұлттық-аймақтық Алаш автономиясының және Алашорда үкіметінің құрылғаны ресми түрде «Сарыарқа» газетінде жарияланды.

Автономияның конституциясын Бүкілресейлік құрылтай жиналыста (Всероссийское Учредительное собрание) бекіту ұйғарылды.

1918 жылдан 1919 жылға шейін Алашорданың Орталық және Семей облыстық комитеттері Семейдің сол жақ жағалауында – Жаңа Семейде орналасты. Естен кетпес сол екі жыл Семейдің сол жақ жағалаудағы бөлігі Алаш қаласы деп аталды.

Автономия толық мемлекеттік тәуелсіздік дегенді білдірмейді. Алаштықтар мұны жақсы түсінді, Ресей империясының ғасырлар бойғы үстемдігінен кейін ешқандай күш тәуелсіздікті беруге көндіре алмайды. Бірақ «Алаш» партиясының маңызы жағынан жаңа мемлекеттің негізін салу жөніндегі тарихи шешімі, қомақты мемлекеттік ресурсқа сүйенген басқа саяси күштердің қарсылығы болмағанда, нәтижеге жетуі мүмкін еді.

Басты қарсы әрекет етуші күш большевиктер болды. Петроградтағы Октябрь көтерілісінен және Ресейдің орталық аймақтарында кеңес үкіметін құрудан кейін большевиктер, біріншіден, ішкі саяси мақсаттарды – меньшевиктер мен эсерлердің ықпалын басуды, екіншіден, кеңес өкіметін бұрынғы Ресей империясының барлық аймағына таратуды қолға алды.

1918 жылдың бірінші қаңтарында Семейде большевиктердің меньшевиктерден бөлінген Семей партиялық ұйымы ресми түрде құрылды. Большевиктер тез арада Қызыл гвардия отрядын ұйымдастырды. 28 қаңтарда жұмысшы және солдат депутаттары Кеңесі мынадай қаулы қабылдады:

«Жоғары билікті Кеңес өз қолына алуы керек және облыстық съезд кезінде Ресей Социалистік Федеративтік Республикасының Уақытша облыстық комиссариатын сайлау қажет». Облыстық әскери комиссар М.Шабанов Қызыл гвардия отрядымен бірге Семейдің маңызды мекемелерінің үстінен бақылау жасады. Большевиктер вокзалды, түрмені, банкты, почтаны, телеграфты өз қолдарына алды. Затонда жұмысшылар былғары заводын, кеме жөндейтін шеберхананы, кемежайды басып алды.

1918 жылдың 17 ақпанында таңертең қала тұрғындары Кеңестің атқару комитетінің үндеуін оқыды: «Семей қаласы мен облыс азаматтары! Еңбекшіл революциялық халықтың еркін орындай отырып, қазіргі күні Ресей Социалистік Федерациялық Республикасының құрамына кіретін жұмысшы және солдат депутаттар Кеңесі қаланы басқару билігін өз қолдарына алды. Бұл туралы хабарлай отырып, Кеңес барлық мекемелер, өндірістер және барлық азаматтарды Кеңес үкіметіне бағынып, әркім өзінің күнделікті жұмысына кірісуге шақырады».

Алашорда үкіметі өз позициясынан айрыла қойғысы келмеді. Өзеннің арғы жағындағы ауылды (Жаңа Семей) Алашорданың милиция отряды бақылауға алды.

Бірақ большевиктер алаштықтардан шапшаңырақ болып шықты. Алашорда баспа ұйымының «Сарыарқа» газетінде бұл ашық айтылды: *«Қандай болыста, қандай қалада болсын большевиктер басып алмаған жер жоқ. Кеңестен кеңес құрылып жатыр, олар бәрінің быт-шытын шығарып, қиратып, өктем билік жүргізуде»* (1918. № 15).

Шәкәрім бұл қыста Шыңғыстауға келе жатып, сол жақ жағалаудағы Алашорда кеңсесінің үстінен түсті.

Әдеби міндеттерін де ұмытпады. «Көрініске шоқынған, Сопы бізді не білсін», деп басталатын Хафиздың ғазалын аударып, «Абай» журналына тапсырды. Аударма 1918 жылғы журналдың үшінші санында басылды.

Желтоқсаннан бастап ол «Алаш» қаласында тұрды, ешқайда шықпай, уездік земствоның толыққанды мүшесі ретінде талқылауларға қатысты. Адамдармен араласып, қазақтардың болып жатқан өзгерістерді түсінуі оңайлықпен келмегенін көрді. Кеңес билігі жағында әзірше қазақтар саны аз екен, «Үш жүз» партиясының мүшелері – негізінен кіші шенеуніктер, мұғалімдер, фельдшерлер болды. Баспа беттерінде үшжүздіктер алаштықтарға тиісіп, алаштықтар өз газеттерінде қарсы жауап беріп жатты.

«Алаш» пен «Үш жүз» партияларының бәсекелестігі ұзаққа созылмады. 1918 жылдың маусымына «Үш жүз» партиясының мүшелері большевиктер жағына ауысып, партия тарап кетті.

Бірақ кеңес билігіне Алашорданың қарсылығы жалғаса берді, ақырында Алаштың күні бітті. Қауіпті 1918 жылдың басында-ақ

білуге болар еді. Қызыл гвардия мен алашорда милициясына қатар өмір сүру еш жақсылық әкелмейтіні белгілі еді.

Алашорданы жақтаушы жас жазушы Бейімбет Майлин (1896–1937) «Сарыарқа» газетінде 1918 жылдың 18 наурызында жарияланған «Алғашқы құрбан» мақаласында былай деп жазады:

«Семейдегі жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысында атты-жаяу милиция ұйымдастырылды. Бұған соңғы жылдары большевиктер қырын қарай бастады және «Жаттығуды тоқтатындар, мылтықтарыңды тапсырындар» деп бірнеше рет айтты. Біздің қорғаушы милиционерлер көңілдерінде халықты қорғаудан баска еш жаман ниеттері жоқ екенін айтып, қарсылық көрсетпеді, бірақ жаттығуларын да тоқтатпады.

6 наурызда таңертеңгі сағат 9-да біздің қарусыз жаттығу өткізіп жатқан қорғаушыларға 10-15 солдат келіп, еш себепсіз екі рет оқ атты. Оқ ешкімге тимеді. Оқтың дауысын естіген кей жігіттер қаша жөнелді, мұғалімдер семинариясының оқушысы, милиция басшысы Қазы Нұрмұхамбетұлы орнынан қозғалмастан, әбігерді тоқтату үшін: «Қайда қашып барасындар? Одан да кінәсіз өлгеніміз жақсы, бәрімізді өлтірмейді!» – деп айқай салды.

Сол арада оқтың дауысы жиі естіле бастады, оқ Қазыға да, оның атына да тиді. Оқ жігіттің тура жүрегіне тиді. Жас жігіт сол жерде қаза болды.

Жолдастары қатты жылап, басын құшақтап, қатты қайғырды».

Сыбан руының қазағы Қазы Нұрмұхамбетұлы «Алаш» қозғалысы мен кеңес үкіметінің қарсылығының бірінші құрбан болды. Жас жігіт Семейдің мұғалімдер гимназиясына 1915 жылы түсіп, 1919 жылы бітіруі керек болатын. Достарымен бірге алашорда милициясына жазылып, тіпті басқарып еді. Қазы Нұрмұхамбетұлын жерлеу 7 наурызда өтті. Марқұмды жерлеп, дұға оқылғанан кейін бірінші болып Шәкәрім сөйледі. Оны Бейімбет Майлин жаңағы мақаласында көрсетеді.

«Халайық! Мына жерде кім жатқанын білесіздер ме? – Бұл халық үшін өз өмірін құрбан еткен Алаштың бірінші азаматы. Ол өлген жоқ, ол ұлтына деген махаббатын сөзбен емес, іспен көрсетті. «Қазіргі және болашақтағы азаматтар өз халқыңды мен сияқты қорғаңдар», – деп айтып кетті».

Марқұмның аты Қазы болатын. Оның аты би, қазы дегенді білдіреді. Ол да би секілді өз сөзін айтып кетті.

Қымбатты Қазы, өліміңе өкінбе! Сен міндетіңді орындадың. Сен халық алдында да, Құдай алдында да мәртебелісің.

Оқығандар! Жастар! Бұл жолдастарыңды ұмытпаңдар. Енді оның бала-шағасының қиындығы сендердің мойындарыңда. Оның бір жасар баласы қалыпты. Оны тәрбиелеп, өсіру – барлық алаштықтардың міндеті. Сендер де қайғыра бермеңдер. Мен бүгін ғана түсіндім, Жаратқан Алашқа нағыз ұл берген екен. Мен де алтыс жыл бойы осындай халқы үшін жанын беретін адамды көргім келген. Көрдім. Енді еш өкінбестен бүгін өлсем де болады.

Қадірлі Қазыжан! Егер қадіріңді біле алмасақ, кешіргейсің. Қош бол! Жатқан жерің жайлы болсын».

Алашорда үкіметі қандай қатал қарсыластары бар екенін бағыдан-ақ түсінген. Жұмысшылар мен солдат депутаттардың большевиктер Кеңесі Алашорданы маңызды ұйым деп есептемеді, күш жинап, Алаш автономиясын құртпақшы болды. Біраз уақыт большевиктер Алашордамен қатар жүрді, күш көрсетуін де қоймады. Соңында Қазы Нұрмұхамбетұлын өлтірумен тынды.

Алашорда көсемдері большевиктер күшін анық көре отырып, кеңес үкіметін мойындайтындарын хабарлады. Ресей құрамында қазақ халқына автономия берілуін сұрап келіссөз жүргізу мақсатында орталық үкіметпен байланыстарын реттей бастады. Мысалы, 1918 жылдың 2 сәуірінде Халел Ғаббасов Семейден бірден Ленинмен және Сталинмен байланыс жасап, Мәскеумен телеграф арқылы келіссөз жүргізді. Бірақ кеңес үкіметі мәселені шешуді созбаққа салып, Алашорда үкіметін тануға асықпады. Ірі контрреволюциялық қозғалыс өршіп тұрды, кеңес үкіметіне 1917 жылғы басып алған өкілеттігін сақтап қалуды ойлауына тура келді.

Дәл сол кезде Семейдегі жергілікті большевиктер үкіметі «Алаш» партиясымен бірге барлық оппозициялық партиялардың қызмет тәртібін қатайтты. 1918 жылдың наурызында Ресей республикасының Уақытша комиссариаты алдымен эсер-меньшевиктердің «Свободная речь» газеті мен кадеттердің «Дело» газетінің, содан кейін «Қазақ» газетінің шығуына тыйым салды.

Большевиктер «Алаш» партиясының сол кездегі негізгі басылымы «Сарыарқа» газетіне де тыйым салғылары келді. Бірақ оның редакторы Халел Ғаббасов Совдептің мүшесі болатын, қазақ уәкілдерімен қатынастарын бұзбау үшін газет жабуды кейінге қалдыра тұрды. Тек мамыр айының ортасында «Сарыарқа», «Слово народа», «Абай» журналдарын жабу туралы шешім қабылданды.

Билікті акгвардиялықтар басып алған кезде, жабылып қалған басылымдар өз жұмысын жалғастырып, 1919 жылдың желтоқсан айына дейін үздіксіз шығып тұрды.

Совдеп жағынан келген қысымға қарамастан Алашорда үкіметі өздерінің «бейбіт» өмір сүрген кездерінде көп іс тындырды, нағыз халық қамын жейтін билік жасауға тырысты. Алашорданың бақылауында болған Уездік және облыстық земстволар комитеті жақсы қызмет етті. Олар ағарту, денсаулық, мал шаруашылығы, азық-түлікпен қамтамасыз ету, сот жүйесі, әлеуметтік қамсыздандыру, әкімшілік басқару мәселелерін шешуге талап қылды.

1918 жылы сәуір айында өткен Семей облыстық земствоның бірінші төтенше мәжілісі әкімшілік басқару және сот жүйесін құру мәселесін қарастырды. Нәтижесінде облыстық қазақ сотының төрағасы болып Мұқыш Боштаев, төраға орынбасары – Иманбек Тарабаев, сот мүшелері – Шәкәрім Құдайбердіұлы, Смахан Бөкейханов, кандидат ретінде Андамасов пен Теміржанов сайланды.

«Алаш» қозғалысының қатысушылары арасындағы ең жасы үлкені Шәкәрім болды, оның халықтың алдында беделі мықты болды. Сондықтан оны Алашорда сотының, нақтырақ айтқанда, Алашорда үкіметінің мүшелігіне сайлануы кездейсоқтық емес. Қазақ халқының болашағы, халық алдындағы міндет пен абырой жайлы пайымдаулары «Алаш» партиясының бағдарламасымен кейбір мәселелерге байланысты үйлеспесе де, Шәкәрім Алашорда сотының мүшелігіне сайланудан бас тартпады.

Мысалы, орыс қоныстанушыларын байланысты мәселеге Шәкәрім басқаша қарады. Қазақтардың басым көпшілігі сияқты ол да қазақ жерінің шұрайлы жерлерін қоныстанушыларға бөліп беруге қарсы болды, даланың миллиондаған қазақтарын асырайтын тек мал өрісі екені белгілі, одан айрылу қандай апатқа соқтыратынын ол жақсы білді. Алайда келімсектерді қоныстандырып қойды,

бұл – болып қойған іс, оны қаламмен сызып тастап өзгерте алмайтынымызды, өйткені олар да тірі жан екендігін түсінді. Шәкәрім «Мұтылғанның өмірінде»: «Мен ұлтшыл емеспін, / «Жақыным – мынау» демеспін», – дейді.

«Абай» журналында (1918. №3) алашордалық М. Тұрғанбаевтың «Ұлтшылдық» деген мақаласына жазған сын-пікірінде, терең пайым иесі Шәкәрім өз қағидатын былай негіздейді:

«Ұлтшылдық мәдениетті туғызса да, ақ жүрек туғызса алмайды; ақ жүрек дегеніміз – ұждан (һәмме жанға махаббат, шапағат, заділет), қазақша – тамам адам баласын бауырындай көріп, жаны ашып, әділет қылу. Осы айтылғандай ақ жүрек көбеймей тұрып, адамишылық жеңе алмайды».

Не де болса ақын Семей облысындағы оқиғалардың нақ ортасында жүрді. Бірден облыстық соттың жұмысын жөндеуге кірісіп кетті. 1918 жылғы 21 сәуірдегі «Сарыарқа» газетінде мынадай «Семей облысының барлық қазақ азаматтарына» ашық хат жариялады:

«Осы күнгі ұлық біздің қазақ сотын бекітті. Екінші қазақ арасында қандай үлкен-кіші дау болса да, қазақ соты қарамақ. Бұрын орыс солай тексерген, әзір де билік айтылмаған істің бәрін де қазақ соты қарайды. Сол себептен төменгі сөздерді біздің Семей облысындағы барша қазақ қатты ескеруі керек.

1. Арыз берген қазақ өзінің, жауапкердің һәм куәлардың тұрған жерін, қай болысқа қарайтұғынын анықтап жазу керек. Олай болмағанда шақыру қағаз қайда жіберетұғыны білінбей, арыз қараусыз қалады.

2. Арызында мал-мүлік, ақы дауласа, бәрінің бағасын сомалап, анықтап баға қойып жазу керек. Өйтпегенде ондай арыз да қаралмайды.

3. Бұрынғы орыс сотына жауап бергендей өтірік-жала, жалған куәліктерді қалдыру керек. Неге десеңіз – қазақ соты орыс сотындай жалған куә, өтірік жаланы жазасыз қалдырмайды. Өтірікке қатты жаза салады. Әнеүкүнгі март басындағы билікте өтірік куәлік айтқан бір жігіт осы күнде сот кесімімен абақтыда жатыр. «Енді қайтып өтірік айтпаймын, жаманшылық қылмаймын» деп жалынып, «кеш» деп берген арызын сот қабыл

алмады. Мұнан былай «қазақ сотының жайын білмедім, қапы болдым» дегенмен, ол сөз алынбайды. Осы айтылғандарды газеттен оқығандар өздері де ұғып, басқаға да ұғындыру керек. Қанша қуланғанмен қазақ өтірігін қазақ соты таппай қоймайтын көрінеді.

Семей областной сотының бір мүшесі Шаһкәрім».

Құжат Шәкәрімнің сот және адам ретіндегі ұстанымы мен көзқарасын дәл бейнелейді.

Дәл сол кезде сол жағалауда, Алаш қаласында, ұлттық идеяны дамытуға, қазақ мемлекеті автономиясын құруға ұлттың аянбай күш жұмсаған өкілдерінің басы қосылған екен.

Шәкәріммен бірге Алашордада көрнекті жас әдебиетшілер Мағжан Жұмабаев, Жүсіпбек Аймауытов, Сұлтанмахмұт Торайғыров, Мұхтар Әуезов, Ілияс Жансүгіров, Бейімбет Майлин, Әміре Қашаубаев, Иса Байзақов қызмет етті. Алашорда құрамында Абайдың шәкірті Көкбай Жаңатайұлы, Абайдың ұлы, Шәкәрімнің інісі Тұрағұл да болды.

Алашорданы білімді адамдар, қазақ тарихындағы жана тұлғалар – зияткер, кәсіпқой мамандар, елге жан-тәнімен берілген зиялылар Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Міржақып Дулатұлы, Халел Ғаббасұлы, Мұхаметжан Тынышпайұлы, Халел Досмұхамедұлы, Әлихан Ермекұлы, Елдес Омарұлы, Жақып Ақбайұлы, Биәхмет Сәрсенұлы, Райымжан Марсекұлы, Ахметжан Қозыбағарұлы, Мәннан Тұрғанбайұлы, Әбікей Сәтбайұлы, Біләл Сүлейұлы, Нұрғали және Нәзипа Құлжановалар басқарды.

1918 жылдың ақпан айында АҚШ, Англия, Франция, Жапония қаржылық және өндірістік аймақтарының көмегімен ақ әскерлер кеңес үкіметіне қарсы қарулы күрес бастады. Көктемге қарай әскери іс жалпыұлттық көлемге жайылды. 1922 жылғы 22 қазанға дейін созылған Азамат соғысы басталды.

Большевиктер Ресейде және Еуропада да «әлемдік революцияның» белсенді қолдауымен тапсыз коммунистік қоғам құруды мақсат етті. Ақтар жаңа Құрылтай жиналыс шақырып Ресейдің саяси құрылымы жайлы мәселені қарауды мақсат етті.

Бұрынғы Ресей империясының шеткері ұлттық аймақтарында тәуелсіздік алу үшін жүргізілген қарулы күрес Азамат соғысы майданының бір бөлігі болды. Тәуелсіздік үшін күреске «Біртұтас, бөлінбейтін Ресей» үшін соғысып жүрген ақтар жағынан да, революция күшімен ұлттық сананың өсуін көрген қызылдар жағынан да тойтарыс берілді.

Семейге ақтар келмей тұрып, Алашорда үкіметі тек большевиктердің белсенді қарсылығын ғана білетін.

25 мамырда Поволжьедең Приморьеге Транс-сібір темір жолының желісінде Чехословак корпусының шабуылы басталды. Маусымның басында ақ чехтар (ақ армияның біріккен отряды осылай аталды) біртіндеп Петропавловскіні, Павлодарды, Омбыны басып алды.

10 маусымда Семейдің кеңес өкіметінің орындары көшу туралы шешім қабылдады. 11 маусымда совет қызметкерлерімен бірге Қызыл гвардия жасағының эшелоны, жалпы саны жеті жүз адам, қаладан кетті.

Сол күні түстен кейін Алашорда үкіметі сол жақ жағалауда толық өз билігін орнатты.

Келесі күні өз биліктерінің үстемдігін білдіріп, ақтар армиясының бір бөлігі келді. Алашордалықтар Ресей құрамында болашақта автономия аламыз деген үмітпен оларға қарсы шықпады. Сол кезеңде ақ гвардияшылар да алашордалықтардың қалада, облыста шаруашылықты басқаруына қарсы болмады, большевиктермен күрес олардың бар күштерін сарқып қойғандай еді.

12 маусымда алашордалықтар, ішінде Шәкәрім де бар, Ұлттық кеңес мүшелері ретінде мәжілісте бірнеше қаулы қабылдады. Жүсіпбек Аймауытов «Абай» журналына былай деп жазды: «Алаш қаласында Алашорда ісін жүргізіп жүрген қазақтардың басшылары жиналды. Алашорданың қазіргі мақсаты – қазақ халқын жинап, автономия құру. Бұл жолда Алашорда милициясы құрылуда».

«Сибирская речь» газеті қазақ милициясының әскери отряды құрылуының рәсімін: «Семейге даладан қырғыз отряды келді. Кешкі алтыларда олар қалаға кірді. Оларға Никольский шіркеуінің алдында салтанатты түрде кездесу ұйымдастырылды. Сібір

Уақытша үкіметінің өкілі Давыдов құттықтау сөз сөйледі. Кездесу кезінде алаңға ұлттың атақты қайраткері Ә.Бөкейханов шықты. Атты әскерлер подполковник Тохтамышевтың ұсынысымен оны құрмет етіп: «Алла!» деп ұрандады. Ақ жалауларға: «Жасасын жалпыресейлік және сібірлік құрылтай!», «Жасасын Отанның адал ұлдары!» деген ұрандар жазылған», – деп суреттеді.

Осылайша адмирал Колчак басқарған Алашорда мен Сібір Уақытша үкіметінің одағы пайда болды.

Одақтастар арасындағы қатынас мінсіз болған жоқ. Бірақ осы уақытта Алашордалықтарға ең қолайлысы Семей облысын ақтардың бақылап тұрғаны еді. Олардың әкімшілік қызметін атқаруға орайлы мүмкіндік туды.

Большевиктер кезінде жабылып қалған басылымдар қайта ашылды. Барлық уездер мен облыстардың земство комитеттері суырылып шықты. Алашорданың қазақ соты да бұған қосылды.

Шәкәрім «Мұтылғанның өмірінде» былай дейді:

Семейді ақтар меңгеріп,
Қазаққа соттық жол беріп,
Сыртымнан сайлап жөн көріп,
Шақырып хабар берген соң.

Ақтар кетіп қалғанын,
Семейді қызыл алғанын,
Жолшыбай естіп барғамын,
Әділет іздеп төнген соң.

Екі шумаққа ақын Алашорда үкіметімен де, ақ гвардияшылар өкілдерімен де өзара қатынасындағы қиындықтарын сыйғызған. Ақтар кеткенге дейінгі өмір шарасыздықпен өтті, сот құрамынан шығып кетсе де, мәжбүрленгендей қылып қайтармақшы болғанын байқаймыз.

Ақтар келгенге дейін ақын сайланған Алашорда соты Сібір Уақытша үкіметі өкілдерінің толық бақылауында болды. Ақгвардияшылар Алашорда соты жазалағандарды түрмеге жібере ме әлде босата ма, – өздері шешті. Шәкәрім назаланатындай, олар шешімді жиі өзгертетін. Әрине, ақынға мұндай өктемдік ұнамады.

Оның үстіне «Алаш» партиясының қайраткерлері большевиктердің үлгісімен негізгі басшылықты қолға алмақшы болды. Бірақ Шәкәрім өзінің асқақ моральдік қағидатына жат диктатураны қабылдамады. Сондықтан да адамгершілікті тап күресі заңына бағындыруға тырысқанда мәселенің мәнісін анықтайтын пікір пайда болды: «Партия – соры халықтың, / Партия шықты жалғансыз».

Ахаттың естелігі бойынша, Шәкәрім мұны қатты уайымдап, 1918 жылдың қыркүйегінде күйіне отырып шынын айтады:

«Мен бекер тырысып жүрмін. Басшылар адамдарды түзеуге тырысып жүрген жоқ. Қашанда тартыс! Баяғы мансапқұмарлық, өзімшілдік. Солқандық, партиядан бас тартқылары келмейді! Халықты қорғап, шындықты қолдауды білмейді. Байғұс халық бастарына түскен қайғыдан басқа ештеңе көрмейді. Мен оларға үміттенудің керегі жоқ екенін білдім. Бұлар ең білімді адамдар зой. Олар халықты әділеттілік жолында алып жүреді деп ойладым. Қателесіпін!»

Шәкәрім «Егер шыншыл сот болмаса, халық ауру болады» деген халықтық қағидатты ұстанды. Алайда күн өткен сайын оның көзі әділ соттың қажеті жоқ екеніне жете түсті.

Қашанда қолында жүретін Конфуцийдің көнерген кітабын оқып отырып ол «Алаш» партиясының істерін еске түсіретін мына бір сөзді тауып алады: «Егер табиғат адамдағы мәдениетті жеңіп шықса, адам тағы болып шығады, Егер мәдениет табиғатты жеңсе, адам кітапқұмар болып шығады. Кімнің бойында табиғат пен мәдениет теңдесе, сол қадірлі адам болады».

Шәкәрім: «Алашордада Конфуций айтқан қадірлі адам қалды ма деген сауалға жауап іздеді де, Конфуцийдің: «Жақсы адамды көрсең, одан озуға тырыс; жаман адамды көрсең, өз жүрегіңді зертте», – деген сөзіне тоқтады.

Бұл дұрыс, Шәкәрімнің ойынша, өз жүрегіңді тану деген халықтың мұқтаждықтарын ұмытпау үшін жүректің халық жүрегімен қатар бірге соғуына келіп саяды.

Сонымен, Шәкәрім Шыңғыстауға қайтуға бел байлады. Ауырып жүргенін айтты. Соңғы күндердегі уайым-қайғы қатты әсер еткені соншалық, ол ауру адамдай көрінетін. Ауыратыны туралы анықтама алу да қиынға түспеді.

Алашордағылар оған сенбеді. Бірақ бұл Шәкәрім үшін ең дұрыс жол еді. Сайып келгенде, ол ақындық мінез көрсетті. Күрестің мәнсіз екенін алдын ала сезіну ауыр тиді.

Азамат соғысындағы қантөгіс алаштықтардың арманынан үміт үздірді.

«Көңіл қаяу, досым баяу...»

Шыңғыстауға келісімен Шәкәрім ауылда көп аялдаған жоқ. Еркіндік рухы оңаша мекенге, Кеңқонысқа қарай, тарта жөнелді.

Ақынға рухани абыржу кезінде оңаша тыныштық қажет болып тұр еді, рухани жарасым табу мен өзіне-өзі келіп алу, сенімін беркітіп алу үшін де оймен оңаша қалу керек болды. Сондықтан да жұлдызды аспан астында уақытын сергек оймен, саналы сәттіліктермен өткізген Шыңғыстау өзегіндегі Кеңқонысқа қайтқысы келді.

Оның поэзиялық түйсігі шығармашылық, азаттық пен қайғы күйін кешетін айрықша бір мазасыздықты сезді. Бұл оның күнделікті тіршілік қамындағы өмірі (тағы да Әупіш екеуінің қысқа дайындалатын бейнеттері) мен қоршаған орта өмірінен («сұм заманның» қанды күндерінен) безінуінің шындықтары еді.

Сөз жазамын түнімен,
Бар ұйқымды қашырып.
Тығып қойман мұны мен
Еш адамнан жасырып.
Мен кетермін, сөз қалар,
Ақ қағазға басылып.
Бозбалалар қолға алар,
Әр ауылға шашылып.

Кеңқоныста биылғы күз қиын болды.

Ол жанға зорлық адам төзгісіз болып бара жатқанын сезгеннен кейін Алашордадан кетуді ұйғарды. Алашорда ақыры қазақтарға автономия алып бере алмады. «Автономия» – өз заңың деген сөз. Сыртқы факторлар да, ішкі факторлар да Алашорданың адымын

аштырмады. Метрополия халықтың еркіндігін мойындамады, ал қоғам бұған лайық болмады, нақтырақ айтқанда, қоғам болмыстың жаңа заңдарын жасап үлгермеді.

Содан Шәкәрім өз автономиясын, рух пен ой дербестігін, салып алды. Өзі негіздеген, өзі заңдастырған әлдебір дербестік. Бұл қыста ол «Қош, жұртым» деген өлеңін шығарды.

Бірақ қоштасқан емес, тұрғысын белгілеген болып шықты. Өз идеяларының әлеміне кетер алдында философ ақын 1917 жылғы қазан көтерілісінен кейін болған шындыққа жүгінеді. Ол шындық белгілі себептерді – өмірдің жаңаруынан, «еңбектің жанатынынан» дәмелендірген «бостандық таңын», «қараңғыда қалған елін» бейнелейді. Оның қаламынан «шарлаған ойлардан» түңілген кейіпкер «Қорқытпайды мені ажал, Арман емес өлгенім» деп батыл қоштасады:

Шарлайсың, ойым, шарлайсың,
Алыстан мені барлайсың.
Таяу тұр ажал алдыңда,
Сарынға салып сарнайсың,
Мақсұтың не ендігі?

Түрлі хронотоптарды, «ана жақтағы» революциялық пен «мұндағы» тақуалықты, қатарластырған ақын қилы заман қайраткерлерінің адамгершілік императивтеріне қайта-қайта оралады. Оның азаптан шыққан асыл нақылдары: «дағдысы бойға сіңген күндестік пен мақтанышты тастауды», «адал жолға бастауды», жеңіл ұранға ақылдың алданбауын, еңбек мәдениетін орнықтыруды өсиет етеді.

Қысы суық 1918-1919 жылдары ол қайтадан Ақиқатты түсіну жолына түсті. Ақиқатты түсіну деген, оның ұғымында, үздіксіз шығармашылық еді. Жасампаздық дегеніміздің өзі – болмыстың қасиеті. Ал болмыс дегеніміз – бостандық.

Ахат бұл болмыстың бір көрінісін жазып алыпты:

«1918 жылдың қысында, он төрт жасынан біздің ауылда болған руы керей «Әуіш» деген жолдасын қайтарып жіберіп, өзі жалғыз жататын болды.

Әуіш келген соң ауылдағылар шошып қалды. Әуіш келген жайын баяндады. Бір күні оған әкей: «Түйе саууды үйрет», – дейді. Әуіш: «Оның керегі не сізге? Үстіңізге сүт шашырайды», – дегеніне болмай, түйені қалай саууды үйренеді. Онан соң бір күні Әуішке айтады: «Сен елге қайт, мен жалғыз жатамын» – дейді. Әуіш: «Қайтпаймын!» – дейді. Әкей: «Жоқ, Әуіш! Сен мені ұғасың. Менің қайғы-қуанышыма ортақ екеніңді білемін. Шын маған жаңың ашыса, елге бар. Мен сенің еркіңді байлап, неше жыл қасымда ұстадым. Әрине, сен менің қасымда болғаныңа ренжімейтініңді жақсы білемін. Бірақ адамның еркін билеу – құлдықта ұстаумен бірдей. Мен енді құс салып жатқам жоқ. Ендігі бітіретінім – жазу, өз тамағымды өзім істеп, су әкелуге, от жағуға, атқа, түйеге даяр шөпті салуға шамам келеді. Мені ұқсаң, аясаң елге қайт, – дейді».

Өзінің адал серігіне ақын «Серігім – жалғыз Әуіш қасымдағы» деген өлеңін арнады.

Шыдамды, түсінігі мол, адал досына деген құрметі мен алғысын білдіретін өлеңнен Шәкәрімнің де, Әуіштің де адал өмір сүретін адамдар екені көрінеді. Екеуі де классикалық шындықтың белгісіндей. Классикалық дейтініміз – олар эпостар тәрбиелеп шығарған, билердің сөзін сақтаған, ата-бабаларының адамгершілігінің ауасымен тыныстаған, этикалық қағидаттарын дала заңына ұластырған дәстүрлі ғұрыппен ғұмыр кешті.

Сондықтан да олардың оңаша үйінде жалғандық атаулыға орын болған жоқ.

Қазақ өмірінде жалғандық қашан пайда болды? Мүмкін, қазақ даласына ақша келгенде, бәлкім, көпғасырлық тарих талқысынан шыққан байырғы заңдар табиғи түрде емес, қаншалықты жоғары болса да, бөтен мәдениеттің ықпалымен келген жаңа кодекс пен заңдар жинағы тықпаланған кезде шығар.

Әуішті қызметшісі болса да, дос, «серігім» деп әлпештеп, қадірлей отыра, Шәкәрім оның тағдырының дүние жүзіне тән тарихи-әлеуметтік шындықтың жаңғырығы екенін байқататын мынадай бір түсініктеме қосады:

Әуіштер ғой өсірген малын байдың,
Еңбегі – жемі болған қомағайдың.
«Адалдық – борышым» деп санайтұғын,
Бар ниеті Әуіш пен Том ағайдың.

Түрлі мәдениеттердегі, өз өмір сүрген болмыстағы және шетел әдебиетіндегі бейнелерді қатар қойып салғастырады:

Көзіме елестейді құлдық дәуір,
Адамды «құл» деген сөз маған ауыр.
Шын ойласам екеуін салыстырып,
Том ағайдан Әуіштің несі тәуір?

Том ағайды сатады базарға айдап,
Көнбесе, басын алар, қылыш қайрап.

Өзінің тақуалық өмірінде ер тұлға қандай болуы керек екенін пайымдаған ақын оның мұның қасында, елден жырақта, жүруін құлдық тәуелділікпен байланыстырады:

Еркін байлап отырмын мен де Әуіштің,
Босаттым оны елге осыны ойлап.

Шәкәрімнің Әуішті Гарриет Бичер Стоудың белгілі «Хижина дяди Тома» (Том ағайдың балағаны) романының кейіпкерімен салыстыруы тегін емес еді. Өзін қатты қызықтырған Америкадағы құлдар тарихы жайлы кітапты осы қыста қазақ тіліне аударуды ойлап жүрген.

Әуіш елге кеткен соң, «Том ағайдың балағаны» кітабының орыс тіліндегі басылымын алып аударуға кірісті.

1919 жылдың көктемінде саят қораға әкесін көруге іздеп келген ұлы Қабыштан Шәкәрім жағымсыз тосын жаңалық – Алашорданың өзіне бойкот жариялағанын естиді.

Бұл сөзде қазақтарға ұятты бірдеңе бар сияқты көрінді. Туыстары газетте жүрген жаңалықты ақынға айтар-айтпасын білмей, ұзақ ойланды. Жергілікті журналистердің кейбірі ақынға алашордалық газеттерге жариялануға тыйым салуын

жұртты дүрліктіре жазып, тәрізі, орыс революционерлерінен үлгісі болса керек, сэнге айналған «бойкот» сөзімен көзге шұқығандай етті.

Шәкәрім бойкот дегенге абыржыған жоқ. Шәкәрімнің қоғамдық қызметтегі қиындықтары жайлы білетін туыстары ақынға қолдау көрсетті, тіпті бойкотқа да қарамастан сол күндері оны тағы да сотқа төрелікке ұсынды.

Шығыс Қазақстан облысының қазіргі заман тарихы құжаттары орталығында, Семей қаласында, 1919 жылдың 29 шілдесіндегі Шыңғыс болысы меңгерушісінің қолы қойылған құжат – Семей уездік земствосының басқармасына жіберілген 1920 жылға Шыңғыс болысы бойынша халық соты қызметіне құқы бар адамдардың тізімі сақталған. Бұл тізімде: «Құдайбердин Шәкәрім, 60 жаста, сауатты, №2 ауыл» деп жазылған. Түптей келгенде, бойкот баянды болған жоқ. Алашордада бұл әрекеттің ақымақтық екенін түсінгендер табылып, ақынды ушықтауды тоқтатады.

Оның үстіне Азамат соғысының жағдайы өзгерді. Енді есеп айырысатын кез емес еді. 1919 жылдың күзінде Қызыл армияның Шығыс майданының әскерлері Батыс Сібір мен Қазақстанға кірді. Ақтар кейін шегінді.

Қарашада қызылдар Павлодар, Камень, Рубцовка мен Ауыл станцияларын басып алды. Қанша күші болса да колчакшылар Семейде қалатынына сенбеді. Ақтардың жергілікті бақылау бөлімінің бастығы 1919 жылдың 5 қарашасындағы мәлідемесінде былай деп жазады: «Әдепкі соғыс болса, Семей сияқты «бекініс» басты орын бола алар еді, бірақ азамат соғысы болған соң бұлай деп болжау, тәрізі, қиын. Біз тылдың майданмен байланысына сенбейміз. Ертістің қарсы жағында көтерілістің тұтануы мүмкін емес деп айта алмаймыз, себебі онда большевиктік пиғылдағы әскер бөлімі – теміржол батальоны бар».

Қаладан Сібір уақытша үкіметінің шенеуніктері, офицерлер, көпестер, өнеркәсіпшілер қаша бастады.

Большевиктер ұйымдастырған астыртын орталық 30 қарашада кешке қарай қалада көтеріліс жасады. Таңертең 1 желтоқсанда Семей қаласы ақтардан босатылды. Ақгвардияшылар корпусының командирі атаман Анненковқа телеграмма жіберді: «Барлық

бөлімдер көтеріліске шықты, Семейде қалдық, менімен бірге елуге жуық офицерлер кейін қайтты».

Қала билігі Әскери-революциялық комитетке көшті.

Алашордалықтар, барлық қазақтар сияқты, Азамат соғысын тек ресейлік қақтығыс деп есептеп жауынгерлік істерге қатыспады.

10 желтоқсанда Семейге тұрақты Қызыл армияның алдыңғы шептегі бөлімшесі кірді. Қалада көп тұрақтамай олар Өскеменге, Зайсанға, Сергиопольге шабуыл жасауға кетті. 1920 жылдың наурыз айының соңында ақгвардияшылар бөлімінің қалғаны Қытай асты. Семей және Жетісу облыстары толық Кеңес үкіметінің билігіне көшті.

Ресейдегі Азамат соғысы 1922 жылдың қазан айына дейін созылды. Оның салдары мемлекетті ауыр экономикалық жағдайға соқтырды. Ең қиыны миллиондаған адам өмірінің қиылуы еді.

Қазақтар үздіксіз революциялық өзгерістер болып тұрғанда кеңес үкіметінің құрылуына сақтықпен қарады. Дей тұрсақ та, «Степная правда» газеті 1919 жылдың 25 желтоқсанында былай деп жазды: «Мұсылман тұрғындардың арасында Кеңестік Ресейдің жұмысшы-шаруа үкіметімен толық ынтымақтастық пен келісімді байқаймыз. Бұрынғы колчак жандайшаптарының қысымы мен талқандауына ұшыраған мұсылман жұртшылығы енді кімнің дос, кімнің жау екенін анық біледі».

Жаңа өкіметпен өзара қатынасты Шәкәрім «Мұтылғанның өмірінде» сәл басқашалау суреттейді:

Қызылдан шыққан көп әскер,
Оннан, бестен топ әскер,
«Ақтан қалған қару бер», –
Деп қазаққа жеткен кез.

Кейбіреулер жалданып,
Қорқытып ақша, малды алып,
Арыз айтсаң, шамданып,
Әркімге зиян еткен кез.
Қазақтан ұлық сайланды,
Аяндап, шаруа жайланды,

<...>

Ақжүрек атын тағынған,
Аузымен заңға бағынған,
Қой терісін жамылған,
Арылмады арам без.

Қазақтан қалмай партия,
Көбейді сұм мен сұрқия,
Келген жастар ел тыя,
Қабыл алып өсек сөз.

Ақын сыншыл, сонымен бірге бағалауда ойлы. Қызылдардың алғашқы келген күніндегі жүгенсіздігін еске түсіреді. Бірақ қарсылықты басқаннан кейін өмір дұрыстала бастады: «Бұлттар бірден тарқады».

Қазақтардың көбі Совет үкіметіне қуануға асықпады, бірақ жақсыларды билікке жақындатқан сияқты дейді Шәкәрім. Онысы рас. Большевиктер партиясы ұлттық аймақтарда байырғы ұлт өкілдерін партияға алуда икемді әдісті пайдаланды. Семей облысында Кеңес үкіметін орната салып, большевиктер облыстық және уездік партия комитеттерінде мұсылман, қазақ секциясын құрды.

Барлық жерде осылай болды. Соңында кеңес үкіметінің алғашқы үш жылында бес мыңнан көп қазақ большевиктердің коммунистік партиясына тартылды.

Қазақтарды тарту әдісімен большевиктер өз қатарларына Алашордалықтарды да қосты. 1919 жылдың 10 шілдесінде Ленин «Кеңес Халық Комиссарларының Қырғыз аймағын басқару бойынша Революциялық комитеті жайлы Уақытша ережеге» қол қойды. Комитет құрамына Ахмет Байтұрсынов та кірді.

Ал Семейден ақгвардияшыларды қуғаннан кейін өкіметтік құрылымдар құру бастамасы бірден қазақ зиялыларынан большевиктер партиясына көшті. Жаңа үкімет алашорданың басқару құрылымын қысқарта бастады. «Сарыарқа», «Алаш» газеттері, Мұхтар Әуезов пен Жүсіпбек Аймауытов редакторлық жасаған «Абай» журналы жабылды.

Содан кейін 1920 жылдың 5 наурызында Қырғыз өлкесін басқару бойынша Әскери-революциялық комитеттің шешімімен Алашорданың Батыс бөлімі қысқартылды.

Ахмет Байтұрсыновтың қатысуынсыз Ревкомның мәжілісі өтті. Қабылданған хаттамада былай делінген: «Тұрғындарға Ревком мен Алашорданың арасында ешқандай келісім-шарттың болмағаны жайлы, ал алашордалықтардың олардың қатарына өтуі жайлы Ревкомның 21 қаңтардағы №253 жауабында көрсетілген, яғни олардың бұрынғы істеріне тиіспеу және кешірім жасау өз күшін сақтайды деп газеттерге жариялансын».

Құжаттан алашордалықтардың совет үкіметімен ымыра жасауға тырысқанын және Ревкоммен бірігуге де дайын болғанын түсінуге болады. Бірақ большевиктер партиясының күшті болғаны соншалық, келісім жасауға мұқтаж емес еді.

Әлихан Бөкейхан ол кезде Ревкомның құрамында болғандықтан бейтарап қалуына тура келді. Келіссөздерге оны қатыстырмады.

Бұл кездегі жағдайға ревком тарапынан мынадай түсінктеме беріледі: «Қырғыз облыстары енді 1920 жылдың шілдесінде шақырылатын Жалпықырғыз съезіне дейін және Қырғызия жалғыз ғана заңды кеңес үкіметі деп таңдай алатын, РСФСР Халық Комиссарлары Кеңесі тағайындаған Ревком арқылы басқарылады. Сондықтан Алашорданың Ревкоммен қосылуы Халық Комиссарлары Кеңесі Қырғыз Әскери ревкомының құрамына Алашорданың кейбір мүшелерін кіргізуі арқылы іске асырылады»

1920 жылдың күзіне қарай Алашорда үкіметі біржола тоқтатылды. «Алаш» партиясы да өз қызметін тоқтатты.

Алашорданың көптеген мүшелері РСФСР ОАК арнайы шешімімен жарияланған амнистияны (кешірім жасау) пайдаланып, большевиктерге қосылды. Бірақ ешқандай келісімге қарамастан олардың ешқайсысы кейінгі он жыл ішінде болған репрессиядан (қуғындау) қашып құтыла алмады.

Осылайша қазақ мәдениеті өкілдерінің «Алаш» партиясы мемлекеттік тәуелсіздікке жол ашатын автономия идеясын іске асыра алмады. Мүмкіндік болды. Бірақ тәуелсіздіктің алыстауына объективті, субъективті себептер әсер етті. «Алаш» партиясы негізінен зиялылардың аз ғана бөлігін біріктірді. Көпшілігі сауатсыз далалықтардан тұратын қазақ қоғамы партия көсемдерінің адалдық, гуманизм, тәуелсіздік туралы идеяларын қолдауға асықпады. Бұл, негізінен, объективтік жағдай. «Алаш» партиясының өкілдері

ұлттың саяси мүддесін нығайта алмады. Олар көпшілікке болыстық деңгейдегі басқарушылар арқылы ғана әсер етті. 1918 жылдың ортасына қарай Алашорда қоғамның ауқатты табының ықпалында қалды. Ауқатты қазақтар автономияны өз билігінің кеңеюі мен нығаюы деп қабылдады. Оның үстіне «Алаш» партиясында үш фракциясының – Семей, Батыс (Орал) және Түркістан фракцияларының арасында келіспеушілік болды. Бұл – субъективті жағдайлар.

1918 жылдың 11 маусымында Алашорданың халықтың жағдайына қарамай түтін бас 100 сомнан салық жинау қажеттігін жариялағанынан халықтың біржола көңілі суып қалды. Сонымен бірге «Алаш» партиясы өздерінің бағдарламасындағы салық алудың мүлік жағдайына байланысты болып, байлар көп төлеп, кедейлер аз төлейді деген уәделерінен тайды.

Ең басты объективті жағдай – ресейлік басшылардың автономия беруден бас тартуы еді. Бұрынғы Ресей империясының барлық аймақтары, большевиктер көсемдерінің ұғымынша, социалистік құрылысқа біртұтас мемлекет құрамында қатысуы керек еді.

Халық Комиссары (Нарком) Иосиф Сталин 1918 жылдың 7 сәуірінде Әліби Жангелдинге жіберген жеделхатында ұлтшылдардың мақсатын былай түсіндіреді: «Буржуазиялық-ұлттық топтар автономияны өздерінің бұқарасын бағынышты қылу құралына айналдыру үшін сұрайды».

Алашорданың орталыққа қарсы тұратын не материалдық, не қаржылай, не әскери қоры болмады.

Екі жыл ішінде, 1917 жылдың желтоқсанынан 1919 жылдың күзіне дейін, Алашорда қызмет жасаған кезде қазақтар өз мемлекетіміз болып қалар деген үмітпен өмір сүрді.

Бұл екі жылда олардың толық мемлекеті болды деп тұжырымдау қиын. Егер мемлекеттіліктің классикалық белгілері жайлы айтар болсақ, онда Алаш автономиясында өз конституциясы, өз ақша жүйесі, әскери күші болмады. Көршілермен шекараны да бөліспеді. Ресейде Азамат соғысы болғаны түсінікті. Бірақ ол біткен соң, қандай жағдай болмасын егемендік мәселесін, басқа мемлекеттердің мойындауын, шешу керек еді. Кеңестік Ресей Алашорданы соғыс біткенге дейін-ақ мойындаған жоқ.

Бұлардың бәріне қарамастан «Алаш» қозғалысы зәбір шеккен халықтың құлаған бостандық туын көтеріп, ұлттың өзіндік санасына әсер етті. Алашорданың тарихи мәні сонда, ол ерте ме, кеш пе болатын қазақ мемлекеттігін көптеген жылдар бұрын бағдарламалап қойған еді.

«Алаш» партиясының көсемдері жеке мүдделерімен санаспай ең жоғарғы мақсатқа, ел тәуелсіздігіне, қол жеткізуге тырысты. Бұлар дәуір бұрылысында туған, жан-тәнімен берілген халықтың нағыз қаһармандары еді. Бұлардың қатарына, әрине, 1918 жылдың күзінде кетіп, қаскөйлердің бойкот жариялағанына қарамастан, Алашорданың нақты мүшесі болған Шәкәрімді де жатқызу керек.

1920–1924 жылдар аралығында большевиктер партиясы алаштықтардың автономияландыру идеясын іске асырғандай болып, қазақ жерін тұтас автономды мемлекеттік құрылымға біріктіруді аяқтады. 1920 жылдың тамыз айында қазақ даласында РСФСР құрамында Қырғыз Автономды Кеңес Социалистік Республикасы жарияланып, астанасы Орынбор болды. 1925 жылы Қырғыз АССР-ы Қазақ ААСР-ына ауыстырылды: тек осы актімен ғана халық атауындағы тарихи былық жөнделді. Астана Орынбордан Қызылордаға ауыстырылды. Бірақ жарияланған автономия қазақ мүддесіне орайласқан жоқ және «Алаш» қозғалысы ұсынған автономиямен еш қатысы да болмады. Республиканы басқару Мәскеудің бақылауында болды, тәуелсіз мемлекеттің нышаны да білінбеді.

Бұл уақытта Шәкәрім, басқа да қазақ ақындары сияқты, кеңестік құрылымды мақтайтын өлеңдер жазбады. Оны ақтар да шабыттандырмады, «қызыл» террормен қорқытқан большевиктер де қуантпады.

Билеушілер мен өкіметтік тәртіптерді мақтау оның әдетінде болған жоқ. Февраль революциясынан кейін жазған «Бостандық таңы атты» өлеңі оның шығармашылығындағы жалғыз мадақ өлең болып қалды. Ол кезде ақын қазақтарға еркіндік күні туады деп шын көңілімен сенді. Шындықтан үміт үзілді. 1919 жылы жазған бір өлеңінде совет үкіметінің орнауын ақын құмда соғылған сарайға теңейді:

Құбылмалы сарай бұл,
Құм үстіне салынған.
Сансыз байдан қалған тұл,
Жарай ма, оған жалынған?

Бұл сарай бейнесі Шәкәрімде жеке мен жалпының өзара әсерінен өрнектелген. Болашақ мемлекетінің найзағай метафорасы (мәтінде «сағым») ретінде, азаттық уәдесі ретіндегі мифологемасы мұнарланып көз жеткізбейді, сондықтан ондай мемлекеттің тартылыс күші де жоқ:

Өмір үйі желде тұр,
Үміт үйі – сағымда.
Көз жетпейтін көлде тұр,
Іздеген ерік бағында.

Жасыл күмбез ішінде
Жан-тәнімен кім азат?
Бұл тіршілік тұсында,
Бола алмайсың шын азат.

Шәкәрім төніп келе жатқан трагедияны күні бұрын білді, оның ақыл қайғысына төзімді болу үрдісі осыдан көрінеді:

Қабағынды аш, қайғырма,
Берілгенге разы бол.
Анық ойдан айрылма,
Ашылған жоқ еркін жол.

Ақын ауылға қайтып келген кезде, оның ел алдындағы қажылық абырой-беделі әлі сол қалпында болатын, көмекке мұқтаж боп келген ағайындардың, тағы да басқа бір нәрсе сұрап келгендердің, қонақтардың легі азаймады. 1928 жылы Шәкәрім үйінде, тіпті, кеңес үкіметінің рұқсатымен қазақ даласымен танысу сапарында жүрген неміс дәрігері, ғалым, профессор Макс Кучинский де қонақ болыпты.

Кучинскиймен, орыс аудармашысынан (латыш) басқа, дәрігерлік оқудағы жас қазақ Қошке Кеменгеров те бірге жүрді.

Жас жігіт Мұхта Әуезовті жақсы біледі екен, сондықтан оның туған ауылы Бөрліге қонаққа барады.

Мұхтар Әуезов 1919 жылы коммунистік партия қатарына кіріп, сол жылдың қазан айынан бастап Колчакқа қарсы күрескен жасырын ұйымда болған. Қызылдар келісімен желтоқсан айында облыстық Ревкомның бұратаналар бөлімшесінің меңгерушісі қызметінде болды. Сонан соң жаңа үкіметтің маңызды шенеунігі, губерниялық атқару комитетінің мүшесі болды.

Макс Кучинский көпті көрген қазақпен әңгімелескісі келді. Мұхтар Әуезов қонақты ұстазы, шығармашылық жағынан үлкен ағасы Шәкәрімге ертіп барды.

Кучинский Шәкәрімнен дәстүрлі мәдениет, қазақ ақындары мен халық ауыз әдебиетінің түрлері жайлы көп сұрастырды. Қазақшадан орысшаға көбінесе Мұхтар Әуезов аударып отырды. Қарттың философиялық зерттеулері жайлы білген Кучинский ақыннан оқыған кітаптары жайлы сұрап, атақты философтарға деген дүниетанымдық көзқарастарын білгісі келді.

Құрбан айт мерекесінде қонаққа арнап бәйге өткізді, тіпті, қонақты жорғаға мінгізіп көрген екен. Содан кейін көкпар және күрес өткізген. Кешке қонақ домбыра мен скрипкадан қазақ және орыс әуендерін тындап, жазып алып, көргендерін қарындашпен суретке салып алды. Ол қатты риза болып, рақат бір күй кешкен екен. Күндіз көрші үйлерге қонаққа барып, өзенге шомылып, қымыз ішті. Кучинский қазақтардың ағзасының соншама ет пен қымызды қалай сіңіретініне таң қалды, қазақтардың кешке жеген еттері неміс отбасына бір айға жететінін айтты. Ол қазақ тағамдарын нақтылап жазып алып, дәрігер ғалым ретінде оларға өз бағасын берді.

Ахаттың сөзінше, неміс ғалымы қоштасарда Шәкәрімге: «Мен сізбен кездесіп, әңгімелескенім үшін бақыттымын. Сізді нағыз ғалым, дала ойшылы деп білемін! Үйге барысымен даладаға өмір жайлы кітап жазамын. Егер мүмкіндік болса, тағы келемін. Қазақ тілін үйренгім келеді, ал сіз неміс тілін үйреніңіз. Сонда ешқандай аудармашысыз әңгімелесеміз», – деп аттаныпты.

Отанына оралған соң Макс Кучинский «Дала және оның халқы» кітабын жазып, басып шығарады. Ал Мұхтар Әуезов ақынға шығармаларын жариялауға көмек беруге уәде берді. Алдымен

«Ләйлі-Мәжнүн» поэмасының қолжазбасын алып кетті. Шәкәрім өте жоғары бағалаған жас қайраткер, шығармашыл талант иесі сөзінде тұрды. Әуезовтің саяси мансабы сол кезде шарықтау шегіне жеткен еді. Ол Қазақ автономиясының ОАК мүшесі болды, 1921 жылдың желтоқсанында Мәскеуде өткен Кеңестің ІХ Жалпыресейлік съезінің депутаты болды. Бірақ 1922 жылдың күзінде жиырма жастағы Мұхтар Әуезов Орынбордағы ірі мемлекеттік лауазымын тастап, Ташкенттегі Орта Азия университетінің еркін тыңдаушысы болып оқуға түседі.

Сол кезде ғана «Ләйлі-Мәжнүн» поэмасын жариялауға мүмкіндік болды. Ташкентте «Шолпан» журналының 2–5-ші және 6–8-ші нөмірлерінде 1922-1923 жылдар аралығында шықты. Бірақ Шәкәрім басылымдағы теруден кеткен қателердің көптігіне қатты ренжіді.

Нақты тарихи жағдайда биліктегі партия халыққа дайын шешімдер мен жалпы ережелерді зорлап мәжбүрлеген кезде, Шәкәрім өлең жазып, болмыстың негізгі мәселелерімен бірге «Енді өмір қалай болады? Еркіндік жоқ жерде адам өзін қалай ұстау керек? Ұждан мен намысты қалай сақтау керек?» сияқты метафизикалық мәселелерді де қозғады. Ұрпаққа арнаған бұл мәселелердің экзистенциалдық та мәні бар еді:

Ей, жастар, қалай дейсің бұл дүние,
Мұны бүйтіп жаратқан қандай кие?

Ғалам түнегінде қандай құпия жасырынған? Мұхитқа тозандай ғана тұз салынса, қанша бөлікке бөлінер еді? Жұпардан неше жыл иіс шығады? Міне, осы сияқты тосын сауалдар қояды «Қараңғы мен жарықты жүрміз өлшеп...» өлеңінде. Жауабын іздеп 1922 жылғы «Тау басындағы ой» деп атаған өлеңдер топтамасын жазады:

Шыққаным – Шыңғыстағы бір биік тау,
Жақсы екен тауға шығып тағдыр сынау.
«Қайырлы түн болсын» деп үнсіз айтып,
Күн кеткен соң түн келді қараңғылау.

Тек суық қысқы кеште қыстауда жалғыз жатып, буындарының ауыруы жанына батып, рухани уайымы ұлғайып жылдардың өтіп бара жатқанын сезінді. Осындай мұнайған кездерде ол шерін өлеңге төкті:

Көкіректе толған шер, көңіл қаяу,
Ермейсің деп елім жау, досым баяу.
Сүйер кісім, сүйенер жақыным жоқ,
Бір өзіне сыйындым, бір құдай-ау!

Жас алпыстан асқан соң,
Өлімге аяқ басқан соң,
Тіршіліктен оянып,
Көзімді анық ашқан соң.

Хақиқаттың қымызын
Ішіп, бүгін мас едім,
Тазалап жүрек ындызын,
Нәрестедей жас едім.

БЕСІНШІ БӨЛІМ

ҰЖДАН ІЛІМІ: АҚЫН ЖӘНЕ АҚИҚАТ

Ақынның соңғы саясы

1923 жылдың жазында ақын «Қазақ тілі» газетінің редакторынан мақалалар жазып жіберіп тұруды сұраған хат алды.

Шәкәрім кезінде Алашорданың қиындықтарымен тоқтап қалған белсенді публицистикалық жұмысын қайта жаңғыртты. Мысалға, 1924 жылы «Қазақ тілі» газетінде әдебиеттану мәселелеріне қатысты ғажап екі мақаласын – «Қазақ тілі» газетінің басқармасына өтініш» (№3 (412) 1924 жылдың 31 қаңтарынан) және «Сынау һәм сынауды сынау» (№26 (425) 1924 жылдың 4 наурызынан) жариялаған болатын.

«Мен қазақ газеттері мен журналдар шыққалы, оларды оқып жүремін, дегенмен барлық номерлерді оқып шығу әрдайым қолымнан келе бермейді»-, деп жазады Шәкәрім. – Мен басқа авторлардың мәтіндерін орынсыз және біржақты зерттеуге салатын зиялы қазақ тұлғаларының сыни мәтіндеріне әрдайым зейін қойып, оқимын».

Ол бұрын да өлеңдерінде әдебиеттің мақсаттары көкке ұмтылған мұнаралардың ұшы сияқты биік әрі қауіпті деп есептеп, осы себептен де әдеби сынды жоғары ғылыми дәрежеге қою қажеттігін алға тартқан. Осы орайда оның төмендегідей мысалға сүйенуі де осы себептен:

«Танымал көнетүркі ақын Физули күндердің бірінде былай депті: «О, Құдайым! Менің поэзиямды үш жүзі қарадан сақтай гөр! Біріншіден, поэзия жөнінде түсінігі жоқ адамнан құтқара гөр, – ол жақсы өлеңдерді жаманнан ажырата алмайды. Екіншіден, күншіл адамнан сақта, – мұндай адам жақсы шыққан өлеңді жаман дегізіп, түпкі және шынайы мағынасын кері айналдыруы

мүмкін. Үшіншіден, жауапкерсіз жазғыштардан аулақ қыл, – олар ақынның сөзін жалған жеткізуі мүмкін».

Әдебиеттанудың «аңыздық» эстетикасына сүйене отырып, Шәкәрім өз шығармасының журналға жарияланған мәтіннің көңілден шықпағанына назалана отырып мысал етеді:

«Ташкенттегі «Шолпан» атты журналы менің өлең қылған «Ләйлі мен Мәжнүн» әңгімесін соншалық көп қате қылып басыпты. Оны түзеу қайтадан бір кітап жазғаннан қиын».

«Сынау һәм сынауды сынау» атты мақаласында ақын қазақ әдебиетінің болашағы қатты қарауытып тұрған кезеңде шыншыл, айғақты сын жөнінде ой толғайды. Әділ, орынсыз және ызалы айыптауы жоқ сыни көзқарас әдебиеттің дамуына септігін тигізуі мүмкін деген ұйғарым жасайды:

«Менің ойымша, сын кекеу – мысқыл, күндеу – өзімшілдік, айла – қиянаттан аулақ болса екен деймін. Мұндай іс-әрекетке кіріскен сыннан сын иесі түгіл, халыққа көп зиян шығады. Себебі кекетіп мазақталушының неше мыңнан бірі болмаса, кек құмай, ыза болмай қалмайды. Сондықтан сыншылар аталған жаман мінездерден аулақ отырып, таза жүрекпен сынау жөн. «Менің ойымша, кемшілігі — мынау, оған дәлелім — мынау!» деген жөн.

Сыналушылар да өз ісіне сын салынғанды көргенде ыза, өзімшіл, мақтанды әбден жоғалтып, салқын қан, таза көңілмен сын айнасына бұзылмай қарау керек. Егерде сын дұрыс болса, бас иіп, мойындау керек. Міне, адамның ең толығы — осындайлар. Олар ондай жерде кек, өзімшілдік деген антұрғанға құл болмақ түгілі, мінін тапқандарға мың рахмет айтады.

Сыншы, сыналушының бірін жақтаушылары да осы жолды қолдануы керек. Өзге достың өз алдына, бұл сын деген — жаратылыс ағымының әділ таразысы, таза елегі. Оны қиянатпен аудару, не електің көзін бітеймін деу — сау ақыл алдында зор жазалы!

Менің ойымша, ондай ұлы сынау жалпы жұрттың көбірегі істеп жүрген жаман әдеттерден жирендіріп, жігерлендіру үшін ғана керек, я болмаса әдейі көпке зиян келтіру үшін сөздер жазып, іс қылғандар туралы жөн. Әйтпесе, бір кісінің ғана қатесі, я сенің көңіліңе жақпаған бір қылығы үшін кекеп нұқудың пайдасы жоқ, зияны көп.

Және бір сөз: менің ойымша, атақ алу үшін қылған іс, айтылған сөзде нағыз тазалық болмайды. Не тіршілікте, не артқыларға ат қалдыру дегенді тіпті миыма қондыра алмаймын. Себебі сіз мақтау, жоқтау керек қылмасаңыз да, қылған іс, айтылған сөзіңіз жаратылыс ағымының талқысына салынбақшы. Ол сіздің ісіңіздің бағасын, салмағын ашпай қоймайды. Сондықтан не іс қылсаңыз да, атақ үшін қылмай, көпке пайда қылу, я көпті зияннан құтқару үшін істеу жөн.

«Сынаушы кім болу керек» деген сөзге айтатыным: айтуға әркім ерікті болғаны сияқты, сынауға да әркім ерікті. Бірақ нағыз таза сыншы, жоғарыда айтылғандай, жаман мінез, теріс қылықтар науқасынан таза, сау ақыл! Ондай ақылдың сынын бүгінгілер алмаса да, кейінгі әбден ақыл көзі ашылғандар алатынына дау жоқ.

Сөз қорытындысы: сыншы да, сыналуды да, жақтауды да тапса да, таппаса да — таза жүректен істеу жөн. Егер олай болмай, біздің қазақтың сыншы, сыналуды, жақтаушылары бүйтіп кекеу – мысқыл мақтау – өзімішл, айла – күншілдікпен жүре берсе, қазақ сорлыға «Топырағың жеңіл болып, алдыңнан жарылқасын!» деп күдер үзіп отырамыз-дағы!».

Басылымдармен байланыс жасап тұрғанының нақты пайдасы тиді. «Дала уәлаятының газеті» және «Қазақ тілі» газетінің редакторларымен хат алмасудың арқасында 1924 жылдың шілдесінде Пушкиннің «Дубровский» повесінің Шәкәрім жасаған поэтикалық аудармасы басылып шықты.

Қолдан қолға өтіп жүрген аударманың қолжазба нұсқаларының бірі сол кездегі қазақ баспаларын тексеруден өткізіп жүрген Семейлік губерниялық комиссия мүшелерінің қолына тиді. Комиссияның төрағасы Шаймерден Тоқжігітов, комиссия мүшелері Имам Әлімбеков пен Сәбит Дөңентаев «Дубровский туралы әңгімеге» жазған алғысөздерінде: «Бұл шығарманың жазылғанына көп болыпты, бірақ автор оны халыққа тек қолжазба түрінде ғана тарата алды. Мұндай қолжазбалардың біреуі комиссияның қолына түсті. Шығарманың авторын анықтай сала, біз жазушының өзінен қолжазбаның түпнұсқасын алып, қазіргі шрифтке аударып, баспаға жібердік», – деп хабарлайды.

Шәкәрім «Дубровский» туралы әңгіменің басылып шыққанына қуанып, бұрынырақта аяқталған еңбектерін баспаға дайындай бастады.

Сол кезде, 1924 жылдың жазында, Шәкәрім күтпеген жерден Кеңқоныстағы баспанасынан айырылды. Жаңа биліктің бейуаздығына сенбегендіктен, Шәкәрім оған қаншалықты жоламай, онымен ашық текетіреске түспеуге тырысса да, советтік билік оның меншігіне ақыры қол салды.

Кеңқоныс жайлауындағы жерлер бидай өсіру үшін орыс шаруаларының қолына тапсырылды. Қайта оралып баруды Шәкәрім қаламады. Жазда өзінің туған ауылы Бақанастағы жайлауда тұрды. Туыстарымен көрісіп, немерелерін тәрбиелеумен айналысты.

Шәкәрімнің Ғафурдан туған немере қызы Кәмила: «Менің атам балаларды қатты жақсы көретін, бізді әрдайым бағып-қағатын. Таңертең ояна сала ауылдың балалары атамыздың киіз үйіне қарай жүгіретін. Кептірілген қарақат пен жидекке тойғаннан кейін, мазмейрам боп үйлеріне тарайтын»-, деп еске алады.

Ташкенттегі оқуын бітіре сала 1923 жылы Петроград мемлекеттік университетінің филология бөліміне (1924 жылдан бастап – Ленинград университеті) түсіп үлгерген майталман Мұхтар Әуезов Шәкәрімді осы Бақанастан кезіктірді. Ол Қазақстанның ағартушылық органдарының талабы бойынша ол бірінші курсты бітірген соң Семейге оралып, педагогика техникумында қазақ әдебиетінен, әдебиеттің теориясы мен тарихтан сабақ беріп жүрген болатын-ды.

1924 жылдың жазында Мұхтар досы Әлкей Марғұланмен Бақанастағы Шәкәрімнің үйіне қонаққа келген.

Жарты ғасыр өткен соң көрнекті археолог, шығыстанушы, тарихшы, шоқантанушы, әдебиеттанушы Әлкей Марғұлан өзінің төмендегідей естеліктерін айтады: «Мен 1924 жылы Шыңғыстауға алғаш рет келгенімде сондағы халықтың мәдениетін көріп, таң қалдым. Ол маған өте ерекше болып көрінді. Ақсақалдары да, жастары да терең ойлы, өте әдепті және ашулы сөз, бос сөз дегенді білмейді. Ықыласты тыңдаушылар жиналған кезде, сол ортадағы белгілі ақсақалдар жанды кернейтін сөздерімен айналаны шарпып, ойға қозғау салатын әңгімелерін байыптылықпен баяндап,

әңгіменің ортасында танымал ойшылдардың сөздерін келтіре отырып, тыңдаушыны терең ойлар түбіне батыратын еді».

Шыңғыстауда мұндай ақсақалдардың қатары сирек болды. Жалпы айтқанда, осындайлардың біреуі Шәкәрім болған еді. Оның атын Марғұлан сол кездегі тыйым салушылық жағдайды ескергендіктен атай алмады. Осы орайда бір ескерте кетейік, бәлкім, Шәкәрімнен басқасы танымал ойшылдардың сөздерін келтірмеген де шығар.

Жазушы Алексей Брагин Мұхтар Әуезов туралы естеліктерінде жазушының келесі сөздерін келтіреді: «Кейінірек, студенттік шақтарымда, мен ақын Абайдың өміріне саналы түрде қызыға бастадым. Сол кезде мен романымның кейіпкерін жақсы танитын адамдармен кездескен едім».

Бұл жерде Әуезовтің Шәкәрім туралы айтып отырғанына күмән келтіргеніміз ақылға қонбас. Басқасы басқа, оның сол жылы Абай шығармаларының бірінші толық жинағын баспаға дайындап жүргенін еске алсақ та сөзіміз растала түседі. Осы дайындық барысында ол Абайдың жарияланбаған белгісіз өлеңдерін жинап, мәтіндерді салыстырып, оны жақсы білетін, қасында болған адамдармен әңгімелесіп тың мәліметтер тауып жүрді. Шәкәріммен екеуінің жас алшақтығы бөгет болған жоқ, Шәкәрім жас ғалымға барынша көмектесіп отырды. Мұхтар екеуі күні бойы мәтіндермен жұмыс істеп, ұстаздың өлеңдерін қалпына келтірді. Осыған қарағанда, Мұхтар дәл осы жазда Абай жайында көркем туынды жазуды ойластырған сияқты. Өйткені осыдан бастап бірнеше жылдар бойы Шыңғыстауға келіп жүріп, қажымен кездесіп ұлы ақын жайында ұзақ сұхбаттасып жүрді.

Шәкәрім, әдеттегідей, көп жазатын. Мұңға толы шарасыздық әсері ме, бір өлең шығарып «Нөл» деген рәмізді атау берді. «Нөл» лексемасы өлеңнің мәтінінде қайталанбайды, сол себептен алдыменен «нөл» санының рәміздік мағынасына назар аударып көрелік. Ол – Вавилон кезеңінен келе жатқан көне белгі. Пифагордың еңбектерін зерттеген Шәкәрім оның «нөлді» барлық тіршілікті қамтитын бірліктің шығу тегі деп қарастыратынын көрсетіп өтеді. Нөл – бос кеңістік, құпия, жоқтық, мәңгілік, жалпыламалық, уақыттық аралықты жасайтын мүмкіндік сияқты.

Олай болса, ақынның сан емес рәмізбен аталатын және қайшылық поэтикасына негізделіп жазылған өлеңі нені білдіреді? Ол сөзін сырлас жан серігін кейіптейтін қаламға арнаудан бастайды. Лирикалық кейіпкердің күйзелісінің өзге кейіпкерлері – дұшпанға айналған «жолдастар»:

Қаламым, қарындашым – жан жолдасым!
Жау болды, жан аяспас сан жолдасым.
Қайрылып, мейірімденіп қарамайды,
Кеше – аласа, бүгін – зор, паң жолдасым.

Ойшыл кейіпкердің жан сырында қалам – дұшпандарға қарсы сөзбен әрекет ететін қарудың рәмізі. Исламдық таным бойынша жазу құралы – жарықтан жаралған бірінші зат. Сол себептен де мұнан кейін өлеңде болмыстың рухын немесе, керісінше, түнектің ащы шыңдығын білдіретін шамның бейнесінің келтірілуі тосыннан келген ой емес:

Жарқырап нұрын шашып, жанады шам,
Талайлар пайда алады жарығынан.
Су тамып, не жел тиіп сөне қалса,
Көрмей басып, таптайды пайда алған жан.

Бойына ақыл мен мейірімділік дарымаған адамның өз болмысының шынайы мәні жайында ойлануын көздеген Шәкәрім өз қаламымен ақиқаттың шамын жаққысы келді. Дегенмен оның мұндай талпынысы әлі де көңілге жарқын сенім ұялатпайды:

Демеймін мұңымды айтып зарланайын,
Жаралыс солай қылған адам жайын.
Жарық алып жалғанды тексерсең де,
Таза жүрек тапшайсың, сол уайым...

Сонымен, «нөл» атауының поэтикасы дұшпандық пен өшпенділікке бас ұратын қазіргі шақ пен большевиктер уәде еткен жарқын болашақтың арасындағы мезгілсіз кезеңді тудырған болмыстың мәнін таңбалайды.

1925 жыл ақпанының аяғында қайғы тағы да Шәкәрім үйінің есігін қағып тұрды. Тұңғыш ұлы Суфиян ауыр дертке шалдықты. Сол жылдың сәуірінде ол елуге толар еді. Қаладан шақыртылған дәрігер өкпе ауруын анықтады. Шәкәрім дәрігерсіз-ақ оның қандай ауруға ұшырағанын білген еді. Ол тек дәрігердің шеберлігіне үміт артты. Бірақ үміті ақталмады. Екі ай қиналып жатып, артына бес баласын қалдырып Суфиян көз жұмды. Немерелерін бағып-қағу міндетін Шәкәрім өз мойнына алды.

Кейінірек, қайғысы біраз басылғаннан кейін, ол жалғыздық жайлы қайта ойлана бастады.

«Әділеттілік болмаған жағдайда, дүниеден бас сауғалап кетіндер», – деп айтқан болатын Конфуций. Ежелгі қытай философы Шәкәріммен бір ырғақта өмір сүрген сияқты. «Мемлекетте әділеттілік бола тұрып, кедей және бейшара болған ұят. Әділеттілік болмаған жағдайда бай және ауқатты болған да ұят», – дейді Конфуций.

Шәкәрімді енді абырой-атақ та, мәртебе де, байлық та қызықтыра алмады. Тек бір құштарлық жанын кернеп, санасын жаулап, жүрек соғысын үдете түсті. Бұл шығармашылық түрткісі еді. Жан тілегінің күштілігі, ой қуатының зорлығы сондай, сөздері өзінен-өзі өлең уәзініне тізіле қалатын күй кешті. Шәкәрім тағы да оңашалықты армандады, жапанда жалғыз қалып тыныштықта ой ағашынан сөз жемісін теріп, ақ қағазға жыр қылып түсіруді тағы аңсады.

«Қоштасу сөзі» өлеңінде былай деп жазады:

Бостандық таңын көргенім –
Кемеліме келгенім.
Қорқытпайды мені ажал,
Арман емес өлгенім,
Қайтер істің кемдігі

Көп ұзамай ол аңызға айналған азапты да тақуалық сапарына екінші рет жинала бастады.

Бұл жолы ол оңаша баспана салуға қолайлы жер деп Қарабұлақ мекенін таңдады. Бұл ата-бабасына тиесілі жер еді. Ол отбасына

қарасты жердің қай мекеніне де баспана салуға толық құқысы бар екеніне күмән келтірмеді. Жаңа биліктің меншікке қатысты ұстанымдары басқаша болғандықтан, оның ата қоныстарға деген құқықты жоққа шығара алатынын бұл кезде Шәкәрім әлі де болса жете түсінген жоқ еді.

1925 жылдың жазында ол ұлдары Қабыш пен Ахатты алып Қарабұлақ дөнінің бөктерлерінде саман кірпіштен қарапайым үй тұрғызды. Көп жылдар бойы бұл баспананы «Саят қора» деп атап келді.

Ауа райы жайлы болып тұрғанда азығын қамдап алу үшін аң аулап, саятшылық құрды. Олжаға қаз көп түсті, сирек те болса үйрек алып жүрді. Сәті келгенде елік пен арқарды олжа қылды. Бірде әкесінің жараланған қарсақтың соңынан түскенін Ахат: «Әкем ізбен жаяу жүріп келді. Жараланған қарсақ бір шұңқырға кіріп кетті. Шұңқырды әкем жан-жақтан қойтаспен қоршап, жауып тастады. Екі күннен кейін оралса, түлкі жер бетіне шығатын ін жолын қазып тастапты. Әкем оны шығар жерінен жұлып алды», – деп еске алады. Шәкәрім осындай білгір және айлалы аңшы болған.

Ахаттың досы Арғынбек Ахметжанов жазғы демалыста Саят қорада болғанын былай сипаттайды: «Қажының өз жобасы бойынша салынған үйінің құрылысы ерекше. Үйдің екі бөлмесі еден арқылы жылытылады. Пеш те қажының жобасы бойынша салынған. Екі бөлменің қабырғаларын бойлай кітап сөрелері тұрды. Бірінші бөлмеде ол жұмыс істейтін тапал тас үстел тұр. Үстелдің шетіне отыратын жерге пештен жылу келіп тұрады. Үстел басына малдас құрып қана отыруға болады. Шәкәрім сәкі я орындық дегенді пайдаланбаған».

Қарабұлақтағы үйін салып жүргенде, туыстары қаладан «Таң» журналының бірінші санын жіберген болатын. Оның сол кездегі редакторы Мұхтар Әуезов еді. Журнал сәуірден бастап шыға бастады. М. Әуезов сол журналда алғашқы әңгімелерін жариялап, жас әдебиетші ретінде өзінің дүниеге деген көзқарасымен және көркем сөз ырғағымен Шәкәрімді таң қалдыра білген.

Ақын дереу «Таң» журналына бірнеше өлең арнап жазып жіберді. Олардың бірінде редактордың өзіне қатысты сөздер келтірілген:

Аямай ақшасын
Оқысын азамат,
Еш бөгет қақпасын,
Жасасын саламат.
Ойлы, шешен, қаламды таланттылар,
Жан беріп көркейту – сіздерге аманат

Оның бұл үндеуі жас ақынның ұзақ шығармашылық жолына берілген батасымен бара-бар болды. Дәл осылай 1889 жылы Абай да, рас, мадақтамаса да, байсалды сынмен Шәкәрімге батасын берген болатын:

Өлеңі бар өнерлі інім, сізге
Жалынамын, мұндай сөз айтпа бізге.
Өзге түгіл өзіңе пайдасы жоқ,
Есіл өнер қор болып кетер түзге.

Салынып болған Саят қораға көп кешікпей алғашқы қонақтар да, Семейлік губерниялық жер басқармасы жанындағы мелиоративтік экспедицияның мүшелері, келді. Соған қарағанда, Шәкәрім губернияның атқару комитетінде сауатты, беделді және орыс тілін білетін, кеңесіп, қажетті мәліметтер алуға көмектесетін жергілікті адам ретінде керек болған сияқты. Қалай болса да экспедицияның мүшелері Шәкәрімнің қонақжайлығын ғана емес, оның көп жыл жүргізген бақылауларын да пайдаға асыра білді.

Аталмыш делегация көп адамнан тұрады. Экспедицияның бастығы Андрей Самохваловтан, мүшелері Николай Смысловский, Александр Овечкин, Виктор Бочкаревтан бөлек олардың көмекшілері, аудармашысы және жолсеріктері де бар.

Шәкәрім жер өңдеушілеріне Шыңғыстаудың су жүйесі жайында айтып, өзендерді атап, су айырықтарының қалай өтетінін түсіндіріп берді. Оған қоса, зерттеушілермен тауға шығып, Шыңғыстаудың кейбір өзендері қайдан бастау алатынын көрсетіп берді.

Қонақтар бәрін суретке түсіріп отырды. Бір суретке Шәкәрім түсіп қалған. Бұл – тау арасын алыстан кеңейте бейнелейтін сурет. Сол жақ бөктерде жалаңбас, ұзын кеудеше киген картаң қазақ

алыстан көрінеді. Қаба ақ сақалды, қалың қасты және қыран көзді. Қолына бас киімін ұстап, объективке қарап тұр. Бұл – Шәкәрім. Фотосурет Семейдегі жаңа тарих құжаттарының орталығынан 2009 жылы табылды.

Фотосуреттің астында машинкамен жазылған қолтаңба: «т. № 37. Шыңғыс жотасы. Өзендердің бастауы. Ақын және жазушы Шәкәрім Құдайбердин».

Мелиораторлар қажетті мәліметтерді жинағаннан кейін көп ұзамай қайтты.

Бірақ араға көп уақыт салмай басқа да қонақтар келе бастады. Біреулердің ақсақалда бір шаруалары болып келіп жатса, өзгелері қажыны, қасиетті адамды және шыңғыстаулық дананы көріп қайтуды борыш деп есептеп келіп жатты. Ақынның достары да ат ізін суытпай, келіп тұрды. Күндердің бірінде айтулы суырыпсалма ақын Иса Байзақов та достарымен Шәкәрімнің үйіне келіпті.

1925 жылдың күзіне қарай мұнда, тіпті, жергілікті комсомолдар да келіпті.

Шыңғыстаудағы комсомолдың алғашқы белсенділердің бірі Садық Қасиманов (1904 жылы туылған) өзінің естеліктеріне былай деп жазады:

«Меніменен бірге Мамай руынан Ботабай Арыстанбайұлы мен Бөкенші руынан Совпартшколаның курсанты Кенжітілеу Дулатбеков болды. Біз, комсомолдар, әдетте, молдаларды, қажыларды, байларды ұнатпай, оларды мазақ қылып, оларға күлетінбіз. Неге бұлай істейтінімізді өзіміз де жете түсінбейтінбіз. Бірақ Шәкәрімді оның даналығы үшін құрметтейтінбіз. Біз оны «екінші Абай» деп атайтынбыз.

Біз келгенде, Шәкәрім құлынның терісінен жасалған шекпен жамылып, кішігірім үйдің алдында бүркітін тамақтандырып отырды. Біз бар ықыласымызбен амандастық.

Қажы бізді ескі таныстарындай жылы қарсы алды. Бүркітті ағаштың көлеңкесіндегі тұғырына отырғызып, қолын жуып, үйге шақырды.

Үйдегі жабдық, бұйымдар қарапайым болды. Оң жағында – қажының едендегі төсегі. Арғы қабырғада – екі сандық. Бөлменің ортасында – тапал дөңгелек үстел.

Қымызын құя отырып, қажы бізді білетіндей, бірақ сәл ұмытып есіне түсіріп отырғандай жылы қарап, кім екенімізді және немен айналысып жүргенімізді сұрастыра бастады.

Кенжітілеудің тегін білген соң:

– Бөкеншінің жігіттері әдетте әртіс, кербез, өздеріне салмақ түсірмейтін шешен адамдар болып келеді. Олар жайлы халық аузынан естуімше: «Осы орыс халқы ақымақ екен: телеграмма үшін қаншама бағана қойып, қаншама ақша жұмсады. Оның орнына Арқат пен Семей арасында Бөкеншінің он жігітін қойғанда жаңалықтар сол мезетте жетіп тұрар еді», – деп әзілдеді.

Біз мәз-мейрам болып күлдік.

Алпыс жеті жастағы қарт ақын сол кезде комсомолдарды аса қызықтыратын идеологиялық әңгімелерге де кет әрі болған жоқ.

– Сіздер бақытты адамдарсыздар – дейтін Шәкәрім. – Біз болсақ дүдәмал күйде өмір сүріп, күңгірт заман жағдайында қайда барып, қайдан тіреу табатынымызды білмейтінбіз.

– Қажы, сіз нағыз коммунистің өзі екенсіз – деп мемуаршы Садық Касиманов сөз қыстыра қойды.

Шәкәрім күліп жіберді

– Қазір кейбір адамдар Мұхамбет пайғамбардың коммунист болғанын бекер айтпайды. Бірақ Пайғамбарымыз да, молда да, қажы да коммунист бола алмайды. Болам десе де, бола алмайды. Бұл – жаңа адам үшін жаңа іс.

Әңгіменің аяғында ол: «Оқуларыңды тастамаңдар. Әрі қарай оқуды жалғастыру қажет. Оның мәнін кейін түсінесіңдер», – деп бірнеше рет қайталады».

Міне, осылай 1925 жылдың күзінен бастап Шәкәрімнің тақуалық екінші сапары басталды.

Жалғыз тұру, негізінде, қиынға соқпады. Көшпелілер даланың ұланғайыр кеңістігінде жалғыздыққа, генетикалық тұрғыдан алғанда да, тез бейімделеді. Мұндай өмір кей кезде төзгісіз болып көрінгенімен, ол қазақтың қанында бар. Мұхиттың жиегінде туған халықтардың оның тылсымына қандай байлаулы болса, қазақ халқы да шексіз даламен сондай етене, өйткені қазақ дала бесігінде тербеліп өседі.

Шәкәрім Саят қорада тұрғанда көп жазды. Күзде ең алдымен «Әділ– Мәрия» атты трагедиясын бітіреді. Шәкәрім бұл ерекше туындысын роман деп атаған болатын. Алайда, авторды қанша құрметтегенімізбен, оны классикалық формадағы роман деп атай алмаймыз. Бұл туындыдағы әрекет ұзақ уақыт барысында өрбігенімен, көлемі жағынан еңбек үлкен емес. Кейбір жерлеріне автор пьесаға сай құрылымдық элементтерді – айқын диалогтерді, бөлек жазылған монологтерді қосады. Психологиялық және философиялық толғаныстар мен күшті әсер беретін тамаша лирикалық пейзаждық сипаттамалар болмағанда, бұл пьеса болар еді.

Сюжеті өте қызықты. Бірақ, заманауи оқырман ондағы шекспирлік тартысты тым қарабайыр деп есептеуі мүмкін. Дегенмен бұл туындының қашан жазылғанын естен шығармайық. Ол кезде қазақ прозасы енді-енді ғана жарық көре бастаған еді. Дарынды жазушылар әңгімелерді, повестер мен романдарды тек өздерінің танымдарына ғана сүйеніп жазған болатын. Өзге ұлттық баламалар мүлдем болмағандықтан, күллі әлемдік әдебиет қазақ жазушыларының тікелей сүйене алатын үлгісіне айналды. Олардың бұл еңбектері ерекше болғаны соншалықты, қазіргі күннің өзінде олар сол кездегі өмірді жан-жақты сипаттай білген үздік мәдени жетістіктер болып қала береді.

Оқиға 1910 жылы Шыңғыстау бөктеріндегі ауылдардың бірінде өтеді. Оқиғалардың тікелей куәсі ұлы да кәрі Шыңғыстау Әділ мен Мәрияның бірінші кездесуін ұмытқан жоқ. Сол кездің өзінде-ақ ол он төрт жастағы бойжеткен қыздың жанарынан махаббатты байқап қалған.

«Ақсақал-ау! Мына екеуі бір-біріне не қылған құмар? Мұнан басқа қалыңдық ойнаған кісі жоқ па еді? Мына екеуі бірін-бірі құшақтап жатып өлсе, арман қылатын емес қой? Бұл бұрын бірін-бірі көріп, асық болып па еді?» – дегенде, кәрі Шыңғыстау терең шаттан шығып, ай жарығымен жарқырап бұраңдап аққан мөлдір өзен суын сылқ-сылқ күлдіріп айтыпты: «Сен көрген жоқсың-ды. ... Бұл іс күндіз болғандықтан, оны сен көре алған жоқсың».

Әділ мен Мәрия ата-анасының батасын алғанымен, адамдардың бақкүндестігінен өлімге ұшырайды. Қыздың пайдакүнем ағасы оны бай болыстың ұлы Еркімбекке күйеуге беруді ұйғарады.

Бірақ қыздың басқа бір мейірімді ағасы Мәрияның Әділмен бірге қашып кетуіне көмектеседі. Достарының көмегімен олар тауға жасырынады. Бірақ мұндай өмір сүру төзгісіз қиын болғандықтан, екеуі ауылға оралады. Әділді айыптап, ұрлыққа қатысы бар деп жалған кінәлап, басқа уезге жібереді. Бұл жерде ол ауыр дертке душар болады. Еркімбек біреуден Әділдің ауырып қалғанын естіп, сол адамға оның өлімі жайлы хабарды бәріне жайып салуға бұйрық береді. Еркімбек Мәрияны бопсалап, оның күйеуге шықпаған жағдайда бүкіл ауылы мен туыстарын қырып тастаймын деп қорқытады. Ал Мәрия болса, сол жексұрынның әйелі болғанша, өлгенді артық көреді. Дәл сол уақытта дертінен жазылып шыққан Әділ келеді. Әділетсіз шайқаста ол Еркімбектің оғынан қаза табады. Мәрия күйеуіне қарай жүгіреді. Еркімбек оны күшпенен Әділден айырып алады. Шығарма финалында Еркімбек Әділді атады. Мәрия қатты жаралы Әділді құшақтап қорғамақ болғанда, Еркімбек оны қанжармен қорқытады, Мәрия қанжарға жабысқан кезде, қанжар Еркімбектің көзін шығарып жібереді, ыза болған Еркімбек әйелдің жүрегіне қанжарды сұғып жібереді.

Шәкәрімнің түсіндіруінше, ағайындылардың мұндай арпалысында туыстық қатынастар мен сезімдер жауыздыққа айнала алады. Ал жастар үшін махаббат пен адалдықтың асыл сезімі арнамыстың ажырамас бөлігі болып табылады.

Шәкәрім туындысының негізгі қасиеті тілінің көркемдігі мен бейнелілікке байлығында. Ондағы жағымсыз кейіпкердің өзі мәнерлі сөзбен ерекшеленеді. Еркімбек өзінің сыбайласына: *«Жә, қоя ғой, Шешенбай! «Төбетке өлексенің, бәрі бір бос» деп Абай марқұм айтқандайын, сен қыз көрсең-ақ, «шіркіннің сұлуы-ай» деп таң қалатынсың!»*, -дейді.

Немесе кейіпкер жанының жағдайы мен табиғат жағдайының поэтикалық сипаттамасын мысалға келтіруге болады. Урядниктер Әділді тұтқындаған кезде, ол күзгі аспанда кенеттен пайда болған бұлттарды көреді:

«Сол кезде Шыңғыс жақтан қайғылы қара бұлт шығып, қара дауыл болып, қарлы жаңбыр жауа бастады. Ауылдан былай шыға бергенде, бір қаңбақты жел ұшырып, дедектетіп апарып құры құдыққа салғанын Әділ көріп, абақты есіне түсіп: Әттең,

көмексіз, туысқансыз жалғыздық-ай! Шіркін опасыз дүние-ай! Көрсетпегің осы екен зой! — деп көзінің жасы сорғалап, амалсыз кетіп барады...».

Шәкәрім қазақ ауылының өмірін сипаттағанда ешбір дастаншы ойлап шығара алмайтын натуралистік ерекшеліктерді қосады:

«Қозы баққан жалаң, аяқ балалар ат қосқан керешіше қозыларды жанай жүгіріп, жіңішке даусымен қиқулап келеді. Ауылдан шыққан жалаңаш балалар да құлағына қолын басып-басып алып, қозының, қойдың шулаған даусын біресе ашық, біресе күңгірт естіп, «у-у» дегізіп, санға өзін-өзі шапалақтап бір салып, қозының алдына қарай жөнелді. Шеткі қоңыр үйден шыққан қартаң адам таяғын алып, дөңге шығып, жамырап жайылған қойдың алдынан «шайт-шайт» деп тұр. Міне, дәл сол кезде сен, кәрі Шыңғыстау, бауырыңа жапқан қара шымылдықты сияқты көлеңкеңді төстегі елге түсіріп, сенін, соныңды білгендей-ақ қымызға тойып алған тапалдау қара қойшы шидемнің бір жеңін белсеніп алып, үйден шыға келіп, қойдың алдына келіп, тымағын лақтырып, қойды кеген басына иіре бастады».

Тіршіліктің дыбыстары мен ишараттарына толы жазық дала кешінің осындай бейнесінен үлкен-кішілі адамдар ғана емес, сонымен қатар баспаналардың күмбезіне өзінің қарауытқан көлеңкесін түсіретін акиреттік тау да көрінеді. Дүниенің мұндай гармониялық үйлесімділігі автор үшін өте маңызды: сол кездегі оның жас замандастарының қайсысы әлеммен, оның гармониясымен іштесе алар еді.

Шәкәрім бұл шығармасында әдепке үйретушілікпен әсіре әуестенбейді. Ол әдеби үлгі бойынша оқиғаларды таптық күрестің көрінісі ретінде сипаттап, Еркімбектің жауыздығы арқылы «жаңа» қазақтардың әдепсіздігін көрсетуге тырыспайды. «Әділ-Мәрия» шығармасында адамдардың күресі мен кескілескен тайталастарының уәждемелері толық көрсетілгенімен, ақынның айтары бұл емес екенін аңғару керек. Ол суретші сияқты асқақ сезімдердің күйінішті драмасы арқылы өмірдің әсемдігін сипаттап, көрсете білді.

Өкінішке қарай, «Әділ-Мәрия» «трагедиялық романы» сияқты өмірдің өзіндік әдеби суреті басылып шықпағандықтан, Шәкәрімнің

замандастары бұл шығармадан бейхабар болды. Әрине, оның бірнеше қолжазба нұсқалары болды. Бірақ, олар тым аз еді.

1925 жылдың аяғында Мұхтар Әуезов Ленинградқа оқуын бітіруге кетті. Оның басшылығындағы «Таң» журналына «ұлтшыл» деген айып тағылып, шамалы уақыттан кейін қызметін тоқтатты. Осы шақта Шәкәрім өз кітабын басып шығаруға қаражат таба алмай қиналды. Бұл романмен тек алпыс үш жылдан кейін ғана танысуға мүмкіндік алдық.

Шәкәрім Саят қораға тұруға келгенде алпысқа таяп қалған еді. Әйткенмен бұл кезең оның ең жемісті шығармашылық кезеңінің бірі болғаны – таңқаларлық жағдай. Дала аспанына қара бұлт үйірілгенде де оның шығармашылығынан бас тартпай, әдебиетпен айналысуы одан сайын таң қалдырады. Кеңестік билік адамдарды өз талаптарына бағындыра отырып, қазақтардың дәстүрлі шаруашылығына үлкен қауіп төндірді. Көшпелі әлем ақырзаманға бет алды.

Осы сәтте ақын бар күш-жігерін салып, бұрынғыдан да ерен еңбек ете бастады. Үздіксіз жазып, мақалаларын газетке, ал өлеңдерін журналдарға жіберіп отырды. «Әділ-Мәрия» атты прозалық шығармасын тамамдап, «Мұтылғанның өмірі» автобиографиясын толықтырып, «Үш анық» трактатын аяқтады.

Ол жойдасыз зұлымдыққа қарсы шешуші күреске бел буып, шығармашылық толқынына ширыға құлаш ұрды. Ол халық алдындағы, дала мен ел алдындағы парызын өтеу үшін жазды. Ол жазуға немесе Лев Толстой сияқты оңаша кетуге тиіс еді.

Ол әрдайым Толстойдың тұлғасымен, бейнесімен ойланып, Саят қораға кетуін Толстойдың бос кеңістікке және өзін-өзі табуға апаратын жолыменен сәйкестендіретін. Және бұл сезімге құлай берілетін. Оның сүйікті ойшылы Толстой «көздің майын тауысып қана емес, жаныңды салып, ерен еңбек етудің арқасында ғана бір нәрсе жаза аласың» дейтін. Шәкәрім дала адамдары мен барлық адамзат үшін тұла бойымен сезім, күйзеліс, азап отына түсіп, жанатын еді. Оның зұлым күштерден келетін қатерге қарсы қалқан ретінде ғұмырының соңғы кезеңінде саналы түрде таңдап алған амалы белсенді шығармашылық еңбек еді.

«Бар болған зат жоғала ма?..»

Бастаған жұмысын аяғына дейін апаратын әдетімен Шәкәрім 1925-1926 жылдың қысында Гарриет Бичер Стоудың «Том ағайдың балағаны» атты шығармасын аударып бітірді. Аударманы Кеңқоныс қыстауында Әупіш досының көп жылғы көмегін көріп барып, кенеттен оның қамын ойлап қамыққан 1918 жылдың аяғында бастаған еді.

Бұған Бичер-Стоудың жүз жыл бұрын 1852 жылы жазған романы себеп болды. Ол орыс тіліне аударылып, 1858 жылдан бастап «Современник» журналының қосымшасы ретінде басылып жүрді. Көп жылдар бойы Ресейдің демократиялық қауымдастықтары Америкадағы құлдық жайлы романды жанамалап Ресейдегі басыбайлыққа қарсылық ретінде қарастырды.

Шәкәрім, шын мәнінде, өмір бойы жалдамалы еңбекті пайдаланып келді. Оның бірақ жалдап алса да, жалдаушылар қанша мейірімді болса да, қызметші тәуелділіктен бостан бола алмайтынын біліп, содан қысылатыны анық еді.

«Том ағайдың балағаны» көшпелі қоғамды бай мен кедейге бөлу дәстүрі мызғымайды деген түсінікті түбірінен өзгертті. Ақын әлеуметтік көтеріліс жайында ойланбағанымен, өзін Кеңқоныстағы Әупішті езгіге түсіретін құл иеленушіге теңеді. Осы ойдың әсерінен дереу Әупішке көп жылдық еңбегі мен адал достығы үшін қаржылай сый тартып, үйіне жіберді. Содан соң әсерлендірген «Том ағайдың балағанын» аудара бастады. Алайда оны 1920 жылдың ортасында ғана аяқтады.

Шәкәрімнің бұл жұмысы жайлы бір нәрсе айту қиын, өйткені «Том ағайдың балағаны» аудармасы жоғалған деп есептеледі. Ақын 1931 жылы Сәбит Мұқановқа жазған хатында бұл жайлы былай дейді:

«Әділ-Мәрия» деген романымның көшірмесін Алматыдағы осыдан барып қызметке тұрған Бақдаулет Құдайбердіұлында бар шығар. Оның тұрағы Алматыда, Лепсинский көшеде, №63, сол салада: Американың Бичер Стоу деген әйелі жазған «Том ағайдың балағаны» деген қазақша аударғаным бар шығар. Бірақ оларды бастырам деп рұқсат алып еді. Бұл екеуін бір баламыз өлең де

қылып еді. Табылса менің сөзге жазғанымды бастырғаныңыз мақұл. Өлеңшесін өзіңіз білесіз».

Өкінішке қарай, аталған аудармалар да, олардың өлеңдік нұсқалары да табылмады.

Саят қорада жазылған өзге шығармалардың арасынан сопылық бейне сипаттары бар өлеңдер айрықша көзге түседі. Ақынның бұрын да, әсіресе өлең ағыстарында, көп мәрте жазған діни пайымдарын өмір соңында да реттестіргісі келгендігіне күмән жоқ. Мақсат өзгерген жоқ: ақиқатқа қол жеткізу мен Құдай құпиясын, яғни сыртқы әлемге белгісіз жанның құпиясын, зерттеу болып қала берді.

«Тура жолда қайғы жоқ ...» деген өлеңінде Шәкәрім кең таралған символ «көз» арқылы жан отының сарындарын уәж етеді:

Хақиқатты дәл көруге
Жан көретін көз керек.
Бас көзімен сенделуге
Бізге рұқсат жоқ, шырақ.

Ақын философиялық ойлау мен діни ойлауды шекаралап бөлмей шынайы ойшыл туындыгерге лайық биіктен көрінеді. Дәл осы себептен болар, осы жылдардағы поэтикалық ойлары сопылық эстетика шеңберінде жүзеге асады, осыдан ақын көркем ойдың жаңа тәсілін табады. Шәкәрім дәл осы жылдары Құдайдың барлығы мен бірлігін, жанның өлмейтіндігін мойындайтын сопылық мәдениетке жақын екендігін одан сайын сезіне түсті. Сол себептен оның «Тура жолда қайғы жоқ» деген өлеңі бағдарламалық сипатқа ие:

Шынды білмек ойласаң сен,
Алдыменен жанды біл.
Ең керекті үш сұрақпен
Жан құлағын қой бұрап.

Сонымен, ақиқатты танымай тұрып, алдыменен адами тұлғаның денеден тыс, рухани тіршілігінің рәмізін, яғни жанды танып, білу керек. Адам өзіне қатысты «үш негізгі сұраққа» жауап бермейінше ақиқатты тану мүмкін емес:

«Келдім қайдан? Қайтсе пайдам?
Өлгеннен соң не болам?
«Мен» деген – жан, ақыл-айнам,
Жоғала ма сол шын-ақ.

Бар болған зат жоғала ма,
Жоктан әсер қала ма?»

Көріп отырғанымыздай, ақиқат гносеологиялық түсінік ретінде «бос кеңістік» бейнесіндегі белгісіздікке апаратын жолдың архетипімен байланысты болып келеді. «Болған дүниенің» толықтай жойылып кетуі – тіршілік шеңберінен шығу, өзіне тән ерекшелігі жоқ рухани жарықтанудың жағдайы болып табылады.

Екінші жағынан, өлең сопылық эстетиканың символикалық элементтерінен тұрады:

Тура жолда қайғы тұрмас,
Шат болайын, бер арақ!
Қайғы, рахат, бәрі бір бәс,
Ешбірінде жоқ тұрақ.
Келсе бейнет – келді, кетті,
Болса уайым – болды не?
Ақ жолыңнан бұрма бетті,
Бас нығыздап мықтырақ.

Мен мешітке келмеді-ау деп,
Сөкпе сопы, молдалар.
Еркін аяқ кетті билеп,
Шын хақиқат жолды ұнап.

Мұндағы шарап – сопылық рәміз. «Шарап», «сүйікті», «пірмұған», «ішімдік үйі» сияқты сөздер бұрыннан бері кез-келген сопы ақынның бейнелер сөздігінде кездеседі. «Шарап» сөзі Құдай сусынының рәмізі ретінде осы өлеңде трансценденттік мағынада аталады. Ақындар шарап бейнесін Құдайды еске алумен мастану метафорасы ретінде қолданса, Құдаймен байланыс орнату пірмұғанның бейнесінде көрініс табады. Бұл орайда сопылардың шарап ішуіне талап қойылмады.

Айтқандайын, Шәкәрім арақ-шарап дегендерді мүлдем ішіп көрмеген, тіпті, ми далада ондай ішімдік мүлдем болған жоқ. Бірақ сопылық эстетикаға берілген Шәкәрім шарап, пірмұғандық және сүйіктісі, сопылық поэзияда «Құдай» деп аталатын «Жары», жайлы жазды:

Ақылдан ойға сыр тарап,
Үміттің шамы жанған үн.
Жар есіркеп, бері қарап,
Нұрына жүрек қанған күн.

Сопылық бейнелеу элементтері «Иманым» топтамасындағы өлеңдердің айрықша сипатына айналды.

Этикалық қағидаларды баяндамай тұрып, ақын қазақ даласында орныққан мұсылмандық ілім туралы пікірін білдіреді. Мұнда тұрған ешқандай тосындық жоқ. Оның бұрыннан бері де мешіт қызметкерлерінің қызметіне сыни көзқарасы болатын. Ол дінді, шынайы дінді, қадір тұтты. Ал молдалардың исламның қағидаларына екіжүзіділігін сұмдық жек көрді. Ақиқатты тану жолын негіздей отырып, Шәкәрім діннің қалыптасқан ұстанымдарының жойылуына немқұрайлы қарай алмады. Мешіт молдаларының діни қызметтері «пайдакүнемдік пен даңғойлыққа» жұмсалады. Олардың көзбояушылық сенімдерінің ескірген догмаларынан жанарында ақылдың ұшқыны жоқ көрместің бейнесі көрінеді.

«Иманым» топтамасы философиялық лирика сипатындағы жиырма сегіз өлеңнен тұрады. Тұтастай цикл – ақынның әділеттілік және ар-намыс мұраттарын ұстанатынының айқын дәлелі. Жинақтың өлеңдері Шәкәрімді шыныменен де әлем ақыны ретінде көрсете білді. Сол кезде оның жасы жетпіске жетіп қалған еді. Осындай ақсақалды жасында ол жинақтарының ең жақсыларының бірін жазумен қатар символизм эстетикасына назар аударды.

Жиырма сегіз өлеңінің барлығы қазақ ақыны Ілияс Жансүгірұлының (1894-1938) жеке мұрағатында сақталған. Ілияс Жансүгірұлы 1928 жылдан бастап газетте жұмыс істеп, 1932 жылы Жазушылар одағын құру жөніндегі комиссияны басқарған болатын.

1934 жылы Қазақстан Жазушылар одағының бірінші төрағасы болып тағайындалды. Шәкәрімнің «Иманым» атты өлеңдер топтамасы сол уақытта республиканың басты жазушысы Илияс Жансүгірұлының қолына түссе керек. Жинақтың бетінде «Жетпіс жасымда жазылды» деген автордың жазуы бар.

Шәкәрім ай далада, Шыңғыстау алқабының таулары арасында тұрды. Таулар тек географиялық биіктік қана емес, сонымен қатар рухани шың, әлемнің орталығы және аспан мен жердің түйісетін жері болып табылады. Шәкәрімнің саналы таңдауында таулар өрлеу символы мен қоршаған ортаның қарбаласты өмірінен алыстау мен өмірлік мақсаттарының тұрақтылығының белгісі ретінде танылады. Оның, яғни ақиқатты іздеу сапарының тынымсыз жолаушысы болған ақынның, алдында тарихи үлгі болды.

Ақынға әрдайым Хира таулары шатқалдарына сапарлап кетіп оралатын қасиетті пайғамбардың тарихи өмірбаян жолы да, оның Құдай тіршілік иелеріне жалғыз қылып жаратқан жер, «балшықтың түйірінен» жаратқан ғажайып адам туралы аяндары да әсер беретін. Оймен Ғаламды көріп, оймен Құдайға қол созуға болатындай көрінетін.

Өзінің рухани жалғыздығын ақын былайша білдіреді:

Иесіз өзім кестім кіндігімді,
Зорға аштым тар үңгірде түндігімді.
Сүрген өмір жайымды түгел ұқсам,
Сонда анық білерсің кімдігімді

Үңгірдің бейнесі ежелгі уақыттан бастап аналық құрсақпен, өмірдің басы және түйінімен байланыстырылып келгені бәрімізге мәлім. Шәкәрімнің «кіндікті кестім» деген астарлы сөзі де осыдан. Антикалық философтар үңгірді барлық материалдық әлемнің метафорасы ретінде қарастырды. Платонның ойынша, адамның ой-санасы үңгірге қамалған. Шәкәрімнің поэтикасында адамның босатылған ой-санасы қиял мен рух ретінде әлемді ұғына алады.

«Қырық жасымнан асқанымда» өлеңі Дантенің «Тозақ» комедиясының тамаша баламасы іспеттес. Шәкәрім жолбастаушысымен

бірге адами бейнелердің белгілі пайғамбарлардың бәрін көрсететін галереясын аралайды.

Данте «Күдіретті комедиясын» былай бастаушы еді ғой:

Бұл фәниде жарты өмірді жасадым да әрі астым,
Әрі астым да қара орманға қапелімде жанастым,
Ойпаттағы опа көрген оң жолымнан адастым

(М. Мақатаев аудармасы)

Бәлкім, Шәкәрім Дантені оқымаған да шығар. Бірақ Шәкәрім де ұлы флорентиялық сияқты ескі мен жаңа уақыт тоғысында, әлемнің аласапыран кезеңінде өмір сүрді. Шәкәрімнің өлеңі оның қырық жасында дүниедегі өзінің орнын ұғынып, онан кейінгі жылдарын жаңа жолға – «ақылға», «еркіндікке», «иманға» арнағаны туралы айтудан басталады:

Қырық жылдан өтіп жасым,
Ақылым болды сырласым,
Отыз жылдық замандасым,
Иманым – басшы жолдасым.

Әлемді ойменен кездім,
Перевод малтасын ездім,
Жарымның сәулесін сездім,
Моланың ақтарып тасын.
Моладан шықты көп нұрлар,
Нұры өлшеусіз сұлу бір жар:
«Деме, – деді, – ғылымым тар,
Ерінбесең, мені аласың».

Құдайдың нұрымен тазарудан өткен кейіпкер әлемнің жетілмегендігін көру үшін мистикалық-символикалық сапарға аттана алады:

Жарымның нұрына жанып,
Тәнім көмір бола қалып,
Жүрегімді жарып алып,
Ағызды арамын, насын.

Беріп жарым тілегімді,
Тазартқан соң жүрегімді,
Деді: «Ұстат білегінді».
Дедім: «Қайда апарасың?»

«Адамзаттың қылар ісін,
Иманын, ары, нәпсісін,
Жарамын, көрсетем ішін,
Ниеті мен ішер асын».

Бұл өлең не туралы? Азған адамның бейнесі арқылы әлемді түсіндіру, жетілуге қабілеттілігін еске салу арқылы Құдайдың қалауымен жаратылған адамды ояту жөнінде. Шәкәрім өзіндік реалистік көркем ойлауының ерекшелігіне орай материалды дүние мен рухани дүниенің қайсысын таңдау керек дегенде, соңғысын артық көретін бейнені жасады.

Ақын рухани, мансапты және лауазымды адамдардың, яғни молдалардың, поптардың, сопысымақтардың, патшалардың, билердің, байлардың, саудагерлердің және өсімқорлардың ішкі дүниелерін көру үшін өзінің Жарымен бірге осы сапарға аттанады. Тозақты айналып, сондағы күнәһарлармен кездескен Данте мен Вергилий тәрізді еді. Мұнан ары Шәкәрім өлеңінде Құдай адамдардың қасиетсіз көрсоқырлығын таңырқаған лирикалық кейіпкердің көзіне көрсетіп бейнелерді бақылайды.

Шәкәрімнің әдеби-этикалық түсініктерінің әлемінде Хафиздың шығармалары ерекше орын алады. Ол Хафиздың шығармаларын 1918 жылдан бастап біртіндеп аудара бастады. Хафиздың ең әйгілі ғазалдарының бірі Шәкәрімнің қалам қуатымен бейімделіп «Абай» журналына шыққан болатын (1918.№3):

Көрініске шоқынған,
Сопы бізді не білсін.
Не десе де сыртымнан,
Ренжімеймін, неғылсын.

Орыс тілінде бұл ғазал Г.Р. Державиннің аудармасымен белгілі болды:

Откуда знать тебе, хаджа, чем наша радость рождена.

О, как в догадках ты убог, как клевета твоя скучна!..

Шәкәрім аудармасына алдын ала мынадай түсіндірме береді:

«Баяғыда парсы жұртында әрі білгіш, әрі сопы, әрі ақын Қожа Хафиз деген кісі болған.

Иманына қазақтың талапты жастарын таныс қылмақ үшін төменгі жырын қазақ тіліне аудардым.

Шаһкәрім»

Оның Хафизді құрметтегені соншалықты немерелеріне, Жәкіш қызының балаларына Қожақапан (1921), Қожақапиз (1924), Қожанияз (1928) деген аттар қойды.

Саят қорада ол Хафиздың басқа тоғыз шығармасын, оның ішінде ең атақтысы мынау:

Егер сүйікті ол бала
Көңлімді алса мен үшін,
Самарқан мен Бұқара
Бердім қара мен үшін

Мұның орысша аудармасының мәтіні мынадай:

Когда ее красивый взгляд
Пленит мое внимание
И Бухару, и Самарканд
Отдам за родинку ее...

Бұл ғазалдың орыс тілінде аудармалары өте көп. Шәкәрімнің оны қай тілден аударғаны белгісіз: парсы не азербайджан (түрік), не орыс тілі. Бірақ оның аудармалары орыс тіліндегі баламаларға мағынасы және құрылымы жағынан ұқсас болып келеді. Әрине, ең бастысы Шәкәрімді осы өлеңнің аңызы қатты қызықтырса керек.

Хафиз өмірінің соңғы жылдары Шах Мансұр Музаффаридтің билік еткен уақытымен тұстас келді. Аңыз бойынша, қаһарлы Темір Ширазда болғанында Хафиз ғазалының бірінші жолдарын қорлау деп санап оны алдына әкелуді талап етеді. Бұл жөнінде «Ақындар антологиясының» авторы Дәулетшах Самарқанд (XV) былай баяндайды:

«Жұрттың айтуыниша, Темір Фарсты жаулап алып, Шах Мансұрды өлтіргенде, Қожжа Хафиз әлі тірі болған екен. Темір өзінің қоластындағы қызметкерлерінің бірін Хафизді алып келуге жіберіпті. Ол келгенде, Темір: «Мен өзімнің айбарлы қылышыммен жарты әлемді жаулап алып, отанымның орталық шаһарлары Самарқанд пен Бұқараны көріктендіру үшін мыңдаған қаланы қираттым. Ал сен, мүсәпір адам, қандай да бір Шираздық түрік қызының меңі үшін оларды сатып жібергің келеді» – деп ашуланады. Хафиз басын иіп: «О, Әлемнің әміршісі! Өз ысырапшылдығым өзімді неге әкеліп соққанын қараңызшы (Хафиз қабылдауға диуананың алба-жұлба киімімен келген екен)! – деп жауап қайтарады. Хафиздің бұл жауабы Темірдің көңілінен шығады. Ашуын басып, ақынға мейірлене бастайды».

Осы аңыздың басқа нұсқасы бойынша, Хафиз Темірге былай жауап қайтарыпты: «О, әміршім. Саған өлеңімді дұрыс жеткізбеген сияқты, мен «Самарқанд пен Бұхара» деп емес, ал «се манд канд-е до хурма-ра» (үш түйір қант пен екі құрма) деп жаздым».

Аңыз осылай өрбісе де, екеуінің Ширазда кездесуі мүмкін емес. Өйткені, Хафиз Темір шабуыл жасамай тұрып, төрт жыл бұрын қайтыс болып кеткен.

Хафиздің поэзиясымен іштесуден пайда болған рухани әлемнің тұтастығын сол кезде Шәкәрімнің туыстары мен оқырмандары байқай алмаса керек. Бірақ жалғыздық кешкен тақуаның қасиетті тұлғасы оны құрметтеушілерді рухтандырмай қоймады.

Қажыға келіп тұратындардың арасында шалғай жақтың адамдары да болды.

Ахат:

«1925 жылдың мәлшерінде Ленинградтың жоғарғы мектебінің филология бөлімін бітірген Филистров деген орыс азаматы, қасында жоғарғы мектептің оқушысы, жас қазақ жігіті бар, екеуі жайлауда «Қарабұлақ» деген қоныста, біздің ауылға келді.

Бұл Филистров қазақтардың әдет-ғұрыптарын зерттеуге шыққан.

Бұлар бір жұмадай жатып, әкейден қазақтың түрлі ғұрыптарын – қыз ұзату, құдалық жайлы ырым-жораларын,

әр түрлі ыдыс, ер-тоқым, үй мүлкінің бөлшектерінің аттарын, түрлі ырымдардың қалай аталатынын, олардың неге, қандай құрыпқа байланысты екенін және басқа да қазақтың ескі тарихи әдебиеттерін сұрап, көп әңгімелесті.

Әкейдің құсын ұстап және өзін жекелей суретке түсірді. Сол Филистров қайтып барған соң қазақтың этнографиясы жайынан кітап жазып бастырып, бір кітабын әкейге жіберді», – деп жазады.

Ахат осы жолы қонақтың аты мен оның келген уақытын жазғанда, жаңсақтық жіберіп алған сияқты. Жидебайдағы Абай мұражайының қызметкері М. Әбдешов 2002 жылы Семей газеттерінің бірінде осы жағдайға қатысты өзінің ой-тұспалын білдірген болатын. Марат Әбдешов Б.Х.Кармышеваның «1920 жылдары Орталық Азия және Қазақстанның этнографиялық халықтарын зерттеу. «Орыс этнографиясы, фольклоры мен антропологиясының тарихи очерктеріндегі» Ф. А. Фильеструптің өрістік зерттеулері» (Миклухо-Маклай атындағы Этнография институтының еңбектері. 1988, Т.114) мақаласында қолында бүркіті бар тымақ киген қарт қазақтың суретін байқап қалады. Оның бетінде мынадай жазба тұр: «Бүркіт ұстап тұрған аңшы. Қазақтар. Бұрынғы Семей уезі. 1927 жыл». Мұражай қызметкерінің ойынша, бұл суретте дәл Шәкәрімнің өзі бейнеленген. Фотосуреттің авторы – 1927 жылы Семей аймағы бойынша Ғылым академиясы экспедициясының құрамында жұмыс істеген орыс ғалым-этнографы Федор Артурович Фиельструп. Ленинградтағы орыс мұражайының қызметкері Фиельструп экспедицияның этнографиялық бөлімін басқарды. Ол Шәкәрімнен мәліметтер жазып алып, этнография бойынша кітаптар шығарды. Кітапта «Семей уезінің беделді адамы Шәкәрім Құдайбердиевтың мәліметтері бойынша» деген жазу бар.

Ақынның екі суреті де осы экспедицияның жұмыс бабынды түсірілген. Бүркітті ұстап тұрған фотосуреті Кармышеваның мақаласына енгізілсе, екіншісі сол күйі табылмай тұр. Демек, Ахаттың «орыс азаматы Филистров» деп отырғаны Федор Артурович Фиельструп болып шықты. Ал бұл қонақ 1925 жылы емес, ал 1927 жылы келген болып шығады.

Қонақтардың жиі келуінен аздап болса да шаршаған жетпіс жастағы Шәкәрім 1928 жылдың көктемі мен жазында өз өмірінің

қорытындысын түйіндей бастады. Ақынның өнегелік-философиялық рефлексиясында оның өз шығармашылығына қатысты айтылған өкінішті сарындар жиі кездеседі. Өмірлік жазмышқа сенуге қауқары жоқ ойшыл ақын өзін тым қатал мінездейді:

Өмір үйін тұрғызам деп,
Мың сан үйді құлатып.
Кірпіш, ағаш жиғызам деп,
Матшаларын сұлатып.

Бір басымның қамы ғой деп,
Қамданып ем жан үшін.
Көп халықтың қақысын жеп,
Көп наданды жылатып.

Бәлкім, қартайғандықтан ба Шәкәрім тек жағымсыз естеліктерді ғана емес, сонымен қатар халық аузындағы атүсті пікірлерлерді да қынжыла, ауырсына қабылдады.

Әулие, білгіш айтты деп,
Жазылған талай қате көп.
Улама ондай уды жеп,
Шатаққа сатпа шынымды.

Бұл өлеңді өзінің жетпіс жасында жазған болатын. Ойы таза, жарқын. Өлеңі айқын, жүйелі, өжет әрі баланың мінезіндей қызбалы болып келеді.

Ол өзіне емес, шығармаларына назар салуды талап етіп, туыстарына оқындар, түсініп, мағынасын ұғып алындар дейді.

Иә, ол өмірінің қорытындысын түйіндеді, әрі мұның өмір салтын және сол кезге сай емес дүниетанымын сынайтындардың бетін қайтарды.

Қазақтан мендей ұл туса,
Осындай түзу жол куса,
Хақиқат іздеп бел буса,
Ол да бір жақсы ырым-ды

Ақиқат құдыретімен қазақтардың өмірлік мәнінің басымдықтарының үлгісін сала отырып, Шәкәрім өзі уағыздайтын тұжырымдарымен сәйкес өмір сүре бастады. Ол өзінің айналасы толған ағаттықтардың орынды екенін ақтайтын ізгі дәлел таба алмады:

Молдалар аяп пақыр деп,
Бұзылып бара жатыр деп,
Ат қойыпты «кәпір» деп,
Өздері соқыр, мұным рас

Көп елім мені күндейді,
«Тағады бізге мін», - дейді,
Өз қылығын білмейді,
Оңалмайтын өңкей нас.

Сыртымнан қарап сын беріп,
«Бай», «жуан» десе, шын көріп,
Сырласа алмай жиреніп,
Қашады тағы жаңа жас.

Ақиқатқа шынайы берілген кейіпкерді азаптанудың әуезесі емес, рухани жетімсіреудің азабы алға жетелейді. Ол жасампаздық құралы қарындашпен надан да зұлым айналасының қасандығына барынша әсер етуге тырысады. Бірақ:

Бәрің кеттің, мен қалдым,
Неңді жұттым, неңді алдым,
Басыңа пәле не салдым,
Жолдасым – қағаз, қарындаш

Шәкәрім өзін аңшылықта «батылдық көрсете алатын» ер жүрек адам деп есептеді. Адамдардың рухани кемістіктерін әшкерелеп, оған назаланып отырса да, мына бір жайттарды түсінгісі келді: «Қайсымыздікі жөн емес: менікі ме, олардікі ме?» / «Осы жерде ақиқатты тануымыз мүмкін бе?»

Ақынның адамның өзгеше жолы жөніндегі идеялары кабинетінде оқшауланып, жұмыс істеуінің нәтижесінде емес, халықтың өмірін көріп-білуінің негізінде туды. Ол адамдардың мұның шынайы адамгершіл болмыс философиясын қабылдамауының себептері мен нәтижелерін ойлай келе, мынадай қорытындыға келеді: «соған қарағанда, менікі дұрыс емес сияқты, өйткені «олар», адамдар, үйреншікті қалыпта өмір сүреді», ал «оның тілі – у секілді, көпшілікті тек қоздырады».

Жағдайдың егжей-тегжейін ұғына отырып, шынайы адал, тақуа кейіпкер өзінің дәрменсіздігін мойындайды:

Найзаны тура саламын,
Аямай мінін аламын,
Енді қайда барамын,
Тап орынды, ғарып бас.

Ақынның мұндай жағдайларда пессимизм мен мұң философиясына берілетіні таң қаларлық емес. Өйткені ол өзінің зұлымдықпен күрес жолының аяқталуын қабірмен байланыстырады.

Көп бейнеттен құтылған,
Бар қайғыны мұтылған,
Сүйегімен жұтылған,
Тынышты көрім, аузыңды аш

Бірақ, оған әлі де болса басынан қиын сынақтарды өткеруге тура келді.

1927 жылдың желтоқсанында Мәскеу қаласында «коллективтендіру съезі» ретінде танылған Бүкілресейлік Коммунистік партияның XV съезі өтті. Жиын шешімі бойынша, қысқа мерзім ішінде, яғни 1932 жылдың көктеміне қарай, елде мықты ауыл шаруашылығы құрылуы тиіс еді. Оны жүзеге асырудың жолы да көрсетілді: кішірігім дара шаруашылықтар ірі ұжымдарға, яғни «жалдамалы шаруашылықтарды экспроприациялайтын» колхоздарға өзгертілуі керек болды.

Мал шаруашылығымен айналысатын және тұрмысы тек дара шаруашылыққа негізделген халқымыз үшін мұндай шешім күн көріс мүмкіндігінен айыру қаупін тудырды.

Шаруаларды жеке меншігінен айыру идеясы таптық мүдделерді қорғайтын мемлекет табиғатынан бастау алды. Кировтік әскери-революциялық комитеттің бірінші төрағасы С.Петровскийдің естеліктерінде В. И. Ленин 1919 жылдың көктемінде Ресей коммунистік партиясының VIII съезіне қатысқан қазақстандық делегаттардың «Ауылдағы байлардың экономикалық ауқатын қалайша құртуға болады?» деген сұрағына «Ертелі-кеш болсын, сіздер малды өзара бөлу жөнінде сұрақты қайта көтерулеріңіз керек», – деп жауап бергені жазылған.

1925 жылдың қыркүйегінде Қазақстан өлкелік партия комитетінің бірінші хатшысы болып тағайындалған Филипп Голощекин (Шая Ицкович) коллективтендіру идеясын орындауды белсене қолға алды. Кәсіби революционер Голощекин Қызылордаға келе сала, ауылдарда кеңестік биліктің жоғын, оның орнына байлардың төрелігі орнағанын мәлімдеді. Көп ұзамай ол өзінің басты идеясын жариялады: «Мен қазақ ауылдарында «Кіші Октябрьді» жүргізіп өтуді ұйғардым. Ондағы экономикалық жағдайларды өзгерту керек. Біз байларға қарсы таптық күрес жүргізіп жатқан кедейлерге көмектесуіміз керек. Ал егер де бұл азаматтық соғыс болса, онда біз күресуге дайынбыз».

Уақыты белгіленген қуғын-сүргінді теориялық тұрғыдан негіздеу үшін Голощекин қазақтардың көшпелі өмір салтын арнайы шаралардың көмегімен тез арада жоюға болатын үйреншікті тұрмыстық әдет ретінде сипаттады. Ол аз десеңіз, көшпелілердің отырықшы шаруашылыққа өту үрдісі қуғын-сүргін мен құрбандарсыз мүмкін емес екенін және қоғамдық дамудың жоғары деңгейіне өткенде мал басының қысқаруы объективті қағида екенін айтты.

1927 жылдың қарашасында Голощекин басқарған VI қазақстандық партия конференциясы байларды жеке меншігінен айыру жөнінде мәселе талқылады. Партия мүшелері «ірі байлардан мал мен дүние-мүліктің бір бөлігін тартып алуды» мүмкін деп есептеді. Қазақстан өлкелік комитетінің бюросында қарастырылып, анықталғаннан кейін бұл үкім Бүкілресейлік Коммунистік

партияның Орталық комитетімен және Бүкілресейлік Орталық атқарушы комитетімен мақұлданды.

Билік өкілдері дереу түрде жоспарды орындауға кірісе бастады. 1928 жылдың наурызында ОГПУ-дың Қазақстандағы құзырлы өкілі Каширин СССР ОГПУ-ына былай деп есеп береді: «Экспроприация жасамай тұрып, мен губерниядағы белгілі, беделді, экономикалық және саяси күшті буржуазиялық-ұлттық элементтің, яғни ірі байлардың, рөлін жоюды ұйғардым. Ол өз кезегінде экспроприация іс-шараларын ықтималды саяси шиеленіссіз өткізуге мүмкіндік берер еді. Сол себептен дайындық жұмыстары үлкен қарқынмен жүргізіліп, саяси операцияларға жету керек. Ал осы іс-шараларды өткізу жауапкершілігі біздің мойнымызға жүктеледі».

Соныменен, 1928 жылдың 27 тамызында Орталық атқарушы комитеттің отырысы мен Республиканың халықтық комиссарларының кеңесінде «Тәркілеу және ірі феодал байларды қоныс аудартуға қарсылық көрсеткендері үшін қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы» қаулысы қабылданды.

Республиканың округтерінде тәркілеу жұмыстарын жүргізу бойынша өкілдіктер тағайындалды. Ауылдарға мыңнан астам өкілдер жіберілді. Олардан басқа комиссияның құрамында 4700 адам жұмыс істеді.

Осылайша, тәркілеу, яғни көшпелі қазақтарды жаппай тонау, оларды күн көрістің ең қажетті де негізгі көзінен, малдан, айыру шаралары басталды.

Тағдыр – тәлкек, өмір – өгей

Әрине, тәркілеу шаралары тек Қазақстанда ғана емес, жалпы Кеңес мемлекеті бойынша жүргізілді. Бірақ дәл Қазақстандай күйзеліп, тас-талқан болған ел жоқ сияқты. Бұл іс-шараның нәтижесінде қазақтардың үштен бірі аштықтан қырылып қалды.

1928 жылдың 27 тамызында қабылданған қаулы бойынша тек ірі байлар ғана тәркіленіп, жер аударылуы тиіс болатын. Олардың қатарына көшпелі аймақтарда иелігінде төрт жүзден астам ірі қара малы, ал отырықшы аудандарда 150 ірі қара малы бар адамдар кірді. Аталмыш науқанға халықтық сипат беру үшін ұйымдастырушылар

оған қазақ кедейлерін де кірістіре білді. Белсенділер тәркіленген малды аудан орталықтарына айдап, қарулы күзет қойды.

Тәркіленген малдың саны аудан бойынша алдынала дайындалған жоспарға сай болмаса, кеңестік билікке қарсы жасалынған қылмыс деп есептелінді. Осыдан үрейі ұшқан белсенділер тәркілеу тізіміне кірген алыс және жақын туысқандарының малын түрлі сылтаумен тартып алып жатты. Шаруашылықтағы малды 150-ге жеткізу үшін туыстық қатынастағы бірнеше отбасыларды ортақ иемденушілер ретінде жариялап, олардың малын біріктіріп, қара малдың қажетті шамасын жасанды түрде шығарып алатын. Осылайша бар малды ауданға айдап әкетіп жатты. Тәркілеу көбінесе осындай жолмен жүргізілді.

Шыңғыстауда тәркілеудің қалай жүргенін Шәкәрімнің баласы Ахат былай сипаттайды:

«1928 жылы «ірі байлар, халықты бұрын қанап, зорлық-зомбылық көрсетіп, байыған ақсүйек, шонжарлар кәмпескеленсін» деген қаулы шықты. Сол қаулының бірнеше тармақтары болды, мысалы: кәмпескеге жататын адамдардың малының саны, оның ақсүйек, шонжардың тұқымы болуы, болыс, би болып, елді зарлатуы, көп жалшы ұстап, олардың еңбегін қанауы деген сияқты, ол тармақтардың бәрі ойда жоқ. Осы кезде бұрынғы Шыңғыс болысы Досов болысы болып аталған. Досов болысынан бірнеше адамдар кәмпескеге ілінетін болды. Солардың ішінде малы толмаса да, болыс болған, ақсүйек, аға сұлтан болған шонжар Құнанбайдың немересінен біреуі ілінуі қажет болды. Бұған орай Шәкәрім кәмпескеленіп, жер аударылатын болды. Бұл кезде кәмпескеге ілінетін адамды көпшіліктің жиналысына салатын еді. Ол күнде біздің ауыл «Қаражартас» ауыл советі болып аталатын. Осы ауыл совет жиналысына Шәкәрім салынды. Семейден келген үлкен уәкіл Қоянбаев және бірнеше адамдар шығып сөз сөйледі. Қысқаша, олардың айтқаны – «Шәкәрім конфискеге жата ма» деген ұсыныс. Сөйлеушілер: «Шәкәрімнің Құнанбайдың немересі екені рас, болыс болғаны да рас. Бірақ Шәкәрім бір адамға зорлық, қиянат істеді, біреудің еңбегін жеді дегенді естігеніміз де, көргеніміз де жоқ. Осы елде адал адам – Шәкәрім. Бізге салсаңдар, Шәкәрімді кәмпескеге ырза емеспіз», – деп, отырып алды. Ақыры дауысқа

салғанда, үш-төрт адамнан басқа қол көтерген адам болмады. Бұл жайды көп жазуды қажет етпедім. Осы жайында Құлжабек деген жігіт: «Мен Шәкәрімнің қолында болып, жұмысын істедім. Малшы болсам да, өз үй ішінің бір адамындай болдым. Ақымды кем беріп, ренжіткен жері жоқ», – деп айтқанындай сөзді біреу емес, бірнеше адамдар ортаға салған. Солайша, бұл жиналыс Шәкәрімді толық ақтап, бермей қалды».

Қанша тандансақ та, Шәкәрімнің қазақ мәдениетіне қосқан зор үлесін жаңа билік мүлдем елеген жоқ. Оларды оның бай болғаны, яғни, жау болғаны ғана қызықтырды. Оның кітаптарына, өлеңдері мен поэмаларына назар аудару туралы жылт еткен ойлары да болған жоқ. Қоғамдық дамуды анықтайтын фактор ретінде жарияланған таптық күрес үшін ақын еңбегінің ешбір құндылығы болмады. Ең бастысы – таптық жау деп жарияланған ауқатты адамдардың көзі жойылуға тиіс болды.

Қазақ даласында сұлтандар, төре ұрпақтары, билер, болыстар, аксүйектер және олардың ұрпағы мен жақын туыстары «тап жаулары» атанды. Кеңестік билік бай аталған ауқатты адамдардың ғасырлар бойы көшпелі қоғамды басқарып, рулық құрылымның тұрақтылығын қамтамасыз еткенін мүлдем есепке алмады. Оларды ештеңеге қарамай «тап түрінде жою» ғана мақсат тұтылды.

«Қаражаргас» ауылының кеңесі Шәкәрімді тәркілеуден аман алып қалса да, кеңестік билік оны жайына қалдырмады. Оны енді «Ақтөбе» ауыл кеңесінің жиналысында талқылайтын болды. Ақын сонда аттанды. Бірақ бұл жиналыста да Шәкәрімнің тәркіленуіне қарсылық білдіргендер көп болды.

Танымал ақын қажыны үшінші рет шалғайдағы «Құндызды» ауыл кеңесінің жиналысында талқылау белгіленді. Жиналыс мүшелерінің көбі Мырза руынан шыққан еді. Бұрындары Шәкәрім оларға бір мерзімге болыс болып сайланған. «Құндызды» жиналысында Мырза руы Шәкәрімді ақтап шықты. «Әкем адал және әділ адамды халық әрдайым қолдайды деуші еді. Мен оның бұл сөзіне сол кезде ғана көз жеткіздім», – деп жазды Ахат.

Бірақ Шәкәрімнің қудалануы мұныменен аяқталмады. Оның ісін Семейдегі Затон жұмысшыларының жиналысында тағы

қарайтын болды. Осыған байланысты жетпіс жастағы ақын күзде қалаға баруға мәжбүр болды.

Зауыттың жиналысында Шәкәрімге қатысты сол кез үшін ең ауыр айыптар тағылды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, оның малы көп емес, бірақ ол басқа баптар бойынша тәркіленуі тиіс: болыс болды, қажылыққа барды, малшыларды ұстады, оларды жалдамалы жұмысқа салды, оған қоса Алашорданың мүшесі болды. Сонымен қатар ол – бұрынғы аға сұлтан Құнанбайдың туған немересі. Жиналысқа қатысқан жұмысшы Алтыбаевтың айтуынша, Шәкәрімді жұмысшылар жақтап, оған болыса бастайды:

– Ол ешкімге де зиянын тигізген емес. Біз Шәкәрімді тәркіленуі тиіс адам деп есептемейміз, – дейді олар бірауыздан.

Келесі сөз кезегі бір қарт адамға берілді.

– Иә, Шәкәрімнің болыс болғаны рас. Бірақ, халық одан басқа адал болысты көрген жоқ! – дейді ол. – Шәкәрім жұмысшыларды жалдады. Ал олардың қайсысы еңбегімді қанады деп шағымданды? Қажылыққа барған екен. Ал ол тәркілеуге себеп емес. Ол кезде көбісі қажылыққа барды. Оның атасы билеуші болды деп оны жазалағанымыз дұрыс па? Мүмкін, осында отырғандар ұмытып қалған болар, бірақ мен Шәкәрімнің әділ шешім қабылдайтынын өз көзіммен көрдім. Алашорда соты істеп тұрғанында, ол ұстазына ғашық болып қалған және рулық салт-дәстүрге қарамастан қалың мал негізінде емес, махаббатымен отбасын құрғысы келген Белгібайдың қызына бостандық берді емес пе? Солай емес пе, жолдастар?

Жұмысшы жолдастар мәз-мейрам боп оның осы сөзін қостай кетті.

– Біз партия мен үкіметтің әділ әрекеттерін барынша қолдағандықтан Шәкәрімді тәркілеу жөнінде талапқа қосыла алмаймыз.

Нәтижесінде, Затонның жұмыскерлері де тәркілеуге қарсылықтарын білдірді.

Халық алдында адалдан жиған беделінің арқасында Шәкәрім тәркілеуден аман қалды. Оның тартып алатындай артық дүние-мүлкі де, малы да жоқ болатын. Бірақ оның жер аударылуы мүмкін еді. Өйткені оның кейбір туыстарын оңтүстікке еріксіз жер аударып жіберген-тін. Олардың тағдырын жауға тілемес едік.

Ол кезде семейліктерді Сырдария округіне, сырдариялықтар мен жетісулықтарды Оралға, Орал тұрғындарын Жетісуға, Ақмола тұрғындарын Гурьевке, Гурьевтің адамдарын Петропавлға, петропавлдықтар мен павлодарлықтарды Ақтөбеге, ақтөбеліктерді Қарқаралыға, қарқаралықтарды Қостанайға, қостанайлықтарды Семейге жер аударған болатын.

1928 жылы Шыңғыстауда он жеті адамды тәркілеп, кейін отбасыларымен жер аударып жіберді. Кейін тағы да үшеуін: Мұсатай Молдабаев пен Алашорданың екі мүшесі Халел Ғаббасов пен Абайдың баласы Тұрағұл Ибрагимовты осындай тағдырға бой ұсынды. Бұл жағдайды төмендегі құжат растайды:

«Кедейлер мен батырақтардың, ауылдың басқа да еңбекшілері жиналысының, аудандағы кедейлер мен батырақтардың кәмпескелеуінің шешімдері, Қазақ Үкіметінің декретін өткізу жөніндегі аудандық комиссияның осы жылдың 27 тамызындағы шешіміне сәйкес, өтінушілердің артуына байланысты үкімет алдына Шыңғыс ауданынан жер аударатындардың тізіміне келесі адамдарды қосу ұсынылып отыр: 1. Халел Ғаббасов, 2. Тұрағұл Ибрагимов (Құнанбаев), 3. Мұсатай Молдабаев. Бұлардың топтардың басшысы ретінде белгілі, алғашқы екеуінде мал саны онша көп емес, ал соңғысы Сібір аймағындағы Рубцов округіне жер аударылып кетті. Округтік комиссияның осы шешімі телеграф арқылы Қазақ Орталық атқару комитетіне талқылауға жіберілсін».

Бұрын болыс болған Мұсатай Молдабаев «әлеуметтік қауіпті элемент» ретінде Рубцов округіне жер аударылды.

Шәкәрімнің немере інісі және рухани серіктесі (досы) Тұрағұлды туған-туыстары қатты құрметтейтін. Оның мал саны аз болғандықтан, билік оған қатысты қолданар шара таба алмай, ақырында, «рулық араздықты қоздыру мен революцияға қарсы қызметі» үшін айыпталып сотталды. Өзінің қыруар бала-шағасымен ол Жетісу округіне жер аударылды.

1928 жылдың 19 қазанында қабылданған №27 хаттама:

«Округтік комитеттің 8 қазанда қабылдаған №14 хаттамасы және КЦИК НР16881/5 телеграммасы бойынша Ибрагимов (Құнанбаев) отбасы мүшелерімен бірге қоныс аударылсын: бірінші әйелі Сақыпжамал – 53 жаста, ұлы Жебрейіл – 25 жаста, ұлы Зүбәйір

– 23 жаста, келіні Рахия – 18 жаста, келіні Қанағат – 25 жаста, ұлы Алпарыстан – 5 жаста, немересі Кенесары – 3 жаста; 36,9 бас (ірі қара малға ауыстырғанда) малы тәркіленсін, аула маңайындағы құрылыстары бар 6-7 бөлмелі үйі және 1 кілемі тәркіленсін және Ибраһим мен оның отбасына ірі қара малдың 16 басы (7 жылқы, 6 құлын, 2 түйе және 25 қой) қалдырсын».

Тұрағұл 1934 жылы Шымкент қаласында қайтыс болды. Бірақ моласының қайда екені де белгісіз.

Жер аударылмаған тобықтыларға зауал төніп тұрды. Қазақтар үшін тәркілеу науқанының ең алапаты малдан айырылу болды. Басында бай атанған қазақтарды тәркілеген, онымен тынбай кейін олардың туыскандарының малдарын тартып ала бастады. Сыпырып-сиырып, түк қалдырмай тонады. Күн көрісі қиын адамдар қоныс аудару бастады, қалғандары ағайындарының ауыл-ауылдарына тарап кетті. Кейін белсенділер салықтың жаңа нормаларына сүйене отырып, басқалардың да малын тартып ала бастады. Ал норманы орындамаған адамдарды сотталды.

Шыңғыстаудың тәркіленген малын Қарауылға айдап, ауылдан бірнеше шақырым жерде үлкен қашаларда ұстады. Күні-түні жылқылардың кісінеген, сауылмаған сиырлардың мөңіреген, мыңдаған қойлардың маңыраған дауыстары даланы дүрліктіріп тұрды. Сиырларды сауып, малдарға су берейік деп жалынған қазақтарды белсенділер қашарлардың маңайына жолатпай, қуып жіберді. Малдың біраз бөлігі Қарауыл маңындағы қашарларда қырылып қалды.

Олардың бір бөлігін ұжымдық шаруашылықтардың қарамағына тапсырды. Бірақ, кедейлердің кішігірім шаруашылығына дербес шаруашылық мәртебесін беру үшін берілген жылқылар мен сиырлардың саны жетпейтін. Оның үстіне, кедейлер шаруашылықтарды басқарып үйренбеген. Малдың бірнеше басын иеленген кішігірім шаруашылықтар қысқа мерзім ішінде олардың санын көбейте алмады. Ақыр аяғында кедейлер бар малдарын сатып немесе сойып тастап, өздерінің бұрынғы әлеуметтік жағдайларына қайта оралды.

Тәркіленген малдың қалғанын қыста сойып тастады. Бұйрық бойынша, етті ресейлік пролетариатқа жіберу керек болды. Мыңдаған жылқылар, сиырлар мен қойлар сойыла бастады.

Арбалар мен салт мінетін аттар күрт азайып кетті. Соның салдарынан тәркіленген малдың еті Семейге дұрыстап жеткізілмеді. Далада үйінді-үйінді боп жатқан мал еті көктемге қарай далада шіріп жатты. Нәтижесінде халықтың дәулетінен тек тау-тау боп үйіліп тұрған сүйектер ғана қалды.

Шәкәрім қалыптасқан жағдайдың қаупін түсінді, биліктің өз қарамағына тоғышарларды қалай тартып, олардың ең белсенділерін қызметке қалай жалдап, солар арқылы көшпелі ортаға шешімдерін қалай таратып жатқанын көрді. Ал олардың бұл әрекеті қазақтардың дәстүрлі өмір салтын тас-талқан етіп қиратты, сана-сезімдерін өзгертіп, бойларына үрей ұялатып, өшпенділік пен жағымпаздықты туғызды.

Қоғамдық пікірге тікелей ықпалы жүрмесе де, халыққа Шыңғыстаудың басында рухани сәуледей жол сілтеп тұрған танымал қажыға өкімет жарлықтарын орындаушылардың қуғынға ұшыратамыз деген талпыныстарынан әзірше ештеңе шықпай тұр еді. Бірақ Шәкәрім барлық халықтың бой ұсынып, бағынғанын талап ететін биліктің өзінің соңынан қалмайтынын білді.

Биліктің қуғын-сүргінінен құтылған соң оның Саят қораға кетуі де осы себептен. Ол өкіметтен қашпады. Танымал философ ақынның оңаша болса да елге белгілі қоныста жасырынып қалуы мүмкін де емес еді. Ол жасырыну туралы ойлаған да жоқ, өйткені Көкке жақын кеңістікте көп жыл бойы салып жатқан философиялық жүйесін аяқтап кеткісі келген қасиетті жоспары болды. Ол енді уақытын түгелдей Саят қорада өткізетін болды, олардың берекесі қашқан шаруашылықтарын сақтап қалуға көмектесу керек болғанда ғана тек туыстарымен қатысып тұрды.

Расында, Шәкәрімге келушілер бұрынғыдан да көбейген еді. Төніп келе жатқан үлкен алапаттың салдарын ойлаған есті адамдар Шәкәріммен ақылдасуға асықты. Олар қажыдан кеңес сұрап, оның жағдайға қатысты болжамын білгісі келді. Қажының болжамы көңіл жұбатарлық болмай шықты.

Ақын сексенге таяғанында оңаша қалып, немен айналысты екен?

Көшпелі қоғамның материалдық және рухани дәстүрлерін жоюшы билікке төтеп бере алмағандықтан, ақын оңашаланып,

әдеби еңбектерін жаңғыртып, бұрындары бастап қойған этика-философиялық шығармалары мен трактаттарын аяқтағысы келді.

1806 жылдың қазанында Наполеонның әскері талқандаған пруссиялық жасақтар Йенадан кеткенде, француз жауынгерлері үйінде отырған елу жеті жастағы Гетенің есігін бұзып, оған қарумен қоқан-лоқы көрсеткен екен. Неміс ақыны ол уақытта қытай ойшылдарының трактаттарын, шығыс даналығы мен парсы өлеңдерін зерттеумен шұғылданып отырыпты.

Гете сияқты, Шәкәрім де өзін тек осындай жұмыс үстінде ғана мына әлемнің ерікті адамы ретінде сезіне алды. Рухани мәдениеті оған мәңгілік үшін еңбек етуге әмір беріп тұрғандай. Сол аласапыран уақытта ол «Бәйшешек бақшасы» атты әңгімелер мен өлеңдер жинағын жазып бітіреді.

Он сегіз өлеңінің кейбіреулері сол уақыттағы соңғы бір қайғылы оқиғаның ізімен жазылған:

Ойбайлап шабу мақұл ма?
Жыласа да жақынға,
Қазақтың мұндай әдеті
Тіпті теріс ақылға.

Ақын-философтың парасат, жан мен сенім туралы ойларын ашатын басқа өлеңдері болашақ оқырманды автор көп жыл бойы киелі санап келген, енді ақыл ағашы өсіп шыққан топыраққа, негізге, жетелейді:

Жемісті, жақсы иісті бұл бәйшешек,
Аралайық, пайдасын көрем десек.
Ұғымды, миы жастың ойын қозғап,
Ұқтырар талай тәлім, талай есеп

«Бәйшешек бақшасы» жинағының прозалық мазмұны «алақандай ғана» он бір әңгімеден тұрады. Шын мәнінде, бұл мысалдар шығыс аңыз әңгімелерінің сарынымен жазылған. Шәкәрім, мысалы «Мың бір түн» шығармасындағы бәріне танымал жомарт адам Хатим-ат Таи жайлы айтылатын бір сюжетті қолданады. Ақын оны қазақ тілінде Атымтай деп атады. Араб аңызы бойынша,

Хатим-ат Таи анасына өзін құлдыққа сатып, ақысына екі түйе сатып алып, оларды сойып, қонақтарды тамақтандыруды бұйырады. Шәкәрімнің шығармасында Атымтайдың қайырымдылығы мен жомарттығы кедейлерге аранлған. Қаланың кедейлері мен жетімдерін тамақтандырып болғаннан кейін, Атымтай дала кедейін іздеп жолға шығады. Жолда киімі тозық бір адамды кезіктіріп, оны қалада ұйымдастырылатын қайырымдылық іс-шарасына шақырады. Кедей одан бас тартып, өз еңбегімен отбасын асырай алатын адал адамға қайырымдылықтың керек еместігін, керісінше, мұндай қайырымдылық оны тура жолдан тайдыруы мүмкін екендігін айтады. Бүгін отбасына жинаған отыны жеткілікті болғандықтан, енді анау бір ақсақ шал үшін жинап жатқанын айтып, мынадай данышпандық көрсетеді:

«Дені сау адамды Атымтай асырап, тіленшілікке салып жібермесін. Кем-кеттікке қарасын! Атымтай малмен мырзалық қылады, мен еңбек, теріммен мырзалық қыламын, қайсымыз мырза екенімізді Атымтай өзі сынасын».

Кедейдің ойынша, қайыр берудің «жомарттылығы» адамның осы игілікті көбейту мақсатында ерен еңбегінің арқасында болмаса, өткінші болғаны. Басқаша айтқанда, Шәкәрімнің мысалында жақсылық жасаудың екі ерекшелігі көрсетіледі: қайырымдылық философиясында ұқсас болып көрінгенмен ғасырлар бойы сақталып келген қайыр беру мен еңбек ету мағыналары жағынан бірдей түсінік емес.

Шәкәрім бұл шығармаларды өзінің жеке этикалық жүйесі мен жалпы әлемнің эстетикалық концепциясының негізгі түйіні деп есептеп, оларды жазып бітіруді міндет көрді.

Құс тұзақшысы жайлы мысалында ол былай деп жазады:

«Жиі тоқылған жібек бұйымдай құлаққа жұмсақ, тәтті пісірілген сіңімді тамақтай жүрекке жайлы тиетін, жақсы үнді, сұлу сөзді ақындар май айының қызыл гүліндей қырышын жастардың қызықты, қымбат өмірлерінің қиын сырын сипаттаса, кейде қыс айының декабріндегі жайнаған жасыл гүлді қуарта тұғын, талай-талай жүректердің тамырын жүзінің нұрымен билеп соқтыратын сұлуларды солған жемістей суалтатын баянсыз өмірдің бақытсыздық мұңдарын сипаттаса, сол айтылған сөз,

салған ән, қуаныштың да, қайғының да өзіне ұнаулы үнмен айтылса, дүниеде осыдан жақсы жанға жайлы әдемілік, жарасымдық бар ма екен? Бет сұлулығы – тән сыйы болса, дауыс пен сөз сұлулығы – жан сыйы ғой, әрине, тән сыйынан жан сыйы артық екеніне дау жоқ, бірақ бет сұлулығын әркім-ақ таниды. Сөз бен ән сұлулығын танушы аз».

Шын мәнінде бұл жан мен тән, адамның мәңгілік рухани бастаулары туралы ой-толғаулар болып табылады.

Шәкәрімнің «Бәйшешек бақшасын» жазуға итермелеген ең басты ойы басқа, асық жары кіріп келгенде, жанып тұрған шамды өшіріп тастаған бір ғашық адам жайлы мысалда ишараланады:

– Мен келгенде, шамды неге өшірдің? – деп сұраса асық жары:

– Сенің нұрыңды көргенде, күн шығып қалған екен деп өшірдім. Күн барда шамның керегі не? – депті.

Бұл сырт қарағанға сөз ойыны, тосын сөз сияқты көрінеді. Алайда Шәкәрім бұл мысалдан ғақлиялық түйін шығара білген: «Адамның бәрі бала болып, ақылы жай толатын болғандықтан, сәнқойлық, көрсеқызар, мақтанқұмарлықты бірінен-бірі көріп, тәлім алады. Өзін-өзі тексеріп, ол әдетті қалдырып, таза ақылға билету әлденеше мыңнан біреудің-ақ қолынан келеді».

Ал негізгі ойдың өзі мысалдың бас шенінде беріледі:

«Адамда екі түрлі мақсұт бар: оның бірін тән мақсұты, бірін жан мақсұты дейміз. Қара басының қамын ойлап, өзімшілдік, мақтан көксейтін – тән мақсұты. Адамшылық ар мен адал еңбек іздейтін – жан мақсұты. Бастапқыны көксеген адам зұлымдық, қиянатпен болса да, мал, мансап, мақтан табуға құмар болады. Соңғыны көксеген адамның адал еңбек, ақ ниеттен басқа іздейтіні жоқ, ол адам баласын ала көруді, қиянат қылуды тіпті ұнатпайды. Осыны біле тұра адамның қиянатшыыл, мақтанқұмар болатынының себебі: адам жас күнінде тәжірибесіз балалықпен сәкекүл сәнді киімге, кеңесшіл кердеңдікке қызығып, соған біржолата құмар болады. Бір адам сайтанға махаббат көзімен қарап әдеттенсе, аздан соң сайтанды біржолата періште деп біліп, жанына өлшеген асық жар қылып алады да, Жүсіптей нұрлы сұлудан қара қоңыз бен жыланнан жиренгендей жиренетін болып, өз қылығын өзі сынай алмай қалады».

Ақын «Бәйшешек бақшасы» шығармасын ар-ұждан мен руханилықтың дене мақсұттарынан басым және жоғары тұратынын көрсету үшін жазған.

«Бәйшешек бақшасына» уақыт жағынан да, мазмұн жағынан да 1929 жылы жазылып біткен «Үш анық» жанасады.

Шәкәрім ең жоғары құндылық болып танылатын ар-ұждан жайлы ой толғай отырып, өзінің ұждан туралы түсінігін адам жанының құпиялылығымен және оның рухымен байланыстырады. Жануарларда жан болғанымен, рух жоқ. Сондықтан да олар рухани құндылықтарды тірек етіп өмір сүретін адамдар тәрізді емес. Шәкәрім рухани құндылықтардың ең бастысы деп «адамдағы ынсап, әділет пен мейірімді үшеуін қосып айтады. Олардың мұсылманша жалпы атауы «ұждан» болса, орысша «совесть» болады.

«Бұл не? Бұны істеп тұрған кім? Бұған жауап берушілер «адамшылық ары соны істеуді ұнатады» дейді. Меніңше, бұл жауап сол ұжданның солай қылғанды ұнатады деген болып шығады. Мен сол ұждан, совесть қайдан шығып тұр десем, оған жауап жоқ сияқты. Меніңше, совесть – жанның тілегі. Неге десеңіз, жан тіпті жоғалмайтын, бұзылмайтын нәрсе, барған сайын жоғарылайтын нәрсе. Сондықтан тезірек жоғарылауға себеп керек қылады. Мәселен, таза дене, таза толық мінез ой істерін керек қылады. Соның қатты бір керегі совесть-ұждан. Оның осы өмір үшін керек қылмайды, соңғы өмір үшін де керек қылады...».

«Үш анық» кітабы – таңғажайып, бірегей және қайталанбас туынды. Ақын бұл еңбегінде өз сана-сезімінің эволюциясын көрсетіп, Құдайға кәміл сенетін рухын айқындап кетті. Ол сонымен қатар шабыттана рауажданудың небір бастауларына жетеді, ал енді даналықтың осындай тұңғиығы кез келген адамға беріле бермейді.

Шәкәрімнің философиялық жүйесінің түйінді мәселесі жан болып табылады. Ол өзінің қырық жасында да жан жайлы айтып, елу жасында оның қасиеттерін зерттеп, алпыс жасында жан болмысын теріске шығаратын барлық көзқарастарды жоққа шығарды.

Жасы еңкейген қарт шағында да, ол жан және өлімнен кейінгі өмір жайлы ойлауын доғармады. Оның зерттеу мақсаты жанның өлімнен кейін қайда баруы емес. Ол танымнан тыс метафизиканың сұрақтарына саналы жауаптың болмайтынын білді. Ақиқат –

сұрақтарға жауап алуда емес, оларды қоя білуде, түпкі мақсатқа қол жеткізуде емес, оған жету жолында, ұлы теореманы тікелей дәлелдеуде емес, оны негіздеуде.

Сол себептен өмірінің шыңында ақын өзінің өлімнен кейін жан мен өмірдің болмысын дәлелдей аларына толық сенсе керек. Оның бұл дәлелі шынайы, ақиқат сенімге негізделді. Егер сен өлімнен кейін жан мен өмірдің боларына сенсең, онда сенің бойында ұжданның бар болғаны. Дүниеден өтіп бара жатып, рақатқа кенелесің, өйткені ақиқатқа сене отырып оған қол жеткізе аласың.

Шәкәрім «Үш анық» еңбегінде рухтың нағыз қызметшісі ретінде ой толғайды:

«Мен жан жоқ, өлген соң өмір жоқ дегенге таңғаламын. Оларға мұндай сөзді қандай ой айтқызып отыр екен? Осы кезде жанның барлығына, өлген соң жоғаламайтынына күндей жарық дәлелдер табылып тұрса да, нанып қалған, әдет алған шатақ діннен шыға алмаған молдаларша қатып қалу – ақыл ісі ме? Бір адам жанының өлген соң біржолата жоғалады деп таныса, осы екеуі өлерде есі дұрыс болып, өлерін біліп, өлсе, екеуі не жаймен өледі? Әрине, жанның өлген соң тазарып, жоғарылайтынына нанған кісі қуанышта болып, жоғалуына нанған кісі өкініште болып, біржолата жоғалдым-ау деп өлсе керек. Және ұждан, совесть жанның тілегі екеніне нанған кісі қиянат қылғанына қатты кейіп, жақсылық қылғанына жете қуанса керек. Олай нанбай, бай ұждан, совесть құры ғана көрініс үшін адамдыққа лайық деген кісіге жақсылық пен қиянаттың көп айырмасы жоқ болса керек.

Ізін білдірмеудің айласын тапса болғаны, себебі өлген соңғы жан өміріне нана алмай, ұждан, совесть, жан екі өмірге бірдей керек таяныш екеніне нана алмаған кісінің жүрегін ешбір ғылым, өнер, ешбір жол, заң тазарта алмайды. Егер бір адам жанның өлген соңғы өмірі мен ұждан соның азығы екеніне әбде нанса, оның жүрегін еш нәрсе қарайта алмайды. Адам атаулыны бір бауырдай қылып, екі өмірді де жақсылықпен өмір сүргізетін жалғыз жол осы мұсылман жолы сияқты. Кейбір діншілдерді қорлыққа түсіріп жүрген – шатақ дін, жалқаулық, әйтпесе жаратушыда білім бар, өлген соң да бір түрлі жан тіршілігі бар. Жан екі өмірде де азығы

– ұждан, совесть деумен еш нәрседен кемдік көрмейді. Тіпті бұл жоғарылаудың ең зор жәрдемі үш анық дегеніміз осы».

Бәлкім бұл өлімнен кейін жан мен өмірге деген сенімнің өмір сүретінін айғақтайтын тіс батпайтын дәлелдердің бірі шығар. Өйткені ол – таза сезімге берілген, жан поэзиясымен орындалған және тым әсіреленбеген туынды. Бұл орайда Шәкәрім осы айтқандарын бойға сіңіріп қана қоймай, осыны ұстанғысы, орындағысы да келеді.

Сол жылдарғы ел басына төнген ауыр, қатыгез күндер Шәкәрімді мына дүниедегі адамгершіліктің мінсіз болатынына күмәндануға мәжбүр етті.

«Адами табиғатты қандай игі істермен түзетуге болады? Адамзат бейбітшілікте өмір сүре алу үшін қолданар не шара бар?» – деген риторикаға тіптен келмейтін сұрақтармен ақын-философ өзінің рухани жанының идеалдарын жандандырады.

1930 жылдың көктеміне қарай ол «Жетпіс екі жас ішінде» атты шығармасында өз ұстанымдары мен қағидаларына толық түсіндірме беріп кетеді:

«Бізше, адам өмірін түзеуге, барлық адамдар тату тұруға негізгісі – адал еңбек, ақ жүрек, арлы ақыл болуға керек. Дүниеде бұл үшеуі үстем болмай, адам баласына тыныштық өмір сүруге мүмкіндік жоқ.

Әрине, адам оқып, біліп үйренуі қажет. Білімсіз, ғылымсыз өнер табылмайды. Сол алған білім-өнерлерін адал еңбекпен жаратылыстың мол байлығын пайдалануға салса, табылмайтын нәрсе жоқ. Сол тапқан байлықты барша адам баласының керегіне, пайдасына жарату керек.

Ақ жүректің керектігі – мейірімділік, махаббат, қайырымдылық, адалдық ақ жүректен шығады.

Ал, арлы ақылды адам қиянатты, зорлықты, өзімиілдікті, мақтанды білмейді және істемейді.

Осы үшеуінің басы қосылса, адам жақсы өмір сүріп, бірімен-бірі тату тұруында сөз жоқ».

Ақ жүрек, адал еңбек және арлы ақыл – Шәкәрім этикасының парадигмасында ақынның азапты ізденістері мен өмірлік күйзелістерден кейін жете түсініп, жазған үш анығы

болып табылады. Және осыларды ақын адамдарға, өзінің туған-туыстарына, жалпы бүкіл адамзатқа ақылсыздықтан құтқарушы құрал ретінде түсіндіріп, ұсынған болатын:

«Адамның бойында біржолға сіңісіп, біте қайнасып қалған күшті, зиянды жау нәрселер, әдеттер де бар. Міне, осы жаман әдеттердің барлығынан адамдар тату тұрып, жайлы өмір сүре алмайды. Олар – нәпсі, өзімшілдік, мақтан. Бұлардан ұшы-қиыры жоқ жаман әдеттер туа бермек. Мысалы, зорлық, алдау, мансапқорлық, малқұмарлық, рахымсыздық, мейірімсіздік, қанішерлік, тағы-тағылар. Бұлай болғанда осы жаман әдеттерден құтылудың айласын іздеу керек. Ең алдымен барлық адамды адал еңбек ететін жолға салу керек. Ол үшін көптің қалауымен әкімшілік басына арлы, ақылды адамдарды қойып, сол адамдардың бұйрығы, ақылы бойынша туған, туашақ адамдарды, жастарды қазына қарауына алуға заң шығаруға керек те, ол заңды бұзғандарды жазалау керек. Оарға еңбек өнерін үйрету керек, онымен қабат оқу-білімге жетілдіру қажет. Жоғарғы айтылған жаман әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал әдеттерді жоюға бұлар жеткіліксіз болғандықтан, сол адал еңбек, білім үйренумен қабат «Ар білімі» деген білім оқытылуға керек. Бұл ғылымды ақылды адамдар ойластырып, пән ретінде жазып, нәпсіні жойып, адам бойында жеке ардың қожжа болып қалу жағын көздеу керек. Адам бойындағы нәпсі кеселі кетсе, өзгерісі оңай».

Көріп отырғанымыздай, билеушілер құзырына Шәкәрім белгілеп отырған мәртебе, лауазымды тұлғалар қызметінің тәртібі мен ғалым адамдардың зердесі «ұждан ілімі» концепциясымен үйлескенде адами табиғаттың эзелгі жарасымын жаңғыртуға бағышталады.

Шәкәрім өзінің туындысы, яғни ұждан ілімі жайында, сөз қозғай отырып, мұның әдістануы – таза ақыл, зерттеу нысаны – адам жаны, ал жаңа ғалымның мақсаты адам мен адамзаттың кінәраттардан құтылуы деп жариялайды.

Шәкәрімнің рухани күш-қуатының зор болғаны соншалықты, оны ақиқатты білетіндердің бірі деп санайтын. Бірақ ол өзі туралы әулие, қасиетті адам деген пікір қалыптастырғысы келмеді. «Мен

бәрін білемін, маған келіндер» дегенді ешкімге де ашықтан-ашық айтпайтын.

Бірақ оған келем деушілердің легі азаймады. Өйткені «Үш анықта» көрсетілген биік өнеге мен адамгершілік оның келбетінен, ойлауы мен әдеттерінен айқын көрініп, сезілетін. Ол өзінің шығармасында үш анықты қабылдай білген болашақ адамдарға тиесілі өмірді сипаттап, өзі де солар сияқты өмір сүре білді. Адамдардан қанша алшақ тұрса да, олардан ешқашан безген жоқ. Сол себептен ең қиын-қыстау кезеңдерде халқының қасынан табыла білді. Оның тұлғасы шексіз еркіндікті, руханилықты, әсемдік пен шынайылықтың белгісіндей еді.

Қажының Саят қорадағы үйіне барған адамдардың әңгімелері көп емес. Мұндай әңгіме-естеліктердің біреуін Кәрімқұлдың ұлы Қабыш қалдырды.

Шәкәрімнің досы Кәрімқұл Байқошқар қыстауында тұратын еді. Кәрімқұлдың ұлы Қабыш Шәкәрімнің өзі аттас Қабыш деген баласымен қажының Саят қорасына барыпты:

«Сұрапыл аяз, қарлы боран болғанда біз Шәкәрімнің ұлы Қабыш екеуіміз Саят қораға келіп, сыйлықтарға толы қоржынымызбен үйге жүгіре кірдік. Шәкәрім кіріп-шығып, пеш жақты, ет асып, шай беріп, түйесін сауды. Оның үйшігі екі таудың ортасында орналасқан еді. Еденге киізден жасалған оюлы кілем, ал оның үстіне көрпелер мен көпшіктер төселген. Үстелдің үстінде жазылған қағаздар мен бір байлам кітап жатты. Қабырғада – сырнай, домбыра, мылтық, теріден жасалған оқ салғыш, шоқпар, қапшығымен тұрған пышақ, қамшы, күміс дорба, киім ілініп тұрды.

Пештің маңайында құлынның терісінде тазы ит жатты. Бұрыштан бізге қорқа қарап бүркіт отырды. Үймен жалғас қорада ат байлаулы тұр»,– деп еске алады кейін Шәкәрімнің өлеңдерін асқан шеберлікпен орындаған, оның шығармаларын сақтап қалған Қабыш Кәрімқұлұлы (1907 – 1970).

Үй ішіндегі жабдықтары мен жиһаздарына қарағанда, Шәкәрім мосқал тартқан шағында да өмірге деген талғамын жоғалтпаған сияқты.

Мұнан ары қонақ естелігінде Шәкәрімнің «бойымда тұнған қайғымды өлеңге салып берші» деп ұлына өтініш айтқанын келтіреді. Оның ұлы, дарынды ақын, қолына домбырасын алып, өлеңге сала жөнеледі. Аянышты өлең бірде халықтың басына төнген қайғысын, бірде адамдардың өз шаруасы мен малынан айырылып, басқа аймақтарға жер аударғандарын сипаттайды.

Сол кездері советтік билік тәркілеу мен коллективтендіру науқанының «табысты» нәтижелерін ашық түрде жариялай бастады. Ресми мәліметтер бойынша, 1928 жылы Қазақстан бойынша барлық шаруашылықтың 2 пайызы коллективтендірілсе, 1930 жылдың 1 сәуірінде 50,5 пайыз, ал 1931 жылдың қазанына қарай 65 пайыз шамасында болды. Колхоздық қозғалыстардың «шамшырақтарының» бірқатары бұл көрсеткіштерден асып түсті. Мәселен, Орал және Петропавл округтерінің колхоздарында шаруашылықтардың 70 пайызы шоғырланған. 1931 жылдың күзіне қарай Республикадағы 78 ауданның аулалары 70-тен 100-ге пайызға дейін 122 ұжымдастыруға қамтылған.

Шындығында, жағдай өте қиын болды. Орталықтың саясатын іске асыру мақсатында мал шаруашылық қалашықтары тұрғызылып, онда үлкен территориялы ауылдардың тұрғындары көшіріле бастады. Ол өз кезегінде бір жерде жиналған малдың аштықтан және жайылымдардың жетіспеушілігінен қырыла бастауына әкеліп соқтырды. 1929 жылы тәркілеу шараларының тиімсіздігі азық-түліктің тапшылығынан көріне бастады. Халық қыстан эзер дегенде аман шығып, күндерін зорға көретін жағдайға жетті.

Үлкен зұлмат оқиғалар төнбей тұрып, Шәкәрім өз басын аман алып қалар еді. 1929 жылдың жазында Шыңғыстауға оның атына Алматыдан хат келді. Бұл хатты Қазақстан үкіметінің мүшесі Ораз Исаев, РСФСР Совнаркомының төрағасының орынбасары Тұрар Рысқұлов және басқа да саясаткерлер жіберген еді. Хатта Шәкәрімге Алматы қаласына көшіп келіп, жұмыс істеу жайлы ұсыныс жазылған.

Ахат былай дейді:

«1929 жылда Алматыдан Исаевтан әкей атына бір хат келіп, оны ауданда оқып, қайта желімделгінін көріп, мен де ашып оқыдым.

Хат Исаев, Рысқұлов, тағы бірнеше азаматтар атынан жазылыпты. Хатта әкейге «Алматыға келіп, тарих бөліміне қызмет істеңіз. Қарауыңызда қаниша жаныңыз бар? Шойын жолға қаниша шақырымдай тұрасыз? Келіссеңіз, хат жазыңыз, қаражат жібереміз. Сіздің тарих зерттеу мекемесінде қызмет істеуіңізді ұйғардық» депті. Бұл хатты мен оқып берген соң, туған-туысқандар, үй-ішімізбен қатты қуанысып қалдық. Бұл жақсы болды десіп, көшуге де дайындалсақ дестік. Сөйтіп, ауылдағылар көшпекке дайындалып, шаруаларын жайғай беретін болды да, мен жайлаудағы қорасында жалғыз жатқан әкейге жүріп кеттім. Мен барғанда тамағын асып қойып, жазу жазып отыр екен. Мен қонаға барғам. Сәлем беріп, амандасып болған соң, хатты бердім. Мен хаттың бұрын ашылғанын, ауылдағыларға оқып бергенімді, үй ішіміздің, жақын-туғандардың қуанып жатқанын, көшуге де дайын екенімізді айтып тастадым.

Әкей: «Өздерің де көшуді, менің баруымды ұнаттыңдар ма?» – деді.

Мен: «Біз қатты қуанып қалдық, естіген ел де қуанды», – дедім. Әкей: «Е, сендер де, ел де өз көздеріңмен өлшеген екенсіңдер ғой», – деді де, хатты оқыды. Аз ойланып отырды. Мен әкейдің ыңғайын байқап: «Барғыңыз келмей отыр ма? Оныңыз тартпақтық емес пе? Уақытты көріп отырсыз ғой», – дедім.

Әкей аздап түсі бұзылыққырап: «Менің айтқан нақыл сөзім бар еді. Сол айтқанымдай, сендер де, басқалар да мені танымайсыңдар деп, ренжуімнің қажеті жоқ екен!» – деп, үндемей қалды.

«Ақыл мен ойымның орны болған – денем өз сырымды қайдан білсін», – деген нақыл сөзі ойыма түсе қалды. Мен де үндемей, шаршаған болып, іштей әкейге өкпелеп, қыңырайып жаттым. Әлден уақытта әкей: «Қой! Екеуден екеу отырып, араздаспадық, татуласалық. Шай қайнап тұр, шай ішіп, жайланған соң, мен ойымды айтайын», – деді.

Екеуіміз шай іштік. Шай ішіп болған соң, әкей: «Сендер де, ел де шолақ ойлағансыңдар. Сендер мен онда барып отырсам, бізге де, өзіңе де жақсы, жайлы болады деп ойлағансыңдар. Ал, ел, басқа туғандар мына уақытша болып тұрған қысылшаңдықтан

құтылып, аман қалар еді деп ойлаған. Аргы жағын, болашақты көздемей, бүгінгі күнді ғана көздегенсіңдер. Олай шолақ ойлау жараммайды, балам! Бұл уақыт – әлі орнығып болмаған уақыт. Келешек алда. Ал, мен тарихты зерттеп отырармын. Білген анық тарихты жазсам, ол осы уақытқа қайшы келер. Сонда олар маған не айтпақ? «Мынауыңыз бұл кезге сай келмейді, былай жазыңыз!» – демей ме? Егер мен білген нақты тарихты бұрмалап, тек осы кезеңге сәйкестіре жазсам, мен кім болам, кейін хақиқатты зерттеушілер болмайды деп, айта аласың ба? Сөзсіз болады. Тарихтың шындығы өшпейді. Сонда мен тарих алдында, арлы адамдар алдында кім боп шығам? Бір өлмей, екі өлгенім болмай ма? Әлде сендерді, қатын-балаларымды сақтаймын, соларды аман алып қаламын деп барам ба? Жоқ, олай емес! Сендердің ырзықтарың өз алдына. Шын адал, қиянатсыз болсаңдар, аққа қара жұқпайды. Менсіз-ақ бастарың аман болады. Адал еңбекпен өмір сүре біліңдер! Және осы мені шақырып отырған азаматтар осы орындарында бекіп отырады деп, айта аласың ба? Ақыры хақиқат табылады. Бірақ, хақиқатты табу жолы тура тартқандай жол болмайды, бұрылыс, кедергісі көп жол болады. Қазір сол кедергілі жолда келеміз. Сендер осы уақытта кедергіге шыдамай, алдағыны болжамай айтасыңдар! Жас уақытым болса бір басқа. Енді өлер шағымда үйде болғаным жән болар! Маған бармадың деп, басқалар да, сендер де өкпе етпей-ақ қойыңдар!» – деді.

Қажының ойында айтайын деген сөзі әлі бар еді. Соын біліп Ахат әкесінің қасында екі күн болып, үй шаруашылығы бойынша көмектесті.

Шәкәрім өмір түйінін қорытындылай отырып, қоштасарға өзі туралы ойын айтты:

– Сен менің Алматыға бармағаныма ренжіп қайтқалы отырсың, ә! Менің өткізген өмірімді, ойымды білмегендіктен, ренжисіңдер! Мен қандай дәуірде, қалай өмір өткіздім, қатты дауылда, қанды оқпан толқында, қараңғы түнде, жай оғының астында, сорғалаған сор жауында, желкенсіз қайықпен теңізді кешіп өмір сүрдім. Менің өскен айналам қандай? Көргенім қандай? Оны сендер білмейсіңдер!

Айналам – дау, жанжал, өтірік, ұрлық, қанау, талау, надандық, жуандық, зорлық, мақтан, мансапқұмарлық, партия, озбырлық, қорқаулық, жалқаулық, ұрыс-төбелес, міне, менің көргенім, сүрген өмірім. Мен осылармен жағаласып, арпалысып өмірімді өткіздім.

Олармен жеке өз басым үшін алысқам жоқ. Өз басымның тыныштығын ойлаған болсам, байлық, мақтан, мансапқа ие болып, мықты, жуан деген атаққа қолым жетіп, шалқып өмір өткізер едім. Арым, адамшылдығым мені оған апармады. Адам болып тудым, адам атымды ақтайын, көп үшін, халық үшін, келешек ұрпақ үшін еңбек етейін. Кейінгіге үлгі аларлық із-белгі қалдырайын, адам атым өшпесін, тарихқа аз да болса үлес қосайын деген ойда болдым. Арымды сатып бақ алып, мансап тапқанымша, көптің адалын жақтайын, көпке жағайын, көргенімді, білгенімді бар адам баласы үшін жазайын, наданның көзін ашайын. Келешектің ойын ашайын деп жаздым. Айтқанымды, аңсаған арманымды орындауға қолым жетпеді, әлім келмеді, қатігез заман, қайырымсыз, қатал, мансапқұмар, қатыбас, мейірімсіз басшылар көнбеді. Тілін безеген, көз байлаған қулар, жайдары пысықтар, алдампаз, арам сопылар, парақор ұлықтар көндірмеді. Мен жалғыз қалдым. Өз ойымды, өз арымды сақтап қалайын деп, адам атымды ақтап алайын деп, жапанға қашитым. Сондағы менің ойым, мақсатым не? Білесіңдер ме? Қалған өмірімді жазумен, ізденумен өткізбек болғам. Сол ойымды, тапқанымды жазып, кейінгіге қалдырмақ болдым. Өз заманым үшін жазғам жоқ. Келер дәуірдің адамы үшін жаздым. Адамның арты бүгінгілер ғана емес, кейін де келешектер бар. Дәуір артқа тартпайды, алға тартады. Өмір жаңара бермек, өмір жаңасы – адам тазара бермек. Ешнәрсе біржола жоғалмақ емес, өзгеріп қайта келмек. Тарих – мәңгілік. Ол өткеннің тазасын, жарамдысын алмақ. Жаңа заман тарихтың тазасына, асылына арналмақ. Тарихтың алтындай тазасы, алмастай асылы жаңа дәуірдің іргетасы болмақ. Сол іргетастың бір керегіне жарарлық тас сынығын таппақпын, соны жазбақпын. Соны іздегеннен басқа өмір маған қалған жоқ, балам! Енді ұғарсың!»

Әлбетте, бұл – Шәкәрім ғана айтар сөз.

Өлеңдеріне нәр берген сол бір романтизм оның осы сөздерінен көрініс табады. Ақын әлемнің қандай болу керектігін, оның мінсіз болуына өз септігін тигізуді қалайтынын айтады.

Адамзат тарихында мінсіз қоғамды құрудың жобалары көп болды: Платонның мінсіз мемлекетінен, Томас Мордың «Утопиясынан», Томмаз Кампанелланың «Күн қаласынан» коммунисттердің берік идеалы болып табылатын коммунистік қоғамға дейінгі жобалар. Бірақ олардың ешқайсысы да орындалған жоқ, мінсіз қоғам орнату мақсаты қиял күйінде қалды.

Бәлкім, бұл дұрыс та шығар. Өйткені шынайы идеалға қол жеткізу мүмкін емес. Дегенмен, идеалды қоғам жайлы бірегей, қызық жобалар адамды терең ойға шолып, қоғамдық дамуға түрткі болады. Бұл орайда Шәкәрімнің жобасы – әлемді өзгертудің аңғал әрекеті емес, рухтың өзгеруіне бағдарланған нағыз философиялық жүйе. Өйткені ақын бұрынғы заманның ұлы гуманистері сияқты өз идеялары мен өз ұсыныстарын өзі ұстану жолымен нығайтты, осы жолға өзін-өзі құрбан етті.

Асыра сілтеу, айнала – тұзақ

1928-1929 жылдардағы «ірі байлардың» мүлкін тәркілеу науқаны қалған халықтың мүлігін жаппай тәркілеудің бастамасы ғана болды. Көшпелі қазақтарды малдан айыру қазақ елін тұйыққа әкеп тіреді.

Алғашқы жоспар бойынша Қазақстанда 700 ірі бай мен мал иелерінің малы мен мүлкін тәркілеу қарастырылған. Құжаттардағы мәліметтер бойынша, мал 696 шаруашылықтан ғана тәркіленген. Бірақ, шындығында, бұл сан берілген көрсеткіштерден асып түседі. Малы көп байлардың ғана емес, билікке бейтарап орташалардың да малы тәркіленген болатын.

Тәркілеудің бірінші кезеңін тәмамдай отырып, советтік билік 1929 жылы жаңа тәркілеу шараларын жүргізетінін жариялады. Астық дайындау науқанының шеңберінде ел төңірегіндегі колхоздардан астық, оған қоса тұқым қорлары тартып алынды. Қазақстанның мал ұстайтын аудандарына астық тапсыру міндеті жүктеліп, қазақтар тәркілеуден қалған малдарын астыққа айырбастауға мәжбүр болды.

1930 жылдың басында қосымша ет пен жүн дайындау жөнінде жаңадан кең ауқымды науқан жарияланды. Әрбір отбасыға жүн мен мал сүйегін тапсыру міндеті жүктеліп, мөлшері белгіленді. Бұл тағы да малдың жаппай сойылуына әкеп соқтырды. Қыстыгүні қыркылған қойлар суыққа шыдамай қырыла бастады.

Жүн мен сүйектің жоспарын орындай алмаған шаруашылық иелерін сотқа апармай-ақ түрмеге жіберіп жатты. Үрейі қашқан халық белгіленген норманы орындау үшін қалған малдарын сойып, тондарынан жүнін сыпырып, көрпе мен киімдерінің жүнін де тапсырып жатты. Бірақ жалмауыз өкімет мұны да аз көрді.

1930 жылдың 1 ақпанында Шәкәрімнің ең үлкен баласы Ғафур ет, жүн, сүйек тапсырудың нормасын орындамағаны үшін тұтқындалады. Ғафурдың ұлы Баязитті де алып кетеді. Мүлкі мен малын тәркілейді.

Көп ұзамай Шәкәрім де тұтқындалады. Оны Саят қорадан шақырып алып, қажы үйде болмаған кездерде Ахат пен Зият қарайтын бірен-саран малы мен бар мүлкін тәркілейді. Абай сыйлаған винчестерді де алып кетеді. Қажының өзін, баласы мен немересін қоса Қарауылға қамап қояды.

Бірнеше күннен кейін Шәкәрім «ешқайда шықпаймын» деген қолхат беріп босайды. Ал Ғафур мен Баязит Семейге айдалып, қайғылы 6 шілдеге дейін түрмеге отырғызылады. Шәкәрім сол жылдың аласапыран оқиғаларынан кейін Саят қорада жазылған аянышты балладасында осының бәрін баяндаған. Бұл өлең қарт ақын мен оның туысқандарының қайғылы хроникасына айналды:

Мың тоғыз жүз отызыншы,
Февральдің бір жетісі,
Жүрекке салған от сөнбей.
Алтыншы июль тым ауыр күн,
Болып маған қараңғы түн,
Бұларды мұтпаймын өлмей.

Бірінде кеп Ғафурды алды,
Баласы да қосақталды,
«Сен қалма, – деп, – көгенделмей».
Мүлік-малын түгел алып,

Екеуін түрмеге салып,
Біраз ғана аял бермей!

Жетісінде өзімді алды,
Сыпырып үй, жасау-малды,
Кетер ме ойдан өлім келмей!
Онында мені шығарды,
Үй тұтқын қып, қағаз алды,
«Жатасың, – деп, – іс жөнделмей».

Шәкәрім қазақ даласында совет билігі орнаған күннен бастап оның негізгі кемшілігін, өзгеше пікірге көзсіз жаулықпен қарайтын идеяларын тез аңғарды, бірақ қабылдай алмады. Ол социализм идеясын утопиялық сипатына байланысты қабылдаған жоқ деуге болмайды, қайта, мұны ұнататын. Социализмді қабылдамаған себебі – ұлы және кіші көсемдердің шешіміне келіспеген адамдарды ойланбай-ақ көзін жоятын большевиктердің бүлдіргіш саясатына төзе алмады.

Еркін ойлайтын, үнемі сыни пікір ұстанатын қайраткерді кез келген жерден байқап қалу оңай еді. Совет билігі мен Шәкәрімнің рухани мәдениеті арасындағы қарама-қарсылық бұлардың болмыс табиғатынан да келіп шығады. Сол себептен ойшыл ақын қалай болса да репрессиядан құтыла алмайтын еді.

Бірақ бұл зұлматтан ол 1928 жылдың күзінде жүрген тәркілеудің бірінші кезеңінде де, 1929 жылы шаруашылық жүргізудің дәстүрлі қазақ жүйесі бұзылып жатқанда да аман өтті. Ал 1930 жылы малы мен мүлігі тәркіленбеген адам қалмады. Шәкәрім, оның ұлы Ғафур мен немересі Баязит те жаппай қуғын-сүргіннің құрбандарына айналды.

Семей түрмесінде отырған Ғафур мен Баязиттің тергеу ісі жылжымай қойды. Әкесіне тартқан намысшыл, қайсар, өркөкірек Ғафур жолсыз жазаға мойынсұна алмады, жан бостандығын қамап жаныштау деп түсінді.

Түрмеге немере ағасы Медеухан мен жеңгесі Ғазиза екеуі тамақ апарып жүрді. Ғазиза өз естеліктерінде былай дейтін:

«Ғафур өте байсалды адам болғанымен, мінезі ауыр еді. Түрмеге тамақ апарғанымызда, тұтқындар, әдетте, терезеге

қарайтын. Ал Ғафур болса, мүлдем қарамайтын. Біз Медеухан екеуіміз балаларымыз Қамран мен Әлімханды қолымызға алып: «Ғафур аға! Біздің балалар сізбен амандасайын деп келіп тұр», – деп айқайлайтынбыз. Балалардың дауысын естіп барып қана терезеге қарайтын. Міне, осылайша біз Ғафурды тірі кезінде ақырғы рет көріп қалдық».

Ғазизаның естеліктерін Ғафурдың қызы Кәmilә есінде сақтап, жазып алды. Ол 1930 жылы не бары 12 жасаында Шәкәрім атасының бұлардың үйлеріне келіп тұратынын, туыстарын қолдап, қиын жағдайда көмек беретінін есінде жақсы сақтап қалыпты:

«Бұл әкем Ғафур мен үлкен ағам Байзиттің түрмеде отырған кез еді. Қолына бүркітін ұстап, бір қарт адам келді. Соған қарағанда саятшы болған сияқты. Басында түлкі тымағы, иығында елтірінің ішігін жамылған сымбатты адам болатын. Бірақ, беті әжім-әжім және бір нәрсеге құсалы болып көрінді. Әдет-ғұрып бойынша менің анам Мәкей қайын атасының көзіне көрінбеді. Оның дайындаған асын көрші әкеп берді. Дастарқан жайып, қонақты жақсы қарсы алды.

Атам бір қонып, бізбен қоштасып, басымыздан сипап сол құсалы түрімен атқа мініп кете берді. Көзден ғайып болғанша дейін соңынан қарап тұрдық. Менің қасымда шәлі жамылған анам тұрды.

Біздің көршіміз баласын әкеліп, «Балам, қажы атаң сияқты бол!» деп, ырым бойынша атам отырған жерге баласын аунатып шықты».

1930 жылдың мамырында Ахат сотқа шақыру қағазын алады. Оған жүн мен астық түрінде салық төлемегені үшін айып тағылады. Түрмеге отырмай тұрып, ол ақырғы рет әкесін көріп қалады.

«1930 жылы ақпан айының аяқ кезінде, әкейдің науқастанғанын есіттік. Сыртта қашқындарға қарап жүрген солдаттар әкейдің тамына қоныпты. Олар барғанда, әкей қатты науқас екен. Қыраулап кеткен үйді олар жылытып беріпті. Жақын жердегі ауылдың адамдары жер мұз болып қатынаса алмапты. Солдаттар аттарының аяқтарын қырықтырып зорға келіпті деген хабарды естіген соң және солдаттардың бастығы Племянов хабар айтыпты, біреулері барсын деп. Осы хабарды

естіген соң, мен бір көршінің әлді атын сұрап мініп бармақ болдым. Тура жолмен бара алмайтын болдым. Өйткені, жолдың қары қалың, жазық жерлері көп, сондықтан кілең жоталарды қуып отыруым керек болды. Сүйтіп, күн батарда, «Кеңқоныстағы» Орынбасардың ауылына зорға жеттім. Атымның төрт аяғының жүндері қырқылып қалды. Орынбасар ақсақал екі рет барам деп, атының аяғын қырықтырып, жете алмай қайтқанын айтты. Бұдан былай Шақпақ жотасынан шыққаниша жазық, қар қалың, қар беті мұз екенін айтты. Орынбасар ақсақалдікіне қонып, таңертең Орынбасар ауылының қасындағы биікке алып шығып, жолды көрсетіп жіберді. Мен Шақпаққа қарай тура тарттым. Шақпаққа шейін жазық, қар, мұз атымның аяғын қиып тастады. Аяғынан қанды сары су шығып, дірілдеп, аттың жүргісі келмеді. Аттан түсіп, жаяу жетектедім. Қалың киім ауыр болған соң, қаптал шапанды артқа артып қойдым. Түс ауып бара жатқанда Шақпақтың бауырындағы «Керуен бұлаққа» келіп, атымды шалдырып алдым. Күн еңкейіп бара жатқанда зорға дегенде Шақпақтың жотасына шығып, атыма мініп, қағыл мұзы ат тұяғынан аспайтын жерлермен қораға тарттым. Қораның қақ алдындағы белеске шыққанымда, қорадан кісінеген қоңыр аттың даусы естілді. Атым да қораны көрген соң, жіті басты. Қораның алдына келдім. Сыртқы қақпасы шарбақ болатын. Итеріп шарбақты аша алмай қойдым. Қоңыр аттың ширыққан, жер тарпыған, пысқырған дыбысынан түк естілмейді. Жым-жырт, жүрегім дірілдеп, аузыма тығылды. Әкей өліп қалды ма деген ой бойымды мұздатып жіберді. Шарбақты арлы-берлі және қозғадым, ашылар емес. Терезеге баруға дәтім шыдамай тұр. Қараңғы түсіп барады. Мен терезеге бардым. Тірі болса шам жағар деп. Жарық жоқ. Әкей өлді деп, жүрегім аттай тулады. Көзімнен жасым ағып кетті. Көзіме әлдекімдер, басыма әлдене қорқынышты ойлар оралып, есім ауып тұрып қалдым».

Алланың бұйрығымен Шәкәрім тірі екен. Ахат «әкем өліп қалды-ау» деген үрей билеген сәтте, үй иесі сіріңке алып, шамын жағады. Қуанышы қойнына сыймаған баласы терезені қағады. Әкесі шамды көтергенде терезеге қарап тұрған баласын танып үйге кіргізеді.

Шәкәрім өзінің үш күн бойы қысылып ауырғанын айтты. Сол күндері ОГПУ қызметкерлері келіп (Ахат солдаттар дейді) отын дайындап, пешін жағып, жылқыға шөп салып кетіпті.

Ахат пеш жағып, тамақ дайындауға көмектесті:

«Шай ішіп отырғанда әкейдің төсегінің тұсындағы шегеге ілулі тұрған жазулы тұрған қағазға көзім түсті. Әкей менің жазулы қағазға қарап отырғанымды байқап, қағазды оқып берді. Жазудың жалпы мазмұны жақын жердегі, Байқошқардағы адамдарға арнайы жазылған екен. «Мен өлсем – елге апармай, осы қорамның қасына қойыңдар. Барлық жанға сәлем айтыңдар» деген. Сол қағаздағы жазылған сөздерді ұзақ өлең етіп қайта жазды. Мен әкейге қарап отырып, қатты жаным ашылды. Ақ шашы, ақ сақалы, қарға ұқсаған әжімі молайып, жүдеген өңі қардан кебін жамылған құлазыған белдей, елсіз жапан түзде жалғыз жүрген үйірінен адасқан кәрі тағыдай көрінді. Жүрегінде қандай сыры бар, қандай тілек, қандай ой, қандай арманы бар, соны білгім келеді. Бірақ, түсіне, отырысынан, қалпынан іш сырын сезе алатын, таба алатын емеспін. Қорытып бір ойға келдім. Енді қалай етсем де әкейді көндіріп, ауылға апарайын, өлер кезде мына халде, жапанда өлмей, үйде өлсін...»

Түнде әкесі мен баласы адамдардың басына төнген зауал жайлы ұзақ әңгімелесті: кімдерді салық төлемеген үшін түрмеге жіберіп жатқандарын айтты. Аштықтың бұлтартпас қаупі бар екенін сөз қылды.

Келесі күні Ахат үй іші мен ауланы жинастырып, жылқылардың суы мен шөбін берді. Шәкәрім эзер дегенде есін жинап, өлең жазуға отырды, кейін бұл жазғаны «Қоңыр ат» деген поэма ретінде танымал болды. Поэма құлын кезінен мәпелеп баққан аты туралы.

Тұрқы биік, бітімі мықты, жал-құйрығы қара жібектей майда, көзі оттай жайнап тұратын сұлу қоңыр ат. Шәкәрімге қатты бауыр басып, жануар демесеңіз серігіндей болған, иесін ешқашан далада қалдырмаған.

Атқа, тұлпарға арналған өлең – қазақ поэзиясында кең таралған жанр. Мысалы, Абайдың «Аттың сынын» сөзбен берген тамаша суреті көпке белгілі:

Шокпардай кекілі бар, қамыс құлақ,
Қой мойынды, қоян жақ, бөкен қабақ.
Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
Ой желке, үңірейген болса сағақ.

Шәкәрім де өзінің атына өлеңмен ескерткіш орнатқандай, бірақ бұл өлеңде аттың сырт сыны мадақталмайды, иесі атына жан серігі ретінде қарайды. Кейіпкер жолдағы кедергілерді еңсеріп иесінің аманат сәлемін жеткізуді өтінеді:

Айғанша сынды жарыма
Алғаның өтті дегейсің,
Денесіне мұз қатып,
Қазасы жетті дегейсің!

Алдыңнан шықса Гүлнәрім,
Сұраса мені не дейсің?..
Қабыш пен Ахат, Зиятқа
Сәлемімді айтсам ұят па?

Қоштасу сарыны, поэманың қайғылы күйі Шәкәрім денсаулығының күрт нашарлап кетуіне байланысты еді. Ай далада жападан-жалғыз өмір сүру үшін мықты денсаулық пен батыл жүрек керек. Бұл – ақынның Шыңғыстауда оңашада өткізген жиырма жыл ішінде бірінші рет ауыр дертке ұшырағаны. Осы орайда Шәкәрімнің осыншалық шыдам, қайрат пен күш-қуатты қайдан алғаны таң қалуға тұрарлық.

Саят корада ақын «Мұтылғанның өмірі» атты поэмасын жазып бітіреді.

«Мұтылған» атты автобиографиялық поэмасының мәресіне ақын өзінің қайталанбас қорытынды Сөзін сыйдыра білді. Өзінің жетпіс жылдық өмірін тірлікте шыңға өрлеумен өткізген (жиырма жасынан қырық жасына дейін), киелі орындарға тәу етіп қажы болған (қырық сегіз жасында), «ата-бабалар қалдырған рухани байлықты» өз еңбектеріне өзек еткен (Л.Н.Толстой) шыңғыстаулық тақуа өзінің ортадан «безінуін» бейнелі кереғарлықтардың шендестігіне сыйғызады. Оның сыртқы дүние көзімен қарағандағы қарапайым өмірі «нағыз тозақ» ретінде қабылданады.

Сол кездері білімнің толымсыздығынан оның ішкі әлемін күйзеліс кернейді («Көп ғылым жоқ бойымда»). Рухани еркіндігінің мәнін поэтикалық түрде баяндай отырып, («Ойла, мен бір азатпын /Бар бейнеттен құтылған»), Шәкәрім ұрпақтар өзін ұмытатын болашақ тарихты модельдеп береді. Өкінішке қарай, ақынның бұл айтқаны ол дүниеден өткеннен кейінгі тарихта айна-қатесіз қайталанды:

Сақтамаймын жанға кек
Не десе де сыртымнан.
Міндеген аузың мынау деп,
Қан ағызса мұртымнан.
Дұспаным жоқ, досым жоқ,
Қайғыдан да шошу жоқ,
Рахат іздеп тосу жоқ
Бір жындымын құтырған.
Жаралы жаным шықсын деп,
Қара жер мені жұтсын деп,
Өлген соң елім құртсын деп,
Атымды қойдым: «Мұтылған».

Көктем келді. Халықтың жапа шегіп жүргенін айтып, өзіне де қатысты тергеу ісі жүргізіліп жатқанын ескертіп, Ахат денсаулығы нашар әкесін ауылға көшуге көндіре бастайды.

Шәкәрім басында келіскен сияқты болды. Көшуге дайындала бастағанда, Ахатқа соттан шақыру қағазы келді. Ол 29 мамырда сотқа баруы керек еді.

Ахаттың естелігінен:

«Мен әкей алаңсыз болсын маған деп, өзімнің сотқа тартылу жайындағы ойымды айттым. «Қыста мені тергеуші бір рет шақырған. Сонда ісіммен танысқам. Соған қарағанда, сот гепеу, мені ағартады», — дедім. Әкей күліп: «Оны неліктен білесің?» — деді. Мен айттым: «Маған салған — ет, жүн, тұқымдық бидай ақшаны төлемедің деп, айыптайды. Ал, шынына келгенде, тізімдегі малыма, оны қайда жібергеніме жауап беруім керек. Және сол маған салынған салық малымның бағасына қарай салынуы керек еді. Ал, ауыл кеңесінің салып отырған салығына барлық малымның

бағасы жетпейді. Қалыпсыз салынған. Және мен малымның жоғын базарға, не басқа біреуге сатқам жоқ, үкіметтің айтуы бойынша кооперацияға өткіздім, олардың қағаздары бар. Қайсыбір малымды тамаққа, киімге жараттым. Сондықтан, менің сотталмауым керек», — дедім. Әкей: «Балам, шолақ ойладың, шолақ ойлаудан сақ болу керек. Менше, саған бұл жолы кесіледі. Бұл — толқында тұрған уақыт. Ол толқын алып кетеді. Бұл уақытша ғана. Ең қажетті іс — осы толқынның өтуі. Соны қалай өткізу. Содан бұзылмай, бұрылмай адалдық қалыпта өту. Бұл уақытша болған ағым, артқа басудың жаңылыс, қателік шегінісі. Қайта шегіністе де кері күш, кері ағын болады. Осыған сен және сен сияқтылар кез келіп отыр. Осы шегіністегі ауыртпалықты көтеріп, жай-жапсарын ұғынғанда ғана адам бұрынғы бетінен, алған адал жолынан таймай өте алады. Адам болашаққа ой жібермей, сезбей — айла-тәсіл, арамдық, қиянатшылдық, ар сату жолына түсіп, не аққа жала жауып жексұрын болады. Олай болудан сақтан! Заманыңның түзеліп, гүлденетін, жетілетін кезін, адамдық арыңның жойылмайтын жағын ойлап, кезегін күт! Мынаны ойда сақтау керек: «Басына ауыр қайғы түскен адам енді маған өмір жоқ деп, тіршіліктен безеді». Бұл — қайратсыздық, өмір заңын көре алмағандық, өз қасиетін жоғалту. Өмір — дәуір әмәндә өсуде, жетілуде болады. Қоғам да солай. Басқа түсіп тұрған ауыртпалықты көтермей қайғыру, қажу адамды шатастырады. Соған шатасса, адам алдағы күтіп тұрған атар таңынан, алар үлес — бақытынан құр қалады. Адам тәжірибені өткен дәуірінен алады. Сол дәуірге көз жіберіп тексерсе, салыстырса алдағы өмірінің сәулесін айқын сезеді, балам!» — деп әкей сөзін тоқтатты.

Шәкәрім ұлын шығарып салуға шықты. Екеуі Барлыбай өзеніне келді. Суы арнасынан асып, буырқанып, көпіріп жатты. Өткел тереңдігі аттың кеудесінен келеді. Ахат өзеннен өтпей тұрып, әкесінің ақырғы ақыл-өсиетін тыңдады:

«Мен саған бір тапсырма айтайын, соны ұқ! Әмән ойыңда сақта! — деді. — Бірінші, сен балалардың ішінде ызақор, сөз көтере алмайтын ашуланшағыш болдың. Оның үлкен себебі сен жасыңда үлкен шешең Мәуеннің қолында өстің. Мәуен сенің айтқаныңды істеді. Ешкімге саған қарсы сөз айтқызбады. Сенің

терісіңді де жөн деп, саған кір жуытпады. Мәуен бар жерде сен ешкімнің сөзін тыңдамадың, өз білгеніңді істей бердің, тентек болдың. Қазақ «Ашу алдар, ақыл дос, ақылына ақыл қос» — дейді. Ашу-ызадан пайда шықпайтынын жақсы біле-тұра адамның тастай алмайтын себебі, ол әдет болып бойға сіңісіп қалуынан. Әдет те бір туыс. Бірақ, қайраты бар адам ондай жаман әдетті тастауына болады. Өз бойын тексере білген адам кемшілігін түзеуі оңай. Менің сұрайтыным — бойыңдағы ызақорлық, ашуланшақ әдетіңді таста, балам! Екінші, ойыңнан тастамай, ұғып, жүрегіңде сақтайтын тапсырмам, адам басына мынадай да уақыт кез келуі мүмкін: сен өмір сүру үшін біреуді өткелге салып өтетін де уақыт кез келер. Демек, бір адамды өзіңнің аман — тірі қалуыңды, не азаптан құтылуыңды ғана ойлап, соны ұстап беріп, соны жолыңа құрбан етуден сақтан! Бұлай өмір сүргенше, өлген артық. Ол адамишылықтың ісі емес, айуаншылықтың ісі. Мұндай істі істеген адам — тек өз басының ғана қасиетін жойып қана қоймайды. Оны тәрбиелеген ата-анасының, да қасиетін кетіріп, оларға тіл тигізеді. Жаман қылық істеген адамға «Сені шошқа тәрбиелеп пе?!» — демей ме? Сонда кімді шошқаға теңегені болады? Егер сондай қиыншылық келіп, біреуді өткелге салып өтетін күн туса, оған жолама! Біреуді құрбан етіп, тірі қалғаниша, ақпен, адал ісіңмен өл! Егер өткелге кісі салып өтсең — тіріде өзім, өлсем аруағым ырза болмайды! Мұны саған айтып отырғаным — алдыңда осындай жағдай кез келуі мүмкін дегендіктен, адам атың жойылмасын дегендіктен. Менің ақтық тілегім осы!»

Бұл әкесі мен баласының ақырғы тілдесуі болды.

29 мамыр сот күні Ахат тұтқындалады. Ол, соттың түсіндіруі бойынша, мемлекетке жүн мен еттің жеткілікті көлемін тапсырмапты. Содан 1932 жылы ғана Семей түрмесінен босап шығады. Репрессиядан қашып құтылу үшін оңтүстікке кетіп, қарапайым мұғалім болады. 1937 жылы халық жауының ұлы ретінде тұтқындалып, Сібірге жер аударылады. Тек 1939 жылы Бурлактан босап шығады (Буреин темір жолындағы еңбекпен түзеу лагері).

Сол кездері аштықтан көзін ашпаған, үрейі ұшқан қазақтар осы үйреншікті өмір шеңберінде айналшықтап, қайда барарын не істерін білмей дал болады.

Аймақтарда бірінен соң бірі халық наразылығы өрши бастады. 1930 жылдың көктемінде Орта Азия мен Қазақ АССР-ның барлық аймақтарында халық ереуілдерге шыға бастады. Кішігірім топтардың наразылықтары Семей және Алматы округтерінде бұқаралық ереуілдерге ұласып кетті. Мемлекеттік саяси басқарма қызметкерлері шұғыл әрекет етіп, өршіп келе жатқан ереуілдерді басып отырды. 1930 жылдың көктемінде бұл жағдай Абыралы, Шыңғыстау, Шұбартау аудандарында қайталанды. Наразы ауылдарды Біріккен мемлекеттік саяси басқарманың қызметкерлері жан-жақтан қоршауға алды. Кейін чекистер жағдайдың реттеудің аса ауыр түрін қолданды: адамдарды тұтқындап, мүліктерін тартып алып, мерт қылып, ОГПУ «үштік» сотына, яғни соттан тыс органға, жіберіп отырды. Үш адам қылмыстық жазалаудың кез-келген түрін, оның ішінде ату жазасын да тағайындайтын еді.

1922 – 1933 жылдар аралығында жүн, ет және астықты жасырғандары үшін және билікке қарсылық көрсеткендері үшін 33 мың адам сотталып кетті.

Сотталғандардың ішінде қырық жеті жастағы Ғафур да болды. Ол сот шешімін ести алмай кетті. Семей түрмесі қызметкерлерінің айтуынша, 1930 жылдың 6 шілдесінде Ғафур өз-өзін бауыздап мерт болды деген хабар келген. Бұл жайт айқын расталмаған, бірақ мұны жоққа шығаратын дәйек табу да мүмкін емес.

Шәкәрім жерлеуге келіп үлгермеді. Ол амалы жоғынан биліктің бұл хабарына, яғни баласының өз өзіне қол жұмсап өлгеніне сеніп қала берді. Ұлына арнаған трагедиялық балладасында ол былай дейді:

Абақтыда бес ай өтіп,
Июльдің алтысы жетіп,
Ғафур өлді атақты ердей.
«Жазасызға жаным құрбан» деп,
Осы оймен бауыздалған,
Кетем деп қорлыққа көнбей.
Әдейі Аллаға кеткен,
Шаһиттікке қолы жеткен,
Бұл жалғанға көңіл бөлмей.

Баласының өлімін Шәкәрім бір жыл азалады. Осыдан отыз бес жыл бұрын ұлы Абдрахманды түсінде көріп қамыққан, өлеңмен жоқтаған Абайдай күн-түнін жылаумен өткізді.

Білмедім қайғы ма, шын ба?
Бүгін бар деді осында,
Сықыршы үшкірген желдей.
Таяу тұрдың есік пен төрдей.
Өткенің тұр көңілімде,
Бізге ермес өлік деп мүлде,
Жүзің тұр бейне күлгендей.
Қарағым, момыным Ғафур!
Бүгін болып жөн пақыр,
Қоя алмадым бір күңіренбей.
Құлыным қош! Бақытты бол!
Жаңа февраль, алтыншы июль,
Ұмытылмайды мені көмбей!
Ол ай келсе, осы жырым,
Түсірер ойға әрбірін,
Құсайын, Кербала шөлдей.

Ғафурдың қазасы Шәкәрім отбасының трагедиясына айналғанымен, көшпелі қоғамға төнген қайғы-қасіреттің аясында байқалмай қалды. Аштық әр үйдің есігіне қағып кірді. Өлім қатардағы үйреншікті жайттардың біріне айналды. Көшпелі қазақ қоғамы өзінің қирау кезеңіне жетті.

Қажы неге қамықты?

1931 жыл. Бәлкім, бізге сол кездегі жыл ғасыр сияқты болып көрінетін шығар бірақ ажалға апарып соғар қайғылы оқиғалардың әсерінен Шәкәрім үшін күндер ерекше тез өтіп жатты.

Ақын өміріндегі ақырғы қыс өте ауыр болды. Бұл қысты да Саят қорада өткізеді. Сақталып қалған тамақтың қалдықтарымен өзек жалғауға тура келді, аштықтан азып жүдеді. Қаңтар айында ол Қазақ мемлекеттік баспасының бас редакторы, жазушы Сәбит Мұқановтан (1900-1973) хат алады. Бұл хатында жазушы

Шәкәрімнің еңбектерін басып шығара алатынын айтады, сол үшін қолжазбаларын баспаға жіберуін өтінеді. Шығармаларды басып шығару машақатты іс еді, бұған дейін кітаптарын өз қаражатына шығаратын.

Әрине, көзі тірісінде тек бірнеше өлеңін басып шығара алған Абаймен салыстырғанда Шәкәрімді бақытты қаламгер деуге болады. Өйткені, Абайдай емес, бұл – поэмаларын, көркем аудармаларын бөлек кітап етіп бастырды, өлеңдерін, жинақтарын мерзімді басылымдарда жариялап, тарихқа арналған кітабын көзі көрді. Алайда өлеңдерінің көбі қолжазба күйінде қалды. Ол прозалық шығармаларын да жарыққа шығарғысы келді. Советтік билік кезінде қалауың бойынша кітап жазып, оны өз қаражатыңа басып шығара беру мүмкін емес еді. Қажы мұны жақсы түсінетін. Баспалар биліктің толық бақылауына алынып, саяси жетекшілердің рұқсатынсыз кітап шығарылмайтын. Сол себептен ол еңбектеріңді басып бере аламын деген Сәбит Мұқановтың ұсынысына қатты қуанып, жауап жазды.

Басылмаған дүниелерінің бір бөлігін іріктеп алып, хатында шығармашылық жұмысына шолу жасағандай болды.

«АРДАҚТЫ СӘБИТ БАУЫРЫМ!

XII. 11 жазған хатыңызды жаңада ғана алдым. Бүгінгі Аягөзге жүрмек адамнан осы хатты асығыс жаздым. Қолымда барынан біраз ғана жазбамды жібердім. Олар: «Бәйшешек бақшасы», «Нартайлақәңгімесі», «Қазақтыңтұпатасы», 25 жасымда жазған «Бозбала мен кәрілік», 32 жасымда жазған «Баламен айтысып жеңілгенім». Қолымда қаражаттың ақша жоқтығынан бұларды өзіңіз почта қаражатын төлеп алар деп доплатной қылдым. Бұрын басылған «Қазақ айнасы», «Еңлік — Кебек», «Қалқаман— Мамыр» деген өлеңдерімді әрбірінен өз қаражатыммен 1000 (экземпляр) дана бастырып, елге таратып едім. «Қазақ қырғыз, хандар, түрік» шежіресін де бір мың бастырып таратып едім. Соларды балаларға іздетіп, шежіренің бір жыртылып қалғаны табылып, бұрынғы басылғанында қате бар Һәм қосылмаған сөздер бар болғандықтан, көшіріп жатырмын түзетіп. «Әділ — Мария» деген романымның көшірмесі Алматыдағы осыдан барып қызметке

тұрған Бақдәулет Құдайбердіұлында бар шығар. Оның тұрағы Алматыда, Лепсинский көшеде, № 63. Сол балада Американың Бичер-Стоу деген әйелі жазған құлдар тұрмысы жайынан «Том ағайдың балағаны» деген қазақшаға аударғаным бар шығар. Бірақ оларды бастырам деп рұқсат алып еді. Бұл екеуін бір баламыз өлең де қылып еді. Табылса, менің сөзше жазғанымды бастырғаныңыз мақұл. Өлеңшесін өзіңіз білесіз. Қолымда «Шын бақ әңгімесі» деген пьесеге аударуға лайықты бір романым бар болса да, басқа кісі оқи алмастың черновой болғандықтан көшірмей жіберуге болмайды. Және Пушкиннің «Дубровский» деген романын қазақша өлеңге аударып, ана бір жылы Семейде бастырылып еді. Ол үйде бар еді, мына адамнан жіберуге болмайды. Бұлардан басқа да аудармаларым, өлең сөздерім бар еді. Бірінші, уақыт тығыз болып, екінші, 45 жасымнан бергі өлең сөздерім философия жағына салынып, «об отвлеченного вопроса объективное рассуждение» болмағандықтан, «өкімет басуға рұқсат қылмас және бұл кезде халыққа тарату да лайықсыз ба» деп жібермей қалдым. Себебі — жан сыры, жаратылыс сыры, дүниедегі тамам шатақ діндер туралы жазылған. Қырықтан аса бергенімде «Жан не? Дін не? Барша адам қалай жаралған? Адамға жаратушы жағынан не өзінің ар, ынсабы жағынан салынған міндет бар ма? Болса ол не? Адамда толық ерік бар ма? Жан өлгеннен соң жоғалатын зат па? Адам бұл өмірде не қылған жөн?» деген сияқты ылғи дене сезімімен сезілмей, іш жаққа, әдетіне, дініне, нанғанына, құмарына бұрылмай ойлайтын — ноқтасы таза ақылмен ғана білетін істер туралы: дін ғалымы, ғылым ғалымы, ойшыл философтардың бұл туралы жазған кітап, айтқан сөздерін өзімше сынға алып, дұрысын алып, терісін тастап шығарған қорытындыларым еді. Мен «пәлен пайғамбар, түгілен философ, профессор айтты» дегенге тоқтап қалмайын. Өз ақылым қабыл алмағанды кім айтса да теріс көрем. Бірақ ақыл қабыл аларлық дәлел айтса, ол кім болса да бас ұрам. Мақтананып кеттім. Мақтан емес, іздегенім тамам адам пайдасы болғандықтан, ақылым айтқан ақиқатты айтпай тұра алмаймын. Еріксізбін. Міне, осыны айтып отырғанымда адамшылық арым «барша адам баласына пайдалы деп отыз жыл инемен құдық қазып тапқан хақиқатты неге жіберіп, алдымен осыны басуын

неге тіленбейсің?» деп еркімді билеп, «Жан сыры, жаратылыс сыры» деген қысқаша қорытындымды тағы жібердім. Әттең, дүние, осыны құры қазақша ғана басып қоймай, орысшаға жақсы переводпен (смыслын) переводтап, ғылымды азаматтың бірі еңбек етіп, переводын өзіме көрсетер ме еді? Қазақшасы тез басылып шығар ма еді? Тірі күнімде не қарсы айтылған дәлелді сындарын, не білімді ойшылдардың қабыл алғанын біліп өлсем, армансыз болар едім. Бұл «Жан сыры, жаратылыс сыры» басылмайтын болса, тез қайтарғаныңызды өтінем. Лажсы болса, қолжазбаларымның бәрін қайтарып отырарсыз. Тағы бір тілегім — менің қай жазбам болса да, басылысымен баспахана қаражатымен маған әрқайсысынан елу данасын жіберсеңіз екен. Балаларыма, достарыма мирас деп беру үшін. Қайсысы басылса да, «Мұтылған» деген атыммен басылғаны жөн болар еді. Бір сөзім, менің кейбір өлеңдерім қазақты бұрынғы өлең, жырларының әнімен айтылмайды. Әрқайсысының өзін шығарған әні (мотиви) бар. Әнді хатпен ұғындыруға болмайды. Өзім барып ұғындыруға, жергілікті өкімет басындағы кейбіреулердің қараңғылығынан қолда қаражат, баста бостандық қалмай тұр. Қош! Бақытты болыңыз!

Мұтылған (Шәкәрім Құдайбердіұлы).

Хат 1931 жылдың 3 ақпанында жазылған.

1969 жылдың 3 желтоқсанында ақынның ақталуынан кейін 10 жыл өткен соң М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтында Шәкәрім шығармаларын басып шығару мәселесі бойынша кездесу ұйымдастырылды. Оған Сәбит Мұқанов, Ғабит Мүсірепов, Әбділдә Тәжібаев, Мүслім Базарбаев, Ысқақ Дүйсенбаев, Серік Қирабаев, Әбдіжәміл Нұрпейісов қатысты. Сәбит Мұқанов жиналыста: «Шәкәрім қазақтардың ішінен тек маған ғана хат жазды. Оның хаты менде. Осы хатында ол өзінің көзқарастарын білдіріп, қандай қағидаларды ұстанатынын, немен айналысатынын, шығармалары қашан жазылғанын айтып кетті. Хатта құнды мағлұмат берілген. Ол ақын жолының шолуы сияқты», — деп мақтаныш білдіреді.

Бірақ, 1931 жылы қажының хаты қолына тигенмен, Сәбит Мұқанов оның аманатын орындай алмайды. Шәкәрім ойлағандай,

билік жаңа кеңестік идеологияның шеңберінде оның сыни көзқарастарына сәйкес келмейтін дүниенің жарық көруіне рұқсат бермеді.

1931 жылдың көктемі қазақ даласына бұрын-соңды болмаған жұт әкелді. Аш адамдар далада өсіп тұрған шөпті, кез келген харам жәндіктерді жей бастады. 1927 жылдан Қазақ АССР астанасы Алматы қаласына аштық жайлы мәліметтер жетсе де, жергілікті билік болып жатқан жайттарды ескерудің орнына әкімшілік қысымды күшейте түсті. Қазақтарға ауылдан көшуге тыйым салынды. Кетіп қалғандардың барлығын «банда» деп атай бастады. ОГПУ қызметкерлері мен тәртіп сақшылары тіл алмағандарды қуып жетіп, «банда» деп қару қолданды. Нақтырақ айтқанда, қорғансыз адамдарға қокан-лоқы көрсетіліп, тәртіпсіздік пен әділетсіздік белең алды.

Қазақтың бір мезетте малынан түгелдей айырылуы – тарихта болмаған оқиға. Аштық та, құрғақшылық та болды, жаулар шауып, табын-табын малды айдап та кететін. Бірақ мұндай қырсық шалған уақытта да халық малдың басын көбейтіп, берекесі қашқан үйлердің игілігін қайта келтіріп, көшпелілердің дәстүрлі өмір салтын сақтап қалып отырды.

Осы жолы малдың бір тұяғын қалдырмай тәркіледі. Малды тартып алумен өкіметтің қарулы өкілдері айналысты. 1917 жылы буржуазияның қолынан билікті тартып алып, кедейлердің мүддесін қорғаймыз деп ант берген большевиктер жарлы-жақыбайлардың да түгін қалдырмай жер сипатып кетті. Жеке шаруашылықтарда малдың басын қайта көбейтуге тыйым салынды, әйтпесе тәркілеу шаралары қайта жүргізілді. Астық өсіріп, малды ұжымдық шаруашылықтарда ұстауға рұқсат етілді. Бірақ мұндай шаруашылықтар алға өрлей алмады.

Бақанастағы алдыңғы қатарлы кооперативтердің бірі құлдырай бастады. Кооперативтің басшысын Архам Ысқақовты тап жауы, бұрынғы аға сұлтан Құнанбайдың ұрпағы деп орнынан түсірді. Жерді өңдеу шаруасынан үміті қалмағандар аңшылықпен айналыса бастады. Осы орайда Шәкәрім адамдардың аңшылықпен әуестенуін қолдамай, оны ермек ретінде көруді ұйғарып, аштық орнаған кезде мал шаруашылығын сақтап қалуға тырысуды ұсынды. Өзі саятшы, аңшы болғандықтан халықты аңшылықпен

бағып шығару мүмкін еместігін білді. Сондықтан да ол ұжымдық шаруашылықтарды қайта жандандыру арқылы үлкен алапаттың алдын алуға болатынына сенді.

Ол Бақанасқа жиі бара бастады. Дегенмен қажының кеңесі Архам бастаған істі енді құтқара алмайтын еді.

Бақанас тұрғыны Ұқыш Көзбаева 1988 жылы мынадай естелік айтады:

«1931 жылы біз Бақанасқа көшіп, Архамның үйіне орналастық. Ал олар Қарауылға кеткен болатын. Жолдасым Башер дүкенде жұмыс істеді, ал мен аспазшы болдым. Сол кездері қажы Бақанасқа жиі келіп тұратын. Киімдерін жууға беріп, бауырсақ пісіріп беруді өтінетін. «Шырақтарым, маған ашыған қамырдан емес, суға иленіп жасалған бауырсақ керек. Ашыған қамырдікі көгеріп шыға келеді», – дейтін Шәкәрім. Мен бір айтқаннан ұғып алдым. Ол балаша қуанып, батасын берді».

Сол ауылдың басқа тұрғыны Зияда Сарбасова:

«Сол кездері Жәнібек аймағында үлкен ауыл болды. Тұрғындардың көбі Көкше руынан шыққан еді. Шәкәрім ауылға келіп, киіз үйдің қасынан өткенде, біз, ауыл әйелдері оған білдірмей есіктің пердесінен сығалап қарайтынбыз. Ол кездері Шәкәрім сияқты әулие адамдардың көзіне түсуге болатын ба еді? Біз оның маңайына да жақындамайтынбыз.

Қажыны жоқтағандықтан ба, уақыт сондай болғандықтан ба – Шәкәрімнің өлімінен кейін халық басына бәлекет төнді.

Қазақтар «балапан тұмсығын тұмшалап тығылады, қаршыға ұясына жасырынады» деген екен. Жиырмасыншы жылдардың басында шөгіп қалған Бақанас тұрғындары аштық орнаған жылдары әр жерге тарап кетті. Мұхтар Әуезов пен Архам Исаковтың жетекшілігімен құрылған жер суарғыш каналдары, жел диірмені, кооперативтік мүлік – бәрі де ешкімге керек болмай қалды. Халық аштықтан қырылды.

Қанша айтқанменен, еш нәрсе өзгермейді. Алайда болашақ ұрпақ мұндай бейнетті көрмесін», – деп еске алып толғанады.

1931 жылдың жазында Шыңғыстауға Қазақ АССР Орталық атқару комитетінің төрағасы Елтай Ерناзаров (1887-1945) келеді. Дәрежесі бойынша Ерназаров республикада Голощекиннен кейін екінші орындағы шенеунік еді. Жоғары құзырлы адамның

ереуілдер өткен аймақтарға тексеріспен, сырт көзге тәртіптің бар екенін көрсету үшін барғаны анық. Оның келетінін естіген Шәкәрім әдейілеп Қарауылға келеді.

Бұл кездесу жайлы Аюбай Кенесарин былай дейді:

«Мен Шәкәрімнің Ерназаровқа кіріп, біраз уақыттан кейін одан шыққанын көрдім.

1931 жыл. Елтай келеді деп Қарауыл өзенінің жағасына бірнеше киіз үйді тігіп қойды. Тәртіп сақшылары Елтай отырған киіз үйді күзетіп тұрды. Өтініш, шағымдарымен кіремін деушілер көп болды. Көбі өздерінің кезектерін күні бойы күтіп шықты. Танымал әнші Ағашаяқ кезектен тыс кіріп кетіп, сиырымды қайтарып алдым деген қуанышты хабармен шықты.

Елтайдың киіз үйінен шыққан Шәкәрім күтіп тұрған адамдарға былай деді: «Малдан айырылған халықтың аштан қатып жатқанын көп айттым. Ол келіспеді. Өзі мәселелерді шеше алатын басшыға ұқсамайды. Оған кіріп, босқа уақыттарыңды кетірмеңдер», – деп атына мініп жүріп кетті».

Өзгерістердің лебін сезіп қана емес, көптеген белсенділердің жеткізген сөздеріне құлақ асатын республикалық басшылық Шәкәрімнің бұл шағымын естімей қалуы мүмкін емес еді.

Оған қоса, жалпы партиялық көзқарас та болды. Совет қызметкерлері, әрине, бостандық сүйгіш, ешкімге бас имейтін қажының өлеңдері, поэмалары мен сөздерінен хабардар еді. Олардың Октябрь революциясынан кейін Шәкәрім жазған «Анадан алғаш туғанымда» өлеңін естерінде сақтап қалғаны да шүбәсіз...»:

Үкімет өшсе, залымдар көп
Арлыға өмір сүргізбес.
Қарулы қасқыр құдайың боп,
Азаттық жолмен жүргізбес

Ақынның болжауы бұрын да айнымай келетін еді. Осы бір өлеңнен соң оны енді өмірдің барлық қыр-сырларын білетін, болашақты болжай алатын ақын-әулие деп атап кетті.

Ол жұрт секілді республиканың басшылығына қарсылық көрсетпей, үндемей қала алды ма? Бәлкім, жоқ шығар. Ақын өзіне өзі опасыздық жасай алмады.

Ол Ерназаровпен әңгімелесуден кейін Саят қораға оралып, «Шынайы бақыттың айнасы» шығармасының қорытындысын жазып бітіреді:

«Бір заманда көзімді ашсам, ақ киімді, түсі сұп-сұр бір адам басымды сүйеп отыр екен. Менің есім кіргенін біліп: «Ақсақал, айнаға тағы бір қара! Бірақ өз көлеңкеңе де, одан арғыларға да алаң болмай, ең арғы балаларын әлпештеп отырған ерлі-қатынды кісі мен екі балаға қара!» — деді. Айнаға қарасам, өз көлеңкемнен ары байлар, адамсымақтар, бозбалалар, асық ойнаған балалар бірінен-бірі әрі, ең әріде азар көрінген ерлі-қатынды адам екі баласын әлпештеп сүйіп, балалары да мойындарынан құшақтап, ата-анасын аймалап тұр. Сонда әлгі ақ киімді сұр кісі айтты: «Ақсақал, «шын бақ» сол айнаның ең түбіндегі ата-анадағы шын махаббат пен балалардағы шын таза жүрек еді. Сол махаббат әм таза жүрек сізге де біткен еді. Соны қалдырмай, бұзбай ала жүріп, барша адам баласын өз балаң, өз бауырындай көріп, махаббат, гадалат қылсаң, шын бақыт сол еді. Оны іздеп жүріп көрген бейнет, тартқан қайғы, аңшының қанша бейнетпен іздеген аңын алғанда қуанышқа айналғаны сықылды, сәудегердің пайда іздегендегі бейнеті көп пайда тапқанда қызыққа айналғаны сықылды болушы еді. Сіз ол махаббат пен ақ жүректі жолдағы жалған атақтарға айырбастап кеткенсіз. Бұдан былайғы түрлі өміріңізде осыны қатты ескерерсіз. Өкініштен пайда жоқ енді иманыңызды айтыңыз!» — дегенде, талып қалыппын».

Шәкәрім билікпен ымыраға келіп, оның адамзатқа қарсы саясатын мақұлдап, халықтың өміріне қауіп төнгенде қол қусырып отыра алмады. Өйткені ол махаббат сезімі мен таза жүрегінен айрыла алмады, өзінің ақиқатқа жету талпынысын жайбарақат өмірге, күнделікті тіршілік пен жалған игіліктерге алмастыра алмады. Ақын өзінің шығармасын тәмамдай отырып, қалған өмірінде адал сезімнен айырылмау керек екенін білді.

Ақынның ОАК төрағасы Ерназаровпен кездесуден кейін жазған өлеңі жетпіс үш жастағы ғұламаның бірбеткей, рухы мықты және ымырасыз болғанын көрсетеді:

Отырмын таудың басында,
Жетпістен асқан жасымда.
Жапанды жалғыз күзетіп,
Жолдасым жоқ қасымда,

Елсізде қалған мен бір шал.
Даланы басқан қалың қар,
Ойымда қайғы, зарым бар,
Артым – тұман, алдым – көр,
Көз жетпес бұлдыр, жолым тар,
Ұққаның зарға құлақ сал ...

Бостандыққа елім қана алмай,
Әділет жолын таба алмай.
Басшыға айтқан мұңдары
Есепке жатыр саналмай,

Көп арыз жолда қалатын.
Түзелмей отыр басшылар,
Қойылса екен жақсылар,
Елменен еркін санасар
Саналы, ойлы сақшылар,
Әділет жолға салатын...

Қазақтың басшы баласын
Сөйлестім, көріп шамасын.
Қалайша қалап қойған ел
Сезімсіз, ойсыз шаласын,
Түк келмейтін қолынан?!

Ел мұңын ондай ұға алмас,
Бастық та болып тұра алмас.
Мансапқа өзің мақтансаң,
Еліңнің басы құралмас.

Бұл өлең ел аузында жүретін өлеңдердің біріне айналды. Жұрт оны жатқа айтып, ауыздан ауызға, үйден үйге, ауылдан ауылға жеткізіп отырды.

Шәкәрім атынан халық сөйледі, шындық сөйледі.

Өлең өкіметтің де құлағына жетті. Әрине, бұл өлең арандатушылық, кеңестік биліктің беделін түсіретін өлең деп бағаланды.

Салыстыруға келетін белгілі бір мысал. Осип Мандельштам 1933 жылы Сталинге арнап өлең формасында инвектива (шенеу, әшкерелеу, әжуалау, қорлау) жазған болатын:

Мы живем, под собою не чуя страны,
Наши речи за десять шагов не слышны,
А где хватит на полразговора,
Там припомнят кремлевского горца.

Его толстые пальцы, как черви, жирны,
А слова, как пудовые гири, верны,
Тараканьи смеются усища,
И сияют его голенища...

Өлеңді баспаға жіберу Мандельштамның ойында да болған жоқ. Ол ондаған адамның есінде сақталып қалды. Бірақ соның өзі жеткілікті болды. 1934 жылдың мамырында ол тұтқындалып, Воронежге жер аударылды. 1938 жылы жаңа мерзімін өтеу үшін Колыма лагеріне айдалмақшы жерінен Владивостоктағы ауруханалардың бірінде көз жұмды.

Шәкәрім репрессиядан қорықпады, тұтқындаламын деп үрейленбеді. Ол бұл жайлы мүлдем ойланбады. Өзі орнатқан адамгершілік заңдарын өзі бұзбай, адалдық қасиетінен айрылмай өмір сүрді. Ол даланың дауылы секілді Шыңғыстауға төніп келе жатқан алапаттың боларын, оны қарсы аларын білді.

1931 жылдың маусымында Баянауылдың тумасы Абзал Қарасартов (1906-1979) ОГПУ аудандық бөлімнің басшысы болып тағайындалып Шыңғыстауға келді. Жас әрі белсенді чекист Шәкәрімді кәсіби бақылауының басты нысанына айналдырады. Жаңа басшыны көргендер оның мығым, басында ақ байлауы бар, әрдайым атта отырып, маузерін қолынан тастамайтын суық жүзді қара адам болғанын айтады.

Абзал Қарасартовтың тәртіп сақтау органдарында жұмыс істегеніне не бары 9 ай болған еді. Оған дейін ол Павлодар аймағында

ОГПУ аудандық бөлімінің басшылық қызметін уақытша атқарып келді. «Кеңестік билікке қарсы ұйымды әшкерелегені» үшін алғыс хат алды. Сонысына қарағанда ол алғыр, зерек, сенімді қызметкер болған сияқты, өйткені оны уақытша болса да Шыңғыстау ауданына жіберген еді.

1978 жылы Евней Бөкетов пен Абзал Қарасартовтың магнитофонға жазылған әңгімесіне құлақ түрелік:

«Қарасартов. 1931 жылы мен Бесқарағай ауданында милицияның райотделі болып істеп тұрдым. ... облотделде болсын деген приказ келді. Сонан соң мен келдім. Сөйлескенде: «Сізді ... басқа ауданға жіберейін деп отырмын. Басқа аудан болғанда, Шыңғыстау ауданына жіберейін деп отырмын. Онда жағдай жақсы емес. Онда елдің толқып тұрған жағдайы. Бандылар шығып әр жерден, соған елендеп елдің көтеріліске ыңғайланатын түрі бар. ... Ол – Абайдың немере інісі Құдайбергенов (Құдайбердиев. – автор) Шәкәрімнің туған жері. Шәкәрім деген кісі тек қана Қазақстанға емес, бүкіл жер жүзіне атағы шыққан адам деуге болады. Шәкәрім авторитет, беделді де. Шәкәрімнің бір ауыз сөзін жерге ешкім тастамайтын. Сол Шәкәрімді ұстай білсең, тілін тауып, бабын тауып соған жағдай туғызсаң. Барағаннан кейін Шәкәрімді дұрыс ұстамасаң, халықтан ешқандай жақсылық шықпайды. Сондықтан сені жібергендегі мақсат – ... сол кісіні тауып алып әңгімелесу керек. Пікірін білу керек...», деп маған қатты тапсырма берді. Сонымен, мен Шыңғыстауға келдім.

Букетов. Мынау, орыс жігіті мен начальнигі кім еді? ОблГПУ-дың сізді жіберіп отырған?

Қарасартов. Панов деген орыс жігіті. ... Заместителі Волков деген. Ол да орыс. Шыңғыстауға келсем, менен бұрын Юдин деген қызмет істейді екен райотделдің начальнигі болып. Ол барлық жұмысты маған тапсырды».

Қарасартовтың қатыгездігі мысалға айналып кетті. Ол ОГПУ аудандық бөлімінің қызметкерлерін Шыңғыстауға «бандаларды», яғни қорек іздеп, ауылдарын тастап кеткен қазақтарды ұстауға жібереді. Оның бұйрығы бойынша чекистер қашқындарды көрген бетте оқ жаудыруға хақылы болды.

Қарасартов жергілікті тұрғындардан Шәкәрім жайлы сұрастырып, халықтың бұл ақсақалды әулие деп, құрметтейтінін аңғарғанда таң қалды. Бұл жайт оны қатты алаңдатты. Тақуалар, қасиетті әулиелер мен діни басшылар кеңестік биліктің басты жаулары деп қарастырылды. Қарасартов ОГПУ қызметкерлеріне Шәкәрімнің Саят қорадағы үйін күзетіп, бақылауды бұйырды.

Бір күні Қажы Қарабұлақтан оралып, жапандағы құлыппен жауып кеткен үйінің ашық тұрғанын көреді. Үйге екі адам кіріп, қалған тамақты тауысып жеп, майды жеп қойғанын аңғарады.

Ақын бұл оқиғаны өзінің «Иесіз қорада» атты өлеңді шығармасында баяндаған. Үйге кімнің кіргеніне айран-асыр болып, қонақ боп кеткен адамдардың кім екенін, аңшылар не өзге адамдар болғанын білгісі келеді:

Жүр едім сол екеудің ізін шалып,
Гепеудің солдаттары келіп қалып:
«Қашқынмен хабарласып жүрсің ғой», – деп,
Әкетті Байқошқарға ұстап алып.
Мені олар Бақанасқа алып барды,
Бастыққа жайымды айтып хабар салды.

Өлеңмен әңгімелеу барысында Шәкәрім бір көріністі мысал етеді: Бақанасқа барар жолда оның айдауылдары екі қой көреді. Оларды арқар деп атып тастайды. «Мені де солай, жай ғана жалғыз жүрген ақын болсам да, қашқын деп қалды», – дейді қажы.

Бақанаста Шәкәрім бір күн қамауда ұсталды. Қаладан келген орыс тергеуші: «Сіз кімсіз? Неліктен барлық адамдар секілді өмір сүрмейсіз?», – деп сұрады. Шәкәрім өзінің оңаша тұратынын біреуге деген қастықтан емес, оңашалықтың шығармашылық еңбегіне ыңғайлы екендігінен деп түсіндірді. Тергеушіге Лев Толстойдың да өмір аяғында оңаша қалып, шығармашылыққа берілгенін айтты.

Білімді тергеуші ақиқатты тану мақсатында таулардың қақ ортасында жасырынған өнегелі қарттың өскелең рухты бейнесінің ашылуына таңырқап, қазақ ақсақалының ұлы орыс жазушысына ішкі дүниесі тұрғысынан ұқсайтынын аңғарды да дереу ақынды босатты.

Шәкәрім мысалын жазып бітірді:

Қой өлді, төрт атса да, тоқтысы сау,
Немене шын кездейсоқ емей мынау?
Толық ерік шын адамда жоқ екенін
Ойласаң, осы сөзден байқарсың-ау.

Оны айғақ таба алмағандықтан жіберді. Оның өкіметке қарсы қашқындармен байланысы дәлелденбей, жала болып шықты.

Алайда мұндай байланыс болмады емес, болған. Мал бағып, бала-шағаларын асырау мүмкіндігінен айырылған жігіттердің аз да болса қару тауып топ-топ боп шашырап Шыңғыстау бөктерінде жасырынып жүргендері бар. Олар өте өжет болатын. Ішіндегі беделді-беделділері қажының Саят қорадағы үйіне келіп, ақсақалдан ақыл сұрап тұратын.

Бөрлідегі Мұхтар Әуезов мұражайының қызметкері Бекен Исабаевтың ойынша, Шәкәрім оларға былай деген екен:

«Сендер Қарауылдағы совет өкіметін құлатамыз дейсіңдер, бірақ халық бұл биліктің қазақ жеріне терең тамыр жібергенін біле тұра, бұл бастауларыңызды қолдамайды. Оның Қарауылдағы көзін құртқанменен, орталық билік құламайды. Және де бұл соңдарыңнан ерген халықты құртады. Сондықтан да сендер маған келмедіңіздер, ал мен ешнәрсе естімедім деп есептейік. Тағы келсеңдер, ГПУ-ға ұстатып жіберемін».

Бұл орайда Шәкәрімнің нақты не айтқанын дәл келтіре алмаймыз. Дегенмен де ол чекистердің назарына іліккенін жақсы түсінгені анық.

Куәгерлердің айтуы бойынша, Қарасартов қалалық тергеушінің ақынды жіберу шешіміне наразылық білдірген. Және ойламаған жерден өзі Саят қорадағы Шәкәрімнің үйіне барады. Оның Бөкетовке айтқан әңгімесіне қарағанда, ол Шәкәрімге әдейілеп келген болатын.

Қажы қасында жолаушылары бар Қарасартовты қарсы алып, олармен танысып, тамақтандырып, әңгімелесіп, қонуға қалдырады.

Бұл кездесу біртүрлі болды. Әңгіме әңгіме емес, бір бос сөз. Үй иесі мен қонақтар күрделі мәселелерді де талқылаған жоқ. Қарасартов өзінің ақын екенін айтты. Ақсақалдың көңілінен шыққысы келді. Сөйтсе де Шәкәрім бұл адамнан қауіптеніп сақтанған, оның белгілі бір мақсатпен келіп отырғанын білді. Бірақ мақсаты қандай екенін білмеді.

Қарасартов қонақ болғандықтан, Шәкәрім ол жайлы жаман ойлай алмады. Ол әрдайым қонақтардың ыңғайын тауып, оларды өзіне емес, ақиқатқа жақын қылғысы келетін. Сол себептен ешкімнен қорықпай, ең надан зұлымнан да өзін жоғары ұстайтын. Рухани күшінің зор болғаны соншалықты, Қарасартов сияқты күмәнді адамдарды қонақ қылып күте беретін.

Осы жағдайдан кейін Қарасартов Шәкәрімді ОГПУ-ның аудандық бөліміне жиі шақыртып алатын болды. Қажының сексен жасқа келіп, қартайғаны чекист үшін бәрібір еді. Бірақ ақсақал сырт көзге жас боп көрінгендіктен, Қарасартов оның Саят қорадан Қарауылға дейін қырық шақырым жерді салт атпен болса да әзер жүріп келетінін ескермеді.

Шәкәрім бұл кездесулерге сабырлықпен қарап, байсалды сөйлесетін. Бұл, әдетте, әңгіме емес, бос сөз болатын. Кей-кезде аудандық бөлімнің басшысы үгіт-насихат жүргізумен айналысатын. Бірақ қысым көрсетіп, мәжбүрлеуге асықпайтын. Бөкетовпен әңгіме кезіндегі Қарасартовтың сөзі бойынша қажы білуге құмартпады, тіпті күлмеді де. Оның күлетін жөні де жоқ еді. Ол жігіттің жазалауға дайын екенін білді.

Әрине, чекистердің ақынмен кездесулері сырт көзге ғана кездесу сияқты көрінгені болмаса, халық алдында өздеріне қажет айғақ жинау мақсатындағы айла-шарғыға қатты ұқсайтын. Арнайы қызметтердің жұмыстарында қалыптасқан осындай әдіс бар. Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі комитетінің мұрағатында сақталатын ОГПУ қызметкерлерінің түсініктемелері болған жағдайды растайды. Бір кездері бұл мәлімет 1963 жылы Алматыда құрылған Шәкәрімнің өмірбаяны мен шығармашылығын зерттейтін комиссияға тапсырылған. Комиссияның жетекшісі ақын Хамит Ерғалиев болды.

ОГПУ аудандық бөлімі бастығының орынбасары болған Әбдірайым Шәрібаевтың 1958 жылы 23 қаңтарда берген жауабының хаттамасында былай деп жазылған: «Шәкәрім түнделетіп біздің аудандық бөлімге келіп, Қарасартовпен әңгімелесіп, кездесуден кейін қыстауына кететін. Мен ОГПУ басшысының орынбасары ретінде Шәкәріммен тілдескен емеспін, дегенмен біздің органдардағы жұмыстың ерекшелігін ескере отырып, Шәкәрімнің бөлімге нәліктен келіп жүргенін білдім».

1958 жылдың 11 қаңтарында Шыңғыстау аудандық бөлімінің бұрынғы тәртіп сақшысы Еспай Беккожиннен мынадай жауап алынған: «1931 жылы Шыңғыс тауларында Шәкәрімді кездестірегіміз есімде. Қарасартов пен Шәкәрім бір нәрсе жайлы 30 минут бойы сөйлесіп тұрды. Кейін біз бәріміз Қарауылға, ал Шәкәрім Қаранай-Шақпақ бағытындағы қыстауына кете барды».

1958 жылдың 15 қаңтарында Шыңғыстау аудандық бөліміне қарасты милиция инспекторы Зейніл Оспанов былай дейді: «Шәкәрім Құдайбердиевті жақсы білетінмін. Оны ГПУ ғимаратына бірнеше рет апарған болатынмын. Шәкәрім ОГПУ-ға салт атпен келіп, кеш қайтатын. Қарасартовтың оның соңынан ОГПУ қызметкерлерін жіберген күндері де болатын».

Қарасартовтың бұл табандылығы тек бір нәрсені ғана білдіре алады: чекистер аштықтан мезі болған халықты тыныштандыру үшін Шәкәрімді пайдаланғысы келді. Әзірше олардың бұл әрекеттері қалай іске асағыны белгісіз болып қала берді.

Дегенмен де жағдай тез өзгере жөнелді. Тамыздың аяғы мен қыркүйектің басында Қарасартовтың бастапқы жоспарын өзгертіп жіберген жағдайлар болды.

Бұл кездері халықтың жағдайы өзгермей, сол күйінде қала берді. Шалғай ауылдарда ұзақ уақыт бойы тамақтанбаған және ОГПУ қызметкерлері өз аулаларына қамап қойған адамдар аштықтан қырыла бастайды. Ал салық салушылар болса тәртіп сақшыларын ертіп алып, шаруашылықтарды тәркілеуді жалғастырды. Астықтың, жүннің және сүйектің қалыпты нормасын орындамаған адамдардың ауылына келіп, жалғыз жылқысын немесе сиырын тартып әкететін. Салық жинаушылар Шаған өзенінің бойында тұрған ауыл кедейінен жалғыз сауынды сиырын тартып алады. Бейшара кедей айғай салғанда, туыстары жүгіріп келіп, салық салушылармен алыса кетеді. Нәтижесінде екі салық жинаушы мерт болады.

Өкімет өкілдері, әдеттегідей, төбелесті бастағандарын «бандит», ал сол ауылдың барлық тұрғындарын «банда» деп, жазалау шараларын жүргізе бастайды. Тәртіп сақшылары мен ГПУ қызметкерлері қылмысқа қатысты адамдарды анықтамай, ауыл тұрғындарын жаппай тұтқындап, қыра бастады.

Сол жағдайдан кейін Шыңғыстаудың тұрғындары ызаланып, совет өкіметіне қарсы шыға бастады. Ереуілдер Шыңғыстау, Абыралы және Шұбартау аудандарында бір уақытта өршіді.

Шыңғыстаудағы ереуіл 1931 жылдың 3 қыркүйегіне қараған түнінде Бақанас манайындағы қазіргі Көкбай ауылының орнында тұрған колхозда басталды. Көтеріліске шыққандар, олардың ішінде Шәкәрімнің ұлы Зият та бар, жас мұғалім Рамазан Әбішұлы мен әйелі Рәпішті ұстап алып, атып өлтіреді. Мұғалімді ОГПУ-ның тыңшысы деп санағандары бекер емес. Қарасартов Бесқарағай ауданында қызмет еткенде, ол оның кеңселік хатшысы болып жұмыс істеген. Қарасартовтың өзі оны Бақанасқа мұғалім ретінде көшіріп алған болатын.

Шыңғыстаудағы ереуілді ұйымдастырушы Тәңірбердінің немересі, яғни Құнанбайдың ұрпағы Бердеш Әзімбайұлының (1885-1965) берген ақпараты сақталып қалған.

Бердеш (туғанда қойылған аты – Фирдоуси) Тобықты руының беделді адамы болғанымен, Шәкәрім қажы оның туысқандарына жасаған қатыгездігін көріп, оған ризалығын бермеді. Бірақ тәркілеу науқанынан кейін байлығынан айырылған адамдардың бірі ретінде Бердештің билікке қарсы көтерілуге уәжі толық еді.

Қытай ауып кеткен Бердеш 1958 жылы Қарауылға қайта оралады, 1963 жылы Хамит Ерғалиев басқарған комиссияға түсініктеме берген.

Бердештің бұл пайымдаулары семейлік «Үш анық» газетінде («Три истины», 1991, №3) жарияланды. Онда ол былай деген: «Бүкіл ауыл болып көтерілгенде, менің алдыма Қойтас колхозының мұғалімін алып келді. Тінту барысында оның етігінің қонышынан Қарасартовқа деген хат табылды. Хатта: «Әзімбайдың ұлы Бердеш 500 салт атты адаммен сіздің жаққа бара жатыр», – деп жазылыпты. Біз Рамазанды сол үшін атып тастадық».

Бердештің бұл куәлігі өте маңызды, өйткені мұғалім мен оның әйелін өлтірді деген айып кейін Шәкәрімге тағылған. Көріп отырғанымыздай, бұл іске оның ешқандай қатысы болған жоқ.

3 қыркүйек күні таңертең Бақанастағы екі жүзден астам ереуілшіге Шыңғыстаудан жүздеген адам қосылды. Іштерін ыза кернеп, тұла бойлары күреске дайын болғаныменен, біреуінде

де қару болмады. Аштықтан азып ашынған адамдар Қарауылға қарай жол тартты. Қарауылға жетпей 3 шақырым жерде олар үйіне қайтып бара жатқан Жұмысшы-шаруа инспекциясының бастығы Олжабай Шалабаевты кездестіріп, сол жерде аудандық салық органының бастығын өлтіреді. Ең белсенді көтерілісшілердің бірі, Бөкенші руының шыққан Қасымбек Солтабаев Олжабайдың әдемі тұлпарын тартып алады. Көтерілісшілер Қарауылға кіреді.

ОГПУ аудандық бөлімі ереуіл жайында хабардар еді. Чекистер күреске дайын болды. Оларға бірнеше күн бұрын қаладан келген зеңбірекшілер жасағы көмектесті.

Қарусыз көтерілісшілер неге сенім артты екен? Әрине, аштықтан көзі ашылмаған адамда қайбір ес болады дейсің. Олар өмірден қажып түңілгендіктен осындай әрекетке баруға мәжбүр болды.

Келе жатқан топты көре сала әскер адамдары жасырынған жерлерінен көтерілісшілерге оқ жаудырта бастады. Қаруы жоқ адамдар жараланғандар мен өлгендерді тастап қаша жөнелді. Абзал Қарасартов басқарған салт атты чекистердің жасағы олардың соңынан түсіп, қуады. Шамамен, 50 көтерілісші қаза тапты. Көбін тұтқынға алды.

Тұтқындалғандардың біреуі көтерілісшілер Шәкәрімге барып, ақыл сұрағанын айтты. Чекистер дереу Шәкәрімнің 3 қыркүйекте болған ереуілді бастауға дем бергендігі жөнінде қауесет таратты. Оған қоса, Шәкәрімге барғандардың аттары да аталды: Бердеш, Зият, Қасымбек, Солтабаев, Абайдың қызы Күлбаданнан туған Мұхтар Дұтбаев.

ОГПУ аудандық бөлімінің бастығы Абзал Қарасартовтың осы хабарды негізге алғаны сөзсіз. Өйткені ол қырық бес жыл өткен соң Евней Бөкетовке Шәкәрім жайында былай дейді: «Мен бұл адамға тек жақсылық қана істедім. Оның көңілінен шығып, сеніміне кірермін деп ойладым. Бірақ ол осының бәрін қабылдамады. Нәтижесінде үшінші қыркүйек күні ол Шыңғыстаудың жеті-сегіз ауылының адамдарын жинап, бәрін орталық ауданға жіберіп, шабуылды ұйымдастырды».

Қарасартовты екіжүзді деп атағанымыз жөнсіз болар. Оны сол кезеңнің жемісі, билік құрылымына қажетті адам болды деп түсінуіміз керек. Қарасартов тек советтік билікті әз тұтты, ал

оған наразылық білдіргендерді жау санады. Мұндайлардың көзін құрту керек деп есептеді. Аштық, адамдардың азап шегуі сияқты мәселелер оны қызықтырған жоқ. Коммунизм орнату жолында мұндай құрбандар болмай қоймайды, бұл мәселелермен әйтеуір біреу айналысу керек, ал оның міндеті – жазалау. Ол басқалардың көзін құртса, ақыннан да оңайлықпен құтыла алар еді. Бірақ басшылық Шәкәрімнің тек Қазақстанға ғана емес, бүкіл әлемге белгілі екенін ескертіп, Қарасартовқа абайлауды кеңес етті. Чекист Шәкәрімнің совет билігінің жауы екеніне күмән келтірмеді. Сондықтан да оның көзін құрту керек деп ойлады. Бірақ атақты ақынды құрту үшін ОГПУ-дың жазалағанына және оның «дұрыс болғанына» ешкімнің күмәні болмауы үшін бірдеңе ойластыру керек еді.

А. Қарасартов Шыңғыстауға келген уақытынан бастап өзінің іс-қимыл жоспарын мұқият ойластырды. Ереуілден кейін ол ақырғы және нақты шешім қабылдады. Шыңғыстаудағы ереуілдің себебі бір жағынан, аштық, халықтың кедейлігі болса, екінші жағынан халықты өлімге душар қылған биліктің қатыгездігі екендігіне ешкім күмән келтірмейді. Алайда, Шыңғыстау ауданының жетекшілері халық қаһарының себебін белгілі бір адамдардың, оның ішінде Шәкәрімнің, совет өкіметіне деген өшпенділігінен іздей бастады. Шәкәрім осы ереуілді ұйымдастырды деген қауесет барлық жерге таратылды.

Көп ұзамай бұл хабар Саят қорадағы Шәкәрімнің өзіне де жетті. Оның қолынан не келер еді?

Ол, шынымен, көтерілісшілердің бұл әрекетін кінәлап, текке қыршынынан қиылған құрбандарды аяды. Сондықтан да ол Қарауылға Қарасартовпен кездесуге барды. Бұл кездесу Шәкәрімге еш зардабын тигізбеді. Өйткені ақынның көзін құртатындай ыңғайлы сәт әлі де жеткен жоқ еді. ОГПУ-ның фельдъегері болған Айтмырза Түңлікбаев 1958 жылдың 10 қаңтарында былай дейді: «Қарасартов Шәкәрімге халық арасында үгіт-насихат және түсіндірме жұмысын жүргізуі керектігін айтты. Шәкәрім көтерілісшілермен осы жайлы сөйлескенін, бірақ олардың құлақ аспай кеткендерін айтты. Шәкәрімнің «Басқалары түгіл, ұлым Зият та мені тыңдамай кетті» деген сөзі есімде».

Қажы еш бөгелмей Саят қораға оралды. Дегенмен бұл жағдай оны қатты қапаландырды. Ол Қарасартовтың оған деген айыптаушылық пікірі жақсылықпен бітпейтінін білді. Халық арасында Шәкәрім туралы жайсыз қауесет одан әрі тарай берді.

Ең қызығы халықты Шәкәрімнің өзінен гөрі ол жайлы қауесет жігерлендірген еді. Адамдар ендігі халықтың көтерілісін, ГПУ қызметкерлері сияқты, «Шәкәрімнің ереуілі» деп атай бастады.

Чекистер Шыңғыстау бөктерінде жасырынып жатқан көтерілісшілерге іздеу салды. Тау шатқалында жасырынып жатқан «бандаларды» іздеп, тексерістер жүргізді. Ақынның ұлы Зият пен жиені Бердеш Қытайға кетуді ұйғарды. Олар Шыңғыстауда қалғанмен, өлімнен құтыла алмас еді.

Олар Саят қорадағы Шәкәрімнің үйіне қайта келіп, бірге жүруді ұсынды, бірақ ақын оған келіспеді. Бәрі дұрысталып, орнына келетініне сенді. Тек біраз күту керек деп ойлады. Чекистерден он күн бойы Бақанаста жасырынып шықты.

Сірә, ақынның сақтығы бекер емес еді. Чекистер Саят қораға келгенде, ақынды таппай әлек болды. Осы жағдайдан кейін Қарасартов Шәкәрімнің биліктен қашып жүргенін ресми түрде жариялады. Мұны ОГПУ-дың облыстық басқармасына рапорт ретінде жазып жіберді. Жасырынса, Шәкәрім «банданың мүшесі болғаны», бәлкім, ереуілді шынымен де ұйымдастырған сол шығар. Аудандық бөлімнің бастығы ақынның Бақанастағы кооперативтің құлдырауына себепші болды, оған қоса «мұғалім Рамазан Әбішұлы мен оның әйелін өлтіруді ұйымдастырды» деп қосып жазып жіберді.

Рапортты жіберген Қарасартов енді не істейтінін жақсы білді.

АЛТЫНШЫ БӨЛІМ

ҰМЫТЫЛҒАН ЖӘНЕ ҰМЫТЫЛМАС НҰР

Ақынға атылған оқ

Қыркүйек айының аяғында ақын Саят қораға оралады.

ГПУ көтерілісшілерге аяушылық жасайын деген жоқ. Орган қызметкерлері Шыңғыстаудың шатқал-шатқалын, қуыс-қуысын, сай-саласын тынбай шарлап тінтіп көтерілісшілерді тауып алып жатты.

Бердеш, Зият және Шәкәрімнің өзге де туыстары Қытайға кету туралы кесімді шешім қабылдады. Ақын оларды айнытпағанымен, өзі олармен кетуге келіспеді. Кетпейтін себебін: «Осында туып, осында өлемін. Жұрттың Шыңғыстаудың шалы Қытайға өлуге кетті деп айтқанын қаламаймын», – деп қысқа қайырды.

2 қыркүйек күні таңертең ерте Зият Саят қораға келіп, әкесіне Бердешпен, оның ағаларымен және басқалармен Қытайға кететінін ескертті. Шәкәрім қатты қобалжыды, кеңесін айтып, сақ жүруін өтініп жылап жіберді. Кенже ұлын жібергісі келмей көп ұстады, шай берді, қақталған етпен тамақтандырды. Бірақ Зият көп кідірген жоқ, өйткені кез келген сәтте чекистер келіп қалатын еді. Әкесі Зияттан таңертең қайта кіріп шығуды сұрады: кейбір қолжазбаларын қайта көшіріп, баласына беріп жібергісі келді. Өйткені заман осылай болып тұрса, жазғандарының басылып шықпайтынын білді. Баласының шекарадан шығып кеткенін білгенде, өзінің тұтқындалатынын сезді. Сондықтан басқа қолжазбаларын үй қасындағы тау тастарының астына көміп тастауды ұйғарды.

Шәкәрім қорадан атын алып шықты. Сүйікті Қоңыр аты – алыс жолда сенімді серігі небір қиын жолдардан аман-есен өткізген, қашса – құтқарған, қуса – жеткізген дүлдүлі. Сол атын баласына көлденең тартты. Осылай қылса, көңілі жай таппақ. Зият аттанып кетті. Кейін Шынжаңда жүргенде ол әкесі берген «Қоңыр ат» туралы поэма жазады.

Ал Шәкәрім өлеңдерінің көшірмесін жасап, қолжазбаларын қайта қарап, ең маңызды дегендерін іріктеп алды. Үйреншікті ісі оны қатты қобалжытты. Ол өлеңдерін бірінен соң бірі оқып, бұрынғы кездерін есіне түсіріп, сол кездегі Шәкәрім кейпіне ене бастады. Сол кездегі суық пен ыстықты сезініп, сол өмірін қайта сүріп жатқандай болды.

Ақын көп жылдар бойы өлеңмен адамдарды тура жолға түсіріп, басшыларды түзетіп, елді бірлікке баули алатынына шынымен сеніп келді. Енді өмірдің соңы қусырылып барады, бірақ, кезінде Абай да армандап кеткендей, «нұрланған жүректер» байқалмайды.

Ол кезекті парақты алып өлеңнің бірнеше жолын оқып шықты:

Кешегі кеткен Ер Қорқыт
Кейінгі жанға болды ұмыт,
Сарынын соның салайын,
Ескі әуез демей құлақ тұт.

Бұл – былтыр басталып, аяқталмай қалған өлең. Ақын оны «Қорқыттың сарыны» деп атады. Оған мәңгі өмірді іздеген және ғажайып музыканың атасы Қорқыт жайлы көне түрік аңызы қатты ұнады. Қорқыттың табиғат үндеріне негізделетін әуені әлемді жарасымға келтіру талабымен бара-бар болды.

Лирикалық кейіпкер «Аңғармай кетпе арынмен» деп тыңдарманын ессіздік кедергісін еңсеруге шақырады. Мұнан соңғы тармақтар Қорқыттың өмірлік қарекеттеріне қатысты:

Қобызбен Қорқыт сарнаған,
Болмады жері бармаған.
Мұңлы әнмен өмір суреттеп,
Сол әнін саған арнаған,
Ашулы, зарлы сарынмен.

Аңыз бойынша, түсінде Қорқыт қабір қазып жатқан адамдарды көреді. Өлімнен қашқан Қорқыт туған жерінен бас ауған жаққа безіп кетеді. Барған жерінде көр қазып жатқан адамдарды қайта көреді. «Бұл қабір кімдікі?» деген сұраққа «Қорқыттікі» деген жауап алады.

Қайда барса да, алдынан қазылған көр шыға келеді.

Сонда ғана ол өлімнен қашып құтыла алмайтынын түсінеді. Сырдария жағасына қайта оралып Желмаясының жауырынынан қобыз жасап алып, күн-түн демей сарнатып күй шалады.

Бауыр бауырының қанын төккен 20-жылдардағы Шәкәрімнің адамгершілік-психологиялық күйі аңыздағы Қорқыт күйзелісінің кеңістік-уақыттық өлшемдерімен сәйкеседі. Ажалдың қара бұлты төніп кеп тұрса да, Шәкәрім де, Қорқыт сияқты, өзінің «ой – өлең – жан» шығармашылық ұстанымын мәңгілік санатына қосады. Қара түнектен жер көрінбей кеткенде, Қорқыт күйді үдете түседі, күй Көктен түскендей болады да жарық Көктің дана әуенінен жарық шығып Жерді нұрға бөлейді. Ақын Шәкәрім де осылай қаңыраған мекеннің тұңғиығынан биікке жарық нұр болып көтергісі келді. Өмір жаралысын нышандайтын музыка және жасампаз шығармашылық мәнінің белгісіне айналған Қорқыт аңызы санаға нұр берсін деп ақын төмендегіше төгілді:

Әсерлі үнмен толғаған,
Сол әнді ойым ұнады,
Зарласам көңілім тынады,
Сарынға өлең салдым мен,
Түп-түгел сөз боп шығады.

Көрінді түзу сол маған,
Жасқа ұнамайды сарын.
Қайдан біледі ол кәрілерде не сыр, ой барын.
Жат құлағына жастың мұндай әнін,
Ол сезе ала ма нәрін?

«Қорқыт» есімінің бір мағынасы үрейлендіруді, қорқытуды білдіреді. Сондықтан үрейленіп өлімнен қашудың себебі – өлімнің өзіне көнбеу ниеті.

Аңыз бойынша, Қорқыт қалжырап ұйықтап қалған кезде, оны жылан шағып алады да қаза болады. Ал Қорқыттың қабірінде қалған қобыз ұзақ уақыт бойы аянышты әуен шығарып тұрған екен.

Шәкәрім бұл өлеңді туғандарының елден қашар алдындағы ақырғы түні жазып бітіру керек деп білді. Ол өлеңін ынтамен ұғатын «саналы адамдардан» «ақиқатқа» зейін қоюды сұрайды:

Басайын қобыз пернесін!
Монтаны талай мұндар бар.
Нәпсіге ерген сұмдар бар,
Адамды аңша аулатқан,
Алдамшы, арсыз жындар бар,
Ондайлар маған келмесін.

Олар – жәдігөй жайтаң,
Ойды улатып, көзді байлап жүрген қу сайтан.
Сол хақиқатты айтам!

Түрік символикасында жылан бейнесі қасиетті білімді білдіретінін есінде сақтай отырып, ақын жылан шаққан Қорқытты мәңгілік білімге қол жеткізетін ақиқатқа бастаушы ретінде сипаттайды.

Бері кел, тотсыз асыл айнама
Білдір анығын, не хақиқат,
Не жөн, не пайдам?
Сал тура жолға мені, жетекшім,
Бұл – сынасатын майдан.

Бұл «тот-тесіксіз» айнаға тілегін айтудың символикалық мәні бар. Шәкәрімнің лирикалық-философиялық ғибадатында айна жағымды қасиеттерді көрсететіндіктен, сәуле, шындық, өзін-өзі тану және ақиқат аллегорияларымен байланысты болып келді.

Енді ол кез келген қуғыншыдан да мықты. Тек киімдерді жинастырып, қолжазбаларды дайындап, Зият және басқалармен жолға шығуы керек. Олар шығысқа, алыста орналасқан шекараға аттанады. Ал бұл Қарауылға оралып, қалған қолжазбаларын жинап, сенімді жерге жасырады.

Көп ұзамай тау аңғарынан салт атты жолаушылар көріне бастады. Қажы ойлағандай, Зият өзі жалғыз емес, жанында басқа да қашқындар бар екен.

Бердеш былай деп еске алады: «Шәкәрімге біз таңертең келдік. Ол менің сәлемімді алмады. Қажы, біреуден көңілі қалса, сөйлеспей қоятын. Атымнан түсіп жатқанымда маған жаратпай қарады. Ол өзі жалғыз болды. Бізге шәй дайындап берді. Бізбен шығып, кітаптарын алып кету үшін отбасына бармақшы болды.»

Шай басында қай жолмен баратындарын талқылады. Шәкәрім өзінің қандай ойы бар екенін байыптап тұрып айтып берді. Шекараға дейін жол ұзақ – бес жүз шақырым. Қауіпсіз жолдармен барған дұрыс. Ол Зиятқа сүлгіге оралған қағаз бумасын, шығармаларының көшірілген нұсқаларын берді.

Бердеш көтерілісшілердің қолынан қаза болған салықшы Олжабай Шалабаевтың атын ақынға тастап кететін болды. Оны әкесіне бұрындары да айтқан болатын, сол жайлы кейін былай еске алады: «Ереуіл өтіп, бір айдан кейін атты Шәкәрімге апарып тастадым. Сонда шекара арқылы Қытайға өтуді ұсындым. Ол келіспеді. Атты да алмады. Ойынан айнып қалатын шығар деп атты тастап кеттім».

Осы жолы ойламаған жерден қажы атты алып қалуға келісті. Осы атпен Қарауылға дейін жетіп қалуды ойлаған. Кейін тұлпарды ГПУ-ға өткізетінін айтты, өйткені оны өзінде ұстау қауіпті еді.

Шәкәрім атқа мініп ескі қаруын қанжығасына байлады. Абай сыйлаған винчестер тәркіленіп ГПУ-да қалған. Үйінің есігін таспен тіреп, атқа мінді.

Қарасартов хабаршыларының арқасында Бердеш бастаған топтың 3 қазанда Шыңғыстаудан қытай шекарасына қарай кететінін білді. Олардың қасында Шәкәрімнің болатынына сенімді болды. Оның Қытайға өтіп кетпейтінін білді. Оны да хабаршылары айтты. Бірақ чекист қажының баласын шығарып салатынын есепке алып қойған.

Ақырында, ақын өлтірілген күні Қарасартов өзінің қылмыс орнында болмағанын дәлелдегісі келді. Бірақ барлық айғақтар оның сол операцияны бастағанын дәлелдейді. Куә болғандардың мәліметінен сол кездегі оқиғаларды жаңғыртуға болады. Олар бір-біріне дәлме-дәл сай болмағанымен, ақын ажалы шындығының жалпы сипаттамасын береді.

Бердеш Құнанбаев: «Мен, ағам Мәнекеш, Зият, Сапа мен Мұхтар Шәкәріммен шығып кеттік. Бұлақтың қасында намазымызды оқып алдық. Шәкәрім тауға шығып, жақын арада кімнің бар, кімнің жоқ екенін көріп келетінін айтты. Оның артынан он бес жастағы Мәнекеш те кете барды. Он-он бес минуттан кейін екі рет оқ атылғанын естідік. Мәнекеш жанталасып, жүгіріп келіп, Шәкәрімді өлтіргенін айтты. Біз қаша бастадық».

Хамит Ерғалиев комиссиясының мәліметтерінде Бердеш Құнанбаевтың басқа әңгімесі де келтіріледі: «Таң. Күн бұлтты болды. Жолға шыға бергенімізде мылтық атылды. Біз жасырынып қалдық. Шәкәрім: «Бәлкім, бұл банданы аңдып жүрген жасақ шығар. Мен оларға барып, мұнда не үшін жүргенімізді айтайын», – деп соларға қарай аттанды. Бара бергенінде, екі рет оқ атылды. Біз Шәкеңнің өлгенін түсіндік. Оны өлтірсе, бізді аямайтынын біліп, Қытай шекарасынан өтіп кеттік.

Ал енді қарсы жақтағы адамдардың куәлік сөздерін келтірейік.

Айтмырза Түңлікбаев: «Күзгі таң бұлыңғыр болды. Жер қатқак еді. Қарауылда башқұр ұлтының өкілі Халитов тұрды. Ол таудың ар жағынан бізге қарай жүріп келе жатқан қарулы адамдардың тобын көрді. Қарасартов оларды банда деп атып тастауға бұйрық берді. Атылған оқтың даусын естіген адамдар тоқтай бастады. Олардың ішінен біреуі шығып, қолын бұлғап, өзінің қарусыз екеніне меңзеді. Жақындай бергенінде, оның Шәкәрім екенін білдік. Алайда, «атпа» деген бұйрық болмағандықтан, Халитов тағы да екі рет атты. Тізгін қолынан түсіп кетті де Шәкәрім аттан құлап түсті. Ат та ауыр жарақаттанды. Шәкәрім тілге келмеді, еш нәрсе айта алмады. Біз оны қоршап, біраз уақыт бойы үндемей тұрдық. Шәкәрімнің жанындағылар қашып үлгерді».

Әбдірайым Шәрібаев: «Қарасартов тасадан атты атты, ат құлады. Екінші оқ атылды. Оқ ат үстінде отырған адамның иығына тиді. Біз қасына жүгіріп барғанымызда Шәкәрім Құдайбердиев екенін білдік. Ол отырған күйінде: «Маған тимеңдер. Совет өкіметіне көмегім тиіп қалар», – деді. Бірақ ОГПУ облыстық басқармасынан іссапарға жіберілген Халитов менің көзімше Шәкәрімді атып өлтіріп тастады. Облыстық басқарма тергеу ісін жүргізді. Қарасартов Шәкәрімнің ОГПУ қызметкерлеріне оқ жаудыртып, екі жақ ағысу кезінде қайтыс болды деп айтқанымды қалап, мені көндіре бастады. Шындығына келгенде, жағдай бұлай болмаған. Шәкәрім жақсы аңшы, мерген болған, бәрімізді де атып тастар еді».

Зейніл Оспанов: «Байлардың арасында беделді адам ретінде Шәкәрім Қарауылға шабуылдаған бандыға батасын берді деген қауесет тарайды. Осыған байланысты біз оны іздестірдік. Оның

қасында Олжабаевтың торы жорғасы жатыр екен. Шәкәрімнің қолында «винчестер» мылтығы болды. Бұл мылтықты көргенде қатты таң қалдым. Мен Абыралы ауданының Тайлақ ауылында орналасқан ОГПУ облыстық басқарманың бастығы Бакқа пакет апарып бердім. Онда маған сол винчестерді ОГПУ қызметкері Юрьев берді. Иссапардан оралғаннан кейін мылтықты ГПУ-дың Шыңғыстаудағы бөліміне тапсырдым».

Сонымен, 3 қазан күні Шәкәрім ерткен «қашқындар тобы» тосқауылға тап болды. Чекисттер оқ жаудыртты. Шәкәрім атысты тоқтату үшін соларға қарай жүре бастады. Олардың атпайтынына сенімді болды. Бірақ екі рет дәлдеп оқ атылды. Бір оқ атқа тисе, екіншісі Шәкәрімнің иығына тиді.

Семейден келген тәртіп сақшысы Халитов пен Қарасартов атқан болатын. Шәкәрім құлай кетті. Оны тәртіп сақшылары мен чекистер қоршап алды. Сонша адамдардың тұрғанына қарамай Халитов Шәкәрімнің жүрегіне дәлдеп атады. Шәкәрім чекистің қолынан қаза табады.

Халитовтың бұйрықсыз атуы мүмкін емес еді. Бұл орайда бұйрық беретін тек бір адам – бастығы Абзал Қарасартов. Немесе Халитов сол жағдайға дейін облыстық басшылықтан бұйрық алған болар. Өйткені ол ОГПУ облыстық басқармасынан Шыңғыстауға іссапарға жіберілген еді. Мұны бәрі білді.

Қарасартовтың бұйрығы бойынша марқұм ақынның қасына оған дейін аудандық бөлімде сақталған винчестер мылтығы (Абай сыйлаған мылтық тәркіленіп ГПУ-да жатқан еді ғой) әкеліп тасталды.

Бұл қылмыстың алдын ала жоспарланғанына еш күмән жоқ. Енді Қарасартов баянхатқа: «Шыңғыстаудағы көтерілістің жетекшісі, яғни совет өкіметіне қарсы шыққан Шәкәрім Құдайбердиевті чекистер өлтірді, өйткені ол Шалабаевтың атына мініп алып, қолындағы винчестермен өкімет өкілдерін ата бастады», – деп жазуға мүмкіндік алатын болды. Осы рапорттың негізінде Шәкәрімге «совет өкіметіне қарсы әрекет етті» деген айып тағылып, оның есімін атауға, шығармаларын оқуға тыйым салынды.

Ақынның өмірбаянын зерттегендер Қарасартовтың айыптауларынан көп сәйкессіздік тапты. Оның ішінде көбі

«Шәкәрім чекистерді атқан жағдайда, біразын өлтіріп тастар еді» деген тұжырымға келеді. Өйткені Шәкәрімнің әккі аңшы екенін, бір қолымен-ақ оп-оңай атып тигізетінін ел біледі. Оған қоса, Шәкәрімнің ешқашан адамдарды атпағаны бәріне белгілі.

Айтмырза Түнлікбаев бастан кешкенін былай айтады:

«Бұйрық бойынша адамдар марқұм қарттың киімдерін шешіп, қаруын алды. Бәрі тоны, тымақ, етік, оюлы бешпент, шалбары – бәрі де шешіліп алынды. Қан-жоса болған қарт жалғыз ақ іш киіммен қырау басқан жерде қала берді.

Бастық маған айғайлап жіберді:

– Сен неге еш нәрсе алмадың?

– Маған түк қалмады ғой», – деп ашуландым.

– Қарттың өзін алып, Бақанасқа апар, – деп бұйырды ол.

Мен түйеден түсіп, киіз төсенішті алып, мәйітті орап, түйенің оркештеріне таңып байлап қойдым. Өзім соған отырып Бақанасқа бір-ақ тарттым».

Өлім мен өмір арбасқанда

Чекистер Шәкәрімнің мәйітін Бақанасқа әкеледі. Бастық Қарасартовтың бұйрығымен ауылдың орталығына жергілікті тұрғындарды жинайды. Бәлкім, қорқытып, үрейлендіру үшін шығар.

Бақанас тұрғыны Ұқыш Көзбаева осы оқиғаны көргенін айтады: «Киізге оралған және түйенің үстінде кесе-көлденең жатқан қарттың мәйітін әкелгенде, есімнен адаса жаздадым. Марқұмды жоқтауға рұқсат етпеді. Ер адамдар мәйітті түсіріп, камыстың үстіне жатқызды. Оның атын да атып өлтіріпті. Жылқыны сойып етін өздерімен бірге ала келіпті. Кеткенге дейін өздері сол етті жеп тауысты».

1978 жылы Евней Бөкетовпен әңгімелескен Абзал Қарасартов сондағы халық алдында сөйлеген сөзін өзінше «редакциялап» айтып берді. Чекистің академик Букетовпен әңгімелесуге қандай мақсатпен келіскені белгілі: совет өкіметіне адал қызмет етіп, рақымды адамдарды емес, өкіметтің жауларын құртты, сондықтан өзінің ел алдында ары таза екенін көрсеткісі келді.

«Қарасартов. ...Сосын, ертеңінде Бақанас, Байқошқар халқын жинап, Шәкәрімнің өлігін ортаға сәкі тақтай орнатып, соның үстіне көлденең салып, сонсоң айттым мен: «Халық кешегі Құдайға қолын созған, Мекке-Мәдинеге барған қажы, халықтың қадір тұтқан ақсақалы, ақыны, бір кезде Найманды кінәлап, «Еңлік-Кебек» жазған Шәкәрім. Бұл күнде осындай халге келді. Ажал жетті, атыста қайтыс болды.

Бөкетов. Өкіметіне қарсы болғанын айттыңыз ғой?

Қарасартов. Иә, «өкіметіне қарсы қару көтеріп, осындай, қаншама халықтың обалына қалып, сүйткен Шәкәрім, міне», – деп халыққа көрсеттім. Көрсетпесеңіз нанбайды, Шәкәрім өлер алдынан өзі өледі деп.

Бөкетов. Оған оқ тиді деп ойламайды ғой?

Қарасартов. Иә, оған оқ тиеді деп те ойламайды. Вот, ол осындай кісі болған! Сонан соң, сол жерге қойғыздым. Қайда қойғанын соның Шалабайлар, Баймашов деген милициялар біледі.

Бөкетов. Оны мен естідім. Сіз оны құдыққа тастап кетіпті... Сол құдықтың ішінен шығарып алыпты жұрт, балаларымен. Сосын жөндеп қойыпты деген қауесет осы елдің бір жерінен, маңайынан естідім.

Қарасартов. Онысы бекер! Олардың қайда қойғанын да білмеймін. Мен өзім апарып қойғам жоқ! Пәлен жерде деп айтуға...

Бөкетов. Сол жерде, әлгі жұртқа айттыңыз да кетіп қалдыңыз ғой?

Қарасартов. Жоқ! Өзім барда жерлеттім!

Бөкетов. Жерлеттіңіз бе?

Қарасартов. Жерлеген жеріне барғаным жоқ.

Бөкетов. Енді, қайда қойғанын білген соң айтып отырмын ғой?!

Қарасартов. Білмеймін дегенім, мен оның басына барғаным жоқ. Ал оны халықтың ақсақалдары ертіп, Шалабаев басқарып, өздерінің көзінше қойып келді».

Қарасартовтың бұлтарма сөздерін куәгерлердің жауаптары теріске шығарады.

Шәкәрім совет билігіне табынбады, ол билікті жақтырмайтынын ешқашан жасырған емес, өлеңдерінде пікірін өлең арқылы қаймықпай ашық білдірді, сақтық жасаған жоқ.

Алайда, Қарасартов айтқандай, оны қолына қару алып совет өкіметіне қарсы тұруға сақадай сай тұрған жау деп есептеу – тым асыра айтылған сөз. Атыс-шабысқа еш қатысы болған жоқ. Азаматтардың қанын төгуден оның ары кіршіксіз таза екені анық.

Қарасартов жерлеу жайлы да шындықты айтпады. Шәкәрімнің мәйітін ауыл шетіндегі құрғап қалған құдыққа тастағанын ел жақсы біледі. Қол астындағы қызметкерлері тек соның ғана бұйрығын орындайтыны белгілі. Жасақ мүшелерінің бірі Марат Түнлікбаев былай дейді: «Біздің басшы – Абзал Қарасартов. Айтқанының бәрі заң. Жат десе, жатамыз, ат десе, атамыз».

Қарасартов мәйітті құдыққа тастауды бұйырды. Қалғандары бұйрықты орындады. Қарасартов осы ісінің қаншалықты қатыгез болғанын білгендіктен, Бөкетовпен әңгімелескенде әуреге түсіп, бұлтара берді.

Бірақ чекист бастықтың сөзін жоққа шығара алатын куәгерлер болды. Кәрімқұлдың ұлы Қабыш Шәкәрімнің мәйітін құдыққа тастағандарын көрген. Бұл жағдай Ұқыш Көзбаеваның да есінде: «Жетібай ата былай деді: «Өлетін адам өлді. Өзіміз арулап жерлейік. Тым құрыса сүйегіне иелік етейік», – десе нәшәндік бергізбепті. Таңға жақын ел ұйқыда жатқанда қажының мәйітін Бақанас өзенінің оң жағалауындағы құр құдыққа қойып, асығыс-үсігіс бетін жасырған болыпты».

Қарасартов та өз басшыларының айтқанын істеді: халықты совет билігінің саясатына қарсылық көрсетпейтіндей және ауылдан шықпайтындай қорқыту керек болды. Қорқытудың ең күшті құралы, әрине, адам өлімі. ОГПУ қызметкерлері «совет өкіметінің жауларын» жойып, құрбандардың санын көбейтуден аянбауға тиіс еді.

Өлім жиілеп, өмірге шын қауіп төнгендіктен, халық басылып қалды. Бақанастан кетіп бара жатып, Қарасартов көмекшілері арқылы халыққа былай деп кегіпті: «Кімде-кім Шәкәрім тасталған құдыққа жақындаса, өлдім дей берсін». Адамдардың өлімнен қорыққаны соншалықты, отыз жыл бойы ешкім құдық маңына да жақындамады. Жұрттың онда кім жатқанын да айтуға да батылы жетпеді.

Қазақ тарихында сол жылдарда болған ең үрейлі оқиғаның ықпалы күшті еді. Даланы аштық жайлады, қазақтар қырыла бастады. Күн сайын еститін хабар адам ажалы туралы болды.

Қазан айында Семей түрмесінен Ғафурдың ұлы Баязитті, ақыры, шығарады. Ол түрмеде бір жыл және сегіз ай отырып шығып, аш, азған, жабырқаңқы күйінде Шыңғыстауға оралады. Үйіне жетер-жетпесте атасы Шәкәрімнің қаза болғанын естиді. Оның басқа да туыстары аштан өліпті. Баязит паналайтын орын таппай, салқын түнде далада түнейді. Тоңып, алты күн бойы оразасын да аша алмай жүреді. Туыстарына жете алмай, қайғыға төтеп бере алмаған ол өзіне өзі қол салады. Туысқандарының бірі оны Мәуен қыстауының қасына жерлейді.

1931 жылдың күзінде Семейде Ахаттың ұлы мен қызы аштықтан көз жұмады. Бұл – әулетті қасіретке тұншықтырған зобалаңға ұласты.

Ақынды ешбір сот пен тергеусіз атып тастаған Қарасартов Шәкәрім туралы естеліктерді жоюға кірісті. Ол үшін ақынның шығармашылық мұрасы көк тиынға да татымайтын. Большевиктердің ойын бөліспегендерді халық жауы деп санады.

ОГПУ аудандық бөліміне Шәкәрімнің Саят қорадағы заттары әкелінді. Тәртіп сақшылары оның ауылында тінту жұмыстарын жүргізіп, туыстарының киіз үйлерін тінтіп, ақынның қолжазбаларын, кітаптарын тартып алады. Тәркіленген қағаздардың кейбіреуін іріктеп алып, Қарасартов қалғандарын өртеп жіберуге бұйрық береді. Бұл бұйрықты Қарауылдағы ОГПУ кеңсесінің пешін жағатын Шәукен орындайды. Оның шын аты – Оразғали Бақашов (1904-1977). Шәукен туғанынан сақау еді. Болған жайттарды ешкімге айта алмайды деген есеппен, оны кеңсеге жұмысқа алады. Ол аңдамай қағаздарынан арасынан Шәкәрімнің суретін көріп қалады. Шәукен оны қойнына тығып, қалғанын өртеп жіберуге мәжбүр болады. Шәкәрімнің суретін үйіндегі шешесіне береді. Ал ол оны киімдерінің арасына тығып тастайды. Бұл сурет көп жыл бойы ақынның жалғыз бейнесі ретінде танылып, 50-жылдары Ахаттың қолына тапсырылады.

Шәкәрім 1905 жылдың күзінде Меккеге барар алдында суретке түскен еді. Ақын осындай бірнеше фотосуретін туыстары мен достарына сыйға тартты. Шәукен аман алып қалған фотода арабша жазу бар: «Абусағит Хәлел оғлы Махмұдовқа естелік. Шәкәрім Құдайбердіұлы, 11 қаңтар 1912 ж.». Фотода көрсетілген

мерзім – суреттің сыйланған уақыты. Ахат ақынның аты мен шығармашылығы ақталған жарқын күнге дейін суретті мұқият сақтап келді.

Қарасартов қанды қарекетін тындырып болғаннан кейін Шыңғыстаудан кетуге асықты.

Ақынның өліміне кінәлі Халитовты Семейдегі ОГПУ облыстық басқармасына қайта шақыртып алады.

1931 жылдың желтоқсанында Қарасартов ОГПУ-дың басқа аудандық бөліміне ауыстырылады. ПХК қызметкерінің мәлімет қағазында былай жазылған: «ПХК ОГПУ ЖТК органдарында қызмет істеп, Шыңғыстау ауданындағы Шәкәрімов пен Құдайбердиев бастаған бандаларға қарсы күреске қатысқан»; «Бандыларды жойғаны үшін ОГПУ Жарма аудандық бөлімінен сыйлық (костюм) алды».

Сол уақытта Айғаншаның былай дегені бар: «Тоқтатындар жылағанды! Дүние үнемі бір адамның басында тұрмайды. Жақсы заманды өткіздік қой, жамандық та тақалған шығар бізге. Қайғырмаңдар! Алланың шарапаты тимеді емес, тиді. Енді жамандықты бастан кешіруге дайын болуымыз керек...».

ГПУ қызметкерлері Шәкәрімнің туысқандарының көбін Қарауылдың маңынан Қарасартов салдырған жергілікті лагерьге отырғызды. Оны халық «Абзалдың лагерьі» деп атап кетті. Лагерьде ақынның туыстарынан басқа адамдар да жеткілікті еді. Тамақтары нашар болды. Тынымсыз жауап алынып қатал тергеу жүргізілді.

Көктемде лагерьге қамалғандарды шығара бастады. Ақынның туыстарынан бірінші боп Қабыш шықты. Ол аштық орнаған заманда отбасына қауіп төндірмеу үшін адамдардан шалғай жерде тұра бастады. Ши өзенінің жағасындағы Жидебай мекенінде киіз үй тікті. 1932 жылдың жазында оның ауруы қозып, нәтижесінде жалғыз жатып осы кеселінен көз жұмды.

Шәкәрім мен Айғаншаның кіші қыздары Гүлнәр азаптардан құтылу үшін у ішіп, эзер дегенде аман қалды. Оны Абайдың қызы Күлбадан сүт беріп, тірілтіп алды. Лагерьден шыққаннан кейін Гүлнәр Алматыға жетіп, Алматы облысы Іле ауданының Калинин атындағы колхозда тұрады. Оның күйеуі Ұлы Отан соғысында, ал Гүлнәрдің өзі 1970 жылы қайтыс болады.

Шәкәрімнің сүйікті әйелі Айғанша лагерде бір жыл отырып шығады. 1932 жылдың аяғында лагерден азған, ауру күйінде шығып, қыздарын табамын деген үмітпен, дереу қалаға аттанады. Бірақ оларды таба алмайды. Айғанша Ырзықбай тұқымынан шыққан Дүйсенбі деген кісінің үйіне тоқтайды. Сол үйде аштықтан көз жұмады.

Үлкен қызы Жәкім күйеуі Қабиболла Махмұтов және балаларымен Семейде тұрды. Шәкәрімнің өлімінен кейін олардың бәрін «халық жауы мен бандиттің» туыстары ретінде тұтқындап, қаладағы түрмеге отырғызды. Қабиболла мен Жәкімнің ұлы Тауфиқ Досаев өзінің естеліктерінде былай дейді: «Әке-шешем үш баласымен бірге тағдырларының не боларын білмей, шешімді асыға күтті. Сол уақытта Мұсабай қажының ұлы Ғарифолла Алматыдағы ең беделді қызметтердің бірін атқаратын. Ол Қабиболла мен отбасы ісі Алматыда шешіледі деген хат жіберді. 1931 жылдың қысында үй ішән түгел пойызбен Алматыға жібереді. Оларды екі күзетшісі бар «қызыл вагонға» отырғызады. Ғарифолла Аягөзде милицияда істеген Ұлықбек досын көндіріп, олардың ісі Семейде қарастырылады деп пойыздан түсіріп алады».

Тәртіп сақшысы Ұлықбек Ғарифолланың бұл өтінішін орындайды. Оларды пойыздан түсіріп алып, шанаға отырғызып, Үржарға жібереді. Ол жақтан Қытайдың шекарасы алыс емес. Бірақ сол кездері шекарадан өтуге тыйым салынды. Қашқындарды ескертусіз атып тастайтын. Сол жылы отбасы Үржарда қалды. Жәкім мен Қабиболланың төрт баласы болды. Олардың үшеуінің атын азан шақырып Шәкәрімнің өзі қойған еді. Екеуі – Қожанияз бен Қожағапез 1932 жылы Үржарда аштықтан көз жұмды.

1933 жылы аш халық жаппай Қытайға өте бастады. Қабиболланың отбасы да шекарадан жаяу өтті. «1933 жылдың наурызында мен Қытайдың жерінде тудым» – дейді Тауфиқ Досаев. Қытайда Жәкімді және оның отбасын ағасы Зият күтіп алды. Ол сол кезде ауданда оқу-ағарту басқармасында мәдениет бөлімінің бастығы болып жұмыс істейтін. Зият олардың қоныстануына көмектесті.

Зият Қытай жерінде тұрса да, репрессиядан қашып құтыла алмады. 1937 жылы оның қайын атасы, қазақтың мәдени

құндылықтарын сақтаушысы Сейтқазы Нұртайұлын чекистер «халық жауы» ретінде ұстады. Онымен бірге Зият та тұтқындалды. Ол 1938 жылы чекистердің қолынан қаза тапты.

Осы сылтаумен Шәкәрімнің туыстарынан бөлек, оның достарын немесе қажыны жақсы танитын адамдарды да репрессияға ұшыратты. Мансұр Ғылымбайұлы былай деп әңгімелейді: «Шәкәрімнің өлімінен 2-3 күн өткен соң менің әкем Керімбай, Ғылымбайдың кіші інісі, «қажының қошеметшілерін» ұстап алу туралы бұйрықтың шыққанын мәлімдейді. Ғылымбай сол түні өзімен бірге баласы мен қызын алып, Аягөзге аттанады. Ол жерде аты мен арбасын сатып Талдықорғанға жол жүреді. Сол кездері мен туыппын».

Ғафурдың қызы Кәмилә Қапырқызы Шәкәрім туыстарының осындай аласапыран заманда қандай бейнет көргенін былайша айтады:

«Шәкәрім тұқымдары Қарауылға тез жеткізілсін» деген ГПУ-дің суық хабары бізге жетті. Мен сол уақытта Арқалықтағы Қожаштың келіні Ләбиба тәтемнің қолында тұрып екінші класты тәмамдағанмын.

... Бәрімізді Қарауылға жинады. Шешем екеумізді иесіз қалған, іші тас қараңғы әрі суық тамға апарып қамады. Түнде қараңғылықты жамылып қаптаған егеуқұйрық әрі-бері қайшыласып, шиқылдап зәремізді алды. Жантайсақ, жапа-тармағай бас салатындай көрініп, түнімен көз ілмедік. Адам жейтіндей ашыққан тышқаннан қорыққаным – дорбадағы азғантай азығын баурына басып, жан делбеселеген анамның бейнесі түрін әлі де көз алдымнан кетпейді.

Екі күн өткен соң, жанашыр жанның, ардақты ағаның біреуі (өкінішке қарай, сол аяулы жанның атын есіме түсіре алмадым) шешем екеумізді алып шығып, әрине, жасырын, бір ауылға әкелді (шамасы, Қасқабұлақ болуы керек). Содан түйеге мінгестіріп, Семейдегі Шәкенің қызы Райхан тәтемнің үйіне жеткізгені еміс-еміс есімде. Райханның күйеуі Жәмшірбай әл-ауқатты адам еді. ... Елден шұбырған Құдайберді тұқымы осы үйді пайдалануы анық. Медеухан семьясымен, Сағила (Ахаттың әйелі) балаларымен, Гүлнәр, Қожақапанның шешесі Мүкіш (Мүслима) болды. Іштеріндегі еті тірі, бас көтерер азамат Медеухан аға екен. Ол

кезде бір шелек бидай, бір қадақ ұн үшін соттайтын заман. Сонда да Медеш аға тоқылған қолғап, сабын, сіріңке сияқты заттарды Алейскийге апарып нанға айырбастап әкеледі екен.

... Бұл қысты қалай өткізгенімізді жеткізу қиын-ақ. Ішерге тамақ, істерге жұмыс жоқ. Мені сол жердегі интернат па, детдом ба, білмеймін, әйтеуір, бір жерге орналастырды-ау. Кімнен оқығанымызды, нені азық қылғанымызды білмеймін. ... Тек суықтан құтқаратындай пеш жағатын әйелді зарыға күтетініміз, ағаштан жасалған жоғары сәкіден жиі домалайтыным еміс-еміс есімде. Сол қыстан өлмей аман құтылдық, жаз шықсымен қалған-құтқандарымызды сатып пароходпен Семейге жеттік.

Мешін жылғы апат жайлы айтудың өзі қорқынышты және әбден аш өзекке айналған соң адамда ес қалмайды екен. Менің есімде ештеңе қалмапты. Әлі қуаты барлар таныс тауып, Сібірге өтіп кетеді екен. ... ел-елден Семейге шұбырған, «бойында тірі жаны бардың» бәрі талғажау табыла ма деген ниетпен базарды жағалайды. Біз де базарға келдік. Азан-қазан, у-шу. Мәтүшкелердің қолындағы «булочканы» көріп көзі карауытқандар «әй-шайға» қарар емес, жұлып алып жеп жатыр. Долданған әйелдер қолына не түссе сонымен ұрып, құлағандарды тепкілегендері әлі көз алдымнан кетпейді. Кірпігін қағуға шамасы келмей, сілейіп қаншама адам өліп жатты базарда.

Шәкәрімнің үрім-бұтағының тоз-тозы шықты. Біреуді біреу біліп болмайды».

Сол жылдары көп адам қырылды. Шыңғыстаудан Семейге барар екі жүз шақырымдық жолдың бойында адамдардың мәйіттері жиналмай жатты.

Ауыл тұрғындарының соңғы үміті қала болды. ОГПУ қызметкерлері оларды далада кездестіріп қалса, ауылдарына қайтарып жіберетін. Көп ауылдарда адамдарды жергілікті белсенділер мен тәртіп сақшылары үйлерінен шығармайтын. Олар аштыққа төтеп бере алмай, есігі жабық ескі киіз үйлерінде көз жұматын.

Адам сенбес оқиғалар болды: аштықтан есі адасқан адамдар бөтен балаларды жей бастады. Қыстың күні аяздан үсіп бара жатқан бір адам Шәкәрімнің жан досы Әуіпшіті өлтіріп, түйесін тартып алады.

Кәмилә Қапырқызы:

«Сонда аш-арықтарды жиып, сәбилерін балалар үйіне өткізді де, өздерін Сібірге аттандырды. Көпке ілесіп шешем мен Нағима тәтем де кете барды. Мен «оқимын» деп шешеме таныс біреудің үйінде қалдым.

... Мен жатқан үйдің иесі «таныс апамыз» қабағын қарс жауып кетуімізді ескертті. Сабақтан соң барар жер таппай көздің жасын көл қылып отырған сәтте, пейілі түскен татар қызы үйіне ертіп келді. Училищеге ауысқанша сол үйде тұрдым...

... Қабыш ағаның әйелі Мәшім менімен жасты қызы Қапияшты балалар үйіне беріпті. Өзі Аягөздегі төркіндерінің қолында көз жұмыпты. Баязиттің әйелі Өкеш ағасы Әлімқожаның үйінде өлген. Ал Әлімқожаның өзін соттап жіберіпті. Жалғыз қызының тағдыры маған беймәлім...

Міне, осылай Шәкәрім атамды көзі көрген туыстарының, үрім-бұтақтарының барлығы да қайғы-қасіретпен өмірден өтті.

... Мен мұны тізіп отырған себебім – Шәкәрімнің үрім-бұтақ, заузатының қалай зауалға ұшырағанын айтып, оның өлеңін ғана емес, сонымен бірге бала-шағасының да қоса көмілгенін жеткізу. Ішіме толған ащы запыраннан бүгін арылмағанда, қашан құтылам!? О, қасіртеке толы сол күнді де көріп, соны да тіршілік деп өмір сүріппіз-ау. «Ел білсін, ұрпақ естісін. «Шәкәрімнің соңындағы ұрпақтары қайда» деп сұрап жүрмесін деп әдейі тәптәштеп жазып отырмын», – дейді ашына қайғырып.

Қазақ даласындағы аштықтың кесірінен 1931-1933 жылдар аралығында екі миллион қазақ, яғни ұлттың тең жартысы көз жұмды. Одан басқа өзге ұлттың 200-250 мыңдай өкілі аштықтан қайтыс болды.

Бір миллиондай адам Қазақстаннан тысқарғы жерге қоныс аударып кетті, олардың 616 мыңы қайта оралмады. Көбісі Қытайға, Моңғолияға, Иракқа, Ауғанстанға, Ресейге, Өзбекстанға және Түркіменстанға кетіп қалды.

Кейбір зерттеушілер аштықтан өлгендердің санын 1 миллион 750 мың адамға дейін азайтып келтіреді. Бұл да жұбата қоятын сан емес. Қалай десек те аштық жылдары қайтыс болған адамдардың саны адам айтқысыз көп еді.

Төзгісіз қайғыдан басылып қалған қазақ халқы интеллектуалды элитадан қалайша айырылып қалғанын білмей де қалды. 30-жылдары жүздеген білікті саясаткерлер, қоғам қайраткерлері мен өнер адамдарына түрлі саяси және қылмыстық тұрғыдан айыптар тағылды. Олардың бәрі түрмеге қамалды. Отанына опасыздық жасады немесе Шәкәрім сияқты совет өкіметіне қарсы болды деп қудаланғандардың көбісі репрессияға ұшырады. Қалғандары сталиндік лагерьлерге жіберіліп, сол жерде өлім құшты.

«Алаш» партиясы мен Алашорда үкіметінің мүшелері атылып, лагерьлерге жіберіліп, көбі сонда қайтыс болды. Тек бірер мүшелері тірі қалып, бірнешеуі елден қоныс аударып кетті.

Шәкәрімнің ойын бөлісетін досы, інісі, «Алаш» партиясының лидері Әлихан Бөкейхан 1922 жылдың күзінде тұтқындалды. Бірақ сол кездері оны Мәскеуге әкеліп, қаланың орталығындағы граф Шереметьевтің бұрынғы үйіне орналастырады. Билік өкілдері танымал өлкетанушы Әлихан Бөкейханның білігін пайдаланамыз деген сылтаумен оны халық пен Алашордадан оқшаулап тастайды. Оны елу жеті жасында зейнеткерлікке шығарып, он жыл бойы үй қамақта ұстайды. 1937 жылдың шілдесінде өмірінің ақырғы 15 жылын өткізген мәскеулік пәтерден тұтқындалып, Бутыр түрмесіне жіберіледі. Екі айдан кейін, 27 қыркүйек күні, СССР Жоғарғы сотының әскери коллегиясы Әлихан Бөкейхановты «жапондық тыңшы» ретінде өлім жазасына кесіп, сол күні атып тастайды.

«Алаш» партиясының негізін қалаушыларының бірі, алғашқы халық ағарту комиссары болған Ахмет Байтұрсынұлы 1929 жылы мемлекеттік қылмыскер ретінде тұтқындалып, Мәскеуге жіберіледі. Оған Қазақстанды Ресейден бөлу жоспарын жүзеге асырмақ болып Мұстафа Шоқаймен тығыз қатынас жаса деп айып тағылады. 1931 жылы Байтұрсынұлы Архангельск облысына жер аударылады.

1934 жылы Максим Горький мен оның әйелінің, оған қоса Халықаралық Қызыл Крест ұйымының осы іске кірісуінің арқасында А. Байтұрсынұлы босатылып, Қазақстанға оралады. Бірақ 1937 жылы оны қайта тұтқындап, Алматы қаласындағы ПХҚ істі тергеу түрмесінің № 7 камерасына қамайды. 1937 жылы 8 желтоқсанда Ахмет Байтұрсынұлы атылды.

«Алаш» партиясының тағы бір тұлғасы, ақын, жазушы, публицист Міржақып Дулатұлы 1928 жылы тұтқындалып, абақтыда екі жыл отырады. Өзінің ұлтшылдық үшін айыпталып жатқанын естіген ол: «Халқымның болашағы үшін қолымнан келгеннің бәрін істеуге міндеттімін. Адассам, жалғыз емеспін. Халқым бар. Ертелікеш ақиқат бәрібір орнайды», – деп жауап қайтарады. Міржақып Кемьдегі Соловец лагеріне Беломор-Балтық каналын салуға айдалады. Сонда ол 1935 жылы 5 қазанда қайтыс болады.

Алашорда мүшелерінің көбі қуғындалып, қаза тапты. «Алаш» партиясының 4297 мүшесі репрессияға ұшырады.

ОГПУ – ПЭК қызметкерлері Қазақстанда 3720 «агенті» бар 183 «ұйымның» қызметін әшкереледі. 1920–1953 жыл аралығында 110 мың адам саяси репрессияға ұшырады.

Бұған қоса, сталиндік репрессияларға ұшыраған құрбандардың тізіміне Шәкәрімді өлтірген Қарасартов та ілінді. ҚР ҰҚК мәліметтері бойынша 1938 жылы 8 қаңтарда Абзал Қарасартовты Қарағанды облыстық УНКВД тұтқындайды. Бірақ 9 қаңтар күні істің құрамынан қылмыс табылмағандықтан, тергеу аяқталып, босатылды. Берілген анықтамада жазылғандай, Қарасартов ақталды.

Ал Алашорда үкіметінің мүшесі болған Шәкәрімнің атын атауға көп жылдар бойы тыйым салынып келді. Ақынды еске алу «халық жауын» құрметтеумен бара-бар болды.

Мұхтар Әуезов Абайдың туған жеріне әрдайым достарын ертіп келетін. Солардың бірі Нығмет Мағауиұлы еді. Шәкәрім шығармаларын жақсы білетін Нығмет мынадай сәтті есіне жақсы сақтап қалыпты: «Әдетте, Мұхтар Әуезов ауылға келе сала, атқа мініп, соны қызық көргеннен күні бойы шауып жүруден шаршамайтын. Күндердің бірінде ол «Нартайлақ пен Айсұлу» поэмасын жатқа айтып беруді өтініп: «Оны кім жазды деп сұраса, ақынның ұлы Қабыш деп айт», – деді».

Мұхтар Әуезов не айтып отырғанын жақсы білді. Шәкәрімнің атын атағаны үшін оны лагерьге жіберіп, тым болмағанда жұмыстан шығарып тастар еді.

Тобықты руының адамдары енді Шәкәрімнің шығармаларын Қабыштікі деп атай бастады.

Шәкәрімнің туыстарының ақынның аты мен шығармашылығы ақталып, халық алдында жария болар күннің тууына сенуден басқа амалы болмады.

Кәмілә Қапырқызының естелігіне қарасақ: «Сонда менің көзіме жақыннан көгілдірлене көрініп тұрған Шыңғыстаудан артық қорқынышты жер жоқтай көрінді. Мен сонда көз жасым мөлтілдеп тұрып, ішімнен: «Егер жер басып жүрсем, қайтып бұл Шыңғыстаудың топырағын қайта басуға, Тәңірім, жаза көрме», – дегенім есімде. Мен бұл сертімді елу жеті жыл бойы орындап келдім. Кейде алыста жүріп туған елді, туған жерді сағынғанда, шыңғыстау есіме түседі де, қайтып баруға дәтім шыдамайтын. Кейде Абай ауданына бара қалғанның өзінде Жидебайға ғана барып, атам Абай мен Шәкәрімнің зиратына тағзым етіп, қол созым жерде тұрған Қарауылға соқпай, Талдықорғанға қайтып кетіп жүрдім. Бұл дүниеде Шыңғыстаудан артық жер тозағы бар дегенге көңілім сеніп көрген емес».

Туған жерден түңілу! Құдай сақтасын, сенбейсің, сенгің келмейді. Тарихтағы қателіктердің адам жанына салар жарасы қандай ауыр! Осымен бітсін, осымен кетсін!

Датталу мен ақталу

Сталиндік құрсау жылдарында Шәкәрімнің аты мен шығармашылығын ақтау туралы сөз болуы мүмкін емес еді.

Абзал Қарасартовтың арқасында билік өкілдері ақынды кеңестік биліктің жауы деп есептеді. Шәкәрімнің аты, өлеңдері мен поэмалары да еш жерде аталмады. Бұл тыйымды бұзған адам «халық жауы» аталып, соның кесірінен неше түрлі қияметтерге тап болатын.

Өлімнен аман қалған алашордалықтардың бірі болғанымен, репрессиядан құтыла алмаған Мұхтар Әуезов «Абай жолы» романында Шәкәрімді өз атымен емес, «Шұбар» деп атағаны да осыдан.

Рас, Әуезов Шәкәрім жайлы көп нәрсе жаза алар еді. Ол 1930 жылдың қазанында бір жылға түрмеге қамалып, қамауда отырғанда «Абай мектебінің ақындары» атты зерттеуді жобалай бастады.

Алайда, Әуезов түрмеден босатылғанда, Шәкәрім қаза тапқан, оған совет өкіметінің жауы деген «қарғыс таңбасы» басылып қойған еді. Сондықтан Әуезов бұл еңбегін жоюға мәжбүр болды.

1939 жылы Ахат Құдайбердиев Сібірге жер аударылған жері Бурлагтан қайтып келеді. Әкесінің қолжазбалары не болғанын білгісі келген ол келе сала Мұхтар Әуезовке жолығып, олардың Ғылым академиясының қорында жатқанын естиді.

Ахат оларды бірнеше рет көшірді. Қолжазбаларды даярлап, оларды 1936, 1959 және 1960 жылдары бөлек кітап ретінде басып шығарғысы келді. Олардың басылып шығуы ұзақ уақытты талап еткенімен, Ахат бұл ойынан күдерін үзген жоқ. Әсіресе, әкесінің аты басылым беттерінде шыққан сайын, оның үміті жандана түсті.

Кезінде Шәкәрімнің атын атаған Қайым Мұхамедханов осы әрекеті үшін біраз жапа шеккен болатын.

Ол 1951 жылы «Абайдың әдеби мектебі» атты тақырыпқа кандидаттық диссертациясын қорғады. Бірнеше айдан соң, 1951 жылы 1 желтоқсанда, ол қамауға алынды. Абай мен оның айналасындағы ақындардың мұрасын жинап-терген еңбегі марксизмнен ауытқыған буржуазиялық ұлтшылдықтың көрінісі деп бағаланды.

Қайымның әкесі Мұхамедхан Сейтқұлов 1937 жылы халық жауы ретінде репрессияға ұшырады. Енді Қайым Мұхамедхановтың өзі контрреволюциялық қызметі үшін қасіретті 58-бап бойынша 25 жылға бас бостандығынан айырылды.

Жас ғалым жазасын өтеу үшін Карлагқа (Қарағанды еңбекпен түзеу лагері) жіберілді. 1954 жылдың желтоқсанында оған қатысты үкім (жазушы Александр Фадеевтің көмегімен) өзгертіліп, тұтқын ақталады. Алайда бостандыққа тек 1955 жылы ғана шығады.

Сталиннің өлімінен кейін Шәкәрімнің ақталып шығуынан үміт пайда болды. Оның туысқандары мен жақындары МҚК-ге хат жаза бастады.

Қайым Мұхамедханов студенттерге Шәкәрімнің шығармашылығы жайлы дәріс оқып қана қоймай, Семейлік облыстық партия комитетіне ақынды ақтау туралы өтініш білдіріп хат жолдайды.

Билік органдарынан сауалдар түсе бастады. Олардың біреуіне Ғабит Мүсірепов жауап беріп, ақын шығармашылығына көңілге қонымды шолу жасап берді (мәтін қысқартылып келтірілген):

«Қазақстанның КП Орталық Комитетіне, А.Рахманов мырзаға.

Сіздің ақын Шәкәрім Құдайбердіұлы туралы сұрағыңызға мынадай мәлімет береміз: XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бірінші үш онжылдығында танымал болған Шәкәрім Құдайбердиев ірі феодалдық отбасында туып, өскен (оның әкесі аға сұлтан Құнанбайдың үлкен ұлы болды). Жетім қалған Шәкәрім жеті жасынан ұлы ақын Абай Құнанбаевтың үйінде тәрбиеленді. Бұл өз кезегінде Шәкәрім дарындылығының дамуына септігін тигізіп, оның шығармашылық бағдарына ықпал етті. Абайдың жетекшілігімен бала кезінен бастап араб графикасын толық меңгерген Шәкәрім Құдайбердиев шығыс ақындары мен орыс классиктерінің шығармашылығын зерттеп, көп ұзамай сол заманның сауатты адамдарының біріне айналды. Өлеңдермен қоса, ол қазақ халқының этикасы, діні мен тарихы жөнінде трактаттар жазды.

Шәкәрім Құдайбердиев өзінің өлеңдерінде адалдық, гуманизм мен әділеттілікті асқақтата жырлайды, білімді болуға шақырады, сараң байларды, надан молдалар мен тәкаппар шенеуніктерді әшкерелейді...

Ол халыққа танымал «Қалқаман және Мамыр», «Еңлік және Кебек», «Нартайлақ пен Айсұлу» поэмалары мен «Әділ-Мәрия» повесін жазды. Ақын «Еңлік және Кебек» поэмасында қазақ әдебиетінің тарихында бірінші рет өзінің бақытты болуына толық құқығы бар және еркіндігі үшін ашық күресіп, ескі дәстүрлерге қарсылық көрсететін әйел бейнесін жасады. Композициясының үйлесімділігі, тіл бейнелілігі, дәстүрлі тақырыпты түсіндіріп, жеткізе білудің жаңалығы, басты кейіпкерлердің мінездемелерінің сипатталуы бұл поэманы қазақ әдебиетінде поэма жанрын дамытудағы алға басқан қадам ретінде ерекшелейді.

Ш. Құдайбердиев классикалық әдебиетті сүйді, оның таратушысы болды. Ол А.С.Пушкиннің «Дубровский» повесін және оның «Метель» әңгімесін қазақшаға аударған болатын. Өлеңге түсірілген бұл шығармалар оқырмандар арасында аса танымал еді. Шәкәрім Л.Н. Толстойдың кейбір шығармаларын, сонымен қатар Физули, Хожа Хафиз сияқты бірқатар шығыс ақындарының шығармаларын да аударды. Шәкәрімнің «Ләйлі мен Мәжнүн»

поэмасы тұғырлы шығарма ретінде танылады. Ақын оны Физулиден аудардым деп есептеді. Шын мәнісінде, бұл – қарапайым аударма емес, тіпті шығыс халықтарында бұрынғы заманда «нәзира» деген атпен кең таралған дәстүр сюжетті мазмұндап беру де емес, «Ләйлі мен Мәжнүн» атты танымал сюжетке негізделген бірегей поэма болып табылады»...

Әрине де, ақынның басынан кешірген қиын соқпақты кезеңі оның дүниетанымына әсер етпей қоймады: онда қайшылықтар мен шектеулер кездеседі. Бұл осалдықтар оның философиялық және публицистикалық жұмыстарынан айқын көрінеді. Ш. Құдайбердиев ағартушылық пен гуманизм ұстанымдарына берік болды, олар өз кезегінде оның шығармашылық туындыларынан көрініс тапты. Біздің ойымызша, Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Ғылым академиясының әдебиет секторы Ш. Құдайбердиевтың шығармашылығын бар ықыласпен, зейін қойып зерттеп, оның ең үздік шығармаларын басылымға дайындап, оған қоса оның шығармашылығын жоғары оқу орындары мен орта мектептердің әдебиет тарихына енгізудің амалын қарастыру керек.

Ш. Құдайбердиевтің үздік шығармалары оқырмандар қауымының игілігіне айналуға тұрарлық.

Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы
Ғ. Мүсірепов».

Нәтижесінде Семей облысының прокуратурасы тексеріс жүргізіп, Шәкәрімнің совет өкіметіне қарсы қызметін айғақтайтын дәлел тапқан жоқ. 1958 жылдың 19 ақпанында облыс прокурорының орынбасары Гришков мынадай қорытынды шығарады: «Шәкәрім Құдайбердиевтің контрреволюциялық ереуілге қатысқаны дәлелденбегеніне байланысты оның есімі ақталды деп есептелінсін».

Бұл қорытынды шешімді СССР Прокуратурасы 1958 жылдың 28 қарашасында қаулымен бекітті. Ақынның тірі қалған жалғыз ұлы Ахаттың СССР Прокуратурасынан алған хатында былай жазылған: «... Құдайбердиев Шәкәрімге қатысты тергеу ісі оған тағылған айыптың дәлелденбеуіне байланысты толығымен тоқтатылды».

Әділдік орнаған сияқты еді. Енді ақынның атын атаған үшін түрмеге отырғызамыз деп қорқыта алмады, ақынның өлеңдері еркін басылып, халық арасында еркін тарала бастады. Ахат оның қолжазбаларына ресми рұқсат арқылы қол жеткізген еді. Ақтау туралы заң бойынша Шәкәрімнің туыстарының құқықтарын қалпына келтірілуге тиіс-тін.

Алайда, бәрі де ойлағандай болмай шықты.

1959 жылдың басында «Қазақ әдебиеті» газетінің екінші номеріне Шәкәрімнің сегіз өлеңінен үзінділер, сол бетке пеш жағушы Шәукеннің арқасында аман қалған ақынның фотосуреті басылып шықты.

Осы сәтте Қарасартов іске кірісе бастады. Ол кезінде аш адамдарды маузерден ататын қажырлы, жігерлі күйін сақтап қалмаса да, демагогиясынан тайынбайтын қаскүнемдігінен өзгермепті. Ол шенеуніктерді «совет өкіметінің жаулары қайтадан шабуыл жасап жатыр» дегенмен үркітіп, «совет өкіметінің мүддесі үшін жан қиюға даяр болғандықтан» осы әрекетке барып отырғанын «дәлелдеді».

«Қазақ әдебиеті» газетіне Шәкәрімнің өлеңдерін басып шығаруға бір күн қалғанда Қарасартов бас редактор, ақын Әбділда Тәжібаевқа телефон соғып, алашордашының өлеңін жариялауға болмайтынын ескертті. Сөйтсе де Шәкәрімнің өлеңдері басылып шықты. Айтқанынан қайтпайтын Қарасартов партияның өзіне таныс басшылары арқылы «алашордаға үн қосып отырған» Әбділда Тәжібаевты бас редактор қызметінен түсірткізеді.

Ақын Жұбан Молдағалиев 1969 жылы желтоқсан айында Қазақ ССР Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының бір жиынында мынадай сөз айтады: «Шәкәрімнің шығармаларымен таныспын. Бірақ оларды арнайы зерттедім деп айта алмаймын. Мен 1959 жылы «Жұлдыз» журналының бас редакторы болып тұрғанымда, оның бір поэмасының 400-500 жолын шығарамыз деп ұйғардық. Таңдауымыз «Еңлік пен Кебекке» түсті. Бірақ сол кезде «Қазақ әдебиетіне» оның өлеңдері басылып шықты. Бұл – жұртшылық арасында теріс пікір тудырды. Кейбір жолдастардың арқасында әлгі даурықпа пікір кәдімгі жанжалға айналып кетті. Сол себептен біз бұл ойымыздан бас тартуға мәжбүр болдық. «Олай болса, Мағжан Жұмабаевтың аты мен шығармаларын неге

жарыққа шығармаймыз?» дегендер де табылды. Кейбіреулер осы жағдайды пайдаланып та қалды. Осыған қарамастан біз барлық кінәны партия басшылығына жаба бердік».

Қарасартовтың кесірінен қуғындалған ақынның өлеңдерін басып шығаруға басқа да басылымдардың батылы жетпеді.

Тыйымнан босаған Шәкәрімнің мұрасы идеологиялық басшылардың бірінің тартпасынан екіншісіне көшумен болды.

Осы жағдаймен бетпе-бет келген ақын Хамит Ерғалиев Қарасартов жайлы былай дейді: «Советке қарсы бір ауыз сөзі де жоқ, қылдай қиянаты да жоқ адамды сотсыз-дәнеңесіз атқызғаннан кейін Қарасартовтың қорықпасқа, бар пәлені өлген адамның үстіне үйіп-төкпеске шарасы қайсы?.. Жылдар бойы көлеңкесіндей қасынан қалмаған осы үрей оған ақынды бір емес, екі дүркін өлтіртті. 1959 жылы жоғарыда айтылған әрекеттерін істемей жайына жүре берсе де, ешкім оның жағасына жармаспас еді. Ал ақынның мол мұрасы осыдан отыз жыл бұрын-ақ ел дәулетіне айналған болар еді. Қарасартов сталинизм тұсындағы психологиядан елдің әлі де болса арылып болмаған кезеңін шебер пайдаланды».

Қарасартовтың осындай қарсы шабуылынан кейін советтік идеология қызметкерлерінің өздерін қалай ұстағаны да Әдебиет және өнер институтының аталған отырысында талқыланыпты.

Өтебай Қанахин айтады: «Мен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінде нұсқаушы болып жұмыс істей бастағанымда, Шәкәрім жайлы мәселе көтерілген еді. Бұл есім маған бұрыннан бері таныс еді. Құрамына Тайыр Жароков (төрағасы), Хамит Ерғалиев пен Жекен Жұмаханов кірген арнайы комиссия құрылды. Ол дереу іске кірісті. Абайдың жерлесі болған марқұм Жұмаханов Абай Құнанбаев пен Шәкәрім Құдайбердиевтің көптеген шығармаларын жатқа білетін. Сол уақыттарда Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин мен Ілияс Жансүгіровтің шығармашылығы толығымен ақталып шығып, басылымға дайындала бастады. Қысқаша айтқанда, жұмыс көп болды. Ақырғы жылдардағы жетістіктерге шабыттанып алған біз Шәкәрімнің атына кір келтіретін мәліметтерді, домалақ арыздар мен хаттарды тексеруге кірістік. Онда келтірілген барлық дәлелдер жалған немесе бұрмаланған боп шықты. Мұндай қорытынды комиссияның шешіміне де енгізілді. Шәкәрім шығармаларының

екі томы басылымға дайын еді. Істің аяқталуына шамалы уақыт қалғанда идеология істері бойынша хатшы Нұрымбек Жәнділдин өз құзырын пайдаланып, оны тоқтатып тастады. Көп ұзамай мен 1966 жылы үгіт-насихат бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметінен босатылдым. Жағдай барған сайын ушыға түсті, сол себептен менің қызметтен кетуден басқа амалым болмады».

Әбілмәжін Жұмабаев айтады: «Мен 1963 жылы нұсқаушылық қызметке қабылдандым. Он тоғыз беттен тұратын комиссияның шешімі бар жасыл мұқабалы папка көзіме бірден түсті. Әрине, мен Шәкәрім жайлы мәліметтерді зер салып қарап шықтым. Абай ауданының тұрғындары өз обкомдарының хатшыларынан ақынның тағдыры жайлы мәселені біржолата шешіп беруді талап еткен екен. Мен осы мәселе бойынша Жәнділдинге жолықтым. Ол маған: «Бұл мәселені бюрода көтеріп көрейік», – деді. Екеуміз ақылдасып, бюроның 13 мүшесінен келісім алатын болдық. Бұл ойымыз іске асты. Алайда, соңғы шешім қабылдаудың сәті түспей қойды. 1968 жылы Қазақ мемлекеттік университетінде астаналық зиялы қауымның өкілдері жиналған болатын. Бұл кездесу қызу пікірталасқа ұласып кетті, отырғандардың біреуі батылданып Мағжан Жұмабаевтың атын атады. Болған жайт дереу түрде идеология бойынша хатшы Саттар Имашевқа жеткізілді. Ол ашуланып Шәкәрімнің әдеби мұрасының тағдырын көтеретін әңгімелерді түгелдей доғаруды бұйырды. Оның тапсырмасы бойынша ақынға қатысты барлық материал мұрағатқа тапсырылды».

Соған қарамастан ақын ақталса керек еді.

1961 жылы Ахат Құдайбердиев прокуратура берген ақтау құжатын пайдалана отырып, әкесінің мәйітін жер қойнына тапсырды. Қабыш Кәрімқұлұлының айтуынша, Ахат әкесінің мәйітін қайдан табу керек екенін білген.

Ахат былай деп жазады:

«1961 жылы 26 июльде Бақанасқа бардым. 27 июльде әкемнің сүйегін тастаған құдықты жалғыз қазып, ол күні метрден аз-ақ артық қаза алдым. Жаныма адам алмай жалғыз қазған себебім, біреу болса, ол асығып, сүйектің бір жерін сындырып алар деген ой келді. 28 июльде және қазып, сүйегін түгел алдым. Тек оқ бүлдірген екі сүйегі болды. Бірі — оң жақтағы тоқпан жіліктің

басын үзген. Екінші атқан оқ төс сүйектің ортасынан өтіп, оң жақ омыртқаның қанатын сындырған. Кейбір сүйектерін өлішеп алдым. ... Әкей өте ұзын бойлы адам болатын. Сүйегін ауданға алып келдік. 8 августа (1961 жылы) Абай зиратының қасына жерленді. Жүзден артық адам қойысты. Абай совхозы мен аудан басындағылар түгел жиналды. Басқа совхоздардан да келгендер болды. Аудан басшылары машина және басқа қажет нәрселерді бергізді. Сүйек келгенде, жыламаған жан болмады. Көз жасымен бірге қуаныштары да байқалды...».

Осылайша, отыз жыл өткен соң, ұлы тұлға сүйегі қайта аруланып жерленді.

1962 жылы сол кезде-ақ талантымен танылған жас ақын Олжас Сүлейменов Шәкәрімге арнау жазады:

Вблизи Чингизских гор его могила,
Исколотая желтыми цветами;
Голодными, немилыми, нагими
К могиле приходили на свиданье.
И пили, усмехаясь, горечь песен,
И, колыхаясь, колебались травы,
Цветы желтеют грустно.
Как отрава...
Вблизи Чингизских гор его могила.

Осы жылдың (1962) тамызында Шәкәрімнің өмірі мен әдеби мұрасын зерттеу жөнінде Семей облысының Абай ауданында Кәрім Нұрбаев басқарған арнайы комиссия құрылады. Комиссияның құрамына аймақтың тарихын жақсы білетін он адам кірді: Батташ Сыдықов, Кәмен Оразалин, Балтақай Толғанбаев, Сақтай Биғозин, Арғынбек Ахметжанов, Әсемхан Сіләмханов және Дініслам Жанұзақов.

Комиссия мүшелері төрт ай ішінде Шәкәрімді көрген отыз шақты адамның түсініктемелері мен куәліктерін жазып алып, хаттамаға түсіреді. Оған қоса Қарасартовтың қызметкерлері Зейніл Оспановтан, Айтмырза Түнлікбаевтан, Мауытқан Баймышев пен Балтақай Толғанбаевтан да жауап алынады. Олардың бәрі бірауыздан «Шәкәрімнің бандиттерге ешқандай қатысы болмады.

Ол жау емес» дегенді айтты. Комиссияның шешімі Компартияның облыстық және республикалық комитеттеріне, сонымен қатар Ғылым академиясының М. О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтына жіберілді.

1963 жылы Хамит Ерғалиев төрағалығымен жазушылар комиссиясы Алматы қаласынан да құрылады. Оның құрамына Тайыр Жароков, Жекен Жұмақанов, Мырзабек Дүйсенов, Өтебай Қанахин мен Сәду Машақов кірген еді. Комиссияның мақсаты Шәкәрімнің әдеби шығармашылығын зерттеу болды. Хамит Ерғалиев комиссиясының ұстанымы Кәрім Нұрбаев басқарған комиссияның шешімімен сай келді. Екі комиссия да «Шәкәрім совет өкіметінің жауы емес, оның шығармашылығын дереу халыққа қайтару керек» деп шешті.

Алайда, бұл тағы да іске аспады.

1964 жылдың тамызында Ахат Қайым Мұхамедхановтың көмегімен КПСС Орталық комитетінің Бірінші хатшысы Никита Хрущевтің атына хат жазып, одан Шәкәрімнің шығармашылық мұрасын басып шығаруға көмектесуді сұрайды. Хатта былай делінген:

«Мынадай жағдай болып тұр: ешкім Шәкәрімнің шығармашылығын зерттеп, басып шығару қажеттілігіне ешкім тікелей қарсылық білдірмейді, бірақ Шәкәрімнің туындыларын қазақ халқына қайтару үшін еш нәрсе істелініп жатқан жоқ, әдейі жылдар бойы үнсіз қалып отыр, соған қарамастан оның шығармалары халықтың жадында... Ал бүгінгі күні, КПСС XXII съезінен кейін біздің мәдениетіміздің танымал өкілінің есімі сол күйінде атаусыз қала беруі нағыз әділетсіздік болар еді».

Бірақ мұнан да пайда болмады.

Қарасартов партия басшыларын совет өкіметінің негіздері бұзылады деп қорқытуын тоқтатпады. Және солардың арасынан өзінің ойын бөлісетін серіктестерін де тапты. Оған қоса, домалақ хаттар да бірінен соң бірі түсе бастады.

Мәселен, 1968 жылы мамыр айында Қазақстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхамед Қонаевтың атына мынадай хат келіп түсті:

«Біз Қазақ ССР Ғылым академиясы Шәкәрім Құдайбердіұлының кітаптарын басып шығаратынын естідік... Бірақ, біз Шәкәрім мен Дулатовтың Қазі Нұрмағамбетовтың өліміне қатысты митингіге 2000 адам жинап, сол жиында марқұмды жоқтап, советтік билікті қарғағанын білеміз. Ол «Алаш» партиясымен араласқан еді. 1918 жылы олардың құрамында 4-5 адамы бар әскери жасақ құрып, семейлік большевиктермен күресіп, Барнаулға жетіп, сонда күрес бастағандарын барлық халық біледі. Оған қоса, біз оның 1931 жылы құрбандық шалып, ақ ту көтеріп, совет өкіметіне қарсы ереуіл ұйымдастырып, соның бастамасы бойынша аудандық АСИ басшысы Олжабаевты бауыздап, комсомол оқытушы Рамазан мен оның әйелін өлтіргенін білеміз. Оның 360 адам жинап, компартия мен аудандық кеңестің мекемесіне шабуыл ұйымдастырып, сол кезде коммунистер мен комсомолдардың өлгенін, банк пен кооперативтің тоналғанын білеміз».

Домалақ хаттың авторлары көп нәрсені ойдан шығарған, Шәкәрімнің, Міржақып Дулатұлы мен «Алаш» партиясының басқа да мүшелерінің ақталғанына мән бермеген. Айғақтарды әдейі бұрмалап, оларды жалған түсіндірген. Мәселен, олар «Шәкәрімнің Абай мен Мағауияның өлеңдерін өзінің атынан шығарғанын», «Мұхтар Әуезов Шәкәрімнің әдеби мұрасын жек көргенін» айтып, бізді соған нандырғысы келеді. Осының бәрі, оның ішінде Шәкәрімнің ақ ту көтеріп, Барнаулға мыңдаған әскерді бастап барғаны туралы айтқандары да, ақынды қаралаудың «классикалық» үлгісі еді.

«Өзіміздің атымызды жазбағанымыз үшін кешірім сұраймыз. Бірақ партиялық және жалпы жиналыс болған жағдайда осы мәліметтерді жария ете аламыз деген толық сенімдеміз». – «Жанашырлар» хатын осылай аяқтайды.

Бетбұрыс тек 1978 жылы ғана байқалды.

Сол жылы «Советский писатель» баспасының Ленинград бөлімшесі жариялаған «Қазақстан ақындары» («Библиотека поэта» сериясы) жинағында Шәкәрімнің орыс тіліне аударылған өлеңдер топтамасы жарыққа шықты. Оқырманға ұсынылған он төрт өлеңінің онын – Всеволод Рождественский, ал төртеуін Владимир Цыбин аударған. Бұл еңбекке Мұхтар Мағауин кіріспе мақала жазды.

1987 жылдың ақпанында Мұхтар Мағауин мынадай хат алады (қысқартылып келтірген):

«Қадірлі бауырым Мұхтар! Хал-жағдайың жақсы, жұмысың орынша болар?.. Алыстан хат жолдап отырған ағаңды танымайтын боларсың. Өзіңе бірталайдан бері хат жазуды ойланып жүргенмін, көптен көп себептермен жұмысбастылықтан мойын жар бермей, реті бүгін келіп тұр. Мен өзім әдебиетті бір кісідей түсініп оқитын адаммын. Өзіңнің әр жылдарда шыққан зерттеу еңбектеріңді, көркем шығармаларыңды зер сала оқимын. «Қобыз сарыны» деп аталатын монографиялық еңбегің мен өзің құрастырған «Алдаспан» атты антологиялық жинақ және кейінгі шыққан «Бес ғасыр жырлайды» жинағын қолға алғанда, осы жігіт мәдениетіміз бен әдебиетіміздің дамуына көп еңбек сіңіріп жүр-ау деп, еріксіз сүйсінетінімді жасырмаймын. Інім, сонымен бірге әр жылдарда жарық көрген «Тазының өлімі», «Қара қыз», «Бір атаның балалары», «Көк мұнар», «Аласапыран» романдарын оқи отырып, көркем сөздің шебері екендігіңе дау айтпаймын. Бұл менің ғана емес, жалпы өнер сүйер қауымның да пікірі болар. Атақты жазушы ағамыз Ғабеннің де «Екі Мұхтар» деп жазған мақаласын оқығанымыз бар. Атақ-дәрежең де бір басыңа жетерлік. Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығын алғаның да сол тер төккен еңбегіңнің жемісі дейміз. Алайда, бұл жерде мен өзіңді мақтайын, қошеметтейін дедуден аулақпын, талантыңды, еңбекқорлығыңды қадір тұтқаннан осы хатты тікелей өзіңе жазып отырмын. Ондағы себеп — бір өте даулы мәселенің басын ашып алу еді. Басқадай орынға жазудың жолын білемін, дегенмен, әр себептермен әуелі өзіңнің пікірің мен ойыңды білмек едім.

Мені танымайтын боларсың деп айтқанмын, қысқаша аты-жөнім Қарасартов Мәз. Қарағанды облысы, Ульянов ауданы, Қ.Бабаев атындағы совхозда 25 жыл аға прораб болып еңбек етемін. Әуелде жұрт айтқанда, лақап сөз ғой деп біразға дейін нанбай жүретінбіз. Енді, міне, «Советский писатель» баспасының Ленинград бөлімшесінен 1978 жылы шыққан «Қазақстан ақындары» деп аталатын кітапты қолыма түсірдім. Мұның алғашқы бетінде орысша «Вступительная статья, составление, биографические справки и примечания М.М. Мағауина» деп

жазылған екен. Менің айтайын дегенім осы кітапқа енген Шәкәрім Құдайбердиевхақында. Осы жинақтың 284 бетінен 314 бетіне дейін Шәкәрім өлеңдерінің аудармасына орын берілген екен. Және де өзің жазған биографиялық анықтамада «В 1917-1925 годах Шакарим ненадолго возвращается к активной жизни, приветствует новые преобразования в обществе, печатает на страницах газет и журналов свои стихотворения, в которых поддерживает новый строй, однако через некоторое время старый поэт вновь уходит в одиночество. Умирает в 1931 г.» — деген екенсің. Оны оқи отырып, «Апыр-ай, Мұхтар ініміз жазу-сызуы болмаған кездегі тарихты сөйлетіп, тірілткенде, мынау сауатымыз ашылған замандағы тарихты білмеді ме?» деген екіұшытылау ойға барып қалдық. Мүмкін, әлде жастықпен бір білместікке барып қалды ма екен деген сұрақ өз-өзінен сұранды. Бұл сұрақты тірі болса, менің ағам, Совет үкіметінің жауларына қарсы күрескен қарт чекист Абзал Қарасартов қойған болар еді. Өйткені Шәкәрім Құдайбердиевтің кім болғанын менен гөрі ол кісі жақсы білетін. Бірақ Шәкәрім туралы деректер түгелдей Қарасартовтар ұрпағының бәрінде бар. Марқұм ағамыз өсиет етіп айтып кеткен. Ол кісі 1979 жылы қайтыс болды. Әйтпесе 1959 жылы «Қазақ әдебиеті» газетінде Шәкәрімнің бір топ өлеңдері жарияланғанда, қайтадан жарық көрмеуі де осы кісіге байланысты. Өйткені 1931 жылы 5 сентябрьде Шәкәрім Құдайбердиев Совет өкіметіне қолына қару ұстап, қол жинап қарсы шыққанда, сол көтерілісті басқандардың бірі Шыңғыстау ОГПУ-ның начальнигі, менің ағам Абзал Қарасартов болатын. Сол оқиганың документтері мен фактілері Қазақ ССР Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің архивінде толық сақталған. А.Қарасартов сол документтер арқылы Шәкәрімнің банды көтерілісін басқарғандығын дәлелдеп шығып, тарихты бұрмаламақшы болғандарға тойтарыс берген. Сол уақыттан кейін ешкім қозғамай, «1978 жылы жоғарыдағы жинаққа кірді» дегенді бекер шығар деп едік. Рас екен. «1957 жылдан 21 жыл уақыт өткенде, бұлайша шығаруға не себеп болды және Қазақстанда емес, Ленинградта орысша бастырудың себебі не?» деген сұрақты қоюым орынды болар. Осы жинақта революцияның Қызыл сұңқары Сәкеннің аты аталмай, банды

болған Шәкәрімнің соншалықты құрметтелуі ненің салқыны? Мен, оның қаныпезер банды болғаны нақтылы дәлелденген жағдай болған соң, айтып отырмын. Егер менің осы жазғаныма сенбейтін болсаң, онда КГБ-дағы материалдарға жүгінетін болармыз.

Шәкәрімді жарыққа шығару деген сөз — революция жеңісі үшін қанын төккен ардагерлердің рухын қорлау деген сөз. Сол Шыңғыстау көтерілісін басқарғанда, Абаев Рамазан мен әйелі Рәпішті ат құйрығына байлап сүйретіп өлтіртті, ал Шалабаев Олжабайдың басын шаптыртты. Сондықтан Шәкәрімді сыналап шығарғандарың ешқандай дұрыстыққа жатпайды.

Тіпті, Мұхтар Әуезовтің «Абай жолындағы» панисламистік бағыттағы кейіпкер Шұбар — осы Шәкәрім емес пе еді? Елдің оны «Шұбар» деп атайтындығынан да хабардармыз. Ол жақсы адам болса, Қазақ Совет энциклопедиясына неге кірмей қалған? «Бес ғасыр жырлайды» деп аталатын жинақта Абайдан бастап Сұлтанмахмұтқа дейінгі аралықтағы ақын-жазушылар тегіс қамтылған да, Шәкәрімнің аты аталмайды. Жинақ Қазақстанда емес, Ленинградтан неге шыққан? Оның себебі неде?

Сол 1978 жылдан бері жазғандарыңды, басқадай әдебиетшілердің жазғандарын қадағалаудамын. Бірақ ешқайсы да Шәкәрім туралы мәселе көтерген емес, өлеңдері жарық көргенін де естімедік. Қысқасын айтқанда, Мұхтар бауырым, осы хатқа өзің не деп жауап қайтарасың? Тікелей саған жазып отырғаным — атағың, жеткен дәрежеңнен қорыққандық емес, талантыңды бағалаған сезімнің әсері де. Егер осы хатқа жауап жазбасаң (қорқытқан емес), анық-қанығын түбегейлі ашу үшін Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетіне және КГБ-ның алдына мәселені қоюыма тура келеді. Өйткені Қарасартовтар фамилиясы кейбір солақайлардың жорамалдауыниша, «Қазақ тарихындағы Дантес» атанғысы келмейді, атанбайды да.

*Мәз Қарасартов
1987 жылдың 3 ақпаны».*

Бұл – «қайта құру» кезі болатын. Ақырында, советтік ішкі саясатта ережелер мен ұстанымдардың көбі өзгеріп жатқан. Жариялылық шамалы уақытқа болса да қоғамдық өмірде басым

болған факторлардың біріне айналды. Совет басшыларының өкіметке қауіп төнер деген күдіктері басқа бір сипаттағы қорқынышқа ауысты. Тыйымның қыспағында болған көптеген есімдерді қайта оралтуға мүмкіндік туды.

Абзал Қарасартовтың туыстары Шәкәрімнің халыққа оралуын енді тоқтата алмайтын еді.

Сонда да Мәз Қарасартов «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциялық алқасына тағы да хат жазып, 1988 жылы 8 қаңтарда газетке Жайық Бектұровтың «Ақын мен сұрқия» атты аңыз-поэмасының басылып шыққанына: «Біздің марқұм туысымызды қашан жайына қалдырасыздар?!», – деп наразылық білдірген.

1987 жылдың шілдесінде Қайым Мұхамедханов СССР Жазушылар одағының бірінші хатшысы Владимир Карповке өтініш хат жіберіп Шәкәрімнің еңбектерін басып шығаруға көмек сұрайды.

Оған қоса ол «Огонек» журналына Шәкәрімнің шығармашылық мұрасы мен тағдыры жайлы жазған «Из мрака забвения» атты мақаласы мен ақынның фотографиясын, ақталу құжаттарының көшірмелерін қосып жібереді. 1988 жылы 23 ақпанда журналдың бас редакторы Виталий Коротичке жазған хатында Қайым Мұхамедханов былай дейді:

«Ұлы ақын, жазушы, ғалым-философ, тарихшы, композитор, аудармашы, публицист 1931 жылдың күзінде жетпіс үш жасында қайтыс болған Шәкәрім Құдайбердиевтің өмірбаяны мен шығармашылығы туралы қазақ тілінде жазған мақаламның «Қазақ әдебиеті» газетінің редакциясында жатқанына он үш ай болды. Олар әлі күнге дейін нақты жауап қайтармай отыр. Бәлкім, олар жұртты дүрліктірер у-шудан қауіптеніп, мақаланы басып шығарудан тартынып отырған шығар».

Сол кезде 1920-1930 жылдары репрессияға ұшыраған қазақ халқының көрнекті қайраткерлерін ақтау ісі бойынша комиссия жұмыс істейтін. Комиссияның төрағасы – академик Жабайхан Әбділдин. Өзінің сол жұмысы жайында ол 2003 жылы 1 ақпанда «Қазақстанская правда» газетіне берген сұхбатында былай дейді:

«Комиссияның жетекшісі боп тағайындалғанымды маңызды тапсырма деп бағаладым. Біз жұмысты ең жеңіл нәрседен бастадық

деп ойладық – 1987 жылдың аяғында Шәкәрім Құдайбердиевтің ақталуына қажетті барлық құжаттарды дайындап қойдық. Бізге дейін де Шәкәрімнің атын ақтау бойынша көптеген амалдар қолданған еді. Олар өз кезегінде түсінбестік туғызып, оның буржуазиялық ұлтшылдық пен Алашорданың қызметіне қатыстылығы үшін айыпталып іске аспай қалды. Ол кездері 1986 жылғы желтоқсан оқиғаларынан кейін қазақ халқына ұлтшыл деп таңылған жалған айып күшінде болатын.

Маған Шәкәрім жайлы барлық әдебиетті оқып шығуға тура келді, көп нәрсеге таң қалдым. Мен оның кейбір шығармаларын, мысалға «Қалқаман– Мамыр» поэмасы мен өлеңдерін жатқа біледі екенмін. Біз оларды бала кезімізде халық әні ретінде айтатынбыз. Жүргізілген жұмыстың нәтижесінде Шәкәрімнің адал адам болғаны және Алашорда партиясына мүлдем қатысы болмағаны, оны партияға жанама түрде кірістіріп қойғаны анықталды. Ол тау арасындағы баспанасында елден оңашала өмір кешкен ағартушы, Абайдың немере інісі, оның ісін жалғастырушы, этика, эстетика және философия саласындағы идеяларын дамытушы болды, ешқандай саяси қызметпен айналыспаған...

Шәкәрімнің қызметі мен шығармашылығын талдап біткен соң, комиссия объективті анықтама құрастырып, мен Қазақстан компартиясының Орталық комитетінің бюросында салиқалы баяндама жасадым. Кенеттен Қазақстан МҚК төрағасы Мирошник орнынан тұрып, комиссияның өз міндетін орындай алмағанын, яғни Шәкәрімнің бейнесін тым әсірелегенін, айтып, оны совет өкіметінің жауы, буржуазиялық ұлтшыл, Семей облысындағы кулактар бастаған ереуілдің басшысы деп сипаттап берді.

Оның осы сөздерінен кейін зал тым-тырыс болып қалды. Егер де бюро мүшелерінің бірі Мирошниктің ойын бөлісіп, сонымен келіскенде мәселені талқылау барысы жақсы нәтиже бермес еді. Сол кезде Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев: «Бұл сұраққа комиссия төрағасы жауап берсін», – деді. Осы сөзімен ол жағдайды құтқарып қалды. Мен қайтадан сөз алып, Мирошникпен мүлдем келіспейтінімді айтып, өзімнің осы көзқарасымды негіздей алдым. Осыдан кейін бюро мүшелерінің біреуі де сөйлемей, Орталық комитеттің бірінші хатшысы Колбин комиссияның осы

шешімін қолдауды ұсынды. Осылайша біз Нұрсұлтан Әбішұлының арқасында алғашқы соққыға тойтарыс бере алдық...».

Нәтижесінде комиссияның 1988 жылы сәуір айында жүргізген жұмысынан кейін Қазақстан компартиясының Орталық комитеті комиссиясының Шәкәрім Құдайбердиев кінәлі емес және ақталуы тиіс деген шешімі басылып шығады.

Осы іске белсене кіріскен Қайым Мұхамедханов Қазақстанның Жазушылар одағының бұрынғы бірінші хатшысы Әди Шәріповтен мынадай құттықтау телеграммасын алады: «Құттықтаймын! Шәкәрімді директивті органдар ақтады. Құрметпен, Ә.Шәріпов, 1988 жылдың 7 сәуірі».

1988 жылдың аяғында «Жалын» және «Жазушы» баспалары қолма-қол Шәкәрімнің екі кітабын басып шығарды. Өкінішке қарай, ақынның ұлы Ахат сол күнді көре алмай кетті.

Жидебайдағы Абай мен Шәкәрімнің жерленген жерінде «Абай-Шәкәрім» мемориалды кешені салынды. Шәкәрім шығармалары жарияланып, ол туралы зерттеу жұмыстары мен кітаптар жазыла бастады. 2000 жылы «Алматы» қаласының «Арыс» баспасынан Шәкәрімнің «Иманым» атты өлеңдер жинағы жарық көрді. 2003 жылы «Атамұра» баспасынан «Қазақ айнасы» жинағы басылып шықты. 2007 жылы Алматының «Раритет» баспасы Семей мемлекеттік педагогикалық институтының жанындағы «Шәкәрімтану» ғылыми-зерттеу орталығы дайындаған «Шәкәрімтану мәселелері» атты зерттеу серияларының бес томын жарыққа шығарып үлгерді. 2008 жылы Семейде «Шәкәрім» энциклопедиясы жарық көрді. 2012 жылы Мәскеудің «Молодой гвардия» баспасынан әйгілі «ЖЗЛ» сериясымен орыс тілінде «Шәкәрім» атты кітап шығардық.

СӨЗ СОҢЫ

Шәкәрім «Мұтылғанның өмірі» атты поэмасында былай деп жазады:

«Жетім бала иесіз,
Өзі кесер кіндігін».
Түрік айтқан, білесіз,
Белгілі мақал ол бүгін.

Көне нақыл сөзге ден қойған осы бір өлеңінен өз тағдырын шешкен түзелмес жалғыздыққа ақынның қайта-қайта оралу ықыласын ғана сезіп қоймаймыз, мұның астарындағы «жетім» – көне тарихтан тамырын үзген, рухынан айырылған, бірлігін жоғалтқан, жаулардан зәбір көрген, болашағын бағамдаудан қалған қазақ халқы екенін байқаймыз.

Бұлай дейтініміз жалғыздық кешетін тек Шәкәрім ғана емес. Біз бәріміз де жер бетін басып жүрміз, Шәкәрім сияқты мәңгілік үшін қызмет етуге ниеттенсек, жалғыздық біздің басымызға келеді.

«Жетім бала иесіз,
Өзі кесер кіндігін».

Бұл формуланы ақынның кейінгі ұрпаққа жолдауы және біздің жалпы тағдырымыз жайлы ескерту сөзі деп қарастыруға болады.

Өмір өткінші әрі біздің бақытымызға кедергі келтірер жағымсыз жайттарға толы және қауіпті. Сол себептен де адам өмірге келе сала өз бетімен қадам жасауға дайын болуға тиіс. «Өз кіндігін өзі кесіп», басқаға сабытын салмай, өз тағдырын өзі шешуі керек.

Шәкәрімнің ғибраттары тек осы метафорада, осы бір астарлы сөзде ғана емес, оның шығармаларындағы ойлардың қат-қабаттығы, молдығы соншалық, бөтен жерде жүргендей аңырып адасып қалуға болады.

Көркем сөздің кейбір әуесқойларына оның өлеңдері тым қарапайым болып көрінуі мүмкін, бірақ мәселе онда емес. Мәселе басқа жазармандарға, көптомдық еңбектердің авторларына, көптеген сыйлық пен ғылыми атақтың иелеріне қарағанда, оның мұрасында шындықтың тұнып тұрғандығында. Мүмкін, бұл орасан күрделі өзгерістердің кезеңінде өмір сүріп, қоғамдық құрылыстың ауысуларын бақылап, екі бірдей революция мен ұлттық апаттың куәсі болғанына да байланысты шығар. Сөйте тұра ол өзгерістердің сұрапыл дауылдары мен өкпек желінен басын ала қашқан жоқ. Ұлттың санасы мен оқиғалардың барысына ықпал етпек болып үдерістердің бел ортасында жүрді. Ал заман барысы, қашандағыдай, кері бұрылмады.

Тарихқа адал жанымен, шынайы әрі қызу берілудің осы бір тәжірибесі оның өлеңдерінен, поэмаларынан және философиялық трактаттарынан көрінді. Сол себептен оның шығармалары рух азаттығының айғағы ретінде таза да айқын және нағыз өмір шындығына толы болып келеді. Шәкәрімнің басты ғибраты – жеткізбейтін танымды аңсауы. Жеткізбейтін дейтініміз сол, ол, ақиқатында, танып, көз жеткізу мүмкін емес нәрсені, Ақиқатты, тануға ұмтылды. Басқа емес, дәл осы Ақиқат жолымен жүру керектігін, өйткені тек танып-білген адамдар ғана азат бола алатынын дәлелдеп кетті.

Шәкәрімнің жаны да қазақ, тәні де қазақ. Әдеттері, мінез-кұлқы мен келбеті, кемшіліктері мен ұлы жетістіктері де – бәрі-бәрі де қазақша болды. Ол кемшіліктері жоқ мінсіз адам болған жоқ. Сол заман үшін, айналасы үшін лайық көрінген, бірақ өзі үшін жиіркенішті әрекетке де килікті, себебі кей жағдайдың кесірінен көңіл қаламайтын әрекеттерге баруға мәжбүр болды. Ол болып қойған нәрсені өзгерте алмайтынын, адамдардың өмірге деген қатынасын, адамшылық ұстынын өзгерте алатынын біліп бойындағы бар рухани күшін ішкі дүниені түзетуге салды. Мұны қалай істеуге болады? Ол үшін Шәкәрім өзін өзгертуден артық жол таппады. Дәйім жақсырақ, тазарақ болып, кемшіліктерден, кемістіктерден, қателіктерден, әуестіктерден, құмарлықтардан жоғары тұру керек деп білді. Біртіндеп өзі де идеалға, өмір көрегеніне ұқсайтын болды.

Шәкәрім зорлықпен септескен өкіметтің ешқайсын да қабылдамады. Қызылдардан да, ақтардан да безінді. Советтік

билік те оны жау деп есептеді, өйткені ол өкіметтен де аулақтады. Бұрылды да, кетіп қалды. Өйткені ол бұл биліктің, олар қанша сендірсе де, халықпен бірге болмайтынын көрді.

Ол – шын қазақ. Өйткені біздің бәріміздің таза болғымыз келеді, өмір бойы кемшіліктерімізді жоюмен боламыз, жасаған күнәларымызға өкінеміз, осылайша өзіміздің тазарудың дұрыс жолында тұрғанымызға сенеміз. Осы жолда бізге ұқсайтын адам, кемелдіктің темірқазығы Шәкәрім алдымыздан жарқырай көрінеді. Егер Абай даналықтың ұлттық эталоны болса, онда Шәкәрім – туған жердің, Отанның шынайы бейнесі.

«Шәкәрімнің туындылары бүгін үшін қаншалықты маңызды?» дейтін сұрақ туатыны заңды. «Оның өлеңдері мен прозасы замандастарына пайдасын тигізе алды ма» деген сұрақ та тосын болмайды. Әрине, пайдасы болмады емес, болды. Ол пайда «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» сияқты өзінің түп атасын іздеген көп адам үңілетін қандай да бір практикалық мәні бар дүниелермен шектелмейді. Өлеңдерінің де пайдасы зор: олар адамды ар-ұятқа, намыс пен мейірімділікке үйретеді. Ал адам тірліктің үйретіп-ұқтыруды қабылдай қоймайтын иесі екендігі – өзге мәселе, бірақ Шәкәрім шығармашылығында, шын мәнінде, ондай сипат жоқ.

Өкінішке немесе қуанышқа орай, адамға өмір тек рахаттанып, ләззат алу үшін ғана берілмейді. Кез келген адам ерте ме, кеш пе, әдетте кеш, өзінің мына өмірді не үшін сүріп жүрмін, нені дұрыс, нені бұрыс істедім, өмірім зая болған жоқ па деген сұрақтарға жауап іздейтіні сөзсіз.

Өз пікірімізді айтқымыз, өз-өзімізді танығымыз келеді. Осы тұста Шәкәрім көмекке келеді. Ол бізге қалай өмір сүріп, не істеу керек екенін айтып, ақыл-кеңес бермейді. Ол тек өзі кәдімгідей өмір сүрді, бірақ танымғы деген мұқалмас талпынысымен Ақиқатқа барар жолды ишаралайды, қандай жолмен жүруді, бостандықты қалай тануға болатынын меңзейді.

Сонда ғана біз азат адамның осы алып мемлекетті түгелдей өз жері деп сезінуге тиіс екенін, ал ойларымыз ұлы Ертістің суындай кең және емін-еркін ағуы тиіс екенін түсіне бастаймыз. Біздің азаттығымыз орнау үшін бізге ұқсаған ең болмағанда бір

адам болып осы бостандыққа аяғына дейін қызмет етуі керек еді. Қазақта мұндай адам Шәкәрім болды.

Егер оның тарихи зерттеулерімен естен шыққан ескі тарихқа бойлағанын, ол қаза болғаннан кейінгі заманда да мұрасына біздің қалай қарайтынымызды ескерсек, Шәкәрім өмірі – қазақтың тұтас тарихы. Ақынның адал есімі үшін күрес оның тәуелсіздік жылдарындағы, яғни ХХІ ғасырдағы, өмірбаянын ұзарта түсті. Оған барлық ниетін орындау мен іске асыруға деген шабыт тән болды. Одан даланың кеңдігі мен уақыттың шындығы айқын көрініс тапты. Тек оның дарыны ғана емес, әулиелігінің көкжиегі де бізді бүкіл елімізге, жерімізге, Отанымызға лайық болуға мәжбүр етеді.

Міне, сондықтан да Шәкәрімнің тағдыры – біздің тағдыр.

ШӘКӘРІМНІҢ ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫНЫҢ НЕГІЗГІ КЕЗЕҢДЕРІ

1858 – ақын, аудармашы, музыкант, тарихшы және философ Шәкәрім Кұдайбердіұлы дүниеге келді.

1876 – Шәкәрім Мәуенге үйленді.

1879 – тұңғыш ұлы Сүфиян (Әбусүфиян) дүниеге келді.

1881 – Абай Шәкәрімді Е.П. Михаэлиспен таныстырды.

1882 – Шәкәрім Айғаншаға үйленді (байырғы дәстүр бойынша тоқал алуға рұқсат беріледі).

1903 – Шәкәрім мен Айғаншаның кенже ұлы, ақын, драматург, журналист, Қарауылда 1931 жылы болған ереуілге белсене қатысқан Зият дүниеге келді.

Шәкәрім Орыстың императорлық географиялық қоғамы Батыс-Сібірлік бөлімі Семей бөлімшесінің мүшелігіне қабылданды.

1905, наурыз – Шәкәрім Әлихан Бөкейханмен кездесті: Абай өлеңдерінің кітабын басып шығару мәселесін талқылады.

1905, қараша – Шәкәрім қажылыққа аттанды.

1906, наурыз – ақын қажылықтан оралды.

1907-1909 – ақынның Л.Н. Толстойдың діни-философиялық еңбектерін зерттеп, оның өзін өзі жетілдірудің ізгілікті жолы атты концепциясын қабылдаған кездері.

1908 – ақын Семей түрмесінде жатқан Әлихан Бөкейханмен дидактарласты.

1909 – ақын Л.Н. Толстойға хат жазды.

1911 – «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» мен «Мұсылмандық шарты» еңбектері басылып шықты.

Шәкәрім болыс болып тағайындалды.

1912 – ақынның «Қазақ айнасы» атты философиялық-поэтикалық жинағы, «Қалқаман – Мамыр», «Еңлік – Кебек» кітаптары басылып шықты.

Шәкәрім туыстарына Кеңқоныс жайлауында оңаша қалатынын жариялады.

1913 – Әлихан Бөкейханов «Қазақ» газетінде (28 сәуір № 12) Шәкәрімнің «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегі жайында «Ерекше сөз» атты тілеулес мақаласын жариялады.

1916 – Ж. Аймауытов «Желкек» атты бүркеніш есіммен «Қазақ» газетіне (1916 жылдың 9 ақпаны, № 168) «Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі» еңбегіне арналған «Шәкәрім ақсақалға» мақаласын шығарды.

1918 – «Шын бақыттың айнасы» эссе-шығармасы басылып шықты.

1922-1923 – Ташкенттегі «Шолпан» журналында ақынның «Ләйлі – Мәжнүн» поэмасы басылып шықты.

1923 – ақын «Қазақ тілі» газетінің редакторынан мақала жазып жіберуді өтінген хат алды.

1924 – А.С. Пушкиннің «Дубровский» повесінің аудармасы, яғни «Дубровский жайлы әңгіме» басылып шықты; «Қазақ тілі» газетінде әдебиеттану мәселелеріне қатысты «Газет редакторына үндеу», «Сынау һәм сынауды сынау» атты мақалалары жарияланды.

Шәкәрімнің Бақанастағы үйіне Мұхтар Әуезов пен Әлкей Марғұлан қонаққа келді.

1925 – үлкен ұлы Сүфиян қайтыс болды.

1925-1926 – Гарриет Бичер Стоудың «Том ағайдың балағаны» шығармасын аудару жұмыстары.

1930 – ақынның ұлы Ахат тұтқындалды. Ұлы Ғафур сотталып, түсініксіз себептермен қайтыс болды.

1931 – Шәкәрім чекист қолынан қаза тапты.

1932 – Ахат Семей түрмесінен босатылды.

1936 – «Әдебиет майданы» журналында Шәкәрімнің «Дубровский» аудармасы жарық көрді.

1937 – Ахат халық жауының баласы ретінде ұсталып, Сібірге жер аударылды.

1939 – Ахат Сібірден қайтып келді.

1958 – Шәкәрімнің аты мен шығармашылығы ресми түрде ақталды.

1961 – Ахат Құдайбердиев әкесінің мәйітінен қалған сүйек қалдықтарын қайта жерледі.

Шәкәрімнің өмірі мен шығармашылығының негізгі кезеңдері

1963 – Алматыда Шәкәрімнің шығармашылығы мен биографиясын зерттейтін комиссия құрылды. Комиссияның жетекшісі болып Хамит Ерғалиев тағайындалды.

1978–Шәкәрімнің өлеңдері орыс тіліне аударылып, «Советский писатель» баспасының Ленинград бөлімінде «Қазақстан ақындары» атты жинақта жарық көрді, жинақты құрастырушы – әдебиет тарихшысы, ғалым, публицист, жазушы М. Мағауин.

1988 – «Жалын» баспасынан М. Мағауиннің құрастыруымен Шәкәрімнің «Жолсыз жаза» жинағы жарық көрді.

1988 – «Жазушы» баспасынан Шәкәрімнің «Шығармалары» басылып шықты.

1990 – «Семей таңы» газетінде (17-24 қараша) «Қазақ, қырғыз һәм хандар шежіресі» басылды.

1991 – «Ғақлия» орталығынан Шәкәрімнің «Үш анық» кітабы жарық көрді.

2007 – «Раритет» баспасынан 5 томдық «Шәкәрімтану мәселелері» жинағы шықты. Жауапты редакторы – Е. Сыдықов, құрастырушы – Т. Шаңбай.

2008 – Семейде «Шәкәрім» энциклопедиясы түзіліп, оқырманға ұсынылды (Бас редакторы – Е. Сыдықов).

2012 – Ресейдегі «Молодая гвардия» баспасынан (Мәскеу) «ЖЗЛ» сериясымен Е.Б. Сыдықовтың «Шакарим» кітабы жарық көрді.

ТАРИХИ АНЫҚТАМА

Абай (1845-1904) – ақын, философ, композитор, ағартушы, қоғамдық қайраткер, қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

Аймауытұлы Жүсіпбек (1889-1931) – жазушы, қазақ тіліндегі драма мен романның негізін қалаушы, ғалым, ағартушы, педагог, психолог. Білім беру ұйымдарының қызметкерлеріне арналған оқулықтар мен әдістемелік құралдардың авторы.

«**Айқап**» – қазақтың бірінші қоғамдық-саяси және әдеби-сыни журналы. 1911 жылдан 1915 жылдың тамызына дейін Троицк қаласында шығып тұрды.

Ақбаев Жақып (1876-1934) – азаттық қозғалысына қатысушы, қоғамдық қайраткер, публицист. Құқықтану магистрі, азаматтық және отбасы-некелік құқық маманы.

Алтынсарин Ыбырай (1841-1889) – ағартушы педагог, жазушы, фольклорист, қазақ оқулықтарын алғаш шығарған автор.

«**Алаш**» – 1917-1920 жылдары Қазақстанның ағартушық, идеологиялық және ғылыми зияткерлігінің өкілдерін біріктірген ұйым.

Әуезов Мұхтар (1897-1961) – жазушы, драматург, ғалым; Қазақ ССР Ғылым Академиясының академигі (1946), Қазақстан жазушылары одағының төрағасы; оның «Абай жолы» роман-эпопеясы «Бүкіләлемдік әдебиет кітапханасына» енген.

Әбділдин Жабайхан (1933 жылы туған) – ҚР ҰҒА академигі, философ, диалектика мен таным теориясының маманы, философия ғылымдарының докторы, Қазақстан Республикасы ғылымына еңбегі сіңген қайраткер (1992), ғылым мен техника саласындағы Қазақ ССР Мемлекеттік сыйлығының (1984), Ш.Ш.Уәлиханов атындағы сыйлықтың (1974) иесі.

Базарбаев Мүслім (1927-1995) – әдебиеттанушы, сыншы, алғашқы шәкәрімтанушылардың бірі; «Қазақ әдебиеті тарихының очерктері» (1960), «Көрікті ойдан – көркем сөз» (1994), «Замана тудырған әдебиет» (1997) т.б. іргелі зерттеулердің авторы.

Байзақов Иса (1900-1946) – ақын, композитор, әнші. Оның шығармашылық бейнесі Н.Ановтың «Крылья песни» атты романында көрсетілген (1956).

Байтұрсынұлы Ахмет (1873-1937) – қоғам қайраткері, ағартушы, ғалым-лингвист, әдебиеттанушы, түркітанушы, аудармашы.

Бөкейхан Әлихан (1866-1937) – қоғам қайраткері, Бірінші Мемлекеттік думаның және ресейлік мұсылмандар съезінің депутаты, Төртінші мемлекеттік думаның мұсылмандық фракция бюросының мүшесі, кадеттер партиясының мүшесі; оқытушы, журналист, этнограф. «Алаш» партиясы көсемдерінің бірі, Уақытша өкіметтің Қазақстан бойынша комиссары (1917).

Бөкетов Евней (1925-1983) – химия және металлургия саласының ғалымы, жазушы, ақын. Қазақ ССР ҒА академигі (1975), СССР Мемлекеттік сыйлығының иесі (1969), СССР Жазушылар одағының мүшесі, Шекспирді қазақ тіліне аударған.

Ғаббасов Сабыржан (1889-1918) – ХХ ғасыр басындағы танымал журналист, Аягөз ауданында кеңестік билікті орнатуға қатысқан комиссар.

Жангелдин Әліби (1884-1953) – революционер, қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстанда совет өкіметін орнату үшін күрес ұйымдастырушылардың бірі.

Дөнентаев Сәбит (1894-1933) – ақын-сатирик, публицист, қоғам қайраткері.

Досмұхамедов Жанша (1887-1932) – заңгер, саяси қайраткер, Алашорда серкелерінің бірі. 1918 жылдың көктемінде Мәскеу қаласында қазақ автономиясын мойындау мәселесі жөнінде В.И.Ленин және И.В.Сталинмен келіссөздер жүргізді.

Дүйсенбаев Ысқақ (1910-1976) – ғалым, әдебиеттанушы, Қазақстан Ұлттық академиясының корреспондент-мүшесі.

Дулатұлы Міржақып (1885-1935) – қазақ ақыны, жазушы, Алашорда үкіметі мен Қазақстандағы ұлттық-азаттық қозғалыс серкелерінің бірі.

Елкібаев Рахматулла (1877-1919) – ұстаз және Семейдегі мұсылман балалар үйінің меңгерушісі (1901-1912).

Ерғалиев Хамит (1916-1997) – ақын, жазушы.

Жансүгіров Илияс (1894-1938) – ақын, прозаик, драматург, сатирик, журналист. Қазақстан Жазушылар одағының бірінші төрағасы (1934-1936).

Жароков Тайыр (1908-1965) – ақын, аудармашы.

Жұмабаев Мағжан (1893-1938) – ақын, жазушы, публицист, педагог, жаңа қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі.

Иманов Амангелді (1873-1919) – Патшалыққа қарсы 1916 жылғы халық көтерілісінің жетекшісі және Қазақстанда совет өкіметін орнатуға белсенді қатысқан.

Кемеңгерұлы Қошке (1896-1937) – жазушы, драматург, әдебиеттанушы, аудармашы, қоғам қайраткері. Әдебиеттану, тілтану және этнография мәселелері бойынша ғылыми еңбектердің авторы.

Көпейұлы Мәшһүр Жүсіп (1858-1931) – ақын, ойшыл, тарихшы, этнограф, шығыстанушы және қазақтың халық ауыз әдеби шығармашылығын жинаушы.

«Қазақ» – 1913-1918 жылдары Орынборда шығып тұрған алғашқы апталық газет.

Қашаубаев Әміре (1888-1934) – әнші, актер, музыкант, казак ұлттық театр өнерінің негізін қалаушылардың бірі, Еуропаны казак халқының ән өнерімен таныстырған бірінші әнші.

Қирабаев Серік (1927 жылы туған) – әдебиеттанушы, Қазақстан Республикасы Ұлттық ғылым академиясының академигі, ҚР Мемлекеттік сыйлығының иесі. «Әдебиетіміздің ақтандақ беттері» (1995), «Ұлт тәуелсіздігі және әдебиет» (2001), «Тәуелсіздік рухымен» (2002) т.б. зерттеулердің авторы.

Құлжанова Нәзипа (1887-1934) – қазақтың бірінші әйел журналисі, аудармашы және педагог. «Мектепке дейінгі тәрбие» кітабының авторы (1923).

Мағауин Мұхтар (1940 жылы туған) – жазушы, публицист, қазақ әдебиетінің тарихын зерттеуші.

Майлин Бейімбет (1848-1939) – жазушы, драматург, очеркші және фельетоншы. 1934-1937 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде редактор болған.

Марғұлан Әлкей (1904-1985) – археолог, Қазақстан археологиялық мектебінің негізін салушы, ғылымның этнография,

шығыстану, тарих, әдебиеттану мен өнертану сияқты көптеген салалары бойынша көрнекті ғалым.

Мәрсеков Райымжан (1879-1922) – құқық қорғаушы, қоғам қайраткері, шешен, публицист. «Алаш» бағдарламасын әзірлеушілердің бірі.

Молдағалиев Жұбан (1920-1988) – ақын, журналист, аудармашы.

Мұқанов Сәбит (1900-1973) – қазақ әдебиетінің классигі, ақын, қоғам қайраткері, академик, 1936-1937, 1943-1952 жылдары Қазақстан Жазушылар одағының төрағасы болды.

Мұхамедханов Қайым (1916-2004) – драматург, аудармашы. Абайдың ақындық мектебі мен шәкірттерінің еңбектерін зерттеген ғалым. Қарлағта мерзімін өтеп жүргенде Н.Карамзиннің «Байғұс Лиза» повесін қазақ тіліне аударған.

Мүсірепов Ғабит (1902-1985) – жазушы, сыншы, драматург, әдебиеттанушы, қоғам қайраткері.

Нұрпейісов Әбдіжәміл (1924 жылы туған) – жазушы, аудармашы, СССР Мемлекеттік сыйлығының иесі (1974).

Сәтбаев Қаныш(1899-1964) – ғалым-геолог, совет металлогендік ғылымының негізін қалаушылардың бірі, қазақстандық металлогения мектебінің негізін салушы, СССР ҒА академигі (1946).

Сейтқұлов Мұхамедхан (1870-1937) – Қайым Мұхамедхановтың әкесі. Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсынұлы, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Мұхтар Әуезов және т.б. мұның үйіне қонаққа келіп тұрған. Осы үйде Мұхтар Әуезов «Еңлік-Кебек» пен «Қаракөз» пьесаларын сахналауға дайындық жүргізген.

Сейфуллин Сәкен (1894-1938) – ақын және жазушы, мемлекет қайраткері, Қазақстан жазушылар одағының негізін қалаушы.

Сералин Мұхамеджан (1872-1929) – ақын, ағартушы, журналист, педагог, қоғам қайраткері, «Айқап» журналының редакторы.

Сүлейменов Олжас (1936 жылы туған) – ақын, жазушы, әдебиеттанушы, қоғамдық және саяси қайраткер, дипломат.

Тәжібаев Әбділда (1909-1998) – ақын, драматург, жазушы.

Торайғыров Сұлтанмахмұт (1893-1920) – ақын, 1913 жылдан бастап бірінші қазақ журналы «Айқап» редакциясында хатшы болып жұмыс істеді.

Тынышбаев Мұхамеджан (1879-1937) – қоғам қайраткері, Ресей Екінші мемлекеттік думасының депутаты, Түркістан автономиясының премьер-министрі, «Алаш» партиясының мүшесі, қазақтың бірінші теміржолшы инженері, Түркістан-Сібір магистралін жобалау мен салуға қатысқан.

Уәлиханов Шоқан (1835-1865) – ағартушы, ғалым, тарихшы, этнограф және фольклоршы.

Ұлықбек (1394-1499) – Тимуридтердің түркі державасының билеушісі, Темірланның немересі. Көрнекті астролог, астроном ретінде танымал.

Шәріпов Әди (1912-1993) – жазушы, әдебиеттанушы. Республиканың Білім министрі, Сыртқы істер министрі, Қаз ССР Министрлер Кеңесі төрағасының орынбасары, Қазақ ССР Ғылым академиясы Әдебиет және өнер институтының директоры болды.

Шоқай Мұстафа (1890-1941) – мемлекет және қоғам қайраткері, публицист, Тұтас Түркістан тәуелсіздігі мен бостандығы жолындағы күрестің идеологы.

СЫДЫҚОВ Ерлан Бәтташұлы

ШӘКӘРІМ

ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ БАСЫЛЫМ

Әдеби рецензенттер:

Ж.А. Жақыпов, филология ғылымдарының докторы, профессор
С.Н. Негимов, филология ғылымдарының докторы, профессор
Д. Қамзабекұлы, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, филология ғылымдарының докторы, профессор

Баспаға дайындаған ұжым:

Б.М. Сатершинов, философия ғылымдарының докторы (жетекші)
К.М. Қоңырбаева, философия ғылымдарының кандидаты
Ж.Б. Ошақбаева, философия ғылымдарының кандидаты
Ә.А. Коқушева, ғылыми қызметкер

Мұқабаның дизайнын жасаған және беттеген *Г. Нүсіпова*

«Ғылыми қазына» логотипінің идеясы – *Аяған Б.Ғ.*, т.ғ.д., профессор
«Ғылыми қазына» логотипінің дизайнын жасаған – *Бекенова М.С., Нұрғожина Ж.Е.*

Басуға 02.10.2013. Пішімі 70/1001/16
Шартты баспа табағы 27,56. Офсеттік басылым.
Таралымы 500 дана.

«ИП Волкова Е.В.» баспасында басылды.
Райымбек даңғ., 212/1, оф. 319. Тел.: 330-03-12, 330-03-13